



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Раушанбек ӘБСАТТАРОВ

# САЯСАТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

*(Екі томдық оқу құралы)*

1

Алматы  
«Қарасай»  
2011



## Пікір жазғандар:

саяси ғылымдарының докторы А. Ж. Мұқажанова,  
саяси ғылымдарының докторы, профессор Г. Р. Нұрымбетова,  
саяси ғылымдарының докторы, профессор А. И. Шалтықов

## Әбсаттаров Р. Б.

Ә 18 СЯСАТТАНУ НЕГІЗДЕРІ. Екі томдық. I-том. — Алматы:  
Қарасай, 2011. — 424 б.

ISBN 978-601-7212-16-2

Кітап авторы Р. Б. Әбсаттаров тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ шетелдерде де танымал саясаттанушы-ғалым. Ол философия ғылымдарының докторы, профессор. Ғалымның 34 монографиясы, оқу құралдары, кітаптары мен кітапшалары, 500-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік мақалалары бар, соның ішінде 52-і шет елдерде жарық көрген. Ол тәуелсіз Қазақстан Республикасының саяси ғылымдарының негізін салушыларының бірі және этносаясаттанудың, салыстырмалы саясаттанудың қазақстандық ғылыми мектебінің іргетасын қалаушы болып табылады, сонымен бірге Қазақстан Республикасының саясаттану пәні бойынша типтік бағдарламасының авторы да.

Ұсынылып отырған екі томнан тұратын оқу құралы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру стандарттарына» сәйкес жазылған. Бұл бағылымда ХХІ ғасырдың басындағы болмысына сәйкес саясаттанудың негізгі ұғымдары мен әдістер жүйесі, саясаттанудың саяси технологиясы ашып көрсетілген. Отандық және шетелдік бай материалдардың негізінде оқырманға Қазақстан мен әлемдік қауымдастықтағы саяси дамудың өзекті мәселелерінен жан-жақты мағлұмат алуына жәрдемдесетін саяси құрылымдар мен процестер, билік пен басқару қатынастары және басқа да мәселелер туралы кең сипатталған. Сонымен бірге саясаттанудың жете зерттелмеген проблемалары мен дискуссиялық мәселелеріне де айтарлықтай көңіл бөлінген.

Екі томдықтың бірінші томында саясаттанудың мынадай өзекті мәселелері қарастырылды: саясаттану — ғылым; саяси ғылым тарихы; саясат қоғамдық өмір жүйесінде; саяси билік; саяси режимдер; қоғамның саяси жүйесі; мемлекет және азаматтық қоғам; саяси партиялар және қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар; саяси элита және саяси көшбасшылық; саяси процесс; саяси сана; саяси мәдениет; тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі; саяси технологиялар.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистрлеріне, докторанттарына және оқытушыларына, сондай-ақ, саясаттанудың проблемаларына қызығушылық танытатындардың барлығына арналған.

УДК 32.001(075)

ББК 66.0я7

ISBN 978-601-7212-16-2 1-т.

ISBN 978-601-7212-15-5

© Әбсаттаров Р., 2011

© «Қарасай» баспасы, 2011

## АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы жылдары Еуразияда, сонын ішінде Қазақстанда саясаттану бойынша көптеген оқу құралдары жарық көрді. Алайда олардың ешқайсысы кеңінен қолданылмағандықтан көпшілікке белгісіз, бұл олардың көптеген кемшіліктерінің болуымен түсіндіріледі. Мәселен, ондай құралдардың дені өзінің тым академиялылығымен, қажетсіз теорияға бой алдыруымен немесе публицистикалық-үстірт стильге ұрынғандықтан көкейден шыға бермейді. Тақырыптарда да үлкен ала-құлалық байқалады. Көпшілігі білім стандарттарына сәйкес келмейді және саяси ғылымдағы жекелеген тақырыптардың жиынтығы болып саналады. Жазылу тілі ауыр болғандықтан, ғылыми терминдері студенттердің түсінуі қиынға соғады.

Осы екі томдық оқу құралын жазуда автор айтылған кемшіліктерді жібермеуге тырысты. Бұл оқу құралының ерекшелігі – оның іргелілігі, жүйелілігі, мәселелердің, проблемалардың нақты қойылуы мен барынша ашылуы болып табылады.

Саясаттануды оқып-үйренуге деген қажеттілік қазіргі әлемде қандай да болмасын мемлекеттік жүйелердің халықтың басым көпшілігін саясатқа араластыруға деген ұмтылысымен байланысты екендігін айта кеткен жөн. Жұртшылықты болып жатқан саяси процестердің мәнісі жөнінде шынайы түрде хабардар ету міндеті, оларды саналы шешім қабылдауға даярлау мен қоғамның саяси өміріне белсенді түрде қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі қажеттілік осыдан шығады. Бұған саясаттану курсы өзінің жәрдемін тигізе алады.

Дамыған демократиялық елдерде саяси ғылым әлдеқашан осы сияқты ғылыми білімнің органикалық бөлігі болып қана қоймай, қоғамның бүкіл рухани өмірін ұйымдастыру жолындағы ажырамас элементіне айналғанын айта кету керек. Ол іс жүзінде ірі университеттерде оқытылатын беделді ғылыми пән ғана емес, сондай-ақ азаматтық қоғам қалыптастырудың қуатты құралы да.

Бүгінгі таңда қазақстандық саясаттану ғылымы қарқынды түрде дамуда, ол тоталитарлық кезеңнен мұра болып қалған дәстүрлердің бұғауын бұза отырып, әлемдік ғылымға етене араласуда. Оның философиямен, әлеуметтанумен, құқықтанумен, басқа да гуманитарлық ғылым-

дармен өзара байланысы нақтылана түсуде. Саясаттану Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде оқытылады.

Сонғы жылдары Қазақстан қоғамында жүзеге асырылған терең өзгерістер жоғары мектептің алдына жана міндеттерді қояды. Жана жағдайларда білікті мамандар даярлаудың мазмұны да түбегейлі өзгеруде. Аса маңыздысы – жоғары оқу орнын бітіруші түлектің білімінің кәсіби шеберлігі екендігі даусыз. Алайда, Қазақстандағы демократияның қалыптасуының ерекше белгісі – елдің саяси өміріндегі терең өзгерістер болғандығын ескерген жөн. Бұл өзгерістер, әсіресе, қоғамдық дамудың көптеген проблемаларының айырықша саясаттандырылуы мен саясаттың ролінде көрініс табуда.

Демократия жағдайында студентке, әсіресе ЖОО-ның бітірушіге саяси өмірден хабардар болуға үйрену керек. Қазіргі кезде саясаттан тыс, саяси процестер мен қоғамдық даму үрдістерін түсінуге талпынбай өмір сүру мүмкін емес. Бұл, өз кезегінде студенттердің саяси ғылым негіздерін меңгеруіне саяды. Мұндай білімге саясаттануды жүйелі түрде оқып-үйрену процесінде ғана қол жеткізіледі.

Саясаттану қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық білім беру жүйесінде көрнекті орын алады. Алайда, саясаттанудың көптеген проблемалары әлі де кең ауқымды зерттелмегенін айта кеткен жөн. Біздің көзқарасымыз бойынша саясаттану оқу курсының міндеті студентке саяси ғылымның теориялық негіздерін беруден және дискуссиялық проблемаларын көрсетуден, негізгі категориялар мен ұғымдарды ғылыми жағынан ашудан және оны саяси тәжірибеден дұрыс хабардар етуге үйретуден, сол арқылы оны саяси өмірге белсене араласуға даярлаудан тұрады. Саясаттану курсы оқып-үйренуші әрбір адам алған білімін өмірмен, саяси тәжірибемен байланыстырып, саяси мәдениетін көтеруі өте маңызды.

Оқу тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, студенттер көбіне мемлекеттің қазіргі таңдағы жүргізіп отырған саяси мәселелеріне анық қызығушылық танытады, саяси білімді, саяси құбылыстар мен процестерді талдаудың әдістемесінің қыр-сырын меңгеруге ұмтылады.

Саяси ғылымды меңгерудің негізгі жолы – студенттердің оқу құралдарымен өз бетінше жұмыс жасауы. Бірақ адам өзі қаламаса, оны бірнәрсеге үйрету қиын. Оқытушы-саясаттанушылардың міндеті – саясаттану бойынша бағдарламалық материалдармен өз бетінше жұмыс істеуде студентке жәрдем беру. Ұсынылып отырған екі томдық оқу құралы осы мақсатқа арналған. Ол Қазақстан Республикасы мен Еуразия елдерінің Мемлекеттік Білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Онда Мемлекеттік стандартта көрсетілген, оның оқу курсы студент оқып-үйрену барысында мазмұнын меңгеруі тиіс саясаттану бойынша мәселелер

барынша қарастырылады. Саяси қатынастар проблемаларын теориялық тұрғыда баяндаумен қатар, оқу құралында қазіргі Қазақстан қоғамындағы оның ерекшеліктерін ашуға да жете көңіл бөлінген. Сонымен қатар, оқу құралында жеткілікті дәрежеде айқындалмаған, әлі де пікір-талас тудыратын мәселелер мен түбегейлі зерттелмеген проблемалар да қозғалып, олардың шешу жолдары қарастырылады.

Саясаттану курсы оқып-үйрену барысында тестілерді қолдану студентке осы пән бойынша өзінің жеке білім деңгейін объективті түрде анықтауына және ондағы «ақ таңдақтарды» айқындап білуге мүмкіндік береді. Міндеттерді шешу барысында өтілген материалды баянды етумен қатар, жаңа білім алу іске асады. Сонымен бірге тестілерде «ойын» элементтерінің болуы оқу процесін қызықты да тартымды етеді.

Алайда саясаттану тестілерінің басты міндеті – бұл студенттердің саяси білім деңгейін бақылау, олардың өзін-өзі байқауы мен бағалауын қадағалау. Бұл саяси ғылымды меңгеруге талаптанған барлық студенттерге барынша көмек көрсетеді деп үміттенеміз.

Ұсынылып отырған екі томдық оқу құралы автордың жиырма жылдай уақыттан бері Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде оқып келе жатқан лекция курстары негізінде әзірленген. Оның мазмұны университетте саясаттану пәні бойынша қабылданған оқу бағдарламасына байланысты білім беру процесінің логикасына сай келеді. Оқу құралында әлемдік, еуразиялық және отандық саяси ғылымның жетістіктері, әр жылдарда жарық көрген саясаттану бойынша оқу құралдары мен монографиялардың материалдары кеңінен қолданылды.

Автор саяси ғылымды меңгеруге тырысатындардың бәріне, бәрінен бұрын қазақстандық ЖОО-ның студенттеріне, магистрлері мен докторанттарына осы оқу құралы барынша жәрдемін тигізеді деп сенім білдіреді.

Сонымен қатар бұл семинар сабақтарына, студенттердің баяндамалар дайындауына, рефераттар жазуына, саясаттану бойынша сынақ пен емтиханға даярлану барысында ыңғайлы да тиімді оқу құралы болып табылады. Бұл құрал жоғары оқу орындарының оқытушылары мен докторанттарына, студенттері мен магистранттарына саясаттану курсы бойынша білімге бақылау жасау мен тексеруді ұйымдастыру үшін ұсынылады.

## **САЯСАТТАНУ – ҒЫЛЫМ**

Қазіргі кезеңде саясат пен саяси қатынастарға, саяси институттардың қызметіне деген қызығушылық арта түсуде және бұлардың экономикаға, идеологияға, мәдениетке тигізетін ықпалы да күрт өсуде.

Саясатты, саяси қатынастарды, мемлекеттік билікті зерттеу бірқатар қоғамдық пәндердің шеңберінде, ең алдымен, саясаттану саласында жүзеге асады. Сол себепті қоғамтану ғылымдарының құрылымында саясаттану пәні берік орын алып отыр. Кең мағынада алғанда, саясатты, саяси жүйелер мен ұйымдарды зерттейтін ғылымның әр елде саясаттану, саяси ғылым, саяси әлеуметтану, саяси философия және т.б. деп әр қилы аталатындығын айта кету керек. Асылы, бұл атаулардың қайсысы болса да көп салалы, ауқымды пәннің қайсы бір ерекшеліктері мен нюанстарына ғана назар аудартады. Алайда іс жүзіндегі сөз қолданыстарында бұл ерекшеліктер өзінен-өзі түсінікті сияқты. Мысалы, ағылшын-саксон тілді елдерде – «Саяси ғылым», Францияда – «Саяси әлеуметтану», Испанияда – «Саясаттану» және т.б. атауларды ұнатады. Сондықтан бұл тақырыпта «саясаттануды» ғылым ретінде жоғары бағалай отырып, атаулардың бәрін де тен тұрғыда қолдануды жөн көрдік.

Саясаттанудың ғылым ретіндегі қамтитын мәселелерінің ауқымы өте кең. Сондықтан бір ғана тақырыптың аясында саясаттанудың ғылым ретіндегі күллі мәселесін жан-жақты, әрі барынша терең қарастыру мүмкін емес. Осыған байланысты өз пайымдауларымызда абсолюттік ақиқатқа үмтылмай-ақ, саясаттану курсының кіріспе тақырыбы шеңберінде проблеманың қайсыбір түйінді мәселелерін ғана ашып көрсеткенді жөн көрдік.

### **I. Саясаттанудың пәні**

Саяси ғылым да басқа ғылым салалары секілді қоғамдық ғылымдармен тұтастықта және философиямен ара жігі ажырамаған антикалық (ежелгі) саяси-әлеуметтік әмбебаптықпен, ең бастысы, саясаттың заңдық нормалар ой-өрісінің ықпалымен дами отырып, мемлекет пен құқық жөніндегі ғылымдардың жіктелу кезеңі арқылы, содан кейін саясатты оқып үйренуге философиялық, әлеуметтанулық және психологиялық бөліністер кезеңі арқылы, әлеуметтану, құқықтық және т.б. әр қилы көзқарастар мен ықпалдарды жинақтап, тұтастыратын саясат (саясаттану) туралы ғылымның қалыптасуы, оның қазіргі кезеңге жетуі сияқты ұзақ жолынан өтті.

Қоғам туралы білім дамуының әр түрлі кезеңдерінде саяси ілімді зерттеуге Платон, Аристотель, әл-Фараби, Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Дж. Локк,

Ш. Монтескье, Т. Пейн, Т. Джефферсон, А. Токвиль және өткен дәуірлердің т.б. ойшылдары зор үлестерін қосты. Саяси ойдың дамуында К. Маркспен В. И. Ленин де маңызды орын алады. Сонымен бірге, саясаттанудың қазіргі кездегі зерттелуіне М. Вебердің, К. Луйистің, Р. Риплидің, В. Пареттоның, Г. Монтескьенің, Ч. Мерриамның, А. Финифтердің еңбектері және т.б. көзқарастар жүйесі елеулі ықпал жасады. Қазіргі кезде дүниежүзінде саясаттануды ғылым объектісі ретінде зерттеу ісінде оның түрлі тәсілдері мен әдістерін, жолдары мен түрлерін іздеу белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

Саясаттанудың көтерген идеялары мен қағидалары жалпы адамзаттық құндылықтардың саяси ой арқылы қол жеткізген ортақ табысы болып табылады және олар кең түрде қолданылатын интернационалдық атауларда кезігіп отырады<sup>1</sup>. Дербес ғылым мен оқу пәні ретінде әлемнің барлық елдерінде дерлік оқылатын саясаттанудың айқындалуы жаратылыстанудың қисынын қалпына келтіріп, оның ғылыми прогресс желісіндегі табиғи дамуы мен өркендеуіне даңғыл жол ашады.

Саясаттанудың ең басты зерттеу объектісі – қоғамның саяси жүйесі мен оның негізгі буыны – мемлекет. Сонымен қатар, қоғамның тұтастай алғандағы саяси өмірі де саясаттанудың объектісіне жатады. Бұл жерде неғұрлым күрделі де маңыздысы – саясаттану пәні туралы мәселе. Осыған орай саясаттану пәні туралы ғылыми әдебиеттердегі пайымдауларда әлі күнге дейін тиянақты пікірлер қалыптаспағандығын айта кеткен жөн. Саясаттану пәнінің әр түрлі саяси мектептер, бағыттар және әр түрлі зерттеушілер тарапынан әр қилы сипатталатындығы да сондықтан.

Бүгінде негізінен екі түрлі ыңғайдағы бағыт айқындалып отыр. Оның біріншісі – саясаттану пәнін мемлекетпен немесе саяси билікпен, сондай-ақ, саяси партиялармен және ұйымдармен тікелей байланыстыра қарастырып, анықтайтын тар көлемді түсінік. Екіншісі – саясаттануға күллі саяси мәселелерді, саясат туралы кез келген ғылыми білімді ғана емес, сонымен бірге, саясатпен шектес кейбір күрделі мәселелерді де бірге қарастыратын кең көлемдегі түсінік.

Міне, осыған байланысты «саясаттану нені зерттейді?» деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа «саясаттану» ғылымының «politike» деген грек сөзінен шыққан атауына сүйене отырып, жауап беруге болады. «Politike» деген сөз – «мемлекеттік, я болмаса қоғамдық істер, мемлекетті басқару өнері» және «logos» «ілім» дегенді білдіреді, яғни, екеуін сөзбе-сөз қосып айтқанда, саяси ғылым немесе саясат туралы ілім болып шығады.

<sup>1</sup> Политологический словарь. М.: Высшая школа, 1995. С. 120-121.

Демек, саясаттану өзіндік ерекшелігі бар пән дегеніміз қисынға келеді. Бұл пән әр түрлі ғылымдардың аясында пайда болғанымен, оларды қайталамай-ақ саясат ғылымын оқып-үйренуге өбден болады. Мысалға, саяси билік мәселесін алсақ, оның мазмұны өте бай. Конституциялық құқық саласына енбей-ақ, яғни, саяси биліктің мәні мен құрылымдарын, оның заңдылығын тану, билік субъектілері, топтық және жеке түрдегі жетекшілік, көсемшілік пен демократия, билік феномені ретіндегі зорлау мен күштеу, авторитарлық, үлгі-өнегелік пен құқықтық құндылықтар аясындағы билік – міне, бұлардың ешқайсысымен де заң ғылымдары шұғылданбайды, себебі, бұл оның негізгі пәні емес.

Саяси дағдарыстар, қақтығыстар, келісімдер, саяси тұрақтылық, саяси құрылымдардың тұрақсыздығы жағдайындағы тұлғалар тәртібі сияқты мәселелермен қандай ғылым шұғылданады? Сондай-ақ, әр түрлі мәдениеттердің иерархиясы мен өзара қимыл-әрекеттері, олардың өркениеттік, аймақтық және діни өлшемдері мәселелерімен қандай ғылым шұғылданады? Ешқандай да. Ешқандай да ғылым митингілер мен жиналыстардағы адамдар тәртібінің ерекшелігімен, саяси институттар мен билік аппараттарының қызметімен, сондай-ақ, адамдардың саяси кіріптарлықтан құтылуы және әлеуметтендірілуі мәселелерімен шұғылданған емес, шұғылданбайды да. Бұл мәселелердің барлығымен тек саясаттану ғылымы ғана айналысады.

Осыған байланысты, саясаттану әр түрлі қоғамдық-саяси жүйелердің қозғалысы мен қызметінің ерекшеліктерін, олардың өзін-өзі қамтамасыз ету сипаттамалары мен динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін жағдайларды, саяси дағдарыстар мен әлеуметтік қақтығыстар себептерін, барысын және рөлін, оларды реттеудің іс жүзіндегі тәжірибесін зерттейді. Яғни оның (саясаттанудың) міндеті саяси процестердің қатысушылары мен байқаушыларына мүмкіндігінше саяси өмір туралы жалпы ұғым мен ұдайы, дәлелді де дәйекті білім беру болып табылады.

Демек, саясаттану пәні әр түрлі тұрпаттағы саяси жүйелердің құрылымдары мен қызметінің ерекшеліктерін зерттейді, саяси өмір жөнінде білім береді және бұл білімді саяси қимыл жөнінде қабылданған шешімдердің біршама қатесіз де тиімді құралдарының бірі есебінде қарастырады. Дегенмен, адамдарға белгілі бір саяси, идеологиялық немесе құндылықты таңдауды ұсыну жағы саясаттанудың міндетіне кірмейді. Бұл – әрбір азаматтың, ұйымның, партияның жеке өз ісі. Бірақ саясаттану белгілі бір сәтке, осыған сәйкес жағдайларға қажетті саяси таңдаудың түрлері мен қалыптарын, шешімдері мен қимыл-әрекеттерін көрсетіп, қателіктерден сақтандырады, дер кезінде ұнамды және ұнамсыз жақтарға, ең бастысы, саяси шешімдер мен ойластырылған саяси әрекеттің ықтимал зардаптарына назар аударта алады.

Саясаттану саясаттағы тиімді, сондай-ақ, дұрыс қарастырылмайтын факторларды да талдайды. Саяси талдаулар, атап айтқанда, қазіргі кезде саясатта қандай нақтылы мақсаттарға қол жеткізуге болатынын, алға қойылған мақсаттарға сәйкес қандай қимыл-әрекеттердің дәл келетінін, белгілі бір саяси қадамдардың «ойда жоқ» ықтимал зардаптарға соқтыру мүмкіндігі хақындағы сұрақтарға жауап бере алады.

Шын мәніндегі ғылыми пән ретінде саясаттану өзінің пайымдаулары мен бағамдауларында идеологиядан, дәріптеушіліктен, ескі құндылықтар мен әуестенушіліктен азат болуға тырысады. Яғни, саясаттану бұл айтылғандардың бәрінің саяси институттар мен процестерге қайшылықты ықпалы барын зерттейді.

Саяси талдаулар мен ұсыныстар нәтижелерінің ғылыми нақтылығы әр түрлі саяси жүйелер қозғалыстарының түрлі кезеңдерінде әрқалай болып шығатындығы – табиғи нәрсе. Егер, тұтастай алғанда, саясаттанушылар белгілі бір жүйенің қызметінен жалпы және өзіндік ерекше факторларды көбірек ашып, нақты өмірді ең жоғары дәрежеде және объективті түрде көрсететін қоғамдық құрал жасактай алатын болса, онда мұндай ғылыми нақтылық та басым болады.

Әр елде саясаттану ғылымының басқа кез келген қоғамдық ғылымға қарағанда, ұлттық өзіндік ерекшелікпен көбірек байланысты болуы – табиғи құбылыс. Оның тұжырымдары мен қағидаларының, пайымдаулары мен ұсыныстарының көбіне тек тікелей белгілі бір елге бағытталуы да сондықтан. Бұлардың басқа елдерде қолданылуын ең әуелі қисындық талдаумен, әлеуметтік тәжірибемен, сезімге жүгіне отырып тексеруімен байланыстыруға болады.

Сондықтан, әрбір елдің әр түрлі аймақтарында елеулі айырмашылықтары болуы әбден мүмкін белгілі жалпы заңдар аясында тереңдетіп зерттейтін плюралистік (көппікірлік) тұрпаттағы саясаттанымдық өз мектебі болуға тиісті де.

Сайып келгенде, саясаттануды ғылым ретінде көпдеңгейлі салыстырмалы талдаусыз ойға алуға да болмайды. Дәл осындай талдаулар ғана белгілі бір шетелдік, әлемдік тәжірибенің принципті мүмкіндіктері мен оларды қолданудың шегі туралы сұраққа азды-көпті сенімді жауап бере алады.

Сонымен, саясаттану пәні адамдардың саяси мүдделері мен көзқарастарының және қарым-қатынастарының пайда болуы мен олардың бірте-бірте жетілуінің; саяси биліктің қалыптасу, даму және өзгеру жолдарының; саясат пен саяси қызметтің, саяси процесс дамуының объективтік заңдылықтары болып табылады.

Саясаттану пәнінің күрделілігін, көпқырлылығы мен көпдеңгейлігін танытатын бұл түсінік көбінесе оның құрылымымен де тығыз байланысты.



Игерілуге тиіс білімдердің ортақтық деңгейі бойынша саясаттану жалпы және жеке болып бөліне алады. Ал, өзінің сипатына қарай саяси білім теориялық және тәжірибелік білім салаларына тарамдалуы мүмкін.

Саясаттанымдық зерттеулер өздерінің мақсаты мен міндеттеріне, бағытына қарай іргелі және қолданбалы зерттеулер саласына да бөлінеді<sup>1</sup>.

Саясаттану – сөздің тікелей мағынасында алғанда жалпы байланыстық (интеграциялық) ғылым, саяси процестер мен құбылыстар жөніндегі білімдердің жиынтығы, сондай-ақ, қоғамның саяси өмірінің жалпы принциптері мен заңдылықтары және олардың өзіндік ерекше көріністері туралы, қоғамдық прогресс жүйесіндегі саясат субъектілерінің қызметінде оларды жүзеге асыру жолдары, түрлері және әдістері туралы ғылым.

## 2. Саясаттанудың ұғымдары мен категориялары, заңдары мен әдістері

Саясаттану ғылым ретінде өзінің ұғымдық аппаратын жасактайды. Оның өзіндік пән екендігін, өзіндік зерттеу нысанасы ғана емес, сонымен бірге зерттеу аясының өзіндік ерекшелігін бейнелейтін ұғымдардың, категориялардың, заңдар мен тану әдістерінің жүйесі де құрайды. Әрбір саясаттанымдық ұғымның сапасы мұны растайтын, не болмаса теріске шығара алатын тәжірибемен тексерілетіндігін айта кету керек. Сайып келгенде, мұнда азды-көпті тиянақты білімдер мен шынайы процестер болжамдарын қамтамасыз етуде өзінің бейімділігін танытқан ұғымдар ғана екшеліп алынады.

Қазіргі кезде өртүрлі саясаттанушылар мен саясаттану мектептері қолдана алатын ұғымдардың тұжырымдалған жүйесін ұсыну күрделі күйінде қалып отыр. Әйтсе де қазірдің өзінде-ақ саяси өмірді біршама тиянақты және объективті түрде талдап, бағалауға мүмкіндік беретін кейбір ортақ ұғымдар орнықты<sup>2</sup>.

Саясаттанудағы мұндай ортақ ұғымдардың қатарына ең алдымен «саясат» және «саяси» деген ең басты категориялар жатады. Мағынасы неғұрлым кең де жалпылама «саясат» категориясын талдауға көшпей тұрып, әуелі «саяси» деген атауды қалай түсінуге болатынын қарастырып көрелік.

«Саяси» дегеніміз – бұл индивидтердің немесе бірлестіктердің (таптардың, партиялардың, ұлттардың, мемлекеттің, әлеуметтік топтардың) өздерінің бірге жүргізген саяси қызметі процесіндегі қоғамдық қатынас-

<sup>1</sup> Қараныз: *Әбсаттаров Р.Б.* Әңгіме – саясаттану ғылымы жөнінде // Ақиқат. 1997. 27 б

<sup>2</sup> Қараныз: Политология. М.: ИНФРА, 2010. С. 38-41.

тарының белгілі қасиеттері мен ерекшеліктерінің тұтасқан жиынтығы. Саясылықтың мазмұндылық нышандары – саяси бостандық, саяси құқық, демократия, жариялылық ұғымдары болып саналады. Бұл арадағы «саяси» ұғымы белгілі бір құбылыстар мен процестердің саясат саласына жатындығын айғақтайды.

«Саясат» категориясы саяси қатынастар, саяси өмір, саяси сана деген ұғымдар аясында нақтылана түседі. Саяси қатынастар мен қызметтердің тоғысатын жері саяси жүйені құрайтын мемлекет және басқа да саяси институттар болып табылады. «Саяси жүйе» ұғымы «азаматтық қоғам» ұғымымен өзара қатысты әрі байланыста болады да, саяси институт, саяси партия, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, бюрократия, саяси төртіп, басқарушы элита, диктатура және т.б. сияқты өзіне бағынышты ұғымдармен анықталады. Осыған орай айта кетелік, саяси жүйелерді олардың қимыл-әрекеті мен диалектикалық даму барысында қарау «саяси процесс» ұғымында және оны білдіретін саяси жүйенің қызмет жасауында, саяси реформа, саяси революция, саяси қақтығыс және дағдарыс т.б. оның құрамды бөліктері мен аспектілерінде көрініс табады.

Ұғымдардың бұл шоғыры – саяси қызметті де, саяси қарым-қатынасты да, яғни, саясаттың субъектісі мен объектісін де, саяси қажеттіліктер мен мүдделерді де, саяси басшылықтың түрлері мен тәсілдерін де, саяси стратегия мен тактика, саяси мінез-құлық, саяси көсемдік және т.б. саяси қызмет пен қарым-қатынастарды да сипаттайды.

Саясаттанудың ұғымдық-категориялық аппаратын баяндау да «саяси мәдениет» категориясын, яғни саяси өмірдің сапалық жағын сипаттайтын ұғымдар жүйесін атап өтпесек, онда ол тіпті де толық болмас еді. Бұлар – саяси сана, саяси құндылықтар, принциптер, дәстүрлер мен нормалар, көзқарастар, саяси әлеуметтендірілу, саяси белсенділік, саяси шеттетілу, конформизм және сондай-ақ, белгілі бір саяси мәдениеттер мен олардың әрқилы түрлерінің елеулі жақтарын көрсететін басқа да ұғымдардың шоғырлары.

Ғылым ретіндегі саясаттанудың өзіне тән объективтік заңдары бар. Саясаттанудың заңдары тиісті категориялармен белгіленеді де, қатынастар субъектілері арасындағы, сондай-ақ биліктік қатынастар мен қызметтің әр түрлі саласы мен түрлері арасындағы саяси қатынастар жүйесі үшін объективтік қажетті әрі ортақ байланыстар түрлерін білдіреді.

Кіріспе сөз тақырыбының шеңберінде саясаттануда оқытылатын объективтік заңдардың екі тобын көрсетумен шектелейік. Олардың біріншісі – саяси жүйелердің кез келген түрлері үшін ортақ заңдар да, ал екіншісі – жүйелердің белгілі түрлеріне ғана тән арнайы заңдар. Ортақ заңдардың ішінде саяси билік түрінің әлеуметтік-таптық қатынастар сипатына тәуелділері де, саяси және экономикалық билікпен өзара тығыз

байланыстылары да бар. Арнайы заңдардан саяси жүйелердегі биліктер бірлігі мен бөлінісі, саяси биліктің заңдылығын тану сияқты елеулі түрдегі қажетті байланыстардың қалыптары көрініс табады.

Саясаттану заңдары жөнінде нақты және терең түсінуге саяси биліктің дамуы мен пайдаланылуының неғұрлым мәнді және тұрақты тенденцияларын сипаттайтын саясаттану заңдылықтарының жүйесін талдау көп көмектеседі. Оларды көрініс табу салаларына қарай негізінен үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ қоғамның экономикалық базисі мен саяси билігі арасындағы арақатынасты көрсететін саяси-экономикалық заңдылықтарды қамтиды.

Екінші топ биліктің тұрақтылығын нығайтатын өзінің ішкі қисын, құрылымы бар ерекше әлеуметтік жүйе ретіндегі биліктің дамуын сипаттайтын саяси-әлеуметтік заңдылықтарды қамтиды.

Үшінші топқа саяси-психологиялық заңдылықтар жатады. Бұлар жеке тұлғалар мен билік арасындағы өзара қарым-қатынастарды көрсетеді. Бұл қатынастар арасындағы маңыздысы саяси жетекшінің билікке қол жеткізуі мен оны ұстап тұруы болып табылады. Саясаттанудың заңдарымен, категорияларымен бірге, барлық заңдылықтарының жиынтығы саяси ғылымының іргетасы мен негізгі қаңқасын құрайды, ал бұлар саяси ғылымның бүкіл құрылысын ұстап тұр және сонымен қатар, саяси құбылыстар мен процестерді танудың, олардың мәні мен ерекшелігін білудің түйінді тораптарының жүйесі ретінде көрінеді.

Осыған байланысты, саяси құбылыстар мен процестерді зерттеуде саясаттану танымның әр түрлі әдістерін пайдаланатындығын да байқаймыз<sup>1</sup>.

Саясаттануда танымдық тұрғыда өте-мөте бағалы болып саналатын жүйелік тәсілдің орны айырықша. Жүйелік әдіс қоғамның саяси саласын өзара бір-бірімен және сыртқы ортамен қатынастарындағы әрі байланыстарындағы элементтер жиынтығынан тұратын белгілі бір тұтастық ретінде қарайды. Жүйелік әдістің шынайы даралығы зерттеу нысанын тұтастай қабылдаумен және тұтастық шеңберіндегі жекелеген нышандар арасындағы байланыстарды жан-жақты таңдаулармен танылады.

Саясаттануда салыстырмалы немесе біріктірмелі (компоративті) әдіс кең таралған. Кезінде оны Платон мен Аристотель де пайдаланған. Бұл әдіс ұқсастық белгілері бар саяси нысандардың (я болмаса бөлімдердің) екі және одан да көбірегі өзара салыстырудан тұрады. Салыстырмалы әдіс салыстыру арқылы әр түрлі саяси жүйелердің, саяси құбылыстардың көп түрлілігіндегі жалпы мен айырықшаны бөліп алып қарауға, саяси процестер дамуының басты бағыттарын тануға мүмкіндік береді.

<sup>1</sup> Қараңыз: *Горелов А.А.* Политология. М.: Эксмо, 2006. С. 25-32.

Демек, бірдей тектес түрдегі, яғни ұқсастық белгілері бар саяси құбылыстарды бұлай салыстыру саяси ұйымның неғұрлым тиімді түрлерін, я болмаса міндеттерді шешудің ең дұрыс үйлесімді жолдарын бағыттауға мүмкіндік береді. Сондықтан да салыстырмалы әдісті қолдану, әсіресе, батыл саяси реформалар мен демократиялық бағыттағы басқа елдер мен халықтардың тәжірибесін пайдалану негізінде өркениетті мемлекет құруға бет бұрған қазіргі Қазақстан жағдайындағы саясаттану үшін ерекше көкейтесті мәселе.

Шамасы, кез келген тарихи баян қалай болғанда да қазіргі заманның мүдделеріне бағытталған деп есептейтін ғалымдардың пікірлері дұрыс сияқты. Демек, тарихи тәжірибе қазіргі кезең мен болашаққа арналған саяси бағдарлауға деген талап-тілектің өзектілігін танытады.

Сонымен, М. Вебер әділ атап көрсеткеніндей, өткеннің тәжірибесін болашаққа қалай болса солай көшіру – тарихи көзсіздік, ал өткеннің тәжірибесінсіз келешекке мөлшермен қарау да шындыққа толық сәйкес келмейді.

Саясаттану мен басқа да қоғамдық ғылымдарда көптен бері тарихи әдіс қолданылып келеді. Мұның өзі саяси өмірді, саяси құбылыстар өзгерістерін, уақыт дамуына орай өткен мен бүгіннің, бүгінгі мен келешектің араларындағы байланыстарды ашып көрсету желісінде зерттеуді көздейді. Осыған байланысты, саясаттанушы өткеннің белгілі бір саяси идеяларына, ұғымдарына немесе теорияларына ден қоя отырып, оларды қазіргі кезеңге қатыстыра қарап, келешекті де кесіп-пішетінін айту керек.

Саясаттануда әлеуметтанушылық әдісті қолданудың аса зор және маңызды практикалық мәні бар, бұл әдіс шынайы саяси өмір фактілерін талдауға бағытталған нақты әлеуметтанымдық зерттеулердің әдіс-тәсілдерінің жиынтығы болып есептеледі. Әлеуметтанымдық әдістің батыс саясаттануында өте-мөте кең таралғанын айту керек. Батыстың саяси өмірінде әлеуметтанымдық зерттеулердің нәтижелерін іс жүзінде қолдануға бағытталған біршама дербес бағыт – қолданбалы саясаттану бағыты қалыптасқан.

Саяси өмірде әлеуметтік зерттеулер, олардың нәтижелері тауар ретінде көрініс табады да, бұларға тапсырыс берушілер мен сатып алушылары биліктің орталық және жергілікті орындары, саяси партиялар, мемлекеттік мекемелер, жеке фирмалар болып табылатындығын айтқан жөн.

Саясаттануда саяси құбылыстарды зерттеуде бихевиоралдық (тәртіптік) әдіске үлкен маңыз беріледі<sup>1</sup>. Мұның мәні жекелеген адамдар мен

---

<sup>1</sup> Современные методы исследования политической науки. Харьков, 2009. С. 16-20.

әлеуметтік топтардың көп қырлы тәртібін нақтылы зерттеу арқылы саяси құбылыстарды оқып-үйренуде жатыр. Бұл әдісті саясаттануда қолдану мына төменгі бастапқы ережелерге, алғышарттарға сүйенеді:

– біріншіден, саясат әлеуметтік құбылыс ретінде өзіндік өлшемге ие, ал саяси қызметтің барлық топтық түрлерін зерттеудің басты нысандары есебінде көрінетін нақтылы индивидтердің тәртібін талдаудан шығаруға болады;

– екіншіден, саясатқа қатысудың басты сылтауы психикалық бағдарлар болып табылады;

– үшіншіден, тәжірибелік фактілерді жинау және саяси құбылыстар сандық өлшемдерге ұшырауы мүмкін, ал мұның өзі саясаттанудың алдында математикалық және басқа да әдістерді, статистикалық керсеткіштерді, сауалнамалар арқылы алынған мәліметтерді сұрыптау әрі талдау кезіндегі компьютерлік техниканың нәтижелерін пайдаланудың кең мүмкіндігін ашатын болады.

Қазіргі кезде бихевиоризм саясаттанудағы жетекші зерттеушілік бағыттардың біріне айналууда. Ол, әсіресе, тоталитаризмнің табиғатын ашып көрсету мен адамдардың саяси тәртібін түсіндіруде өте тиімді әдіс болып шықты. Америка әкімшілігінің басшысы мен Ақ үйдің бұрынғы практиканты Моника Левинский екеуінің арасындағы қарым-қатынас елдің психоаналитиктерін Билл Клинтонның табиғатына, әсіресе, оның күнәға бату себептерін түсіндіруге жол ашатын тәртіп ерекшеліктеріне тереңірек үңілуге мәжбүр етті.

Бұл мамандардың қай-қайсысы болса да бұрын-соңды президентпен етене таныс болып көрген емес. Әйтсе де, олардың барлығы дерлік көптеген американдықтар сияқты Моника-Билл арасындағы жанжалдың себепсалдарын бүге-шігесіне дейін біліп алды. Тіпті, Джером Левин сияқты психотерапевт қазірдің өзінде «Клинтон синдромы» дейтін кітап та шығарып үлгерді. Ол мұнда өзінің 20 жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, Клинтонның психологиялық бейнесін жасап шықты. Автордың суреттеуі бойынша оған түрлі ауытқулар тән.

Левиннің тұжырымдауы бойынша, қолында билігі бар, харизматикалық кісі бола тұра жалғыз басты һәм сары уайымға салынған адамға сексуалдық азап пен сексуалдық дөрекілік тән болады. Левин былайша жазады: Клинтонды практикант қыз құшағына итермелеген әсте махаббат құштарлығы емес, бұл — асылы, өзіне-өзі сенімсіз адамның жанының жай табуына ұмтылушылығы, өз бәсін арттыруға деген қадамы.

Кітап авторы оқырманға Клинтонның жас шағындағы тұрмыс-тіршілігін еске алуға кеңес береді. Айтты-айтпады, оның өгей әкесі маскүнем, ағасы нашакорлыққа бейім, шешесі құмар ойнауға құштар болған ғой.

Мұның бәрі психологиялық проблемалар туындатып, сексуалдық дәрменсіздікке ұшыратпай ма? Бұған қоса Клинтонның ешқашан да өзінің биологиялық әкесінің кім екендігін білмеуі де психологиялық тұрғыдан жанын жаралауы әбден мүмкін ғой. Сайып келгенде, бұл айтылғандарға қоса президенттік міндеттерден туындайтын стресс те Клинтонды Моникамен екі арадағы роман сияқты алды-арты ойластырылмаған қауіпті жағдайларға ұрындырмай қоя ма?!

Американдық мамандардың пікірі бойынша, интимдік өмірде мұндай ауытқуларға ұшыраған, яки, сексуалдық өктемдікке, күш көрсетуге бейім, өз эмоциясын билеуге қабілетсіздігінен бұл елдің 5-тен 8 пайызына дейінгі еркектері зардап шегеді. Әсіресе мұндай категориядағы адамдар қатары саясат пен бизнесте билікке қол жеткізгендер арасында жедел өсіп келді. Американдықтардың өз президентіне не істегені لازم? Бұл ретте Левин импичмент идеясынан аулақ. Алайда ол Клинтонның өз билігін бір айға вице-президентке тапсырып, психотерапевтің интенсивті емдеу курсынан өткен соң ғана Ақ үйге қайтып оралғанын жөн деп есептейді.

Соңғы жылдар ішінде саясаттануда іскерлік ойыны сияқты (саяси шешімдер қабылдау) әдіс кең қолданылуда. Бұл әдіс саяси процестерді үлгілендіруге негізделген. Ал, мұның өзі мемлекеттік органдар мен саяси партияларға басқару процесін жетілдіруге көмектеседі.

Саясаттанудағы танымдық құралдар қоры саяси нысандарды зерттеудің аталған әдістерімен ғана шектеліп қоймайды. Ол басқа да әдістерді қамтиды. Саясаттанудағы сан салалы әдістемелік қор саяси процестер мен олардың дамуы жөнінде тиінақты ақпараттар, объективтік мәліметтер алу мақсатынан туындаған. Сондай-ақ, танымдық құралдар қоғамдық білімдер құрылымындағы саясаттанудың орнын да анықтап береді.

### **3. Қоғам жөніндегі ғылымдар құрылымындағы саясаттанудың орны. Саясаттанудың міндеттері**

Ғылым ретіндегі саясаттанудың мәні мен өзіндік ерекшелігін анық түсіну үшін, біріншіден – оның шектес ғылымдармен арақатынасын және өзара байланысын, екіншіден – қоғам мен саясат жөніндегі басқа да ғылымдардан даралайтын оның міндеттерін дұрыс анықтап алу өте-мөте маңызды. Саясаттанудың ең басты негізгі қатынастар мен байланыстарды ашып көрсететін өзіндік зерттеу нысаны, ұғымдары, категориялары мен заңдары, танымдық әдістері болумен бірге, саясаттану ең әуелі философиямен, мемлекет және құқықтық теориямен, тарихпен, әлеуметтанумен, әлеуметтік психологиямен барынша тығыз байланысты. Бұлардың өзара байланысының негізі – зерттеудің ортақ нысаны болып табылатын қоғамның саяси өмірі.

Қоғамдық ғылымдардың әрқайсысы қоғамның саяси өмірін өзінің алдында тұрған өзіндік ерекше мақсаттарына, міндеттеріне сәйкес зерттейді де, мәселенің мәнін өзінің белгілі бір көзқарасы тұрғысындағы құралдарымен, әдістерімен шешеді. Мысалы, философия саясаттың негүрлым жалпы мәселелерін қарастырады. Әлеуметтік философия шеңберінде көптен бері қалыптасқан ерекше бағыт — әлеуметтік құбылыс ретіндегі саясатты дүниетанымдық сараптаумен шұғылданатын саясат философиясы деген бағыт дамуда.

Философияның тікелей пәні саясаттың заңдары, қоғамның саяси өмірінің ұйымдасуы, қызмет жасауы және дамуы заңдары емес, керісінше, саяси саладағы негүрлым жалпы, философиялық заңдардың көрініс табуы мен қимыл-әрекетінің ерекшеліктері болып табылады. Саясаттың философиялық негізделуін саясаттану ғылымы саяси құбылыстар мен процестерге талдаудың әдістемесі мен дүниетанымдылық бағыттылығын анықтау үшін пайдаланады.

Саясаттану мемлекет теориясымен өзара байланыста дамиды. Мемлекет теориясының нысаны — мемлекеттің негізгі және жалпы заңдылықтары, оның мәні, мақсаты мен дамуы. Осыған байланысты айта кету керек, қоғамдық институт ретіндегі, қоғамның саяси өмірінің негізгі элементі ретіндегі мемлекеттің рөлін зерттеу ісінде саясаттану мен мемлекет теориясы бір-бірімен үйлесе дамып келеді. Алайда, сөздің кең тұрғыдағы мағынасымен айтқанда, саясаттану нысаны — саясат теориясы, яғни, мүмкін болатын күллі саяси құбылыстар мен процестерді зерттеу. Демек, саясаттану мемлекет теориясына қатысты әдістемелік негіз міндетін атқарады.

Саясаттану мен құқық ғылымы арасындағы өзара байланыс та айрықша. Құқық ғылымының рөлі қоғам өмірі процесінде, соның ішінде саясат саласында да адамдардың қатынастары мен тәртібін реттеп отырумен байланысты екені белгілі. Ал, саясаттану құқық ғылымына қатысы жағынан көбіне жалаң теория болып келеді де, соңғысының теориялық-әдістемелік негізі болып табылады. Құқық ғылымы әдетте құқықтық ережелерді жасақтауда саясаттанудың қорытындыларын басшылыққа алып отырады. Сонымен қатар, құқықтық ғылым саяси шешімдерді әзірлеу мен іске асырудың құқықтық механизмдерін де зерттейді, ал мұнсыз саяси билік дұрыс жұмыс жасай алмайды.

Саясаттану әлеуметтанумен мейлінше тығыз байланысты. Зерттеудің нысандары мен әдістері тұрғысынан алғанда саясаттану мен әлеуметтанудың саяси әлеуметтану сияқты саласынан айырмашылығы аз. Алайда, оларда зерттеу нысандары бойынша түбегейлі айырмашылықтар да бар.

Саясаттану саясатты белгілі бір заңдылықтарға бағынатын процесс ретінде қарастырады. Ал саясат әлеуметтануы бұл процесті тек өзіндік

процесс ретінде танымай, керісінше оның «адамдық өлшемін» зерттейді. Яки саясат әлеуметтануының көздейтіні — саясаттың адамдар мен олардың қауымдастығының дамуына қалай ықпал жайсайтындығын зерттеу. Бір сөзбен айтқанда, саясаттанудың негізгі объектісі — саясат, саясаттың құрамы, саясаттың барысы мен тиімділігі болса, ал саяси әлеуметтанудың назарында саясаттағы адам, саяси және әлеуметтік қатынастардың өзара байланысы тұратын болады.

Бұл жерде мынаны айта кеткен жөн, саясаттанудың ерекшеліктерін айқындап алу оның тарихпен арақатынасын түсінуге мол мүмкіндік береді. Саясаттану мен тарих ғылымының арақатынасы — бұл теория мен тарихтың, қоғамдық-саяси даму теориясы мен оның тарихының арақатынасы деген сөз. Бір жағынан, саясаттану саяси өмір мен саясаттың іске асырылуының тарихи тәжірибесіне сүйенеді де, саяси ойдың тарихына арналған тиісті тарауды қамтиды. Ал, екінші жағынан, ол саяси тарихтың теориялық қорытындысы бола отырып, саяси субъектілері елеулі орын алатын тарихи фактілер мен процестерге неғұрлым тереңірек саяси талдау жасауға ықпал етеді. Міне, нақ осыдан саясаттану мен тарихтың өзара байланысы, кимыл-әрекеті өз көрінісін табады.

Сонымен бірге бұл ғылымдардың арасында елеулі айырмашылықтар да бар. Ол айырмашылық тіпті бір құбылысты зерттеуден де байқалады. Тарих өзінің табиғатына сәйкес тарихи оқиғалар мен процестерді олардың дамуының нақтылы-хронологиялық барысынан және қайталанбайтын өзгешелігінен тыс суреттей алмайды. Саясаттану саясат пен саяси өмірдің жалпы теориясы ретінде, керісінше, оқиғалардың нақтылы хронологиясынан да және олардың қатынасушыларынан да өрі қайталанбайтын тарихи өзгешеліктерден де алшақтай түседі. Саясаттанудың міндеті — тарихи өткенді ғылыми-теориялық тұрғыдан қорытындылау, саяси оқиғалар қатарындағы қайталануларды, мәнділікті, типтілікті, заңдылықты айқындау болып табылады.

Саясаттану тарихтан тағы да бірқатар қатынастар бойынша ерекшеленеді. Тарих бүкіл қоғам дамуының зерттелуін қамтыса, саясаттану тек қоғам дамуының саяси жағын ғана қамтиды. Бұл жағынан алғанда саясаттанудың нысаны тарихқа қарағанда анағұрлым тарлау. Бұл екі пәннің тағы бір айырмашылығы — тарих тек қана бұрын болып өткен және тарихқа енген оқиғалар мен жағдайларды зерттесе, ал саясаттану қазіргі ағымдағы саяси өмірді зерттеуге баса назар аударып, бұған қоса өзінің қажетті бөлімі ретінде саяси жоспарлау мен болжам жасауды да қамтиды.

Саясаттану сонымен бірге қоғам туралы басқа да ғылымдармен өзара тығыз байланыста болады<sup>1</sup>. Қоғам туралы ғылымдар арасында саясатта-

<sup>1</sup> Қараныз: *Ланцов С.А.* Политология. СПб.: Питер, 2011. С. 38.



нудың міндеті мен орны оның орындайтын қызметінен де өз көрінісін табады. Ал саясаттанудың атқаратын функциясы өте көп. Ғалымдардың көрсетуінше, саясаттану функциясы әдетте әрқалай, олардың ұзын саны бір-бірімен тура келмейді және ол талас тудыратын мәселе. Меніңше, бұлардың қатарына негізінен теориялық-танымдық, дүниетанымдық, әдістемелік, басқарушылық, тәрбиелік, болжам жасаушылық функциялары да қамтылуы тиіс.

Саясаттанудың теориялық-танымдық қызметі нақты саяси өмірді тану мен зерттеуге деген ғылыми негізделген тәсілді қамтамасыз ету мен жетілдіруге, саясат пен саясылық мәселесі жөніндегі білімдерді кеңейту мен нақтылауға бағытталған. Бұл қызметтің нәтижесі саяси теориядан көрінеді – яғни ол қоғамның саяси саласының құбылыстары мен процестеріне тән елеулі байланыстар мен заңдылықтар туралы тұтас, жоғары дәрежедегі сенімді, ұдайы дамытылып отыратын білім болып табылады. Теориялық білімнің маңызы оның іс жүзінде саяси қызметтің ғылыми негізделуінің неғұрлым жетілген түрі болып табылатындығында жатыр.

Саясаттанудың дүниетанымдық қызметі қоғам туралы, тұтас алғанда дүние туралы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзінің орны, саяси процестердегі міндеті туралы, адамның түсініктері жүйесіндегі саяси құбылыс қандай орын алатындығы туралы сұрақтарға жауаптарды іздестіруден көрінеді. Мұндай ізденістер – саяси сананың әдеттегі деңгейден ғылыми-теориялық деңгейге көтерілуіне, құндылық бағдарларының қалыптасуына және азаматтың, топтың, партияның саяси позициясын айқындауға жол ашады.

Ал саясаттанудың әдістемелік қызметінің мәні – саяси құбылыстар мен процестерді талдаудың тәсілдері мен амалдарын жасап шығаруда жатыр. Мұндай ізденістің нәтижесі саяси өмірді тиімді танудың әлеуметтік мақұлданған негіздері мен тәсілдерінің, саяси теорияларды құрудың ережелері мен өлшемдерінің, саяси құбылыстар мен процестерді басқаруды тиімді және қолайлы етуге бағытталған іс жүзіндік саяси қызметті ұйымдастыру үлгілерінің жүйесі болып табылады.

Осыған байланысты саясаттанудың тек қана объективтік өмірді көрсетіп қоймай, сонымен бірге оған ықпал етудің қуатты құралы есебінде де қызмет ететінін айтқан жөн. Басқаша айтқанда, саясаттану қоғам үшін маңызды басқарушылық та қызмет атқара алады. Бұл жерде әңгіме саяси процестерге басшылық жасау мәселелері бойынша практикалық ұсыныстарды жасақтау үшін саясаттанымдық білімдерді пайдалану жөнінде болып отыр. Мемлекеттегі көптеген заңдардың, қаулылардың, жарлықтар мен шешімдердің өмірге бейімсіздігінен немесе оларды жүзеге асыру тиісті тетіктермен қамтамасыз етілмегендіктен де оның көбі орындалмай

жататындығы жасырын сыр емес. Мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін алдын-ала жасалатын саясаттанымдық сараптамалардың рөлі өте-мөте маңызды.

Саясаттанудың тәрбиелік маңызы да үлкен. Саясаттанудың тәрбиелік қызметі саяси ойлар мен мұраттарды, саяси нормалар мен дағдыларды таратудан, халықтың саяси мәдениетін қалыптастырудан айқын көрінеді. Саясаттанудың бұл қызметінің ықпалы әдетте өте күрделі және қайшылықты сипатта болады.

Біріншіден, саясаттанушының әділ болуы талап етіледі, ол қайсыбір саяси ілім жөнінде саяси біржақтылықтан аулақ бола отырып, бейтарап бағытты ұстануы тиіс;

Екіншіден, ол саяси жағдайдың ықпалынан тәуелсіз де, азат та бола алмайды. Демек, саясаттанушы тарапынан зерттеу міндеттерінің қойылуы, оның қорытындылары мен ұсыныстары саяси оқиғаларға қатысушылардың мүдделерін қозғауымен де шын мәнінде саяси маңызға ие болады.

Саяси зерттеудің құндылығы оның адамдардың мүдделері үшін прогрестік қайта жаңғыруларды жүзеге асыруға бағытталған ғылыми негізді болжамдарды жасауымен анықталады. Мұнсыз өмірдің қандай да болмасын саласын қамтитын ғылыми негізделген саясаттың болуы мүмкін емес. Сондықтан саясаттанудың болжам жасаушылық қызметінің дамуы біздің заманымыздың өткір қажеттіліктерінің бірі.

Саясаттанудың болжам жасаушылық қызметі дегеніміз, саяси саладағы процестер дамуына қатысты болжамдар жасау болып табылады. Бұл қызметтің мәні «Келешекте өміріміз қандай болады және белгілі бір оқиғалар қашан басталады?» – деген сұраққа жауап іздеуде жатыр.

Демек, саясаттанудың болжам жасаушылық қызметі келешекте әр түрлі кезендерге сәйкес әр қилы факторлардың ықпалын ескере отырып, саяси процестер дамуының өзіміз қалайтын және мүмкін болатын нұсқаларын жасақтауға бағытталуы тиіс. Сондықтан саясаттанудың болжам жасаушылық қызметі тиісті саяси шешімдердің, ниеттердің, теориялардың, ойлардың нәтижелерін алдын-ала көруге бағытталады.

Тәжірибе көрсеткеніндей, Қазақстандағы қайта құру саясатының ең үлкен қателіктерінің бірі – саяси процестерді ешқандай болжаудың болмағандығы. Біздің алдын-ала саяси болжауымыз тиісті деңгейде болған болса, экономикамыз бен әлеуметтік саламыздағы, рухани өміріміздегі көптеген ауыр зардаптарды болдырмауға, тым құрығанда оларды едәуір жеңілдетуге болатындығын бүгінде анық айтуға болатын еді. Сондықтан, саясат пен күнделікті, үйреншікті тұрмыстағы қателіктерді болдырмау үшін саяси болжам жасаудың тиімді де пәрменді қызметіне сүйенуіміз қажет.

Саясаттанудың болжамдық және басқа да функцияларын жүзеге асыруға саяси өмірді, оның дамуының заңдылықтарын, жолдарын, түрлері мен тетіктерін саясаттанудың дұрыс та жан-жақты көрсетуі негіз бола алады<sup>1</sup>. Осыған байланысты тұтастай алғанда бүкіл дүние жүзінде, сондай-ақ біздің елімізде саяси өмір қазіргі кезде саясаттанудың алдына көптеген жаңа проблемаларды қойып отыр және көбінесе ескіргендерін жаңаша ой елегінен өткізуге мүмкіндік беруде. Сөйтіп, өмірдің өзі бұл ғылымның алдына жаңа міндеттер қоя отырып әрі оларды ғылыми тұрғыда шешу үшін негіз қалай отырып, оның дамуы үшін шын мәніндегі жағдайларды жасауда. Бұл – біріншіден. Екіншіден – саясаттанушылардың зерттеулері және олардың нәтижелері сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қажет болатын әрі өмірде қолданылатын болса, онда олар саясат пен саяси өмірге елеулі түрде оң әсер етуге қабілетті екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Асылы, саясаттанудың ең басты міндеті – саяси процесс түсінігін белгілі бір басшылардың, я болмаса саяси ұйымдардың кездейсоқ қадамдары мен әрекеттерінің бейбастық жиынтығы ретінде қарастырмай, керісінше, саяси ұйымның мүмкіндіктерін іске асырудағы саяси ерік-жігерлер мен мүдделердің қисынды өзара қимыл-әрекетін қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік білімнің кез келген басқа салалары сияқты саяси ғылым да ең әуелі болып жатқан оқиғаларды өзара байланысты жағдайда түсіндіруге, саяси тұлғалар мен ұйымдардың саяси тәртібін қамтамасыз ететін факторларды талдауға бағытталған.

Саясаттану саяси салада болып жататын, сырттай қарағанда бір-бірімен байланыссыз әр қилы тұрғыдағы құбылыстар мен процестерді жүйелеп, біртұтас, қисынды, қайшылықсыз қалыпқа келтіретін және біршама дәл атаулармен сипаттауға және қазіргіні түсіндіретін әрі болашақтың түрін болжайтын жорамалдарды бағалауға мүмкіндік беретін жолдар мен алғышарттарды тұжырымдайды.

Түйіп айтар болсақ, мынадай қорытынды жасауға болады: саясаттану ғылым және халықаралық ілім ретінде өзінің басты назарын адамзат қоғамының саяси саласының жалпы заңдылықтарын, ұйымдасуы мен қызмет жасауының принциптерін талдауға жұмылдырады. Саясаттану жағдайы – саясаттың өз хал-ахуалының көрсеткіші. Саясаттанудың практикалық бағдар-бағыты саяси билік құрушы күштердің қызмет нәтижелері мен ұсыныстары үйлескен жағдайындағы қоғамдық өмір жүйесіндегі ғылыми саясаттың қалыптасуы мен дамуының маңызды шарты болып табылады.

---

<sup>1</sup> Политология. Энциклопедический словарь. М., 1993. С. 269-270.

## САЯСИ ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ

*Тарих – ғылымдардың патшасы.  
Ғалымдардың шығармалары,  
парасатты идеялары мен  
ой-пікірлері мәңгілік жасайды.*

*АВТОР*

Кез келген ғылым сияқты саясаттанудың да тарихы бар. Саяси ғылымдық білімнің элементтері ұзақ уақыт бойы жалпы философиялық, кейінірек әлеуметтанулық, құқықтық теориялар шеңберінде қалыптасып дамыды. Саясаттанудың тарихы болмайынша, саясаттанудың да болмайтынын айтуға толық негіз бар. Оның қазіргі ілімдері мен теориялары өткен замандардағы саяси ойлардың жаңа тарихи жағдайлардағы жалғасы ретінде дамуда. Ой салар материалдар жинақталынбайынша жаңа саяси теориялардың пайда болуы мүмкін емес.

Әрбір дәуір адамзат өмірінде өзіндік ерекше саяси мәселелерді қойып, оларды өзінше шешті. Егер де ойша кейінге үңілетін болсақ, онда ХХІ ғасырға бізбен бірге кірген алуан түрлері шексіз саяси жүйелерді, ілімдерді, бағыттарды, көзқарастарды көруге болады. Оларды дұрыс бағдарлау мен мәнін түсіну үшін төмендегідей белгілі бір методологиялық әдіс-тәсілдерді басшылыққа алу қажет: біріншіден, кез келген саяси ілім еріксіз «ойдан шығарылған», кімнің болса да, тіптен кеменгердің болса да ақыл-ойымен табылған нәрсе емес, керісінше ол тарихтың қайсыбір кезеңінде өмірлік жағдаймен қойылған қоғамдық практиканың қажеттілігінің сұрақтарына қайтарылған жауап сияқты. Адамдардың саяси практикасы саяси теориялардың, ілімдердің пайда болуы мен дамуының себепшісі болды және олардың шыншылдығының және өміршендігінің басты өлшем-бірліктеріне айналды. Өмірдегі қайсыбір мәселелерге ғылыми негіздеме жасау үшін, теория немесе ілім жасау үшін, сөйтіп саяси практикаға «жарық» жол салу үшін ойшыл сол практиканы терең танып білуі қажет. Адамдарды ойландыратын сұрақтарды алдын ала көре біліп, оларға теориялық негізделген жауаптар беруі тиіс. Тек осындай жағдайда ғана теория немесе ілім адамдарға, халыққа, қоғамға қызмет ететін болады.

Екіншіден, саяси ілімдерде тікелей немесе жанама түрде болса да қоғамдық топтардың, басқа да әлеуметтік күштердің шоғырланған экономикалық мүдделері көрінеді. Бұл экономикалық мүдделер оларды мемлекеттік биліктің қорғауын қажетсінеді. Сондықтан саяси теориялар осындай

қоғамдық саяси жүйенің қажеттігін негіздеді, сол тұста үстемдік етуші әлеуметтік күштердің экономикалық мүдделерін жақсы қорғайтын мұндай мемлекеттік құрылыстың заңдылығын дәлелдеді. Түптеп келгенде адамдардың экономикалық мүдделері өмірге әкелген саяси теориялар немесе ілімдер осылайша қоғамның экономикалық жүйесіне, оның әлеуметтік құрылымына кері ықпал етті. Кейбір ірі державалар өзге елдердегі шикізат көздеріне, әр түрлі пайдалы қазбаларға қол жеткізуге мүдделі болып, бұл аймақтарды өздерінің «ұлттық» мүдделері зонасы (көбінесе осы державалардан мыңдаған шақырым жерлерде орналасқан) деп жариялайды және мұны неше түрлі геосаяси теориялармен негіздеуге тырысады.

Үшіншіден, саяси идеяларды білу, олардың қоғамдық процестегі рөлін түсіну әр түрлі болды. Олар жағымды рөл атқарды, яғни әлеуметтік дамуға ықпал етті немесе жағымсыз, тіпті реакциялық рөл атқарып қоғамның өрлеу бағытында жылжуын тежеді. Бұл осы теорияларды жасаушы әлеуметтік күштердің қандай екендігіне – алдығы қатарлы, прогресшіл немесе құрып бітіп бара жатқан, тарихи сахнадан кетіп бара жатқан күштердің жақтастарына байланысты. Бір сөзбен айтқанда, субъективтік фактор, яғни ғалымның, ойшылдың, саяси көшбасшының позициясы әрқашан да саяси ілімнің мәні мен мазмұнына маңызды ықпал еткен.

Төртіншіден, саяси ілімдердің дүниежүзілік тарихының өзіндік дамуының ішкі логикасы бар. Әрбір ілім өзінің қоғамынан тәуелсіз, өткеннен қалған саяси идеялармен және ұғымдармен тығыз байланыста пайда болып дамиды, олардың кейбір ережелері мен қорытындыларына арқа сүйейді. Сонымен бірге қайсыбір ойшылдардың көзқарастарын дүниежүзіндегі саяси ойлар дамуы тұрғысынан бағалап қана қоймай, осындай саяси көзқарастардың пайда болуына себепші болған, осы елде қалыптасқан ұлттық, тарихи жағдайлар позициясынан қарау керек.

Саяси ілімдерді немесе теорияларды зерттеуге ұсынылған методологиялық әдіс-тәсілдер олардың қоғамның тоқтаусыз дамуындағы рөлін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Саяси ой – саяси өмірдің пайда болуымен, саяси қатынастардың, институттардың қалыптасуымен дами бастайды. Осымен байланысты, саяси ойлардың тарихын оқып-білу қазіргі саяси мәселелерді түсінуді жеңілдететінін айтқанымыз жөн. Саяси ғылым тарихын қарастырғанда қоғамдық ой тарихының жалпы шеңберін белгілеуге, қайсыбір дәуірдің көрнекті ойшылдарының аса маңызды идеяларын бөліп көрсетуге және оның дамуының қайсыбір кезеңдеріндегі ерекшеліктерін атап өтуге тырысамыз.

## 1. Ежелгі дүниедегі саяси идеялар

Саяси ілімдер алғашқыда Ежелгі дүниеде пайда болды. Осы ілімдердің көптеген ой-желісі саяси ойдың бұдан кейінгі дамуына айтарлықтай ықпал етті. Идеялары одан кейінгі саяси ойға елеулі ықпал еткен ойшылдардың қатарына көне шығыс философтары – Зороастра, Лао-Цзы, Конфуций, Шан-Ян Мо-цзы, Махавира, Сиддхартха (Будда), Каутилья және ежелгі грекия философтары – Сократ, Демокрит, Платон, Аристотель, сондай-ақ ежелгі Рим философтары – Лукреций мен Цицерон жатады. Олар тек философ қана болып қоймады, сонымен қатар тереңнен ойлайтын саяси ойшылдар да еді.

**Шығыстың саяси ойы.** Ежелгі Шығыс қоғамы көптеген білім саласында ойшылдарға бай болды. Әсіресе саяси ой ерекше дамыды. Біз тек аса белгілі ойшылдар – Зороастра, Конфуций және Каутильяның көзқарастарына тоқталамыз. Олар әйгілі ғылыми шығармалар мен әлеуметтік-саяси ойларды туындатқан Шығыстың, жалпы бүкіл әлемнің ұлы ғалым-энциклопедистері болып табылады<sup>1</sup>. Олардың дүниеге келіп, қайтыс болғанынан бері мыңдаған жылдар өтті, бірақ адамзат бұрынғысынша осы ойшылдардың шығармаларынан даналықтың көзіне кенеліп, шабыт алуа.

Зороастра Парсының, Шығыстың ірі ойшыларының қатарына жатады. Ежелгі парсылардың ерте мифтік көзқарастарының жаңаруы Зороастраның есімімен байланысты, оның ілімі ежелгі дүниеге мейлінше кең тарап (Таяу Шығыс, Алдыңғы Азия, Үндістан, Грекия), христиан доктринасының қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Зороастраның көзге түскен уақыты б.д.д. IX–VII ғасырлар; б.д.д VII ғасырға таман зороастризм – саяси ойдағы ағым және ілім болып қалыптасқан еді.

Әлемде бір-біріне карама-қарсы тұрған екі бастаудың – жақсылық пен жамандықтың күресі Зороастраның философиялық-саяси ілімдерінің негізгі қағидасы болып табылады. Жақсылықтың бастауы жарық күндей Ормузда құдайының патшалық құруын бейнелейді, жамандықтың бастауы қараңғы түн сияқты Аримана құдайының патшалығын бейнелейді. Жақсылық пен жарық адамның жамандық пен қараңғыға бағытталған күресін, белсенді қызметін бейнелейді. Мұндай күрес болмыстың жағымды мәні мен мақсатынан тұрады. Жамандықтың уақытша салтанат құратынына карамастан Зороастра, түштеп келгенде, жеңіс жақсылық жағында болатынын айтты.

---

<sup>1</sup> *Әбсамтаров Р.Б.* Саяси ғылым тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. Алматы, 2005. № 4. 69 б.

Мемлекет, зороастризмге сәйкес, Ормузданың аспандағы патшалығының жердегі іске асуы болуы тиіс. Монарх-қызметші Ормузда қол астындағыларды жамандықтан қорғауы тиіс, мемлекеттегі жамандыққа қарсы күресіп, жақсылықты нығайтуы керек. Осындай монарх басқарған Парсы державасы, сайып келгенде, жамандықтың күшін бірте-бірте шектеп, жақсылықтың билігін кеңейтеді. Мұндай қоғамның сословияға бөлінуі өркімнің қайсыбір еңбек түрімен айналысуын еркін таңдауына негізделуі тиіс; жекелеген сословиелерді басқару өз ісінде аса жақсылықшыл адамдарға берілуі керек. Ормузданың қызметшілерін Зороастра өзара сүйіспеншілікке, кешірімпаздыққа және бейбітшілікке шақырады. Зороастризмде, сонымен бірге, дүниенің бітуі туралы, құтқарушының тууы жөнінде, о дүниедегі құрметтеу немесе жазалау және өлілердің тірілуі туралы эсхатологиялық идеялар да бар.

Сонымен бірге, Ежелгі дүниедегі бірден-бір ықпалды саяси ілім – конфуциандық болды<sup>1</sup>. Бұл Ежелгі Шығыстағы басты идеялық-саяси ағымдардың бірі еді. Оның негізін қалаушы біздің заманымызға дейін 551–479 жылдары Қытайда өмір сүрген Конфуций (Кун – фамилиясы, Цзы – ұстаз дегенді білдіреді).

Дана философ және этикалық ілімнің негізін қалаушы Конфуцийдің Қытай халқының өміріне жан-жақты әсер еткені ешбір талас тудырмайды «Алтын ереже» деген атаумен мәлім болған оның этикасындағы негізгі принциптердің бірінде былай делінген: «Егер басыма келмесін десең, өзіңе де жамандық жасамасын десең, өзгеге де соны жасама». Ал, Конфуцийдің айтқан нақыл сөздері мен даналық ой-пікірлерлері «Лунь-юй» (Сұхбат пен ой-пікірлер) атты кітапта жинақталған.

Конфуций Қытайдың түрлі патшалықтарында әртүрлі дәрежедегі қызметтер атқарса да, өзінің негізгі мақсатына жете алмады. Нәтижесінде ол шенеуніктік қызметтің қызығы мен рахатын көкейіндегі этикалық-саяси көзқарасы мен ойларын көпке жеткізуге асыққан мақсаттарға айырбастады. Ғұлама ойшылдың уағыздары, әсіресе, қызметкер шенеуніктер арасында кеңінен қолдауға ие болды. Оқу мен білімге құмар барша қауым оның шәкіртіне айналды. Аңыз бойынша олардың жалпы саны үш мыңның ар жақ, бер жағында болса, оның ішіндегі ұстазына ең жақын-ау дейтіндері 72 адам, ал онымен күні-түні бірге болған шәкірттерінің саны 12-ге жетсе керек-ті. Бұл адамдар түрлі патшалықтардан келген әр қилы жастағы өрі сан қилы қызмет иелері болатын-ды.

Таң династиясы кезеңінде (618–907 жж.) Конфуцийға «Бірінші өулие» атты құрметті атақ берілсе, Мин династиясы (1368–1644 жж.) оған «Ұлттың ұлы ұстазы» деген дәреже сыйлады.

<sup>1</sup> Қараңыз: *Переломов Л.С.* Конфуций: жизнь, учение, судьба. М., 1991.

Конфуцийді негізінен қоғамды қандай жолдармен жетілдіру мен мемлекетті қалай сәтті басқару мәселелері шамадан тыс толғандырғанын атап өткен жөн. Бір ғажабы, оның осынау күрделі мәселені қатаң тәртіп пен белгілі бір тәрбиелік ұстанымдардың көмегімен жүзеге асырмақ болған ниеті де және оған қоса шектен шыққан қызулыққа берілмей, көбіне-көп «тепе-тендік» және «ортаның принциптерін» місе тұтқаны да белгілі болып отыр. Түрлі ұсақ иеліктерге бөлініп, қырықпышак боп қыркысып жатқан Қытайдағы патшалықтардың басын бір орталыққа бағынған мемлекетке біріктіруді басты мақсатына айналдырған ол, сонымен бір мезгілде, халықтың тәлім-тәрбиелік күш-қуатын жоғарғы деңгейлерге көтеру мен оны кәдімгідей «бақытты» ету үшін бар күш-жігерін сарп етті.

Қытайдағы әлеуметтік тәртіптің негізі, Конфуцийдің ойынша, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылыққа, жердегі әділдікке сүйенуге тиіс болатын және мұндай қоғамда әркім өзінің құқығы мен мемлекет алдындағы міндеттерін терең сезінуі арқылы бұған дейін қағидаға айналған моральдік-этикалық принциптерді көзден таса қылмауы керек-ті. Оның пікіріне құлақ түрсек: патша – патша, бағынышты – бағынышты, әке – әке, ал, ұл – ұл болуы тиіс. Конфуцийдің ойынша, мемлекетті тек патшаның («Көктің ұлы») өзі бас болған саликалы азаматтар басқаруы тиіс. Әкімет басшысы, яғни «Көктің ұлы» – Көктің жердегі «өкілі». «Құдайлық негізі» бар патша арқылы аспан өз өмірін іске асырады. Әрине, Конфуций патшаның билігін шырақу биікке көтере білді. Ол тек қана Көктің жердегі өкілі міндетін атқарумен ғана қанағаттанып қоймай, адамдар әлемі мен Құдайлар, яғни рухтар әлемінің екі ортадағы дәнекері болуға тиіс-тін. Оны «Көктің ұлы» және «жердің әкесі» деп атады. Әулие бола отырып, император тек Көктің алдында ғана жауапты болуға тиіс. Өйткені ол тақ пен билікті тек осы Көктен алды. Билеуші әділ боп, өзінің қарамағындағылардың қамын ойлаған күнде Көк барша халыққа мейірімін төгеді; ал егер патша әділ болмаса елді аштық пен жұт және соғыс пен әлеуметтік бүліктер жайлап алады. Нақ осылай Көктегі Құдай жердегі билеушіні тәубесіне келтіреді.

Осыған байланысты императордың жеке басы мен іс-әрекеттеріне және бойындағы қасиеттеріне байланысты қайсыбір сұрақтар туындайды: ол қандай болуы керек және оның өзі кімді үлгі тұтпақ? Ал Конфуцийге жүгінсек, оның абстрактілі-утопиялық бейнесі «жан-жақты жетілген» әрі «адамгершілігі мол» адамды сомдайды. «Әбден жетілген адам» екі бірдей қасиетті – адамгершілік және бойдағы парызды арқа тұтқаны жөн.

Адамгершілік, Конфуцийдің пікірінше, қарапайымдылықпен, әділдікпен, сабырлықпен, жомарттықпен және адамдарға деген шексіз махаббатпен астасып жатыр. Адамгершілік парыз дегеніміз – адамгершілігі



жоғары адамның иығына өз еркімен артқан қияметі мол ауыр жүгі. «Әбден жетілген адам» адал және мінсіз, ақкөңіл де ақжарқын әрі өзінің сөйлеген сөзі мен істеген ісіне мығым, көзі қарақты болуы тиіс. Конфуцийдің пікірінше, мемлекет басышына тек «Әбден жетілген адам» лайық.

Конфуций ілімінде Ли жөніндегі тәрбиелік мәні орасан зор, тәлімгерлік-саяси нормаларға айрықша назар аударылады. Ли деген ұғымның аясы анағұрлым кең екендігін және оның «әдет-ғұрып», «салтанатты рәсім», оған қоса «этикет» пен «ар-ұятты» нақыштайтынын айтып өткен лазым. Ли ілімімен билеуші мен оның құзырындағылар, үлкендер мен кішілер және әкелер мен балалар арасындағы сияқты қарым-қатынастың үш типі мәңгі-бақи және өзгеріссіз өмір сүрген қоғамдағы адам мінез-құлқының қалыпты нормалар тәртібі белгіленді.

Конфуцийдің аса маңызды өсиеттерінің бірі — баланың өке-шешесіне деген махаббаты және алдымен әкесіне деген шексіз сүйіспеншілігі. Балалар тек қана ата-аналарының айтқандарымен жүргенді ғана қанағат тұтумен шектелмей, оларды жан-тәнімен сүйуге міндетті әрі олардың айтқандарын екі етпеуге тиіс. Егер адам өзінің ата-анасын сүймесе және өзінің ата-ана алдындағы борышын мойындамаса, ол — делкұлы, есерсоқ немесе есі дұрыс емес адам. Конфуцийдің бұл көзқарасын ХХІ ғасыр есігін ашып отырған ұрпақ өкілдері, оның ішінде тек қытайлық жастар ғана емес, барша әлем жастары, қазақтардың урбанизация тәлкегіне ұшыраған ұрпақ өкілдері де үнемі жалында ұстағаны абзал.

Ғұламаның тағы бір қыры оның халықты оқу мен білімге шақыруынан да байқалады. Ол, әсіресе, адамдардың өмірі мен мінез-құлқына, олардың салт-дәстүрлері мен өзара қарым-қатынастарына ерекше көңіл аударуға кенес береді. «Мені жұрт білмейді деп қынжылма, керісінше, өзім жұртты білмеймін деп қынжыл» — бұл да қытай ойшылының аузынан шыққан дуалы сөз.

Конфуцийдің грек ойшылы Сократтан анағұрлым биікте тұрғандығын да айтып өту қажет. Қытай ғұламасының өз шәкірттеріне бағыштаған сөздеріне қарағанда, шын мәніндегі білім түбегейлі ақиқатқа сүйенуі керек, ал нені білмейді екенсің, соны — білімсіздік деп ұққан жөн. Оның шәкірттеріне берген ақылының ішіндегі ең бір маңыздысы: «Көп тыңдай отырып, ақиқат пен күмәннің арасын ажырата білу шарт, ал қалғандары хақында байқап, анысын аңдып сөйлеген жөн, мұндай сөтте кінәрат тағу да азая түседі; көп сезіп, көп байқау арқылы мәселенің қауіпті тұсын артқа тастай білу керек, ал одан өзгесінде аяғынды аңдап басқаның лазым, мұндайда өкініштің жолы жіңішкере түседі; ал егер айтылған сөзге орай тағылар кінә мардымсыз болса және істеген ісінде қынжылып, бармақ тістерліктей дүние аз болса, айың оңынан туды дей бер».

Көрнекті саяси ойшыл Конфуцийдің көріпкелдігі мен адамдардың, тұтас халықтар мен династиялардың болашағына қатысты ой-пікірлерлерін де терең бағалай білгеніміз дұрыс. Оның басты демократиялық идеясы барша адамзаттың теңдігіне қатысты ойлардан туындайды. Халықтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастарды Конфуцийдің бүкіл қоғам мүддесіне орай екшеп, бағыттап отырғаны аян.

Әлеуметтік шырғаландар, өткір тап күрестері мен көршілес патшалықтар арасындағы өзара қырғи-қабақ соғыстарды үзілді-кесілді тоқтату жолындағы оның дүниедегі баяндылық пен бейбітшілікті үндеген ойлары да өзіне ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Соғыс, оның пікірінше, мемлекеттер арасындағы кикілжің-жанжалдарды ретке салудың бірден-бір жолы емес. Конфуцийдің соғыс пен бейбітшілікке қатысты терең мағыналы ойлары бүгінде де өз күшін жоя қойған жоқ. XXI ғасыр табалдырығын аттап отырған шағымызда оның бұл идеяларын әбден құлағымызға сіңіп, зәрезап болған кәдімгі «қарабайыр пафизм» деп бағаламау керек. Конфуций ілімінің әлемдегі ең бір көне мәдениеті бар Қытайдай алып елдің қоғамдық-саяси және рухани өміріне ғасырлар бойы тигізген өлшеусіз ықпалы турасында айтпай кетуге болмайды. Оған әрбір қытайлықтың бесіктен белі шықпай жатып-ақ оның тәрбиелік-этикалық өсиеттерінен нәр алатындығы куә болса керек-ті. Конфуций ілімінің Қытайдай ұлы елдің мемлекеттік идеологиясына айналғанына да екі мың жылдан асып бара жатыр.

Ал арнайы дін тұрғысында Конфуций ілімі бүгінде 300 миллионнан аса қытайлықтарға ресми дін болып табылады, ал Конфуцийдің өзі Құдаймен теңестіріліп, оның құрметіне сансыз ғибадатханалар салынды. Ғұламаның ілімін таратушылар өздерінің ұстазын көктегі Күнге, аспандағы Айға теңеп, оның ілімін тек «Көкке апарар» баспалдақтармен өрмелеу арқылы, яғни тер төгу арқылы ғана меңгеруге болатындығын үнемі тілге тиек етуде. Сонымен қатар, өзге дүниеде рахат кешуге үндеген басқа діндермен салыстырғанда Конфуцийдің діни ілімі нақ осы өмірдегі көрер қызықтарға жетелейтіндігін де ойдан шығармаған жөн.

Конфуцийлік әлеуметтік-саяси ілімнің негізгі қағидалары халықтың ой-арманымен және бақытты болашақты көксеген қиялдарымен терең ұштасып жатыр деуге толық қақымыз бар. Мемлекет – халықтың талап-тілегі мен мұқтаждығын іске асырар құрал. Халықтың шынайы сенімсіз мемлекет те болмақ емес. Ал, ондай сенімге тек адамдарға жасалынған қамқорлық арқылы ғана қол жетпек. Конфуций болса алдымен халықты ішкер аспен, киер киіммен қамтамасыз етіп, содан соң барып жоғары моральдық мақсаттарға шақыруды үндеген еді.

Әрине, ол өзінің идеяларын іс жүзіне асыру барысында айтарлықтай нәтижелерге жете де қойған жоқ. Мұның өзі әбден заңды да. Әйтсе де оның идеясы мен ілімінің ХХІ ғасырға аяқ басқан Қытай елінің саяси мәдениеті мен идеологиясының өзегі боп отырғандығын да естен шығармауға тиіспіз.

Шығыстың, әсіресе, Үндістанның әлеуметтік-саяси және философиялық идеяларын зерттеуде Каутильяның әйгілі «Артхашастра» (Саясат туралы ғылым) еңбегінің айтарлықтай маңызы зор. Каутилья біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген. Айта кететін бір нәрсе, Чанакья есімімен аты шыққан Каутильяның Маурья империясы заманында ірі саяси қайраткер болғандығы. Ертедегі үнді қоғамдық ойына арналған және Үндістандағы саяси ойға қазіргі ғылыми көзқарастарды барынша өзгерткен Каутильяның «Артхашастра» шығармасы тарихты зерттеудің тұтас ағымын тугызды. Джавахарлал Неру Каутильяны ежелгі үнді империясын құру мен дамытуда үлкен рөл атқарған ірі ойшыл-ғалым, Үндінің Никколо Макиавеллиі деп атады. Неру былай деп жазады: «Ақылымен де, ісімен де Макиавеллиді басып оза отырып, ол барлық қарым-қатынаста да айтарлықтай неғұрлым ірі тұлға болды...»<sup>1</sup>.

Патша Чандрагултаның бас кеңесшісі және министрі ретінде Каутилья мемлекетті нығайту мен ұлғайтуға, оның ішкі және сыртқы саясатын жүргізуге тікелей атсалысты. Каутилья Маурья империясын кенейтуді, патша өкіметін нығайтуды, мемлекеттік билік аппаратын құруды және т.б. практикалық іс-шаралар белгілеуді өзіне мақсат етті.

Артхашастра негіздерін немесе саясат туралы ғылымды Каутилья б.з.д. IV ғасырдың соңғы ширегінде жасаған еді. Каутилья «Артхашастрада» сол уақыттағы саяси өмірдің, соның ішінде патшаның міндеттері мен мінез-құлқы туралы, министрлерінің міндеттері мен рөлі, жау мемлекеттерді бақылаудың тәсілдері туралы, шаруашылықты басқару жөнінде, жерді бөлу, әртүрлі касталардың міндеттері, сыртқы саясатты жүзеге асырудың, соғысты жүргізудің, бітім жасаудың әдістері туралы және т.б. барлық мәселелерді қарастырады<sup>2</sup>.

Каутилья «Артхашастрада» қоғамдық өмірдің сипатын, тоқыраудың себептерін және халықтар өмірінің даму мәселесін көтерді. Оның халықтардың өмірі туралы, шаруашылықты дамыту жөніндегі барлық пайымдаулары өдеттегідей мемлекеттің сыртқы мүддесіне бағындырылды. Мемлекеттің ішкі ісі өзге елдермен қарым-қатынасқа бағындырылуы әлбетте сол тұстағы өзіндік жағдай талаптарынан туындаған еді. Өз елінің

<sup>1</sup> *Джавхарлал Неру*. Открытие Индии. М., 1955. С. 126.

<sup>2</sup> Қараңыз: *Артхашастра*, или *Наука политики*. М., 1993.

куатын күшейтуге тұрақты қамқорлық жасауды патшаның міндеті деп есептеді ол.

Каутилья ішкі саясат пен патша билігі аппаратын нығайту мәселелеріне көп көңіл аударды. Патшаның министрлері мен шенеуніктері халықпен қарым-қатынас жасайтындықтан, Каутилья мемлекеттік қызметке тағайындалатын лауазымды адамдарды таңдаудың аса маңыздылығын ескерді. Министрлердің немесе шенеуніктің қызметіне қайсыбір адамды тағайындамастан бұрын патша оны бірқатар сынаудан өткізуге міндетті. Тіптен патша министрлері мен шенеуніктердің күнделікті жұмысын тексеріп, бақылап отыруға да тиіс.

Мемлекеттің сыртқы және ішкі қиыншылықтарын және ауыртпалықтарын салыстыра келіп, Каутилья соның ішкісін аса қауіпті деп санайды. «Патша үшін басты қиыншылық, ауыртпалық болып ішкі немесе сыртқы бүлік есептелінеді, — дейді ол. — Сыртқы бүлікпен салыстырғанда ішкі бүлік аса қауіпті болып табылады...» Каутильяның мұндай пікірлері түсінікті еді. Ол халық наразылығы патшаны тақтан құлатады және күл иеленушілердің билігін жояды деп түсінді. Осымен байланысты Каутилья патша билігінің наразы адамдарға қарсы қолдануға қажетті шараларын жасауға және түсіндіруге зор көңіл аударды. Бұл мәселе Каутильяның мазасын алғаны соншалық, ол лауазымды адамдарды, азаматтарды және ауыл тұрғындарын аңдудың тәсілдері туралы мейлінше толық нұсқау дайындады. Патша өкіметіне дұшпандық танытқандарды қорқыту, садақа беру, арандату және адамдарды күпия өлтіруге жол берілуі тиіс. Патшаға қарсы шыққан адамдарға Каутилья кісен салуға, әйелдері мен балаларынан бөлуге, ең ауыр жұмысқа пайдалануға және т.б. шаралар қолдануға кеңес береді.

Осыған байланысты Каутильяның үстемдік етуші күл иеленушілер табына жатқандығын атап айтқан жөн. Сондықтан ол жоғарғы касталардың үстемдігін нығайтуда шешуші саясат жүргізді. Бұны ол дайындаған өртүрлі мемлекеттер мен халықтардың өзара қатынастарының ұстанымдары және төменгі топтарға қатысты үстемдік етуші топтардың саясатының негіздері дәлелдейді. Каутилья бұл мәселелерді өзінің әйгілі трактатының негізгі мәселелері етті.

Мемлекеттің сыртқы саясатын зерттеп, оның негізгі алты түрі болады деген қорытынды жасайды. Кепілдікпен нығайтылған елдер арасындағы келісімдерді ол бейбітшілік жағдай десе, мемлекеттердің тікелей қарулы әрекеттерін — соғыс, елдердің бір-біріне байыпсыздығын — бейтараптылық, болашақ соғысқа дайындықты — жорыққа дайындық, басқа мемлекеттің көмегін — одақ, ал жағдайға орай бейбітшілік пен соғысты қолдануды — екіұшты саясат деп атайды.

Каутильяның сыртқы саясаттың түрлерін топтастыруының мәні де болды, ол — билеушілеріне белгілі бір ұсыныстар жасап, жау әскерінің шабуылына төтеп беріп қана қоймай, жеңіске жетуде қандай саясатты іске асыру аса тиімді екенін жеткізуі еді. Артхашастра авторының пікірі бойынша, бұл ұсыныстарды былайша топтауға болады: әлсіз патша бейбітшілікке тырысуы тиіс, ал күшті патша соғыс жүргізуі керек; егер де ешқандай жау патшаға қатер төндірмесе әрі ол өзін күштімін деп сезінбесе, өзінің жауын талқандауы үшін бейтараптық сақтауы тиіс; егерде қажетті құралдарың болса, өз жауыңа қарсы жорыққа дайындал, басқаша жағдайда көмекті басқадан ізде; егерде мақсатқа жету үшін көмек керек болса, онда біреумен бітім жаса да басқаға қарсы соғыс жүргіз. Көріп отырғанымыздай, Каутилья патшаның кіммен шайқасатынына — жауымен немесе досымен соғысатынына қарамастан, негізгі күшті жаулаушылықты дайындауға бағыттайды.

Каутильяның пікірінше, күшті және әлсіз мемлекетердің өзара қатынастары — өзара көмек, қолдау мен теңдік негізінде емес, күшті мемлекетке қарсы шағын елдер тобының тұтқиылдан жасайтын шабуылына қарсы сенімді кепілдік алу үшін құрылуы қажет. Сондықтан шағын елдердің бірігуіне жол бермеу міндетін қояды, өйткені олар бірігетін болса, күшті қарсыласқа айналуы мүмкін.

Артхашастрада мынандай аса қызықты идеялар бар. Екі қуатты елдің арасында қалған патша өзін қалай ұстауы керек? Осы жағдайға байланысты Каутилья мынандай ақыл-кеңес береді: ең күшті патшаның бірінен қолдау іздеу керек немесе кімге арқа сүйеуге болатын болса, сонымен тең жағдайда бітім жасау қажет. Каутилья патшаны аса қуатты мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықты дер кезінде көруге, оны шебер пайдалана білуге және олардың арасына сына қаға білуге үйретеді. Сонымен қатар, кітапта небір тәсілқойлық пен ептіліктің тәсілдері тізіп көрсетілген, оларды екі қуатты мемлекет арасында өмір сүрген басқа мемлекет жүзеге асырғанда өзін сақтап қана қоймайды, сонымен бірге өз жағдайын нығайтады.

Тәжірибелі елші, шебер бақылаушы әрі саяси ойшыл ретінде Каутилья соғыстың бекерден бекер шықпайтынын, керісінше өкіметтің белгілі бір саясатынан туындайтынын жақсы түсінген. Ол соғыс барысында жеңіске жеткізетіннің бәрін есепке алу қажет деп санады: қарулы күштердің деңгейі, жаудың ұрымтал жақтары, ақылды стратегия құру және жаудың жіберген қателіктері, халықтың соғыста қарсы тұрарлық моральдық қабілеті, жау мемлекеттің халқы мен әскеріне іріткі салу мүмкіндігі.

Артхашастра авторының пікірі бойынша, соғысты өз елді қорғау және жауды талқандау үшін жүргізу қажет, мүмкіндігі болса, бейбіт өмір

сүруге басымырақ көңіл бөлу керек. «Бейбітшілік пен еңбек амандықтың негізі болып табылады», – деп үйретті Каутилья. «Еңбек деп біз қолға алған істі аяғына жеткізу үшін бар күш салуды айтамыз. Жұмыстың жемісін пайдаланып, аман-сау күн кешуді біз бейбітшілік дейміз (немесе бейбіт өмір молшылығы)». Каутилья соғыстан гөрі бейбітшілікке басымдық бергенімен, бейбітшіліктің құр өзін бағаламаған, ол алғышарттар мен жағдайлар мәжбүр еткен бейбітшілікті мойындаған. Оның пікірінше, ең бастысы тең немесе неғұрлым қуатты патшалармен бейбіт келісім жасаған дұрыс.

Сөйтіп, Шығыстың ұлы саяси ойшылы Каутилья және оның еңбегі «Архашастра» (Саясат туралы ғылым) – ежелгі Үндістандағы қоғамдық саяси қатынастарды түсіну үшін көп нәрсе беретін құнды әдеби-саяси ескерткіш болып табылады. Ол алғаш рет ежелгі үнділік саяси ілімдерде жекелеген патшалықтарды ірі мемлекетке біріктіру туралы, мемлекеттік биліктің нығаюы туралы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асырудың формалары мен жолдары туралы идеяларды дамытты.

Ежелгі Шығыс елдерінің даму ерекшеліктері саяси істердің сипатына елеулі ықпал еткендігін айта кету керек. Мұнда саяси идеялар өте ұзақ уақыт бойы философиялық ілімдерде, фольклорда, мифтер мен діндерде жасырынып келді. Оларды талдаудың дербес бағыт болып бөлінуі көптеген ғасырларға созылды. Ежелгі Шығыстағы қоғамдық-саяси ой мен мәдениет Ежелгі Грекия мен Римге де ықпал етті.

**Ежелгі Грекия мен Римдегі саяси идеялар.** Саяси өмірді теориялық зерттеудің негіздерін алғашқылардың бірі болып Сократ қалаған еді (б.д.д. 470–399 жж.). Ол жазба деректер қалдырған жоқ, бірақ Платон мен Ксенофонт жеткізген оның ауызша әңгімелерінде моральдық-саяси философияның ірге тасы қаланған еді, оның айтарлықтай бөлігі құқық туралы, саясат, мемлекет жөнінде пайымдауға арналған болатын<sup>1</sup>. Сократ саяси өмірді, оның көрінісіндегі бүкіл формаларын елестету, болжамдау және мифтер деңгейінде қарастырмай, белгілі бір категориялар жүйесінде таныған. Сократтың теориялық ойлары оның саяси ғылымдар үшін маңызы аса құнды қорытындылар жасауына мүмкіндік берді. Ол мемлекеттік (политтік) өмірдің негізін заң құрайды деген қорытындыға келді. Оның пікірінше, қоғамның тіршілік әрекетін қалыпты ұйымдастыру тек заңның негізінде ғана мүмкін болады. Сократ дұрыс мемлекеттік құрылыс үшін заңдардың бұлжымастығының қажеттігін мойындап қана қоймай, адамның заңға мойынсұнуын оның өмірлік іс-әрекетінің басты өлшемі деп санаған.

<sup>1</sup> Қараныз: *Зотов В.Д., Зотова Л.В.* История политических учений. М., 2010. С. 54–56.

Сократтың заңдылық пен әділеттілікті бір мағынада қолданған теориялық позициясы оған мемлекеттік құрылыс пен басқарудың әртүрлі формаларын топтастырумен сипаттау үшін қажет болды. Егер де билік халықтың еркіне және мемлекеттік заңдарға негізделсе, онда бұл патшалық болады деп ұйғарды. Егер де билік заңның ырықанда болмай, билеушінің жетегінде кетсе, бұл тиранияға соқтырады. Сократ тиранияны заңсыздық, бассыздық және зорлық-зомбылық режимі ретінде ұнатпады. Байлықтың билігін Сократ плутократия деп атады және т.б.

Сократ мемлекетті басқару мәселесі бойынша да қызықты ойлар айтты. Оның пікірінше, басқару қызметін табысты атқаруға тек кәсіби мамандар ғана қабілетті, арнайы дайындығы бар адамдар ғана жарамды. Ол лауазымды адамдарды жеребе негізінде тағайындау тәртібіне, яғни үміткерлердің кәсіби дайындығы және басқа да сапаларын есепке алмай тағайындай салу тәжірибесіне қолдау білдірмеді. Басқарушының жетік білмеуі ол үшін мемлекеттің құруының синонимі еді, тирандық басқару режиміне көшу еді.

Сократ мемлекет заңдармен басқарылатын жақсы мемлекет ретінде аристократиялық Спарта мен Критті есептеген, оның отаны Афина соларға ұқсауы тиіс болды. Оның өмірі мен саяси ілімдері замандастары мен шәкірттеріне үлкен әсер етіп қана қоймай, одан кейінгі бүкіл философиялық-саяси ой тарихына айтарлықтай ықпал жасады.

Ежелгі Грекияның саяси ойын Платон (б.д.д. 427–347 ж.ж.) сапалы жаңа деңгейге көтерді. Ол Сократтың дана ізбасарларының бірі болып қана қоймай, сонымен бірге ұлы ойшыл да болды. Сократтың ықпалы Платонның ертеректе жазған еңбектерінен айырықша көрінді. Бұдан кейін оның көзқарастары эволюциялық өзгерістерге түсті. Платон ілімінің қысқаша түрдегі мәні оның шынайы болмыс ретінде қоршаған ортаны қарастыруы немесе алуан түрлі формада көрінетін саяси өмір емес, немесе небір идеалды конструкциялар, ақыл жететін идеялар әлеміне саяды.

Платон 30-дан астам философиялық диалогтардың авторы. Платонның саяси көзқарастары оның «Мемлекет», «Саясат», «Заңдар» және басқа да еңбектерінде баяндалған. Платон саяси ғылымның «атасы» деп есептеледі. Өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, ойшылдың пікірінше, адамдар бірлескен елді мекен – мемлекетті (қоғамды) қажетсінеді. Мемлекет, (Платонның пікірі бойынша, «мемлекет» және «қоғам» ұғымдары бір мағынада айтылған) табиғи әлеуметтік қажеттіліктердің нәтижесінде пайда болады. Ол тәртіпке қолдау көрсету үшін, адамдарды сыртқы жаулардан қорғау үшін қажет. Мемлекет бақытты болуы үшін оның жеке бір бөлігінің немесе ондағы әлдекімдердің ғана бақытты болуы тиіс емес, – деп жазды Платон «Мемлекет» атты еңбегінде, – ол үшін ол толығымен бақытты болуы тиіс.

Барлық азаматтар, Платонның пікірінше (оларды ол даналар), күзетшілер және қолөнершілер мен шаруалар деп үш топқа бөлген) мемлекетті қолдауы тиіс. Мемлекеттегі басқару ісін даналар, іске асыруы керек. «Әзірге мемлекеттерге философтар патшалық құрмайынша, — деп жазды ойшыл, — ...мемлекет жамандықтан құтыла алмайды»<sup>1</sup>.

Платон мемлекеттік биліктің формаларына сипаттама берді. Ол мұндай биліктің дұрыс формалары монархия мен аристократия деп ұйғарды, ал бұрмаланған формаларына — тимократияны, олигархияны, демократияны және тиранияны жатқызды.

Платон қазіргі уақытқа дейін өзінің құндылығын жоймаған көптеген идеялар айтты. Бұның ең алдымен, құқықтық мемлекет идеясына қатысы бар. Өзінің негізгі шығармаларының бірі «Зандарда»: «Мен заңдардың күші жоқтығын және қайсыбіреудің билігінде болған мемлекеттің жақын арада күйрейдінін көріп тұрмын. Онда, заңның үкіметтерге үстемдік ететін жерінде, ал олар оның құлы болған жерде, мен мемлекетті және мемлекеттерге тек Құдайлар ғана сыйға тарта алатын бүкіл игіліктерді құтқаруды дұрыс көремін», — дейді<sup>2</sup>.

Платонның ойынша, билеушілер емес, заңдар үстемдік еткен мемлекет қана кемелділікке таяу мемлекет. Бірінші жағдайда, яғни билеушілер заңнан жоғары тұрған жағдайда басқару тирандық сипат алады. Тирания басқарудың ең нашар формасы ретінде, ауыздықталмаған демократияның арқасында қалыптасып, халық билігінен тобырдың билігіне айналады да, заңмен бекітілген өз жолындағы бүкіл шектеулерді жояды. Шектен асқан бостандық өз кезегінде шектен асқан құлдыққа айналады. Тиран, Платонның пікірінше, халықтың мүдделерін білдіруші және қорғаушы түрінде билікке қол жеткізеді. Мұндай халық мүддесін «қорғаушы», — деп жазды Платон өзінің «Мемлекет» деген еңбегінде, — алғашқы кезде «кіммен кездесе де күлімсірейді және бәрін құшағына алады, өзін тиранмын деп айтпайды, баршаға көптеген уәделер береді, халыққа және өзіне жақындарға жерді көптеп таратады және бөріне қатысты қайырымды және момын болып қылымсиды». Бұдан кейінгі уақытта ол түсін құбылтуды былай ысырып, өзінің жеке билігіне, зорлық-зомбылығына негізделген диктаторлық басқару орнатады.

Платон идеалды мемлекеттік құрылыс идеясын ұсынып, негіздеді. Оның пікірінше, мұндай мемлекетті дарынды, жақсы дайындығы бар, жоғарғы өнегелі адамдар басқаруы тиіс. Платонның мемлекет туралы ілімінің негізгі пафосы адамдарға қайсыбір деңгейде өзінің идеалды

<sup>1</sup> Платон. Соч. Т. 3. Ч. 1. М., 1971-1972. С. 275.

<sup>2</sup> Бұл да сонда. С. 188-189.



мемлекет моделіне сәйкес келетін мемлекетті қалыптастыру қажеттілігіне сендіру еді. Бұл адамдардың көпшілігінің мүдделеріне сай келді, жақсы өмір сүру мен жан-жақты дамуы үшін оларға қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Платон мұндай мемлекетті жер бетіндегі ең жақсы мемлекет деп санады.

Платон осылармен қатар мемлекеттің күші оның заңдарының күшінде деп есептеді. Ол сол қоғамдағы адамдардың көпшілігінің мүддесін білдіретін заңда қатардағы азаматтардан бастап билеушілерге дейін бағынуының тиістілігін атап көрсетті.

Платонның төңірегіне талантты шәкірттер шоғыры жиналды. Саяси ой тарихында Платонға тең келетін оның шәкірті, ізін қуушысы әрі сынаушысы Аристотель (б.д.д. 384–322) болды. Саяси ойды зерттеушілер Аристотельді саяси ғылымды пән ретінде негіздеуші деп санайды. Бұған жеткілікті негіздер де бар. Аристотельдің саяси ілімдерін түсінуде оның «Саясат», «Афиналық полиция», «Этика», «Риторика» атты еңбектері аса қызығушылық тудырады. Көп жағынан ұстазының жолын қуғанымен, ол өзінің саяси ілімін жасады. Платонға қарағанда оның шәкірті Аристотель интуицияға емес, бақылауға арқа сүйеген антикалық бағыттың іргесін қалаушы болып шықты.

Аристотельдің пікірінше, адам туғанынан саяси жәндік, қоғамдық тіршілік иесі болып табылады, ал мемлекет қоғамдық өмірдің жоғарғы және бәрін қамтитын формасы болып саналады. Мемлекеттің өзінің шығуының табиғи себептері бар. Ол еркін азаматтардың одағы болып табылады және өртүрлі элементтерден тұратын, алуан түрлі функцияларды атқаратын күрделі түзілім. Мемлекеттің басты мақсаты – азаматтарды өнегелі ізгілікке тәрбиелеу және олардың бақытты өмірін қамтамасыз ету. Аристотельдің пікірі бойынша, сол мемлекетті басқаруға, заң шығаруға және сот қызметтеріне қатыса алатын және әскери қызмет атқаратын, абыздық функцияларды орындайтын адамдар ғана азаматтар болады. Құлдар азаматтарға жатпайды. Жас кезінде азаматтар әскер функциясын, ал қартайғанда саяси функцияны орындауы тиіс. Қоғамның ең пайдалы жігіне ойшыл егіншілерді жатқызды, өйткені олар өздерінің еңбектерінің ерекшелігіне және үлкен аумаққа орналасуына орай, мемлекетті басқару ісіне қатысуға онша әуес емес.

Мемлекетті басқарумен, Аристотельдің пікірінше, орта жіктер айналысуы тиіс. Бұл жіктер кедейлер мен байлардың жіктелісін бейтараптандырады, қоғамдық өмірдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өзінің басты саясаттанушылық «Саясат» деген еңбегінде ойшыл: «екі шектен шығудан халықтың құрамында орта жіктер басым болған жерде немесе олардың бірінен басым болғанда ғана мемлекеттік құрылыс тұрақтылыққа жете алады», – дейді.

Аристотель саяси биліктің мәнін индивидтердің еркіндігі мен теңдігі принциптерінен шығарып түсіндірді. Оның пікірінше, үстемдік ету мен бағынудың жүзеге асуы саяси биліктің негізгі белгісі болып табылады.

Аристотель мемлекеттік басқару формаларын жүйелеп, сипаттама берді. Ол басқару формаларын дұрыс және бұрыс деп бөлді. Дұрысына, оның пікірінше, нормалармен реттелген және шектелген кез келген басқару формасы жатады, ал бұрысына – реттелмегені жатады. Басқарудың дұрыс формасына ол бәрінің игілігі үшін бір адамның басқаруын – монархияны, бәрінің игілігі үшін аз ғана жақсылардың – аристократияның басқаруын, ортақ игілік үшін көпшілік жақсылар (кедейлер мен байлардың жақсы өкілдерінен) басқаратын – полицияны жатқызады, ал бұрысына – өзінің мүддесі үшін шексіз басқаруды тиранияны, өз игілігі үшін аз ғана байлардың басқаруы – олигархияны, өздерінің мүдделері үшін кедей көпшіліктің шексіз басқаруы – демократияны жатқызады. Барлық басқару формаларының ішінде ойшыл тиранияны ең нашары, полицияны – ең жақсысы деп санаған<sup>1</sup>, өйткені соңғысы кедейлер мен байлардың татулығына және заңның билеушілерден жоғары болуына негізделген. Мемлекеттілік мәселесін Аристотель іс жүзінде саясат тұрғысына дейін көтеріп қойды.

Аристотель жеке меншіктің, әсіресе ауыл шаруашылығындағы жеке меншіктің табанды түрдегі қорғаушысы болды. Ол географиялық фактордың қоғамның саяси өміріне ықпалы туралы ойды да айтқан ойшыл.

Антикалық дүниенің саяси ойы ежелгі Грекиямен шектеліп қалмайды. Ежелгі Римнің де саяси ойы айтарлықтай жетістіктермен сипатталды. Саясаттың бірегей идеялары дамыған Рим ойшылдары шығармаларының арасында Тит Лукреций Кардың (б.д.д 99–55) «Заттардың табиғаты туралы» поэмасы ерекше көзге түседі. Ол құлиеленушілік демократияның идеологы болды. Ежелгі Грекия ойшылы Демокриттың көзқарастарын жақтай отырып, Кар мемлекеттің пайда болуын тарихи процесс ретінде дәлелдеді, құлдықтың өткінші сипаты туралы да айтты.

Ежелгі Римнің аса көрнекті саяси ойшылы және мемлекеттік қайраткері Марк Тулий Цицерон (б.д.д 106–43) болды. Ол өзінің артына үлкен интеллектуалдық мұралар қалдырды. Алайда оның саяси ойлары «Мемлекет туралы», «Заңдар туралы», «Республика туралы» және басқа да еңбектерінде мейлінше толық және жүйеге келтірілген түрде баяндалды. Цицерон білімді адам болғандықтан Платонның, Аристотельдің және Ежелгі Грекияның басқа да ойшылдарының саяси ілімдерімен өте жақсы таныс болды. Олардың көптеген идеяларын қабылдап, оларды Ежелгі Римнің саяси болмысына бейімдеді.

<sup>1</sup> Аристотель. Соч. В 4-х т. Т. 4. М., 1976-1983. С. 484, 508.

Мемлекетті Цицерон ортақ іс, бүкіл халықтың жалпы жағдайы ретінде түсінді. Платон мен Аристотель сияқты Цицерон да мемлекетті адамдардың игілігі үшін жасалады және адамдардың бірге өмір сүру қажеттілігінен пайда болады деп ұғынды. Цицерон мемлекеттің негізгі міндетін жекелеген адамдардың арасындағы, сондай-ақ қоғамның әртүрлі жіктерінің арасындағы қатынастарды үйлестіруден көрді. Мұндай жағдайда адамдардың әртүрлі қажеттіліктері барынша толығырақ қанағаттандырылатын болады деп білді.

Ол Платон мен Аристотель сияқты мемлекетті басқару формасын анықтауда мемлекеттің еркін мүшелерінің ортақ мүддесін көрсетумен қатар, олардың қолданыстағы заңдар шеңберінде өзара әрекеттерін үйлестіруін мемлекеттің міндетті белгісі санады.

Цицерон ежелгі Грекия ойшылдары Платон мен Аристотель сияқты, мемлекеттік басқарудың «таза» формаларының бір жақтылығын атап көрсетті. Ол үшін тирания түріндегі, байлар мен танымал адамдардың немесе тобырдың сұркия топтарының түріндегі ел билеу де бірдей тиімсіз болды. Белгілі болған басқару формаларының аса жақсы вариантына, ойшыл, сол формалардың жақсы сапаларының жиынтығынан тұратын белгілі басқару формаларының аралас вариантын жатқызады. Басқарудың аралас формасы тұрақты. Цицерон «Мемлекет туралы» деген еңбегінде оның тұрақтылығына магистрлердің билігі жеткілікті болу үшін, кенесте алдыңғы қатарлы адамдардың ықпалы жеткілікті болу үшін және халықтың жеткілікті еркіндігі «құқық пен құзырларды тең бөлуді» жүзеге асыру үшін кепілдік береді. Қазіргі тілмен айтқанда Цицеронның теориялық ізденісінде де құқықтық мемлекеттің маңызды принциптерінің бірі — билікті бөлу теориясының бейнесі берілген.

Осымен байланысты Цицеронның сіңірген еңбегі оның басқарушылар мен басқарылушылардың өзара қатынас-қатынасының құқықтық принциптерін қалағандығында еді: «заңның ықпалына тек кейбір, таңдаулы азаматтар ғана емес, бәрі түсуі тиіс». Осылайша ол құқықтық мемлекет теориясы негіздерін қалады.

Цицерон әділетті заңдар мәселесін көтеріп, өзінше шешеді, оның пікірінше әділеттілік кез келген заң шығармашылығының әлеуметтік-ізгіліктік негізі ретінде көрінуі тиіс. Ол әділ заңдардың әлеуметтік маңыздылығын жан-жақты ашып, «кемістігін түзетуі» тиіс, сонымен қатар «ерлікке сілтеп, соны оятуы» қажет. Сондай-ақ әділ заңдардан, — деп атап көрсетті Цицерон, — «өмір ережелерін шығару керек». Бұл бүгінгі таңда да өзектілігін жоймаған пікір.

Ежелгі Рим ойшылының айтарлықтай сіңірген еңбегі халықаралық қатынастарда келісімдер жасаудың қажеттілігі мен оларды міндетті түрде

бүзбай орындау принципін негіздеуінде еді. Ол халықаралық құқық теориясының негіздерін қалады. Цицерон өз мемлекетінің жаулап алушылығына, дүниежүзіне үстемдік етсем деген ұмтылысына қарсы болмаста да, гуманист ретінде тұтқындар мен жеңілгендерге адамша қарауды қолдады. Цицеронның саяси ілімдері қайта өрлеу дәуіріндегі және одан кейінгі замандардағы ойшылдарға үлкен ықпал етті.

Ежелгі Римде юриспруденцияның жасалуы саяси және құқықтық ойлардың айтарлықтай жетістігі болғандығын көрсетсе керек. Рим ойшылдары, заңгерлері (б.з. I—III ғғ.) саяси ілімдермен тығыз байланысқан құқықтың жалпы теориясы саласында және жекелеген құқық салаларында заң мәселелерінің ауқымды кешенін мұқият дайындады.

Сайып келгенде, ежелгі дүниедегі саяси идеялар жалпы әлеуметтік-саяси ілімдерде маңызды орындардың бірін иемденген. Көрнекті ойшылдар адамзат өркениеті өмір сүруінің алғашқы кезінде-ақ мемлекеттің мәні мен мәнісін ойлаған, оны қоғам дамуының басты құралы ретінде көрген. Ежелгі дүниенің алдыңғы қатарлы ақылдыларының саяси көзқарастары бүгінгі күнге дейін құнды. Оларға біздің замандастарымыз саяси теорияларды жасағанда, қазіргі саяси жағдайға талдау жасағанда жүгінеді.

Ежелгі дүние ойшылдарының теориялық идеялары одан кейінгі орта ғасыр мен Қайта Өрлеу дәуірінің саяси ойларының дамуына негіз болды.

## **2. Орта ғасырлар мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар**

Орта ғасырлар (б.д. IV—XV ғғ.) адамзат тарихында ежелгі дүниемен салыстырғанда қоғамдық ойдың, әсіресе прогрессивті ойдың тоқырауымен сипатталады. Бұл саяси ілімдерге қатысты да айтылған. Орта ғасырлар үшін діни-этикалық формада анық көрініс тапқан, саяси мәселелерге теологиялық тұрғыдан келу негізгі белгісі болып табылатын саяси ойлардың ерекшелікті типі тән. Саяси ойлаудың орта ғасырлық типі феодализмнің пайда болып дамуының барлық кезеңінде үстемдік етті.

Саяси ойлардың айтарлықтай дамуы ортағасырлық Шығыс ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты. Оның аса көрнекті өкілдері болып әл-Кинди, Бируни, әл-Фараби, Ибн-Сина, Омар Хайям, Ганджеви Низами, Әлішер Науаи және басқалары саналды. Енді осылардың кейбіреулерінің ғана саяси көзқарастарын қарастырамыз.

Кіндік Азияда, Шығыста, Еуропада ғылымның, философиялық және әлеуметтік-саяси ойдың дамуында үлкен рөл атқарған Сырдариядағы (Қазақстан) Фараб қаласында туған ұлы ғалым Әбунасыр Мұхаммед әл-Фараби (870—950) болды. Оның саяси көзқарастарына «Қазақстандағы саяси ойлар» деген параграфта жеке тоқталамыз.

Әзірбайжандық прогрессивті қоғамдық-саяси және философиялық ойдың көрнекті өкілі ойшыл Ганджеви Низами (1141–1203) болды, ол феодалдық аксүйектердің зорлық-зомбылығына қарсы шығып, езілген халық бұқарасына жанашырлығын танытты. Оның негізгі шығармасы — «Хәмсә» («Бес қазына») бес поэмадан тұрады. Олар: «Күпиялар қазынасы», «Хорстар және Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті сұлу» және «Ескендір-наме».

Низами шығармашылығы өзінің түп тамырымен әзірбайжан халқының қоғамдық-саяси өмірінің тереңіне кетеді, халық даналығынан, ертегілерінен, фольклорынан нәр алып, еңбекші бұқараның мүддесін білдірді. Низами грек, араб және үнді философиясының білгірі болды. Плиния мен Птолемейдің туындыларын келтіруі, сонымен қатар Авестамен таныс болуы оның оқымыстылығын дәлелдейді. Ол «Ескендір-наме» поэмасын дайындауда христиан, еврей және пехлевия деректерін қолданғандығын айтты.

Низамидың жоғары көркем поэмалары терең әлеуметтік-саяси мазмұнға толы. Көркем шығармашылықтың құндылығын ол түптеп келгенде оның мазмұнының маңыздылығынан, адамзат прогресіне қызмет етуінен, бишаралық халге түскендердің бақыт үшін күресінен және т.б. сол сияқтылардан көрді. Оның сенімі бойынша, поэзия адамдарды дүние мен өмірге дұрыс көзқарасқа үйретуі тиіс, жоғары сезімді тәрбиелеп, ерлікке дем беруі керек, жарқын болашаққа, бақытты өмірге жол көрсетуі қажет. Өзінің қоғамдық-саяси көзқарастары мен идеалдарын Низами шахтарға тікелей «Өсиет» формасында білдірді, елдегі етек алған зорлық-зомбылықты, бассыздықты және қанауды өшкерелеу түрінде, идеалды қоғам-утопияны бейнелеу арқылы да көрсетті.

Низами шындықты танудағы адами ақыл-парасаттың рөлін жоғары бағалады. Адамның ақылы оны қоршаған құбылыстарды тануға қабілетті деп санады. Өзінің мінез-құлқында адам — адамды жануарлардан ерекшелендіретін ақылды басшылыққа алуы керек, — деп атап айтты Низами. Теорияда және практикада ақылдың жарқындығы сенімді жол көрсеткіш қызметін атқарады. Ақыл-өнеге — адамгершілік негізі. Ол адамның табиғатқа үстемдігін орнатқызатын қоғамдық-шындықты танудың көзі ғана емес, сонымен қатар ақыл қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында үстемдік етуі тиіс және адамдарды шын жолға бағыттауы керек. «Тек дүние істеріне ақылмен қарайтын адам ғана дүниеде басын жоғары қоя алады» («Ескендір-наме»). Осыдан шыға отырып, ол ғылым адамдарының, даналардың қоғамда көрнекті орын алуын, ел билеушілерінің кеңесшілері болуын және мемлекетті, қоғамды басқаруға қатынасуын талап етті.

Низами әділеттілік идеясын қоғамның ең мықты негізі деп санады. Оның пікірінше, адамдардың арасындағы қатынастарда әділеттілік орнаған

қоғамдық және мемлекеттік құрылыс қана берік және ұзаққа барады. Өзінің шығармашылығының ерте кезеңінде Низами халықты «білімді» және «әділ» билеуші басқарса бақытқа жеткізеді десе, кейін ол кез келген монархтың халықты езетіндігі жөніндегі ойға келді. Өзінің соңғы поэмасы «Ескендір-намеде» ойшыл еркіндік пен әділеттілік салтанат құрған, барлық адамдар мүліктік және саяси қатынастарда тең, еңбекшілдігімен және өдет-ғұрыптарының тазалығымен ерекшеленетін, өтірікті, қызғаншақтықты, өштесуді, қастықты білмейтін, соғыс жүргізбейтін, қан төккізбейтін алыстағы Солтүстікте қалыптасқан идеалды қоғам жөнінде армандады.

Феодалдық билеушілердің деспотизміне және сословиелік теңсіздікке қарсы шығып Низами шахтарды халықтың «азаптаушысы» деп атады. Ойшыл халықты өз құқын қорғауға шақырады, «лайықсыздарға берілмеуге», қанау мен зорлық-зомбылыққа қарсы күресуге үндейді. «Бұл шатырда аяғына кісен салып неге жүрсің сен? – деп жазды ол. Өзіннің алқымынды осы арқаннан босат» («Хорстар және Шырын»).

Низами әділ сотты елде әділеттіліктің үстем болуының маңызды алғы шарты деп санады. Ол падишахқа, патшалар мен билеушілерге елді жақсы басқару үшін және әділ, шыншыл, бұра тартпайтын сот үшін патшалық құру тапсырылғанын қадап айтты. Үкімдер ешкімнің жоғары жағдайына, байланысы мен байлығына қарамай жасалуы керек.

Сол кездегі үстемдік еткен идеяларға құрметпен қарай отырып, Низами кейде тағдырға бой ұсыну жөнінде де айтты: бәрі де құдайдың ырқымен болатындықтан, адам тағдырына түскеннің бәріне көңіштікпен шыдау керек. Алайда ол халық бұқарасына сол құрылысқа бағынуды сендіруді және оны қанау мен езуге көнуге үйретуді мақсат еткен үстемдік етуші мұсылман діні үйреткен фатализмді жеңе бастады. Низами халықты өз құқын ерлікпен қорғап қалуға, тирандармен, қанаушылармен және жәбірлеушілермен күрес жүргізуге, отанын сүюге шақырды. Отаны мен халқына ыстық ықласпен берілуді Низами бүкіл халықтардың бейбіт ынтымақтастығы идеясымен ұштастырады. Әр халық үшін еркіндік пен тәуелсіздікті талап етіп, ол «Ескендір-наме» поэмасында бөтен елді басқан жаулаушының аяғы бұл елде ұзақ тұра алмайтын жыртқыш анның аяғы – деп жазды.

Низами барлық адамдарды ұлысына және дініне қарамастан тең деп есептеді. «Ескендір-наменің» («Игбал-наменің») екінші бөлімінде негрдің қара терісіне көңіл аудармау керектігі, оның терісі қара болғандығымен жүрегінің таза екендігі айтылады. Низами шығармаларында жағымды кейіпкерлер болып әр түрлі ұлыстардың адамдары: әзірбайжан қызы Нұшаба, парсы Бахрам, грек Александр Македонский, славяндық патша қызы Насринуш, египет қызы Мария және т.б. бейнеленеді. Низамидың

шығармалары өз дәуірінің энциклопедиясы іспетті болды. Онда өлеуметтік-саяси материалмен қатар философия мен жаратылыстанудан, психология мен педагогикадан, тарих пен филологиядан, этика мен эстетикадан, экономика мен діннен ауқымды материалдар берілді. Оның шығармашылығы одан кейін де Шығыс пен Батыстың алдыңғы қатарлы өлеуметтік-саяси ойының дамуына үлкен ықпал жасады.

Орта Азия мен Шығыстағы қоғамдық-саяси ойдың дамуында өзбектің көрнекті ақыны өрі ойшылы Өлішер Науаидың (1441–1501) шығармашылығы зор прогрессивтік рөл атқарады. Науаи тарихпен, философиямен, кескіндемемен, сәулетпен, музыкамен айналысты, мәдениет қайраткерлеріне қамқорлық жасады.

Науаидың шығармашылығы Мауереннахр мен Алдыңғы Шығыстың көп ғасырлық мәдениеті мен қоғамдық-саяси идеяларын сіңірді. Ол «Шардиван» (Төрт лирикалық жинақ), «Хәмсә» (Бес поэма), «Махбуб әл клуб» (Ғашық жүректер), «Мухакамат әл лугатайн» (Екі тілдің салмағы) және басқа да қызықты шығармалар жазды, олар орта азиялық және дүниежүзілік мәдениет, сонымен қатар қоғамдық-саяси ой қазынасына қосылған құнды үлес болды.

Науаидың дүниетанымының негізінде пантеизм жатты. Ол табиғатты құндылықтар қазынасы ретінде қарастырып, оны зерттеу адамды бақытты етеді деп түсінді. Дүниеде адамнан қымбат еш нәрсе жоқ, оған бәрі қызмет етуі тиіс – Науаидың өлеуметтік-саяси тезисінің бастауы осындай. Ол жердегі өмірді жақсы құруға шақырды, табиғатты аялауға үйретті. Науаи табиғатқа деген сүйіспеншілік құдайға деген сүйіспеншілікті тудырады деп атап көрсетті. Сонымен бірге пантеизмге құрмет көрсете отырып, ол құдай табиғаттан көрінеді деп сендірді.

Науаи жатып ішерлерді, арам тамақтарды, халықты қанаған мұсылман дін басыларының надан өкілдерін маскаралады. Ойшыл елді бөлшектеуге, өзара тартыстарға түбегейлі қарсы болды; ол басында «Әділ патшасы» бар біріккен ірі мемлекет құруды қолдады.

Өзінің шығармаларында, атап айтқанда, «Фархад пен Шырын» поэмасында, ойшыл әділеттілікті, ақылдылықты және адамгершілікті жырлады. Ол әділетсіздік пен тиранияны, өтірік пен екі жүзділікті сынады. «Кімде кім дәлдікті білмесе – деп үйретті ол, – ұятты да білмейді». «Тілің шындықты айта алатын болса, оны алдаудың кірімен былғама». XV ғасыр жағдайында Науаи реакция күштеріне қарсы күрес жүргізді, зайырлы білім, ағартушылық үшін күресіп бақты.

Өзінің өлеуметтік-саяси көзқарастары бойынша Науаи «ағартушы» монархия идеясынан асып кете алмады және «ең жақсы ел билеушілерін» халықтың игілігіне қамқорлық жасауға шақырды. Науаи халықтар арасын-

дағы достықты жақтаушы болды. Оның шығармаларының кейіпкерлері тек өзбек қана емес, сонымен бірге тәжік, қытай, үнді, парсы және басқа да халықтардың бетке ұстар өкілдері болды.

Өзбек ойшылы еңбекке деген сүйіспеншілікті, отанға деген патриоттық махаббатты, адамға деген сүйіспеншілікті үлкен жігермен жырлады. «Егер адам халыққа қамқорлық жасамаса, — деп жазды ол, — ондай адамды адам деуге болмайды». «Адамдар арасында ең жақсы адам — халқына көп пайда келтірген адам» — деп сендірді Науаи. Оның пікірінше, адамның адамгершілігі халқына сүйіспеншілік деңгейімен анықталуы тиіс. Науаи осы принцип рухында адамдарды тәрбиелеу жолымен жақсы қоғам құруға болады деп есептеді.

Науаидың әлеуметтік-саяси көзқарастары тарихи шектеулілігіне қарамастан, оның феодалдық құрылыстың аса реакциялық жақтарына қарсы шығуы, ізгілік пен еркін ойлауды жақтауы оны орта ғасырлық Шығыстың көрнекті ойшылы және мәдениет қайраткері ретінде сипаттайды. Реакциялық феодалдық аксүйектер Науаидың алдыңғы қатарлы идеяларына қарсы ұйымдасқан күрес жүргізді, ойшылды қудалады, оның өміріне қастандық жасауды ұйымдастырды.

Орта ғасырлық Шығыстағы саяси ойдың тарихи дамуы тек Шығыстың ғана емес, Еуропаның, жалпы бүкіл адамзаттың әлеуметтік-саяси іліміне қосылған үлкен үлес болды. Еуропаның орта ғасырлық саяси ойының өзіндік ерекшелігіне, ең алдымен, батыстың саяси ойына негізінен христиан діні мен Рим шіркеуінің күшті ықпалы себепші болды. Сол тұстағы саяси ойдың орталық мәселелерінің бірі қандай билік басым болуы керек — рухани-діни (шіркеу) немесе зайырлық па (мемлекет), деген мәселе болды. Шіркеудің саяси талаптарын негіздей келіп, оның идеологтары билеушілердің қуаттылығы шіркеуден шығады, ал шіркеу өзіне беделді тікелей Христандан алады деп сендірді. Осыдан христиандық ел билеушілерінің сөзсіз міндеті — христиан шіркеу басына бағынатындығы болып шығады.

Христиандық саяси теорияны жасаушылардың бірі епископ Иппонийский Аврелий (Блаженный) Августин (354–430) болды, оның ілімі католицизмнің негізін қалады. Оның саяси көзқарастары «Құдайдың мемлекеті туралы», немесе «Құдайшыл қоғам туралы», «Еркін ерік туралы» атты еңбектерінде және басқа да шығармаларында баяндалған. Августиннің пікірінше, құдай дүниені жаратып қана қойған жоқ, бірақ оны тұрақты түрде жасайды. Дүниедегі бардың бәрінің шығуы құдайдан басталады, сондықтан оны сол қалпында қабылдау керек. Оның пікірінше, құлдық пен кедейшілік қажетті құбылыстар. Құлдар мен кедейлер осы қажеттілікті дұрыс түсіну керек және оған шыдау қажет. Августин



бойынша бостандық – бұл жақсылық пен жаманшылық арасындағы таңдау мүмкіндігі емес, керісінше ол күнәда өмір сүруге душар болушылық. Католик шіркеуінің мүддесіне адал және берілгендікпен қызмет істегені үшін Августин «Масайраған» деген атқа ие болды және қасиетті жүзділердің қатарына қосылды.

Мемлекетті Августин құдай жасаған әмбебап тәртіптің бөлігі ретінде қарастырады. Сондықтан бүкіл билеушілер патша, хан, король өздерінің билігімен Құдайға да, адамға да қызмет етуі тиіс. Мемлекет – бұл қоғамдық байланыстармен біріккен көптеген адамдар. Мемлекет, тек жердегі игіліктерді қанағаттандыруды өзінің мақсаты етіп қойған, шындықтан айырылған еріктің үстемдігі. Мемлекет өзіне шайтанның еркін қосып алғаннан бері ол қоғамдық тиранға айналды. Тек құдайшыл мемлекет қана анық шындықты меңгереді және онда жаппай бірлікке және мәңгілік дүниеге деген құлшыныс жүзеге асады.

Августин басқару формаларын жоғары билікке жүктелген міндеттерге байланысты ажыратады. Солардың арасында ең негізгісі деп ол моральдік және діни, әсіресе Құдайды құрметтеу және адамды сыйлау міндеттерін санайды. Егерде мемлекетте дінге деген әділеттілік пен құрмет сақталатын болса, онда басқарудың барлық формасы, биліктің беделі мен өкілеттілігі сияқты тең, оларға бағынатындай лайықты болады.

Осымен байланысты Августиндік биліктің тұжырымдамасы мемлекетте діни және зайырлы екі биліктің бар екендігін көрсетеді, онда иерархиялық тәртіппен зайырлықтың діниге, жердегінің аспандағыға, мемлекеттің шіркеуге бағынуы уағыздалады. Августиннің көзқарасына сәйкес мемлекет тек шіркеуге бағынғандықтан Құдай қаласының бір бөлігі болуға тиіс. Августин мемлекетті «Құдайдың қаруы» ретінде, ал билеушілерді «Құдайдың құралы», «Құдайдың қызметшісі» ретінде қарастырады және оларға шіркеудің мүддесі үшін зорлық-зомбылық жасау әдісін қолдану құжын бекітті. Сондықтан да Августиннің еңбектерінде өздерінің позицияларын қорғауда билікті діни және зайырлық деп бөлушілер де, мемлекеттік бүкіл институттардан шіркеудің басымдығын бекітетін клерикализмді жақтаушылар да дәлелдер тапты және тауып та келеді. Орта ғасырда Августиннің тұжырымдамаларын теократиялық, клерикалистік тұрғыда түсіндіру басым болды. Бүкіл сол дәуір бойы Августиннің тұжырымы мемлекетті өзіне бағындырғысы келген шіркеудің саясатын идеологиялық ақтау қызметін атқарды.

Августиннің мемлекеттің орны мен рөлі туралы идеялары келесі бір ірі христиан ойшылы – доминикан монахы Фома Аквинскийдің (1225–1274) еңбектерінде нақтыланып, одан әрі дамытылды. Ол томизмді негіздеуші және оның дүниетанымындағы бастапқы тезисі: «Философия – дін ілімінің

кызметшісі». Оның ең маңызды еңбектері: «Билеушілердің басқаруы туралы», «Теология жиынтығы», «Пұтка табынушыларға қарсы жиынтық».

Августин мен Аквинскийді мемлекеттің теократиялық концепциялары жақындастырады. Фома Аквинский зайырлы билікке адамдардың жаны емес, тек олардың денесі ғана бағындырылған деп есептеді. Адамдардың рухани өмірін басқаратын жоғарғыны тегіс қамтитын билік шіркеуге тиесілі. Ол құдай адамнан қаншалықты биік болса, діни билік жердегі мемлекеттік патшалық биліктен соншалықты биік екенін тұжырымдады.

Алайда Августин мен Аквинский идеяларының арасында айырмашылықтар да бар, өйткені олар әртүрлі қоғамдық-тарихи жағдайларда (оларды жеті ғасыр бөліп тұр) еңбек етті және әртүрлі методологияға арқа сүйеді. Августин платонизмнің ізін қуушы болса, Аквинский Аристотельге арқа сүйеп, христиандық дүниетанымды негіздеуге тырысты. Ол Аристотельдің адам – бұл «саяси жануар», соған сәйкес, өзінің табиғатынан қоғамдық тіршілік иесі, ал мемлекет оны қалыптастыратын азаматтардан бұрын пайда болған табиғи түзілім сияқты ережесін қабылдады. Аристотельдің осы ойына Аквинский өзінше мазмұн берді. Оның пікірінше, мемлекет болмыс ретінде логикалық тұрғыда өзінің бастауын Құдайдан алады. Яғни, мемлекет Аквинскийдің түсінігінде, құдайшылықпен жасаудың нәтижесі.

Сонымен бірге, мемлекетті құдай жасағанын жөй ғана айтып қоймай, мемлекеттің пайда болу қажеттігін ұтымды дәлелдермен негіздейді. Ол былайша ой толғайды: әлеуметтік қауымдағы өмір адам үшін табиғи нәрсе, яғни, адамдардың кез келген қауымдастыққа бірігу ықыласы да табиғи. Алайда кез келген қауымдастық белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырады, оларды іске асыруда қауымдастық үстемдікті орағытып өтуге көмектеседі. Сондықтан осы қауымдастыққа басшылық жасау және оны төте жолмен мақсатқа жеткізу қажеттігі туындайды. Мемлекет сондай жетекші болып табылады. Аквинский мемлекетті рульмен, ал адамзат қауымдастығын кемемен салыстыра келіп: «Егер де рульдегінің тұтас еркімен бағытталмаған болса, онда әр түрлі жел қуған кеме сияқты алуан түрлі бағытта жүзген болар еді де, ешқашан қажетті портқа жетпеген болар еді» – деп жазды. Мемлекеттің басты міндеті – Аквинскийдің пікірінше, – бұл Құдай белгілеген мақсаттарға адамдар қауымдастығын жеткізу, олардың жанын құтқаруға ықпал ету. Осы тұрғыдан алғанда мемлекет «Құдайдың қаруы» сияқты және Аквинский басқа да христиан ойшылдары іспетті өулие Павелдің «Кез келген билік Құдайдан» – деген сөзін қайталайды.

Алайда Аквинскийдің тұсында зайырлы және діни биліктің қарама-қарсы тұруы мен қақтығыстары айқын байқалады. Феодалдардың бір

бөлігі бұны евангелия ережесіндегі таза абсолюттік рухпен түсіндірді, мемлекеттік басқару таза зайырлы биліктің қолында болуы тиіс дегенді айтты. Шіркеудің мүддесі үшін мұндай тенденцияға қарсы шығу керек болды, шіркеу билігінің зайырлы биліктің артықшылығын дәлелдеуі қажет болды және шіркеудің мемлекеттің саяси істерге араласуын, сонымен бірге билеушілерді тақтан құлатуының дұрыстығын дәлелдеу керек болды. Ол үшін халықтың тиранға қарсы бас көтеруіне құқынын барлығын дәлелдеу қажет еді. Бұл міндетті Фома Аквинский биліктің мәні мен оның формасы арасына өзгешеліктерді енгізу арқылы шешті. Мәні бойынша кез келген билік Құдайдан болады, яғни тәртіпті қамтамасыз ететін және адамдар қауымдастығын белгілі бір мақсатқа жетелейтін қандай да бір ұйым болуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, биліктің мәні деп онсыз қоғам өмір сүре алмайтын мемлекет институты түсіндіріледі. Форма деп басқару тәсілдері, билік құрылымы тілге тиек етіледі. Бұл жерде Фома Аквинский басқару формасы Құдайдан ғана емес, басқа жолмен де шығуы мүмкін деген ой тастайды. Билеуші, кез келген адам сияқты тәуелсіз, еркіндігі бар, сондықтан жауыздық жасауға қабілетті, яғни Құдайдың еркіне қарсы тәртіптер орнатуға қабілетті. Мысалы, бұл билеуші билікке әділ емес құралдар көмегімен келгенде орын алады. Биліктің монархия, олигархия, демократия және тирания іспетті формалары арасындағы өзгешеліктерді келтіре отырып, Аквинский бұларды биліктің әділетсіз формалары санайды және демократияны оның ұжымдық түрі деп есептейді, өйткені халық, оның сөзіне қарағанда, ұжымдық тиран ретінде көрінеді. Аквинский мемлекеттік билікке қарсы көтеріліске шығу құқын екі жағдаймен байланыстырады: егер билік құдай заңдарына қарсы шыкса және қарапайым адамгершілік принциптеріне қарсы болса немесе өзінің білгірлігін билікпен арттыру жағдайына жетсе. Мысалы, салықтарды асыра төлету, заңсыз ауыр салықтар салу және т.б.

Билеушілерге биліктің формасының шығу заңдылығы және оның қолданылуы туралы шешуші пікір айту шіркеуге тиесілі. Осылайша, Фома Аквинскийдің саяси ілімінде мемлекеттік билік Құдайдың тікелей емес, шіркеу арқылы жанама орнатқан билігі болып шығады. Сонымен бірге Аквинскийдің кез келген дін бұзарлықтың түрін қолдамайтындығы көрінеді. Ол одан сенімнің тазалығын сақтау құралын көріп, шіркеу инквизициясының қажеттігін теориялық тұрғыдан дәлелдеді. Католик шіркеуінің мүдделерін жүзеге асыру жөніндегі өзінің еңбектері үшін Фома Аквинский қасиетті жүзділердің қатарына жатқызылып, оның ілімі орта ғасырлық шіркеудің ресми идеологиясына айналды. Оның «томизм» ілімі 1879 жылы католицизмнің «бірден-бір шын» философиясы деп жарияланды. Оның бүгінгі күнге дейін Еуропаның көптеген елдеріне ықпалы өте күшті.

Неміс ойшылы, августин монахы Мартин Лютер (1483–1546) орта ғасырдағы протестантизмнің ірі идеологы болды. Ол діндар ғалым, Германиядағы Реформацияның көрнекті қайраткері, Германия, Балтық жағалауы, Скандинавия елдеріне кеңінен тараған лютеран (протестант) діни сенімін негіздеуші. Оның «Неміс ұлтының христиан дворяндарына», «Шіркеудің вавилондық тұтқындалуы туралы», «Христианиннің еркіндігі туралы», «Қайырымды істер туралы сермон» және т.б. еңбектері бар.

Католик шіркеуіне қарсы бағытталған Лютердің көптеген саяси идеялары, тезистері оның идеялық із ашарлары – белгілі ағылшын реформаторы Д. Уилклиф, Чехиядағы Реформацияның көрнекті қайраткері Ян Гус және Виттенберг Университетінің профессоры Везелмен бірге әзірленген болатын.

Лютердің көпшілік алдында өзінің саяси-діни ілімін қорғауына Германиядағы папа индульгенциясының сатылуы себеп болды. 1517 жылы 31 қазанда ол Веттенбергтегі қорғандық шіркеудің есігіне индульгенцияны сатуға қарсы және католиктік дін басыларының басқа да қиянат етулеріне қарсы 95 тезисті іліп қойды. Ф. Энгельстің сөзіне қарағанда, Лютердің тезистері «оқ-дәрі бөшкесіне түскен жасын сокқысындай болған сияқты»<sup>1</sup>.

Лютердің тезистерін барлық оппозициялық күштер рим-католик шіркеуіне қарсы, Германияның ұлтық және діни тәуелсіздігі үшін күреске шақырған белгі іспетті қабылдады. Реформацияға бастау болған оның тезистері христиандықты жанаша түсінудің және жаңа діни ілімді – протестантизмді баяндаудың негізі болды.

Лютер рим-католик шіркеуіне карама-қарсы адамның және оның зайырлы өмірінің күнә ретінде қаралмауы тиіс екендігін дәлелдеуге тырысты. Ол шіркеу мен дін басыларының адам мен құдай арасындағы делдалдық рөлін, католик шіркеуінің адамдарды «күнәдан босату» және «жанын құтқару» сияқты талаптарын жоққа шығарды. Лютер адамның өзін өзі «құтқару» немесе «ақтауын» шіркеу және әдет-ғұрып арқылы емес, керісінше тікелей құдай берген «сенімнің» көмегімен болады деген ереже ұсынды. Осылайша ол дін басыларының әлемдік деңгейде үстемдік ету талаптарын жоққа шығарып қана қоймай, қалалықты шіркеудің саяси және идеологиялық қанауынан босатуға тырысуын, діни емес адамдар мекемелері мен зайырлы мемлекетке діни беделдің күшін беруді көрсетті.

Оның екі дүние туралы тезисі саяси ілімнің негізін қалаушы болғанын байқатса керек. Лютердің пікірінше, христиан бір мезгілде әрі діни, әрі бұл дүниелік өмір сүреді. Діни әлем тек Христаға сенушілерді ғана қамтиды. Ал бұл дүниелік әлемге барлық адамдар тиесілі. Діни әлемде

<sup>1</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Собр. соч. Т. 7. С. 392.

құдай үстемдік етеді, бұл дүниеде билік үстемдік етеді және ол әлемдік ауқымда әрекет етеді, бұған Лютер саналылық пен табиғи құқықты жатқызған болатын. Адамдар екі дүние билігінде болады, өйткені олар өздерінің мәні жағынан катал және күнәһар. Бұл дүниеде үстемдік етуші биліктің міндеті – адамдардың арам ниеттеріне қарсы күш қолдану арқылы жүзеге асыртпауға кедергі жасаудағы күнәларға жол бермеуден тұрады. Егер де адамдар ізгілікті болса, онда билік пен мемлекеттің өмір сүру қажеттілігі болмас еді деп қорытады Лютер.

Лютердің мемлекет туралы ілімін, жалпы оның саяси көзқарастарын бағалауда олардың объективтік ықпалын есепке алу шешуші фактор болып табылады. Лютердің билікке бағыну туралы өсиеті феодалдардың, кейін буржуазияның билігін заңдастыруға және нығайтуға айтарлықтай ықпал етті. Осыған байланысты Лютердің қызметінде, оның саяси көзқарастарында прогрессивтік және консервативтік, тіптен реакционерлік екі аспектінің болғанын атап өткен жөн. Ұзақ уақыт бойы Германиядағы мемлекет теориясының дамуы Лютердің іліміне дұрыс немесе теріс түсініктеме берудің ықпалында болып келді. Бұл, әсіресе қол астындағылардың заңға бағыну тәртібінің талаптарын жасауға қатысты нәрсе еді.

Орта ғасырдағы саясат пен мемлекеттің кейбір діни тұжырымдамалары саяси ғылымда дамытылғанына қарамастан анық апологеттік сипатта болғанын айтуымыз керек. Ол үшін діни бағыттағы саяси постулаттарды түбегейлі қайта қарау қажет болды, бұны Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары бастады.

Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлардың дамуында саясатты, мемлекетті және құқықты діни, теократиялық түсіндірудің орнына, шіркеуден мемлекеттің тәуелсіздігін, біртұтас және орталықтанған мемлекеттік билікті талап еткен зайырлы тұжырымдамалар пайда болды. Саяси идеяларды жасау процесінде Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары антикалық рухани мұраларға жиі назар салып, оларды барынша қолданды. Қайта өрлеу дәуірінің жарқын саяси ойшылдарының бірі италяндық Никколо Макиавелли (1469–1527) болды. Ол – антикалық әдебиеттің үлкен білгірі, дипломат және саясаткер. Н. Макиавелли өзінің жүйеге келтірілген саяси идеяларын «Мемлекет», «Тит Ливийдің алғашқы онкүндігіне арналған пайымдаулары», «Флоренция тарихы», «Князь», «Соғыс өнері» атты еңбектерінде баяндады.

Н. Макиавелли өз дәуірінде қалыптасқан көптеген саяси мәселелерді шешуде аса маңызды, бірегей идеяларды айта білді. Оның пайымдаулары белгілі бір тұжырымды құрайды, онда мемлекеттің табиғатына, оның мәніне, мемлекеттік құрылыстың формаларына, сонымен қатар мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдеріне және басқа да саяси мәселелерге түсінік-

теме берілген. Бұл оларды Қайта өрлеу дәуіріндегі алғашқы анық, жүйелі және салыстырмалы терең түсіндіру еді. Сондықтан Н. Макиавеллидің Жана заманның саяси ғылымын негіздеуші деп атайды.

Ол ұсынған саяси шыншылдық принципі Макиавеллидің саяси көзқарастарындағы ең бастысы болып табылады. Онда ойша схемалар жа-саудан бас тартып, саясатта нағыз ақиқат жағдайларды, саяси әрекеттердің практикалық мүдделерге бағындырылуын есепке алу көрсетілген. Макиавеллидің пікірінше, саясат – бұл қоғамда билікті жүзеге асыру жөніндегі әртүрлі әлеуметтік күштердің (қоғам жіктері, адамдар тобы, жекелеген тұлғалар), өзара қарым-қатынасы. Сайып келгенде, саясат адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар ретінде баяндалады. Сөйтіп, саясатты тек адамның табиғи жаратылысының көрінісі ретінде түсіндіруге қарамастан оның әлеуметтік табиғатын ашып көрсетеді. Макиавелли қазіргі уақытта хрестоматиялыққа айналған ережені, атап айтқанда, саясаттың негізгі мәселесі билік туралы мәселе тұжырымдамасын анық қалыптастырды. Бұл жерде әңгіме негізінен мемлекеттік билік туралы екені түсінікті.

Алайда, ең алдымен мемлекет деген не, оның табиғаты қандай деген мәселелерді анықтап алу қажет болды. Макиавелли мемлекеттің шығуын адамның табиғатынан шығарып түсіндіреді, оның табиғи табиғатымен ғана емес, сонымен бірге қоғамдық табиғатымен де түсіндіреді. Өйткені адамдардың көптеген жағымды және жағымсыз сапалары оның қоғамдағы өмірі мен қызметі үрдісінде қалыптасады.

Макиавелли «Адамдар жалпы табиғатынан атакқұмар, күдікті және ешқашан да өзінің үлесіне қанағаттанбайды» – деп есептейді. Оның пікірінше, олар бірін-бірі қорқыныштан немесе қызғаныштан көре алмайды, екіжүзділік пен алдауға жақын, билікқұмар және пайдакүнемдікке бейім тұрады. Бұл сапалар әрдайым адамдар арасында өшпенділік туғызады. Адамдардың осындай жағымсыз сапаларын ауыздықтаудың қажеттілігі, Макиавеллидің пікірінше, ерекше аппарат немесе қоғамда тәртіп пен бейбітшілік орнататын механизм ретінде мемлекеттің шығуына себепші болды. Сол үшін мемлекет жекелеген тұлғаларға немесе адам топтарына қатысты күш қолдана алады.

Мемлекеттің шығуы мен мәнін түсіндірудің әлеуметтік уәждерін Макиавелли анық көрсетеді. Саяси ой дамуы тарихында алғаш рет мемлекет қоғамдағы үстемдік етуші күштердің (монарх, ақсүйектер жігі немесе бүкіл халық) көмегімен қоғам өмірінің көптеген мәселелерін шешетін, белгілі бір тәртіпті қолдап тұратын және сыртқы жауларға жауап соққы беретін қайсыбір орган ретінде түсіндірілді.

Макиавелли мемлекеттік құрылыстың үш негізгі формасын және соған сәйкес «үкіметтің үш түрін»: «монархия, аристократия және халық

баскаруын»<sup>1</sup> бөліп көрсетеді. Монархия мен аристократияда бір адам немесе бір топ адам халыққа билік жүргізеді. Халықтық басқаруда билікті халықтың өзі жүзеге асырады. Алайда Макиавелли халықтық басқарудың жақтаушысы болмады. Мемлекеттердің әр түрлі формаларын салыстыра келіп, Макиавелли тирандық форманы ерекше бөліп көрсетті. Ол тирандарды алдағыштар деп атаған. Ол республиканы жоғары қояды. Республика Макиавеллидің пікірінше, монархияға қарағанда әлдеқайда тұрақты. Ол халықтар арасында патриотизмді тудырып, мемлекеттің бірлігі мен қуаттылығын жақсы қамтамасыз етеді.

Макиавеллидің мемлекеттік құрылыстың республикалық формасына зор маңыз беруі бекер еместігін атап айтқан жөн. Оның республика жөніндегі ілімі Рим республикасының және Афина республикасының өмір сүру тәжірибесін пайымдауға толығымен негізделген болатын. Макиавелли басқарудың республикалық формасының артықшылығын көрсетеді. Сөйтсе де ол «өз алдына жеке республикалар» және «республикалар федерациясы» туралы да айтқан еді. Өзінің федерация теориясында Макиавелли мемлекеттерді біріктіретін өзара қарым-қатынас принциптері мен механизмдерін қарастырады. Әңгіме олардың саяси, экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынастары жөнінде еді. Макиавелли федеративтік мемлекеттер «Кенесші жиналыспен» басқарыла алады және онда федерация құрамына енген мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы мәселелері шешілетін болады деп есептеді.

Бұл мәселелерді анықтау Италия аумағындағы ұсақ мемлекеттерді, соның ішінде кейбір қала-республикаларды біріктірудің проблемасын іс жүзінде шешу үшін қажет болды. Макиавелли феодалдық бытыраңқылықты жойып, біртұтас және мықты мемлекет құру тек күшті биліктің ғана қолынан келеді деп санады. Монархия мұндай биліктің көрінісі бола алады. Сондай-ақ, оның билігі диктаторлық сипатта болуы мүмкін және сонымен бір мезгілде, егер қажет болса, біріккен және күшті мемлекет құруға қарсыласатын әр түрлі жергілікті билеушілердің мүдделеріне қарсы әрекет етсе, халық үшін пайдалы болуы мүмкін.

Осымен байланысты Макиавеллидің нақты қоғамның саяси өміріне талдау жасай келіп, онда карама-қарсы тұрған әлеуметтік топтардың: қарапайым халық және элитаның, ауқаттылар мен кедейлер күресінің үлкен ықпал ететінін атап көрсеткенін айтуымыз керек.

Қоғамдағы күресуші күштердің арасалмағынан ол мемлекеттің нақты: дұрыс (монархия, аристократия, демократия) және бұрыс (тирания, олигархия, «бейбастық») формаларын шығарады. Идеал ретінде Макиавелли

<sup>1</sup> *Макиавелли Н.* Рассуждения о первой декаде Тита Ливия. СПб., 1969. С. 126.

монархия, аристократия және демократияның белгілері үйлесетін, күшті билікті, адамгершілікті және еркіндікті бейнелейтін мемлекеттің аралас формасын ұсынады.

Мемлекетті басқару теориясын жасай келіп, Макиавелли билеушінің саяси максаттарға жетуі үшін алдау, екіжүзділік, залымдық, өрескел күш көрсету, сатқындықпен қана тоқталмай, билікте қалу үшін саясат саласында барлық құралды қолдануы керек дегенді айтады. «Князь» трактатында Макиавеллидің саясатты моральдан «тазалауы» саясаттағы биморализмді уағыздауға айналады. Содан бері «максат құралды ақтайды» принципі бойынша құрылған биморальдық саясат «макиавеллизм» деген атақ ие болды.

Сайып келгенде, Макиавеллидің шығармашылық мұралары өзінің рухани мазмұны жағынан қайшылықты. Сондықтан да атақты Италия ойшылының саяси идеялары әлі күнге дейін оның жақтастары мен қарсыластарының, жақсылық тілеушілері мен радикалды сыншыларының арасында қызу пікір таластар туғызып келеді. Макиавеллидің еңбектеріне жұрт қалай қараса да олар саясатты адамзат қызметінің өз алдына жеке саласы ретінде қалыптасуының аяқталғанын білдіріп, Жаңа заманның саяси ой дамуындағы бірқатар іргелі саяси проблемаларды қою арқылы Еуропа саяси дәстүрінің бастауын қалады.

Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойдың көрнекті өкілдерінің бірі – француз ойшылы Жан Боден (1530–1596). Ол бірнеше еңбек жазды, соның ішінде ең бастысы – «Республика туралы алты кітап». Онда Ж. Боден мемлекеттің шығуы, оның функциялары, мемлекеттік басқарудың формалары, сонымен қатар сол замандағы қоғамның саяси өмірінің басқа да проблемаларына өзінің көзқарастарын жан-жақты баяндады.

Ж. Боденнің саяси теорияны дамытудағы негізгі үлесі оның мемлекеттік егемендік мәселесін көтеріп шешуінде. Ол «егемендік» ұғымын саяси ғылым айналымына енгізді және қазірге дейін саяси пікір-сайыс тудырып, саяси практикада қолданыста жүрген егемендік теориясын жан-жақты жасап шықты. Егемендік деп Боден мемлекеттік биліктің белгілі бір қасиетін – оның жоғарылық сипатын түсінді. «Егемендік – бұл Республиканың абсолюттік және мәңгі билігі» – деп жазды Ж. Боден. Осылайша ол Республиканы мемлекеттің формасы ретінде сипаттады. Боденнің пікірінше, егемендік жоғарғы билік – бұл қол астындағы азаматтарға жүргізілетін тұрақты, тәуелсіз, бір ғана, бөлінбес, шектеусіз билік. Бұдан жоғары ешқандай басқа билік жоқ. Бұл билік бөлінбеуі керек, оның заңдарын барлығы орындауға міндетті.

Егемендік немесе заңдарды жасау және өмірге енгізу құқы, Боденнің анықтауы бойынша, мемлекетке тиесілі. Мемлекет – өз елінің ішінде және



шетел державаларымен қатынастарда жоғарғы саяси билікті иеленуші. Егемендік биліктің жоғары алып жүрушісі тек қана Құдай және табиғат заңдары. Егемендік заңдардың әділдігіне немесе әділеттілігіне тәуелді емес, ол заңдардың жасалу күшіне тәуелді болады.

Мемлекеттік егемендік, Боденнің пікірінше, мемлекеттің құқықтары мен құзырларына сәйкес көрінеді. Оларға заң шығару құқын, соғыс жариялау мен бітім жасау құқын, лауазымды қызметке тағайындау, соңғы шешімді қабылдау құқын, кешірім жасау құқын, қол астындағылардың бағынушылық және сенімділік құқын, монета шығару құқын, салмақ және өлшеу мөлшерлерін анықтау құқын, салықтар салу құқын жатқызады.

Боден ортақ ісі күйзелетін демократиялық мемлекетке теріс қарады және талас-тартыстарды ақылсыз көпшілік басқаратын аристократияны да қолдамады.

Мемлекеттік құрылыстың барлық формаларынан Боден мұрагерлік абсолюттік монархияны жөн санады және абсолютизмнің теоретигі ретінде көрінді. Ол монархтардың билігі Құдайдан беріледі деген сенімге қарсы шықты. Боден халық билігі заңдарға негізделген монархты емес, тиранды өлтіруге құқылы деп есептеді. Монархиялық биліктен ол қоғамдағы бейбітшілікті және заңды тәртіпті қамтамасыз етуге қабілетті бір ғана күшті көрді.

Боден монарх — «құқық пен заңның қайнар көзі», монархтың билігі бүкіл қоғамға тарайды, ол үздіксіз және абсолютті, оны бүкіл өмірінде болатын нәрсе деп жазды. «Монархтың абсолютті егемендігін» ол адамның табиғи табиғатына сілтеумен дәлелдеді, өйткені ол қоғамда тек мемлекеттік басқарудың монархиялық формасын қалыптастыруды талап етеді деп түсіндірді. Монархияның міндеттері, Боденнің пікірінше, теократияға, феодалдық орталықсыздануға және сословиелік жікке бөлінушілікке қарсы тұруы тиіс.

Боденнің құқық табиғатының теоретиктеріне қосылып саяси идеялар заңының табиғаты мен мазмұнына сараптау жасаудың байланысы туралы айтқан ойлары тарихи тұрғыдан алғанда белгілі бір қызығушылық тудырады. Құқықты зерттеп-білу адами заңдардың әмбебап принциптерге негізделуімен байланысты. Заңдардың шексіз өзгеруі әділеттіліктің ұтымды принциптерін іздестіруге жатыр. Сонымен қатар Боден құқықтық жүйе бөсекелестігін құрайтын әмбебап принциптерді тікелей қолдану идеясын жоққа шығарды.

Тарих адамдардың өмір салтымен ғана өзгешеленбей, оларды қоршаған ортасымен ерекшеленетін алуан түрлі жағдайларды естен шығармауға үйретеді. Осы аспектіде Боденнің теориясы тек қана Монтъеске мен Берктің ізашары болып қана қоймай, ХІХ ғасырдың тарихи құқық мектебінің негізін қалаушысы да болды. Боден Монтъескенің әр түрлі халықтардағы

мемлекеттік құрылысқа климат ықпалы туралы көптеген идеяларын басып озды.

Қоңыржай белдеу үшін, оның пікірінше, ақыл-ой мемлекеті лайықты, өйткені мұнда тұратын халықтардың әділеттілік сезімі, еңбекке деген сүйіспеншілігі бар. Оңтүстіктегі халықтар еңбекке қалай болса солай қарайды, сондықтан діни билікті қажетсінеді. Солтүстіктің халықтары қатал жағдайда өмір сүретіндіктен, тек күшті ғана мойындайды және оларды күшті мемлекет басқаруы керек деп санайды.

Боденнің және оның ізашары Макиавеллидің саяси көзқарастары Еуропа мен Америка елдерінде саяси ой дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті.

Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойдың дамуы – бұл Т. Мор, Т. Кампанелла және басқа да өкілдерден тұратын утопиялық социализмнің пайда болу уақыты еді. Ағылшынның көрнекті ойшылы, саяси қайраткері Томас Мор (1478–1535) Англияның лорд-канцлері болған. Ол 1516 жылы «Мемлекеттік жақсы құрылыс туралы және жаңа Утопия аралы туралы, соншалықты пайдалы да қызықты Алтын кітап» деген еңбекті жарыққа шығарды. Кейін бұл кітап қысқаша «Утопия» деген атқа ие болды. Ол өзінің авторының есімін өшпестей етті және қоғамдық-саяси ойдың бір бағытына утопиялық социализм деген атау берді.

Мор өзінің «Утопия» атты кітабында Англиядағы қоғамдық және саяси құрылысты сынға алады. «Утопияда» ол халық бұқарасының ауыртпалығын жүйелеп баяндады, тарихта бірінші болып осы ауыртпалықтың себебін мүлікті аз ғана адамдардың қолына шоғырландырып, қалған бүкіл жұрттың кедейленуі мен қайыршылануына әкеп соқтырған жеке меншіктен көрді. Адамдардың ауыртпалығын алу үшін ол «жеке меншікті толығымен жою» керек деп білді. Мор: «...Мен бәрін әділетті және тең бөлу, сонымен қатар адами істерді бақытты басқару меншікті жоймайынша мүмкін еместігіне толық сенемін» деп жазды.

Мор айтулы кітабында белгісіз «Утопия» аралында орналасқан мемлекетті суреттейді, онда жеке меншік жоқ, барлық адамдар өздерінің жағдайына қарай тең. Мемлекеттің лауазымды адамдарын бүкіл халық сайлайды және олар өз қызметі үшін халық алдында есеп береді. Маңызды істі аралдың бүкіл тұрғындары талқылайды. Мемлекет басында халық сайлайтын князь тұрады. Аралда қоғамдық кәсіпорындарда және қоғамдық жерлерде жаппай еңбек ету міндеттелген. Өзінің көзқарастары үшін Томас Морды король өлім жазасына кесті.

Мордың саяси идеялары Италия философы, доминикан монахы, ортағасырлық схоластика мен инквизицияға қарсы батыл күрескер Томмазо Кампанелланың (1568–1639) еңбектерінде дамытылды. Испанияның

отарлауына байланысты ол өз Отанының еркіндігі үшін күреске қатысты. Сол үшін Кампанелла 27 жыл түрмеде отырды.

Өзінің саяси идеяларын Кампанелла «Күн қаласы» кітабында барынша толық баяндады. Осы шығармасында ол Күн мемлекетіндегі идеалды қоғамдық құрылысты бейнеледі. Өзінің «Күн қаласы» еңбегінде адамдардың жаппай теңдігіне негізделген мемлекетті суреттейді. Мемлекеттік билік демократиялық принциптер негізінде ұйымдастырылған. Мемлекет басшысының қызметін Күн қаласының өте ақылды әрі білімді азаматы атқарады. Кампанелланың пікірінше, барлық адамдар ерте ме, кеш пе, бірақ сөзсіз солярилердің қоғамдық өмірін коммунистік принциптер бойынша ұйымдастыруға әкеледі. Бұл міндетті түрде болады деп ұйғарды ол, өйткені адам өзінің табиғатынан қоғамдық тіршілік иесі, онда дарашылдықтан гөрі ұжымдық бастау күшті.

Мор мен Кампанелланың саяси көзқарастары, олардың утопиялылығына және тарихи шектеулілігіне қарамастан, сол жағдайларда аса маңызды болды. Олар халықтың төменгі топтарының жарқын болашақ туралы армандарын білдірді.

Ағылшын ойшылдары Т. Гоббс пен Дж. Локк та қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ілімнің дамуына айтарлықтай үлес қосты.

Томас Гоббс (1588–1679) өзінің саяси ілімін «Азаматтық туралы» және «Левиафан, немесе Материя, шіркеулік және азаматтық мемлекеттің формасы мен билігі» еңбектерінде баяндады. Макиавелли мен Гроциден кейін Гоббс мемлекетті құдай жаратпағандығын, оның адамдардың тіршілік әрекетінің нәтижесі екендігін көрсетуге талпыныс жасады. Оның пікірінше, мемлекетке дейінгі кезеңде адамдар «барлығына қарсы бәрінің соғысы» жағдайында өмір сүрді. Бұл олардың құрып кетуіне қауіп төндірді. Бұған жол бермеу үшін адамдар мемлекет құрды, ол жаппай бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге шақырды. Мемлекетке біріккеннен кейін адамдар бәрінің еркін білдіретін, қабылданған шешімдерді әркімнің орындауына, бейбіт өмір сүруіне мәжбүр ететін мемлекеттік органдар мен ел басына өз құқықтарын еркімен берді.

Ойшылдың ұйғаруынша жоғарғы мемлекеттік билік бір адамның, «адамдар жиналысының» қолында болуы мүмкін, бірақ ол абсолютті, біртұтас, шексіз болуы тиіс. Оның пікірінше, тек осындай билік қана қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеді, сонымен қатар темірдей қатал заңдары бар күшті мемлекет тұлғаның дамуы үшін жағдай жасай алады. Мұндай мемлекет болмаған жерде адамдар өздерінің эгоистік мақсаттарын қуып, өздерін барлығына қарсы қойып, бірін-бірі соғыста қырып-жоюы мүмкін. Заңның мақсатын Гоббс «жекелеген адамдардың еркін шектеуден, соның негізінде олардың бір-біріне олар кесірін тигізбеуінен,

керісінше бір-біріне көмектесуінен және ортақ жауға қарсы бірігуінен»<sup>1</sup> көрді. Оның ұйғаруынша қоғамда бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін елбасы мен мемлекеттік органдардың билігіне «азаматтардың бағынбау құқысы бар деген ойға жетелейтін ешқандай көзқарастардың болмауы немесе ілімдердің насихатталмауы» өте маңызды<sup>2</sup>. Оның пікірінше, мемлекеттің заңы халықтың әл-ауқатына қамқорлық жасауы тиіс.

Ағылшын ағартушыларының арасында Джон Локктың (1632–1704) алғашқы ұлы тұлға екенін айтуымыз керек. Оның саяси көзқарастары «Мемлекеттік басқару туралы екі трактат» еңбегінде мейлінше толығырақ баяндалған. Адам құқының бірлігі мен өзара тәуелділігін дәлелдеу Локктың саяси тұжырымдамасының мәнін құрады. Гоббс сияқты Локк та мемлекет қоғамдық келісім нәтижесінде пайда болады деп ұйғарды. Алайда, келісімге отырарда адамдар табиғи құқығын жоғалтпайды, олар өздерінің ажырамас құқықтарын, соның ішінде негізгі саналатын: өмір сүру құқын, еркіндік құқын, жеке меншік құқын сақтайды. Осылайша Локк меншік әр адамның еңбегінің нәтижесі болып табылатынына терең сенімде болды.

Локктың пікірінше, саяси бостандық болғанда ғана адамның экономикалық еркіндігіне толық кепілдік беріледі. Ол саяси бостандықты қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік органдар тарапынан адам еркіндігіне қол сұғуға жол бермеу үшін мемлекеттің әр түрлі құрылымдары арасындағы биліктік құзырларды бөлу қажет деп есептеді. Мемлекеттегі заң шығарушы билік атқарушы (сотты қосып айтқанда) және сыртқы қатынастарға басшылық ететін феодалдық биліктерден бөлінуі тиіс. Заң шығару билігі өкілетті жиналысқа, атқарушы билік – корольге және министрлер құзырына тиесілі болуы керек. Мемлекеттік билікті оның құрылымдарының арасында бөлу оларды өзара шектейді де теңестіреді. Локк заң бәрінен жоғары тұратын, адамның табиғи ажырамас құқы мен бостандығын мойындайтын осындай мемлекетті жақтады. Билікті басып алған жағдайда, Локктың пікірінше, халықтың көтеріліске шығуына және билеушіні немесе билеушілерді құлатуға құқысы бар.

Мемлекеттік биліктің барлық формасы, Локктың пікірінше, қоғамдық келісімнен келіп шығады, сондықтан да ол өмір сүруге құқылы. Локк осыны дәлелдей отырып, конституциялық монархияға басымдық берді. Жалпы қайта өрлеу дәуірінде де феодализм кезіндегі сияқты адамзаттың тарихи дамудың жаңа кезеңіне – капитализмге өтуін білдірген прогрессивті саяси көзқарастар туындағанын айтуымыз керек.

<sup>1</sup> Гоббс. Левиафан. М., 1936. С. 210.

<sup>2</sup> Гоббс Т. Собр. соч. В 2-х томах. Т. 1. М., 1991. С. 338-339.

### 3. Ерте және жетілген буржуазиялық қоғамның саяси доктриналары

Саяси ой өзінің дамуындағы неғұрлым сапалық жоғары деңгейге буржуазиялық қоғам дәуірінде көтерілді.

Саяси идеялардың айтарлықтай дамуы француз ойшылдарының еңбектерінде жүзеге асты. Оның аса көрнекті өкілдері Ш. Л. Монтескье мен Ж.-Ж. Руссо болып табылады. Шарль Луи Монтескье (1689–1755) — көрнекті саяси ойшыл. Өзінің еңбектерінде ол мемлекет, азаматтық қоғам, саяси режимдер туралы, басқару формалары мен мемлекеттік құрылыс формалары жөніндегі ілімдерді анықтап дамытты. Монтескьенің «Римдіктердің ұлылығы мен құлдырауының себептері туралы ойлар» (1734 ж.) және «Зандар рухы туралы» (1748 ж.) дейтін негізгі кітаптары оны саяси ойдың беделді классиктерінің бірі етті.

Монтескьенің бүкіл саяси теориясының басты тақырыбы және ондағы қорғалған негізгі құндылық — саяси бостандық. Оның ойынша осы бостандықты қамтамасыз ететін қажетті жағдайлардың қатарына әділетті заңдар мен тиісті мемлекеттілікті ұйымдастыру жатады.

Монтескье Гоббстың адамдар әуелден-ақ агрессияшыл және біріне-бірі билік етуге құмар деп тануының жалғандығын арнайы атап көрсетті. Керісінше, Монтескьенің пікірінше, адам бастапқыда әлсіз, өте қорқақ және басқалармен теңдікте, бейбітшілікте болуға тырысады. Алайда адамдар қоғамға біріккеннен кейін-ақ олар өздерінің әлсіздік сезімін жоғалтады. Олардың арасында орныққан теңдік те жойылады, жекелеген адамдар арасында және халықтар арасында болатын соғыстың екі түрі басталады. Соғыстың осы екі түрінің пайда болуы адамдар арасында заңдар орнатуға итермелейді. Монтескьенің пікірінше, қоғамда өмір сүретін адамдардың бәріне ортақ заңдардың қажеттілігі және оның болуы, мемлекетті құруға септігін тигізеді. Мемлекет дегеніміз — бұл заңдары бар қоғам және оның басты мақсаты қоғам мүшелерінің осы заңдарды орындауын күшпен іске асыру<sup>1</sup>.

Монтескье басқарудың республикалық, монархиялық және деспоттық деп аталатын үш формасын бөліп көрсетеді. Ол деспотияға теріс көзқараспен қарады. Өйткені бұл жерде үрей, зорлық-зомбылық басқарудың қозғаушы принциптері болып табылды. Деспотияда заңдар болмайды, егер ондай заңдар қабылданған болса, оның ешбір маңыздылығы болмайды. Монтескье конституциялық монархияны қолдайды, Англияның конституциялық монархиясы оның болашақ үлгісі саналады. Дегенмен ол республикаға да құрметпен қарады, оны демократиялық және аристократиялық

<sup>1</sup> Монтескье Ш.Л. Избранные произведения. М., 1995. С. 289.

деп бөлді. Оның пікірінше, мемлекеттің формасына оның аумағының көлемі ықпал етеді. Шағын мемлекеттер республика болуы тиіс, орта көлемді мемлекеттер – монархия, ал үлкен мемлекеттер – деспотия болуы тиіс. Республикалық басқару формаларында федеративтік мемлекет те кездеседі.

Билікті бөлу теориясы – Монтескьенің үлкен жетістігі. Бұл идеяны бастапқыда Аристотель мен Цицерон, кейін Аквинат пен Локк жасады. Кромвельдің басқаруы кезіндегі Англияның заң актілерінде ол тұңғыш рет іске асқан болатын. Билікті бөлу механизмдері жасалған британдық саяси жүйені сараптай келе, Монтескье оны теориялық пайымдаудан өткізді. Өйткені адам табиғатынан саяси билікті асыра сілтеп пайдаланады, құқықтың бәрінен жоғары болуын биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөлінуі ғана қамтамасыз ете алады, әр түрлі биліктер бірін-бірі тежей алатын болады.

Осылайша Монтескьенің билікті бөлу туралы ілімі айтарлықтай жаңашылдыққа ие болды, онда ол, біріншіден, бостандықтың либеральдық түсіндірмесін билікті бөлу механизмінің конституциялық тұрғыда бекітілуі идеясымен ұштастырды; екіншіден, шектеуге жататын биліктің құрамына сот органдарын қосты және судьялардың тәуелсіздігі принципін енгізді; үшіншіден, республикалық басқаруды федерализммен біріктіру туралы қағиданы дамытып, орталық (федеративтік) және жергілікті (муниципалдық) билікті бөлу идеясын ұсынған еді.

Монтескьенің пікіріне сәйкес, саяси бостандық деген кім не істегісі келсе, соны істеу емес. «Мемлекетте, яғни заңдары бар қоғамда бостандық нені істеуге тиіс болсаң, соны істеуге мүмкіндіктің болуынан және істемеуге тиіс болсаң, соны күштеп істемеуден тұрады болып табылады. Бостандық дегеніміз заңда рұқсат етілгенді істеу құқығы болып табылады. Егер де азамат осы заңдарда тыйым салынғандарды істейтін болса, онда оның бостандығы болмаған болар еді, өйткені оны басқа да азаматтардың істеуі мүмкін ғой»<sup>1</sup>.

Монтескьенің ілімі Францияда және одан тысқары жерлерде де саяси ойдың дамуына үлкен ықпал етті. Оның саяси мұраларында сол уақыттың саяси ойларының аса маңызды жетістіктері шоғырланған.

Жан-Жак Руссо (1712–1778) – көрнекті философ әрі саяси ойшыл. Руссоның саяси ілімі оның «Қоғамдық келісім» (1762 ж.) атты негізгі трактатында мейлінше толық баяндалған. Ол саяси ойдың жаңа бағыты – буржуазиялық радикализмнің негізін қалады. Қоғамның пайда болуы мен дамуын бақылап, оның ішкі динамикасын түсіндіруге тырысып, Руссо жеке меншікті қорғау үшін құрылған мемлекеттің мүлтік теңсіздікті

<sup>1</sup> Монтескье Ш.Л. Избранные произведения. М., 1955. С. 316-317.

тереңдеткені жөнінде қорытынды жасайды. Жеке меншікке әркімнің құқығы бар, бірақ ешкімнің меншікті шексіз иемденуіне құқығы болмауы тиіс деп санады ол.

Осылайша, Руссоның пікірінше, меншік әлеуметтік теңсіздіктің басты себебі болумен қатар, азаматтық қоғамның, мемлекеттің де теңсіздігінің негізгі себебі болды. Мемлекеттің шығу себептерін түсіндіру барысында Руссо қоғамдық келісім теориясының жақтасы болып табылады. Мемлекеттің негізінде, оның пікірі бойынша, саналы жоспар, адамдар арасындағы келісімдер жатыр. Кедейлердің күшімен өздерінің жеке басының мақсаттарына жету үшін байлар кедейлерге азаматтық одақ құруды, бейбітшілік пен әділеттіліктің кепілі қызметін атқаруға тиісті мемлекеттік билік құруды ұсынды. Одақ құрылды, қоғам мемлекетті қалыптастырды. Қоғамдық келісімнің негізгі міндеті, — деп жазды Руссо, — ортақ күшпен тұлғаны және қоғамның әрбір мүшесінің меншігін қорғайтын және сақтайтын, сонымен қатар әркім басқалармен біріксе де оның бостандығын сақтайтын ассоциацияның сондай формасын іздеп табуда жатыр. Осы тәрізді ассоциацияға кірген барлық адамдардың құқығы қоғамдық тұтастықтың пайдасына шешілуі тиіс. «Оның орнына әрбір адам мұнда азаматтық бостандық пен меншік құқығын иеленеді».

Қоғамдық келісім жөніндегі ілімі оның демократия туралы іліміне негіздік тұрғыда қызмет атқарды. Келісімді мемлекетте жоғарғы билік халыққа тиесілі болуы керек. Республикалық құрылыстың негізгі принципі ретіндегі халықтың егемендігі идеясы Руссоның саяси бағдарламасының өзегі болып табылады. Халықтың егемендігі олардың заң шығарушы билікті жүзеге асыруынан көрінеді. Кез келген саяси биліктің кез келген уақытта кез келген заң актілерінен бас тарта алатындығы және жанасын қабылдай алатынды суверенді халықтың ерік-жігерінің аркасында ғана заңды болады. Халық егемендігі бөлінбейтін, ажырамайтын егемендік.

Руссо билікті бөлу тұжырымдамасына қарсы шығып, мемлекеттік органдардың функцияларын нақты шектеуді ұсынды. Ол өкілеттілік жүйенің, партиялардың («жеке бірлестіктердің») қарсыласы болды; оның тұжырымдамасы бойынша шағын мемлекеттер теориясына басымдық беріледі. Осылайша Руссо теңдік салтанат құрған, сонымен қатар өмір деңгейі тең және халықтың барлық әлеуметтік топтарының бірлігі салтанат құрған мемлекетті ұсынды.

Буржуазиялық қоғамның саяси идеяларын дамытуда неміс ойшылдары И. Кант, И. Фихте, Г. Гегель айтарлықтай еңбек сіңірді.

Иммануил Канттың (1724—1804) саяси теориясының басты принципіне әрбір адам абсолютті құндылықты иеленеді және қандай да бір мақсатты жүзеге асырудың құралы бола алмайды деген қағида алынған. Кант

өзінің «Мәңгілік бейбітшілікке» атты ізгілікті трактатында өз дербестігін сақтаған тең мемлекеттердің бәрін қамтитын федерация құру жолымен «мәңгілік бейбітшілік» орнату жобасын жасады. Әлеуметтік-саяси мәселелерге И. Кант «Бүкіл дүниежүзілік-азаматтық тұрғыдағы жалпы тарих идеясы» (1784 ж.), «Мәңгілік бейбітшілікке» (1795 ж.) атты еңбектерін, сонымен қатар «Әдет-ғұрыптар метафизикасы» (1797 ж.) атты үлкен трактатын арнады.

Кант құқықтық заңдарды өнегеліктің өзіндік бірінші сатысы (немесе минимум) ретінде сипаттайды. Канттың ілімі үшін мемлекетті құқық арқылы анықтау тән: «Мемлекет (civitas) — бұл құқықтық заңдарға бағынған көптеген адамдардың бірлестігі». Кант мемлекеттің формасын екі белгісіне байланысты: жоғарғы билікті іске асыратын адамдардың санына және басқару формасына орай қарастырады. Осы белгілер бойынша ол автократияны, аристократияны, демократияны: «патшаның, дворяндардың, халықтың билігін» ерекше бөліп көрсетеді. Кант болашақта ұлтаралық және мемлекетаралық талас-тартыстар толығымен тоқтайтын болады, соғыстар жойылып, жаппай бейбітшілік орнайтын болады деп есептеді. Кант бейбітшілікті тұрақты орнатудың жолын бостандығы мен саяси дербестігін сақтайтын біздің планетамыздың барлық халықтарын «федерация» құруға объективті түрде алып келетін «жария» жағдайлар жасаудан көрді. Бұл халықтардың одағы, бірақ ол халықтардың мемлекеті болмауы тиіс.

Кант сондай-ақ бассыздықтың шегін белгілеудегі құқықтың рөліне көп көңіл аударды. Канттың пікірінше, құқықтың мәжбүр етушілік күші бар, оны алып жүруші — мемлекет. Кант осылайша тұлғаның бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық мемлекеттің өмір сүруі қажеттігі туралы ойға әкеп тірейді.

Саяси режимді либерализациялаудың өткір қажеттігі, сословиелік жеңілдіктерді жою, қатан заңдылықты орнату, бұқара халықты қызу қолдау керектігі сенімі Иоган Фихтені (1762—1814) ешқашан бей-жай қалдырған емес. Өмірінің соңғы күніне шейін ол Ағартудың гуманистік идеологиясына берілгендігін сақтады, буржуазиялық-демократиялық өзгерістердің жақтаушысы болып қалды. Фихте мемлекеттің абсолюттік полициялық билігінің өз қол астындағыларға бассыздығын тоқтатуға тырысты және тұлғаның саяси құқығы мен бостандығын табиғи-құқықтық доктринаға арқа сүйеп бекітпекші де болды. Жеке адамның бостандығына кепілдік беру үшін және онымен барлық адамдардың бостандығын үйлестіру үшін адамдардың құқықтық қауымдастығы қажет. Мұндай құқықтық қауымдастықтың арқауы өнегелік заң емес, керісінше саналы еркіндігі бар тіршілік иелерінің өзара қарым-қатынастарынан туындайтын заң болуы тиіс. Құқық бірыңғай тек адамның әрекеттері мен істері саласын реттейтіндіктен, моральдан тәуелсіз өмір сүреді.



Немістің классикалық философиясының көрнекті өкілі Георг Гегель (1770—1831) дүниежүзі тарихы дамуының іргелі принциптерін жасады және буржуазиялық қоғамның саяси ойын дамытты. Оның негізгі жұмыстары: «Рух феноменологиясы» (1807 ж.), «Құқық философиясы» (1821 ж.). «Азаматтық қоғам» және «мемлекет» категорияларын жасау мен шектеу оның еншісіне тиесілі нәрсе. Ол саяси мемлекет пен азаматтық қоғамды бір-бірінен ажырата отырып, соңғысын жеке тұлғаның ерекшелікті дара мақсаттары мен мүдделерін жүзеге асыру саласы ретінде анықтады. Азаматтық қоғам отбасы мен мемлекет арасындағы аралық жағдайда орналасқан. Гегель азаматтық қоғамды қайшылықты мүдделері шиеленіскен антагонистік қоғам ретінде, бірінің біріне қарсы соғысы ретінде бейнеледі. Ол мемлекетті негіздеуші ретіндегі халық егемендігін және одан туындайтын демократия идеясын жоққа шығарды. Жоғарғы билік, Гегельдің пікірі бойынша, халықтың мүддесін білдіре алмайды, өйткені халық «саналы еріктің» нені керексінетінін білмек түгілі, өзіне не қажет екендігін де білмейді.

Азаматтық қоғамның негізгі белгілеріне, Гегельдің анықтауынша, мұқтаждықтар жүйесі, әділ сот, полиция және корпорацияны атқару жатады. Саяси мемлекетті ол заң шығарушы билікке, үкімет билігіне және патша билігіне бөледі. Құқық ұғымы дамуының негізгі үш сатысы: абстрактылы құқық, мораль және өнегелік болып табылады. Гегель іліміндегі конституциялық монархия абсолюттік құқық идеясының нақтылы аяқталуы және шынайы көрінісі болып табылады.

Құқықтық мемлекет туралы ілімнің одан әрі дамуы Гегельдің «Құқықтық философиясы» еңбегінде жалғасын тапты. Тұлғаның бостандығы және оның құқығы, Гегельдің пікірінше, ең алдымен меншік арқылы жүзеге асады. Бостандық пен жеке меншік, Гегельдің көзқарасы бойынша, — ажырамас ұғымдар.

Буржуазиялық құрылыстың орнауы еңбекші халықтың материалдық жағдайын айтарлықтай жеңілдеткен жоқ. Мұны сол кездегі алдыңғы қатарлы ойшылдар көрді және еңбекші адамдарға өздерінің теорияларымен қалайда көмектесуге тырысты. Мұндай жағдай Еуропадағы капиталистік қоғамдық қатынастардың пайда болуы мен орнығуын негіздеген саяси идеялармен қатар ескі, феодалдық және жаңа, буржуазиялық әлеуметтік-саяси құрылысты толығымен жоққа шығарған, каналушы халықтың төменгі тобының мүдделерін қорғаған қоғамдық-саяси ой бағытының дамуына да мүмкіндік берді. Бұл бағыт утопиялық социализм деген атпен белгілі болды. Буржуазиялық қоғам дәуіріндегі оның аса белгілі болған өкілдері француз ойшылдары А. Сен-Симон, Ш. Фурье және ағылшын ойшылы Р. Оуэн болып табылады, бұлар болашақ қоғамды адам қажеттіліктердің бәрін қанағаттандыруға қабілетті және тұлғаның

гүлденуін камтамасыз ете алатын молшылығы асып-тасыған қоғам ретінде бейнеледі.

Өмірде орын алған қоғамдық құрылысты қатал сынап отырып, буржуазиялық революциялар әдетте қанды лаңкестікке ұласқанын айтып, француз утопистері бүкіл адамзатты ақыл-парасат арқылы бірден азат еткісі келді. Олар социализмді абсолюттік ақиқаттың, ақыл-парасаттың және әділеттіліктің көрінісі, осы шындықты ашса болды социализм бүкіл дүниежүзінде орнайды деп есептеді. Мысалы, Анри Сен-Симон (1760—1825) қоғамның мақсатына бір орталықтандырылған жоспарлы шаруашылық жүйесін құрумен қол жеткізіледі, жана құрылыста адамдарды бұрынғы басқару жүйесінің орнына өндіріс заттары мен процестері басқару жүйесі келеді деп болжады.

Осымен байланысты Сен-Симонның адамзаттың тарихи жолын саппай келіп, саяси құрылыстың негізі қоғамның экономикалық жағдайы, адамдардың материалдық мүдделері болатынына көзі жетті. Сен-Симон «шаруашылық» билікті, яғни, ұлттық мүдде үшін халық шаруашылығының дамуына жетекшілік жасауды басты билік деп санады. Үкіметтік билік, оның пікірінше, минимумға шейін қысқаруы тиіс және ол адамдар мен ассоциацияның материалдық және рухани қабілеттерінің кедергісіз дамуына ықпал етуі қажет.

Буржуазиялық революцияның нәтижелерін, капитализмнің саяси және құқықтық жүйесін өткір сынаған Шарль Фурье (1772—1837) болды. Шешуші рөлді ақыл-парасатқа берген Сен-Симонға карағанда Фурье бірінші орынға адамның мәңгі және өзгермейтін табиғаты идеясын ұсынды, әр түрлі құмарлық оның әлеуметтік дамуына негіз болды. Энтузиазм жоғарғы құмарлық болып табылады, ол еңбекте шығармашылықты, бәсекелестікті туындатады, соның негізінде еңбек өнімділігі артады, ассоциация мүшелерінің қажеттіліктері жан-жақты қанағаттандырылады. Соңғысының тіршілік әрекетін оның мүшелерінің өздері реттейді, ережелер ерікті түрде орындалады. Жалпы басшылықты бүкіл халық сайлаған ареопаг жүзеге асырады.

Фурье саяси күресті жоққа шығарды, мемлекеттік құрылыс формаларына немқұрайды карады және әділеттілік негізінде қоғамды өзгерту тек реформа жолымен іске асуы керек деп есептеді. Ал оларды жүзеге асыратындар, өзінің ілімін қабылдаған, ақылды мемлекеттік қайраткерлер.

Өзінің саяси көзқарастарында Роберт Оуэн (1771—1858) жана құрылыстың қалыптасуын — жалпы заңдар жинағы негізінде бірдей басқару тәртібі бар коммуналар құруды камтамасыз ететін мемлекетке үлкен сенім артты. Бұл қоғамдық меншікке және коммуна мүшелерінің ортақ еңбектеріне, олардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігіне, гуманистік тәрбие

жүйесіне, жоғары өнетелікке негізделген ұжымдық қоғам болуы тиіс. Коммунаны оның мүшелері өздерінің қабілеттеріне және ортақ мүдделеріне сәйкес басқарады. Мемлекеттік билік коммуналарды құру кезінде ғана қажет, оларды құруға көмектесуі керек. Конституция негізінде әрекет ететін ерікті және автономды коммуналардың өзін-өзі басқаратын федерациясы – Оуэннің идеалы міне, осы. Коммунадағы заң шығарушы билік мүшелері 21 жастан асқан жалпы жиналысқа (конституция бойынша) тиесілі, атқарушы билік жалпы жиналыста сайланатын, оған есеп беретін кеңеске тиесілі.

Ол кооперативтік қозғалысты, кәсіподақ қызметінің еркіндігін, кедейлерге қайырымдылық пен көмек көрсетуді қолдады. Оуэн қоғамды қайта құру үшін қызу үгіт-насихаттық қызметті ұйымдастырды және оған өзі белсене қатысты. Ол өз ойын іске асыру үшін Америка президентінен, Пруссия королінен көмек сұрап өтінді, Николай I және ағылшын ханшайымы Викториямен әңгіме жүргізді. Алайда социалистік бастауларға негізделген қоғам құруға ол көмек ала алмады. Тіптен ол қуғын-сүргінге түсіп, қайыршылықта дүние салды, оны және оның идеяларын ел ұмытты және мойындамады.

Утопист социалистер болашағы бар бірқатар идеяларды: биліктің саяси функцияларының жойылуы туралы; саяси шеттетілуді жою туралы; өндірістегі прогреспен, өркениет пен мәдениеттің дамуымен байланысты мемлекеттің жойылуы туралы идеяларды қалыптастырды. Сыншыл утопиялық социализмнің барлық өкілдері жана қоғамдық құрылыстың соғыс атаулыны, халықтар арасындағы әскери қақтығыстарды тоқтататынына сенімді болды. Әйтсе де утопиялық социализм буржуазиялық қоғамның және капитализмдегі жалдамалы құлдықтың мәнін түсіндіре алмады, оның даму заңдарын аша алмады, жана қоғамды жасауға қабілетті күшті таба алмады.

Жетілген буржуазиялық қоғамдағы алдыңғы қатарлы саяси ойдың гүлденуі тек Батыс Еуропаға ғана тән емес. Прогрессивті саяси көзқарастар Солтүстік Американың Атлантика жағалауындағы XVIII–XIX ғасырда негізделген ағылшын отарларында кеңінен тарайды. Өнеркәсіп пен капиталистік қоғамдық қатынастардың дамуымен бұл отар елдерде метрополия мен олардың арасында қарама-қайшылық шиеленісті. Ағылшын отаршылдары жергілікті халықты аяусыз қанады. Кейбір жерлерде (Оңтүстікте) құлдық ашық жүргізілді. Англия отар елдердің өз бетінше экономикалық дамуына кедергі келтірді.

1775–1783 жж. Америка халқының өз тәуелсіздігі үшін жүргізген соғысы ішкі қайшылықтардың және метрополиямен болған қайшылықтардың күшеюінің салдары еді. Ол Америка халқының жеңісімен аяқталды. Бұл жеңіс «Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздік Декларациясын-

да» саяси түрде бекітілді (1776 ж. 4 шілде – бұл күн АҚШ-тың ұлттық мерекесіне айналды).

Тәуелсіздік үшін соғыстың жеңісінен кейін АҚШ-тағы саяси ойла екі бағыт қалыптасты. Прогрессивті саяси идеяларды Т. Джефферсон және Т. Пейн жақтады. Томас Джефферсон (1743–1826) – америка халқының азаттық жолындағы күресінің көрнекті қайраткерлерінің бірі және көрнекті саяси ойшыл. Ол «АҚШ-тың тәуелсіздігі Декларациясының» авторы, онда адамның теңдігі, бостандығы, ажырамас табиғи құқығы жөнінде және оны халықтан ешбір билік тартып ала алмайтындығы жөнінде айтылған. «Дүниеде адамның табиғи құқығынан басқаның бәрі өзгереді», – деп жазды Джефферсон. Ол адамға құқықты мемлекет бермейді, олар адамның ажырамас, табиғи құқығы ретінде өмір сүреді деп негіздеді. Мемлекет соны қамтамасыз ету үшін өмір сүреді.

Тәуелсіздік үшін болған соғыс жылдары радикалдық саяси көзқарастарымен алға шыққандардың бірі – революцияшыл демократ Томас Пейн (1737–1809) болды. Саяси ой тарихында ол алғашқылардың бірі болып қоғам мен мемлекет арасындағы айырмашылықтарды айқындады. Жаппай сайлау құқығына, кен және тең өкілеттілікке негізделген демократиялық республика Пейннің саяси идеалы болып табылады.

Пейн соғысқа қарсы бағытталған идеяларды, бейбітшілік идеясын негіздейді. Соғыстар, оның пікірінше, жеке бастың қамын ойлаған саясаттың нәтижесі болып табылады. Бейбітшілікті сақтамаған үкімет құлатылуы тиіс. Сонымен бірге Пейн әділетті соғыстарды қолдайды, оған ол тәуелсіздік үшін және сыртқы шапқыншылықтан елді қорғау үшін болған соғыстарды жатқызды.

Бұл кезеңде АҚШ-тың саяси ойының басқа бағытының өкілдері ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және плантаторлар-құл иеленушілердің мүдделерін қорғады. Осылардың бірі Александр Гамильтон (1757–1804) болды. Ол АҚШ-та күшті орталық билік құруды жақтады, демократияны меншік құқығын жоюды мақсат еткен «қаралардың үстемдігі» ретінде бейнеледі. Гамильтон билікті ұйымдастыру адамдардың мүліктік жағдайына сәйкес олардың құқығын бөлуге негізделуі тиіс деп сендірді. Гамильтон: «Халықтың дауысы – бұл құдайдың дауысы деп айтады, бірақ бұл нақыл көптеген адамдардың сөз дәйегі болып, сенім ретінде қабылданса да, шындығында ол дұрыс емес. Халық құтырған әдет-ғұрыптарды және тұрақсыздықты игерген, ол ойлауға және дұрыс шешуге анда-санда ғана қабілетті» деп жазды. Ол АҚШ-та конституциялық монархия құру үшін күресті.

Осы демократиялық және консервативтік екі бағыттың күресі АҚШ-тың одан кейінгі саяси өмірінде жалғасын тапты. Қалай дегенмен де бұл елде демократияның деңгейі бүгінде дүниежүзілік өлшеуіштің ең жоғарғы

белгісінде тұр. Сонымен, буржуазиялық қоғамда саяси ой жоғарғы қарқынмен дамыды. Адамның өмір, бостандық және теңдік іспетті табиғи құқықтарын теориялық негіздеу және мемлекет өмірінің практикасына енгізу оның басты жетістігі болды.

Батыс Еуропада орнаған капиталистік құрылыс өзінің идеологиясын либерализмнен тапты. Либерализмнің тұжырымдамалық өзегі екі негізгі тезисті қалыптастырды. Біріншісі: жеке бостандық, әрбір индивидтің бостандығы және жеке меншік ең жоғарғы әлеуметтік құндылықтардың мәні. Екіншісі: осы құндылықтарды жүзеге асыру барлық шығармашылық мүмкіндікті және оның сәттілігін ашып қана қоймай, бір мезгілде жалпы қоғам мен оның мемлекеттік ұйымдарының гүлденуіне жеткізеді.

Еуропалық либерализмнің отаны – Англия XIX ғасырда әлемге оның көптеген беделді өкілдерін өкелді. XIX ғасырдағы Еуропа либерализмі қайраткерлерінің қатарында И. Бентам (1748–1832), Д. С. Милль (1806–1873) ерекше көзге түседі.

Бентам саяси утилитаризм теориясының авторы. Осы теорияға сәйкес, адамдар өз қызметінде практикалық пайда принципін басшылыққа алады, оны азап шегу және рахаттылық арақатынаспен өлшеуге болады: адам, оның азап шегуі минимальды болып, ал рахаты максимальды болған уақытта ғана бақытты. Сондықтан Бентам, саясаттың мақсаты қоғамның «барынша көп адамдарын мейлінше мол бақытқа» жеткізуден тұратындығын атап көрсетті. Сондай-ақ мемлекет тұлғалардың алуан түрлі мүдделерін қанағаттандыруы тиіс, адамдардың қауіпсіздігін және азық-түлікпен қамтылуын қамтамасыз етуі керек, олардың жеке өміріне қол сұқпауы тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыруда, Бентамның пікірінше, халық бір палаталы парламентке өзінің өкілдерін жаппай және тең сайлау құқығы негізінде сайлайтын, сайлаушылардың сенімінен шықпаған депутаттар кері шақырылып, заңды жауапкершілікке тартылатын; сонымен қатар, қоғам тарапынан билік органдарына бақылаудың әр түрлі механизмдері құрылатын және т.б. болатын өкілетті демократия формасы аса қолайлы.

Француз буржуазиясының XIX ғасырдың бірінші жартысындағы антифедералдық идеологиясын көптеген либералдық саяси ойшылдар білдірді. Солардың арасынан Б. Констан (1767–1830), Еуропа құрлығындағы либерализмнің рухани атасы саналған және демократияның көрнекті теоретигі және бір мезгілде табанды либералы болып есептелген А. Токвиль (1805–1859) айтарлықтай көзге түсті.

АҚШ-қа жасаған саяхатынан кейін Токвиль 1832 жылы «Америкадағы демократия» атты еңбегін жазды. Осы елдің саяси тәжірибесін сараптай отырып, Токвиль бірқатар маңызды қорытындылар жасады. Біріншіден,

әлеуметтік теңдікті бекітуден және аристократияның құлауынан келіп демократияның таралуы дүние жүзілік тенденция болып табылады. Екіншіден, демократияның бірқатар артықшылықтары бар: «демократиялық басқарудың мәні көпшіліктің рөлі жоғары тұрғандығын білдіреді»; тек демократия ғана азаматтардың көп бөлігінің амандығына ықпал етеді, саяси бостандықты және бұқара халықтың басқаруға кеңінен қатысуын қамтамасыз етеді. Осы құндылықтар, Токвильдің пікірінше, Американың саяси жүйесінен, оның мекемелері мен конституциясынан толық орын алған. Үшіншіден, бұл құндылықтармен қатар, Токвиль демократияның кемшіліктерін, оның жетілмеген тұстарын атап көрсетті. Оның пікірінше ең алдымен демократияға индивидуализм қауіп төндіреді, эгоизм, азаматтардың саяси енжарлығы, оларда қоғамдық мәселелерге немқұрайдылықтың артуы соның айқын көрінісі болып табылады.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы неміс либерализмі көптеген есімдермен байланысты, бірақ жалпы еуропалық танымалдыққа В. Гумбольдт (1767–1835) пен Л. Штейн (1815–1890) ие болды. Гумбольдттың мемлекетке көзқарасындағы ортақ ұстаным – гуманистік индивидуализм ұстанымы. Оны мемлекеттің өзінен гөрі, адамның мемлекетпен қарым-қатынасы толғандырды. Қоғам, мемлекет туралы бірқатар іргелі зерттеулер Л. Штейннің үлесіне тиеді. Оның либерализмі өзінің әлеуметтік саяси доктринасының негізгі мәселесі етіп индивид туралы, оның құқығы, оның меншігі жөніндегі мәселелерді қоюынан байқалды.

Жаңа замандағы саяси ойда либерализм идеясына консерватизм қарсы тұрды. Либерализм капиталистік өндіріс тәсілдерінің және буржуазиялық құндылықтардың бекуін идеологиялық тұрғыдан негіздеді. Консерватизм антибуржуазиялық, қоғамды революциялық өзгертулерге кедергі жасайтын феодалдық-клерикалдық идеология ретінде пайда болды. Консерватизм идеологиясын жасаушылар ағылшын ойшылы әрі саясаткері Э. Берк (1729–1797), француз қоғам қайраткерлері Ж. де Местр (1734–1821) мен Л. де Бональд (1753–1840) болып есептеледі.

Консерватизм Ағарту дәуірі мен 1789 жылғы Француз революциясы ұсынған бостандық, теңдік, ақыл-парасат және прогресс идеалдарын жоққа шығарды. Консерваторлардың пікірінше, қоғамдағы саяси институттар ең алдымен отбасы мен мемлекет оқиғалардың табиғи барысының көрінісі болып табылады. Демек, өміршең жүйе ретіндегі қоғамның қирауына жол бермеу үшін өмірлік тәжірибенің жүзеге асырылуына кедергі келтірмеу керек. Берк «Француз революциясы туралы пайымдаулар» атты жұмысында табиғи құқық пен қоғамдық келісім идеяларын сынай келіп, мемлекетті табиғи эволюцияның нәтижесі деп санады. Де Местр мен де Бональд революцияны шайтанның ісі деп есептейді, өйткені ол жасампаз

емес, тек қиратушы ғана. Де Местр абсолюттік монархияны басқарудың идеалы ретінде қарастырды.

Жалпы саяси теориялардың дамуындағы және соның ішінде социалистік идеологияның өркендеуіндегі ірі қадам Карл Маркс (1818—1883) пен Фридрих Энгельс (1820—1895) ілімі — марксизм болды. Бірқатар саясаттанушылардың пікірі бойынша, классикалық түрдегі саясаттың маркстік тұжырымдамасы өткен классикалық тұжырымдама мен қазіргі оның түсіндірмесінің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етіп тұрған қайсыбір «көпір» іспетті. Саясаттың көптеген қазіргі тұжырымдамалары марксизмге сын тұрғысында қалыптасты. Маркс пен Энгельстің іліміндегі саяси сала тұжырымдамасы мынандай алғышарттарға арқа сүйейді: біріншіден, саяси саланың экономикалық саламен байланысы. Саяси сала базистен жоғары тұрған қондырма — өндірістік қатынастар жиынтығы. «Материалдық өмірдің өндірістік тәсілі — деп жазды Маркс, — жалпы өмірдің әлеуметтік, саяси және рухани процесіне себепші болады»<sup>1</sup>. Бұл қағида саяси нақтылықтың өзін ғана қарастырумен түсінуге болмайтындығын, ол үшін қоғамдағы материалдық қатынастарды талдау қажеттігін білдіреді. Мұндай тәсіл ғасырлар бойы саяси ойды толғандырған, ең алдымен мемлекеттің шығуы және оның мәні туралы мәселеге және т.б. көптеген мәселелерге жаңаша қарауға мүмкіндік берді.

Маркс пен Энгельстің пікірі бойынша мемлекеттің жердегі негізгі адамдардың материалдық мүдделерінде жатыр. Мемлекет адамдардың ерікті еркінен туындамайды, ол еңбек бөлінісінің және сонымен байланысты қалыптасқан әлеуметтік топтардың құрылуының заңды нәтижесінде пайда болады.

Екіншіден, саясаттың экономикаға және қоғамдық өмірдің басқа да салаларына қатынасы бойынша салыстырмалы түрдегі дербестігі және оның белсенділік рөлі. Базис алғашқы, қондырма екінші болғанына қарамастан қондырма институттары әлеуметтік-экономикалық қатынастарда белсенді рөл атқарады және оларды қалыптастырудың маңызды құралдары ретінде де белгілі. Қалыптасқан саяси сала өзінің заңдылықтары мен ішкі серпілістерінің негізінде дамиды.

Үшіншіден, саясат — бұл тап күресінің нәтижесі және формасы. Таптық-антагонистік қоғамда саясат әр түрлі болады, ол көбінесе қарама-қарсы таптық мүдделері бар топтардың арасындағы қарама-қайшылықты шешумен байланысты. Бұл тап күресінің әр түрлі формаларынан көрінеді, соның ішінде, әлеуметтік революциялардан байқалады. Саясатты маркстік талдауға негіз болған Маркс пен Энгельстің билікті жеңіп алуға

<sup>1</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т. 13. С. 7.

және оны ұстап тұруға бағытталған тап күресінің саяси тұрғыдағы мәні туралы ұсынған қағидасы еді. «Жеке мағынасындағы саяси билік сөзі, — деп жазды олар, — бұл бір таптың екінші таптың қарсылығын басып-жаншу үшін ұйымдасқан зорлық-зомбылығы»<sup>1</sup>.

Капиталистік қоғамның саяси билігі, Маркс пен Энгельстің пікірінше, бұл — буржуазия диктатурасының жүйесі. Марксизмнің мынандай қағидалары да саяси салаға таптық түсініктеме берумен байланысты: «мемлекет — бұл буржуазия істерін басқару комитеті», «коммунистік партия — жұмысшы табының авангарды». Бұдан шығатын қорытынды таптар мен әлеуметтік жіктердің қоғамдық жағдайын талдау бұқара халықтың, партиялардың және жекелеген көшбасшылардың саяси жүріс-тұрысын түсіну үшін бастапқы нүкте болып табылады.

Төртіншіден, қоғамның таптық бөлінісі мәңгілік нәрсе емес. Адамзат тарихының таптарды жоюға және тапсыз қоғам орнатуға жылжу заңдылықтары бар. Осыдан келіп мемлекетті және кез келген саясатты құру заңдылықтары туралы қағида шығады. Коммунистік қоғамда жеке және қоғамдық мүдделердің үйлесімділігіне жету керек.

Маркстік саясат теориясы саяси процестің кейбір тереңдегі факторларын және саяси мінез-құлықтың себептерін ашты, оның саяси теориялардың дамуына қосқан үлесі осы. Алайда, марксизм көбінесе саяси өмірдің экономикаға байланыстылығына баса көңіл аударып, ал, саяси белсенділік пен қызметтің кейбір аса нәзік механизмдерін жете бағаламады, тіптен жоққа шығарды: әлеуметтік-психологиялық, социомәдени, құқықтық, демографиялық және биологиялық факторларды мойындамады.

Еуропа мен Ресейде Маркс пен Энгельс ілімдерінің ықпалы әрқалай байқалды. Ресейде бұл ілімнің революциялық-идеологиялық жағы басымырақ ықпал етті. Батыста марксизмнің ықпал етуі көбіне-көп Маркс идеяларын тарату арқылы көрінді, оның жекелеген қағидаларын қазіргі ғылыми методологияның бөліміне айналдырудан байқалды.

Бүгінде маркстік ілімнің құндылықтары мен өзек жардылығын қайтадан бағалау жүріп жатыр. Маркс пен Энгельстің саясатқа, мемлекетке деген қайсыбір көзқарастарына амалдардың түрліше өзгеруіне қарамастан, олардың бағалары әр түрлі болса да бір нәрсе бізге анық: бұл көзқарастар дүниежүзілік ой тарихына енді, оның қомақты бөлігін құрайды. Марксизмді терең пайымдамайынша, дүние жүзінің, соның ішінде Ресейдің XIX-XX ғасырлардағы саяси және рухани өмірінің шын бейнесін елестету мүмкін емес. Осымен байланысты дүниежүзілік саяси ойдың дамуына Ресей ойшылдарының ірі үлес қосқанын айтуымыз керек.

<sup>1</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Соч. Т. 4. С. 477.



#### 4. Ресейдің саяси ойлары

Ресейдің көп ғасырлық тарихында бірегей саяси идеялар, ілімдер болды. Ресейдегі саяси ойдың дамуы Ресей мемлекетінің дамуымен қатар жүрді. Ресей саяси ойының Батыс Еуропаның саяси ойымен және Солтүстік Американың қоғамдық-саяси дәстүрімен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бар. Ол Ресей мемлекетінің табиғатын және оның ерекшелігін түсінуге ұмтылудан, оның мәдени-тарихи болмысын және ұлттық ерекшелігін сақтау мен нығайту талабына тырысудан пайда болды. Ресей саяси ойшылдарының негізгі күші мемлекеттің мәнін анықтауға және Ресей үшін саяси құрылыстың қолайлы формасын іздестіруге жұмылдырылды. Ресейдің саяси ойы батыс еуропалық саяси ойдың белгілі бір ықпалымен дамыды, бірақ оның дамуының басты қайнар көздері мемлекеттіліктің дамуының нақты проблемаларынан, идеялық және рухани дәстүрлер ерекшеліктерінен, отандық саяси тарихтың иректерінен бастау алды.

Ресей саяси ойының дамуының негізгі кезеңдері орыс мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдеріне сәйкес келеді. Ресей саяси ойының дамуының келесі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады: Ежелгі Русь кезеңі, бір орталыққа бағынған Ресей мемлекетінің пайда болуы мен нығаю кезеңі; абсолютизмнің пайда болуы мен нығаю кезеңі; феодализмнің ыдырауы мен капиталистік укладтың қалыптасуының басталуы (XVIII ғасырдың екінші жартысы) кезеңі; XIX ғасырдағы Ресейдегі саяси ой; XX ғасырдағы саяси ой.

Орыс саяси ойының пайда болуы X–XI ғасырларда орыс жерлерін біріктіру, орыс мемлекеттілігін қалыптастыру және нығайту міндеттерін шешумен байланысты іске асты. Бұл процеске 988 жылы христиан дінін қабылдау шешуші ықпал етті. Византиядан Ежелгі Руське христиандық іліммен қатар жана саяси ұғымдар ене бастады, солардың көмегімен қоғамдық өмірдің өзек жарды мәселелері пайымдаудан өтті.

Мемлекеттің шығуы, билеуші әулеттің үстемдігінің заңдылығы, князьдік билікті нығайтудың жолдары, зайырлы және діни биліктің арасындағы қатынас және т.б. проблемалар саяси пайымдаудың тақырыбы болды. Бұл мәселелер ежелгі орыс әдебиетінің мұралары саналатын Киев метрополиті Илларионның «Береке заңы туралы сөз» (1094 ж.), «Уақытша жылдар повесі» (1123 ж.) атты жылнамалар жинағында, «Владимир Мономахтың өнегелері» (1125 ж.), «Игорь полкі туралы сөз» (XII ғасырдың соңы), «Данил Заточниктің жалбарынуы» (1229 ж.) және т.б. өзіндік көрініс тапты.

XIV–XVI ғасырларда Русьте орталықтанған мемлекет қалыптасады. Осы кезеңде самодержавиені нығайту проблемасы және орыс мемлекетінің дүниежүзілік державалар арасындағы рөлі туралы мәселе маңызды

болды. Сол тұста Псков монахы Филофейдің Москваны Үшінші Рим ретінде көру жөніндегі теориясы негізделді, онда Ресей Византияның рухани мұрагері ретінде бүкіл православие халықтарын өлемдік туыстыққа біріктіру тарихи миссиясын атқаруға тиісті деген идея жарияланды. Осылайша Филофей дүниежүзілік тарихтағы Ресейдің өмір сүруінің мәні туралы мәселені бірінші болып қойды, ол белгілі бір дәрежеде шешімін тапты да, кейін бұл идеяны көптеген орыс ойшылдары дамытты.

XVII ғасырдың екінші жартысында бүкіл орыс жерлерінің бірігуі болды және сословиелік өкілетті монархияның абсолюттік монархияға ауысуы бірге жүзеге асты. Бұл Ресей саяси ойынан көрінісін тапты. Саяси трактаттарда жетекші орынды патша билігінің жоғарылығының негізделуі алды. Сол уақыттағы көрнекті саяси ойшылдар Феофан Прокопович (1681–1736), В. Н. Татищев (1686–1750), И. Г. Посошков (1652–1726) болды. Прокопович патшаның шексіз билігін, бір жағынан оның құдайлық шығу тегімен, екінші жағынан – ортақ игілікке жетуді көздеп бағынушылардың билеушіге абсолютті билікті беріп, өз құқықтары мен бостандықтарынан саналы бас тартуымен негіздейді. Прокопович басқарудың жақсы формасы деп абсолютті монархияны мойындаған. Ол мұрагерлікке қалдырылады немесе сайлау арқылы болуы мүмкін. Оның пікірінше, мұрагерлік форма аса тиімді, өйткені билеуші монарх өзінің мұрагеріне гүлденген мемлекет қалдыруға тырысады.

Күшті атқарушы биліктің жақтаушысы Татищев Прокоповичке қарағанда басқару формасына таңдау немесе жаңа монархты сайлау табиғи заңға сәйкес келуі тиіс және «барлық қол астындағылардың келісімімен» жүзеге асуы керек деп есептеді. Татищев мемлекет құру процесіне тарихи бастау беруге тырысты, оның пікірінше, бүкіл адамзат қауымдастығы тарихи тұрғыда пайда болған. Осымен байланысты Татищев басқару формасын аумақтың көлемімен және халықтың даму деңгейімен байланыстырады. Демократия, оның пікірінше, бүкіл «үй иелері» жинала алатын тек шағын елде ғана іске асады. Кен аумақты алып жатқан елдерде және халқының білімі төмен елдерде патшалық басқару болуы тиіс. Сондықтан Татищев мынадай пікірді ұстанды: ұлы мемлекет ретіндегі Ресей үшін «білімді монархия» басқарудың аса қолайлы формасы болып табылады.

Посошков «Байлық пен тапшылық туралы кітапта» халықтың кедейшілігінің себептерін және мемлекетте қалыптасқан заңсыздықтың себептерін анықтауға тырысқан. Посошков қоғамдық байлықты арттыру мақсатында қоғамдық өмірді мемлекеттің жаппай реттеуін қолдады. Парасатты басқаруға сенім артқан ол патша жарғысымен өндірісті ұйымдастыру тәртібін анықтауды, сауда істерін жүргізу, тауар бағалары мен жердің

өз құнын анықтау тәртібін енгізуді ұсынды. Сонымен қатар ол барлық сословиеге қолайлы болу үшін сот реформасын жүргізуді қолдады.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап феодалдық басыбайлылық жүйенің ауқымында капиталистік шаруашылық уклады дами бастады. Сол мезгілде саяси ойда қалыптасқан құрылысқа қарсы оппозициялық ағарту идеологиясы бас көтерді. Басыбайлылық құқықты жою, оның экономикадағы, әлеуметтік және саяси саладағы барлық көріністеріне жол бермеу, ағартуды, өзін-өзі басқаруды, бостандықты және жалпы еуропалық өмір формаларын белсенді қорғау талаптары оның мәнді белгілері болып табылады. Ресейдегі саяси ойдың осы бағыттағы көрнекті өкілі А. Н. Радищев (1749–1802) болды. Оның «Петербургтен Москваға саяхат» атты басты шығармасында басыбайлылық құқықтың экономикалық, әлеуметтік, моральдық қауіптілігі, сонымен қатар самодержавиенің бүлдірушілік рөлі көрсетілді. Ол қос «құбыжық» бірге өмір сүреді және бірін-бірі қолдап отырады деп есептеді. Кітаптағы басыбайлылық пен самодержавиеге қарсы шаруалар көтерілісіне шақыру орыс революциялық радикализм идеологиясының қалыптасуының бастауы болды.

Радищевтің әлеуметтік идеалы – еркін және тең құқықты меншік иелерінің қоғамы. Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысын ол астанасы Төменгі Новгородта орналасқан вече жиналыстары бар еркін және ерікті қалалар федерациясы формасында, ал сотты – республика азаматтары сайлайтын земстволық соттар жүйесі түрінде көрді.

XIX ғасырда Ресейде капиталистік қатынастардың дамуы жалғасты. Наполеонмен соғыс кезеңінде Батыс Еуропаның қоғамдық-саяси құрылысымен және идеяларымен аса жақын танысу жүрді. Бұл қоғамда либералдық көңіл-күйдің (әсіресе дворяндар арасында) тарауына ықпал етті. Осы кезеңде Ресейде қоғамдық қатынастар мен мемлекеттік билікті құру саласында либералдық реформаның бірқатар жобалары жасалды. XIX ғасырдағы Ресейдегі саяси ой негізінен М. М. Сперанскийдің, Н. А. Карамзиннің либералдық-дворяндық идеологиясынан, дворян революционерлер-декабристер М. П. Бестужев-Рюминнің, П. И. Пестелдің, Н. М. Муравьевтың, ойшыл П. Я. Чаадаевтың және басқаларының көзқарастарынан тұрғандығын айтуымыз керек.

М. М. Сперанский (1772–1839) басыбайлылық құқықты біртіндеп, жоғарыдан жою идеясын ұсынды. Сперанский Ресейдегі құқықтық мемлекеттің бірінші теоретигі. Билікті жүзеге асырудың заңды формасын Сперанский билікті бөлу қажеттілігімен байланыстырады. Сперанский оған бірегей түсініктеме береді. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігін ол біртұтас «державалық ерік-жігердің» көрінісі ретінде қарастырады. Осыған орай император – «жоғарғы заң шығарушы», «атқарушылықтың

жоғарыға бастау күші» және «соттын жоғарғы қорғаушысы». Заң шығарушы орган, Сперанскийдің жобасы бойынша, сословиелік ценза бойынша емес, мүліктік негізде жоғарыдан төменге дейін сайланатын (орталықтан губернияға, уезге және болысқа шейін) Мемлекеттік Дума болуы тиіс. Атқарушы орган император тағайындайтын Министрлер Кеңесі. Сот билігі де жоғарыдан төменге дейін сайланады. Сот билігінің басында Сот сенаты тұрады, оны губерния думасы ұсынған адамдардан император тағайындайды. «Жалпы бүкіл мемлекеттік күштерді біріктірудің» құрамын император тағайындауға тиісті болған мемлекеттік Кеңес жүзеге асырады. Осылайша Ресей империясы конституциялық монархияға айналуға тиісті болды. Алайда бұл жоба мемлекеттік органдарды қайта құрудың басқа да жобалары сияқты крепостнойлық дворяндардың қарсы болуымен қабылданбады.

Өзінің саяси тұжырымдамаларын Н. А. Карамзин (1766–1826) «Ресей мемлекетінің тарихында», «Ежелгі және жаңа Ресейдің саяси және азаматтық қатынастары туралы жазбасында» қалыптастырды. IV Иванның басқаруын сараптау негізінде Карамзин тиранияны дәлелді сынға алды, оны табиғи, жағымды және өнегелік заңдарды бұзатын басқарудың бейнесі ретінде сипаттады. Карамзин билікті бөлуге қарсы шықты. Бүкіл әлеуметтік-саяси жүйені ол «Дворяндар, Дін басылары, Сенат және Синод заңдардың сақтаушысы сияқты, бәрінің үстінен өзі заң шығаратын, биліктің бір ғана көзі болатын патша тұрады» деген формуламен бейнеледі. Өзінің қызметінде заңдарға арқа сүйейтін және өз елі халқының өнегелік тәрбиесі мен саяси ағартушылығына шаралар қолданатын күшті монарх (мұрагерлік болуы міндетті емес) Карамзиннің идеалы болды.

Жоғарғы биліктің асыра сілтеуіне тосқауылды ол монархтың ар-ұяты мен мемлекетті басқаруда орныққан дәстүрлерден көрді.

П. И. Пестель (1793–1826) өзінің саяси көзқарастарын «Конституция. Мемлекеттік өсиет» және «Орыс шындығы» еңбектерінде баяндады. Мемлекетті ол азаматтық қоғаммен ұқсастырды. Пестель орыстың саяси ой тарихына табанды республикашыл ретінде кірді. Ол конституциялық монархияны Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы ретінде мойындамады, ол демократиялық республиканы жақтады. Тергеу кезіндегі өзінің жауап беруінде ол «Ресей үшін республикалық басқарудан басқа ешбір үлкен шаттықты көре алмадым» дегенді айтты. «Орыс шындығы» деген еңбегінде халық үкіметтің игілігі үшін емес, жеке өзінің игілігі үшін өмір сүретінін атап көрсетті. Осымен байланысты Ресей халқы қайсыбір адамның немесе отбасының меншігі немесе иелігі бола алмайды. Ресейде монархия әскери төңкеріс жолымен жойылуы тиіс. Сонымен қатар ол басыбайлылық құқыққа қарсы шықты.

Ол билікті бөлу теориясын қолдаушы болды. Оның теориясы бойынша Ресейге маңызды саяси құқықтар мен бостандықтар енгізу, тұлғаның дербес құқықтылығына құқықтық кепілдік беру, соттың жаңа органдарын құру, қысқа мерзімді қызмет атқаратын әскер құру қарастырылды.

Монархияны демократияландыру туралы ойды Н. М. Муравьев (1795—1843) дамытты. Ресейдің мемлекеттік құрылысы федеративтік болуы тиіс (13 держава және 2 облыс). Жоғарғы өкілетті және заң шығарушы орган — екі палаталы Халық жиналысы (Вече) болып табылады, ол халық өкілдері Палатасынан және аумақтың атынан сөйлейтін орган ретіндегі Жоғары Думадан тұрады. Муравьев көтеріліс жеңіске жеткен соң Конституция қабылдау үшін құрылтай жиналысын шақыруды ұсынды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейде саяси ойдың дамуындағы айтулы оқиғалардың бірі П. Я. Чаадаевтың (1794—1853) «Философиялық хаттарының» жарыққа шығуы еді. Бұл «Хаттарда» Ресей қоғамының тарихына және оның сол тұстағы жағдайына қатты сыни баға берілді әрі Ресейдің бүкіл дүниежүзілік тарихтағы орны мен ролі анықталды. Чаадаевтың пікірінше, Ресей «Батысқа да, Шығысқа да жатпайды, онда олардың дәстүрлері жоқ. Ол туралы айтқанда біз басқа халықтардың арасында ерекшеміз. Біз олардың адамзаттың құрамды бөліміне кірмейтін, әлемге тек ұлы сабақ беру үшін өмір сүретіндердің қатарына жатамыз. Әрине, біз беруге тиісті сабақтардың із қалдырмай кетуі мүмкін емес, бірақ біз өзімізді адамзат арасында табатын және біз тағдырымызды тәлкек еткен апатты өлшейтін күннің туарын кім біледі?». Батыс елдерімен салыстырғанда Ресейдің артта қалуының басты себептерінің бірі ретінде Чаадаев византиялық (православиелік) формада христиандықты қабылдауды санайды. Бұл Ресейді католицизм үстемдік еткен Еуропа елдерінен окшаулауға әкеп соқты.

Кейін Чаадаев Ресейдің болашағына қатысты мейлінше оптимистік көзқарасын да білдірді. Ол қарт Филофейдің орыс халқының дүниежүзілік-тарихи миссиясы туралы дәстүрін жалғастырды. «Менің ойымша, біздің өзгелерден жақсы жасау үшін, олардың қателіктеріне ұрынбас үшін, олардың адасулары мен нанымдарына түспеу үшін бұл идеяға басқалардан кейін келдік. Сонымен бірге менің терең сенімім: біз әлеуметтік саладағы проблеманың үлкен бөлігін шешуге, ескі қоғамдарда пайда болған идеялардың үлкен бөлігін аяқтауға, адамзатты ойландырған маңызды мәселелерге жауап қайтаруға тиістіміз»<sup>1</sup>.

Чаадаевтың идеялары ресейлік интеллигенцияның Ресейдің даму жолы туралы, оның қабілеттілігі мен тарихи тағдыры жөніндегі: «Ресей

<sup>1</sup> Чаадаев П.И. Сочинения. М., 1989. С. 21-22.

батыстық қоғамдық өмір құндылықтары мен формаларын қабылдауы керек пе, немесе ол өзіндік дербес жолымен жүруі керек пе» деген ертеден келе жатқан талас-айтысын шиеленістіріп жіберді. XIX ғасырдың 30–60 жылдары осы проблеманы шешу кезінде Ресейдің қоғамдық-саяси ойында батыстықтар және славянофилдер деп аталатын екі ағым қалыптасты.

Батыстықтар (П. В. Анненков, Т. М. Грановский, И. В. Вернадский, Н. В. Станкович, Б. Н. Чичерин) адамзат өркениетінің біртұтастығына сенді және оның басында Батыс Еуропа келеді, ол бүкіл адамзатқа дұрыс жол көрсетеді деп есептеді, ал Ресей болса Батыстан үйреніп, соның даму жолына өтуі тиіс деді. Славянофилдер (К. С. Аксаков, Н. Я. Данилевский, К. Н. Леонтьев, Ю. Ф. Самарин, А. С. Хомяков) керісінше бірыңғай жалпы адамзаттық өркениет болмайды, демек бәрі үшін бірыңғай даму жолы да болмайды және орыстың қоғамдық және саяси өмірі өзінің жеке жолымен дамыған және дами береді деген ойды бекітті.

В. С. Соловьевтың (1853–1900) «бүкілтұтастық философиясына» негізделген қоғамдық-саяси теориясы батыстықтар мен славянофилдердің арасындағы даму жолы туралы талас-айтыстың өзіндік бітістірушісі болып табылады. Соловьев христиандықтың және иудаизмнің барлық конфессияларын біріктіру негізінде ғаламдық теократиялық мемлекет құруды ұсынады, онда басты рөлді Ресей атқаруы тиісті болды. Соловьев осы утопиялық жобасымен қатар құқықтық мемлекет тұжырымдамасын жасады, онда ол еуропалық ойдың алғашқылардың бірі болып «лайықты өмір сүруге әр адамның құқығы» идеясын қалыптастырды. Соловьевтың «әділетті» мемлекет тұжырымдамасы өнегелік, тұлға бостандығы, теңдік, әділеттік, құқық, билік, мемлекет категорияларының өзара байланысына құрылған. Саясат, оның пікірінше, өнегесіз болмауы керек, «өнегелік пен саясаттың арасын бөлу біздің ғасырымыздағы адасулардың және жауыздықтың бірі». Соловьев үшін, құқық та сондай. Сонымен қатар ол бостандықты, теңдікті және әділеттілікті жүзеге асыруды болжайды («Құқық деген теңдікке себепші болған бостандық», ал әділеттілік әркім және бәрі үшін өнегеліктің тиісінше жүзеге асуы). Жаксылық ұғымына сәйкес келмейтін заңдар құқықтыққа жатпайды және олар жойылуы қажет.

Мемлекет, Соловьевтың ойынша, құқықты жүзеге асырушы болуы тиіс. Ол рухани қоғамды жоққа шығаратын «Цезарепализм», «Қазыналық православие», «Экономикалық социализм» сияқты құқықсыз және өнегесіз биліктің кез келген формасын сынайды. Билік «зандылыққа қабілетті» болуы тиіс. Соловьевтың пікірінше, биліктің үш тармаққа бөлінуі «әділетті» мемлекеттің шарты болып табылады. Мұндайда жоғарғы билік заң шығарушы функцияны атқарады, ал сот билігі әкімшілік – атқарушы билікті бақылайды және соңғыдан ол жоғары болады.

Ресейдегі революциялық-демократиялық саяси ойды В. Г. Белинский (1811–1848), А. И. Герцен (1812–1870), Н. Г. Чернышевский (1828–1889), Н. А. Добролюбов (1836–1861) дамытты. Олардың пікірінше, қоғамның басты қозғаушы күшін бұқара халық құрайды, ал тарихи үрдістің өзі қаналушы таптардың өз қанаушыларымен күресінен тұрады. Ресей капиталистік даму жолына соқпай, шаруалар қауымдары арқылы болашақ қоғамның үлгісі социализмге өте алады.

Болашақ саяси қоғам – бұл бостандық пен теңдіктің шынайы демократиялық принциптері жүзеге асатын «әлеуметтік республика». Барлық адамдар тең болған жерде ғана адамды жан-жақты және дұрыс тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Басыбайлылық құқық жойылғаннан кейін ғана және басқа да үкіметтік реформалардан кейін Ресей конституциялық өзгерістер жолына түседі, тек сонда ғана халықтың еркі өсіп жетіледі, – деді Герцен. Ресейдің болашағын ол «патриархалды-ұжымдық тұрмысқа», қауымға негізделген «орыстың шаруа социализмінен» көрді.

Чернышевскийдің ілімі бойынша мемлекеттің мәнін экономикалық фактор анықтайды және «мемлекеттік биліктің әрбір әрекеті, қандай салаға қатысты болса да ... міндетті түрде экономикалық қатынастардағы өзгерістерге әкеліп соғады». Чернышевский абсолюттік монархияны теріске шығарды, ал республиканы басқарудың алдығы қатарлы формасына балады.

Халықшылдық XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдегі саяси ойдың елеулі бағыттарының бірі болып табылды, оның көрнекті өкілдері П. Л. Лавров, П. Н. Ткачев, Н. К. Михайловский және т.б. болды. Халықшылдар тарихтың басты қозғаушы күші сыни ойлайтын тұлғалар деп есептеді. Олардың бәрі Ресейдің социализмге өтетін ерекшелікті жолы туралы сенімде болды. Олардың пікірінше, Ресей социализмге шаруа революциясы жолымен өте алады.

Философ, әлеуметтанушы, публицист П. Л. Лавров (1832–1900) халықшыл-насихатшыларға басшылық етті. «Тарихи хаттар» еңбегінде ол табиғат құбылыстарын заңды, қайталанатын құбылыстар дей келіп, қоғамдық өмірдегі құбылыстарды өзгертін, қайталанбас құбылыстар деп есептеді. Оның пікірінше, тарихтың мәні дәстүрлі, тоқырауға бейім қоғамдық форманы «сынап ойлайтын тұлғалардың» өркениетін өзгертуден тұрады. Тек осы тұлғалар ғана адамзатты теңдік пен әділеттілікке жеткізе алады деп пайымдады. Өздерінің максаттарын жүзеге асыру үшін сыни ойлайтын тұлғалар күреске «бағыт пен бірлік» беретін партияға бірігуі қажет.

Лавровтың пікірінше, социализмге жеткізетін шаруа революциясы мұқият әзірленуі тиіс. Бұған халықпен бірге оның жетекшілері – саналы революционерлер де дайын болуы керек.

П. Н. Ткачев (1844–1886) халықшыл қастандық жасаушыларды басқарды. Оның саяси көзқарасы К. Маркстың идеясының анық ықпалымен жасалған «экономикалық материализм» тұжырымдамасында көрініс тапты. «Мен бүкіл саяси, өнегелік және интеллектуалдық әлемнің құбылыстары соңғы сараптауда экономикалық дүниенің құбылыстарына және «қоғамның экономикалық құрылымына» саяды деп топшылаймын»<sup>1</sup>, – деп жазды ол. Оның пікірінше, қоғамдық прогресті қоғамдық таптардың экономикалық мүддесі үшін күреспен, адамдардың жеке мүдделерін, олардың жеке бақытқа ұмтылған күресімен қамтамасыз етуге болады.

Н. К. Михайловский (1842–1904) либералды халықшылдардың теоретигі болды. Ол қоғамның заңдылықпен дамитынына күмәнданбады. «Қоғам өзінің дамуында белгілі заңдарға бағынады, бұл шүбәсіз, – деп жазды Н. К. Михайловский, – бірақ адамның санасына қызметті таңдау бостандығының тән екені одан да шүбәсіз»<sup>2</sup>. Тұлға, индивидуалдық тұлғаның жан-жақты дамуы идеясы оның өлеуметтік-саяси көзқарастарының алдыңғы катарында тұр. Тұлға, Михайловскийдің пікірінше, қоғамдағы бүкіл құбылыстардың жоғары құндылық өлшемі. Ол («кейіпкер») тарихтың басты жасаушысы. Тұлға өзіне тең кооперацияларда жан-жақты («әртекте») дами алады. Ол тұлғаның мұндай даму проблемасын «қауымдық бастаудың қатысуымен жеке адамның дамуының салтанат құруын көрсететін тек социализм ғана қамтамасыз ете алады деп есептеді. Мұндай дамуды адамзат дамуының өткен кезеңдері қамтамасыз ете алмады, өйткені тарих «әртекте» бағыт бойынша, яғни қоғамның жіктелуі, еңбек бөлінісі негізінде жүрді.

Қазіргі қоғамның өмір жағдайы, – деп атап көрсетті Михайловский, – халықты қайыршылық жағдайында тіршілік етуге мәжбүр етуде. Осындай өмірдің нәтижесінде халық «тобырға» айналады. Ол халықтың езгідегі жағдайына шын көңіл білдірді, әсіресе шаруаларды есіркеді. Алайда, көптеген басқа да халықшылдарға қарағанда Михайловский халық көтерілісінің қоғамдық құрылысты өзгертетінне сенбеді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Ресейдің саяси ойында саяси билікті жокқа шығаратын, мемлекетті жоюды өзінің мақсаты етіп жариялаған ағым – анархизм елеулі құбылыс болып табылды. Идеялық ағым ретінде анархизм Батыс Еуропа елдерінде пайда болды. Ресейде М. А. Бакунин, П. А. Кропоткин анархизмнің көрнекті өкілдері саналды.

М. А. Бакунин (1814–1876) ұжымшыл анархизмнің теоретигі болды. Адамзат тарихын ол эволюциялық процесс ретінде, адамзаттың «жануарлар

<sup>1</sup> Ткачев П.Н. Соч. Т. 1. М., 1932. С. 445.

<sup>2</sup> Михайловский Н.К. Соч. Т. 1. СПб., 1996. С. 777.



патшалығынан» «бостандық патшалығына» көшу үрдісі ретінде көре білді. Оның пікірінше, дін мен мемлекет дамудың төменгі деңгейінің рәміздері. Бакуниннің әлеуметтік-саяси анархизм тұжырымдамасы адамның, қоғамның және ғаламның бірлігін философиялық дүниетанымдық, органикалық, өмірді тұтас күйінде қабылдау принципіне негізделген. Бұл үйлесімділіктің әлеуметтік-саяси салада бұзылуы, оның пікірінше, билік аппаратының орталықтануына, мемлекеттің қалыптасуына әкеп соғады.

Мемлекет, оның ойынша, барлық әлеуметтік бақытсыздықтың, бұқара халықты езудің негізгі қайнар көзі, сондықтан мемлекет жойылуы тиіс. Оның пікірінше, мемлекеттің жойылуы революциялық жолмен жүзеге асуы керек. Мемлекетті жоюдың нәтижесінде бостандығы ештеңемен шектелмеген, адамдары саяси биліктен тәуелсіз қоғам құрылуы мүмкін. Мұндай қоғамды Бакунин шаруалар мен жұмысшы ұжымдарының «ерікті федерациясы» ретінде көрді.

Бакуининнің идеялары коммунистік анархизмнің өкілі болған П. А. Кропоткиннің (1842—1921) шығармашылығында одан әрі дамытылды. Кропоткин қоғамдық өмірдің барлық құбылыстарын «биоәлеуметтік өзара көмек заңына» бағындырды. Бұл заң адамдарды қоғамдық өмірге біріктіреді деп есептеді ол. Осы заңға сәйкес, адамдар бір-бірімен күреспей, ынтымақтастыққа ұмтылады. Сондықтан адамдардың ерікті коммуналар федерациясына өтуі заңды деп тұжырымдады Кропоткин. Мұндай федерацияға өту, оның пікірінше, тек революциялық жолмен болады. Революция ғана адамдардың ынтымақтастығына, ерікті өндірістік қауымдар (коммуналар) федерацияларын құруларына кедергі келтіретін факторларды жоя алады. Осындай факторлардың қатарына жеке меншікті, мемлекеттік билікті жатқызды.

Оның тұжырымдамасының қысқаша түрдегі мәні мынаған саяды: «Өндірушіні капиталдың езгісінен босату. Коммуналдық өндіріс пен ортақ еңбектің бүкіл өнімін еркін тұтыну. Оны үкіметтің бұғауынан босату. Индивидтердің топтарда және топтардың федерацияларда еркін дамуы. Діни моральдан босату. Қысымсыз және жазалаусыз еркін мораль — әдет-ғұрыптың өтпелі күйі»<sup>1</sup>.

Ресей саяси ғылымында Н. А. Бердяев (1874—1948) көрнекті рөл атқарды. Бердяев өзінің элитарлық «сапалы демократия» тұжырымдамасында мемлекеттік құрылыстың белгілі бір принциптерін қалыптастырды. Бұл тұжырымдама иерархизм принципінде құрылған және самодержавиені де қабылдамайды, формальді абсолюттік халықтық билігі бар буржуазиялық

<sup>1</sup> Кропоткин К.А. Анархия и ее место в социалистической революции. М., 1917. С. 26.

демократияны да мойындамайды. Ол үшін демократия «көпшілік дауыс немесе сан механикасы» ретінде жақсылардың патшалығын орнаттырмай, жамандардың билігіне, басқарылмайтын және жауапкершіліксіз «тобырдың, бұқараның» билігіне әкеп соқтырады. Шынайы демократия, оның пікірінше, бұл ең алдымен тұлғаның өзіне билігі, «өзіндік тәртібі мен өзіндік тәрбиесі». Ол алғашқылардың бірі болып саясаттануда демократия мен тоталитаризмнің ықтимал байланысын көрді және тоталитаризмнің жалпы негізделуі мен белгілерін анықтады: 1) жекенің және бөліктің (жеке идеяның, ұлттың, таптың, топтардың, тұлғалардың) жалпыға талабы; 2) бәрін жұтқыш биліктік құрылым; 3) жүйенің бұқаралығы; 4) тұлғаның рухын қирататын машина.

Бердяевтің шығармашылығындағы басты нәрсе — саяси құрылыстың нақты моделін жасау емес және тоталитаризмді әшкерелеу де емес, керісінше, қоғамдық өмірдің барлық саласында адамның бостандық принципін орнату. Бердяев бостандықты адам сипатының мәні деп санайды. Адами бостандықты, тұлға еркіндігін жүзеге асыру немесе оған кедергі келтіру барлық саяси жүйенің критерийі болып табылады. Алайда, Бердяевтің пікірінше, өмірді ұйымдастырудың әлеуметтік-саяси формалары кайсыбір деңгейде адам бостандығына тосқауыл қояды. Сондықтан ол «саясаттың жыртқышын өлтіруге» және адами қатынастардың саяси емес формаларына көшуге шақырады. «Саясатты өмір орталығы деп мойындау заңсыз, ол адамды ештеңемен рухтандыра алмайды, оған болмыстың бүкіл байлығын бағындырады. Өмір орталығынан, оның мағынасынан қол үзген саяси партиялардың күрес жолы заңсыз. Саясатты ең минимум деңгейіне шейін, саясаттың аяқталуына, оның мәдениет пен дінге сініп кетуіне дейін жеткізу біздің міндетіміз болуы керек, бізге керегі де осы, шынайы азат болу да осы. Саясаттан саяси азат болу. Жаңа мемлекеттілікпен саясаттың жыртқышын өлтіруге, ескі мемлекеттің бір «ұзын сонар» саясатының жамандығын жоюға болмайды. Мемлекеттілік керек, биліктің зорлық-зомбылығына, ұзын сонар саясатқа, мемлекеттен тыс, зорлықсыз қоғамдастықты, жана саяси шешуді емес, басқа жолмен келетін бостандықты қарсы қою керек»<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың сонымен XX ғасырдың басында Ресейдің саяси ойында Г. В. Плеханов, В. И. Ленин, П. Б. Струве, С.Н.Булгаков және т.б. өкілі болған маркстік бағыт ерекше орын алды.

Г. В. Плеханов (1856–1919) — орыс марксизмінің атасы. Ол үлкен интеллектуалдық мұра қалдырды, соның ішінде «Социализм және саяси күрес», «Біздің таластарымыз», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы

<sup>1</sup> Бердяев Н.А. Истоки и смысл русского коммунизма. М., 1990. С. 171.

мәселе» және басқа да көптеген еңбектерін атауға болады. Өзінің шығармашылығында Плеханов саяси өмірдің көптеген проблемаларына көңіл аударады. Ол тарихи процестегі бұқара халық пен тұлғаның рөлі туралы маркстік ілімді жалғастырып дамытты, экономика мен саясаттын өзара байланысын ашты. «Экономика, – деп жазды ол, – ешқашанда өзінен өзі салтанат құрмайды ..., әрдайым тек белгілі саяси мекемелердің тікелей қатысуы арқылы ғана ...»<sup>1</sup> салтанат құрады. Плеханов саяси идеологияның қалыптасуы мен дамуына терең талдау жасады, идеология мен саясаттын өзара байланысын ашты.

Плеханов қастандықшылдыққа, якобиндық революцияға, төңкерісшіл социалистік партияның билікті тез басып алуына қарсы болды, Қазан революциясын принциптік тұрғыдан қабылдамады және В. И. Ленинмен, большевиктермен ара жігін ашты.

1917 жылдан кейін Ресей қоғамының рухани өміріндегі жетекші орын В. И. Ленинге және оның ілімі – ленинизмге тиесілі болды.

Ленинизмді оның жақтастары «империализм дәуіріндегі марксизм» деп атайды. Классикалық марксизм дәстүрлі капитализм дәуірінде қалыптасты. Капитализмнің өзінің жана даму фазасы – империализм сатысына өтуі марксизмнің бірқатар маңызды қағидаларын ой елегінен өткізу қажеттігіне себепші болды. Марксизмнің классиктері сияқты, Ленин дүниежүзілік революцияның сөзсіз болатынына, соның негізінде капитализмнен социализмге және коммунизмге өтудің іске асатынына сенді. Алайда марксизм классиктері революция аса дамыған капиталистік елдерде бір мезгілде болуға тиіс деп есептесе, Ленин классикалық марксизмнің осы аса маңызды қағидасынан бас тартып, «империализм бұғауындағы әлсіз буын» туралы идеяны ұсынады. Лениннің ойынша, экономикалық және саяси дамудың теңсіздігі капитализмнің сөзсіз заңы. Осыдан келіп, социализм алғашқыда бірнеше немесе жекелеген бір елде жеңуі мүмкін<sup>2</sup>. Осы идеяға сәйкес социалистік революция бастапқыда «әлсіз буында», әлеуметтік-экономикалық және саяси қарама-қайшылықтардың түйінінде – Ресейде болуы тиіс.

Лениннің идеясы өмірде жүзеге асты. Социалистік революция алғашқыда Ресейде болды, одан кейін бірқатар экономикалық жағынан дамымаған елдер социализм құру жолына түсті. Алайда дамыған капиталистік елдер оларға қару-жарақпен жасақтануды таңды. Бұл елдер тұрақты түрде қарулы қарсыластарға тартылды. Соның нәтижесінде бұл елдердің экономикасы милитаристік сипат алды. Сыртқы қауіптен қорғанудың

<sup>1</sup> Плеханов Г.В. Избр. филос. произведения. Т. 2. М., 1956. С. 216.

<sup>2</sup> Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 26. С. 354.

кажеттігі тоталитарлық режимдердің орнауына ықпал етті. Экономикалық жарыс түштеп келгенде жеңіліс тапты. Бұл жағдай жалпы социалистік жүйенің және Кеңес Одағының күйреуінің басты себептерінің бірі болды.

Сайып келгенде, осы аса маңызды мәселе бойынша классикалық марксизмнің лениндік ревизиясы Ресейдің тағдырында да, жалпы социалистік идеологияның тағдырында да өте күрделі салдарларға соқтырған қателік болды деген қорытынды жасауға болады.

Марксизмнің басқа да саяси идеяларын түсіндіруде Ленин шектен тыс ортодоксальды позиция ұстады, бұл таптық тұрғыдан карауды абсолюттендіруден көрінді. Социал-демократиядағы әртүрлі бағыттағы күресте ол «марксизмнің тазалығы үшін» күрескер. Атап айтқанда, өзінің «Мемлекет және революция» атты еңбегінің басты мақсатын Маркстің мемлекет туралы шынайы ілімін қалпына келтіру деп жариялады. Марксизмнің саяси тұжырымдамаларына Лениннің қосқан үлесі, ең алдымен оған ерекше көңіл қоюында жатыр. «Мемлекет және революцияның» I-ші тарауында ол мемлекеттің тарихи рөлі мен маңызы жөніндегі марксизмнің негізгі идеясы – бұл мемлекет бітіспес таптық қарама-қайшылықтардың жемісі және көрінісі екендігін көрсетуде – деп дәлелдейді. Осы жұмыста Ленин таптық күресті пролетариат диктатурасына дейін мойындап таратқан ғана марксист болатынын атап көрсетті. Осы және басқа жұмыстарында Ленин капитализмнен коммунизмге өтудің бір ғана мүмкін формасы ретінде пролетариат диктатурасы мемлекетін құрудың қажеттілігіне көп көңіл аударды. Капитализмнен коммунизмге өту аса үлкен байлық және саяси формалардың алуан түрін бермеуі мүмкін емес, бірақ олардың мәні біреу: пролетариат диктатурасы<sup>1</sup>.

Ленин пролетариат диктатурасы мемлекетін «жаңа типті мемлекет» деп атайды. Ол пролетариат диктатурасы мемлекетінің өмір сүру механизмдері мен принциптерін капиталистік мемлекеттің антиподы ретінде жасады. Осындай көзқарастың салдарынан буржуазиялық демократия мен либералдық саяси ойдың жетістіктері: қоғамдық келісім идеясы, билікті бөлу принциптері, саясатты өмірдің басқа салаларынан бөлу, азаматтық қоғам қалыптастыру және т.б. жоққа шығарылды.

Лениннің саясаттанулық мұрасында саяси партиялар туралы ілім де елеулі орын алады. Алайда бұл ілімде таптық тұрғыдан келу принципі басым. Ленин өзінің еңбектерінде пролетариаттың таптық ұйымның жоғарғы формасы ретіндегі, оның алдыңғы қатарлы отряды ретіндегі жаңа типті партия туралы ілімді жасауға негізінен көп көңіл аударады, партияның ұйымдық құрылымының принциптерін қалыптастырады, солардың

<sup>1</sup> Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 33. С. 34-35.

ішінде демократиялық центризмді жетекші деп санайды (мұнда демократиядан гөрі централизмге акцент жасайды).

Ленин, сөз жоқ, ірі саяси ойшыл, дарынды саяси практик болды. Оның теориялық және практикалық қызметі Ресейдің және әлемнің басқа да елдерінің дамуына зор ықпал етті. Алайда оның қызметін бір жақты кара түске немесе ақ түске бағалауға болмайды. Лениннің қызметіне және оның ғылыми жұмыстарына біз объективтік баға беруге тиіспіз.

Түптеп келгенде, Ресей ойшылдары Ресей мемлекеттілігіне, мәдениетке, идеологияға, саясатқа және жалпы саяси өмірге терең сараптама жасады, билік, бостандық, құқық, тұлға мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастары, қоғамның революциялық және эволюциялық даму жолдары және т.б. туралы байыпты ой-пікірлер қалдырды. Ресейдегі саяси ой батыс еуропалық ғылым деңгейіне барынша жақын тұрды. Сонымен қатар ол Қазақстандағы саяси ойлардың қалыптасуы мен дамуына да ықпал етті.

## 5. Қазақстандағы саяси ойлар

Қазақстанның қазіргі қоғамдық-саяси ойларының идеялық қайнар көздері өздерінің бастауын өткен ойшылдардың саяси көзқарастарынан және тұжырымдамаларынан алады. Олардың көпшілігі адамзат қоғамын жанаша, әділетті негізде қайта құру туралы армандаған еді. Осы орайда адамзат өркениетінің қазынасына құнды үлес болып қосылған Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының үлкен де данқты тарихының бар екендігін атап өтуіміз қажет.

Қазақстан қоғамтанушыларының соңғы жылдардағы зерттеулері елдегі қоғамдық-саяси ойдың үлкен тарихи даму жолынан өткендігін және қазақ халқының саяси санасының қалыптасуы мен дамуында зор роль атқаратындығын сендіре көрсетті. Қазақстанның алдыңғы қатарлы ойшылдары прогресс үшін, алдыңғы қатарлы тарихи қоғамдық-саяси құрылыс орнату үшін күресті. Олардың пікірлері ХІХ ғасырдың соңынан бастап басқа халықтардың, елдердің дамыған қоғамдық-саяси ойларынан ешбір кем түспеді, кейбір мәселеде тіптен басым болғанын айтуымыз қажет<sup>1</sup>.

Әрине, Қазақстандағы барлық ойшылдардың саяси көзқарастарын бір параграфта қарастыру мүмкін емес. Сондықтан бұл ретте тек Орта ғасырлардағы ағартушылық-демократиялық бағыттағы кейбір ойшылдардың

<sup>1</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Қазақстан саяси ілімі тарихының кейбір мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. Алматы, 2007. № 3. 99-113-66.

саяси ойларын қысқаша қарастырамыз. Орта ғасырдағы Шығыстың, Қазақстанның ойшылдарының арасында Қорқыт, әл-Фараби, Ахмет Яссауи ерекше орын алады.

Қорқыт – жай ғана мифтік адам емес, ол – VIII–IX ғасырда оғыз-қыпшақ тайпалары арасында Сырдария бойында өмір сүрген ойшыл, акын-сазгер, емші. Оның үлкен еңбегі – «Қорқыт ата кітабы». Бұл кітап он екі жырдан тұрады, оғыз-қыпшақ тайпаларының бәріне бірдей түсінікті ортақ тілде жазылған. «Қорқыт ата кітабы» – түркі тілдес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, аралас некенің, отбасылық дәстүрдің, тұлғаның қыр-сырын, салт-санасын танытатын әлеуметтік, өрі тарихи саяси мұра. Оның кітабының кейіпкерлері, соның ішінде өлең туындыларындағы кейіпкерлері оғыздар мен қыпшақтар.

Қорқыт бізге жеткен әңгімелер мен аңыздарда ұлы күйші-қобызшы ретінде, өзінің музыкасымен жауыздыққа, табиғат күштеріне қарсы тұрушы, халықтардың өзара түсіністігін нығайтушы ретінде т.с.с. болып көрсетілген. Сонымен қатар, Қорқыттың қазақ даласында өдеттегі, мейірімді баксы болғандығын атап өтуіміз керек. «Қорқыт ата кітабының» терең әлеуметтік-саяси маңыздылығы бар<sup>1</sup>. Бұл кітап өзінің тарихи-саяси мазмұны, кейіпкерлері және жазылу стилі жағынан қазақтың эпостық дастандарына өте жақын түр.

Тарихи деректер бойынша, Қорқыт ұзақ жылдар бойы ел басқарған көсем болған, үш хан тұсында уәзірлік қызмет атқарған. Қорқыт адамдардың, халықтардың бостандығын, еркіндігін, достығын, жақсылығын, патриотизмі мен адамгершілікті, махаббатты, адалдықты, ептілікті, әдептілікті, үлкенді құрметтеуді, кішіпейілдікті, т.б. толып жатқан әлеуметтік-саяси мәселелерді жырлаған. Сонымен бірге оғыз-қыпшақ жұртының дәстүрлі әлеуметтік-саяси өмірін, халықтардың, адамдардың мінез-құлқын, қарым-қатынасын, т.б. көптеген әлеуметтік-саяси түсінік-ұғымын зерттеген. Оның жырындағы ел қорғау, күллі оғыз-қыпшақ елінің топтасқан бірлігі, достығы, беріктігі, ар-намыс үшін күресу, ізгі ниетті болу, тәрбие, бейбіт өмір мәселелері жөніндегі ой-пікірлері мәңгі асыл қағида, әлеуметтік-саяси мұра. Бұл жырларында ол әлеуметтік-саяси жанжалдарды, қалың халықтарды, қайшылықтарды және халықтардың, бектердің, алыптардың алауыздығын, бірікпейтіндігін, әрқайсысы жеке-дара әрекет жасайтындығын, опасыздықты, залымдықты жақсы көрсеткен. Сонымен қатар, оғыз-қыпшақ жұртының күш-қуаты, билігі, қуанышы, мақтанышы, өзге халықтар алдында мәртебесін, беделін әлеуметтік-саяси мәнмен бейнелеген.

<sup>1</sup> Қараңыз: *Қорқыт Ата*. Энциклопедиялық жинақ. Алматы, 1999. 7-8 б.

Қорқыт жырлары азаматтарды соғыс өнерін игеруге, ар-намысты жоғары ұстауға, ел басына күн туғанда оны ерлікпен қорғауға үндейді. Сонымен бірге ел қорғайтын жігіт пен қыздар ақылды да айлалы, қиынқыстау шақтарда жауын ақыл-айламен алып шығатын болуы керек деген пікір, көзқарасты уағыздайды.

Тағы да айта кететін бір мәселе, Қорқыттың әлеуметтік-саяси, тәрбие-лік мән-мағынасы ешқашанда жоғалмайтын өсиет-нақыл сөздері көп болған.

Сайып келгенде айтарымыз: Қорқыт дастанының әлеуметтік-саяси сипаты идеялық бағыт-бағдарынан және шығарманың мазмұнынан анық көрініп тұр. Ол бүкіл Шығыстың, Қазақстанның әлеуметтік-саяси ойларының жинақталған ұлы тұлғасы. Қорқыттың әлеуметтік-саяси дүниетанымының негізіне: адамзат үшін әрбір тіршілік сәтінің құндылығын көрсетуі және өмір, отан, бостандықты сүйгіштік көзқарас, күнделікті күйкі тірліктің аумағынан шыға білуге, қайталанбас уақытты, әлеуметтік-саяси құндылық пен идеалды кадрлеп, бағалай білуге үндеуі және сол арқылы қоғамдық өмірді мәңгілік ету идеясы жатады. Сондықтан да оның әлеуметтік-саяси идеялары тек Шығыстың ғана емес, Еуропа халықтарының да ортақ игілігі болып табылады. Сонымен бірге, Қорқыт жырларының әлеуметтік-саяси мән-мағынасы болашақ ұрпақ үшін де манызы зор.

Арыс пен Сырдария өзендері тоғысатын жерде орналасқан Фараб (Отырар) қаласында туған Әбу Нәсір Мұхаммед әл-Фараби (870–950) прогрессивті әлеуметтік-саяси ойдың жарқын білдірушісі болды. Ол көптеген тілдерді жете білді және ғалым-энциклопедист әрі философ болды.

Әл-Фарабидің мұрасы өте көп және алуан түрлі боп келеді. Ол сол тұста белгілі болған бүкіл білім салаларын: философияны, этиканы, әлеуметтануды, саясатты, психологияны, жаратылыстануды, музыканы т.б. зерттеді және ол еңбектері әлеуметтік-саяси ойдың дамуында айтарлықтай рөл атқарды. Әл-Фараби 100-ден астам ғылыми еңбектер жазды, олардың кейбіреулері ғана біздерге белгілі болып отыр. Ұлы ғұлама саяси ілімге де айтарлықтай үлес қосты. Ол «Рақымшыл қала тұрғындарының көзқарастары», «Саясат туралы», «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» және т.б. еңбектерінде пайымдалған.

Әл-Фараби өзінің саяси ілімдерімен тығыз байланысқан философия мен этикадан көптеген шығармалар жазды. Белсенді сана жетелейтін адамның шығармашылық қызметі, әл-Фарабидің пікірінше, этика мен саясат саласындағы прогрестің алғышарты болып табылады. «Рақымшыл қала тұрғындарының көзқарастары», «Азаматтық саясат» шығармаларында әл-Фараби орта ғасырлық Шығыста бірінші болып философияның көмегімен әлеуметтік-саяси қарама-қайшылықтармен ушыққан феодалдық қоғамның саяси және моральдық жағдайын пайымдауға талпыныс жасады. Ол

рақымды істердің және дұрыс саясаттың көмегімен аламдардың бақытқа жетуін түпкі мақсат деп есептеді.

Әл-Фараби саяси мәні бойынша адамзат қоғамының бір-бірінен ерекшелену мүмкіндігін түсінді. Олардың арасында толығы да және толық емесі де бар. Толық қоғамның ұлы, орта және шағын делінетін үш түрі белгілі. Ұлы қоғам – «бұл жер бетінде тұратын барлық адамдар қауымдастығының жиынтығы», орта қоғам – «бұл бір ғана халықтан тұратын қоғам», шағын қоғам – «бұл қайсыбір халық тұратын, белгілі бір жердің бөліміне орналасқан қайсыбір қаланың тұрғындарынан тұратын қоғам».

Толық емес қоғам – бұл ауылдың тұрғындарынан, кварталды мекендейтіндерден, қайсыбір көшеде, бір үйде өмір сүретіндерден құралған қоғам. Соңғылары, – деп жазды әл-Фараби, – қоғамның төменгі сатысын құрайды, ал квартал мен ауыл екеуі бірігіп – қалаға қарайды, ауылдың қалаға қарауы оның қалаға қызмет етуімен байланысты, ал кварталдың қалаға қарауы оның бөлімін құрайтындығына байланысты.

Әл-Фараби сол дәуірде халықтар өмірінің алуан түрлілігінің себебі туралы мәселеге байланысты ғылыми емес түсініктеме беруден сақ болды. Халықты халықтан ерекшелейтін, – деп жазды ол «Азаматтық саясатта», – екі табиғи нәрсе: табиғи әдет-ғұрыптар және табиғи қасиеттер, сонымен қатар үшінші нәрсе ... тіл. Табиғи әдет-ғұрыптар мен қасиеттер, оның пікірі бойынша, халықтардың, қайсыбір географиялық ортаның ықпалымен пайда болады. Қазақстандық ойшылдың бұл пайымдаулары қаншалықты аңғалдау болғанына қарамастан, адам және адамзаттың әдет-ғұрыптары жөнінде, өмір туралы сол тұста үстем еткен ғылыми емес түсініктермен салыстырғанда бір қадам алға басқандық еді.

Қоғамдық бірлестіктердің ерікті қимылын, сонымен қатар халықтар арасындағы өзгешеліктерді зерттеп, әл-Фараби қоғамның құрамына да мейлінше толығырақ тоқталады. Қоғам, оның пікірінше, рақымшыл және рақымшыл емес болып бөлінетін әр түрлі қалалардан тұрады. Ең жақсы қала болып рақымшыл қала саналады. Ол өзі өмір сүрген қоғамның әр түрлі қоғамдық жіктерінің өмір салты мен мінез-құлқына толығырақ талдау жасайды. Оның назары жетілген қоғамдық құрылымға қолы жеткен феодалдық мемлекеттік құрылысқа ауған, оның пікірінше, бұл рақымшыл қала болып табылады. Ол ішімдікке салынған, жұмыс істемейтін және ләззатқа беріліп, жатып ішер өмір салтын ұстанған феодалдық қоғам өкілдері бөлігінің кемістіктерін ашады.

Әл-Фараби өз кезеңіндегі қоғам жағдайын парасаттылықпен талдай отырып, мемлекеттің іріп-шіруінің бүкіл жауапкершілігін жоғарыда тұрған билеушілерге, феодалдарға жүктейді, олар өздерінің билігін құдайдың еркін орындау үшін қолданбай, керісінше өздерінің өзгермейтін



құмарлығын қанағаттандыруға жұмсайды. Кемшіліктерді сынағанымен, ол феодалдық тәртіпке қарсы шықпайды. Керісінше әл-Фараби феодалдық саяси құрылысты нығайтудың жолдарын іздестіреді.

Әл-Фараби өзінің саяси теорияларында дәуірдің өткір мәселелерін, ең алдымен мемлекеттің қоғамға қатынасы мәселесін көтерді және шешті. Жалпай игілікті тарату мемлекеттік билік пен заңнаманың мақсаты болуы тиіс. Мемлекетті адамдардың қажеттіліктерін қоғамдық қанағаттандыру үшін құрылған саяси ұйым ретінде анықтай отырып, ғалым бұл ұйымның қалыптасуын, оның даму сатыларын зерттеудің керектігімен қатар адамдардың игілікке жетуінің қоғамдық-саяси жолдарын да қарастыруды қажет деп санайды. Адами игілікті тарату, әл-Фарабидің пікіріне сәйкес, ең бастысы жасампаздық бастауларға негізделген рақымшыл мемлекеттің болуына байланысты.

Оның пайымдауынша, кез келген жақсылық шындығында еркін таңдау мен тілегі бойынша жүзеге асады. Өздерінің мүдделері мен тілегін біріктіре келіп, адамдар рақымшыл мемлекет құрады. Қала, — деп жазды ол, — жұмыста өзара көмек көрсетуді мақсат етіп, адамдарды біріктіретін, сонымен нағыз бақытқа бөленетін рақымшыл ғана болып табылады және де адамдар бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмектесетін қоғам бұл рақымшыл қоғам болып есептеледі. Бақытқа жету мақсатында бір-біріне көмек көрсететін халық, барлық қала рақымшыл. Осылайша барлық жер, оны мекендейтін халықтар бақытқа жету үшін бір-біріне көмектесетін болса, рақымшыл жерге айналады<sup>1</sup>.

Рақымшал мемлекетте, әл-Фарабидің пікіріне сәйкес, ел басы — басшы болады, оның қарамағында феодалдық иерархиялық баспалдақта тұрған әр түрлі мүшелері болады. Бұл мемлекетте адамдардың теңсіздігі орнайды, олар қоғамда әр түрлі орынды иеленеді. Әл-Фараби қоғамдағы адамдардың арасындағы тек теңсіздікті көріп қана қойған жоқ, сонымен қатар оны сынады. Осымен байланысты оқыған ел басы — басшының көмегімен рақымшыл мемлекеттегі барлық адамдар, өздерінің қоғамдағы орындарынан өз бақытын табуға тиіс деп ойлады, бұл мемлекетті шығармашылық ойлауға, танымға және халыққа қамқорлық жасауға қабілеті бар адамдар басқаруы қажет деп пайымдалды. Әл-Фараби кеменгер ел билеушінің және дана адамдардың болмауын мемлекет үшін аса қатерлі апат деп есептеді, егерде мемлекет басына әкеліп қоюға болатын дана табылмаса, мемлекет белгілі бір уақыттан кейін сөзсіз жойылады.

Әл-Фараби рақымшыл мемлекеттің пайда болуы ең алдымен оның басшысына байланысты деп оған шынайы сенді, ол қабілетті, саналы, ерік-

<sup>1</sup> Қараңыз: *Аль-Фараби*. Социально-этнические трактаты. Алма-Ата, 1973. С. 113-117, 129-133, 164-165.

жігерлі, ғылымды сүйетін болуы тиіс. Рақымшыл мемлекеттің басшысы, оның пікірінше, табиғатынан өзінің айтатындарын жақсы түсініп, бәрін көре білетін болуы тиіс, айтушының айтылған пікірі мен ісін жағдайына сәйкес пайымдауы керек; қалай түсінгенін, нені көргенін, естігенін бәрін жадында жақсы сақтауы қажет, бұлардың ешқайсысын ұмытпауы керек; қайсыбір нәрсенің кішкентай белгілерін байқап, ол белгілердің неге бағыттайтынын тез қағып алатындай қырағы және көреген ақылы болуы қажет; оқуға және танымға сүйіспеншілігі бар, оған тез жететін, оқудан ешбір шаршамайтын болуы тиіс; шындықты және оның жақтаушыларын сүйетін, өтірікті және оған жүгінетіндерді жек көретін болуы керек; табиғатынан әділеттілікті және оның жақтаушыларын сүйетін, әділетсіздік пен тиранияны және олар кімнен шықса да жек көретін болуы тиіс; ... әділетті болуы керек, бірақ қыңыр болмауы керек, әділеттілік алдында бірбеткейлік көрсетпеуі және қасарыспауы қажет, бірақ кез келген әділетсіздік пен опасыздық алдында мүлдем бас иемейтіндей болуы тиіс; ол қажетті деп санаған нәрсені жүзеге асыруда табандылық көрсетуі тиіс және мұндайда батыл болуы тиіс, қорқуды және қажырсыздықты білмеуі керек.

Осымен байланысты рақымшыл мемлекет пен оқыған, білімді билеуші туралы Фараби теориясының ғылыми емес негізде құрылғанын, бірақ оның ерте ортағасырлық дәуірдегі әлеуметтік-саяси ойдың тарихында бір кадам алға басу болғанын айтуымыз қажет. Әл-Фараби қорғаған ағартушылық идеялар негізінен ғылыми, философиялық және әлеуметтік-саяси білімге бағындырылған еді, солардың көмегімен, оның пікірінше, қоғам рақымшыл және әділетті болады.

Бұл идеялардың жүзеге асуына кедергі жасағандардың бәрін әл-Фараби сынға алды. Ол ғылыми, философиялық және әлеуметтік-саяси білімдерді бағаламайтын, мәдениетсіздік, байлыққа ашкөздік, сараңдық және зорлық-зомбылық үстем еткен мемлекет мейлінше аз дамиды деп айтты. Ойшыл адамдардың сараңдығы мен жыртқыштығына негізделген мемлекет құрып, өздерінің ашкөздігімен және тираниясымен қоғамның рухани, әлеуметтік-саяси күштерін қирататын феодалдық билеушілердің деспотизміне қарсы шықты. Мұндай мемлекет, оның пікірінше, білімсіз, мәдениетсіз, рақымсыз адамдардың зорлық-зомбылығының көмегімен басқарылады. Олар тек байлықты, билікті және ләззатты ғана бағалайды. Мұндай адамдар әр түрлі қулық-сұмдықтың көмегімен қалған халыққа өздерінің үстемдігін орнатуға тырысады. Әділеттілік бұзылатын, тирания орнайтын және ғылыми, философиялық және әлеуметтік-саяси білім бәсеңдейтін рақымсыз мемлекетте обскурантизм сөзсіз салтанат құрады. Рақымсыз мемлекет туралы айта келіп, әл-Фараби ортағасырлық дәуірде

бірінші болып Аббасид халифатының әлеуметтік-саяси карама-қайшылықтарын көрсетті<sup>1</sup> және оларды теориялық деңгейде түсіндіруге талпынды.

Осымен байланысты, әл-Фарабидің түптеп келгенде, жауыздықтың жойылатынына және жер бетінде мейірбан, әділетті бастаулардың салтанат құратынына сенгендігін айтуымыз керек.

Феодалдық езгі күшейіп, соғыс өршіген заманда әл-Фараби зорлық-зомбылықсыз және қанаусыз, жер бетіндегі барлық халықтардың арасында бейбіт және достық қатынастар орнайтын жалпыадамзаттық үлгілі қоғам идеясын батыл ұсынды. Алайда, ол өзінің прогрессивті әлеуметтік-саяси идеясына жетудің дұрыс жолын таба алмады. Бірақ соған қарамастан феодализм дәуірі мен ислам реакциясы заманында әділетті әлеуметтік-саяси идеалды жариялаудың өзі аса батыл да прогрессивті іс болатын. Сондықтан да оның прогрессивті идеялары тек қана Шығыстың ғана емес, Еуропа халықтарының да әлеуметтік-философиялық, саяси ойларының дамуына үлкен ықпал етті.

Ахмет Яссауи (шамамен 1093–1166) – түркі тілдес халықтардың көрнекті ойшылы, есімі ислам әлеміне белгілі, түркілік суфизмнің негізін салушы. Ол Сайрам (Испиджаб) қаласында туған. Оның негізгі еңбегі «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») – парасатты сөздер, өлеңдер жинағы XII ғасырдан сақталған әдеби, тарихи, әлеуметтік-саяси асыл мұра болып табылады. Мұнда 149 хикмет берілген, соның 109 Яссауидікі екені сөзсіз. Бұл кітап ежелгі оғыз-қыпшақ тілінде жазылған.

«Диуани хикмет» бірнеше рет Қазанда (1887–1901), Стамбулда (1901), Ташкентте (1902–1911) жарық көрді. Ол ақынның, ойшылдың үлкен дарынын көрсетті. Автор игілікті әрекетті, әділеттілікті, сүйіспеншілікті, бостандықты, ерлікті жырлады және түркі халқын ынтымаққа және адамгершілік адалдыққа шақырды.

Ахмет Яссауидің әлеуметтік-саяси ілімінің ең бастысы Құдай идеясы болғанын айтуымыз керек. Ахмет Яссауи үшін Құдайды тану – адамды тануды білдірді. «Хикметте» суфистік идеологияның, саясат пен практиканың бүкіл алуан түрі көрсетілді. Сондықтан да Ахмет Яссауидің суфистік ілімі әлеуметтік-саяси тұрғыдан алғанда аса күрделі ағым болып саналады. Алайда «Даналық кітабында» Ахмет Яссауи әлеуметтік-саяси ойларының тереңдігін сақтаған, қарапайым бұл дүние адамдарының эмоционалды-психологиялық үмітінің жақындығын қарастырған. Сондықтан «хикметтер» рухани, әлеуметтік-саяси өмірдің барлық жақтарын қам-

<sup>1</sup> Қараңыз: *Абсаттаров Р.Б.* До оцінки соціологічних поглядів Абу Наср Мухаммеда (Аль Фараби) // Вісник Київського університету. Серія філософії. 1968. № 2. С. 89.

тыған, сол кездегі діни ахуалды бейнелеген автордың дүниетанымы<sup>1</sup>, біртұтас тұжырымдамасы.

Осымен байланысты акын-ойшылдың өз өлендерінде құдайға жасампаз адам сияқты карағанын айтуымыз керек, сондықтан карапайым өлендерінде берілген оған деген лирикалық сүйіспеншілік катынасын көрсетуі орынды. Ахмет Яссауи әлеуметтік-саяси дүниетанымдық ойының өзегі етіп адамгершіліктің бастауында тұрған адамды алады, ол жауыздыққа қарсы күресті, тек жақсылықты, әділеттілікті, бейбітшілікті және адамдарға деген сүйіспеншілікті және т.б. пайымдады.

Құдаймен кездесу, оны көруге деген ықыласы Ахмет Яссауидің басты мақсаты еді. Ол «кім құдайды есінде ұстаса, сол онымен кездеседі» деп айтты. Ахмет Яссауи әлеуметтік-саяси идеяларын дін арқылы түсіндіреді. Жақсылық пен жауыздық, әділеттілік пен әділетсіздік, қақтығыс және достық, жағымды және теріс әрекеттер сияқты әлеуметтік, моральдық-саяси сапалар адамның құдайға деген сеніміне байланысты болады. Ахмет Яссауи «кім жауыздық жасаса, ол күнөдан тазара алмайды, кім жақсылық жасаса, ол құдайдың сүйіктісіне айналады» — деп жазды.

Ол адамдарды өзін-өзі тазартуға, өзін-өзі жетілдіруге, жақсылыққа, өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа шақырды. Өйткені әділеттілік, гуманизм, саясат құдайдан тарайды. Сонымен бірге Ахмет Яссауи халықты алдайтын ишандар мен молдаларды, сондай-ақ өтірік сенімдегі адамдар мен халықты езуші ел билеушілерін сынады және өшкереледі. Ол әлеуметтік-саяси қайшылықтар мен теңсіздіктерді де сынайды және халықтар мүддесін қорғайды.

Ахмет Яссауи әділетті саясат жүргізуге және халыққа қызмет етуге шақырды. Оның әлеуметтік-саяси ойларын шәкірттері дамытты. Ол өзін ортағасырлық дәуірдің ұлы ойшылы ретінде көрсетті, оның көзқарастары қазақ халқының және басқа да түркі халықтарының әлеуметтік-саяси ойларының дамуына ықпал етті. Ахмет Яссауидің әлеуметтік-саяси идеяларының тарихи маңыздылығы олардың қазақ халқының қалыптасуының, қазақ мемлекеттілігінің, әдет-ғұрыптарының, салт-дәстүрлерінің және т.б. пайда болуының кайнар көзі болғандығында еді.

Сайып келгенде, Ахмет Яссауиді тек дін насихатшысы деп қарауға болмайды, сонымен бірге ол адам, халық бойындағы жақсы қасиеттерді, бостандықты, әділдікті, мейірімділікті, сабырлықты, жомарттықты, достықты, бірлікті, махаббатты және басқа да қоғамдық құбылыстарды көкке көтере мадақтаушы, басқа сөзбен айтқанда жана әлеуметтік-саяси көзқарасты қалыптастырушы. Күллі түркі тілдес халықтарды әлеуметтік-саяси

<sup>1</sup> Қараныз: *Яссауи К.А. Хикметтер*. Алматы, 1995. 8-15 б.

ойымен тамсандырған Ахмет Яссауи Қазақстан саяси ілімі тарихынан тиісті орнын алатыны сөзсіз. Оның мұрасын танып-білу, зерттеу, оны қоғам игілігіне пайдалану — қазақстандық саясаттанудың өзекті мәселесі.

Белгілі ағартушы-демократтар Шокан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин Қазақстанның ғылыми және саяси ойының ірі өкілдері болды. Олардың саяси ойлары прогрессивті орыс ойшылдарының идеяларының және орыс халқының алдыңғы қатарлы мәдениетінің ықпалымен қалыптасты.

Ш. Уәлиханов (1835—1865) — жан-жақты ғалым, прогрессивті әрі бірегей ойшыл, көрнекті саяхатшы. Оның саяси көзқарастары «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы записка», «Жоңғария очерктері», «Аблай», «№1 записка» еңбектерінде және орыс достарына жазған хаттарында баяндалған. Ш. Уәлиханов Омбыдағы кадет корпусында білім алды, Омбы қаласының генерал-губернаторының адъютанты қызметін атқарды, Орта Азия мен Қазақстанның аз зерттелген аудандарына шығарылған бірнеше экспедицияларға қатынасты. 1860 жылы атақты географ П. П. Семенов-Тянь-Шанскийдің ұсынысымен ол Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланды.

Алдыңғы қатарлы орыстың саяси, әлеуметтік-философиялық идеяларымен Ш. Уәлиханов алғаш рет Омбыда оқыған жылдары танысты. Орыстың көрнекті қоғамдық қайраткерлерімен, жазушыларымен және ғалымдарымен тікелей таныстығы, Белинскийдің және Чернышевскийдің еңбектерін оқуы, Петербордағы өмірі және т.б. — осының бәрі Ш. Уәлихановтың алдыңғы қатарлы әлеуметтік-саяси дүниетанымының қалыптасуына оң ықпал етті. Ш. Уәлихановтың қазақ халқының орыс және Ресейдің басқа да халықтарымен достықты шын жақтаушысы болды және дінаралық жаулаушылықты қолдамады.

Ш. Уәлихановтың бүкіл қызметі «қарапайым халықтың» мүдделерін қорғауға арналды және ол феодалдық билеушілердің зорлық-зомбылығын тоқтатуды талап етті. Осымен байланысты Ш. Уәлиханов халықтың материалдық жағдайын және тұрмысын жақсартуға әкелетін экономикалық және әлеуметтік-саяси реформалар жүргізуді жақтады. Әсіресе саяси реформаларды ол экономикалық және әлеуметтік қайта құруларды барынша терең жүргізудің құралы ретінде қарастырды. «Біздің заманымызда, — деп жазды Ш. Уәлиханов, — халықтың мұн-мұқтаждарына тікелей қатынасы бар экономикалық және әлеуметтік реформалар халық үшін ең маңызды ... адамның тұрмыс жағдайын жақсартуға себеп болатын реформалар ғана пайдалы да, ал осы мақсатқа жетуге, бір себеппен, кедергі болатын реформалар зиянды болмақ»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949. 47-48-бб.

Ш. Уәлиханов сұлтандардың, билердің және басқа да ақсүйектердің халыққа қарсы қызметін, сонымен қатар патша әкімшілігі жасаған бюрократиялық хаосты, халықты тонаған управительдерді Қазақстанның енбекші жұртының жағдайын жақсарту жолында тұрған негізгі кедергілер деп санады<sup>1</sup>.

Қоғамдық-саяси қайта құрулар, Ш. Уәлихановтың пікірінше, егер де олар халықтың мұқтажын қанағаттандыратын болса, сол уақытта өз мақсатына жетеді. Жергілікті феодал шонжарлардың «қастығы мен арам ниетіне», зұлымдығына қарсы тұра алмаған «қарапайым халықтың» өздерінің жеке мүдделерін қорғау ісіндегі немқұрайдылық пен енжарлығын өкінішпен атап көрсетті. Алайда халық бұқарасының «немқұрайдылық пен енжарлығының» себептерін ол ғылыми түсіндіре алмады, оларды оқу-ағартудың жеткіліксіздігімен, білімсіздік және тағылықпен түсіндірді.

Ш. Уәлихановтың зорлық-зомбылық пен заңсыздықтың дұшпаны ретінде патша самодержавиясының жауы болғандығын және оның отарлау саясатын сынағанын атап айтуымыз қажет. Сонымен қатар ол халыққа қарсы бағытталған қозғалыстарды, діннің кемшіліктерін мінеді және славянофильдіктің де, либералды «батыстықтың да» қарсыласы болды.

Қоғамдық формалар, саяси және заңды институттар, Ш. Уәлихановтың пікірінше, «материалдық мұқтаждыққа» және «ұлттық мінез-құлыққа» байланысты. Ол адамдардың көзқарастары, «пікірлері» мен олардың қоғамдағы орнының арасында тікелей байланыстың барлығын атап көрсетті. Адамның көзқарасы оның тәрбиесінің жағдайына, қайда өскендігі мен тәрбиесіне тәуелді болады, өйткені адами бүкіл талаптар мен уәждар физикалық және әлеуметтік-саяси жағдайлардың жиынтығының ықпалынан туындайды.

Ш. Уәлиханов халық бұқарасының өздеріне қажетті мемлекеттік басқарудың саяси-заңды формасын таңдау еркіндігін беру туралы және өз билеушілерін таңдауға құқық беру жөніндегі идеяны насихаттады. Ру аралық қырқысуларды ұйымдастырушы – сұлтандар мен хандарды қатаң сынға ала отырып, монархиялық билік формасын бүкіл халықтың мүддесіне пайдалану мүмкіндігіне үміт артты. Феодалдық билеушілердің «заң тәртібін бұзушылығы мен зорлық-зомбылығын» тоқтатуға шақырып, ол патша үкіметінің өзіне керегі есерсоқ сұлтандар емес, керегі халық екендігін түсінуі тиіс деп есептеді.

Ш. Уәлиханов округтың ірі чиновнигі – аға сұлтан болып, отандастарына көмек көрсете алатынына, оларды басқа да чиновниктердің зорлық-зомбылығынан және ру ақсүйектерінің үстемдігінен қорғай алатынына үміттенді, өзінің жеке басының мысалымен жерлестеріне «білімді сұлтан –

<sup>1</sup> Қараныз: *Уәлиханов Ш.* Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1949. 46, 49, 64-б.

билеушінің» қаншалықты пайдалы болатындығын көрсеткісі де келді. Патша чиновниктері оны аға сұлтан қызметіне бекітпей тастады.

Ш. Уәлиханов орталық Ресейдің сот мекемелерінің халыққа қарсы және реакциялық сипатын түсінді, сот шендерінің бюрократизмі мен сатылғыштығын, олардың әдеттен шықпаушылығын және формализмін, соттың «объектіні» қорғауын және т.б. айыптады. Ш. Уәлиханов қоғамдағы шешуші рөлді рухани факторға жатқызды, тек қана ғылым мен оқу-ағартудың көмегімен өмірде орын алған саяси құрылысты өзгертуге болады, қоғамдық-саяси прогреске жетуге болады деп ойлады. Ол халықтың, қоғамның өміріндегі географиялық ортаның рөлін асыра бағалады, адамдардың мінез-құлқын, көзқарастарын, әдет-ғұрпын сыртқы орта, әлеуметтік және табиғи жағдайлар анықтайды деп есептеді, адами талаптар мен уәждар ең алдымен осы ортаның, климаттың және топырақтың жағдайларымен анықталады деп санады.

Осылайша, сол тұстағы орыс патшалығының саясаты және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық артта қалуы себебінен Ш. Уәлихановтың саяси көзқарастарында, дүниетанымында орын алған қарама-қайшылықтарға қарамастан, жалпы ол прогрессивті болды. Оның саяси көзқарастарының прогрессивті жақтары қазақ және басқа да халықтардың қоғамдық-саяси ойларының және мәдениетінің одан әрі дамуына жағымды ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ш. Уәлихановтың прогрессивті саяси ойларын қазақтың қоғамдық-саяси ойында есімдері кеңінен танымал болған Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев одан әрі жалғастырды.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – тамаша педагог-ағартушы, ірі ғалым және ойшыл. Ол көрнекті педагог, қазақ даласында халық ағарту ісін ұйымдастырушы және белгілі ғалым болумен қатар, ол ірі жазушы және прогрессивті қоғамдық-саяси қайраткер де болды. Оның әлеуметтік-саяси шығармалары: «Халыққа білім беру туралы», «Жауыз шонжарға», «Қырғыздардың бақытсыздығы», «Таза бұлақ», «Әділдік», «Шаригат және ислам», және т.б. өз кезегінде Ресейдің интеллигенциясы арасында танымал болды және қазірге дейін өздерінің маңыздылығын жоймаған туындылар.

Ы. Алтынсарин қазіргі Қостанай облысы, Затобол ауданының аумағында орналасқан Жаңбыршы ауылында дүниеге келген. Үш жасында ата-анасынан айырылды, олар Жаңбыршы ауылына жасалған шапқыншылық кезінде қаза тапқан еді. Ы. Алтынсаринді би әрі старшина болған атасы Балғожа Жаңбыршы тәрбиесіне алады. Өзінің саяси сенімі бойынша Ыбырай демократ болды, халықтың өзін-өзі басқаруын қолдады, социализм идеясынан бас тартты. Ол орыс-қазақ достығының қызу жақтаушысы болды және Қазақстанда прогрессивті әлеуметтік-саяси ойдың және алдыңғы қатарлы мәдениеттің насихаттаушысы болды.

Ы. Алтынсарин Орынбордағы орыс мектебін бітірген. Мектептегі оқуын тәмамдағаннан соң старшинаның кеңсе хатшысы, Орынбор басқармасының тілмашы, мектеп мұғалімі, Торғайдағы қазақ мектептерінің инспекторы болып қызмет істеді. Еңбек жолының алғашқы жылында-ақ Ы. Алтынсаринның қоғамдық, ғылыми, педагогтық және саяси қызметі басталды.

Ы. Алтынсарин кедейлерді арсыз тонаған және мүліктерін тартып алған байларға, ру билеушілерін және кез келген алаяқтарға, қан сорғыш деп атанған феодалдық шонжарларға сын айтты, ойшыл бұқара халықты ғасырлар бойғы құлдыктан, қараңғылықтан және мәдениетсіздіктен құтқаруға көмектесуге тырысты. Ол қазақтардың қоғамдық байлығын жеген және олардың болашағын бүлдіретін жауыздыққа қарсы тұруды өзінің борышы санады. «Әділдік көрмегені үшін төреге айтылған сөз» деген өлеңінде халықты қанаушыға бағыттап, Ы. Алтынсарин кімді сен езіп жаңшысаң, олардың да саған құрық салатын күні туатынын ұмытпа<sup>1</sup> — деп жазды.

Ы. Алтынсарин зайырлы оқу-ағарту, мәдениет, мектепті шіркеуден бөлу үшін күресті. Ол исламның феодалдық-клерикалдық идеологиясымен күрес жүргізді, ислами білім берудің схоластикалық жүйесін, сонымен қатар патшалық Ресейдің ұлттық-отаршылдық саясатын әшкереледі. Ы. Алтынсарин қазақтарды алдыңғы қатарлы өркениетті халықтардың қатарынан көргісі келді. Ол үшін, оның пікірінше, қазақтардың патриархалды рулық тұрмысын өзгерту қажет. Әрбір халық, — деп жазды ол, — прогрессивті дами отырып, түптің түбінде көшпелі тұрмыстан отырықшы тұрмысқа қалайда өтуі қажет, өйткені онымен оқу-ағарту тығыз байланысты.

Сонымен бірге Ы. Алтынсарин сауда мен өндірісті дамытуға шақырды. Осымен байланысты ол өндіріс пен сауданың әр түрлі салалары бойынша мамандар даярлау міндетін көтерді, адамдарды тері илеуге, сабын, шырақ, жүннен мата және т.б. жасайтын қолөнерге үйрететін оқу орындарын ашуды талап етті. Оған сондай бір қолөнер училищесін ашудың сөті де түседі.

Көрнекі орыс педагогі К. Д. Ушинскийдің жолын қуған Ы. Алтынсариннің әлеуметтік-саяси дүниетанымында тәрбиеге деген көзқарасы маңызды орын алады. Ол алған білімді практикалық қызметте қолдануға қабілеті бар адамдарды «ғылымның рухына және нәрсеге дұрыс көзқарас» қалыптастыруға әзірлеуді және өз халқының экономикалық, рухани және әлеуметтік-саяси дамуына ықпал етуге дайындауды тәрбиенің негізгі міндеті деп санайды.

Далалық мектептерге, — деп жазды ол, — қазіргі кезде тек орыс тілі мен сауаттылыққа оқытатын оқу орындары ретінде қарамау керек, оларда

<sup>1</sup> Қараңыз: *Алтынсарин Ы.* Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1955. 64 б.



оқушылар сонымен қатар отырықшылықтың әдеттерін, тазалық пен затқа дұрыс көзқараспен қарауға үйренуі қажет: бір сөзбен айтқанда, оқушылардың тәрбиелік жағына көп көңіл аудару қажет, мақсатқа жету үшін бұл оқушылар, белгілі бір тиянақты және белгілі бағыттарға толыққанды білім алып, өздерінің жаңа және дұрыс ойларымен қоршаған халыққа ықпал жасай алатындай болуы тиіс.

Білімсіздік пен мәдениетсіздіктің қараңғылығынан өз халқын алып шығуға көмектесуге тырысқан Ы. Алтынсарин қазақтар үшін ана тілінде оқытатын шын мәніндегі зайырлы мектеп құрды. Ол көптеген өлеңдер, қызықты әңгімелер, оқулықтар мен көпшілікке арналған кітаптар жазды, оларда білімді насихаттады, оқырмандарды ғылымның жетістіктерімен таныстырды. Ол білімді, оқу-ағартуды қоғамдық, саяси прогрестің басты серпіні, әлеуметтік-саяси құрылысты өзгертудің негізгі алғы шарты деп есептеді. Сондықтан Ы. Алтынсарин қалың халық арасында білімді тарату үшін күресті. Ол тек білім, ағарту ғана халық бұқарасын байлар билігінің қол сұғуларынан құтқаруға қабілетті, олардың шынайы дүниеге көздерін ашуға, олардың иллюзиясын сейілтуге және шын прогреске жетуге ықпал етуге қабілетті деп ойлады.

Ы. Алтынсарин ұлт мәселесін, қазақтардың атақ сүйгіштігін, олардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, отбасы мен неке қатынастарын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Ы. Алтынсаринның саяси көзқарастарына терең бойлаған гуманизм, демократизм, өз халқының мүддесін және оның еркіндігін қорғауға тырысушылық тән. Ы. Алтынсаринның саяси көзқарастары және оның прогрессивті идеялары өз халқының артта қалушылығына қарсы, оның білімсіздігіне, қорғаландығына, ұлттық және әлеуметтік-саяси езгісіне қарсы бағытталған күресті бейнелейді. Оның ағартушылық идеялары және педагогтік, қоғамдық, саяси қызметі қазақ халқының әлеуметтік-саяси ілімінің және прогрессивті мәдениетінің дамуына игі ықпал етті.

Қазақстандағы саяси ойдың дамуында Абай Құнанбаев маңызды роль атқарды. Абай (1845–1904) – ұлы ақын, көрнекті гуманист және ойшыл. Оның шығармашылық мұралары қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінің ең өткір проблемаларын қамтыған өлеңдерден, дастандардан, прозадан, аудармалардан және өн-әуендерінен тұрады. Оның шығармашылығы демократиялық идеяларға толы.

Абай Семей облысының Шыңғыс болысында туған. Бастауыш білімді ол орыс приход мектебінен алады, оған өз бетінше қатысады және бір мезетте мұсылман рухани училищесі саналатын медреседе оқиды. Абай он үш жасқа толғанда, әкесі оны ауылына қайтарып алады да, бір-бірімен қарсыласқан қазақ руларының арасындағы қиын сот-құқықтық талас-

тартысқа тартады. Егесті жақтардың дауларын шешуде ол өзінің әкесіне ұнай қоймаған әділеттілік принципін қатаң басшылыққа алды. Алайда халыққа деген сүйіспеншілігі, ру аралық талас-тартысқа қатысқысынын келмеуі, даланың ақсүйектерінің зорлық-зомбылығына зығрданынын кайнауы оның әкесінен бөлініп кетуіне әкеліп соғады. Абай орыс тілі мен әдебиетін терең оқуға барынша беріледі және шығармашылық жұмысқа біржола мойнын бұрады.

Жер аударылған орыс революционерлері мен халық акын-жазушылары оның жақын достарына айналды. Өзінің аудармаларымен қазақ халқы А. Пушкиннің, М. Лермонтовтың, И. Крыловтың шығармаларымен, Шығыс пен Батыс халықтарының мәдениетімен таныстырды.

Абайдың демократизмі, оның қоғамдық-саяси қызметі феодалдар мен байлардың және патша әкімшілігінің жек көрушілігін тудырады. Семей губернаторының бұйрығы бойынша Абайдың сыртынан жансыз полиция бақылауы орнатылған еді. Сонымен қатар Абайға Омбы генерал-губернаторының қолдауымен қазақ ақсүйектері ұйымдастырған соттың қуғын-сүргіні он жылға созылды.

Абай байлардың байлығын және надан молдаларды жырлаған қазақтың кейбір ақындары мен идеологтарының реакциялық ниетін сынады. Ол зайырлы білімді жақтады. Абай халық бұқарасын бірігіп езген қазақтың феодал ақсүйектері мен патша әкімшіліктерінің мүдделері мен саясатының ортақтығын түсіну деңгейіне дейін жетті. Ол «биліктің» көпірме және сатқындығын әшкереледі. «Бақытсыздықтан құтқармаған соң халықтың билікке сенімі калмады»<sup>1</sup>.

Оның өлеңдері жергілікті билікті «сайлау» комедиясын суреттеген ыза мен өткір мысқылға толы болды, көнбегендерді қойдың мүйізінше иіп, ал қалғандарына жақсы ішіп-жегізуді, жеңілдіктерді және т.б. уәде берумен «сендірді». Абай «дала жыртқыштары» – феодалдар өздерінің шайқалған позициясын сақтап қалуға тырысып ұлтаралық өшпендікті, ұлтшылдық пен шовинизмді өршітіп отырғанын түсінді. Сондықтан ол ру ақсүйектері мен молдалардың алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне, әлеуметтік-саяси ойға сенімсіздік таратуының қауіптілігін көрсетті және қазақ халқының орыс халқымен барынша тығыз бірігуінің қажеттігі туралы ойын табанды түрде жеткізді. Сонымен бірге, Абай Ресейдің барлық халықтарын теңдік пен әділеттілік принциптері негізінде біріктіре алатын алғышарттар туралы да армандады. Абай қазақтарға орыс халқынан шаршамай-шалдықпай үйренуге, орыс үлгісіндегі өнеркәсіп пен сауданы алуға, орыс тілі мен мәдениетін және т.б. пайдалануға кеңес береді.

<sup>1</sup> Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық жинағы. Алматы, 1961. 82-б.

Абай бүкіл өмірін патша самодержавиесінің және оны қолдаған орыс империясының шеткі аймақтарында патша үкіметінің қолдауын пайдаланған қайсыбір әлеуметтік-саяси күштердің еркі бойынша өлімшінің аянышты күнін көрген қазақ кедейлерінің, халық бұқарасының мүддесі үшін күресте өткізгенін айтуымыз керек. Ол өзінің көптеген өлеңдерінде қанаушылардың қазақ кедейлерін адам төзгісіз ауыртпалықтарға салып отырғанына қатты наразылық білдірді. Сонымен бірге Абай Азия депоттарын және олардың жақтаушыларын жан күйдіретіндей жек көрді. «Ескендір» дастанында басқыншы Александр Македонскийге Аристотельдің ақыл-парасатын қарсы қоя отырып, оның ашкөздігін сынайды.

Абай халық бұқарасын басқа халықтармен бейбітшілікте және достықта өмір сүруге шақырды. Ол алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне және басқа халықтардың мәдениетіне араласу, отырықшылыққа көшу, жер шаруашылығын, қолөнерді және сауданы дамыту, қалалардың өсуі, көрші халықтармен достықты нығайту — осының бәрі, сайып келгенде феодалдар мен байлардың билігін тежейді, өзара тартысты тоқтатады және реакциялық ислам идеологиясының ықпалын жояды деп сенді. Бұл жерде Абайдың феодалдар мен байлардың зорлық-зомбылығының және өзара тартыстың нағыз түп-тамырын және қоғамдағы әлеуметтік-саяси қақтығыстардың қайнар көздерін көре алмағандығын айтуымыз керек. «Мұндай әлеуметтік қайшылықтың шешімі саяси күресте, халық өз бостандығы үшін күресуі қажет, бірақ, Ғ. Есімов атап көрсеткендей, ақын ондай мәселелерді көтермеген»<sup>1</sup>.

Өмірдегі саяси құрылысты сынағанмен, ол оны немен алмастыру керектігін білмеді. Кейбір жекелеген жағдайда Абай қазақ қоғамын оның бастапқы даму сатысына қайтару қажеттігі туралы реакциялық көзқараста болды, алғашқы қауымдық патриархалды-рулық құрылысты дәріптеді.

Десек те Абайдың қазақтың еңбекші бұқарасының көңіл-күйін, феодалдар мен байлардың зорлық-зомбылығын бейнелеген, оларды жек көріп, жақсы болашаққа жету үшін орыс және басқа халықтармен өз күшін біріктіруге тырысуын сипаттаған жалпы саяси көзқарастары өз дәуірі үшін прогрессивті.

Абай шығармаларында мораль проблемасы негізгі әлеуметтік-саяси тақырыптардың бірі болды. Абай еріктің, ақылдың және сезімнің («жүрек») бірлігін білімнің және моральдық қылықтардың негізі санады. Ақыл, оның пікірінше, адамның заттың мәнін түсіну қабілеті, адамға құбылыстың керекті жақтарын тандап алу, пайдалыдан зиянды айыра білу қабілеті. Ерік — бұл адамның мақсатқа жетуге тырысу әрекетін басқаратын, та-

<sup>1</sup> Есімов Ғ. Хакім Абай. Алматы, 1994. 189 б.

нымға, таңдауға жетелейтін күш деп жазды, — ол. Абай сезімді адамның ішкі мазасыздығының басты қайнар көзі, оның қызметке талпынысының себебі, адамдар арасындағы моральдық қатынастар мен рухани тазалықтың негізі деп санады.

Осымен байланысты Абай білімге, ағартуға, ғылымға құмарлықты адамның жағымды өнегелік сапаларының негізі деп есептегенін айтуымыз қажет. Тек білімді адам ғана күнделікті керек нәрселерін адал еңбегімен табуға, әділеттілікке және басқаларға жауыздық жасамауға, кемістікке қарсы тұра алатын адамгершілік сапаларды өз бойында қалыптастыруға тырысады. Бұл діни екіжүзділікке, алдап-арбауға және жәдігөй жауыздыққа жол бермейтін білімді адамның жан дүниесіне құдайға (иман) деген адал да шын сезім жарығының ұялауына байланысты болады. Абай көрнекті гуманист болды, оның өмірі мен шығармашылығы адамгершілік-саяси терең мазмұнға толы болумен қатар терең тәрбиелік мәнге де ие.

Абайдың тәрбие теориясы адамды ортаның жемісі, тәрбие «өз заманының сәбиі» қағидасынан шыққанын атап айтуымыз керек. «Қисық жандар», қиянатшыл және өтірік қылықтар адамда оны қоршаған сыртқы жағдайлардың зиянды ықпалының нәтижесінде пайда болады. Дырдулы өмір мен жұмыссыздық адамды сөзсіз азғындық жолға итермелейді. Бірақ Абай сыртқы орта мен тәрбиенің қолайлы жағдайлары жақсы әдеттерге бейімді адам жасауға болатынына ешбір шүбә келтірмеді. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, — деп жазды ол, — адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»<sup>1</sup>.

Осылайша ғасырлық артта қалушылық пен бұқараны аяусыз қанауға қарсы күрестің азабынан туындаған Абайдың прогресшіл саясаты осы бұқараның әлем өркениеті элементтерін қабылдауға идеялық-саяси жол салды. Абай болашақ ұрпаққа өзінің шығармашылық мұраларын мирас етіп қойған жоқ, сонымен қатар өзінің көрнекті шәкірттері мен ізбасарларында қалдырды. Абайдың өлеуметтік-саяси дүниетанымы және шығармашылығы, олардың қарама-қайшылықтығына қарамастан, қазақ халқының саяси ойы мен мәдениетінің дамуында үлкен рөл атқарды.

Қазақстан саяси ойының одан өрі дамуы қазақтың белгілі ойшылдары мен саяси қайраткерлерінің — Ш. Құдайбердиевтің, А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Дулатовтың, С. Торайғыровтың, М. Шоқаевтың, Ж. Аймауытовтың, Т. Рысқұловтың, С. Қожановтың және т.б. шығармашылығынан орын алды. Өкінішке орай, біздің жұмысымыздың көлемі олардың саяси көзқарастарын жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік бермейді. Олардың бай мұралары өз алдына арнайы қарауды, зерттеуді қажетсінеді.

<sup>1</sup> Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық жинағы. Алматы, 1961. 468 б.

Қорытындылай келіп, Қазақстанның саяси ойы ұзақ эволюциялық даму жолынан өткенін айтуымыз керек. Қазақстан ойшылдарының ауқымы мол әлеуметтік-саяси идеялары дүниежүзілік саяси ойдың алтын қорына еніп отыр. Қазақстанның саяси ойы әлемдік гуманитарлық ойдың ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ол саясатты қарастыруда, зерттеуде бірқатар бір-біріне амалдарды берді және Шығыстың да, Батыстың да саяси ойын толықтырып отыр.

## 6. XX ғасырдағы саяси ғылымның қалыптасуы

XIX–XX ғасырлар тоғысында ертеректе жинақталған көптеген идеялардың, тұжырымдамалардың, теориялардың саяси білімдер жүйесіне, саяси ғылымға бірігуі жүрді. Бұл үрдіс өзінің бүкіл дамуымен маңызды саяси басқару сатысына өткен және саяси қызметтің барлық жақтарын жүйелі, ғылыми пайымдауды және болжамдауды қажетсінген қоғамның талабы еді.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында бірінші дүниежүзілік соғыстың және революциялардың нәтижесінде пайда болған қоғамды саясаттандырудың жаңа толқынының ықпалымен саяси ғылымның белсенділігі артып, дербестікке ие болды. Оның құқықтану, әлеуметтану, саяси тарихтан іргесі бөлінді. Саясаттану қазіргі қоғамның проблемаларына, саяси процестерге көңіл аудара бастады. Саясаттану теориялары мен тұжырымдамалары пайда болды. Саяси ғылымға Американың ықпалы күшейді.

XX ғасырдың орта тұсында саясаттану толығымен жеке ғылым ретінде қалыптасты. 1949 жылы саяси ғылымдардың Халықаралық ассоциациясы құрылды, ол әртүрлі елдердің саясаттанушыларының арасында жүйелі байланыс орнатты. XX ғасырда саяси ой мен ғылым алуан түрлі көптеген тұжырымдамалармен, доктриналармен және т.б. көзге түсті.

XX ғасырдағы саяси ойдың қалыптасуы мен дамуы ұлы ойшылдар М. Вебер, Г. Моска, В. Паретто, Р. Михельс, Т. Парсонс, Д. Истон, Т. Алмонд, М. Дюверже және т.б. есімдерімен байланысты. Бұл жерде, ең алдымен саяси құбылыстарды өзінің даму логикасы және соған сәйкес өзіндік тарихы бар ерекше нақтылық ретінде қарастырған неміс әлеуметтанушысы әрі саясаттанушысы Макс Веберді (1864–1920) бөліп көрсеткен жөн. Оның негізгі жұмыстары: «Протестанттық этика және капитализм рухы» (1904–1905 ж.ж.); «Саясат бейімділік және кәсіп ретінде» (1919 ж.); «Шаруашылық және қоғам» (1920 ж.).

Вебер ақиқатты теориялық моделдермен – «идеалды типтермен» талдауды ұсынды және қоғамдық құрылысты, әлеуметтік әрекетті, қоғамдық дамуды, билікті, басқаруды (бюрократияны) және демократияны сарап-

тау үшін «идеалды типтер» жүйесін жасады. Ол қоғамдық дамудың маркстік тұжырымдамасын жоққа шығармады, бірақ адамдардың саяси жүріс-тұрысын олардың қай тапқа жатуы ғана емес, діни, этникалық, аумақтық және басқа да мүдделері мен көңіл-күйлері анықтайды деп есептеді. Адамдар мен топтардың әлеуметтанулық танымы арқылы қоғамдық проблемаларды зерттеудің веберлік методологиясын көптеген ғалымдар пайдаланды және дамытты.

Марксизм классиктері сияқты Вебер саясатты билікке қатысты қоғамдық қатынастардың немесе мемлекетаралық, мемлекет ішіндегі адамдар топтары арасындағы билікті бөлуге ықпал ету саласы деп есептеді. Алайда веберлік көзқарас марксизмге қарағанда саяси дамудың социомәдени факторларына (құндылықтар, сенімдер, идеалдар және т.б.) баса көңіл аударумен ерекшеленеді. Вебердің ықпалымен саяси ғылымда протестанттық этикамен, индивидуализм рухымен, келісімге келу мәдениетімен ажырамастай байланысқан батыстың ерекшелікті құндылығы ретінде демократия туралы тұрақталған сенім қалыптасты. Бірақ марксизмдегі әлеуметтік-экономикалық факторларды бағалауға қарағанда социомәдени факторларды бағалау бір мағыналы емес. Вебер бұл факторлардан саяси дамудың барлық құпиясын іздемейді. Ол тек олардың үлкен маңыздылығын басқа да факторлармен байланыстыра отырып көрсетеді. Вебердің саясат тұжырымдамаларының аса маңызды идеясы адами қызметтің ерекше түрі болып табылатындығына саяды. Бір жағынан ол кәсіпорын іспетті, заңды үстемдіктің аппараты, ал екінші жағынан, ол бүкіл қоғамдық өмірді қамтитын ерекшелікті кәсіби қызмет. Бүкіл қоғам және барлық адамдар осы кәсіпорында өздерінің орындарына қарай үш категорияға бөлінеді. Бірінші – жағдайға орай саясаткерлер (қатардағы сайлаушылар). Екіншісі – қосымша жұмыс атқарушы саясаткерлер (партия белсенділері). Үшіншісі – кәсіби саясаткерлер. Саясат, Вебердің пікірінше, қоғамдық өмірдің өз алдына жеке саласы ретінде, «бүкіл қоғамның саяси кәсіпорындарының штабы» ретінде мемлекеттік әкімшілік аппараттың пайда болуымен, сонымен қатар билікті бақылау және бөлумен байланысты басқару қызметінің адамдардың ерекше мамандығына айналуымен қалыптасады.

Қоғам XIX–XX ғасырлар тоғысында басқаруды қажетсінген аса күрделі ұйымдасқан жүйеге айналғанын айта кеткен жөн. Вебер міндеттерді қатаң бөлуге негізделген, кәсібилік пен тәртіпке негізделген ұтымды бюрократияны мемлекеттік ұйымдардың ең тиімді жүйесі санады. Идеалды бюрократия типі үшін: біріншіден, ережелер мен заңдар себепші болған еңбек бөлінісі; екіншіден, төменгі лауазымды адамдардың жоғарғыларға бағынуы; үшіншіден, қызметкерлерді сайлау арқылы емес, кәсіби біліктілігі негізінде тағайындау; төртіншіден, қызметкерлердің еңбек

ақысының рангтеріне сәйкес болуы; бесіншіден, қызметкерлер үшін мемлекеттік мекемедегі жұмыс негізгі еңбек болып табылуы; алтыншыдан, қызметкердің жұмыс істейтін кәсіпорынның иесі болмауы және т.б. тән.

Бұл ережелердің болуы мемлекеттік органдардың қызметіне біркелкілік әкеледі, мемлекеттегі әрбір институттың жауапкершілігін нақты белгілейді, бастықтың қоластындағыларға қатысты бассыздығын шектейді, қызметтік қатынастарда жеке жеке көрушілікке, ренішке, жақсы көрушілікке жол бермейді.

Ұтымды бюрократия мемлекеттің басқару функциясын жүзеге асыруға көмектесетін тек атқарушы орган ғана. Ол саяси шешімдер қабылдамайды, оның міндеті — саяси элитаның шешімдерін орындау.

Саяси биліктің сипатын сараптай келіп Вебер заңды үстемдіктің қоғам мойындаған үш типін бөліп көрсетеді: құқықтық немесе жария — мемлекет мұнда тұлғаларға емес, заңдарға бағынады; дәстүрлі ежелден келе жатқан тәртіптер мен биліктердің қасиеттілігіне сенуге негізделген; патриархалдық — харизмаға (құдай берген қасиет) негізделген, бұл әдеттегі дәстүр мен әдет-ғұрыпқа сүйенбейді, керісінше ғажайыпқа — харизматиктің саяси күші мен моральдық қасиеттеріне арқа сүйейді.

Вебер құқықтық мемлекетті жақтады, бірақ ХХ ғасырдағы құқықтық мемлекеттердің қоғамдық өмірінің тез бюрократиялануына көңіл аударды. Ал бұл бюрократия мен демократияның арасындағы қалыңдыққа әкеп соқтырады. Ол бірінші болып демократияландырудың саяси оғаштығын (парадокс): бұқара халықты әлеуметтік-саяси өмірге тарту үрдісін кеңейтудің саяси ұйымдар санасының артуына, бюрократия тираниясының айтарлықтай өсуіне әкелетінін атап көрсетті. Бұған жол бермеу үшін Вебер плебисцитарлық демократия теориясын ұсынады, ол бойынша харизматикалық көшбасшы, плебисцит сайлаған (бүкіл халықтың тікелей дауыс беруімен) парламенттік демократияға күш қосады. Тек харизматикалық көшбасшы ғана, Вебердің ойынша, ХХ ғасырдағы тұлға, ол қоғам, мемлекеттің өзара қарым-қатынас мәселесін шеше алады.

Вебердің әлеуметтік және саяси көзқарастары ХХ ғасырдағы әлеуметтану мен саясаттану ғылымдарының дамуына ықпал етті, 70-ші жылдары «веберлік қайта өрлеуге» ұласқан оның теорияларына деген қызығушылық айтарлықтай арта түсті.

Геосаясат ХХ ғасырдағы саяси ойдың бағыттарының бірі болды. Ол өзінің өмір сүруі мен қызметі үшін кеңістігін кеңейтуге тырысатын, ерекше организм ретінде мемлекетті сипаттауды географиялық факторлардың ықпалымен түсіндіруге тырысатын саяси доктринаға айналды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында «геосаясат» терминін ғылыми айналымға швед ғалымы Рудольф Челлен (1864—1920) кіргізді, бұған

дейін де мемлекеттердің халықаралық саясатын географиялық факторлармен дәлелдеуге қадамдар жасалған еді. Германияда геосаясатты дәлелдеумен антропогеография мен саяси географияның ірге тасын қалаушылардың бірі Фридрих Ратцель (1844—1904) айналысты. Ол мемлекет кеңістіктің артуын қажетсінетін, ал «өсіп-өнуші халық өзінің санын көбейту үшін жана жерлерді қажетсінетіндігін» атап көрсеткен еді. Оның пікірінше, өзінің географиялық жағдайын жақсартуға халықтың бейімділігі жоғары. АҚШ-та геосаясатты тарихшы А. Мэхэн (1840—1914) негіздеді. Ол мемлекеттің географиялық жағдайы мен оның тең қуатының және «халықтық мінез-құлқының» арасында тікелей байланыстың бар екендігін дәлелдеді.

Бұдан кейін де геосаясат идеялары басқа да бірқатар авторлардың жұмыстарында жалғасын тапты. Англияда геосаясат идеясын географ Хэлфорд Маккиндер (1861—1947) негіздеді. Оның тұжырымдамасына сәйкес халықтар мен мемлекеттердің тағдырын анықтаушы фактор олардың географиялық жағдайы болып табылады. Герман фашизмінің геосаясат мектебінің басшысы Карл Хаусхофер (1864—1945) «геосаясатқа тиісті түр беріп, үшінші «рейхтің» ресми доктринасының бөліміне айналдырды». Осы доктринаға сүйеніп, герман фашизмінің басшылары көрші елдерді құрту және «герман ұлтына өмірлік кеңістікті» жасау мақсатында басқыншылық жолға түсті. Бүкіл Азияны жаулап алуды қарастырған «өзара гүлдену саласы» доктринасы Жапонияның геосаясатының нұсқасы болып табылады. Американдық геосаясат концепциясының негіздерін екінші дүниежүзілік соғыс кезінде әлеуметтанушы, тарихшы, географ Н. Спикмен (1893—1943) өзінің «Дүниежүзілік саясаттағы Американың стратегиясы» және «Әлемдік құрылым географиясы» кітаптарында баяндады.

XX ғасырдың бірінші жартысында қоғамның барлық мүшелерінің ынтымақтастығын дәріптеген саяси ынтымақтастық (солидаризм) ілімі кеңінен тарады. Ынтымақтастық ілімінің ірге тасын қалаушылардың бірі Француз әлеуметтанушысы және құқық теоретигі Л. Дюги (1859—1928) болды. Ол қоғамда адамдарды біріктіретін байланыстар ынтымақтастықтың дәнекері болып табылады деп есептеді. «Ынтымақтастық фактісін адамдар мойындайды», — деп есептеді ол. Қоғамдағы әрбір тап, әлеуметтік жік, оның пікірінше, қоғамда ынтымақтастықты қамтамасыз етуде өзіндік орнын алады және өзіндік рөлін атқарады, олардың ынтымақтастығын дамыту капиталистік ақиқаттың жағымсыз жақтарын жоюға мүмкіндік береді. Ынтымақтастықты анықтайтын және дамытатын орган, Дюгидің пікірінше, — мемлекет болып табылады.

XX ғасырдың бірінші жартысында халық бұқарасының мемлекетті басқаруға қабілетсіздігі жөніндегі ежелгі аристократиялық идея қайтадан



жандандырылды. Бұл идея кез келген әлеуметтік құрылымның қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын басқару, ғылым мен мәдениетті дамыту функциясын іске асыратын жоғарғы, жеңілдігі бар жіктен немесе жіктерден және қалғаны халық бұқарасынан тұратындығын негіздейтін элита теориясынан көрініс тапты. Италия саясаттанушылары В. Парето, Р. Михельс, Г. Моска элита теориясының аса көрнекті авторлары болып табылады.

«Элита» терминін саяси ғылымға Вилфредо Парето (1848–1923) енгізді. Өзінің «Жалпы әлеуметтану жөніндегі трактатында» ол саяси өмір күрес пен элитаның ауысуынан тұрады деп көрсетті. Оның пікірінше, қоғамды әрдайым элита басқарады. Элитаның пайда болуына адамдардың психологиялық қасиеттері себепші болады деп ұйғарды ол. Саяси процесте, Паретоның пікірінше, элитаның екі типі ерекше көзге түседі: «арыстандар» элитасы және «түлкілер» элитасы. «Арыстандар» элитасының үстемдігі қоғамдық өмірдің айтарлықтай өзгеруін қамтамасыз етеді. Алайда, бұл элитаның алғашқы ұрпақтары саяси алаңнан қалай кететін болса, солай ол билеуші емес таптардың өкілдерімен толығу жолымен «шайылады». «Арыстандар» элитасы саяси үстемдікті «түлкілер» элитасына өткізетін сәт туады. Бұл элита, Паретоның пікірінше, шешуші шаралардан қорқарды, ол алдаудың, бұлтақтаудың көмегімен және т.б. ықпалымен елді билейді. Бүкіл элита Паретоның ойынша, белгілі кезеңде түрленіп, мемлекетті басқару қабілетінен айырылады. Элитаның алмасуы төңкеріс, зорлық-зомбылық жолдарымен жүзеге асады.

Сонымен қатар Парето қоғамның саяси өмірін зерттеу методологиясымен айналысқанын, қоғамдағы әртүрлі идеологияның мазмұны мен ықпалына сараптама жасаумен шұғылданғанын да айтуымыз керек.

Паретомен қатар саяси элита тақырыбын Гаэтано Москаның (1886–1941) зерттегені белгілі. Ол осы тақырыпқа «Саяси ғылымдардың негіздері», «Билеуші тап» атты зерттеулерін арнады. Моска барлық азды-көпті өркениетті қоғамдарда «билеуші» және «басқарушы» екі тап пайда болады деп есептеді. Билеуші тап (элита) саяси билікке монополия орнатып, басқарылушы таптың есебінен күн көреді. Оның пікірінше, «қазіргі өкілетті мемлекетте» саяси билік сондай «ұйымдасқан азшылықтың» қолына шоғырланған. Бұл үстемдік етуші азшылық «жаңа билеуші тап» болып табылады, бұл тап заңды қалыптаспаған. Ол өзінің үстемдігін өнеркәсіптік байлықты техникалық және ғылыми мәдениетпен ұштастыру есебінен жүзеге асырады.

Парето мен Москаның идеялары Роберт Михельске (1876–1936) айтарлықтай ықпал жасады. Өзінің «Қазіргі демократия жағдайындағы саяси партия әлеуметтануы» деген еңбегінде ол буржуазиялық демократиядағы «олигархиялық тенденциялардың темірдей заңын» ұсынды. Бұл заңның

мәні, оның пікірінше, белсенді азшылыққа арқа сүйейтін демократия қызметі ұйымының өмір сүру қажеттілігімен қатаң шектелетіндігінде, өйткені «бұқараға тікелей үстемдік ету техникалық тұрғыда мүмкін емес» және ол демократияның жойылуына әкеледі. Элита теориясы әртүрлі түсіндірулермен қазіргі уақытта да насихатталып келеді.

Саясаттануда саясатты талдауда құрылымдық-функционалдық әдіс ерекше орын алды. Құрылымдық-функционализмнің аса ірі өкілі американдық әлеуметтанушы Толкотт Парсонс (1902–1979). Оның негізгі еңбектері: «Әлеуметтік әрекет құрылымы» (1937 ж.); «Әлеуметтік жүйе» (1951 ж.); «Әрекет теориясы және адами өмір сүру» (1978 ж.).

Парсонс – әлеуметтануда әрекет теориясын жасаушы және құрылымдық-функционалдық мектепті құрушы. Оның әлеуметтік әрекет теориясында қоғамдық жүйенің төрт жүйешеден тұратындығы қарастырылады, олардың әрқайсысы өз функцияларын атқарады. Солардың бірі саяси жүйеше, бұл жүйеше билікке арқа сүйеудің негізінде, ортақ мақсатқа жету үшін адамдардың ұжымдық тиімді әрекетін ұйымдастыруды қамтамасыз ету қабілетімен байланысты. Саясаттағы билік, Парсонсша пайымдағанда, экономикадағы ақша сияқты айырбас құралы және ынталандыруға жұмылдырушы болып саналады. Саясат, бір жағынан, әлеуметтік механизмнен, ал екінші жағынан, институционалдық құрылымнан тұрады. Саясат әлеуметтік механизм ретінде үш элементтен тұрады: ұжымдық мақсаттарды анықтау; шешімдер қабылдау; мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды жұмылдыру. Институционалдық құрылым ретінде де ол үш элементтен тұрады: көшбасшы институты; билік органдары; нормалар мен ережелерді белгілеу. Әлеуметтік механизм және институционалдық құрылым саяси әрекеттердің біртұтас жүйесіне бірігеді. Осылайша Парсонс қоғамның жүйешесі ретіндегі саяси өмірді белгілі бір мақсаттардан, шешім қабылдаудан және оларды ресурстарды жұмылдыру арқылы жүзеге асырудан тұратын саяси ойындардың белгіленген құқықтық ережелері шеңберінде билік органдары арқылы адамдарға көшбасшылардың ықпал жасауының аса күрделі жиынтығы ретінде көрді.

Парсонстың идеялары Д. Истон жасаған саяси өмірге жүйелі талдаудың және саяси жүйе теорияларының негізін құрады.

Дэвид Истон (1917) – канадалық және американдық саясаттанушылардың ішіндегі көрнектілерінің бірі. Оның негізгі еңбектері: «Саяси жүйе» (1953 ж.), «Саяси өмірді жүйелік талдау» (1956 ж.), «Саяси құрылымды талдау» (1990 ж.). Истонның саяси ғылымға қосқан негізгі үлесі саяси жүйенің өмір сүруін зерттеуге, сонымен қатар саяси әлеуметтену мәселесін зерделеуге жүйелік талдаудың принциптері мен әдістерін бейімдеумен және қолданумен байланысты. Саясаттанудың пәніне, Истонның

пікірінше, саяси жүйелердің тіршілік әрекетінің процестерін талдау жа-тады, солардың қатысуымен құндылықтарды беделмен бөлу, жүйенің тіршілігін қолдап, қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жауап қайтару тәсілдері іске асады.

Өзінің еңбектерінде Истон саяси жүйе жәй ғана оның құрылымдарының өзара әрекеті емес, керісінше ол үнемі өзгертін, өмір сүретін динамикалық субстанция екендігіне баса көңіл аударады. Ол саяси жүйені өзара әрекет ретінде анықтайды, соның қатысуымен қоғамда құндылықтарды бөлу жүзеге асады және соның негізінде қоғам мүшелері арасында қақтығыстарға жол берілмейді. Өмір сүру тұрғысынан кез келген саяси жүйені қарастырғанда ол «кіру» және «шығу» жүйесінің өмір сүруінің көрсеткіші ретінде кибернетикалық принцип өлшемін қолданады. «Кіру» – бұл азаматтардың мүдделері мен қажеттіліктері, ал «шығу» – биліктің шешімдері мен әрекеті.

Саяси тұжырымдардың қалыптасуы мен дамуына ірі үлес қосқан француз әлеуметтанушысы әрі саясаттанушысы Морис Дюверже (1917) болды. Оның негізгі еңбектері: «Саяси партиялар» (1951 ж.), «Саясат идеялары. Биліктің қоғамда қолданылуы» (1966 ж.), «Саясат әлеуметтануы: саяси ғылымдардың элементтері» (1973 ж.).

Дюверже саясат пен қақтығыс теорияларын жасауда айтарлықтай үлес қосты. Ол саясатты «екі жүзді Януспен» салыстырды. Оның пікірінше, бір жағынан, саясат – бұл қақтығыс, билік қолында билігі бардың одан пайда табуына және қоғамды басқаруына мүмкіндік береді. Екінші жағынан, саясат бұл – қоғам өміріне тәртіп пен әділдік ережесін енгізуге талпыныс, онда билік ортақ мүддеге және жеке мүдделердің қысымына қарсы жалпы ізгіліктің болуына кепілдік береді. Бірінші жағдайда саясат азшылықтың көпшіліктен алатын жеңілдіктерін жоюға қызмет етеді; екінші жағдайда ол барлық азаматтардың қоғамға интеграциясын жүзеге асыру құралы және әділетті мемлекет құру құралы болып табылады.

Дюверже саяси күрестің мынандай формаларын: саяси режим, қысым жасау топтары, тактика, стратегия және т.б. түрлерін сараптайды.

Ол саяси партиялар мен партиялар жүйесі теориясына зор үлес қосты, бұл оны әлемге танымал етті. Ол партияның құрылымдық-ұйымдық негіздерін, институттық қауым ретінде олардың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктерін қарастырады, бірінші болып саясаттануда партия, парламент және сайлау жүйесінің өзара байланысы туралы мәселені көтереді. Дюверже сайлау және партия жүйелерінің өзара байланысының «үш әлеуметтанулық заңдарын» жасады. Олардың мазмұны келесі қағидаларға саяды: біріншіден, пропорционалды сайлау жүйесі қатаң ішкі құрылымы бар автономды партиялардың өмір сүруін сипаттайтын көп партиялық

жүйенің пайда болуына септігін тигізеді; екіншіден, абсолютті мажоритарлық сайлау жүйесі партия жүйесін туындатады, онда партиялар икемді позиция ұстайды және өзара келісімге келуге тырысады; үшіншіден, салыстырмалы мажоритарлық сайлау жүйесі екіпартиялық жүйені қалыптастырады.

Қазіргі кезге дейін өткен жүзжылдықтың 50–60 жылдарында Батыс елдерінде кенінен тараған идеологиясыздандару теориясы қайсыбір түсініктемелер алып, сақталып отыр. Теориялық тұрғыдан алғанда бұл тұжырымдама өзінің шығуын неміс әлеуметтанушысы Карл Мангеймнің (1893–1947) әлеуметтанулық білімінен алады. Бұл зерттеуші ешқандай идеология ақиқат туралы нақты білім бермеуімен байланысты, идеологияны «жалған білім» деп жариялады. 50–60 жылдары Батыстың ірі философтары, әлеуметтанушылары Т. Парсонс, Э. Шилз, Д. Белл, С. Липсет, Р. Арон және басқалары идеологиясыздандыруға әлеуметтік-саяси тұжырымдамалық сипат берді. Бұл тұжырымдама, бір жағынан, сол кездегі өмір сүрген буржуазиялық идеологияны партиясыз «таза ғылым» ретінде көрсетуге бағытталса, екінші жағынан, «кез келген идеологияның ғылымсыздығы» туралы пайымдаудың астарында оны өзге идеологияға қарсы қою жатыр еді.

Идеологиясыздандыру тұжырымдамасын жасаушылар «идеология біткен» күн туды деп сендірді. Бұл қорытындыны олар түрліше дәлелдеді. Олардың кейбіреуі ғылыми-техникалық революция жағдайында идеологияның орнына ғылым келді дегенді, екіншілері, қазіргі Батыс қоғамы алда тұрған міндеттерді идеологиялық догмалардан тыс шешуге қабілетті дегенді және т.б. айтты.

Алайда 70 жылдары Д. Белл, содан кейін идеологиясыздандару тұжырымдамасының басқа да авторлары жаңа реидеологиясыздандыру тұжырымдамасын ұсынды. Бұл тұжырымдама, бір жағынан, идеологиясыздандыру тұжырымдамасының өзіндік жалғасы іспетті болса, екінші жағынан, оның жалған екенін білдірді. Бұл тұжырымдаманың авторлары жаңа жағдайдың талаптарына жауап беретін және бұқара халыққа түсінікті жаңа идеология жасау мәселесін қойды. Олар мұндай идеологияны дәстүрлі либерализмді радикалды фразеологиямен ұштастыру жолымен құруға талпыныс жасады. Соның барысында қоғамдық сананы бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен манипуляциялау техникасын жетілдіруге ерекше көңіл аударылды.

Батыс әлеуметтануында институционализм айтарлықтай рөл атқарады. Оның өкілдері Сеймур Липсет (1922), Чарльз Милз (1916–1968) және басқалар қоғамдық, соның ішінде саяси өмірдің тұрақты ұйымдасуы және реттелуі формаларын зерттейді. «Саяси институт» осы бағытта қолданылатын

негізгі ұғым болып табылады, бұл жерде ол ішкі құрылымы бар және қызметтің бекітілген ережелері мен нормаларына бағынатын, белгілі бір саяси мақсаттар мен функцияларды атқару үшін құрылған мекеме ретінде түсіндіріледі. Адамдардың саяси жүріс-тұрысын институтционалшылдар өмірдегі әлеуметтік-нормативтік актілермен және институттармен тығыз байланыста зерттейді, олардың пайда болу және өмір сүру қажеттігі табиғи тарихи заңдылық ретінде мойындалады.

XX ғасырдың 20–30 жылдарында саяси ойдағы ерекшелікті ағым технократтық тұжырымдамаларды қалыптастырды. Бұл тұжырымдамалардың мәні қоғамда техника мамандарының саяси билігін орнату қажеттілігін дәлелдеуден көрінді. Саяси ойда технократтық бағыттың пайда болуын көптеген зерттеушілер америка ғалымы Т. Вебленнің (1857–1929) есімімен байланыстырады, 20-шы жылдары шыққан «Инженерлер және баға жүйесі» кітабында ол саяси билікті техника мамандарына беруді ұсынды.

XX ғасырдың 40–50 жылдары жоғарыда өңгіме болған тұжырымдамалар пайда болып, өнеркәсібі дамыған елдерде технократияны саяси нақтылыққа айналдыру туралы көзқарастар қалыптасты. Бұл тұжырымдамалардың авторлары технократтар басшылық қызметті тек кәсіпорындар мен олардың бірлестіктерінде алып қана қоймай, өздерінің қолдарына саяси билікті шоғырландыруы тиіс деп санады. 60–70 жылдары технократиялық идеялар америка әлеуметтанушылары мен саясаттанушылары Г. Саймонның («ғылыми басқарылатын қоғам»), Д. Беллдің («постиндустриалдық қоғам»), З.Бжезинскийдің («технотрондық қоғам») және басқаларының тұжырымдамаларынан көрініс тапты.

Аталмыш тұжырымдамалармен қатар, XX ғасырда «постиндустриалды қоғам», «мемлекеттік шаруашылық теориясы», «әлеуметтік нарықтық шаруашылық», «бәрін жарылқайтын мемлекет» тұжырымдары, «саяси плюрализм теориясы» және т.б. мейлінше кеңінен тараған еді. «Постиндустриалды қоғам» тұжырымдамасы авторларының бірі американдық әлеуметтанушы Алвин Тоффлер (1928) «Болашақпен соқтығысу», «Үшінші толқын» және басқа да еңбектерінде адамзат жаңа технологиялық революцияны басынан кешіріп жатыр, соның барысында компьютерлік дәуір орнайды және ақпараттық қоғамға өту жүзеге асады деп сендірді.

Тоффлер ақпараттық қоғамның негізгі тенденцияларына сараптама жасайды. Ол теориялық назарын қоғам өмірінің барлық саласында: экономика, білім, денсаулық сақтау, қаржы мен бизнес, бұқаралық ақпарат, дем алу және т.б. өсіп келе жатқан білім, ақпарат рыногіне аударады.

Білімнің алдыңғы қатарлы экономиканың маңызды ресурсына айналғанын айтуымыз керек, өйткені ол шикізатқа қажеттілікті, жұмысшы күшіне, уақыт пен капиталға мұқтаждықты қысқартады. XXI ғасырда әлемдік

денгейде экономикалық үстемдік үшін жүріп жатқан күресте «білімге негізделген стратегиялық қару» әрекеті алдыңғы қатарға шықты. Байлық пен қару-жаракқа қарағанда білім көбіне-көп тең бөлінбеген, сондықтан білімді, интеллектуалдық ресурстарды қайта бөлу қазіргі өркениеттің маңызды міндеті болып табылады.

«Бәрін жарылқайтын мемлекет» теориясы авторларының пікірінше, аралас экономиканы нығайту, экономикалық өмірді мемлекеттің реттеуі, әлеуметтік қызмет көрсетуді дамыту және т.б. Батыс елдерінде «бәрін жарылқайтын мемлекетті» орнатуға жеткізген. Ресми құжаттарда (мысалы, Франция, Испания және т.б. елдердің конституцияларында) мұндай мемлекетті сипаттауда «әлеуметтік мемлекет» термині қолданылады. Атап айтар болсақ, 1974 жылғы Швеция Конституциясында жеке адамның амандығы мемлекет қызметінің негізгі мақсаты болып табылатындығы жазылған; Швейцария Конституциясында мемлекет азаматтардың әлауқатын арттыруға ықпал ететін шараларды қабылдайтындығы айтылған.

Саяси өдебиетте «әлеуметтік мемлекет» терминін ГФР конституциясын жасаушылар енгізді. Өзінің мәні жағынан бұл терминнің ғылыми еместігі дау тудырмайды. Ол мемлекеттің әлеуметтік институт екендігін (кез-келген мемлекет сондай болып саналады) білдірмейді, керісінше ол әлеуметтік мемлекет халықтың өмір деңгейін арттыруға, оның материалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, балалардың, жастардың, қарттардың әлеуметтік қорғалуына және т.б. әлеуметтік әділеттілік орнатуға бағытталған саясат жүргізуі тиіс.

Әлеуметтік мемлекет өндіріс құралдарына меншіктің көп түрлілігін, қоғамдық өндірісті реттеудің нарықтық жолын және жоспарлы механизмдерінің ұштастырылуын, адамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқығы мен бостандығына, халықтың барлық жіктері үшін білім алуға, денсаулығын сақтауға кепілдік беруді қамтамасыз етуі тиіс, қылмыспен, нашақорлықпен тиімді күрес ұйымдастыруға, енбекке жарайтын барлық адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге, тұрмысы төмен азаматтарды қорғауға және т.б. бағытталған бағдарлама дайындаумен қамтамасыз етуі тиіс.

Шетелдік кейбір белгілі авторлардың айтуынша «әлеуметтік мемлекет» тұжырымдамасы ХХ ғасырдың екінші жартысының бас кезінде шындыққа айналған объективтік процестерге: КСРО-да әлеуметтік мәселелерді шешудің тәжірибесіне, Батыстың бірқатар елдерінің постиндустриалдық технологияға көшуіне, бірқатар елдердегі революциялық үрдістерге, ондағы халықтың айтарлықтай бөлігінің өз құқықтарын түсінуіне және т.б. жауап ретінде пайда болған. «Барлық адамдар, — деп жазды немістің белгілі ғалымы К. Ясперс, — әділеттілікті талап етеді және қазір оянған сананың

аркасында өздерінің талаптарын түсінуге, білдіруге және қорғауға қабілетті. Осы әділеттілікті талап ету еңбек жағдайына, еңбек нәтижесінде алынған өнімдерді бөлуге бағытталған»<sup>1</sup>.

Қазіргі уақытта саяси плюрализм теориясы саясаттануда маңызды орын алған. Саяси плюрализм теориясын Э. Дюркгейм, М. Дюверже, Р. Даль, Р. Дарендорф жасады. Олардың көзқарастарының негізін қазіргі қоғамда таптар жойылды, олардың орнында әртүрлі өзара әрекет ететін әлеуметтік жіктер өмір сүреді, бұлардың мүдделері антогонистік емес, олар тату тұра алады деген қағида құрады. Мұндай жағдайда мемлекет әртүрлі топтардың мүдделерін үйлестіру функциясын атқарады, бәсекелесуші саяси күштердің арасында қазылық рөл атқарады, біреулердің екінші біреулерден асып кетуіне жол бермейді.

«Саяси плюрализм» теориясы демократиялық қоғамда әлеуметтік топтар өздерінің мүдделерін еркін білдіретініне, саяси өмірге қатысуға, партиялар, қозғалыстар құруға және т.б. сендірді. Мұндай қоғамда, олардың пікірінше, саяси билік нығаяды, оның шешімі әр түрлі әлеуметтік топтардың өзара әрекетінің нәтижесі болып табылады.

Идеялық плюрализм немесе пікір плюрализмі әртүрлі индивидтердің санасында объективтік ақиқаттың алуан түрде бейнеленуінің нәтижесі, адами әр түрлі ойдың мәңгілік табиғи формасы, онсыз адамзаттың қарқындап дамуы мүмкін емес. Саяси плюрализмнің мәні таптар мен әлеуметтік топтардың әр түрлі мүдделері мен позицияларының объективті себептеріне саяды, демек саяси салада олардың білінуі көп түрлі формалардан байқалады.

XX ғасырдың 30–50 жылдарында АҚШ-тың саяси ғылымы бихевиоризмге үлкен назар аударды. Бихевиоризмнің классиктері (Ч. Меризм, Г. Ласкауэлл, Дж. Кэтлин және т.б.) саясатты тұлға аралық өзара әрекет тұрғысынан қарастырды. Олардың түсінігі бойынша, саясат жекелеген индивидтердің өзара әрекеті мен саяси әрекеттердің жиынтығынан құралады, яғни индивидуалдық саяси жүріс-тұрыс векторларының қосындысынан қалыптасады. Индивидтер билік мәселесінде өзара қарым-қатынасқа түседі, олардың индивидуалдық мақсаттары саяси өмірдің негізін құрайды. Осы жағдайда саяси сала ең алдымен белгілі бір әрекеттер мен өзара әрекеттерден қалыптасатын («акций», «интеракций») индивидтердің саяси белсенділігінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Осы методологиялық ұстаным шеңберінде саясаттың ресурстар алмастыруы (П. Блау), «саясаттың ойын теориясы» (О. Брамс), «саяси субъектілерді ұтымды таңдау теориясы» (Ф. Фиорна) іспетті тұжырымдамалар жасалды.

<sup>1</sup> Ясперс К. Смысл и назначение истории. М., 1991. С. 185.

XX ғасырдың екінші жартысында постмодернизм, жаңа либерализм, жаңа консерватизм және басқа да саяси ойдың бағыттары кеңінен тарады. Постмодернистер өткен тарихты және бүгінгі қоғамдық шындықты зерттеуде жаңа амалдарды қолдану қажеттігін негіздейді. Олардың кейбіреуі, мысалы Р.Липшатц, мемлекет «белгілі бір аумақта халықтың әлауқатын қамтамасыз ету үшін пайда болған жоқ, ол «үкіметтің адамдарға өз бағамдауын танудың» нәтижесінде шықты деп есептеді. Жаңа либералдар қоғамдық өмірдің бүкіл процестеріне, соның ішінде жеке кәсіпкерлік қызмет саласына мемлекеттік ықпалды кеңейту идеясын насихаттады. Жаңа консерваторлар еркін рынок идеясын негіздейді.

Саяси ғылымдардың қазіргі саяси жүйелерді, құбылыстар мен процестерді зерттеу мүмкіндігін барынша кеңейтуде болашағы зор бағыттарының бірі – салыстырмалы саясаттану қалыптасты. Америка саясаттанушысы Габриэль Алмонд (1911) осы бағыттың көрнекті өкілі болып саналады. Оның негізгі жұмыстары: «Салыстырмалы саясат: даму тұжырымдамасы» (1966 ж.), «Дамушы аймақтардың саясаты» (1968 ж.), «Бүгінгі салыстырмалы саясат» (1988 ж.).

Алмондты саяси жүйе және саяси мәдениет жөніндегі теориялық зерттеулері танымал етті. Алмонд дайындаған саяси жүйе моделдерінде негізінен «кіру» және «шығу» функцияларына көңіл аударылды. Алмонд саяси мәдениеттің мазмұнын құрайтын саяси бағыт-бағдарлардың және саяси жүйенің өмір сүру сипатының арасындағы өзара байланысты көрсетті. Алмонд пен С. Вербаның бірігіп шығарған «Азаматтық мәдениет. Бес мемлекеттегі саяси қатынастар және демократия» (1963 ж.) атты еңбегінде салыстырмалы саяси талдаудың әдістерін, мысалға АҚШ, Мексика, Италия, Ұлыбритания және Германия сияқты бес ел халықтарының саяси мәдениеттерін салыстыру арқылы паш еткен.

Талдаудың осы әдісін Алмонд саяси жүйені, жалпы саяси дамуды қарастырғанда қолданған. Салыстырмалы саясаттанудың жетістіктері бүгінгі күні қоғамдық қолдау тауып, мойындалды, оның жете зерттеулерін Америка мен Батыс Еуропаның саяси қайраткерлері, үкіметтері мен партиялары кеңінен қолданады, осылайша олардың практикалық тиімділігі дәлелденді.

XX ғасырдың 90-шы жылдары қазіргі Еуразияда саяси ғылымдар саласында зерттеулер кеңінен жүргізілді. Көптеген кітаптар, кітапшалар, мақалалар жарыққа шықты, саясаттану бағытында журналдар шығарылды. Саясаттану бойынша оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Алайда Еуразияның қазіргі заман тарихында саяси ғылымдар өз дамуының бастапқы кезеңінде тұрғанын айтуымыз қажет. Еуразиялық ақиқаттың саяси тәжірибесі әлі де жеткіліксіз сарапталған және қорытындыланған.



Саяси ғылымдар мен практикада батыстық дәстүрге еліктеудің орын алып отырғандығы байқалады.

Сонымен, саяси ғылым XX ғасырда өз алдына жеке ғылым ретінде толығымен қалыптасты және ол әртүрлі бағытта дамып келеді.

Жоғарыда баяндалғандарды қорытындылай келіп, мынандай тұжырым жасауға болады: біріншіден, саяси ғылымдар тарихы – бұл өткен ұрпақтың мол тәжірибесі, онсыз қазіргі саяси өмірдің бірде-бір маңызды мәселесі шешіле алмайды. Бұл тәжірибе қазіргі кезең үшін өзек жардылығын жоймаған көптеген бірегей шешімдерден тұрады, ғалымдар мен практиктерге өз зерттеулерін өткен практикамен салыстыруға, өткенде табылған бірегей жаңалықтармен салыстыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, саяси идеялар ұзақ эволюциядан өтіп, соның барысында кейбір заңдылықтар көрінді: саяси идеялардың дамуы тарихтың әртүрлі кезеңдегі қоғамның қажеттіліктерін және даму деңгейін жалпы көрсете алды; билік эволюциясы, мемлекет пен адамның өзара қатынасы саяси талдаудың негізгі бағыты болып табылды; саяси идеялардың дамуы жалпы проблемалардан жеке мәселеге, мемлекеттен адамға қарай жүрді; адамның құқығы мен бостандығы мәселесінің бірте-бірте басымдығы артты; саяси идеялар саяси практикаға арқа сүйеп барынша шынайылана түсті, саяси ғылым мен саяси ақиқаттың тікелей өзара әрекеті пайда болды.

Саяси ғылым бүгінгі күні тез және табысты түрде дамып келеді. XXI ғасыр тоғысында саясаттану аса маңызды зерттеу ғылымдарының біріне айналды.

## **САЯСАТ – ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ЖҮЙЕСІНДЕ**

Саясат – мемлекет билігі мен қоғамның саяси мәнін, мазмұны мен мақсатын түсінуге жол ашады. Ол қоғамдық білімдердің іргелі дүниетанымдық және әдістемелік мәселелерін де көрсетеді. Саясатқа байланысты қаншама қателіктер, адасулар, қасіреттер болғаны тарихтан мәлім. Мысалы, осыдан 2,5 мың жыл бұрын саясат жөнінде Аристотель: «Адам өз табиғатында – саяси тұлға; кім мемлекеттен тыс өмір сүретін болса, ол үлгі-өнегелік тұрғыдан жетілмеген жан» дегенді айтса, Гомер: «Ондай адамды ойын тартасынан шығып қалған шахмат тасымен салыстыруға ғана болады» дейді.

Бүгінде саясаттан, қоғамдық өмір жүйесінен тысқары тұрған адамды табу қиын. Оның үстіне «саясат» деген терминді пайдаланбайтын адам жоқ. Расында, баршамыз саяси қимыл-әрекеттердің кеңістігі мен шеңберінде өмір сүреміз, оны күнде көреміз, сезінеміз. Бірақ оның арқаулары бізден жасырын, толық құпия жағдайда жатқанын атап көрсеткен жөн. Бұл арада біз жай көзге көрінбейтін заттарға еніп кетуге қабілетті ғылыми таным – саясат құбылысына ұшырасамыз.

Ғылыми саясат – адамның қажеттілігі мен мұқтажы екенін айту керек. Ол қазір жол сілтеуші темірқазық жұлдызға, сонымен бірге қоғамдық өмірдің барлық саласындағы оның кез келген әрекеттерінің шектеушісіне айналып отыр. Бүгінде әлемде қоғамдық дамудың, қозғалыстың және өздерін тамаша болашақ күтіп тұрғандай болып көрінетін қоғамдар мен тұжырымдамалардың қоғамдық дамуының, дағдарысы мен күйреуінің зор саяси тәжірибесі жинақталған. Мұндай жағдайда сол тәжірибелерді жинақтау, зерттеу, ой елегінен өткізу, тұжырым жасау, тиісінше жана саясат құру талап етіледі. Әсіресе, сан алуан дағдарыстар, тіпті әлеуметтік-гуманитарлық ғылым салаларын шарпып тұрған дәл осы тұста мұндай жұмыстар өте-мөте қажет-ақ.

Егер ақиқатқа жүгінсек, Шығыс Еуропа және әлемнің басқа аймақтарындағы қоғамдық саяси жүйелер ұшыраған дағдарыстардың басты себебі, түптеп келгенде ғылымға емес, саясатқа негізделетінін көрсетіп отыр. Саясатшылар ұзақ уақыт бойы ғылымды өздерінің іс-қимылдарын мадақтау құралына айналдыруға тырысып бақты, сонымен қатар олар ғалымдардың айтқан ұсыныстарына көп ретте құлақ аспады. Әрине, мұндай саясаткерлер ғылымға зәру болмады, осыдан барып кейбір ғылыми бағыттарға тұтас тыйым салынып, тіпті олардың қайсыбірі мүлдем жойылып кете барды. Бұл біздің республикамыз бен бұрынғы КСРО-ның басқа да республикаларында дербес ғылыми бағыт ретінде сонғы уақытқа дейін тыйым салынып келген саяси ілімдер мысалынан айқын көрінеді.

Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясатты білу әрбір адамның басқа адамдармен қоғамдаса отырып, өзінің мұқтажын қанағаттандыра алатындығын, мемлекет аясында өз ойларын жүзеге асыру құралдарына ықпал ете білетіндігін ашық айтқанымыз жөн. Саясатты түсінбеу, одан саналы түрде теріс айналу – адамның қоғамнан шеттетілуіне, тіпті оның адами өмір сүруіне қауіп төндіруі де мүмкін. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат проблемаларын анықтау үшін бәрінен де бұрын саясатты қоғамдық құбылыс ретінде бағалау басты қағида екенін естен шығармауымыз керек.

## 1. Саясат – қоғамдық құбылыс

Саясат сияқты қоғамдық құбылыстың күрделілігі көбінесе саяси білімнің құрылымдық біртекті еместігін айқындайды. Сонымен қатар бұл әрі саясатты, саяси құбылыстар мен процестерді оқып-үйрену деңгейлерінің өзгешеліктерімен де байланысты. Сондықтан, саясат деген өте күрделі мәселе және қоғамдық құбылыс<sup>1</sup>.

Әрине, саяси сана, оның қоғамдық өмір құбылыстары мен процестеріндегі үлесі өзгеріссіз қалмайды, қайта билік проблемаларына, саясат субъектілеріне, т.б. байланысты өзгеріп отырады. Саясат қоғамдық өмір құбылыстары мен процестерінің түрлі жақтарын жақындастырады, бірақ олардың ешбіріне қосылмайды. Ол өзінің сапалық айқындылығы, көп қырлылығы және әр алуандылығы бар қоғамдық құбылыс.

Бір замандарда белгілі саясаттанушы М. Дюверже саяси өмір салаларының ерекшеліктерін түсіндіру үшін қарама-қарсы жаққа қараған екі бетті ежелгі Рим құдайы Янустың бейнесін пайдаланған. Дюверже осындай салыстырумен қоғамдық топтардың, қауымдастықтардың, жеке адамдардың өскелең талаптарына жауап ретінде қоғамдағы қайшылықтарды және ұдайы өзгерістерге деген ұмтылыстарды дәлме-дәл көрсете білді.

Бұл бейнелі теңеу. Ежелгі Римнің аңыз-ертегілерінде Янус қоғамдық өмірдегі жаңа бастамалардың қамқоршысы болып суреттелгені белгілі. Саясат та сол сияқты қоғамда өзгерістер жасауға итермелейтін, олардың қажеттілігін негіздеп, іске асырылуын адамның жасампаздық қуатын қосу арқылы қамтамасыз ететін қызмет саласы болып табылады.

Саясатты қоғамдық құбылыс ретінде талдау кезінде күрделі әлеуметтік құрылымды қоғамда, мемлекет түріндегі көпшілік билігі бар жерде саяси реңдерден толықтай «азат» құбылыстар мен процестерді табу қиын. Өйткені олардың көпшілігі билікті жеңіп алу немесе ұстап тұру үшін күресуші белгілі бір әлеуметтік топтардың, жіктердің, таптардың, халықтардың

<sup>1</sup> Әбсаттаров Р.Б. Саясат – қоғамдық құбылыс // Ақиқат. 2001. № 1. 45 б.

мүдделерімен байланысты екендігін есте ұстау керек. Демек, саясатты, оның уақыт пен кеңістіктегі өзгергіштігін түсінудің негізі адамдардың ұжымдасқан өмірінің мазмұны болып табылатын өмір сүруші қоғамдық құрылымдарды дұрыс анықтауда жатыр.

Қоғамдық құрылымдардың негізгі элементтері – ірі қоғамдық топтар (таптар, ұлттар, жіктер, элиталар) және олардың формальды ұйымдары (мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық-кәсіби ұйымдар) болып табылады. Қоғамдық топтар мен олардың ұйымдары әр түрлі құндылықтарды жасайды, ал бұларсыз қоғамдық-саяси өмірдің болуы мүмкін емес.

Қазіргі қоғамдардағы саяси құбылыстар мен процестер негізінде әдетте құндылықтардың басты үш тобы: қауіпсіздік пен ұлттық тәуелсіздік; әл-ауқат пен экономикалық өркендеу; бостандық пен конституциялық тәртіп жатады. Оларды нақтылау әрі реттеу әр қоғамдық топтардың жеке-леген доктриналары мен саяси тұжырымдамаларына баға берудің шарты, ал оларды бағдарламалық мақсаттар түрінде нақтылау – кез келген саясаттың міндеті болып табылады.

Осыған байланысты, саясат табиғи келісімі жоқ, бірақ үйлесімділікке деген қажеттілігі бар жағдайда пайда болатынын атап көрсету керек. Сан алуандылығымен өзгешеленетін мүдделілер тобын келістіру, қоғамның тұтастығын қамтамасыз ету қажеттілігі көпшілік билік институттарын: бюрократиялық аппараты, әскері және т.б. бар мемлекеттерді қалыптастырады.

Басқа әлеуметтік институттардан (мәселен, моральдық) саясаттың өзгешелігі, оны – тек жеке бастың ғана емес, ең әуелі мемлекет билігінсіз іске асыру мүмкін емес, ол топтық мүдделерді қанағаттандыруға қызмет етеді. Демек, жалпыға міндетті әлеуметтік тәртіптің нысандарын қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болатын арнайы қондырмалардың пайда болуы бір топтың мұқтажын қанағаттандырғанмен (мысалы, жалақыны өсіру, салықтарды төмендету және т.б.), халықтың басқа топтарының мүдделері мен әлеуметтік жағдайларына сөзсіз нұқсан келтіретіндігімен байланысты болып отыр.

Топтардың, қауымдастықтардың өзара әрекеттестіктері, олардың талаптарының мемлекеттің араласуынсыз жүзеге аса алмайтындығына айқын көз жеткен мезгілде ғана саяси сипат алады. Яғни, саясат ең алдымен, қай жерде мүдделер мен көзқарастар ортақтастығы жете түсіністікке болса, билік жүйесіне өздерінің қатысын айқындайтын бірлестіктер мен қозғалыстар қалыптасып және қожырап жатса, сол жерде басталады. Кез келген саясат – адамдар арасындағы билікке қол жеткізу үшін олардың ыдырауымен және топтасуымен қатар жүретін өзара әрекет болып табылады. Адамдардың, әлеуметтік топтардың талаптары мен мүдделері оларды

саясатқа араласуға, билік құралдарын алу үшін күресуге итермелейді. Сондықтан да, адамдар кез келген тәлім-тәрбиелік, патриоттық, діни, саяси, экономикалық, әлеуметтік әңгімелердің, мәлімдемелердің, уәделердің астарынан белгілі бір адамдардың, әлеуметтік топтардың, ұлттардың және халықтардың және т.б. мүдделерін іздеуді үйренбейінше саясаттағы арбаудың, алдаудың, қаскүнемдіктің зердесіз құрбаны бола бермек.

Шынын айтқанда, саясат табиғатын ұғыну қиын, ол — күрделі әрі көп қырлы келелі мәселе<sup>1</sup>. Оның шығу құпиясын ашуда талай ойшылдар небір өуре-сарсаңға түсті және де түсе бермекші.

Бүгінде осындай айтыс-талас тудырып отырған мұндай ізденістер жүздеп саналады. Бұл жөнінде белгілі француз саясаттанушысы Ж. М. Денкэн саясат көптеген пікір жарысының объектісі болып табылатынын, әрі мұның табиғи заңдылық екенін айтқан болатын. Батыстың, әсіресе, англо-саксон және француз ғылыми әдебиеттерінде саясат мемлекетпен, оны ұйымдастырумен әрі басқарумен тікелей байланысты қызмет ретінде түсіндіріледі. Мысалы, белгілі американдық саясаттанушы, профессор Куинси Райт саясаттың: «Саясат — басқа топтардың қарсылығын тойтара отырып қол жеткізетін, топтық мақсаттарды қамтамасыз ететін өнер және іс-әрекет» деген анықтамасын ұсынады.

«Саясат» деген ұғым Еуроазиялық ғылыми әдебиеттерде біршама басқаша түсіндіріледі<sup>2</sup>. Атап айтқанда, түпкі мақсаты мемлекеттік билікті жеңіп алу, қолда ұстап тұру және пайдалана білу проблемалары болып табылатын топтар мен ұлттардың және басқа да әлеуметтік топтардың арасындағы қарым-қатынас саласы ретінде түсіндіріледі. Немесе мемлекет істеріне қатысу, оның қызметінің ұйымдастырылу нышандарын, міндеттерін және мазмұнын анықтау ретінде де түсіндіріледі.

Сонымен, саясаттың мәнісін тұжырымдасак, менінше, оған мынадай анықтама беруге болады: саясат — үлкен қоғамдық топтардың, әсіресе, таптардың, ұлттардың, мемлекеттердің арасындағы олардың мұқтаждықтары мен мүдделерін іске асырумен байланысты қатынастары саласындағы және олардың күш-жігерін адамдарды басқару өнері ретіндегі ерекше тәсілдермен, саяси билікті нығайту немесе оны жеңіп алу, қолда ұстап тұру мақсатымен біріктіруге бағытталған мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың қызметі.

Қоғамдық топтардың мүдделерін білдіруден басқа, мемлекеттік саясат жеке адамдардың талабы мен мүдделерін ескере отырып, қоғамда азаматтық келісімге жету үшін біріктірушілік те рөл атқарады. Кез келген

<sup>1</sup> Қараныз: Тоталитаризм и общество. Ростов-на-Дону, 2006. М-С. 109-112.

<sup>2</sup> Қараныз: *Махнач В.Л., Елишев С.О.* Политика. Основные понятия. М., 2008.

басқа қызмет секілді саяси қызмет те қоғам дамуының ұзақ мерзімдік және ағымдық мақсаттарын анықтауды көздейді.

Саяси мақсаттарды іске асыру ерекше саяси әдістермен жүргізіледі. Саяси әдістер – халықтың әр түрлі таптарының, өлеуметтік, ұлттық, өлеуметтік-демографиялық топтарының мүдделеріне, қоғамдық пікірлерге, демократиялық амалдарға негізделген наным және сенім құралдары. Басқару шешімдерін әзірлеу, қабылдау барысында терең ғылыми зерттеулерге негізделген бұл әдістер өлеуметтік саясаттың кез келген саласындағы өзіншілдік пен сынаржақтыққа жол бермейді.

Саяси басшылықтың ең маңызды әдісі саяси шешімдерді даярлау мен қабылдау процесіндегі жүйелі, кешенді тәсілдің болуы болып табылады. Ал, бұл тәсіл теориялық-танымдық қызметті, яғни, елдегі, аймақтағы, облыстағы, қаладағы, аудандағы жағдайды зерттеуді, нақты мақсаттар, міндеттер қоюды, ұйымдық-атқарушылық, кадр жұмыстарын бағыттауды, идеялық-саяси ықпал жасауды көздейді.

Бүгінгі жаңару қоғамда адамдардың бұрын-соңды болып көрмеген өлеуметтік белсенділігін тудыруда. Соның нәтижесінде сындарлы диалог, түрлі көзқарастарды, тәсілдерді салыстыру, т.б. шаралардың маңызы артты. Сондықтан кез келген саяси басшы пікір таластан, сұхбаттан, диалогтан бас тартпауы тиіс, егер қажет болса өз көзқарасын қорғауға, сынды қабылдай білуге, басқаларға түсіністікпен қарауға дайын тұрғаны жөн. Саяси басшылар өз қызметінің мазмұнын жетілдіре түсуі үшін алынған ақпараттарды пайдалана білуді үйренулері керек.

Қоғамдық дамудың демократиялық сипатын өлеуметтік-саяси қорғаудың әдісі әр түрлі қоғамдық қозғалыстарды дұрыс, принципті бағалау, олардың заңды және өлеуметтік ережелерді сақтауына бақылау жасау көкейтесті мәселе болып табылады. Қоғамдық қозғалыстарда пайда болатын халыққа қарсы бағытталған ұлтшылдық пен экстремистік әрекеттердің барлығын батыл әрі бұлтартпас дәлелдермен ашықталып білу қажет. Бұл жерде жас ұрпақтың ақыл-ойы үшін күрес бірінші орынға шығады. Соңғы кездері жастар арасында тәлім-тәрбиелік құндылықтар бағасының тым түсіп кетуі үлкен алаңдатушылық тудыруда. Әсіресе, әр түрлі экстремизм көріністерімен қатар қоғамдық бойкүйездік, саяси немқұрайдылық, нигилизм және жүгенсіздік етек алуда. Осындай жағымсыз құбылыстарға тойтарыс беру үшін демократиялық, ұлттық-жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғай алатын жаңашыл, шығармашылық тәсіл керек.

Саясатта мақсаттар мен әдістердің және оларға жеткізетін құралдардың арасындағы ұтымды байланысқа қол жеткізу өте маңызды. Сосын саясатта «егер алда тұрған мақсаттарға жеткізетін болса, барлық құралдар жақсы» деген принциптен мүлдем аулақ болған дұрыс. Егер мақсат

орындалмастай дәрежеде болса, онда ешкандай да құрал көмектеспейді. Мысалы, Н. С. Хрушев 20 жыл ішінде КСРО-да коммунизм орнату идеясын ұсынды. Бұл, әрине, бос сөз еді. Оның үстіне «Американы қуып жетіп, басып озу» туралы жүрдек мақсаты да орындалмас бос киял болып шықты.

Одан кейінгі жылдардағы «қайта құру» барысында да біраз бос белбеу, жөн-жосықсыз әлеуметтік-саяси және экономикалық мақсаттар жежеленді. Әрі алға қойылған мұндай мақсаттарға жету жолындағы сәтсіздіктер оларды айқындаудағы жіберілген қателіктермен емес, қайта көбіне сол мақсаттарды жүзеге асыруға қабілетсіздік танытқан құралдар мен аламдармыс деп түсіндірілді. Міне, осыдан барып үздіксіз кадрлық өзгертулер мен бей-берекеттік орын алды.

Сондықтан тұтас алғанда, мақсаттар мен құралдарды анықтауда саясатта ғылымға, нақты талдауларға сүйенген абзал. Олай етпеген жағдайда мұндай жайттардың барлығы саяси авантюризмге әкеліп соқтырары даусыз. Бұдан саясатқа араласқан адамдар, тіпті бүкіл халық жапа шегеді.

Саясаттағы мақсат пен құралдардың арақатынасы туралы тұжырымдалған осынау қорытынды (формула), менің ойымша, адамдар қызметінің осы екі маңызды буынының бірлігі идеясына негізделетінін баса айтуымыз керек. Әрине, бұларды ажыратуға болмайды. Мақсаттар мен құралдар бір кеңістік пен бір уақытта болған кезде ғана, яғни, бір адамдардың құрал ретінде көріне отырып, бір мезгілде әрі бір мақсаттан табылса ғана олардың саясаттағы орны, адамгершілігі жөнінде сөз етуге болады. Осыған байланысты, саясат сияқты соншалық маңызды қоғамдық құбылыстың көп қырлылығы басқа да мәселелерді, атап айтқанда, қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат пен экономикалық арақатынасын, ішкі, сыртқы және әлемдік саясаттардың айырмашылықтары мен тұтастығын саралауды талап ететіні түсінікті.

## **2. Саясат және экономика. Ішкі, сыртқы және әлемдік саясат**

Кез келген қоғам өмірінің барлық салалары өзара тығыз байланысты. Бүгінде қоғамдық өмірдің сан алуан салаларының өзара тәуелділік үрдісі тек жекелеген мемлекеттер ішінде ғана емес, сондай-ақ әлемдік қауымдастық деңгейінде де өте айқын көрінеді. Саясат пен экономика барлық қоғамдық байланыстар жүйесінің іргетасы екендігі жалпыға белгілі. Сондықтан да олардың өзара әрекеті кез келген қоғамның дамуында шешуші рөл атқарады. Демек, саясат қоғамның экономикалық саласымен, экономикалық қатынастарымен, экономикалық мүдделерімен терең жымдаса қабысқан. Өз кезегінде, қоғамның экономикалық өміріне саясаттың тигізер әсері елеулі әрі сан қырлы деуге болады.

Әлемдік тәжірибе де, біздің тәжірибеміз де экономикалық саясатының әрдайым нақты-тарихи, саяси мазмұны болғандығын көрсетеді. Сондықтан Н. З. Нығматулиннің әділ атап көрсеткеніндей, экономикалық саясат экономиканың емес, саясаттанудың зерттеу пәні болуы тиіс<sup>1</sup>. Саясат экономиканың дамуына оң ықпал ете алатындығын, сонымен қатар экономикалық жүйенің барлық элементтеріне кері әсер етіп, оның дамуын тежей алатындығын да атап көрсету лазым.

Саясаттың рөлін жете бағаламаушылық, әдетте, стихиялылықты, ен-жарлықты арттыратындығын өмірлік тәжірибе дәлелдеп отыр. Қазір барша әлемде мемлекеттің рөлі, саясаттың рөлі объективті түрде арта түсуде. Сонымен қатар әлемдік тәжірибе экономикалық қатынастарды шектен тыс саясаттандырудың, мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуының, саяси өктемдіктің, экономиканы басқаруда әміршілдік әдістерді қолданудың мысалдарын да көптеп көрсетуде. Мұндай саясаттандырылудың мысалы ретінде тоталитарлық жүйедегі мемлекеттерді атауға болады. Бұл мемлекеттердің экономикалық саясаты ұлттық экономиканың томағатұйық жүйесін жасауға, оны халықаралық шаруашылық байланыстардан оқшаулауға бағытталған. Мұндай саясат «өзінің жеке күшіне сүйену» деген ресми атау алды. Дәлірек айтсақ, «темір шымылдық» құрудың нағыз өзі. Саясаттың құдіреттілігіне деген көзсіз сенім әдетте субъективизмде, жүгенсіздікте, авантюризмде жиі байқалып, оның соны сөз жоқ саяси сөтсіздіктерге ұрындыратындығын ашық айтқанымыз жөн.

Экономикалық дамудағы толғағы жеткен мәселелерді ашып көрсететін саяси қимылдар әлеуметтік прогрестің қуатты қозғаушысы және объективтік мүмкіншіліктерді тиімді жолдармен іске асыруға көмектесетін күш болып табылады. Саясаттың экономикаға тигізетін белсенді ықпалына деген зәрулік қоғам өміріндегі күрт өзгерісті сәттерде: терең экономикалық күйзелістер мен соғыс кездерінде, сондай-ақ экономиканы реформалауға аса қажеттілік туған жағдайда ерекше арта түседі. Бұл жөнінде тарихи мысалдарды да көптеп келтіруге болады. Мәселен, «ұлы тоқырау» кезеңіндегі АҚШ, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі Германия, тоталитарлық жүйе күйреген кездегі Шығыс және Орталық Еуропа елдері, Мао Цзе Дун өлгеннен кейін, сондай-ақ фашистік диктатура құлағаннан кейінгі Латын Америкасындағы кейбір елдер, т.б. айтуға болады.

Осындай ахуал 80–90-шы жылдары нарықтық экономикаға өту барысында Қазақстанда да орын алды. Қазақстан экономикасы үлкен

---

<sup>1</sup> *Нығматулин Н.З.* Приоритеты экономической и социальной политики государства в контексте рыночной трансформации казахстанского общества (политологический анализ). Автореф. дис. на соиск. ... докт. полит. наук. Алматы, 2001. С. 11.



дағдарысқа ұшырады. Мұндай жағдайдың туындауын түрлі күрделі себептермен байланыстыруға болады. Солардың ішіндегі ең бастысы ретінде қоғамның экономикалық дамуына саясаттың тиімді ықпалының жоқтығынан дер едік. Оның үстіне нарықтық катынас (рынок) экономикалық өмір қызметінің тіпті де мінсіз тетігі емес екендігі белгілі. Саясаттың нарық пен бағаға белгілі бір дәрежеде тура не болмаса жанама түрде әсер етуі барлық уақытта да қажет.

Нарықтық экономикаға өту барысында Қазақстанның экономикалық өмірінің тұрақсыздығының ең басты себебі — еліміздің экономикалық өркендеуінің нақты, ғылыми негізделген, ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасының жоқтығы болды. Қазақстан экономикасындағы дағдарысты процестер, мемлекеттік экономикалық саясаттың болжамсыздығымен әрі қайшылықтылығымен тікелей байланысты.

90-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақстан Үкіметінің экономикалық саясатының негізгі міндеті ретінде көрсеткен қаржы тұрақтылығы өздігінен экономикалық прогрестің тууына кепілдік бере алмайды. Бұған 30-шы жылдары АҚШ-тағы қаржы тұрақтылығының бұл елді экономикалық күйреуден құтқара алмағандығы дәлел. Сол жылдары «Жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасы» деген ұранмен Қазақстанның ұлттық байлығы талан-таражға ұшырады. Осы саясат нәтижесінде өндірісті өркендетуге мүдделі емес орасан зор жеке капиталдар пайда болды. Меншік қозғалысын қадағалайтын мемлекеттік бақылау әлсіреді. Монополияға қарсы заңдар тіпті әлжуаз болды.

Осының бәрі жекелеген адамдардың жөн-жосықсыз бағаны шамадан тыс өсіруіне және түрлі айла-шарғылар есебінен аса мол пайда табуына мүмкіндік берді. Сөйтіп, жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі — әлеуметтік бағытталған нарықтық (рыноктық) шаруашылық құру мұраты, ең бастысы, тұтас экономикалық дамудың дұрыс саяси бағдары берілмегендіктен және тұтас алғанда экономикалық саясаттың тиімді құралдарының жасалмауы салдарынан іске асудан алшақ қалды.

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасы дағдарыстан шығып, экономикалық даму стратегиясына батыл қадамдар жасауда. Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық даму стратегиясын жасау үшін, ең алдымен оны терең теориялық тұрғыда негіздеу қажет. Менің ойымша, бұның астарында Дж. М. Кейнстің тікелей мемлекеттік қатал зорлық етушілік пен жаппай мемлекеттік экономикалық өмірді икемді түрде мемлекеттік реттеу жөніндегі идеясы жатуға тиіс. Яғни, тікелей мемлекеттік қатал зорлықшылыққа һәм жаппай мемлекеттік бақылауға жол бермегені жөн.

Дж. М. Кейнс пен жаңа кейншілдіктің осынау идеясында экономикалық, өмірге саясаттың тиімді ықпал етуінің негізгі принциптерін жасаудың

теориялық негізі жатқандығын айту керек. Олар белгілі бір саяси-экономикалық ахуалдағы нақты ерекшеліктерді ескере отырып, кез келген қазіргі қоғамның экономикалық талабына бейімделген. Бұл жерде саяси даналық, көрегендік, ғылыми дифференциалды (сараланған) шешім талап етіледі.

Нақты саяси құбылыстар мен процестерді зерттеу, әдеттегідей осыларды тудыратын экономикалық мүдделерді тиянақты талдауды қажет етеді. Демек, нақты саясатты зерттей отырып, экономиканың әр түрлі элементтеріне ықпал жасаудың нақты факторлары мен саяси әдістерін тауып, талдаған дұрыс. Сондай-ақ, экономикалық қатынастардағы саясаттың әр қилы аспектілеріне тигізетін кері әсерін де жан-жақты зерттеу маңызды.

Өзінің бағыт-бағдарына байланысты саясат ішкі, сыртқы және әлемдік (халықаралық) болып бөлінеді<sup>1</sup>.

Ішкі, сыртқы және әлемдік саясаттағы ортақ жағдай – олардың мәнінің бір екендігінде. Ішкі, сыртқы және әлемдік саясаттардың мәнділік ұқсастығы туралы тұжырым саяси теорияда үлкен қиыншылықпен әрі өткір пікірталас нәтижесінде ғана орнықты. Десек те, ішкі саясаттың мазмұны сыртқы және дүниежүзілік саясатқа қарағанда әлдеқайда бай әрі сан алуан. Ішкі саясат қоғам ішіндегі адамдардың өзара әрекетін реттеудегі мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын қамтиды.

Сонымен, ішкі саясат дегеніміз – өмір сүруші әлеуметтік-саяси құрылысты сақтауға немесе реформалауға бағытталған мемлекеттің, оның құрылымдары мен институттарының экономикалық, демографиялық, әлеуметтік-интеграциялық, әлеуметтік-мәдени, қуғын-сүргін және т.б. іс-әрекеттер жиынтығы. Ішкі саясат мақсаттарын жүзеге асыру үшін мемлекет құралдардың, әдістер мен тәсілдердің кең ауқымын пайдаланады. Ішкі саясат сипаты сыртқы саясаттың мәнін анықтайды. Ішкі және сыртқы саясаттар арасында өзара терең байланыс және диалектикалық қатынас бар. Ішкі және сыртқы саясаттардың арақатысы туралы айтқанда, бұл мәселенің толықтай анық еместігін, мұнда әлі де таласты жайттардың көп екендігін ескерткеніміз жөн. Мысалы, ішкі саясаттың сыртқы саясаттан басымдылығын, саясаттың ішкі саясатқа бағыныштылығын, оның ішкі саясатқа тікелей тәуелділігін дәлелдеуге тырысатын көзқарастар бар. Кейбір басқа зерттеушілер мемлекеттің ішкі саясатын оның сыртқы саясатына қарама-қарсы қоюшылықтың өзін жасандылық деп санайды. Өйткені, мемлекеттің саясаты біртұтас, оны бөлуге болмайды. Тек бұл жерде мемлекеттің саяси іс-әрекеттерінің сан алуан түрлі бағыттары туралы ғана сөз етуге болады.

Сыртқы саясаттың басты мақсаты барлық уақытта да мемлекет өзінің ішкі саясатының мақсаттары мен міндеттерін толыққанды жүзеге асыруы

<sup>1</sup> Новейший политологический словарь. Ростов-на-Дону, 2010. С. 184-185.

үшін қолайлы халықаралық жағдай жасауы болып табылады. Түптеп келгенде, сыртқы саясат пен ішкі саясат ортақ бір міндетті атқарады, яғни, мемлекеттегі қоғамдық қатынастар жүйесін сақтауды және нығайтуды қамтамасыз етеді.

Кез келген мемлекеттің сыртқы саяси қызметі бөрінен бұрын осы қоғамдастықтың ұлттық мүдделерін оның басқа жекелеген мемлекеттермен қарым-қатынастары барысында қамтамасыз етуге бағытталады. Сыртқы саясат арқылы жүзеге асырылатын басты ұлттық мүдделер қатарына мемлекет егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қоғамның әрі оның барлық азаматтарының жан-жақты прогресі үшін сыртқы жағдайлар жасауды, халықтың өзге халықтармен және мемлекеттермен өзара тиімді экономикалық, саяси, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастығын жолға қоюды, т.б. жатқызуға болады.

Сонымен, сыртқы саясат — мемлекеттің сырт жердегі басқа субъектілермен: жекелеген мемлекеттермен, шетелдік партиялармен, басқа қоғамдық ұйымдармен, т.б. қарым-қатынастарын реттейтін қызметі. Осыған орай, сыртқы саясатты әлемдік (халықаралық) саясаттан бөліп қарауға болмайтынын да атап көрсету керек. Қайта, әлемдік саясатты ішкі және сыртқы саясат ұғымдары арқылы анықтау керектігін айту ләзім.

Әлемдік саясат сыртқы саясатпен жиірек теңестіріледі, бірақ ол мемлекеттердің әлемдік қауымдастықтарының алдында тұрған проблемаларды шешу жолындағы келісімді қызметті қамтамасыз етумен байланысты өзіне тән ерекшелікке де ие. Халықаралық проблемаларды шешу әдістерінің де өзіндік ерекшеліктері бар.

Халықаралық аренада биліктің біртұтас орталығы жоқ, құрылатын бүкіләлемдік және аймақтық халықаралық ұйымдар билік өкілеттігіне ие емес. Мұнда негізінен тең құқықты мемлекеттер әрекет етеді және олардың арасындағы қарым-қатынастар күрес пен келіссөздердің, әр түрлі келісімдер мен ымыраға келудің нәтижесінде қалыптасады.

Әлемдік саясатқа — халықаралық ынтымақтастыққа көшудің объективтік қажеттілігін ХХ ғасырдың екінші жартысында адамзат алдында пайда болған, жалпы қорқыныш пен аландатушылықты тудырып отырған ғаламдық көкейтесті проблемалар талап етіп отыр. Әлемдік саясаттың даму жолында халықаралық ұйымдар өте маңызды рөл атқарып келеді. Мәселен, егемен мемлекеттердің өз еріктері мен күштерін біріктіру негізінде құрылған мемлекеттер арасындағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, қолдау, бейбіт ынтымақтастықты дамыту мақсатында қызмет етуші ірі халықаралық ұйымның — БҰҰ-ның зор маңызы бар.

Сонымен, әлемдік саясат ішкі және сыртқы саясат сияқты адал болуы тиіс, әрі тек жалпы адамзаттық, ұлттық мүдделерді басшылыққа алмай, тек ғылыми негіздерге ғана сүйеніп қоймай, шын мәніндегі өнер болуы тиіс.

### 3. Саясат – қоғам өміріндегі өнер

Саясатты қоғамдық өмір саласы ретінде ұғыну саясаттын өнер екендігіне көз жеткізгендей болады. Таратып айтар болсақ, саясат мемлекетті шебер басқарудың өнері, белгілі бір топтың мүдделеріне жауап бере алатын саяси қызмет өнері, билікті іске асыру, оны жеңіп алу, не болмаса сақтау өнері бола алады.

Саяси өнер – бұл қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана білу, теориялық білімді, пайымдауларды шабытпен, жорамалмен, сезіммен, шығармашылық батылдықпен әрі құрғақ қиялмен ұштастыру негізінде дұрыс шешімдер қабылдай білу. Сондықтан саясат өнерін менсінбеушілік ауыр зардаптарға әкеліп соқтыруы мүмкін<sup>1</sup>. Демек, саясат өнер ретінде – ойластырылған қадамдар, іс-әрекеттер, айлалар, жалғарулар, ымырасулар, келісімдер, шегінулер, айналып өтулер, қысымдар, топшылаулар. Бұл – қулықтың, кейде алдаудың, келемеждеудің, тіпті адалдығы мен тазалығы жоқ саяси ойындардың сан алуан түрлері. Егер шынын айтсақ, мұндай жағдайлар біздің қоғамымызда да болды. Саясаттағы талас-тартыстан біз күні бүгінге дейін өлі қол үзген жоқпыз. Адалдық, шындық, жоғары өнегелік саясаты үлкен қиыншылықпен, еңбекпен орнығады. Таза пиғылмен және таза әрекетпен іске асатын саясатқа көшу – бұл шын мәніндегі әділ, демократиялық қоғамға лайықты жоғары мұрат. Біз осыған қол жеткізуге бірден-бір мүдделі елміз. Ол үшін саясат пен саясатшылар соғыстарға, ішкі және сыртқы ахуалдың күрт төмендеп кетуіне, нәсілшілдік, ұлтшылдық, діни, таптық, әлеуметтік-экономикалық негіздегі қақтығыстардың, алауыздықтардың, түсінбеушіліктердің үстемдік алуына жол бермеулері тиіс. Мұнда жаңадан пайда болған «консенсус», «интеграция», «плюрализм» сияқты сұлу сөз тіркестерінің тасасына жасырына алмайсың. Бұл жерде ешбір ақылгөйсусіз орынды ғылыми ой керек, әрі басқаны түсіну, оның жағдайына қарау, мүддесін ескеру, төзімділік көрсету, жақсы қарсы алу, келісімге жету, қарым-қатынасты нығайтып, дамыта білу қажет.

Саясат жәй ғана емес, тура мағынасындағы нағыз өнерге айналмайынша, ешбір ел, ешқандай халық еш уақытта жарқын болашақты көре алмайды. Мұндай өнер тек мемлекет басшыларына ғана емес, партиялардың басшыларына да тән болуы керек.

Осыған орай, саясат өнер ретінде – кеністік пен уақыт көлемінде адамдарға өз әсерін тигізетін, жоспарларымен әрі нәтижелерімен көптеген тағдырларға ықпал ететін сыналған, ойластырылған қызметтің тұтас, орасан зор жүйесі екендігін айтуға болады. Бұл жүйеде бірінші сыныптағылар

<sup>1</sup> Әбсаттаров Р.Б. Саясат – ілім // Заң. 1999. № 12. 45 б.

да, бірінші курс студенттері де, сол секілді олақ және ынжықтары бар. Бірақ саясаттың бағдары мен тағдырын олар айқындамайды. Әдетте, жаңа бастап жүргендер үйренеді, үйрене алмайтындарды саясаттың өзі-ақ қатардан шығарып тастайды. Сөйтіп, өзінің қатарын осы бір ежелгі әрі шын мәніндегі мәңгілік кәсіпке құмартушылардың жаңа легімен толықтырады.

Саясат көбіне саясатшылардың өзіндік қабілетіне, оның жеке бастамасына, тіпті түйсігіне де байланысты. Осынау сапалар саяси қызмет үстінде ашық көрініс тауып, оның сипатына елеулі түрде ықпал жасайтын болады. Осының нәтижесінде мазмұны шешімдерді қабылдауда құқықты адамдар қарауына байланысты болатын әр түрлі саяси шешімдерді сол бір ғана объективтік қажеттілік білдіре алады. Шындығында, субъективтік фактордың нәтижесінде пайда болған ауытқу өрісі объективтік түрде шектелген. Бірақ ол саяси қорытындылар мен әрекеттерді қарама-қайшылыққа алып келуге толық жеткілікті. Саясаттың субъектісі мен объектісінің осындай сипаты оны өнер биігіне алып келеді десек қателеспейміз.

Саясат өнер ретінде әлеуметтік процестердің субъективтік жақтарымен тікелей байланысты. Ол бәрінен де бұрын саясатшының адамдармен жұмыс істей білу қабілетіне байланысты әрі оның саясаттың субъектісі мен объектісінің келісушілігін тек іскерлік қасиеттері тұрғысынан көре білуіне ғана емес, сондай-ақ адамгершілік тұрғысынан да: психологиялық кейпін, ілтипаттылығын, мінез табандылығын, батылдығын, жауапкершілікті мойнына ала білу қасиетін, ең соңында бұқара үніне, олардың көңіл-күйлеріне құлақ аса алатындығын көре білу қабілетінде жатыр.

Саяси қайраткерлердің өнері бұқараның саяси өмірге араласуының қоғамдық дамудың кезеңдеріне әрі олардың саяси мәдениетінің деңгейіне, сондай-ақ бейімділіктеріне сәйкес келетін түрлерін таңдай білуінен көрінеді. Бұл түрлер (нысандар) егер дұрыс табылған болса, бұқара қуатын өсіреді немесе оны баса алады; құнды бастамаларды қолдайды немесе оларды түншықтыра алады, кемшіліктерге қарсы күресті өрістетеді немесе кемшіліктерді өршіте алады. Осының бәрі адамды, оның мүдделерін ұғынып, бұл мүдделерді жалпы ортақ мүдделерге бағындыра білуді және мұның өзін басқарылатын адамдар ортақ нәрсені өзіндікі деп санайтындай етіп істей білуді талап етеді.

Саясатшы өнерінің нағыз мәні, нақтылап айтқанда, өнердің өзі көзге көрінбей, саяси қайраткердің барлық ісі өз-өзінен табиғи түрде, ешқандай қысымсыз жүріп отыратындығында жатыр. Сондықтан саясат өнер ретінде нақты ахуалға сәйкес келетін объект қызметін белсенді жүргізетін құралдарды таңдай білуге көп байланысты. Шебер саясатшы күрделі міндеттерді шешу жолында адамдарды қай мезгілде жұмылдыруға болатынын дәл анықтай біледі. Оның табысты болуы бір ғана өкімшілік жолмен емес,

кайта адамдар үшін қолайлы жағдайлар жасаумен, тұрақты түрде қамқорлықпен, дұрыс талап қоя білумен де байланысты.

Саясатшы белгіленген жағдайдан объекті тәртібінің ауытқушылығы сыртынан тек фактінің өзін ғана көріп қоймай, бұл ауытқушылықтың негізі болған қайшылықты да көре білуі тиіс. Басшы өнері – адам мінезінің бүкіл күрделі ерекшеліктерін ұғына білуінде жатыр. Саясатта, әсіресе, мансапқорлар, авантюристер, екі жүзді арамзалар, алаяқтар, экстремистер, бір мезеттік халифтер (атақ-құмарлар), өресіздер, айлакерлер өте қауіпті. Мұндай адамдар саяси сахнада неғұрлым ұзақ тұрса, соғұрлым қоғамға, халыққа көп залал келтіреді.

Халық саясат пен саясатшылар туралы пікір алысуға, оларға ықпал ету, оларды бақылау тетіктеріне қол жеткізу болу құқығын иеленуі керек. Халық өз ортасынан жана саясатшыларды, жетекшілерді шығарып, оларды алмастырып отыруы тиіс. Сонымен қатар халық саясатты талқылауға, енгізуге және оны өмірде жүзеге асыруға тікелей атсалысуы керек. Бұл жерде іс тек парламенттерге, мәслихаттарға депутаттыққа кандидаттар ұсынуымен, оларға дауыс берумен, референдумдарға қатысумен шектеліп қалмағаны жөн. Сондықтан да әрбір адамды саясатқа тарту, оған саяси білім беру, оның өз бетімен саяси білімін жетілдіру ісін шын мәніндегі жауапты мәселе десек, онда қоғамның саяси әрі мәдени прогресін тежейтін саяси мәдениеттің олқылықтарын және білуіміз қажет.

Сонымен, қорыта айтқанда, шебер саясат – бұл жан-жақты ойластырылған, сақ саясат. Ол әрбір адамнан ақылы мен еркінің барынша ширауын, оғаш мінезі мен қызбалығын ауыздықтауды талап етеді. Егер қолданыстағы саясат үлгілі, өнегелі, адамгершілік максаттарға – адамдарды бақытты етуге, өмірдің қуанышын сезінуге бағытталған болса, онда мұндай саясат пен саяси қызмет замандастарымыз бен ұрпақтарымыздың тарапынан жоғары бағалануға, әрі мойындалуға лайықты. Бүгінгі таңдағы саясаттың басты мұраты – адамгершілікті ту етіп көтерген әділетті, демократияшыл, өркениетті қоғам орнату максаттарына қызмет ету болып табылады.

## **САЯСИ БИЛІК**

Саяси билік ғылыми әдебиетте әлі де жете қаралмай, зерттелмей келе жатқан саясаттанудың негізгі бір проблемасы болып табылады. Ол саясаттың мәнін ашуға және қоғамдағы саяси жүйенің мазмұны мен мақсаттарын түсінуге жол ашады. Билік дегеніміз – бір орталықтан ұйымдастырылған реттеушілік-бақылау бастамасы. Сондықтан, билік үшін, оны игеру мен ұстап тұру үшін күрес – саясаттың басты мазмұны мен міндеті болып табылады.

«Билік» ұғымы топтасқан адамдардың, қоғамдық ұйымдар мен бөлімдердің, яғни субъектілердің арасындағы қатынастардан туады. Сондықтан да, билік – қоғамдық қатынастың ерекше бір түрі. Билік шешімдерді міндеттеу мен өмірге енгізу арқылы, яғни өздерін дұрыс ұстайтын және талапқа сай жүретін адамдарға жасалатын ықпал екенін айту жөн. Билік ең әуелі қоғамдық өндірісті ұйымдастыру үшін қажет, ал мұны билік субъектісі мен объектісінің түсіндіруге болмайды. Билік субъектісі (бұл тұтас бір халық, мемлекеттік ұйым, билікке ие жеке тұлға болуы да мүмкін) деп басқаларға ықпал ету және алдына қойған мақсатқа жету қабілетіне иелерді айтады.

Ал билік объектісі (тұтас алғандағы қоғам, яғни халық және жеке алғандағы әр азамат болуы мүмкін) деп өзінің мінезін билік мазмұнына, яғни билік субъектісінің оған қоятын талаптарына сәйкестеушілерді айтады. Осыған байланысты адамдарды биліктің субъектісі мен объектісіне, бастықтар мен бағынушыларға бөлу көп ретте ықтималды және өзгермелі екенін баса айту керек, яғни бір жерде адам бастық ретінде, ал екінші бір жерде бағынышты ретінде көрінгенмен, кей уақытта олар өзара орын алмастыруы да мүмкін. Саяси билік жөнінде айтсақ, оның өкілдерінің өзара ықпалы құралдар мен сол құрал көздерінің тұтас кешенімен жанама түрде іске асып, билікті жүргізудің барысын тұрақтандырып және реттеп отырудың арнайы қондырма тетігінің шеңберінде жүзеге асады. Билік табиғатын айқындау оңай емес, саясаттағы табиғатының ашылуы қиын, ең құпия құбылыс болып табылады. Өзінің осындай құпиялылығы мен белгісіздігін қарастыратын билік өзіне ешкімді де немқұрайды қалдыра алмайды; яғни адамдар кейде билікке мақтанса, кейде лағынет айтады, оны бірде көкке көтерсе, бірде аяққа таптайды, не болмаса, оны «жын отына», т.б. ұқсатады. Сондықтан да барлық саяси мәселелердің шешілуі билікті қалай түсінуге байланысты. Оны дұрыс түсіну үшін ең әуелі биліктің ғылыми анықтамасын беру қажет.

## 1. Биліктің анықтамасы. Саяси биліктің негізгі белгілері

«Билік» ұғымы күнделікті өмірде, сол сияқты ғылыми әдебиеттерде де әр түрлі мағынада және сөз арасында ұшыраса береді. Мысалы, фило-софтар қоғамның объективті заңдылықтарының үстемдігі жөнінде, психологтар адамның ақыл-ойының биіктігі жөнінде, әлеуметтанушылар әлеуметтік билік жөнінде, экономистер шаруашылық билігі, заңгерлер мемлекеттік, сот билігі жөнінде, мафияшылар мафиоздық билік, ақша билігі жөнінде айтады, т.б. Осыған байланысты «билік» ұғымын жоғарыдағыдай әр түрлі мағынада қарастыру жағдайында оған ғылыми анықтама беруге бола ма деген сұрақ туады.

Ғалымдардың арасында «билік» ұғымдары жөнінде көптеген түсініктемелер бар<sup>1</sup>. Кейбір ғалымдар билік дегеніміз өмір сүруші жүйе элементтері бірінің өзінің мүдделерін осы жүйе шеңберінде іске асырудағы нақты қабілеті және осы мағынада биліктің жүйе ішінде болып жататын процестерге ықпалының іске асуы болып табылады деп санайды. Басқа ғалымдар билік – деп, кейбір мақсатты бағытталған ықпалдың нәтижелерін, өнімдерін санайды. Үшінші біреулері билік – деп, адамдар мен топ адамдар арасындағы мәні ықпалды әсерде болатын, яғни тепе-теңдікке жетуге ұмтылыс жолындағы өзара қатынастар деп түсінеді.

Билікті кейде оның қаруы – мемлекетпен, қоғамның саяси ұйымымен ұқсастырады. Кейде билік пен беделді шатастыратындар да бар, алайда беделдің билікпен біраз ортақ ұқсастықтары болғанымен, одан түбірімен өзгеше. Билік жөнінде ең көп таралған түсініктердің бірі – оны басқару құралы деп қарау. Бірақ та, билік пен басқаруды ұқсастыруға негіз жоқ. Әрине, басқарусыз билікті жүзеге асыру мүмкін емес. Алайда биліксіз басқару да мүмкін емес.

Биліктің өзі басқару түрінде болатындығын, ал басқару билік түрінде болатындығын айту лазым. Алайда, басқару дегеніміз – биліктің жүргізілуі емес. Басқару ұғымы билікке қарағанда кеңірек. Билік дегеніміз – басқару элементі, басқару күшінің көзі. Басқару процесі билік жүргізушінің мақсатына жетуі үшін өзінің биліктік еркін іске асыру процесі болып табылады деп ойлау орынды. Сонымен, басқару дегеніміз биліктің мақсатты бағытталған әсерін, мүмкіндік жағдайынан шындық жағдайына айналдырылған құрал болып табылады.

Билікті күштеумен, көз жеткізумен, сендірумен де шатастыруға негіз жоқ. Мысалы, үкімет коалициясына (бірлесуіне) кірмейтін белгілі бір саяси ұйым (партия) үкіметті көнуге мәжбүр ете алады, алайда бұдан ол

<sup>1</sup> Қараңыз: *Халипов В.Ф.* Наука о власти. Кратология. М., 2002.



ұйым билік жүргізуші бола алмайды. Биліктің мәнін тек қана күштеуге, зорлауға әкеліп тіреу, бұл – біржақты қарау және қате болып табылады. Күшейтуге жүгіну билік пен биліктік қатынастардың сипаты мен мазмұнын түсінуді бұрмалайды. Одан әрі айтсақ, билікті күштеу ретінде түсіну, ол біле тұра теріс жайттардың – шектеу, біреудің дегенін біреуге тану, қулық-жымысқы жолмен әрекет ету, бақылау мен қаталдық, т.б. сияқтылардың қолданылуына мензейді.

Мұндай түсіну тұрғысынан билік – жанды қозғалыстың, жасампаздықтың, барлық нәрсенің жауы деп пікір қалыптастыруы мүмкін. Ал, мұның өзі орнығып қалған тәртіпті бұзады. Билікті бұлай түсіну тауар-ақша қатынастарынан безу әрекеті сияқты қате бағыт деп ойлау керек. «Билік» ұғымы дегеніміз – біреулердің басқаларға әмір етуге, бұйрық етуге, басқаруға деген құқығы мен мүмкіндігі, біреулердің басқалар жөнінде дегенін іске асыру және олардың тәртібі мен қызметіне белгілі бір ықпал ету қабілеті мен мүмкіндігі. Бұл жерде бағыну мәселесін жай ықпалдан айыра білу қажет. Мысалы, егер сіз еріксіз көрген және сізге ұнамаған спектакльге досыңыздың бармауына кенес берсеңіз, осыдан кейін ол сіздің айтқаныңызға көніп спектакльге бармаса, онда бұл досыңызға сіздің ықпалыңыздың болғаны. Міне, бұл қатынастарда бұйрық пен бағынушылықтың да, биліктің де ешқандай белгісі жоқ.

Басқа бір мысал алайық. Кейбір жол белгілері жолдың қауіпті екеніне абай болу қажеттігін ескертетін нұсқаулар сипатында болады. Ал тыйым салу белгілері олардың орындау жөніндегі нұсқауларды жазалау жолдарымен орындатуды талап етеді. Міне, белгі қойған осындай қызмет орны бөлек құқыққа ие. Бұл мысалда егер бірінші жағдайда ықпал жүргізушілердің тәртібіне көнуге хабарлама ретінде әсер етсе, ал екінші жағдай олардың тәртібін белгіленген ережеге сәйкестендіруге бағытталған. Ал, одан әрі бұйрықтың орындалуы үшін оның негізі болуы тиіс. Демек, билік қатынастарының алғышарты басқа біреудің еркін иеленуі болып табылады. Осыған байланысты айтар жәйт – санасы мен еркі бар субъектілер (жеке адамдар, олардың ұжымдары, әлеуметтік қауымдастықтары) арасындағы жағдайларға байланысты құрылатын қатынастардың ерікті сипаты биліктің сипатты белгісі екендігі. Бірақ та, адамдардың кез келген қатынасы әлеуметтік биліктің белгісі болып табылмайды. Билік негізінде біреулердің біреуге жай ғана тәуелділігінде жатқан жоқ, керісінше, белгілі бір қауымдастықтар мен адам топтарының, ұжымдардың өмір сүруі жатыр. Ерікті түрде мәжбүр етудің элементі ұжымның, қоғамның бірге өмір сүруінің, қызметінің қажеттілігінде жатыр. Осыған байланысты мынаны атап айту керек, біріншіден – билік азаматтардың заңды құқықтары мен конституциялық бостандықтарын барлық уақытта және барлық істе қамтамасыз

етуге тиіс, екіншіден, құқықтық қоғамдық қатынастардың түйіні ретінде бекітіп, биліктің өзі де құқықтық ережелерге бағына білуі тиіс, үшіншіден, билік шаруашылық-жасампаздық міндеттерді орындауға міндетті.

Жоғарыдағы айтқандарды ескере отырып, биліктің мынандай анықтамасын беруге болады: билік дегеніміз – жалпы мағынада бұл – ерік, бедел, құқық, күштеу сияқты қандай да құралдардың көмегімен адамдардың қызметі мен тәртібіне белгілі бір әсер етудегі қабілет пен мүмкіндік деп, таныған жөн.

Биліктің бірте-бірте саяси мағынаға ие болатындығын және мемлекеттің, партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, қозғалыстардың, т.б. қызметінен көрінетіндігін баса айту керек. Сондықтан билікті саяси үстемдік және мемлекеттік органдардың жүйесі ретінде қарауға болады. Саяси үстемдік дегеніміз – қоғамдағы өмір ету мен бағыныштылық, қатынастарды құру, қоғамдағы басқарушылық, еңбек бөлінісі фактісін ұйымдық және заңдық түрде қалыптастыру болып табылады. Саяси үстемдік қашан билік жүйеленіп, тұрақты қатынастарға айналса, қашан ұйымда шешімдерді қабылдауға, бұйрық беруге, рұқсат ету мен тыйым салуға мүмкіндік беретін позицияларға ие болып, оларды орнатса, сол уақытта пайда болады. Саяси билік бәрінен бұрын қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігінен туындайды да өзінің қызмет етуі процесінде осы тәртіпке сүйенеді. Қалай дегенде де тәртіп дегеніміз – ол қоғамдық, жасампаздықтың негізі, оның жалпы мәнді нәтижелерін бекітудің, саяси билікті нығайтудың өте маңызды шарты болып табылады.

Саяси билік болмаса қоғамдық байланыстарды өзара сәйкестендіру, әр түрлі әлеуметтік қауымдастықтардың, жіктер мен индивидтердің, партиялар мен қоғамдық ұйымдардың арасында өзара келісімді ымырашылыққа жету және қоғам мен мемлекеттік биліктің тұтастығын, тұрақтылығын қолдау мүмкін емес деп ойлаған жөн.

Менің ойымша, бұл жерде саяси және мемлекеттік биліктің ара-жігін ажыратудың зор маңызы бар. Саяси билік ұғымы мемлекеттік билік ұғымынан кеңірек болады.

Алайда, саяси биліктің беделін мойындау, оған ерікті түрде бағынуға келісім беру халықтың басым бөлігінің құндылықтарына, дәстүрлеріне, артықшылықтары мен талпыныстарына сүйенген жағдайда ғана мүмкін болады.

Саяси қызмет тек мемлекет шеңберінде ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси жүйенің басқа да партиялар, кәсіподақтар, халықаралық ұйымдар, т.б. сияқты құрамды бөлімдерінде де іске асырылатындығы белгілі. Поляктың белгілі саясаттанушысы Еж. Вятр былай деген: «Кез келген мемлекеттік билік... саяси билік болып табылады. Алайда, саяси биліктің бәрі бірдей мемлекеттік билік бола алмайды. Саяси билік бұл –

үлкен әлеуметтік топтар арасындағы қатынастар жағы да, ал мемлекеттік билік бұл – арнаулы және бөлек аппарат арқылы іске асырылатын билік».

Саяси билік қоғамның әлеуметтік тұтастығын сақтау, үстемдік етуші әлеуметтік топтар мен таптардың мүдделерін жүзеге асыру, әлеуметтік құрылымның жұмыс жасауын қамтамасыз ету, қоғамда тепе-теңдікті, өндіріс пен өнімді бөлу шамаластығын сақтау сияқты міндеттердің бір-қатарын жүзеге асыру қабілетіне ие болуының арқасында ғана қоғамда өмір сүреді. Саяси биліктің ерекшелігі, жоғарыда көрсетілген міндеттердің бәрі бір-бірімен өзара ықпал ететіндігінде. Бұл міндеттердің біреуін ғана жокқа шығару саяси биліктің ыдырауына әкеліп соқтырады. Саяси биліктің негізгі түрі мемлекеттік билік болып табылады<sup>1</sup>. Бұл биліктің басқа биліктерден айырмашылығы – оның басқару органдары бар және заң шығару мәселесінде бір өзі шексіз түрдегі құқыққа ие екендігінде.

Мемлекеттік билік өзінің мақсат-міндеттерін орындату үшін қоғам мүшелерін мәжбүр ету амалына бір өзі ғана ие. Мұның өзі тең мөлшерде белгілі бір ұйымға да, сол сияқты сол ұйымның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру жолындағы іске де тең мөлшерде қызмет етеді деген сөз. Саяси биліктен мемлекеттік биліктің айырмашылығы – ол бұл билік өзінің мақсаттарына жету үшін зорлауды міндетті түрде қолданбайды. Оның есесіне ықпал етудің идеологиялық, экономикалық және басқа әдістерін қолданады. Ал, мемлекеттік болса, билік мақсаттарын орындату үшін қоғам мүшелерін мәжбүр етуге бір өзі ғана қожа.

Мемлекеттік билік – бүкіл халық үшін міндетті заңдарды шығару құқығына бір өзі ие және заңдар мен жарлықтардың орындалу құралдарының бірі ретіндегі арнаулы күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің нысаны. Осымен байланысты, әр қоғамның, әр елдің қоғамдық-саяси күштерінің өзіндік орналасуы, өздерінің құқықтары, дәстүрлері мен мекемелері болатындығын айту қажет. Сондықтан да мемлекеттік, саяси билік әр елде тек осы елге тән мемлекеттік құрылыс пен саяси тәртіп арқылы өзінше іске асырылады.

Сонымен, саяси билік – белгілі бір әлеуметтік субъектілердің – индивидтердің, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың мемлекеттік-құқықтық және де басқа құралдардың көмегімен өзінің еркі басқа әлеуметтік субъектілердің қызметін бағындыру жолындағы қабілетімен сипатталатын әлеуметтік қатынастардың формасы<sup>2</sup>. Саяси билік – қоғамдық күштердің

<sup>1</sup> Новейший политологический словарь. Ростов-на-Дону, 2010. С. 50.

<sup>2</sup> *Әбсаттаров Р.Б.* Саяси билік ерекшеліктері мен проблемалары // Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Қоғамдық және тарихи ғылымдар сериясы. Алматы, 2002. № 1. 74 б.

ен әуелі өздерінің қажеттері мен мүдделеріне сәйкес өз дегендерін саясатта және құқықтық ережелерде жүргізу жолындағы нақтылы қабілеті мен мүмкіндігі.

Саяси билік мына төмендегідей ерекше өзгешеліктерімен сипатталады:

1. Үстемдік, саяси билік шешімдерінің бүкіл қоғам үшін және тиісінше биліктің басқа да түрлеріне де міндеттілігі, кез келген қоғамдық процесстер ішіне ену қабілеттілігі. Бұл билік биліктің басқа түрлерінің ықпалын оларды ақылға қонымды мөлшерде шектеуі мүмкін, немесе, оларды тіпті аластай да алады.

2. Жалпылық, яғни көпшілік. Бұл – саяси билік құқық негізінде бүкіл қоғам атынан әрекет ете алады деген сөз.

3. Мемлекет көлемінде билік жүргізудің күші мен басқа да құралдарын қолданудағы ашықтық.

4. Бір орталықтың, яғни шешімдер қабылдауда жалпы мемлекеттік орталықтың болуы.

5. Билікті жеңіп алу, ұстап тұру және жүзеге асыру үшін қолданылатын құралдардың, көздердің кең жиынтығы.

Саяси билік еркін демократиялық сайлаудың нәтижесінде де, әскери төңкеріс пен қанды төңкеріс нәтижесінде де қалыптаса алады. Алайда мұндай соңғы жағдайда халықтың көп бөлігі үшін қасірет өкеліп, миллиондаған адам құрбан болып, елдің шаруашылығын күйретіп, тұралатып кетеді.

Меніңше, саяси билік құбылысын талдаудағы ғылыми көзқарас бұл биліктің негізгі белгілерін ескеруді және оның жекелеген белгілерінің ерекше өзгешеліктерін ашып көрсетуді талап етеді. Саяси биліктің ең әуелі, негізгі белгілері болып суверенитеттік, ерік, бедел, зорлау сияқтылар есептеледі.

Суверенитеттік – бұл белгілі бір әлеуметтік субъектінің қандай да болмасын басқа күштерге, жағдайлар мен адамдарға тәуелсіздігі жағынан жоғарылығы. Суверендіктің түбегейлі анықтамасын XVI ғасырдың өзінде-ақ француз ойшылы Жан Боден өзінің «Саяси қауымдастық туралы алты кітабының» (1576 ж.) бірінші кітабындағы сегізінші тарауында бергені белгілі. Оның тұжырымдауынша «Суверенитеттік деген – саяси қоғамдастықтағы азаматтар мен оның қол астына қарайтын адамдар үстінен жүргізілетін жоғарғы, шексіз және тұрақты билік».

Саяси биліктің суверенитеттігі – тек қана тәуелсіздікке жетудің, бөлінбеудің және ішкі-сыртқы дұшпандардан қорғану құқығы емес, сонымен бірге басқару мен бұйыруға деген құқығы, саяси шешімдер қабылдауға, жоғары өкіметтің барлық міндеттерін іске асыруға деген бостандығы деп түсінеміз. Саяси билік еркіндігінің тәуелсіздігі мен бөлінбейтіндігінің

көрінісі – саяси билікке қатысты әр түрлі саяси тұрғыдағы әлеуметтік субъектілер түптеп келгенде бөліне алмайды деген сөз.

Тіпті, елде көппартиялық парламент пен коалициялық, бірлескен үкімет бола тұрса да, саяси билік бәрібір бірнеше саяси күштердің ымыраласуы негізінде бір тұрғыда іске асырылады. Осы жерде айта кетерлік бір жайт, тарихта қос өкіметтің орнайтын кездерінің ұшырасатыны, бірақ та мұның өзі елдегі саяси күштердің шиеленіскен күресімен сипатталатын қоғамның ерекше, қиын халі қалыптасқан кезінде болатынын ескеруіміз керек. Қоғамның мұндай халі ұзақ уақытқа созылмайды, қайта көп жағдайда ол азамат соғысына жалғасып отырады, ал басқа бір жағдайда ол тобырдың билікке шығуына немесе биліктегілердің бірінің диктатурасына ұласады. Тек сирек жағдайларда ғана қоғамдағы мұндай шиеленіс кантөгіссіз жолмен, яғни биліктің бәрі толығымен бір саяси күштің қолына көшуімен ғана шешімін табады.

Ал, енді ерік жөнінде бірер сөз. Ерік дегеніміз – әлеуметтік субъектіні жете түсінілген саяси мақсаттың және оны дәйекті түрде іске асыру жолындағы қабілеттің, дайындық пен бостандықтың болуы. Ғылыми әдебиетте ерік жөнінде берілген анықтама әрқилы. Мұның өзі бұл құбылыстың күрделілігін, көп қырлылығын көрсетеді. Бұл анықтамалардың әрқайсысы әдетте еріктің бір қырына, не болмаса көріністеріне аударалы да, оны талдауда белгілі бір көзқараспен байланыстыруға тырысады. Ерік субъектісі үшін «мен осыны қалаймын» деп ойлау сипатты емес, керісінше, «керек», «мен тиістімін» деп ойлану сипатты. Кісі еркі қалаған әрекетті іске асыра отырып, көкейтесті қажеттіліктердің, қажырлы қимылдардың өктемдігіне қарсы тұрады.

Ерік ұғымы өзінің құрылымы бойынша шешімді қабылдау және оны іске асыру сатыларына бөлінеді. Тұрақты түрде ерік күшін жұмсамайынша, саяси биліктің өмір сүре алмайтындығын және билік жүргізуші өзінің саяси ерік-күшін жоғалтып алса, онда биліктің өзі де жоғалатынын айту керек.

Ал енді бедел жөнінде бірер сөз. Бедел дегеніміз – бүкіл елде де және оның сыртында да саяси билік субъектісінің жалпының мойындаған ықпалы<sup>1</sup>. Алайда саяси биліктің беделін мойындау, оған ерікті түрде бағынуға келісім беру, халықтың басым бөлігінің құндылықтарына, дәстүрлеріне, артықшылықтары мен талпыныстарына сүйенген жағдайда ғана мүмкін болады.

Бедел дегеніміз – адамның, не болмаса адамдар тобының (беделге ие) күш көрсетпей, басқа адамның (болмаса адамдардың) іс-әрекеті мен

<sup>1</sup> Қараныз: *Әбсаттаров Р.Б.* Білік пен бедел // Казак әдебиеті. 1999. № 7, 8, 9.

ойларын бір арнаға бағыттай алу қабілетінен білінеді. Беделдің өмір сүруі адамның алдында туындайтын көптеген қиын мәселелерді тиімді түрде бағалауда оның мүмкіндіктерінің шектеулілігімен байланысты, ал бұл өз кезегінде өмір шындығының күрделілігіне байланысты. Демек, жедел саяси биліктің іске асырылуының негізгі формаларының бірі болып табылады да, осының көмегімен адамдардың қимыл әрекеттеріне бақылау мен олардың ортақ және жеке мүдделеріндегі келісімі қамтамасыз етіледі. Бедел саяси биліктің объектісі мен субъектісінің ортақ мүдделестері мен бағынушылар тарапынан басшының ерекше қабілетіне деген сенімділігінің негізінде қалыптасады.

Бедел дегеніміз – бағынушылардың басшы бойынан табатын, жоғары бағаланатын және олардың жүгінушілігін айттырмай-ақ және жазалаумен қорқытпай-ақ анықтайтын сапалар. Демек, бедел келісімге негізделеді де, басшы тұлғаға не болмаса мекемеге деген құрмет пен сенімді білдіреді. Егер, басшы бағынушылардың оның бойынан табатын жоғары сапаларға ие болса, сонда ғана шынайы болады. Егер де бедел басшының жеке сапалары жөніндегі адасушылықтарға негізделсе, онда ол жалған бедел болады.

Бедел қоғамдық қатынастар субъектілерінің саяси билік субъектісінің бұйрықтарына, нұсқауларына, жарлықтарына бағынуға дайындығынан көрініс табады деп ойлаған жөн. Бағынуға деген мұндай дайындықтың шарты өмір сүруші және осы жағдайда заңды билік деп аталатын саяси биліктің шарттарына бағынушының табынуы болып табылады.

Енді зорлау немесе мәжбүр ету жөнінде бірер сөз. Зорлау, мәжбүр ету – билік жүргізуші субъектінің өз өктемдігін күш қолдану мүмкіндігін пайдалана отырып іске асыруы. Әрине, саяси биліктің мәнін тек қана зорлау, мәжбүр ету мен күштеуге әкеліп тіреу дұрыс болмас еді. Зорлауды, мәжбүр етуді саяси биліктің елеулі белгісі ретінде басқарудың негізгі құралы күштеу болатын диктатурамен де шатастыруға болмайды. Алайда, зорлау, мәжбүр ету саяси биліктің бірден-бір құралы болмаса да ерекше түрде заңды тармағы болып табылады, сондықтан да, ол – осы биліктің негізгі белгілеріне кіреді.

Басқаша айтқанда, мәжбүрлеу, зорлау, күш қолдану турасын айтқанда, саяси биліктің ажырамас бөлігі болып табылды. Ал, бұл бөлік саяси билікке сапалы айқындық береді. «Мемлекет дегеніміз – деп көрсетті Макс Вебер, – заңды түрде күштеуге бір өзі ие, қожалыққа ортақ болып табылады. Оны басқаша анықтауға болмайды»<sup>1</sup>.

Сонымен, егер жоғарыдағы көрсетілген негізгі белгілерінің бәрі біріккен жағдайда ғана қоғамда саяси биліктің орнайтынын айтуға болады.

<sup>1</sup> Вебер М. Избранные произведения. М., 1991. С. 318.

Демек, осыған байланысты ескертетін бір жайт, егер билік жүргізуші субъект өзінің беделін, еркін, суверенитеттігін-еріктілігін, я болмаса зорлауға, мәжбүр етуге деген қабілетін жоғалтса, бұл саяси биліктің дағдарысына әкеліп соғады. Ал мұның өзі, әдетте, биліктің басқа саяси күштің қолына көшуімен аяқталады. Енді, саяси биліктің негізгі белгілері мен мәнін анықтаған соң, оның механизмін, көздерін және ресурстарын қарастыруына мүмкіндік аламыз.

## **2. Саяси биліктің механизмі, көздері мен ресурстары**

Саяси билік қызметінің табысты болуы көптеген факторларға, сырларға байланысты. Бұлардың арасында аса маңызды орын саяси биліктің механизміне, көздеріне және ресурстарына беріледі. Саяси биліктің сыртқы затталған белгілері — мекемелердің, ұйымдардың, ауызша және жазба дүниелердің (құжаттардың, заңдардың, ережелердің, бұйрықтардың, нұсқаулардың) әр түрлі формадағы жиынтығы оның механизмін құрайды.

Өз кезегінде саяси биліктің механизмі сіңісіп кеткен жалпы механизмінің құрамды бөлігі болып табылады. Ал, жалпы механизмнің көмегімен саяси биліктің қатынастары іске асырылады. Мұндай қарапайым жалпы жүйені қоғамның саяси жүйесі деп атайды.

Саяси биліктің дамыған механизмі өте күрделі де көп мағыналы құрылым екені анық. Оның негізінде тұтас алғанда қоғам тұрады, ал негізге жақын жерде үстемдік етуші саяси күштер мен олардың ұйымдары, ең жоғарыда — биліктің парламент, үкімет, мемлекет басшысы, басқа да дәрежедегі басшылар, соттар, бақылау органдары сияқты өзіне тән құрылымдары тұрады. Саяси биліктің ұйымдасу және қызмет жасау механизмі көптеген нәрселерден — элементтерден тұратынын айту керек. Бұл жерде біз назарды осы механизм жүйесінің тек басшылық және басқару сияқты, кейбір жақтарына аударғымыз келеді.

Басшылық дегеніміз — басқарушы топ тарапынан қоғам үшін түбірлі, маңызды шешімдерді жасақтап, қабылдаудан, оның мақсаттарын, міндеттері мен болашағын анықтаудан тұрады. Мұндай шешімдер үстемдік етуші әлеуметтік күштер еркінің мазмұндық жағын құрайды. Бұл, әдетте, қоғамдағы үстемдік етуші саяси ұйымдардың жоғарғы жиындарының (съездерінің), үлкен мәжілістердің, жиналыстардың мақұлдаған құжаттарында бекітіледі. Кейіннен бұл шешімдер мемлекеттік-құқықтық актілерде заңды түрде жасакталады да, осыдан кейін олар қоғамның барлық мүшелері үшін міндетті шешімдерге айналады.

Басқару дегеніміз — басқарушы топтың іс жүзінде қызмет ету қабілетінің өмірлік тәжірибедегі көрінісі болып табылады. Әдетте, басқаруды

қоғам оның тиімді түрде қызмет жасауы мен дамуын қамтамасыз ету мақсатындағы оған жасалатын саналы түрдегі ықпал ретінде анықтайды. Бұл, әрине осылай, алайда, мұндай анықтама басқарудың тереңде жатқан мәнін аша алмайды. Ал, бұл басқарудың мәні дегеніміз – биліктің іс-жүзіндегі қолданылуы, яғни, қоғамдық қатынастардың әр түрлі субъектілеріне билік жүргізуші топ таралынан белгілі бір талаптардың қойылуы және субъектілерді алға қойылған мақсаттарды орындау жолында осы талаптарды басшылыққа алуда итермелеуі дегенде жатыр.

Бұл жердегі қолданылатын құралдар мен әдістер тым жан-жақты. Олардың көлемі билік жүргізуші топ пен әр түрлі әлеуметтік күштердің ерікті түрдегі ынтымақтастығын пайдаланудан бастап, осы топ тарапынан күш көрсету құралдарының қолданылуына дейінгі жерге созылады. Басқаша сөзбен айтқанда, басқару дегеніміз – қабылданған саяси шешімдердің іске асырылу жолындағы тікелей іс жүзіндегі қызметі. Қызметтің бұл түрі мен билік құрылымы үшін құрылатын, көбіне-көп мемлекеттік басқару органдары деп аталатын әкімшілік аппарат ең бірінші кезекте шұғылданады. Сонымен, саяси билік механизмінің жоғарыдан төменге қарай жасақталған құрылымының нәтижесінде, басқарушы топтың үлкенді-кішілі саяси проблемалардың көптеген саны бойынша шешімдер қабылдауда үстемдік етуші әлеуметтік-саяси күштерге тәуелділігі жоққа тән болып шығады. Яғни, басқарушы топ бұл жерде толықтай жеке атқарады.

Дегенмен де, үстемдік етуші әлеуметтік-саяси күштер билік жүйесі арқылы басқарушы топты белгілі бір шеңберде әрекет жасауға мәжбүр ете алады. Мұндай шеңберден шығып кету басқарушы топ пен үстемдік етуші әлеуметтік күштер арасындағы өзара қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соғады.

Үстемдік етуші әлеуметтік күштер өздерінің түбірлі мүдделеріне нақтылы қауіп төнген кезде бұзылған қалыпты жағдайды қалпына келтіру үшін басқарушы топ құрамына өзгерістер енгізуге дейін батыл шаралар қолданады. Осыған байланысты айтар жайт, саяси билік механизмі осы биліктің негізгі көздерімен тығыз байланысты екендігі. Бұл көздер әрқилы. Мысалы, олар дене күштері, байлық, білім, лауазым жағдайы, ұйым, т.б. Дене күштері биліктің бастапқы негізі болып табылады. Биліктің бұл көзі талап етілген тәртіпке жету жолындағы күш ретіндегі қорқытып-үркіту тәсіліне сүйенеді.

Алғашқы кездегі «кімнің кім екенін» көрсететін тайталас мәселесін шешуде кім көп күшке ие болса, оның үстемдік құруға қолы жетеді, осы күштің көмегімен ол өзінің дегенін бақталастарына істете алады. Алайда, күштеу қазіргі кезде, саяси билік негіздерінің бірі ретінде көрініс табуда. Қазіргі кездегі қоғамдардың көпшілігіндегі саяси билік құрылымдары мен



механизмдерінің революциялық, не болмаса басқа зорлық көрсету әрекеттерінің нәтижесінде пайда болғаны белгілі. Күнделікті саяси күресте ақыр аяғында көбінесе дәл ресми күш көрсету құрылымдары басшыларының ұстанған бағыты үстемдік жағдайдың қандай саяси топқа берілетіндігін анықтайды.

Өте ерте кезден бастап-ақ, билік көзінің бірі байлық болып келеді. Мұның ең басты себебі, байлық иелерінің басқа адамдардың тіршілік етуі үшін керек заттарды тауып бере алатындығында жатыр. Мұның қайтарымы ретінде байлық иелері керек-жарак заттар жөнінде өздеріне тәуелді адамдарды өз дегендеріне жүгіндіреді.

Демек, байлық биліктің көзі ретінде жекелеген адамның немесе топтың мүддесіне сүйенеді. Қазіргі дүниеде байлықтың тек өзі саяси биліктің тікелей көзі бола алмауы да мүмкін. Алайда, байлық иелерінің бүгінде билікке жетуге ықпал жасау мүмкіндіктері, сірә, бұрынғы уақытпен салыстырғанда өте зор. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарының тиісті жұмыстарына қомақты қаржы төлеу арқылы белгілі бір саяси топтың үстемдік құру жағдайын қамтамасыз етуге шешуші күш бола алады.

Саяси биліктің тағы бір көзі болып білім мен тәжірибе қызмет етеді. Сондықтан патшалық құрған таңдаулылардың түсында білімділердің қаншалықты үлкен ықпалға ие болған мысалдары тарихта өте көп. Саяси биліктің көзі ретіндегі білім мен іс жүзіндегі тәжірибенің маңызы өсіресе, қазіргі дамыған өркениет жағдайында артуда. Себебі, бұлардың өмір сүруі әр түрлі және кең ауқымда ақпараттарды, сондай-ақ, барлық мүмкін болған жағдайда шеберлік пен дағдылардың үлкен санын иеленуді талап етеді.

Тиісінше билік жүргізуші құрылымдарда білім мен қоғамдық тәжірибенің әр түрлі салалары бойынша маманданған қызметкерлердің салмағы да барған сайын арта түсіп отыр.

Саяси биліктің маңызды көзі болып ерте кездерден бастап-ақ адамның лауазымды қызмет орны саналғанын айту қажет. Дәстүрлі қоғамдарда артықшылық жағдайдағы топтың қатарында жүру билікке жету жолындағы міндетті шарт болып табылады. Қазіргі қоғамдардың көпшілігінде адамның лауазымды қызмет орны мен қоғамдағы жағдайы оның саяси билікке жетуі жолындағы маңызды негіздердің бірі болып табылады. Мысалы, президент, я болмаса министр өздерінің осы қызмет орындарында істеген кезінде ғана белгілі бір кеңістікте билікке ие. Ал егер осындай жоғары лауазымды қызмет орнынан түсірілген жағдайда билік иелері өздерінің билік жүргізу өкілдіктерінен айырылады. Билік жүргізетін міндеттерді атқаруға байланысты қызмет орындарында болудың, сондай-ақ адамның әлеуметтік жағдайының да елеулі маңызы бар.

Индивид өзінің тиісті қызмет саласында неғұрлым жоғары лауазымға жетсе, оның саяси билік құру саласына енуіне мүмкіндіктер соғұрлым көбірек болады. Көріп отырғанымыздай, қазіргі жағдайда әлеуметтік-саяси ұйым саяси биліктің ең қуатты басты көздерінің бірі болып табылады. Әлеуметтік-саяси ұйым ерте кезден бастап-ақ адамдарды және заттық мүмкіндіктерді ұйымдастыруға, жұмылдыруға ғана қызмет етіп қойған жоқ, сонымен бірге қабылданатын билік басындағылар шешімін де өмірде іске асыруына қызмет етеді.

Шын мәнінде лауазымды қызмет орны саяси биліктің көзі есебінде әлеуметтік-саяси ұйымның бөлігі ретінде ғана мағынаға ие болатынын айту керек. Мұның дәл осындай екені мемлекеттік те, қоғамдық та, не болмаса жеке ұйымдардың да құрылу және қызмет жасау жүйесіне енуінен көрініс береді. Бұлардың барлығы да белгілі бір экономика саяси және рухани мақсаттарға жетудің құралы ретінде көрінеді. Әлеуметтік-саяси ұйымның елеулі өзгешелігі ең алдымен олардың өзара бір-бірімен беделді-биліктік қатынастармен байланысқан бөлімдерінің жоғарыдан төмен қарайғы баспалдақты құрылысында жатыр. Бұл ұйым бөлімдерінің әрқайсысы өз бостандығының бір бөлігін «жоғарыға» беруі әлеуметтік-саяси ұйым құрылымының неғұрлым жоғары қатарларында биліктің қордалануы үшін жағдай жасайды. Оның есесіне, әлеуметтік-саяси ұйым өзін құрайтын адамдар алдына олардың жеке-дара жүргенде ешқайсысы қол жеткізе алмайтын мақсаттар қойып, орындауға мүмкіндік береді. Яғни, бір адамның күші жетпейтін мақсат ортақ күштің арқасында орындалады.

Бір индивидтің басқа индивидке ықпал жасау қабілеті саяси билік субъектінде мүмкіндіктердің бар болуымен байланысты екенін тарихи тәжірибе көрсетуде. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте саяси билік ресурстарының әр түрлі топтарының кездесетіндігін айтқан жөн. Саяси биліктің ресурстары дегеніміз — олардың үстінен бағынушыларға ықпал жасау мен биліктік ерікті іске асыруға бағытталған әдістер мен құралдардың жиынтығы болып табылады. Саяси биліктің ресурстары ретінде экономикалық, күшке ие (зорлаушылық), әлеуметтік, мәдени-ақпараттық және басқа да ресурстар көріне алады<sup>1</sup>.

Экономикалық ресурстарға жататындар: қоғамдық және өзіндік өндіріс пен тұтыну үшін қажетті керек-жарак құндылықтары, бұлардың жалпыға ортақ маңызы бірдей белгісі ретіндегі ақша, техника, құнарлы жерлер, пайдалы қазбалар, т.б.

Саяси билік экономикалық ресурстарды көптеген мемлекеттік және халықаралық сипаттағы проблемаларды шешу үшін пайдаланады. Эконо-

---

<sup>1</sup> Қараныз: Политология. М., 2010. С. 67-79.

микалык құралдардың, атап айтқанда, қоғамдық процестерді мемлекеттік реттеу құралдарының көмегімен саяси билік көп нәрсені жүзеге асыра алады. Мысалы, өте үлкен жылдамдықтағы экономикалық процестерді баяулатуға мәжбүр етеді (қажет болған жағдайда керісінше де істей алады):

- ғылыми-техникалық революция жетістіктерін іс жүзінде игеру мақсатында шаруашылықты құрылымдық тұрғыдан қайта құруына дем бере алады;

- ұлттық экономикаға қаржы жұмсауды пәрменді түрде қолдайды;

- шаруашылық салаларына бір не болмаса екі серіктестіктің қожалық жасаушылығына жол бермейді;

- ел ішінде күрделі қаржының аса зор көлемде қордалануына тойтарыс беріп, оны шетелдерге шығаруға қолдаушылық жасайды;

- ақша құнының түсу қарқынын баяулатып, жұмыссыздықты елеулі түрде қысқарта алады, т.б.

Күш қолдану (зорлаушылық) ресурстарына күш көрсету арқылы көндіру қондырымдары және бұл үшін арнайы дайындаған адамдары жатады. Бұлардың бәрі елдің қорғанысын, ішкі тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді. Әрбір мемлекетте күшке ие ресурстардың түйінін әскер, полиция, қауіпсіздікті сақтау ісіндегі түрлі қызмет орындары және сот пен прокуратура, бұлардың ғимараттары, қару-жарағы, техникасы, абақтылары, т.б. құрайды.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, саяси билік орындары күшке ие мүмкіндіктердің жекелеген бөлімдерін өте-мөте жиі қолданады. Бұл мүмкіндіктер биліктің неғұрлым өткір көздерінің қатарына жатады да, үрей туғыза алады. Ал мұндай құралдарды қолдану адамдардың меншігінен, бостандығынан айырады, тіпті, біраз жағдайларда құрбандықтарға да соқтырады. Саяси билік күшке ие ресурстарды, әсіресе, күшінің, қуатының және қоғамға деген ықпалының әлсіреген кездерінде экономикалық және саяси дағдарыстар етек алған жылдарда жиі қолданады.

Ал енді әлеуметтік ресурстар жөнінде аздап сөз етелік. Әлеуметтік ресурстар деп – әлеуметтік мәртебені, не болмаса дәрежені, мекен-жайды әлеуметтік стратификацияда (жікке бөлінушілікте) көтерудің, не болмаса төмендетудің қабілетін айтады. Әлеуметтік ресурстар қызмет орнын, дәрежені, білім беру, дәрігерлік қызмет, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету, т.б. сияқты көрсеткіштерді қамтиды.

Қазір кейбір батыста өмір сүруші елдер саяси билікті сақтауға халықтың көпшілігінің мүдделілігі тұрғысынан құрылады. Яғни, бұл елдерде халықты әлеуметтік қорғаудың кең жүйесі жұмыс жасайды, зейнетақымен қамтамасыз ету деңгейі жоғары (зейнетақы мөлшері бұрын алған еңбек ақының 90 пайызына дейінгі мөлшерін құрайды), қайырымдылық көрсету

ұйымдарының кең жүйесі дамыған, т.б. Ал, енді мәдени-ақпараттық ресурстар жөнінде айтсақ, бұған жататындар білім мен ақпарат, сондай-ақ, оларды қабылдау мен таратудың құралдары: ғылым мен білім мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б. Қазіргі кезде және келешекте білім мен ақпарат саяси биліктің өте маңызды көздеріне айналуға және де айнала бермекші.

Білім мен бұқаралық ақпарат құралдарына саяси билікті орнату кезеңінде де өте-мөте маңызды орын берілетінін айыру керек. Өз кезегінде бұқаралық ақпарат құралдары саяси билік ресурстары ретінде билік ресурстарының басқа түрлерінің айырмашылығын көрсететін өзіндік ерекшелікке ие. Көп ретте ақпарат құралдары «төртінші билік құралы» деп аталады. Бұл олардың қоғамдық пікірге жасайтын ықпалының шын мүмкіндіктері мен күшін көрсетеді. Тұтас алғанда, тәжірибе көрсеткеніндей, ресурстардың жоғарыда келтірілген барлық түрлері саяси билік үшін қажетті, тұрақты қимыл жасаушы мүмкіндіктерге жатады.

Ал, енді саяси биліктің өзіндік ерекше ресурсына адамның өзі – демографиялық ресурстар жатады. Адам – әмбебап, көп міндетті және басқа ресурстарды өндіретін мүмкіндік көзі. Адам – керек-жарак игілік жасаушы, білім мен ақпаратқа ие және оны таратушы. Бұл жерде саяси биліктің әрбір ресурстарының көздері мен механизмін іс жүзіне асырылуының шарттары мен тиімділігінің шегі барлығын, өздерінің қимыл-әрекеттерінің ең қолайлы нысандары мен уақыттары бар екендігін атап айтқан орынды. Осы байланыста маңызды орынды биліктердің бөліну мәселесі алады.

### **3. Биліктердің бөлінуі – саясаттың теориясы мен принципі (негізі) ретінде**

Биліктерді бөлу саясаты дүниежүзі елдеріндегі билік құрылымын одан әрі жетілдірудің бірінші кезектегі мәселелерінің қатарында тұрады. Билікті бөлу тікелей де, көлденең де жолдармен іске асырылады. Биліктің тікелей бөлінуі дегеніміз – биліктің әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару субъектілері арасындағы бәрінен бұрын, жалпы ұлттық (орталық) және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы бөлінуді айтады.

Орталық пен биліктің жергілікті органдары арасында аралық деңгейлер, мысалы аймақтық деңгей сияқтылар болуы мүмкін. Мұндай жағдайда аймақ (облыс, өлке, қала) конституция арқылы орталық үкімет қиянатынан сақталатын билікпен қамтамасыз етіледі. Биліктің мұндай жүйесі федералдық (құрамалық) жүйе деп аталады. Егер де биліктің аймақтық деңгейі жоқ болса, я орталыққа тәуелді болса, онда биліктің бұл жүйесі, бірінғай жүйе деп аталады. Мысалы, АҚШ-та, Үндістанда, Ресейде биліктің феде-

ралдық жүйесі, ал Англияда унитарлық жүйесі орнаған. Ал, биліктің көлденең жолмен бөлінуі бірдей деңгейде тұрған мемлекеттік басқару субъектілері арасында жүргізіледі. Бұл жағдайда билік заң шығару, атқару және сот сияқты биліктің тармақтары арасында бөлінеді. Осыған байланысты айтар жайт, биліктердің бірігуіне жол беруге болмайды. Мысалы, заң шығарушы және атқарушы билік жүйелерінің бірігуі заңның жоғарылығын бұзады. Егер де соттар соттап қана қоймай, сонымен бірге заң шығаратын болса, онда адамдар өмірі заңсыздық әрекеттердің құрбаны болады.

Демократиялық, өркениетті елдердің саяси тәжірибесі биліктердің бөлінуінің дұрыс екенін көрсетеді. Ал мұның өзі мына темендегідей себептермен: біріншіден – биліктің әрбір тармағына, әрбір мемлекеттік органның міндеттері мен қызмет бабын және жауапкершілігін анық белгілеу, өзара бақылауды іске асыру, мемлекеттік басқару орындарындағы іс-әрекеттердің бірлігіне жетуге және қайшылықтарды жеңу процесінде қоғамдағы өскелен тең салмақтылықты қолдауға көмектесетін, тыйым салулар мен қарсы тұрушылықтың жүйесін құру қажеттілігімен; екіншіден – билікті теріс пайдалануды, диктатураны, тоталитаризм мен авторитаризмнің орнауын алдын ала болдырмау қажеттілігімен; үшіншіден – биліктерді бөлу принципін жүзеге асыру негізінде жеке тұлғалардың өзіндік бағалылығы тұрғысынан алғанда билік, бостандық, заң, құқық, мемлекет және қоғам сияқты қоғам өмірінің қайшылықты жақтарын үйлесімді біріктіру мүмкіндігімен шартталған.

Биліктерді бөлу идеясының өте ертеде пайда болғанын айту керек. Мысалы, XVIII ғасырда Ш. Монтескье корольдер мен феодалдардың шексіз билігін шектеу тәсілдерін ойластырып, билікті негізгі белгілері бойынша: заң шығару, атқару және сот биліктері сияқты үш тармаққа бөлуді дәл ұсынған болатын және бұл тармақтар тең өкілетке ие болып, бір-біріне тәуелсіз болуға тиіс. Биліктің бір адамның (органның) қолына шоғырлануы адам бостандығына қайшы келіп, сөзсіз заңсыздық жолдарға апарды да, заңның үстемдік мәртебесін бұзады. Егер соттар тек соттап қана қоймай, сонымен бірге заң шығарушы да болса, онда «адамдар өмірі озбыр әрекеттердің құбанына айналады да», биліктің үш тармағының біртұтас болып бірігуі «жантүршігерлік каталдық» болар еді деп көрсетті Ш. Монтескье.

Биліктің бөлінуінен Ш. Монтескье заңсыздықтар мен билікті теріс пайдаланудан қауіпсіз болудың кепілін көрді. Ш. Монтескье прогрестің болуына сеніп, оны саяси бостандықтың орнауымен байланыстырды. Біздіңше, ол Ұлы Сәуегей болып шықты. «Саяси бостандық, – деп көрсетті Ш. Монтескье, – экономиканың, өнеркәсіптің, сауданың дамуына ықпал жасайды». Ол сөз, баспасөз, ар-ождан бостандықтары идеяларын негіздеді.

Біздің ойымызша, билікті бөлудің монтеस्कьелік теориясы буржуазияның абсолютизммен, монархтардың, феодалдардың, жоғары дін иелерінің, т.б. озбырлықтарымен күресінде прогрессивтік рөл атқарды. Биліктерді бөлу принципінің ең алғаш өзінің заңды көрінісін АҚШ Конституциясында, Ұлы Француз революциясының конституциялық құжаттарында тапқанын айту керек. Қазіргі уақытта дүниежүзі елдерінің басым көпшілігінде биліктердің бөлінуі заңды түрде бекітілген. Бұған қоса айтар жайт, билікті бөлудің және олардың өкілеттілігін шектеудің әр түрлі елдерде өзіндік ерекшеліктерінің болуы.

Алайда, билік тармақтарының әрқайсысының өзінің өкілеттіліктерін өз бетінше тиімді түрде іске асыруға міндетті, ал барлығы бірге бір-біріне қолдау жасай отырып, жеке адамдардың, халықтың мүдделерін, қоғамдық прогресін, әділеттілікті қамтамасыз етуге тиіс. Осыған байланысты, биліктің әр тармағының биліктік өкілеттіліктерді іске асыруындағы міндеті мен орны қандай деген сұрақ туады. Биліктің бірінші тармағы – заң шығарушы билік. Бұл тармақ конституция мен құқық үстемдігінің принциптеріне негізделеді де, еркін сайлау жолымен қалыптасады.

Заң шығарушы билік тармағы Конституцияға түзетулер енгізеді, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негіздерін белгілейді, мемлекеттік бюджетті бекітеді, барлық атқарушы органдар мен азаматтар үшін міндетті заңдар қабылдап, бұлардың орындалуын бақылайды. Заң шығарушы билік тармағының үстемдігі құқық принциптерімен, конституциямен, адам құқықтарымен шектелген. Заң шығарушы органдар мен атқарушы және сот органдары халық өкілеттері мен еркін демократиялық сайлау жүйесі арқылы сайлаушылар бақылауында болады. Демократиялық мемлекеттерде заң шығарушы биліктің алып жүрушісі екі немесе бір палатадан тұратын парламент болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша да Заң шығарушы орган Сенат және Мәжіліс деп аталатын және тұрақты жұмыс жасайтын екі палатадан тұратын парламент болып есептеледі<sup>1</sup>. Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан, мемлекет астанасынан екі адамнан сайланатын депутаттардан құралады.

Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды. Ал мәжіліс палатасы кәсіби негізде жұмыс жасайтын 107 депутаттан тұрады. Биліктің екінші тармағы – атқарушы билік тармағы. Бұл тармақ өзінің қимыл-әрекетімен, қоғамдық өмірге деген көтеріңкі зеректігімен үкімет арқылы жұмыс жасауы керек. Атқарушы билік тармағының өзгешелігі, оның тек заңдарды орындауында ғана емес, сонымен бірге оның өзі де

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана: Елорда, 2008. 23 б.

мөлшерлік құжаттарды шығаруға я болмаса, заң шығару жөнінде бастама көтеруге құқықтылығында жатыр.

Егер де бұл билік тармағының өз қызметін негізінен «жабық» түрде жасайтынын ескерсек, онда ол тиісті бақылау болмаған жағдайда заң шығарушы және сот биліктері тармақтарын сөзсіз өз қысымына салып, дегенін істетуге тырысуы мүмкін. Ал осындай жағдайды болдырмау үшін ерекше кепілдіктерді қамтамасыз ету керек. Атқарушы – басқарушылық қызмет заңға сүйеніп, заң шеңберінде орындалуы тиіс. Бұл тармақтың заңға қайшы келетін іс әрекеттерді азаматтардың орындауын талап етуіне, сөйтіп өзіне заңсыз өкілеттіліктерді иемденуіне құқығы жоқ. Оның мәнісі атқарушы билік қызметіне бақылау құқығына ие халық уәкілдігінің алдына есеп беріп отыруы мен жауапкершілігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында тыйым салу мен қарсы қоюдың жүйесі көзделген. Президентке үлкен өкілеттіктер берілген (ол мемлекет басшысы, халық пен мемлекеттік биліктің, Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, Қазақстан Республикасының еркіндігі мен тәуелсіздігінің, мемлекеттік-аумақтық тұтастықтың, мызғымастығының белгісі мен кепілдігі болып есептеледі<sup>1</sup>. Міне, осыларды басшылыққа ала отырып, президент – парламент – үкімет тізбегі құрылған. Президент парламент келісімімен Премьер-министрді тағайындайды. Президент парламентті таратып, оның жаңа сайлауын өткізуге құқықты. Президент үкіметтің жұмыстан кетуі туралы шешім қабылдайды, Премьер-министрдің ұсынысы бойынша Үкіметтің құрылымын белгілейді, оның мүшелерін тағайындап, орындарынан босатады, Парламентке және оның палаталарына Ұлттық Банктің төрағасы, Жоғарғы соттың төрағасы мен судьяларын, Бас Прокурорды, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті төрағасын тағайындау үшін кандидатураларды ұсынады. Өз кезегінде Парламент те, оның Палаталары да Президентке ықпал жасау үшін белгілі құқықтарға ие<sup>2</sup>. Президенттің қызметі мен ісінде қылмыстық белгілердің бар екендігі жөнінде Жоғарғы Соттың және бұл туралы белгіленген конституциялық тәртіптердің сақталғандығы жөнінде Конституциялық Кеңестің қорытындыларымен дәлелденіп, Президент мемлекетке опасыздық жасады деп Мәжіліс оған айып такса, онда осының негізінде Парламент Президентті қызметінен босата алады.

Парламент үкіметке сенімсіздік білдіру құқығына да ие. Президент бұл шешіммен келісуге, сөйтіп Үкіметті орнынан түсіруге де, сонымен қатар Үкіметтің орнынан түсуіне келісім бермеуіне де құқығы бар. Президент –

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана: Елорда, 2008. 15 б.

<sup>2</sup> Қараңыз: Бәкір Ә. Қазақстан Республикасы кәсіби парламентінің қалыптасуы. Астана, 2004. 201-202-бб.

Үкімет конституциялық тізбегі елдің тұрақтылығы мен мемлекет қауіпсіздігі үшін керек екендігін айтқан жөн.

Биліктің үшінші тармағы – сот билігі. Бұл мемлекеттік ұйымның дербес құрылымы болып табылатын мекемелерді қамтиды. Сот билігі – мемлекеттің сот органдарының құқық пен заңдар ережелеріне негізделген әділеттілікті жүзеге асыруға деген нақтылы қабілет. Сот билігінің халі, оған қоғамдағы көзқарас, оның даму бағыты қоғам өмірінің – экономикалық, мәдени, саяси, адам мәртебесі, оның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау сияқты жақтарына елеулі ықпал жасайды.

Әр адам сот билік орындарында белгілі бір арызбен барған кезде ол бұл талабының әділетті түрде шешілетіндігіне толық сенімді болу керек. Себебі адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қактығыстар мен жанжалдардың мәдениетті түрде шешілуі – құқықтық мемлекеттің ережесі. Сот құқық бұзушылықтарды тойтара отырып, құқықтың қорғаушысы болуға тиісті.

Жалпы айтқанда, сот билігі қабылданатын заңдар мен нұсқаулардың қызмет етуші ел конституциясының талаптарына сай келушілігін қамтамасыз етуге, заңдарды жекелеген аламдар мен ұйымдардың, мекемелердің, сондай-ақ, барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың катал орындауына жетіп, қоғамдық-саяси құрылысты, шаруашылық жүйесін, азаматтардың, ұжымдардың, мемлекеттің меншіктерін, азаматтардың жеке өзіндік және мүліктік құқықтарын қорғауды, заңмен белгілеген қылмыстық жазалау шараларын қолдануды қамтамасыз етуге тиісті. Бұдан басқа, сот билігі заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына ықпал да жасай алады. Заң шығарушы билік орындары соттар жүйесі арқылы бақыланады. Мысалы, Конституциялық соттың, не болмаса кеңестің көмегімен демократиялық елде тек қана заңды істердің емес, сонымен бірге заңдардың өздерінің де конституциялылығы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында сот билігі мемлекеттік биліктің тармағы деп атап көрсетілген. Бұл ереже Заң шығарушы мен атқарушы биліктердің іске асырылуының маңызды конституциялық кепілдігі болып есептеледі. Осымен бірге, сот билігі тармағының өзінің өмір сүруі де конституциялық кепілдіктерге ие. Бұл кепілдіктер соттар қызметінің: судьялардың тәуелсіздігі мен конституцияға және заңға бағынатындығы, судьялардың ауыстырмайтындылығы мен оларға тиісуге болмайтындық сияқты негізгі принциптерінде көрсетілген. Мемлекеттік биліктің органы ретіндегі соттың теуелсіздігі оларды қаржыландыру тек республикалық бюджетпен жүргізілуімен қамтамасыз етіледі.

Конституцияның Жаңа ережесі бойынша биліктің басқа тармақтары да сот билігін қалыптастыруға, сондай-ақ, тұтас алғанда саяси билікті



нығайтуға қатыса алады. Қоғам да, ұйымдасқан мемлекет те саяси билік және оның тармағы билік иелерінің билікке бағытталған адамдарға жасайтын әлеуметтік бақылауына тен. Бұл билік мемлекетте, оның заң шығарушы, өкімшілік пен құқықтық қызметіне ықпал ету мақсатымен басқа адамдарды бақылауды қамтамасыз етеді. Биліктің әр тармағы және жалпы саяси биліктің мақсаты дегеніміз – басқа адамдарды басқару болғандықтан, ол барлық уақытта екі жақты мағынада болып табылады. Алайда, билікке «тәртіптілік» тұрғысы да тән. Себебі, ол бір адам тәртібінің екінші бір адамның тәртібіне ықпал жасауы тұрғысынан ғана болатын әрекет жасаушы екі адам арасындағы қатынасқа негізделеді. Бұдан басқа билік және оның әр тармағы, сондай-ақ, «жағдайлық» (ситуациялық) тұрғыға да ие, яғни биліктің және оның қызметінің мәнін түсіну үшін билікті нақтылы жағдаймен, не болмаса оның нақтылы міндетімен бір арақатынаста қарау қажет.

Қазақстанда биліктерді жіктеу проблемалары және жалпы саяси билік қоғамның саяси жүйесін реформалаумен байланысты белсенді түрде талқыланды. Осыған байланысты, бүгінде Қазақстанда заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері қандай проблемаларды, бастан кешіруде деген сұрақ туады.

Бірінші проблема – биліктің әрбір тармағының құрылымы. Бұрынғы өміршілік-өкімшілік деп аталатын жүйені қиратты. Алайда, жаңа жүйе жасалуда. Бүгінгі өмір сүруші жүйені аз ғана әлемілік реформасы негіздеріндегі өкімшілік-кеңестік жүйе деп айтуға болар еді. Қазіргі биліктің көзге ұрып тұратын: бытыраңқылық, жедел байланыстардың жоқтығы, біліктілігінің кемдігі, кері байланыстың осалдығы, биліктерді дәл бөлудің жоқтығы сияқты әлсіздіктері бар.

Екінші проблема – кадрлар проблемасы. Өздерін демократтармыз деп жүргендер бұл проблеманы ойдағыдай шешкен жоқ. Жұмысқа ұсынылған аздаған кадрлар биліктік құрылымдарда өздерінің орындарын таба алмай жүр. Біздің ойымызша, билікке халқына адал жаңа адамдардың келуі, негізінен алғанда әлде де ойдағыдай жүзеге асқан жоқ. Демек, қазіргі заң шығарушы, атқарушы, сот биліктерінің әлеуметтік негізі қандай деген сұрақ туады. Демократиялық күш аз. Кәсіпкершілік әлде де толық, жете дамыған жоқ. Сондықтан да ескі кадрларды алмағанда қайдан алу керек? Міне, сондықтан да реформалардың да жүру барысы өте-мөте мардымсыз. Өркениетті нарықтық экономиканың екі тірегі бар. Олар: демократиялық басқару және ерікті кәсіпкершілік. Бұларды Қазақстанда да өрістету керек, ал бұның өзі біраз уақытты, күш-жігерді талап етеді.

Үшінші проблема – қабылданған шешімдердің іске асырылу проблемасы. Бұрынғы уақыттарда шешімдердің орындалысы абақтыға жабумен, тіпті, атумен қорқытуға, кейіннен партбилеттен, тиімді қызмет орнынан

және осыған байланысты игіліктерден айырумен қорқыту-үркітуге негізделіп іске асатын еді. Қазіргі кезде мұндай қорқытулар жоқ, алайда, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері шешімдерінің орындалысын қамтамасыз ететін өркениетті түрдегі жүйе қалыптаса қойған жоқ. Бүгінгі қабылданатын шешімдер өзінің көп бөлігінде экономикалық ынталандыруға сүйенбейді, сондықтан да ол орындалмайды.

Төртінші проблема — заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінің құқықтары. Бұрынғы өміршіл-өкімшілік жүйе кездерінде лауазымды қызметкерлер «мынаны істеуге болады, тіпті, жарап та кетеді», ал «мынаны істеуге болмайды, бұл жерде өзінді тоқтатуың керек» дейтін шек қоюшылықтарды сезінетін. Ал, бүгінде билік басындағыларды тоқтататын шара жетімсіз. Себебі, жаза қолданушылық, не болмаса, жеңіл жаза берушілік көп адамдарды дандайсытып жібереді. Сондықтан олар ойларына келгенін істейді. Баспасөз беттерінде биліктің және оның тармақтарының жемқорлығы, жоғары қызметте отырғандардың арсыздығы, билік мекемелерінде өздерін еркін ұстайтын қылмыскерлер жөнінде біраз мәселе көтерілуде. Алайда, мұның нәтижесі бүгінгі таңда қанағаттанарлық деп айтуға келмейді.

Дүние жүзінде билік иелерінің мінез-құлық, тәртібіне қоғамдық ықпал жасаудың тиімді тәсілдері бар. Ол — билік иелерінің қызметі мен өмір салты жөнінде жариялылық әдістерді қолдану. Алайда, Қазақстанда қазіргі кезде көптеген адамдар ойларына не келсе соны істеуде. Қоғамдық пікір бұл тұрғыда өзiрге әлсiз жағдайда күн кешуде. Билік басындағылардың өнегесіздігі олардың өкілдерінің заңды басшылыққа алуға қабілетсіздігінен, не болмаса бұған деген ниеттің жоқтығынан басталады. Демек, олар заңнан қалай алыстаса, халықтан да солай алыстауда. Мұндай жағдайда, Қазақстанда биліктің әр тармағы қандай болуға тиіс деген сұрақ туады.

Біздіңше, Қазақстанда биліктің әрбір тармағы халықтық, заңды, тәуелсіз және күшті болуы тиіс. Күшті билік — қылыш пен күштеуге сүйенген билік емес, керісінше, әділетті және демократиялық билік<sup>1</sup>. Біздің республикаға азаматтардың бостандығын басуға тиіс емес, құдіреттілік пен диктатураны және жеке басқа табынуды көксемейтін күшті демократиялық билік қажет. Олай болмаған жағдайда мұндай билік өзін сөзсіз өшкере етіп, барлық беделінен айырылады. Әрбір билік тармағы өзінің шыншылдығымен, әділеттілігімен, өнегелілігімен, өзінің құдіреттілігімен және халықтың қолдаушылығымен, яғни оның заңды басшылыққа алынуымен, сондай-ақ, билікке деген сенімімен, құрмет көрсетуімен, билік бастама-ларына қатысуға дайындығымен күшті.

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Қасымбеков М.Б.* Институт президентства как инструмент политической модернизации. Астана, 2002. С. 152-159.

#### 4. Саяси биліктің легитимділігі (заңдылығы) және оның түрлері

Саяси билік егер, оны бұқара ерікті келісім бойынша қабылдап, оның дегендеріне бағынса, онда ол заңды билік деп аталады. Легитимділік саяси биліктің берік сипаттамаларының қатарына жатады деп тұжырымдауға болады. «Легитимділік» термині алғашында XIX ғасырдың басында Францияда пайда болды. Ал «биліктің легитимділігі» (заңдылығы) туралы ұғымды ғылымда алғаш рет неміс әлеуметтанушысы өрі саясаттанушысы Макс Вебер енгізді. Қазірде саясаттану ғылымы бұл терминсіз алға баса алмайды. Легитимділік ұғымы және бұдан туындайтын легитимация (заңды деп тану) деген сөз өзінің бастамасын латынның (заңды және заңдылығы негіздеу) деген сөзінен алған. Бұл сөздің түбірімен байланысты легальділік-ресмилік (ашық) және легализация деген күнделікті өмірде жиі қолданылатын ұғымдардың біршама басқаша мағынасы бар.

Егер, тек саяси мекемелер мен ұйымдар ғана емес, сонымен бірге басқа да мекемелер мен ұйымдар өздерінің заңды түрде жұмыс жасау құқығына ие болуға тиісті бола тұрып, мұндай құқыққа ие болмаса, онда олар ашық-легальдық емес түрде жұмыс жасауына мәжбүр болады. Мысал есебінде белгілі бір өнімді жасырын түрде шығару, шекарадан жасырын түрде өту, т.б. жөнінде айтуға болады.

Саясаттану бойынша әдебиетте легитимділіктің (заңдылықтың) синонимі ретінде құқықтық күштілік (заңкүштілік) деген ұғым қолданылады. Саяси биліктің заңдылығының және заңды деп танылуының басты проблемасы – азаматтардың неғұрлым қалың бөлігінің ол билікті қолдауы негізінде оның тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етуі болып табылады<sup>1</sup>. Осыдан келіп саяси биліктің заңдылығын азаматтардың белгілеген (құқықтық, әлеуметтік, үлгі-өнегелік, т.б.) ережелері негізінде олардың танытын және қабылдайтын мемлекеттік халі ретінде анықтауға болады. Билікті қоғамның қолдауы, оған сенім көрсетуі оның тиімділігінің маңызды шарты екендігін өмір тәжірибесі көрсетуде. Керісінше, саяси биліктің заңдылығына азаматтардың көздерінің жетуі осал болса, онда мұның өзі оның тұрақсыздығы себептерінің бәрін құрайды. Сондықтан, кез келген саяси билік халықтың сеніміне ие болып, оны қолдануға және дем беруге барынша тырысады. Саяси билік тұрақтылығы көрсеткіштерінің бірі саяси биліктің туындысы ретіндегі оның баяндылығы болып табылады.

Алайда, саяси жүйенің жоғары тұрақтылығы барлық уақытта бірдей саяси биліктің заңдылығы көрсеткіші бола алмайды. Саяси биліктің, не

<sup>1</sup> Қараныз: *Ланцов С.А.* Политология. СПб., 2011. С. 78-88.

болмаса тәртіптің тұрақтылығы шынайы заңдылықтан тыс құралдармен де қамтамасыз етіле алады. Саяси биліктің заңдылығын тануды екі тұрғыда: біріншіден, заңдылық принциптеріне саяси жүйенің өзгеру процесі ретінде де, екіншіден, осы саяси жүйенің заңдылығын әр түрлі құралдар көмегімен негіздеу ретінде де қарастыруға болады.

Саяси биліктің заңдылығын танудың анық көрінетін — ресми және ресми емес пішіндері бар екенін айту керек. Кез келген мемлекеттік билік өзін тек қана қорғап және нығайтуға ұмтылып қоймайды, сонымен бірге өзінің қызметін белгілі құралдардың көмегімен ақтауға да ұмтылады. Осы тұрғыдан алғанда, заңдылықты тану мемлекеттің қорғанысы мен өзінің қызметін атқаруға бағытталған бөлігін білдіреді.

Осыған байланысты айтылатын жағдай — бұл саясат ресми органдар мен басып шығарылатын құжаттардың — заңдық актілердің, жарлықтардың, қаулылардың көмегімен де, сол сияқты ресми емес, алайда, өте-өте тиімді ықпал ететін құралдар мен әдістердің көмегімен де іске асырыла алады. Бұларға әр түрлі саяси қозғалыстар, мемлекеттік емес ұйымдар т.б. жатады. Саяси биліктің заңдылығын тануға қоғамдық сананың да қатысы бар. Ол билікті мақұлдай да, сонымен бірге оған теріс қарай да алады. Бұл жерде қоғамдық пікір жөнінде әр түрлі өдіс-жолдар мен айла-тәсіл жасау саяси биліктің заңдылығын танудың ең кең таралған формаларына жататындығын ескеру керек.

Тағы бір айтар жайт — егер халықтың басым көпшілігі өмір сүруші құрылымды заңсыз деп тапса, онда оның жағдайы өте қиын болмақ. Саяси, биліктің ресми заңдылығы референдумдар мен бүкілхалықтық дауыс беру жүйелері арқылы бекітіледі. Әйтсе де бұлардың әділетті, заңды биліктің орнауын қамтамасыз етуі барлық уақытта тұтастай іске аса бермейді.

Заңды билік жоғарыда көрсетілген формалардың барлығы халықтың бақылауында болған жағдайда, халық өзінің бастамасымен референдумдарды өзі өткізуге құқықты болған уақытта ғана орнайды. Саяси биліктің заңдылығын тану биліктің заңдылығы мен сенімділігінің нығайуы ретінде, мысалы, мемлекеттік символика (рәміз), салт-жоралар, зор ескерткіштерді насихаттау, дәстүрлерді қолдану, т.б.с.с. құралдар көмегімен қамтамасыз етіледі. Қазіргі саяси практикаға мемлекет қайраткерлерінің Конституцияға жүгінуі, сондай-ақ, мұсылман елдерінде Құранға, ал христиан елдерінде Библияға сүйене ант берулері енуде.

Биліктің заңдылығын тану үшін заңдылықтың кепілі ретінде мемлекет қайраткерлерінің қасиеттері үлкен маңызды орын алады. Қазақстанның жаңа Конституциясында бұл Конституцияның кепілі, демек, оның заңдылығының кепілі Президент болып табылады деп белгіленген. Саяси билік заңдылығының объектілері болып әдетте, мемлекет, оның органдары,

қоғамдық құбылыс, саяси тәртіптер, саясат бағыты т.б. есептеледі. Біздің ойымызша, саяси биліктің заңдылығының кепілі ретінде тек қана билік пен оның басындағы өкілдерді ғана айтпау керек, сонымен бірге жеке адамдардың міндеті де, белгіленіп отыруы қажет. Билік егер өздерінің мүдделері халық мүдделерімен қайшы келетін болса, онда ол өз мүдделері үшін заңдылықты құрбандыққа әкелуге әр уақытта дайын.

Сондықтан, шынайы демократиялық қоғамда саяси билік заңдарды бұзып, заңдылықты жоғалтатын болса, онда мұндай билікке қарсы шығудағы азаматтардың құқығы заңды түрде бекітілуі тиіс. Өкінішке орай, мұндай құқық біздің жаңа Конституциямызда көрсетілмеген. Халық өздерінің мүдделеріне жауап беруді тоқтатқан және осының нәтижесінде өзінің заңдылығын жоғалтқан саяси тәртіптерді құлату құқығына ие болуы тиіс.

Саяси биліктің заңдылық принципі адамдардың құқықтарымен тығыз байланысты екенін айту керек. Осыдан келіп, саяси биліктің заңдылық негіздері үш бөліктен: әр адамның құқықтық мәртебесінен, демократияландырудың деңгейінен және конституциялық құрылыстан құралады.

Сонымен, саяси биліктің заңдылығының болу негізі, қалай дегенде де, әр адам және оның табиғи құқықтары болуға тиіс. Осыған байланысты адамның табиғи құқықтары теориясы кен мағынада айтқанда меншік тұжырымдамасынан туындайды. Ал бұл тұжырымдама Д. Локктың (1632–1704 ж.ж.) «Өмір, бостандық және мүлік» деген тұжырымына жауап береді.

«Меншіктің, – деп жазды қазіргі американ саясаттанушысы Р. Пиллен, – адамның өзі өміріне, өуел бастан, не болмаса шарт бойынша өзіне тиесілі заттары жөніндегі еркі мен істеріне байланысты, меншік ұғымы дегеніміз соншалықты маңызды жайт, тіпті, меншікті жеке өмір саласының іргетасы деп атауға болады».

Саяси биліктің заңдылығы белгілі бір дербестігіне ие адамдар мен өз кезегінде мемлекет қызметтерін реттеп отыратын Конституцияны бекіту негізінде өзін-өзі басқару органдары мен билік арасындағы келісімнің орнауы ретінде түсініле алатындығын айту жөн. Мұндай жағдайда, көпшілік билігінің өз заңдылығы жағынан келелі, өзекті мәселе бола тұрса да, айналып келгенде көпшіліктің пікіріне жүгінуге тура келеді. Көпшіліктің дегенімен орнаған саяси биліктің кейде адамдар жөнінде әділетсіз, күшке негізделген және заңсыз бола алатындығын тарихи тәжірибе көрсетуде.

Менің пікірімше, қоғамдық саяси құрылымның заңдылығын нығайту үшін көпшілікке арқа сүйейтін бір ғана демократиялық процесс жеткіліксіз. Мұндайды болдырмау үшін мемлекеттің міндеттерін ең аз мөлшерге түсіру және адамдар арасындағы азаматтық (көлденен) қатынастардың ауқымын кеңейту қажет.

Саяси биліктің заңдылығын тану үшін конституция үлкен маңызға ие. Ол мемлекетке басшылық ету ережелерін белгілеп, қоғам тұжырымдамасын анықтайды. Ал, бұл тұжырымдаманы мемлекет қамтамасыз етуге тиісті. Конституция әр түрлі болады. Сондықтан, конституцияны өзінің заңдылығы және оның өлшемдері жөнінде айтуға негіз бар. Мұндай өлшем адамның өз табиғаты мен оның өзінше өмір сүру құқығынан туындайтын тұжырымдама болып табылады. Бұл арада адамның «табиғаты» дегеннің ұғымы адамдардың жай ғана жеке алғандағы, не болмаса қоғамдастықтағы жүріс-тұрыс салтын емес, керісінше, олардың мақсат-міндеттерін білдіреді.

Заңды билікті адам, халық құқықты басшылыққа алатын, әділетті билік ретінде қабыл алады. Керісінше, егер басқарушы топ қоғамдық сенімге ие болмаса, зорлау мен күштеуге тұрақты түрде баруға мәжбүр болып отырса, онда мұндай топтың билігін заңсыз деп санау қалыптасқан.

Саяси биліктің заңдылығын мойындау оны одан әрі жетілдіру үшін өте-мөте маңызды. Испан ғалымы Л. С. Санистебан «Политология» деген кітапта «Заңдылықтың қазіргі қызмет жасау принциптері басқарушы топ пен оған кірмейтіндердің арасындағы сенімінің қажетті ең аз мөлшерін белгілейді. Билік құрушылар мұндай жағдайларда мұны заңдылық негізде істеудеміз деп сезінеді де, ал бағынушылар болса олардың талаптарын заңды деп қарайды», — деп атап көрсетеді.

Әрине, басқарушы топтар, тіпті заңдылықтың ең барып тұрған берік принциптеріне негізделген саяси биліктің де белгілі бір жағдайларда құлатыла алатындығын түсінеді. Бұл мағынада кез келген топтың билігі аздықөпті мөлшерде осал болып табылады. Сырттай көзге мықты билік жүргізуші топтар болып көрінгенімен, олардың біршама қысқа мерзім ішінде құлатылғанының мысалдары тарихтан көптеп белгілі. Саяси биліктің заңдылық құлдырауының белгілері: біріншіден — күштеу, зорлық істеу дәрежесінің өсуі, екіншіден — құқық пен бостандықты шектеу, үшіншіден — саяси партиялар мен тәуелсіз баспасөзге тыйым салу, төртіншіден — биліктің барлық мекемелерінің паракорлық-жемқорлықтарының өсуі, олардың қылмыстық құрылымдармен қосылып кетуі, бесіншіден — биліктің төмен экономикалық тиімділігі болып табылады.

Саяси билік заңдылығы дегеніміз — ел ішінде, оның азаматтары орындауы тиісті шешімдер қабылдау құқығына ие деген халық сенімі мен қолдауын қамтамасыз етудегі биліктің қабілеті. Әр түрлі ел мен әркілі кезеңдерде қалыптасатын саяси қатынастарға талдау жасаудың көрсеткеніндей, саяси биліктің заңдылығының негізінен үш түрі болатыны:

1. Дәстүрлі заңдылықтық. Бұл түр билікке жүгінудің әдеттері, дәстүрлері, дағдылары арқасында ертеден келе жатқан тәртіптердің мызғымайтындығына және қажеттілігіне деген сенімнің арқасында пайда болады.

Ережесі үстемдік пен бағынушылық қатынастың негізі ретінде көрінетін дәстүрлі үстемдік монархиялар үшін тән. Әдет-ғұрыппен, дәстүрмен сәуленген бұл ережелер кімнің билікке құқығы барлығын, ал кімнің оған бағынуға міндетті екендігін көрсетеді. «Зандылықтың дәстүрлік түрінің кезінде билік неліктен нақ осы топқа беріліп отыр?» деген сұраққа: «осылай барлық уақытта да болған» деп жауап беру керек. Дәстүрлі ережелер билік жүргізуші топтың мүшелері жөнінде де, сондай-ақ, бүкіл халық жөнінде де міндеттеу күшіне ие. Көсемдердің дәстүрді бұзуы бұқара халық алдында олардың билігі заңдылығының жоғалуына әкеліп соқтырады. Қазіргі кезде саяси билік заңдылығының дәстүрлі түрі монархиялық тәртіптегі елдерде (Непал, Сауд Арабиясы, Иордания, т.б.) және артта қалған қоғамдарда сақталған.

2. Харизматикалық (шапағаттылық) заңдылық. Бұл – басшының беделіне сүйенген заңдылық және оған ерекше қасиеттер мен ғажайып қабілет танылады, яғни тіпті кейде басшыға табынып, оның жеке басын көкке көтереді.

«Харизм» – деген атау грек тілінен аударғанда «Құдай берген сый» дегенді білдіреді. Әуел баста бұл атау діни сипатта болған. Биліктің осы түрінің енгізушілері дін қайраткерлері Моисей, Давид, Мұхаммед, Будда және т.б. болды. Алайда, кейіннен бұл атауды азаматтық көсемдерге де қолданып, оның өрісін кеңейтті. Осыған байланысты, биліктің осы заңдылықты түрі көсемнің үздік сапаларына байланысты оның халық алдында шексіз сенімге ие болуымен сипатталатынын атап айтқан жөн. Демек, бұл түрдегі заңдылық халықтың көсемдері мен басшыларының ерекше қабілеттеріне деген сеніміне сүйенеді.

Харизматикалық көсемнің билігі оны өзінің көсемі ретінде қабылдаған халықтың көпшілігінің оның алдында бас июімен аяқталады. Көсем мен басшы бір жағынан және бұқара мен халық арқасында екінші жағынан күшті сенім билеген, өзіндік байланыстар орнығады. Мұндай басшы мен көсемнің сөздері мен істері кателеспейтіндіктің сәулесіне бөленеді. Бұлар өздерінің саяси қызметінде өмір сүруші әдет-ғұрыптарды, іс-қимылдағы заңдылық ережелерді басшылыққа алмай, керісінше, өз шабытын басшылыққа ала алады. Алайда харизматикалық басшы мен көсемнің іс-қимылындағы сәтсіздіктер олардың халық алдындағы беделінің жоғалуына, демек, өз билігінің заңдылықтарынан айырылуына әкеліп соқтырады. Әдетте, саяси биліктің харизматикалық түрі революциялық өзгеріс кезеңдері мен өткіңші және тұрақсыз қоғамдарда пайда болады.

3. Тиімділік-құқықтық заңдылық. Мұның шығу көзі көпшілік таныған ережелер, яғни демократиялық тәртіптер негізінде қалыптасқан үкімет шешімдеріне адамдардың бағынуына түрткі болатын тиімді түрде түсі-

нілген мүдде болып табылады. Тиімділік-құқықтық заңдылық саяси билікті қалыптастыратын: ерікті сайлаулар, заңының жоғарылығы, билік пен азаматтардың заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, т.б. сияқты сырт көріністі ережелердің дұрыстығына деген сенімге негізделеді. Заңдылықтың бұл түрі демократиялық мемлекеттерге тән. Бұл түрдің неғұрлым дамыған формасы конституциялық мемлекет болып табылады.

Конституция басқарушы топтардың қалыптасуының, қызмет жауабымен және оның ауысуының тәртіптерін дәл реттеп отыратын негізгі ережелерді белгілейтінін айту керек. Сонымен бірге бұл ережелер заңмен белгіленген тәртіптер мен өзгерістерге де ұшырай алады. Саяси билік заңдылығының үлгілі түрге айналған оның негізгі үш түрімен шектеліп қана қоймайды деп ойлаған жөн. Саяси билік заңдылығының басқа да түрлері бар.

Жоғарыда қаралған үш түр «таза түрінде» болмайтын жетілген түрлер болып табылатындығын атап көрсету керек. Әр елдің нақтылы жағдайларында бұл үш түр олардың біреуінің басымдылығы жағдайында араласып жатады. Міне, мұның өзі белгілі бір елдегі саяси билікті, оның дәстүрлі, харизматикалық және тиімділік-құқықтық түрі ретіндегі заңдылығымен негіздеу тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік береді. Әр түрлі қоғамдар мен мемлекеттерді салыстырмалы талдау саяси билік (оның түріне байланыссыз) заңдылықтығының ең кең көлемдегі мақұлдаудан толық теріске шығарылуына дейін созылатындығын көрсетеді.

Әр елде халықтың әркілы топтары өмір сүруші саяси биліктің беделін бірдей емес өлшемде мойындайды. Екінші жағынан, заңдылық еш уақытта да, бірауыздан мойындалмайтынын айту керек. Сонымен бірге, зерттеуші ғалымдар басқарушы топтардың өте аз саны ғана өздерінің билігін тек қана күштеу әдістерімен жүргізетін толықтай заңдылықсыз болып табылатына келіседі. Саяси биліктің заңдылық дәрежесін, яғни оны халықтың, бұқараның қолдауы деңгейін белгілеу өте қиын, алайда бұл тұрғыда қолдануға болатын белгілі көрсеткіштер баршылық. Бұлардың арасынан ең әуелі мыналарды:

1. Қоғамда белгілі бір саясатты жүргізу үшін қажетті зорлау деңгейін;
2. Үкіметті, не болмаса басшыны құлату әрекеттерін сан және сапа жағынан талдауды;
3. Азаматтық бойұсынбаушылық (бүліктер мен көтерілістер, т.б.) көріністерінің күші сияқтыларды атауға болады.

Саяси билік заңдылығының дәрежесі туралы сайлаулардың нәтижелері, көпшілік демонстрациялары, өмір сүруші өкіметті қолдау, болмаса, керісінше, қарсы болатын көріністер бойынша пікір айтуға болады. Мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде зорлаушылықтың болмауы



басқару заңдылығының дәрежесін көрсетеді. Осыған байланысты айтар жайт — ол заңдылыққа қалай ие болса, солай оның жоғала алатындығы. Заңдылық белгілі бір жағдайлар нәтижесінде әр түрлі мерзімде пайда бола алады, ал оның жоғалуы да әр түрлі себептермен болуы мүмкін. Сондықтан, барлық кездерде де, басқарушы топтардың тұрақты түрдегі бас ауыртатын нәрсесі — өздерінің билігі мен саясатының заңдылықтарын таныту, яғни оларды бағынушылар, халық тарапынан танып, қолдауды қамтамасыз ету болып табылатындығы таңқаларлық жайт емес.

Өздерін бұқара халықтың тарапынан қолдауды күшейту үшін басқарушы топтар адамдар санасына ықпал жасауда — идеологиялық, ғылыми, құқықтық, этикалық, сезімдік-психологиялық, т.б. құралдар арқылы жүзеге асыруға ұмтылады. Осымен бірге билік басындағылар өздерінің басқару заңдылығына күмәндана қарайтындарға батыл түрде қарсы әрекет жасайды. Осыған байланысты, саяси биліктің заңдылық мәселесі және оның түрлері саясат теориясында да және қоғамның да, сондай-ақ, адамдардың да саяси өмірін іс жүзінде ұйымдастыруда да ең маңыздылардың бірі болып табылатындығын айту қажет.

Қорытындысында мынадай түйін жасауға болады: билік — біріншіден, біреуге, бір нәрсеге әмір жүргізу қабілеті, құқығы мен мүмкіндігі; екіншіден, адамдардың тағдырларына, мінез-құлық және қызметіне құқықтың, беделдің, еріктің, зорлаудың, т.б. сияқты әр түрлі құрал көмегімен шешуші түрде ықпал етудің қабілеті, құқығы мен мүмкіндігі; үшіншіден, адамдар үстінен жүргізілетін саяси үстемдік; төртіншіден, мемлекеттік органдардың жүйесі; бесіншіден, тиісті мемлекеттік, әкімшілік өкілеттіктерге ие адамдар, органдар.

Билік дегеніміз — саясаттану мен биліктанудың (билік туралы ілімнің) бастау бұлақ көзінің ұғымы. Саяси биліктің мақсат-міндеті адамдар мен тұтас алғандағы қоғам (мемлекеттік саяси мекемелерді қоса) арасындағы қатынастарды реттеу, қоғамдағы тәртіп қажеттілігі мен қақтығыстарға бейім қоғам мүшелері мүдделерінің көп қырлылығы арасындағы тұрақты түрде туындап отыратын қайшылықты шешу болып табылады.

Саяси биліктің міндеті — қоғамның саяси жүйесінің барлық элементтерімен өздерінің қатынастарын осы жүйенің тең салмақты, келісімді халіне және қоғамда тұрақтылық пен халықтың бірігуіне мүмкіндік жасайтындай етіп құруы болып табылады.

## **САЯСИ РЕЖИМДЕР**

Саяси режимдердің ерекшеліктері саясаттанудағы мұқият назар аударуды және терең зерттеуді талап ететін маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Саяси режимдер проблемасы ұзақ уақыт бойы ғылыми-теориялық айтыс-тартыстың нысаны болып келді және болып отыр да. Ғылыми әдебиеттерде саяси режимдердің мәнін түсіну екі көзқарасқа (бағытқа) – саяси-құқықтық және әлеуметтік-саяси көзқарастарға негізделген. Саяси-құқықтық (институционалдық) көзқарасты (бағыт) жақтаушылар саяси режимдерді басқарудың формаларымен немесе мемлекеттік құрылыспен теңестіруге бейім. Бұл көзқарас-бағыт әдетте, заң әдебиеттерінде негізделеді.

Саясаттануда саяси режимдерге талдау жасауда әлеуметтік-саяси көзқарас-бағытқа басымдық беріледі. Саяси режимдерді талдаудың әлеуметтік-саяси бағытын жақтаушылар ең бірінші, қоғам, мемлекет және азамат арасындағы шынайы қалыптасқан, сондай-ақ, конституцияда немесе басқа да құқықтық актілерде, саяси мінез-құлық нормаларында белгіленгенге сәйкес келуі міндетті емес байланыстарға көңіл бөледі. Осы көзқарас-бағыт бойынша саяси режим – бұл ең алдымен, қоғамды басқарудың тәсілі, ол, бір жағынан, билік органдарын қалыптастырудың негізгі үлгілері мен саяси шешімдер қабылдаудың тәсілдерін біріктіреді, екінші жағынан – әр түрлі саяси субъектілердің: басқарушы элиталардың, партия жетекшілерінің, мүдделі топтардың, жекелеген азаматтардың саяси процеске қатысу тәсілі.

Осыған байланысты саяси режимде әр түрлі әлеуметтік күштердің саяси биліктің қызмет етуіне ықпалы, өздерінің мүдделері мен талаптарын қорғауы, материалдық және рухани игіліктерді бөлу ісіне қатысуының көрініс табатындығын айтуымыз керек. Онда, сондай-ақ, идеялар бақталастығының бүкіл мүмкін деген көлемі, әр түрлі пікірлердің, соның ішінде оппозициялық пікірлердің еркіндік мүмкіндігінің мөлшері көрінеді. Сайып келгенде, саяси режимнің сипатына саяси мақсат-ұйғарым жүйесі, жалпы доктрина, сонымен қатар, қоғам мен мемлекет дамуының формалары мен тәсілдері тәуелді болады.

Саяси режим – бұл қоғамның саяси жүйесінің қызмет етуінің нақты механизмі. Саяси режимнің мәнін, мазмұнын анықтау арқылы саяси жүйенің сипаты мен типін дәлме-дәл және пәндік бағалауға мүмкіндік туады. Бұл тұрғыдағы талдаудың өте маңызды саясаттанулық проблема болып табылатындығы да міне, сондықтан. Өйткені, саяси режимдердің мәні мен мазмұнын түсіну үшін, ең алдымен саяси режим түсінігін ұғыну қажет.

## 1. Саяси режим ұғымы

Саяси қатынастардың жай-күйі мен сипатын биліктің нақты типі, қоғамның саяси жүйесінің функционалдық өлшемдері анықтайды. Мемлекеттік биліктің адамдар арасындағы қатынастарды реттеу мен жөнге салудағы сүйенетін құралдары мен әдістерін анықтауға деген қажеттілік осымен байланысты. Биліктің қызмет етуінің осы аспектісі «саяси режим» ұғымын бейнелейді. Режим термині (фр. *régime* латынша *régimen*) сөзбе-сөз аударғанда басқару тәртібі дегенді білдіреді.

Саяси режим ұғымы батысеуропалық ғылыми әдебиеттерде XIX–XX ғасырлар тоғысында тарады. Қазіргі кезде бұл ұғым ғылыми, оқу әдебиеттерінде, сондай-ақ күнделікті ауызекі тілде де кеңінен таралған. Бұл саяси өмірдің және тұтас алғанда қоғамдағы саяси жүйенің құбылысы. Осы ұғымға байланысты саяси режимнің жинақталған сипаты бар. Нақ осы режимді талдау адамның билік құрылымдарымен өзара қатынастарындағы оның шын мүмкіндіктері жөнінде барабар пікір айтуға мүмкіндік береді. Әлемдік және отандық тәжірибе «саяси режим» түсінігінің мазмұнына, оның саясаттандығы басқа категориялармен салыстырғандағы ерекше сипаттамаларына біздің неғұрлым зейін қоюымыз тиіс екендігін көрсетіп отыр. Саяси режим түсінігінің ұзақ уақыт қолданылғанына қарамастан, оның астарында жеткілікті түрдегі айқын мазмұнның сақталмағандығын айту керек.

Жүйелік әдісті жақтаушылар бұл түсінікті «саяси жүйе» категориясымен теңдестіре отырып, кеңінен түсіндіреді. Бұл белгілі теориялық қиындықтарды тудырады. Өйткені бір саяси құбылысты екі ұғыммен терминологиялық қайталау қаупі пайда болады. Менің ойым бойынша, «саяси жүйе» және «саяси режим» терминдері саяси өмірдің әр түрлі жақтарын сипаттайды: егер саяси жүйе саясаттың экономикамен, қоғам өмірінің әлеуметтік, мәдени және тағы да басқа салаларымен өзара байланысының сипатын көрсетсе, саяси режим билікті жүзеге асырудың құралдары мен әдістерін анықтайды. Демек, саяси режим саяси жүйенің функционалдық «кесіндісі» ретінде көрінеді, ол саяси билікті ұстаушылар таңдайтын саяси қызмет пен саяси бағыптың нәтижесінде қалыптасады деуге болады.

Кейбір зерттеушілер саяси режимнің мазмұнын басқару формасымен шектейді. Осы көзқарасқа сәйкес саяси режимдердің классификациясы мемлекеттің заң шығарушы және атқарушы функцияларының айырмашылықтарына, олардың арақатынасын айқындауға негізделеді. Осы принцип бойынша билік қосылу режиміне (абсолюттік монархия), билікті бөлу режиміне (президенттік республика) және ынтымақтастық режиміне

(парламенттік республика) бөлінді. Үкіметтік құрылымдардың қызметіне ерекше назар аударып отырып, бұндай түсіндірме басқа саяси институттардың: партиялық жүйелер, қысым топтары және т.б. ықпалын ескермейді. Осыған байланысты саяси режимнің компоненттерінің бірі ретінде басқару формасын нақтырақ көрсету керек.

Тарихтан белгілі болғанындай, басқарудың формасы қоғамдағы саяси биліктің сипатына әрқашан сәйкес келе бермейді. Мысалы, Швеция, Норвегия, Бельгия басқару формасы бойынша конституциялық монархия болып табылса да, көптеген республикаларға карағанда анағұрлым демократиялы елдер. Сонымен қатар, Германия 30-жылдары басқару формасы бойынша республика болса да, билік диктаторлық сипатта болды.

Сондықтан белгілі бір елдегі саяси режим жөнінде кең түрде және нақты түсінік беру үшін мынандай сұрақтарға жауап берген жөн: Аталмыш саяси режим қалай пайда болды? Билік басындағы саяси топтар кімдер? Саяси үстемдіктің қандай әдісі жоғары бағаланады — демократиялық па, әлде зорлықшыл ма? Саяси оппозициялардың өмір сүруіне жол беріле ме және ол қандай мөлшерде берілген? Сол елдегі тұлғаның жағдайы қандай?

«Саяси режим» және «мемлекеттік режим» ұғымдарының айырмашылықтары бар екендігін айту керек. Соңғысы саяси режимнің негізі болып табылады. Мемлекеттік режим — мемлекеттік органдар қолданатын билік жүргізудің құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы, басқаша айтқанда — қоғамның саяси өмірінің өмір сүру ортасы мен жағдайлары болып табылады. Ал, саяси режим болса өзінің кез келген жағдайында барлық қоғамдық өмір салаларында билікті қатынастарға енетін бүкіл қоғамды қамтиды. Саяси режим ондағы мемлекеттің қатысу үлесін анықтай отырып, осы барлық билікті қатынастарға ықпал жасайды, ол экономикада, әлеуметтік салада, мәдениетте, ұлтаралық қатынастарда, азаматтардың жеке және топтық психологиясында, олардың санасында саяси элементті белгілейді. Сондықтан «саяси режим» ұғымы «мемлекеттік режим» ұғымына карағанда кең ұғым. Өйткені, ол мемлекеттің тарапынан ғана емес, сондай-ақ, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың тарапынан да саяси биліктің жүзеге асырылуының әдістері мен тәсілдерін өзіне қосып алады.

Саяси режим, менің пікірім бойынша, мынандай белгілермен: саяси биліктің қалыптасу механизміндегі халықтың қатысу дәрежесімен, сонымен қатар, бұндай қалыптасудың тәсілдерінің өзімен; тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуымен; қоғамдағы биліктің іске асырылуының шынайы механизмдерінің сипатымен; саяси билікті халықтың тікелей жүзеге асыруының деңгейімен; бұқаралық ақпарат құралдарының жағдайымен, қоғамдағы жариялылық пен мемлекеттік аппараттың

ашықтығының дәрежесімен, қоғамның саяси жүйесіндегі мемлекеттік емес құрылымдардың орнымен және рөлімен; биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының арасындағы өзара байланысымен; азаматтар мен лауазымды адамдарға қатысты құқықтық реттеудің сипатымен; саяси шешімдер қабылдаудағы азшылықтың мүдделерін есепке алумен; саяси билікті іске асырудағы белгілі бір әдістердің үйлесімдік етуімен; қоғамдық өмірдің барлық салаларында заңның жоғарылығы деңгейімен; қоғам мен биліктің өзара қарым-қатынас принциптерімен; мемлекеттің күштік құрылымдарының (өскер, полиция, мемлекеттік қауіпсіздік органдары) қоғамдағы саяси және заңдық жағдайымен, рөлімен; саяси плюрализмнің, көппартиялықтың (партиялық жүйенің) шамасымен; лауазымды адамдарды, ең жоғарғыларын қоса алғанда, саяси және заңдық жауапкершілікке тартудың шынайы механизмдерінің қолдануымен анықталады.

Сонымен, саяси режим – бұл үстемдік етуші әлеуметтік жіктің қоғам тұрақтылығының мақсаттарын көздей отырып және саяси бостандықтың деңгейін, сондай-ақ, олардың қызметінің құқықтық негіздеріне билік органдарының қатынасын көрсете отырып, өзінің саяси үстемдігін жүзеге асыратын әдістер мен құралдардың, тәсілдердің жиынтығы. Сонымен қатар, саяси режим барлық қоғамның саяси жүйесін, қоғамдағы саяси шешімдер қабылдаудың сипатын, бүкіл әлеуметтік деңгейлерде биліктің таралуын көрсететіндіктен, саяси процестердің ағымын бейнелейді. Ол тіпті, қоғамдық жүйенің алыс түкпірлерінің өзінде биліктік қатынастардың бар екенін көруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Ш. Л. Монтескье «Республика үшін ізгілік қалай қажет болса, ал монархия үшін ар-намыс, сондай-ақ, деспоттық үкімет үшін қорқытушылық қажет» деп атап көрсетті.

Осыған байланысты мынаны айта кеткен жөн: саяси режим біріншіден, саяси биліктің тұрақтылығын, екіншіден, азаматтардың басқарылуын, үшіншіден, билік үшін тиімді қозғалыс (динамика) пен саяси қатынастардың бағыттылығын, төртіншіден, саясаттың мақсатқа қол жеткізуін, бесіншіден, үстемдік етуші элитаның мүдделерінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Саяси режимнің қандай да болмасын көп түрлілігіне көптеген факторлар: мемлекеттің мәні мен формасы, заңның сипаты, мемлекеттік органдардың дұрыс өкілеттілігі және олардағы қызметінің заңдық формалары, қоғамдық-саяси күштердің арақатынасы, экономикалық өмір мен жағдайдың деңгейлері және қалыптары, таптық күрес пен таптық ынтымақтастықтың формалары ықпал етеді. Саяси режимнің түріне елдің тарихи дәстүрі кең мағынада алғанда – кейде мемлекеттегі үстемдік етуші таптың талап-тілектері мен саяси болжамдардың қайшы келуіне қарамастан қалыптасатын өзіндік тұрғыдағы қоғамдық-саяси хал-ахуал елеулі ықпал етеді. Саяси режимнің түріне халықаралық жағдай да әсерін тигізе алады.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде алуан түрлі саяси режимдер қалыптасды<sup>1</sup>, олар қайсыбір уақыттардағы нақты мемлекеттерде бірдей емес. Құл иеленушілік кезеңге деспоттық, теократиялық-монархиялық, аристократиялық, олигархиялық тәртіптер, құл иеленушілік демократия тәртібі тән. Феодализм тұсында абсолюттік, клерикалды-феодалдық, милитаристік-полициялық немесе «білімді абсолютизм» тәртібі тән болды. Қазіргі әлемде тоталитарлық, авторитарлық, авторитарлы-тоталитарлық, демократиялық, демократиялы-авторитарлық, либералдық, либералды-демократиялық, әскери-полициялық, фашистік немесе жартылай фашистік, нәсілшіл-ұлтшылдық, кейбір ислам елдерінде – клерикалды-фундаменталистік режимдер өмір сүруде<sup>2</sup>.

Саяси режимдердің типтерін тек үстемдік етуші таптардың, өлеуметтік жіктердің басқа таптармен, өлеуметтік жіктермен, топтармен нақты өзара байланысына қатысты анықтауға болады. Мемлекеттік билік жүргізудің әдістері мен құралдар жиынтығының ерекшеліктеріне байланысты саясаттанулық әдебиеттерде әдетте, саяси режимдердің негізгі түрі ретінде: тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық режимдерді бөліп көрсетеді.

Саяси режимдерді тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық деп бөлудің негізіне өзара байланысты үш көрсеткіш алынған. Олар: қоғамдық-саяси күштердің қызметінің бостандық (бостандықсыз) деңгейлері, билікті атқару процесіндегі болуы мүмкін бассыздық, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына мүмкіндік беру мен жүзеге асырудың көлемі; билік тармақтарының бір-бірінен және қоғамдық-саяси күштер мен институттардың мемлекеттен дербестігінің шамасы; билік өкілдігін (құқығын) бөлудің мөлшерлестігі мен билік аппараты жауапкершілігінің деңгейі.

Енді саяси режимнің тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық типтерін олардың ерекше белгілерін бөліп көрсете отырып, жеке-жеке қарастырамыз.

## 2. Тоталитарлық саяси режим

Тоталитарлық саяси режим мемлекеттің, қоғамдық өмірдің барлық салаларына шексіз бақылау қоюға ұмтылуымен, адамның саяси билікке және үстемдік етуші идеологияға толық бағынуымен сипатталады. Мемлекет барлық қоғамды және нақты адамды жұтып жібереді. Осыған сөйкес билік, бір адам және басқарушы элита адамдарының санаулы топтары

<sup>1</sup> Қараңыз: *Ланцов С.А.* Политология. СПб., 2011. С. 211-214.

<sup>2</sup> *Иванов И.П.* Политические режимы: теоретико-методологические проблемы. М., 2004. С. 215-216.

аркылы, әдетте барлық деңгейлерде жабық түрде қалыптасады. Тоталитаризм ХХ ғасырда пайда болған, ол диктатураның ерекше жана формасы.

Диктатура (лат.тілінен *dictatura* – «шексіз билік») – басқарылатындар тарапынан бақылау қойылмайтын, бір адамның немесе бір жетекші басшылық ететін адамдар тобының басқару тәртібі. Ол ертеде пайда болған және өзінің көрінуінің көптеген тарихи формалары болған. Диктатуралар іштей тұрақсыз болған режимдер, оларды тек диктатордың еркі ғана нығайтады. Диктатор құқыққа бағынбайды, халықтың алдында есеп бермейді және заңды өзінің мүддесіне қарай өзгертіп отырады.

Тоталитаризм диктатураның жаңа типі болып саналады<sup>1</sup>, онда мемлекет пен идеология ерекше рөл атқарады. «Тоталитаризм» ұғымы латынның «*totalis*» деген сөзінен шыққан, бүкіл, тұтас, толық дегенді білдіреді. Оны ХХ ғасырдың басында айналымға енгізген итальян фашизмінің идеологы Дж. Джентиле. Бұл түсінік алғаш рет 1925 ж. итальян парламентінде айтылды. Итальян фашизмінің жетекшісі Б. Муссолини оны саяси сөз қорына енгізді. Жаңа саяси режим ретінде Б. Муссолини тоталитаризмнің мәнін былайша тұжырымдады: «барлығы да мемлекетте, мемлекеттен тыс ештеңе жоқ, мемлекетке ештеңе қарсы емес». Кейінірек бұл ұғымды неміс және америка саясаттанушылары қолданды. Ф. Хайектің «Дорога к рабству» (1944), Х. Аренттің «Истоки тоталитаризма» (1951), К. Фридрихтың «Тоталитаризм» (1954), К. Фридрих пен З. Бзежинскийдің «Тоталитарная диктатура и автократия» (1956), Р. Аронның «Демократия и тоталитаризм» (1958) атты еңбектерінде бұл құбылыстың тұжырымдамалық жағынан жете зерттелуіне қол жеткізілді.

Тоталитаризм тек ХХ ғасырда ғана шындыққа айналғанымен, оның идеялық қайнар көздері ежелден бастау алады. Көптеген тоталитарлық идеялар Шан Янның, Платонның, Т. Мордың, Т. Кампанелланың, Г. Бабефтың, Р. Оуэннің, А. Сен-Симонның, Ш. Фурьенің, Фихтенің, Гегельдің, Маркстің, Ницше және т.б. шығармаларында да болды. Алайда, саяси режим ретіндегі тоталитаризм идеялары тек ХХ ғасырда ғана кеңінен тарап, тәжірибеге енді. Тоталитарлық саяси режимнің пайда болуына ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы объективті процестер мүмкіндік берді. Тоталитаризмнің алғышарттары көп түрлі және қоғамдық өмірдің шаруашылық, саяси, өлеуметтік салаларынан шығады. Олардың негізінде дүниетанымдық алғышарттар мен психологиялық факторлар жатыр.

Адамзат қоғамы дамудың индустриалдық сатысына аяқ басуы жаппай көпшілік коммуникацияның тармақтанған жүйесін құруға себепші

<sup>1</sup> Қараңыз: Диктатура и тоталитаризм. Киев, 2001. С. 150-170.

болды, тұлғаға идеологиялық және саяси бакылау жасаудың технологиялық мүмкіндіктері пайда болды. Индустриалдық енбектің өскелең бөлінісі мен мамандандырылуы өмірдің дәстүрлі формаларын бұзды, тұлғаны нарықтың сұрапыл және бәсекелестік әлемі алдында қорғансыз етті. Әлеуметтік қатынастардың күрделенуі өмбебап реттеуіш және мүдделері сәйкес келмейтін индивидтердің өзара әрекетін ұйымдастырушы ретінде мемлекет рөлінің күшеюін талап етті. Тәжірибе көрсеткеніндей, тоталитарлық саяси режимдер, әдетте, төтенше жағдайлар: қоғамдағы үдей түскен тұрақсыздық; өмірдің барлық жақтарын қамтыған терең дағдарыс; ақырында, ел үшін өте маңызды стратегиялық міндеттердің шешілуінің қажеттігі барысында пайда болады.

Айта кеткен жөн, тоталитарлық саяси режимдер қалыптасуының объективті алғышарттары ХХ ғасырдың бірінші жартысында көптеген әлем елдерінде өмір сүрді. Бірақ, дәстүрлері берік, демократиялық мәдениеті дамыған жерлерде мемлекет тек азаматтық қоғамды ығыстыра түсті, дегенмен, оның институттары мен ұйымдарын жоймады, ол өзінің билігін монополиялауға ұмтылмады. 30–40-жылдардағы уақыттың үндеуіне терең демократиялық дәстүрлері бар қоғамның қалай жауап бергенінің жарқын мысалы АҚШ президенті Ф. Рузвельттің «жаңа бағыты» болып табылады. Қарама-қарсы реакция демократиялық дәстүрлер мен азаматтық қоғамның дамыған институттарына ие емес елдерде, Германия мен Ресейде (КСРО) болды. Нақ осы елдерде 30–40-жылдарда тоталитарлық саяси тәртіп орнықты. Тоталитарлық саяси режимнің қалыптасуы адамзатқа қайғы-қасірет әкелетіні белгілі.

Айта кету керек, тоталитарлық саяси режимнің іс жүзіндегі шарты — экономикалық және саяси биліктің арасына шек қою, индивидтің экономикалық еркіндігі болып табылатын азаматтық қоғам болмайды. Тоталитаризмде меншік толығымен мемлекетке тиісті және оның қатал бақылауында болады. Бұл болмай қалмайтын билік монополиясын тудырады, сондай-ақ, саясат пен экономиканың тетіктері бір жерге біріктіріледі, сөйтіп, мемлекеттің мәжбүрлі жалпыға бірдей билігіне алып келеді. Тоталитарлық саяси режимнің қалған ерекше белгілерінің бәрі осыдан келіп шығады. Тарихтан белгілі дәстүрлі деспоттық режимдерге қарағанда тоталитарлық жүйе белгілі бір уақыт ағымында басқарушылар мен басқарылатындар арасында консенсус сақталатын ішкі бірлігімен ерекшеленеді.

Осыған байланысты тоталитарлық саяси режим пайда болған және дамыған елдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болғанын атап айтқан жөн. Сонымен бірге, тоталитарлық саяси режимдердің барлық түрлеріне тән және оның мәнін көрсететін ортақ белгілер де бар. Олар мыналар:



1. Биліктің жоғарыда шоғырлануы, басқарушы аппараттың гипертрофиялануы, оның қоғам өмірінің барлық саңылауларына енуі. Тоталитарлық санада «билік пен қоғам» проблемасы болмайды: билік пен халық бірыңғай, бөлінбейтін тұтастық деп шамаланады. Мүлдем басқа проблемалар көкейтесті болады, нақты айтқанда: билік пен халықтың ішкі жауларға қарсы күресі, билік пен халық – дұшпандық сыртқы ортаға қарсы. Бұл канцальды парадоксальды болса да, тоталитарлық саяси тәртіп жағдайында биліктен шынайы қол үзген халық үкімет оның мүдделерін оның өзіне карағанда терең өрі толық білдіреді деп сендіреді. Сөйтіп, экономикаға орталықтандырылған бақылау және экономикалық қызметті бюрократиялық басқару жүйесі жасалынады.

2. Тоталитарлық саяси режимдерге бір партиялық тән. Харизматикалық жетекші-көсем басқаратын бір ғана басқарушы партия өмір сүреді. Бұл партияның партиялық бастауыш ұйымдар желісі қоғамның барлық өндірістік-ұйымдық құрылымдарына енеді, сөйтіп бақылау жасай отырып олардың қызметін бағыттайды. Көпшілік үшін көсемге, оның ұсынған идеяларына деген соқыр сенім тән.

3. Биліктің бір қолға – автократияға барынша шоғырлануы билікті бөлу принципін жояды. Заң шығарушы және атқарушы билік бір құрылымға шоғырланады, тәуелсіз сот билігі деген мүлдем болмайды. Сот билігі партиялық-мемлекеттік машинаның мүдделеріне қызмет ететін малайдың рөліне дейін жеткізеді.

4. Барлық қоғам өмірінің идеологияландырылуы. Тоталитарлық идеологияның негізінде – тарихты барлық құралдары ақтайтын, белгілі бір максаттарға қарай (әлемдік үстемдік, коммунизм құру және т.б.) заңды қозғалыс ретінде қарау жатыр. Аталмыш идеология магиялық символдар күшін бейнелейтін мифтер сериясынан тұрады (жұмысшы табының жетекші рөлі жөнінде, арилық нәсілдің жоғарылығы жөнінде және т.б.). Тоталитарлық қоғам халыққа идеологиялық ықпал жасау үшін үлкен күш жұмсайды. Мемлекеттік идеологияны және билік өкілдерін сынауға тыйым салынады.

5. Тоталитаризм ақпаратқа деген билік монополиясымен, бұқаралық ақпарат құралдарына толық бақылау жасаумен және баспа қызметіне қатал цензура жасаумен сипатталады. Барлық ақпарат бір жақты бағыттылықта – өмір сүріп тұрған құрылысты және оның жетістіктерін дәріптеу бағытында болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен көпшіліктің тоталитарлық саяси тәртіп қойған максатты орындауы үшін құлшынысын көтеру міндеті шешіледі.

6. Қарулы күрес жүргізудің барлық құралдарын қолдануға деген мемлекеттің монополиясы. Әскер, полиция, барлық басқа да күштеу құралда-

ры саяси билік орталығына толығымен бағынышты болады, олар жаза-лаушы органдар қызметін атқарады.

7. Адамдардың жүріс-тұрысына жалпы бақылау жасаудың істеліп біткен жүйесінің, жаппай репрессия және күштеу жүйесінің өмір сүруі. Бұл мақсаттар үшін ауыр еңбек қолданылатын, адамдарды азаптау, қарсыласқандардың еркін басу, ешқандай жазығы жоқ адамдарды қырып-жою жүргізілетін, тұтқындарды бір жерге жинап ұстайтын лагерьлер мен геттолар құрылады. КСРО-да лагерьлердің тұтас желісі – ГУЛАГ құрылды. 1941 жылға дейін оған 53 концентрациялық лагерь, 422 еңбекпен түзеу колониясы және 50 кәмеелетке толмағандар лагері кірді. Осы лагерьлер өмір сүріп тұрған жылдары онда 40 млн. астам адам қаза болды. Тоталитарлық қоғамда мұқият ойластырылған жазалау аппараты әрекет етеді. Оның көмегімен жеке адам тағдырына және отбасы мүшелеріне қауіп төнеді, күдікшілдік, сөз тасу, домалақ арыздарға (анонимкаларға) мадақтау жасалынады. Бұның бәрі елде басқаша көзқарас және оппозиция туындамауы үшін жасалынады. Күштеу және жазалаушы органдардың көмегімен мемлекет халықтың өмірі мен мінез-құлқына бақылау жасайды.

Жоғарыда аталған және кейбір басқа да ортақ сипатты белгілер аз немесе көп деңгейде болсын, барлық тоталитарлық саяси режимдерге төн, сонымен қатар, оларды тоталитаризм деп аталатын бір топқа біріктіруге негіз болады. Сонымен бірге аталмыш топта тоталитарлық саяси режимнің «солшыл» және «оңшыл» деп аталатын екі түрін бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін ерекше белгілері де бар.

«Солшыл» тоталитарлық саяси режим КСРО-да және басқа социалистік елдерде пайда болды. Қазір ол қандай да бір деңгейде Кубада, Қытайда, КХДР-да, Вьетнамда өмір сүруде. «Оңшыл» тоталитарлық режим фашистік Италия мен Германияда, сондай-ақ, әлсіз «өшкен» күйінде Испанияда – Франко басқарған кезеңде, Португалияда Салазар басқарған кезеңде өмір сүрді. «Солшыл» тоталитарлық саяси режим марксизм-ленинизм идеологияларына негізделді, ол, біріншіден, барлық индивидтердің қажеттіліктері толығымен қанағаттандырылатын коммунистік қоғам құрудың мүмкіндігіне сендірді; екіншіден, жеке меншікті жойып, жоспарлы, басқарылатын экономиканы құруға; үшіншіден, пролетариаттың жетекші рөліне; төртіншіден, жаңа қоғамға өту барысында пролетариат диктатурасының қажеттілігіне; бесіншіден, әрбір елде коммунизм құрудың мүмкіндігіне сендірді. Үстемдік етуші идеологияның көзқарасы тұрғысынан алғанда басқа барлық таптардың прогрессивтілігі төмен, ал кейбіреулері – тіпті реакцияшыл болып табылады. Іс жүзінде бұл меншік иелерінің және шаруалар тобының жойылуын білдіреді. «Жарқын болашақты» құру қуатты күштеу аппаратын, зорлау, террорға дейін қолдануға барады.

КСРО-дағы тоталитарлық саяси режимнің өмір сүруінің уақыттық шеңбері саяси ғылымдағы айтыс тудыратын мәселе болып отыр. Бір саясаттанушылар бүкіл кеңестік кезенді тоталитарлық саяси режим деп атауға болады деп есептейді. Басқалары — тоталитарлық саяси режим деп Сталиннің басқаруы кезеңінде (1929—1953) қалыптасқан тәртіпті атайды, ол қайтыс болғаннан кейінгі тәртіпті посттоталитарлық режим ретінде анықтайды.

Бірінші көзқарас шеңберінде Кеңестік қоғамдағы 80-жылдардың аяғында басталған процестерді түсіндіру біраз қиындық тудырады, өйткені, оның өкілдері тоталитарлық саяси режимнің өзгермейтін ерекшеліктері мен белгілеріне айырықша назар аударады, сөйтіп, 80-жылдардағы шалағай реформалардың және 90-жылдардағы түбегейлі реформалардың негізі болған 60—80-жылдардағы экономикалық және әлеуметтік өмірдегі қалтарыс өзгерістерді ескерусіз қалдырады. Екінші көзқарас ауқымында арта түскен күтілістер мен өзгере түскен қоғамның талаптары және басқарушы элитаның жеткіліксіз бейімделуі арасындағы карама-қайшылықтар талданады. Тереңдей түскен карама-қайшылық саяси тұрақтылықтың негіздерін қиратты және ақыр соңында кеңестік тоталитарлық саяси режимнің толық жойылып ыдырауына алып келді.

«Оңшыл» тоталитарлық саяси режим герман фашизмі түрінде ұлтшыл-социализм идеологияларына негізделді. Бұл идеология этатистік және ұлтшылдық ұрандардың қосындысы болып есептеледі. Соңғысы Х. Чемберленнің «жоғары» арий нәсілінің өзегі ретіндегі германдықтар жөніндегі нәсілшіл идеясына және Ж. Гобиноның қан араласуымен байланысты оның әлсіреуі жөніндегі пайымдауына сүйенеді. Дәл осы постулаттардан неміс ұлтының артықшылығы және әлемдік үстемдікке үмтылысы жөніндегі нацизм идеялары туындады.

Ұлтшыл-социалистік идеологияның басты ережелері мынаған саяды: біріншіден, германдық рейхтың жанғыруына; екіншіден, неміс нәсілінің тазалығы үшін күреске; үшіншіден, барлық бөтен элементтерді (ең алдымен еврейлерді) қырып-жоюға; төртіншіден, антикоммунизм; бесіншіден, капитализмді шектеу. «Оңшыл» тоталитарлық саяси режимнің әлеуметтік негізі экстремистікке бағытталған қоғамның орта жіктері болып табылады. Герман фашизмі ірі капиталдан да қолдау тапты, өйткені ол көпшіліктің революциялық қозғалысымен және коммунистік идеологиямен салыстырғанда одан «көп жамандық» көрмейді.

Марксизм-ленинизмге қарағанда ұлтшыл-социализм таптық ортаның және бірыңғай ұлттық дәстүрлер негізінде «халықтық қауымдастықтың» идеяларын жақтады. Ұлтшыл-социализм идеологиясы коммунизмнің, еврейлердің, католик шіркеулері «жауының» бейнесін белсенді түрде насихаттады. Олармен күресу үшін және ұлттың аман қалуы үшін террор

мен репрессияны қолдануға дейін жол берілді. Кез келген дәрменсіздік неміс ұлтына төнген қауіп-қатер ретінде қабылданды. Айта кеткен жөн, тоталитарлық саяси режимдер осы тәртіп үстемдік еткен елдерде экономикалық прогресті және өлеуметтік дамуды тежеді, сондай-ақ, адамзатқа орны толмас қайғы-қасірет әкелді.

Осыған байланысты мынаған назар аудару керек: тоталитаризм — бұл авторитарлық саяси режиммен байланысты, онымен тығыз өрілген, тарихи тұйыққа тірелген, болашағы жоқ саяси режим.

### 3. Авторитарлық саяси режим

Авторитарлық саяси режимнің оны тоталитаризм мен демократияның арасындағы аралық жағдайға қоятын өзіне ғана тән бірқатар ерекшелікті айырмашылықтары бар. Мысалы, тоталитаризм тәрізді авторитарлық саяси режим мемлекеттік органдардың шексіз билігімен ерекшеленеді, демократия сияқты авторитаризмге азаматтық қоғам саласының, экономикадағы жеке инициативаның, нарықтық бәсекелестіктің сақталуы тән. Авторитарлық (латын тілінен *autoritas* — билік, ықпал) режим — бұл қоғамның мемлекеттік-саяси құрылымы, оның негізін қандай да бір топтың, бір адамның немесе институттың билікке деген монополиясы құрайды. Авторитарлық саяси режим, әдетте, саяси күштердің қатал поляризациялануымен қатар жүріп, қоғамдық құрылысы ауысқан елдерде; ұзаққа созылған экономикалық және саяси дағдарыстары байқалып, оларды демократиялық құралдармен жену мүмкін болмайтын елдерде пайда болатынын тарихи тәжірибе көрсетіп отыр.

Авторитарлық саяси режим — тарихта кеңінен таралған құбылыс және ол алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Қазіргі әлемде авторитарлық режим Азия, Африка, Таяу және Орта Шығыс пен Латын Америкасы елдерінде неғұрлым кеңінен таралған.

Авторитарлық режимнің қазіргі елдердің көпшілігінде кеңінен таралуы және тұрақталуы авторитаризмнің қайнар көздерінің мәселелерінен гөрі, оның сақталуы мен ұдайы өндірілуінің себептері жөніндегі мәселені туындатады. Оған мыналар жатады: өлеуметтік өмір мен беделдің үйреншікті және тұрақты формаларына бағдар ұстаған қоғамның дәстүрлі типінің сақталуы; дамушы қоғамдардың өлеуметтік құрылымында клиентальды қатынастардың ұдайы өндірілуі; саяси жүйеге белсенді ықпал етуге халықтың бағыт-бағдарының жоқтығына тең басым болатын саяси мәдениеттің патриархалдық және азаматтық типтерінің сақталуы; халықтың саяси хабардарлығына діни нормалардың (ең алдымен исламның, буддизмнің, конфуциандықтың) елеулі ықпалы; экономикалық артта қалушылық;

азаматтық қоғамның дамымауы; дамушы қоғамдардағы дау-жанжалдың жоғары деңгейі.

Авторитарлық режимде қоғамдық өмір аз да болса еркін сипатта болатынын айта кеткен жөн. Мемлекеттің тарапынан қоғамдық өмірді жалпылама басқару болмайды, қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, тұрмыстық-отбасылық, рухани салаларына қатал түрдегі ұйымдасқан бақылау қойылмайды, шектеулі түрде болса да оппозициялық партиялардың өмір сүруіне жол беріледі, азаматтық қоғамның әр түрлі институттары әрекет етеді. Авторитаризм қоғамға бір ғана идеологияны таңуға ұмтылмайды, саясат тұрғысынан ойлауда, пікір айтуда және әрекет етуде шектеулі және бақылаулы плюрализмге пікір алуандылығына жол береді, оппозицияның өмір сүруіне келісім береді, әр түрлі саяси күштер режимге сәйкес келмейтін дүниетанымдық мақсаттарды ұстана алады.

Дегенмен, мұндай салыстырулар авторитарлық саяси режимдердің айтарлықтай ортақ белгілері бар екендігін көрсетпейді. Авторитарлық саяси режимдерді анықтауда мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның өзара қарым-қатынастарының сипаты, ортақ ерекше биліктің қалыптасуы мен оның қызмет етуінде қолданылатын әдістер жиынтығының елеулі маңызы бар.

Авторитарлық саяси режимдердің ортақ ерекшелікті белгілеріне төмендегілер жатады:

Біріншіден, халықтың биліктен шеттетілуі. Бір ғана адам немесе бір топ, не болмаса мемлекеттің бір ғана органы билікті алып жүруші болып табылады. Бұл харизматикалық көшбасшы, монарх, әскери хунта, диктаторлар, популистік көшбасшылар және т.б. болуы мүмкін. Олар қоғамда шектеусіз және бақыланбайтын билік жүргізеді. Авторитарлық қоғам халық пен биліктің арасына үлкен алшақтық туындатады. Осы алшақтыққа көпір орнатудан мемлекет те, халық та қашақтайды. Заңдар тұлғаның мүдделерін емес, көбіне-көп мемлекеттің мүдделерін қорғайды. Заң саласында «рұқсат етілмегеннің бәріне тыйым салынған» принципі әрекет етеді.

Екіншіден, бірыңғай міндетті идеология болмаса да, мемлекеттік идеология басымдық етеді. Авторитарлық көшбасшылар (тоталитарлыққа қарағанда) үлкен мақсаттарға жетудегі, мысалы, әлемді қайта құру сияқты ұмтылыстарға деген өздерінің іс-әрекеттерін дәлелдемейді. Олар қоғамның жойылу алдында тұрғандығын мәлімдеп, оны құтқарудың міндетін өз мойнына алатынын айтады, содан кейін, олар билікті беруге даярмыз деп жұртты сендіреді.

Үшіншіден, биліктің айқын бөлінуі болмайды. Мемлекеттік саясатқа бақылау жасауда парламенттің ролін және сот билігіне атқарушы биліктің ықпалын шектей отырып атқарушы билік және ішінара заң шығарушы билік мемлекет басшысының қолына айтарлықтай шоғырланады.

Төртіншіден, бағынбайтындарды көндіруге мәжбүрлеу үшін қажетті күшке сүйену. Дегенмен, аталмыш режим тоталитаризмдегі сияқты жаппай қуғын-сүргін мен террорға ұмтылмайды. Сонымен қатар, ол белсенділігі әсіресе оң нәтижелерге жеткізіп танқалдыратындай болса, көпшілікке танымал болу ісін де пайдалана алады.

Бесіншіден, саясаттың монополиялануы. Барлық саяси іс-әрекет саяси биліктің ерекше қызметіне айналады. Соған сәйкес басқа барлық саясат субъектілерінің ымырасыздығына: ашық-агрессияшыл саяси оппозицияға, белсенді-күшті саяси партиялар мен басқа да қоғамдық ұйымдарға тыйым салынады. Жекелеген жағдайларда авторитаризмде кәсіподақтар мен оппозициялық саяси партиялардың санына шектеу қойылып, олар биліктің қатаң бақылауына алынады. Сонымен қатар, адалдықты сақтау үшін басқарушы режимге мемлекеттік саясат пен саяси қайраткерлердің кейбір кемшіліктерін сынауға рұқсат етіледі.

Алтыншыдан, қоғамға толық, жаппай бақылау орнатудан бас тарту. Авторитарлық режимнің неғұрлым дамыған түрі – «саясаттан басқаның бөріне рұқсат» принципіне негізделген. Билік жалпыға бірдей бақылауға іске аспайтын мін тағудан бас тартады және тек бірнеше мәселелерді: жеке қауіпсіздікті, ұлттық қорғанысты, қоғамдық тәртіпті, сыртқы саясатты ғана өзінің толық бақылауында қалдырады. Сондай-ақ, саяси билік әлеуметтік қамтамасыз етуді ұйымдастыруға және дамудың жалпы стратегиясын жасауға белсенді түрде араласады. Экономика, мәдениет, дін, жеке бастың өмірі мемлекеттік бақылаудан тысқары қалады.

Жетіншіден, басқарушы элитаның қалыптасуы демократиялық жолмен емес, жоғарыдан тағайындау арқылы жүреді. Нәтижесінде авторитарлық көшбасшының айналасындағылар жеке ұнамдылық пен көсемге берілгендік негізінде іріктеледі, ал олардың іскерлік сапасы мен қабілеті ескерілмейді.

Мұндай ортақ ерекше белгілер негізінен барлық авторитарлық саяси режимдерге тән. Алайда, бұл режимдердің ерекше белгілері бар, соған сәйкес олардың типтеу мен жіктелуі жүргізіледі. Типтеуге келетін болсақ, авторитарлық биліктің нақты нұсқаларын анықтаудағы ғалымдардың көзқарастары әр түрлі болуы және амалдардың көп түрлілігіне орай, менің көзқарасым бойынша, авторитарлық саяси режимдердің әскери-авторитарлық, авторитарлы-теократиялық, самодержавиелік-монархиялық, олигархиялық, революциялық-популистік, авторитарлы-бюрократиялық секілді негізгі типтерін бөліп көрсетуге болады.

Айта кету керек, әскери-авторитарлық (немесе преториандық) режимдер көбіне мемлекеттік төңкерістің нәтижесінде пайда болады. Саяси құрылымның дағдарысы, дендеген әлеуметтік шиеленістерге ұрындыратын

саяси тұрақсыздық әскерилердің билікті басып алуының себептері болып табылады. Әскери төңкерістердің әлеуметтік алғышарты «преториандық қоғам», оның ерекше белгілерін Д. Раппопорт: «ойын ережесіне» қатысты неғұрлым ықпалды топтардың арасында ортақ келісімнің болмауы; билікті қайта бөлуге және негізгі саяси күштер арасында ресурстарды қайта бөлуге байланысты күшті дау-жанжал; қоғамның қатаң әлеуметтік поляризациялануы; биліктің легитимділігі мен институционализациялануының төмен деңгейі деп тұжырымдап берген.

Әскери диктатураларды орнату, әдетте бұрынғы конституцияның жойылуымен, парламентті таратумен, кез келген оппозициялық күштерге толық тыйым салумен, заң шығарушы және атқарушы биліктің әскери кеңестің қолына шоғырлануымен қатар жүреді. Әскер, полиция және арнайы қызмет іске асыратын кең өрісті лаңкестік әрекет әскери диктатуралардың айырықша белгісі болып табылады. Әдетте, әскери-авторитарлық режимдер экономикалық тиімділікті қамтамасыз ете алмайды. Олар көпшілікті әлеуметтік проблемаларды шешуге жұмылдыра алмайды, өзіне олардың қолдауы қамтамасыз ете алмайды, билікті институционаландырумен байланысты тудырған проблемаларды шешуге қабілетсіз. Мұндай режимдер Африкада, Шығыс елдерінде, Латын Америкасының көптеген елдерінде өмір сүрген болатын.

Авторитаризмнің тағы бір түрі авторитарлы-теократиялық режимдер болып табылатындығын атап айтқан жөн. Режимдердің бұл типі саяси биліктің фанатикалық, діни кланның – дін қызметкерінің қолына шоғырлануын білдіреді. Бұл типтің мысалы ретінде Ирандағы Аятолла Хомейни режимін айтуға болады. Шындығында, сипаты жағынан авторитарлы-теократиялық режим тоталитарлық режимге өте ұқсас келеді<sup>1</sup>. Самодержавиелік-монархиялық режимдер өткеннің сарқыншағы түрінде әлемнің қазіргі саяси көрінісінде де сақталған. Бұлардың қатарына Парсы шығанағы елдері – Сауд Арабиясы, Кувейт, Біріккен Араб Әмірліктері, Катар, Бахрейн, Оман, сондай-ақ Непал, Марокко, Иордания және т.б.-ның абсолюттік монархиялары жатады. Бұл елдерде биліктің бөлінуі, саяси бәсекелестік дегендер болмайды, билік шағын адамдар тобының қолына шоғырланған, аристократиялық таптың, яғни басқарушы элитаның идеологиясы үстемдік етеді.

Авторитарлық режимдердің қазіргі типтерінің бірі олигархиялық режимдер болып табылатындығын атап көрсеткен жөн. Әдетте, олигархиялық режимдерде экономикалық және саяси билік бірнеше ықпалды отбасыларының қолына шоғырланады. Төңкерістің немесе сайлау қоры-

<sup>1</sup> Тарасенко А.С. Иран и мировое сообщество. Минск, 2003. С. 120-125.

тындыларын бұрмалаудың көмегімен бір лидер екіншісін ауыстырады. Олигархиялық режимдер бюрократия блогының гегемониясы мен компрадорлық буржуазияға негізделеді. Компродорлық буржуазия — бұл шетел капиталы мен ұлттық нарықтың арасында делдалдықты жүзеге асырған, экономикалық артта қалған, тәуелді елдердің буржуазиясының бір бөлігі. Мұндай режимдер Маркос президент болып тұрған кезде Филиппинде (1972—1985), Тунисте, Камерунде және т.б. елдерде өмір сүрді.

Айта кету керек, олигархиялар көбіне, қызметі формальды саналатын биліктің өкілдік органдарының қалқасында бой тасалайды, ал нақты билік компрадорлық буржуазияның жеке басының және олардың ортақ мүдделерін білдіретін бюрократияның қолында болады. Заң шығарушы органдар «жоғарыдан» құрылғандықтан, соған орай ол көпшіліктен қолдау таппайды да, халық алдында заңсыз болып көрінеді. Мұндай режимдердің экономикалық тиімділігі аса шектеулі. Шикізат қорларын экспортқа шығаруға және шикізат өндіруді дамытуға бағыт ала отырып, буржуазия іс жүзінде ұлттық өндірісті дамытуға қызығушылық танытпайды. Қоғамдағы халықтың қайыршыланған көпшілікке және тез арада байыған азшылыққа жіктелуі олигархиялық режим саясатының әлеуметтік нәтижесі. Халықтың қалың жігін қамтыған үлкен наразылық жүйеге қарсы оппозицияны әскери-саяси және көтерілісші ұйымдардың жетекшілігімен бұқараның үкіметке қарсы іс-әрекеттерін нығайтуда жақсы қызмет атқарады. Мұндай қозғалыстардың кездейсоқтығының өзі сонда, «азшылықтың демократиясына» қарсы бағытталған олар бір мезгілде Батыста демократияның (ең алдымен парламенттерге қарсы) ажырамайтын бөлігі болып табылатын институттарына қарсы шығады. Әскери төңкерістер немесе азамат соғыстары олигархиялық режимдердің тұрақсыздығының салдары болып табылады. Бұл режимдердің элитасы шіркеумен және әскери билеуші топпен тығыз байланысқан.

Революциялық-популистік режимдер халық ұнататын және қызу қолдайтын бір адамның көсемшілдік-саяси жетекшілік етуімен ерекшеленеді. Режимнің бұл типіне жалпы ұлттық көшбасшыны қолдауға бағытталған бұқараның идеологиялық жағынан жұмылдырылуы тән. Сондағы режим қолданатын билік заңдылығының басты құралдары: плебисцитпен манипуляция жасау; бұқаралық манифестациялар, шерулер, қолдайтын митингілер арқылы халықты саясатқа тарту; «кішкентай адамдарды» дөріптеу; қоғамның «халықаралық империализм» мен космополиттік капиталдың алдында бірігуі болып табылады. Билік олигархияны ұната бермейтін орта таптан қолдау іздеуге бейім келеді. Революциялық-популистік режимнің ерекшелік белгісі — ең көп бұқара халықтың патерналистік күтілісін көрсететін экономикалық, әлеуметтік және рухани



өмірдің этатистік негізін күшейту<sup>3</sup>. Билеуші күштердің әлеуметтік блогының негізін этатистік бағытталған топтар және саяси бәсекелестіктің бір жағында – олигархия, ал, екінші жағында – либералдық-демократиялық күштер болып табылатын ірі өнеркәсіптік буржуазия құрайды.

Басқарушы элитаның этатистік саясаты ерте ме, кеш пе жоғары инфляция мен экономиканың терең дағдарысына әкеліп соқтырады. Революциялық популизмнің жарқын мысалына Бразилиядағы Варгос, Египеттегі Насер, Ливиядағы Каддафи режимдері жатады. Авторитарлы-бюрократиялық режимдерде маңызды шешімдер қабылдауда басты рөлді жоғары мемлекеттік шенеуніктер атқарады. Атқарушы биліктің басшысын сайлау процедурасы іс жүзінде болмайды. Атқарушы биліктің басшысын сайлау процедурасы болмағандықтан, атқарушы биліктің легитимизациясының механизмі де болмайды. Сондықтан бюрократия әскерге сүйенуге, сондай-ақ партиялар мен кәсіподақтарды айналып өтуде мемлекет пен қоғамды байланыстыратын, ол құрған корпорациялар желісіне сүйенуге мәжбүр болады.

Бюрократия билікке келгеннен кейін оның өз ішінде бір-бірімен бақталас бірнеше топтар құрылады. Олардың бірде-біреуі өздерінің лидерін атқарушы биліктің басына әкеле алмаса, онда өзінің болмашылығымен көпшілік топтарды қанағаттандыратын «формальды лидер» ұсынылуы мүмкін. Фракциялардың бірі жеңіске жеткен жағдайда оның лидері іс жүзінде атқарушы биліктің басшысына айналады. Жауласқан фракцияларды ымыраға келтіруге қабілетті және шешуші қызмет орындарына өз адамдарын тағайындайтын лидердің пайда болуы да мүмкін. Осыған байланысты авторитарлы-бюрократиялық режимнің түрлері – бюрократиялық авторитаризм мен даму авторитаризмі жеке қарастыруды, зерттеуді талап ететіндігін айтқан жөн.

Кейбір саясаттанушылар авторитарлық саяси режимдер типтерінің бірі ретінде – авторитаризм мен демократияның белгілерін үйлестіретін өтпелі (гибридті) режимдерді бөліп көрсететінін ерекше атап айту керек. Олардың әр түрлілігіне, менің көзқарасым бойынша, *диктoкратияны, демократураны және делегaтивті демократияны* жатқызуға болады. Диктoкратия либералдандыруды демократиясыз жүргізген жағдайда пайда болады. Бұл мұндай жағдайда басқарушы элитаның қоғамға есеп бермейтін кейбір жеке және азаматтық құқықтарымен келісетіндігін білдіреді. Осындай режим саяси көпшілікке зиян келтіретін ресурстардың маңызды

---

<sup>3</sup> *Әбсaттарoв Р.Б.* Саяси режимдер: жүйелік талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Әлеуметтік және саясаттану ғылымдар сериясы. Алматы, 2005. № 2. 84 б.

бөлігін бақылайтын саяси азшылықты жоғары бағалайды. Мұндай режим, мысалы, Кения мен Кот д'Ивуарде, сондай-ақ, басқа да африкалық мемлекеттерде қалыптасты.

Демократура либералдандырусыз демократияландыруды топшылайды. Бұл басқарушы элитаның билігіне ешқандай қауіп төндірмейтіндей жағдайда ғана сайлауға, көппартиялыққа және саяси бәсекелестікке жол берілетіндігін білдіреді. Іс жүзінде, көпшіліктің саясатқа қатысуы басқарушы элитаға тікелей қолдау көрсету ретінде қарастырылады. Мұндай режимдердің мысалы ретінде 80-жылдардың ортасынан бастап сайлаулар саяси және азаматтық құқықтарды бұзумен жүргізілген Сальвадор мен Гватемаланы айтуға болады.

Делегативті демократияның өкілдік демократиядан ерекшелігі бар екендігін айту керек. Өкілдік демократияға қарағанда делегативті режимде электоратқа оның өкілеттілігі мен билікпен қарым-қатынасы тек конституциялық мерзіммен шектелген құқықтар мен өкілеттіліктің атқарушы билікке делегат жіберу рөлі белгіленеді. Президент сайлауында жеңіске жеткен лидер, ол бұны қажет деп есептегеніндей, елді басқару үшін билікті қолына алады. Бүкіл халық сайлаған президент өз түсінігіне орай, ұлттық мүдделердің негізгі білдірушісіне айналады.

Отандық және шетелдік саяси ғылымда қазіргі кездегі Қазақстанда қалыптасқан саяси режимнің ерекшелігін анықтауға тырысып бағуда. Осыған сәйкес режимді посткоммунистік немесе посттоталитарлық демократия ретінде анықтау айтарлықтай кең таралғанын айтуымыз керек. Сірә, Қазақстандағы саяси режимнің өзіндік ерекшеліктері болса керек және ол демократияның классикалық батыстық үлгісінен едәуір ерекшеленеді. Өз пікірім бойынша, қазақстандық саяси режимнің ерекшеліктері мыналар: біріншіден, дамыған және көп санды орта таптың жоқтығы; екіншіден, негізгі құндылықтар бойынша қоғамда консенсустың болмауы; нарықтық қатынастардың жетілмегендігі; үшіншіден, мемлекет пен бюрократия рөлінің артуы; төртіншіден, биліктің барлық эшелондарындағы (сатыларындағы) сыбайлас жемқорлықтың болуы; бесіншіден, биліктің өкілдік органдарының қатты шектелген және төмендетілген рөлінің болуы; алтыншыдан, билік органдарына іс жүзінде қоғамның бақылау жасамауы; жетіншіден, қоғамда горизонталды (көлбеу) билікке қарсы әсер ететін патронажды-клиенталды типтегі қатынастар мен байланыстардың сақталуы және ұдайы өндірілуі. Сондықтан да, қазіргі Қазақстанда классикалық түрдегі «демократия» ұғымы іске аспаған. Жоғарыдағы айтқандардан барып «посткоммунистік» және «посттоталитарлық» категориялары қазақстандық демократияның классикалық үлгілерден едәуір ерекшеленетіндігін көрсетеді.

Кейбір саясаттанушылар Қазақстандағы саяси режимнің авторитарлық сипаты бар екендігін дәлелдеуде. Алайда бұл даулы көзқарас.

Қазіргі уақытта, менің пайымдауымша, қазақстандық саяси шындықта делегативті демократия режимінің көптеген сипатты белгілері білінеді. Қазақстанда қалыптасқан саяси режимді анықтауда оны *гибридті-авторитарлы-демократиялық режим* деп атауға болады. Сондай-ақ, мұндай режим өтпелі сипатта болады және ол әр түрлі бағытта эволюция жолымен біртіндеп дами алады. Даму баламасын таңдау көбіне қазақстандық қоғамның басқалардан саяси артық көрушілігімен анықталады, соның ішінде, қоғамдық-саяси өмірге араласатын жастардың саяси позициясымен де айқындалады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде: авторитарлық саяси режим — бұл қоғам өмірінің құқықтық және өнегелілік нормаларын өрескел аяққа басатын, бір адамның немесе адамдар тобының шектеусіз билігі, онда халықтың өте төмен деңгейде қатысуы барысында әлеуметтік мүдделерді білдіру үшін ішінара мүмкіндіктер жасалады, мемлекет пен тұлғаның қарым-қатынасы көбіне сендіруге қарағанда қарулы күштеу құралдарын қолданбай-ақ мәжбүрлеумен құрылады деп жалпы анықтама беруге болады.

Авторитарлық саяси режимді демократиялық немесе тоталитарлық режим бағытында біртіндеп дамитын өтпелі режим ретінде бағалаған жөн. XX ғасырдың соңғы он жылдыктарында авторитарлық саяси құрылым осындай өтпелі сипатқа ие болды. Мәселен, 1959 ж. Кубада Ф.Кастро орнықтырған авторитарлық режим кейін тоталитаризмге ұласты. Басқа да мемлекеттер қатарында — Оңтүстік Кореяда, Чилиде, Тайландта, Гаитиде, Панамада, Аргентинада және т.б. елдерде авторитаризм біртіндеп демократия бағытында эволюциялық жолмен дамыды.

#### 4. Демократиялық саяси режим

Демократиялық саяси режим саяси режимдердің ең күрделі типі болып саналады. Белгілі орыс заңгері П. И. Новгородцевтің сөзімен айтқанда, демократия — әрқашан жол торабы, жолдың белгісіз жақтарында бір жерден шығатын ашық есіктер жүйесі, ол өмірдің мүлдем катал тепе-теңдігін жасамайды, басқа формаларға қарағанда ол іздену рухын оятады. Демократиялық саяси режим халықты биліктің қайнар көзі ретінде мойындаумен айқындалып, азаматтардың қоғамдық өмірге және олардың саяси құқықтары мен бостандықтарын практикалық жүзеге асыру арқылы билік құрылымдарын қалыптастыру процесіне жаппай қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

Демократиялық саяси режим өлемнің көптеген елдерінде кеңінен таралған. Шамамен алғанда 50 елде демократиялық режим өмір сүруде. «Демократия» деген сөз (грек тілінде – *demos* – халық, *cratos* – билік) халық өкіметі, халық билігі дегенді білдіреді. Дегенмен, ерте замандардан бастап қазіргі уақытқа дейін демократияның мазмұны жөнінде талас-тоқталмай келеді. Әр түрлі авторлар демократияның жекелеген құрамдас бөліктеріне, мысалы, көпшіліктің билігіне, оны шектеуге және оған бақылау жасауға, азаматтардың негізгі құқықтарына, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттілікке, биліктің бөлінуі, жалпыға бірдей сайлау, жариялылық, әр түрлі пікірлер мен көзқарастардың тайталасына, плюрализмге, азшылықтың мүдделерін қорғау, теңдік, бірге қатысу және т.б. назар аударады. Бұл қазіргі кезде демократияның мағынасын түрліше түсіндіруге себепші болып отыр. Бір жағдайларда оны индивидтің тіршілік әрекетінің барлық түрлерінің еріктілігіне негізделген қоғамдық жүйе ретінде кеңінен түсіндіреді. Ал, екінші бір жағдайларда ол билікке иелік етуде барлық азаматтар тең саналатын мемлекеттің формасы ретінде неғұрлым тар мағынада түсіндіріледі. Осынысымен де ол билік бір адамға ғана тиісті болатын монархиядан және басқаруды адамдар тобы іске асыратын аристократиядан ерекшеленеді. Ақырында, демократия қоғамдық құрылыстың ең жоғарғы үлгісі, бостандықтың, тең құқықтылықтың, адам құқықтарының құндылықтарына негізделген белгілі бір көзқарас ретінде түсініледі. Аталған құндылықтарды насихаттайтын индивидтер, топтар олардың жүзеге асуына серпін береді. Осы мағынада «демократия» термині әлеуметтік қозғалыс ретінде, белгілі бір партиялардың бағдарламасында іске асырылған саяси беталыстың типі ретінде түсіндіріледі.

Айта кеткен жөн, «демократия» термині мағынасының эволюциясы мен көп қырлылығы адамзат қоғамының дамуымен байланысты. Монархтар мен аристократтардың басқаруымен салыстырғанда демократия алғашқыда, азаматтардың тікелей басқаруы ретінде қарастырылды. Практикалық өмірде шынайы, «таза» халықтық өкімет ең алдымен оның шкаласымен нақты ақиқат өлшенетін теориялық модель, үлгі ретінде алға шығады. Демократия идеясы қайсыбір дәрежеде, жарқын болашақты армандаған көптеген ойшылдардың – Аристотель, Н. Макиавелли, Т. Гоббс, Д. Локк, Ш. Монтескье, Ж-Ж. Руссо, Т. Джефферсон, А. де Токвильдің және тағы басқалардың еңбектерінен орын алады.

Б.э.д. V ғасырдағы Афины қала-мемлекеті демократияның өмірге келген жері болып табылады. Б.э.д. VI–V ғғ. Афинада негізгі саяси институт Жиналыс болды, оған әдетте, 5–6 мың қатысушылар тартылды және еркек жынысты ересек азаматтардың барлығына есігі ашық болды (әйелдер, құлдар және шетелдіктер қатарға кіргізілмеді). Жиналыс қарапайым

көпшілік дауыспен ешбір құқықтық шектеусіз кез келген ішкі проблема-ларды шеше алатын болды. Сотты құрамы 501 азаматтан тұратын ант бергендер (присяжники) жүргізді, сондай-ақ, олар адам кінәлі ма, жоқ па соны көпшілік дауыспен шешті. Жиналыстың көшбасшысы сайланып қойылмады, жеребе тастау арқылы тағайындалды, себебі, афинылықтар кез келген азамат мемлекеттік қызметпен айналысуға қабілетті деп есептеді. Сонымен қатар, сайланған басқарушылар түріндегі арнайы атқарушы институттар да өмір сүрді. Алайда, неғұрлым маңызды шешімдерді қабылдау жауапкершілігі Жиналыстың азамат-мүшелерінің иығына жүктелді.

Демократияны түсінудің жаңа кезеңі Жаңа дәуірдегі XVII–XVIII ғғ. буржуазиялық революция идеологтарының ықпалымен және АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде демократиялық режимдер қалыптасу тәжірибесінің ықпалымен орнықты. Аталмыш демократия тұжырымдамасының қалыптасуы азаматтық қоғам институттарының пайда болуы, автономия талаптары және индивидтердің әлеуметтік теңдігі түрткі болған билік пен бағыныштылардың арасындағы қарым-қатынастың жаңа сипатын негіздеу қажеттілігімен байланысты болды. Демократия идеологтары мемлекеттегі биліктің қайнар көзі ретінде халық егемендігін жариялады, биліктің заң шығарушы органдарын қалыптастырудағы, билікті заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлудегі, шешімдер қабылдау мен олардың орындалу барысындағы азшылықтың көпшілікке бағынуындағы, биліктің негізгі органдарын сайлаудағы азаматтардың тең құқықтылығы мойындалды. Айта кету керек, демократиялық режим, егер заң шығарушы билікті халық сайлаған алқалық органдар ұсынса, егер, заң шығарушы олардың жынысына, нәсіліне, ұлтына, мүлктік жағдайына, білім деңгейіне және дін ұстануына қарамастан азаматтардың кең әлеуметтік-экономикалық және саяси құқықтары мен бостандықтарын нығайтатын болса, сондай жағдайда ғана мүмкін болады.

Өкілдік демократия тұжырымдамасы саяси ғылымда ерекше орын алады. Өкілдік демократия тұжырымдамасы биліктің әрекеті үшін негіз ретінде қоғамда халықтың бірынғай еркіндігі болуын теріске шығарады. Бұл тұжырымдаманы жақтаушылардың пікірі бойынша, халықтың бірынғай еркіндігінің болуы мүмкін емес, өйткені адамдар өздерінің іс-әрекетінде қоғамдық принципке емес, жеке пайдаға сүйенеді. Осыған байланысты қоғам өздерінің мүдделерін жүзеге асыруға ұмтылатын әлеуметтік топтардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл топтар билік органдарына өздерінің өкілдерін сайлайды. Билік органдарының қалыптасуына және оның шешімдерінің жүзеге асуына барлық азаматтардың бірге қатысу принципі аталмыш тұжырымдамала екінші орынға шығады, бірінші орында басқарудың жауапкершілігі мен компетенттілігі (құзыр-

лығы) принципі тұрады. Халық өздерінің еркіндігін тікелей емес, белгілі бір уақытқа өз өкілеттілігін өкілдерге беру арқылы жанама түрде білдіретіндіктен халық биліктің қайнар көзі ретінде мойындалады. Бұл жағдайда, бір жағынан, басқару ісімен арнайы дайындығы бар адамдар айналысады, ал, екінші жағынан, халықтың басым бөлігінің қолдауына сүйенетіндіктен, олардың қызметі тиімді болуы мүмкін.

Халық өкіметі проблемаларын теориялық тұрғыда ұғынуда социалистік демократия тұжырымдамасының үлкен маңызы бар. Бұл тұжырымдама бойынша, демократия мемлекеттік-саяси құрылымның формасы, таптық үстемдіктің формасы болып есептеледі. Шындығында, осы аталмыш тұжырымдама шеңберінде ортодоксалдық (К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин) және реформистік (Э. Бернштейн, К. Каутский) деп аталатын екі дәстүр дамыды<sup>1</sup>. Ортодоксалдық түсіндірудегі демократия парадоксы бойынша бір жағынан тек социалистік демократия ғана халық билігін орнатады, ал, екінші жағынан – коммунизм тұсында демократия мемлекеттің өмір сүруінің принципі ретінде түбінде мемлекетпен бірге жойылады. Өмірден алшақ тұрған коммунизм құрудың идеологиялық тұрғыдан белгіленген мақсаты қоғамның мұқтаждықтарын қатаң анықтайды. Тұлғаның құқықтары мен бостандықтары «қоғамдық мүдде» үшін құрбан етіледі. Дегенмен, жеке мүддеге негізделмеген «қоғамдық мүдде» фикцияға айналады. Нәтижесінде әлеуметтік мүдделердің көп түрлілігін жою жолымен жалпы еркіндікті, саяси бірлікті қалыптастыруға «іс-тәжірибелік әрекет жасау» социалистік демократиялық режимдердің күйреу жолына алып келеді. Социал-реформистер демократияны ымыраға келудің, әр тектес әлеуметтік күштердің келісім жасауының формасы ретінде түсінеді. Соған сәйкес қоғамның мақсаты тұлғаның өмірлік жағдайларының өзгеріске түсуі деңгейіне орай өзгеріп отырады.

Демократиялық режим тұжырымдамасын зерттеуде қазіргі кездегі кездегі полиархия теориясына көңіл аударған жөн (Р. Даль, Линдблом). Бұл теория либералдық демократиялық теорияның жалпы бағыттылығынан келіп шығады. Саясаттануға «полиархия» терминін американ саясаттанушысы Р. Даль енгізді. Полиархия демократиялық теория сияқты оппозицияға деген – яғни, үкіметтің іс-әрекетіне қарсы тұратындарға деген біршама жоғары төзімділіктің болуын, сонымен қатар, үкіметтің жүріс-тұрысына ықпал етуге қатысуда және де тіпті әр түрлі ресми қызмет адамдарының бейбіт жолмен орнынан алынуына қатысуда біршама кең мүмкіндіктердің болуын ұйғарады. Функционалды түрде полиархиялық демократия өзінің тиімділігін қамтамасыз ететін әр түрлі институттарға сүйенеді. Оған

---

<sup>1</sup> Махмудов Г.Х. Социалистическая демократия. Казань, 2002. С. 76-80.

мыналар жатады: сайланған лауазымды адамдар; халық сайлаған өкілдер конституциялық тұрғыдан бекіткен үкіметтің шешімдеріне бақылау жасау; ешбір күштеусіз және мәжбүрлеусіз өтетін еркін және әділ сайлаулар; сайлауларға барлық халықтың қатысуына құқық беруді ұйғаратын және үкіметтегі сайланбалы қызмет орнына ұмтылуға құқық беруді ұйғаратын жалпыға бірдей дауыс беру; сайлаушылар мен сайлаудың нәтижелеріне үкіметтің біршама салыстырмалы жоғары деңгейдегі тәуелділігі; өздерінің пікірін еркін білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ететін сөз бостандығы, үкіметті, режимді, қоғамды, үстемдік етіп тұрған идеологияны сынауды қоса алғанда; үкімет бақылау жасамайтын ақпараттар мен пікір көздері арасында баламаның және жиі бәсекеге түсудің болуы; оппозициялық партияларды, мүдделі топтарды қоса алғанда, өте алуан түрлі және салыстырмалы автономды (дербес) тәуелсіз ұйымдар құрудағы еркіндіктің жоғары деңгейі.

Қазіргі Батыс саясаттануында плюралистік демократия тұжырымдамасы (Р. Даль, Д. Расмен), элитарлық демократия теориясы (У. Домхофф, Т. Дай, Г. Цайглер, И. Шумпетер) және партисипаторлық демократия теориясы (Д. Макферсон және т.б.) кеңінен қолдау тауып отыр. Демократиялық жүйе өзіне маңызды екі компонентті қосатындығын мойындаған жөн: билік етудің демократиялық формалары мен әдістері және азаматтардың саяси шешімдер қабылдауға ықпал ету жолымен саясатқа шынайы қатысуының құралдары мен мүмкіндігі. Соған сәйкес, демократиялық режимнің қызмет етуі үшін саяси өмір тәжірибесінде негізгі демократиялық принциптерді жүзеге асырудың зор маңызы бар.

Бір қолға шоғырландыру арқылы билікті заңсыз иемденуге жол бермеу – демократия қалыптасуының негізгі және оның қызмет етуінің басты принципі. Сондықтан, демократиялық емес режимге қарағанда билік құрылымдары мен қатынастарының демократиялық ұйымдастырылуы барысында биліктің орталықсыздануы, оның әр түрлі тармақтарға (заң шығарушы, атқарушы және соттық) бөлінуінің іске асырылуы демократиялық режимнің негізгі айырмашылықтарының бірі. Олардың әрқайсысы өз бетінше тәуелсіз болғандықтан өздеріне тән, институционалдық жеке-жеке орналасқан функцияларды атқарады, бірақ, бұл өкіметсіздікті немесе көп өкіметтілікті білдірмейді. Сонымен қатар, саяси плюрализм; азаматтардың мүдделерін білдірудің тікелей өкілдік формалары; бостандық пен жауапкершіліктің өзара байланысы; көпшіліктің мүдделері мен азшылықтың өз позицияларына деген құқықтарын қамтамасыз ету; заңның үстемдігі; жариялылық; сайланған өкілдерді және т.б. шақырып алу құқығы билікті іске асырудың басқа да демократиялық принциптері болып табылады.

Демократиялық жүйелерде демократиялық процедуралардың үлкен маңызы бар. Билік институттарының қалыптасуы мен қызмет етуін және шешімдер қабылдау процесін демократиялық процедурамен қамтамасыз етудің маңыздылығы демократиялық принциптерді сақтаудан кем түспейді. Демократиялық режимді сипаттайтын неғұрлым маңызды процедуралардың ішінде мыналарды бөліп көрсету қажет: әділ, сайысты, еркін жүйелі сайлау; тікелей, тең, құпия дауыс беру; жүргізілуінде мәселелердің дәл қойылуы айырықша аса маңыздылыққа ие референдумдар, қорытындысында – нәтижелерді міндетті түрде жүзеге асырудың механизмі шығады; өкілеттілігін беру; қоғамдық пікірді зерттеу және есепке алу; маңызды қоғамдық мәселелерді жалпыхалықтық негізде талқылау.

Демократиялық дамудың қазіргі кездегі теориясы мен тәжірибесі демократиялық режимдердің негізгі екі типін ажыратады: элитарлы-демократия және әлеуметтік демократия режимі. Элитарлы-демократиялық саяси режим ең алдымен, формальды құқықтық бастамаларға, нақты айтқанда демократиялық институттар мен билікті жүргізу тәртібіне негізделеді. Онда азаматтар биліктің демократиялық институттарын қалыптастыруға қатысады, алайда мұнымен олардың билік жүйесіне ықпалы шектеледі. Азаматтардың басым көпшілігі саяси шешімдер қабылдау процесіне әсер етуден шеттетіледі, өйткені, олар саяси процеске және мемлекеттік билікке нақты ықпал ететіндей жағдайда емес. Саяси режимнің осы типіне тән саяси плюрализм, ең алдымен, саяси элиталардың бәсекелестігіне және неғұрлым ықпалды партиялардың жарысына өкеп саяды. Азаматтардың саяси өмірге қатысуы іс жүзінде, қоғамның саяси элитасына кіретін әр түрлі топтардың арасындағы сайлау мүмкіндігіне келіп тіреледі. Сондықтан да олардың формальды құқықтары мен бостандықтарының кең спектрі жеткілікті қамтамасыз етіледі.

Биліктің элитарлы-демократиялық жүйесі жағдайында элитарлы саяси күштердің бақталастығы шынайы қоғамдық проблемалардың шағын ортасына салыстырмалы түрде қозғау салады; негізгі мәселелер бойынша олардың бірлігі мен келісімі жеке сипаттағы айырмашылықтан басым болады. Белгілі бір ойын ережесі шеңберінде өрекет ете отырып, саяси элитаға кіретін неғұрлым ықпалды топтар кезектесіп саяси шешімдер қабылдауға, басқа саяси күштердің араласуына жол бермей, маңызды мемлекеттік функцияларды іске асыра алады. Элитарлы-демократиялық саяси режимнің біршама тиімді қызмет етуінің мысалы АҚШ бола алады.

Әлеуметтік демократия саяси режимі азаматтардың қоғамдық істерге формальды емес қатысуын, өте әр түрлі әлеуметтік жіктер мен топтардың жекелеген саяси партиялардың қатаң монополия орнатуынсыз және



билік ресурстары мен биліктік шешімдер қабылдау процесіне күштеуінсіз мүдделердің күрделі келісімін ұйғарады. Мұндай саяси режимнің қызмет етуі әлеуметтік-саяси мүдделердің көптігіне, барлық азаматтар мен қоғамдық топтар үшін негізгі тең мүмкіндіктерді ұсыну қажеттілігіне, сондай-ақ, «аутсайдерлердің» ресурстарды әділетті қайта бөлу жолын ұсынуымен әлеуметтік қолдауына негізделеді. Әлеуметтік демократияның біріктіруші негізі жария-саяси құралдарды және алуан түрлі топтық және партикуляр мүдделер келісуінің парламенттік техникасын пайдалану негізіндегі әр түрлі қоғамдық-саяси күштердің ымырашылдығы мен консенсусы болып шығады.

Әлеуметтік демократия режимінің саяси жүйесі «ашық» сипатта болады, ал, заңның шеңберінде әрекет етуші кез келген әлеуметтік-саяси күштердің дербес қимыл жасауға және саяси шешімдер қабылдау процесіне ықпал ету мүмкіндігіне шынайы құқығы бар. Әлеуметтік демократияның көптеген идеялары мен принциптері Дания, Финляндия, Швеция сияқты және т.б. бірқатар еуропалық елдерде жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінің және бұрынғы кеңестік республикалардың саяси лидерлері әлеуметтік демократиялық қоғам құруға талпыныстары жөнінде мәлімдеуде.

Демократиялық режимдердің нақты түрін таңдау көптеген факторларға байланысты. Олар: тарихи дәстүрлер мен тарихи тәжірибенің сипаты, елдің материалдық және рухани мүмкіндіктері, саяси күштердің ара қатынасы, азаматтардың саяси санасының жай-күйі мен қоғамның саяси мәдениетінің типі, үстемдік етуші басқарушы элитаның мақсаты және т.б. Осыған байланысты барлық демократиялық саяси режимдерге тән ортақ ерекше белгілерді атап көрсеткен жөн. Демократиялық режимдер мынандай ортақ белгілермен сипатталады: құпия дауыс беруді пайдаланып, тең, жалпыға бірдей, тікелей сайлаулар арқылы мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілдік органдарын сайлау; жалпы мемлекеттік заңдар шығаруға деген парламенттің ерекше құқығының болуы; биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлінуі, олардың арасында билік пен өкілеттілігін бөлуде бір-бірін тоқтату және қарсы салмақ механизмінің болуы; көппартиялық, партиялық жүйеде өмір сүріп тұрған құрылыстың негізі ретінде тұратын, сондай-ақ оны терістейтін, бірақ, әрекет етуші конституция шеңберінде ғана, саяси партиялардың болуы; азшылықтың мүдделері мен құқықтарын қадірлеу барысында көпшіліктің саяси шешімдер қабылдауы; азаматтардың тең құқықтылығының кепілдігі, билік пен оның кез келген өкілін сынауға әрбір адамның құқығын мойындау; саяси партиялардың тікелей жария-биліктік өкілеттілігінің болмауы.

Атап көрсетілген демократиялық саяси режимдердің ортақ белгілері демократияның арман еткен бейнесін жасай алады. Әрине, демократияның, демек, демократиялық саяси режимнің құндылығы ақиқат және даусыз. Алайда, демократияның да осал тұстары мен кемшіліктері бар. Мысалы, демократия саяси шектердің арасында тербеліп тұратын маятник сияқты, тұрақсыз режим болып есептеледі. Демократия кейде саяси дилетантизм шарықтайтын, орташалықтың озбырлығы орнатылатын «қоғамның көп бөлігінің жақсыларға үстемдігі» сияқты анықталады. Демократия мәдениеті және құлықтылығы төмен, пайдакүнем, бірақ алғыр және популистік тәсілді адамдардың билікке келуіне кепілдік бермейді.

Әрине, демократия – идеалды құбылыс емес, бірақ, барлық кемшіліктеріне қарамастан ол осы уақытқа дейін белгілі болып отырған саяси режимдердің ішіндегі ең жақсы және ең әділетті басқару формасы. Айта кету керек, егер азаматтардың саяси мәселелер бойынша дербес шешімдер қабылдауына жағдайлар жасалып және де олардың мүдделерін биліктің әрекеті қанағаттандырмайтын болса, онда бұл әрекетке олардың қарсы шығуына құқықтары болса, тек сондай жағдайда ғана демократиялық режимдер тиімді жұмыс істейді. Бұл үшін олардың қызмет етуіне кепілдік берілуі қажет. Демократиялық режимдердің қызмет етуінің кепілдіктері мыналар болып табылады: азаматтардың қоғам тарапынан мемлекеттік органдар мен оның аппаратының қызметіне бақылау жасау жүйесінің құрылуы; билікті иемденуге байланысты артықшылықтар жүйесінің жойылуы; азаматтардың өз уақытында және толық саяси ақпараттандырылуы үшін мүмкіндіктердің болуы; депутаттарды кері шақырып алу және шенеуніктерді ауыстыру ісін жеңілдету.

Сонымен, демократиялық режим – бұл дамушы, ілгері жылжушы режим, халық өкіметі – яғни, халыққа барлық билікті, қоғамды және мемлекетті басқарудың шынайы мүмкіндігін олар бақылайтын саяси институттар арқылы беру. Тұтас алғанда, соңғы он жылдықтарда бүкіл әлемдік ауқымдағы саяси режимдерді демократияландырудың жалпы ағымы жөнінде айтуға болады. Қазіргі кездегі Қазақстанды жанарту үшін демократияландырудың әлемдік тәжірибесі аса маңызды болып табылады. Қалай болғанда да, бұл қазақстандық қоғамның саяси даму ерекшеліктерін анықтауға және олардың әлемдік ағымдармен ара қатынасын белгілеуге мүмкіндік береді.

Дегенмен, біздің елімізде демократиялық режим орнатылды деп айтуға әлі ерте екендігі анық. Қазіргі Қазақстандағы саяси режим сипаты жағынан авторитарлы-демократиялық режимнің либералдық типіне көбірек жақын. Авторитарлық негіздер ең алдымен, биліктің мемлекет басшысы – президенттің қолына көбірек шоғырланғандығынан көрініс береді.

Қазақстанның Президенті – атқарушы және басқарушы биліктің басшысы, бас қолбасшы. Үкіметті қалыптастырудың барлық шексіз дерлік құқықтары оған тиесілі. Сонымен бірге елдің парламенті, бәрінен бұрын Мәжіліс, заңдарды қабылдау, үкімет басшысын және мемлекеттік бюджетті бекітуден басқа қайсыбір шынайы құзырларынан айырылған. Осылайша, биліктің президент пен атқарушы органдардың қолына тым шоғырлануы жағдайында қоғамның тарапынан да, сондай-ақ заң шығарушылар тарапынан да олардың қызметіне үнемі ықпалды бақылау жасау мүмкіндігі іс жүзінде жоқ. Бұл республикалық қаржыны бақылаусыз жұмсауға, сыбайлас жемқорлыққа қолайлы мүмкіндік жасайды. Мұндай жағдайда бақылау құралдары болып бұқаралық ақпарат құралдары және кемеліне жеткен партиялық жүйе қызмет атқаруы тиіс. Алайда, әлеуметтік топтардың мүдделерін анықтауға және білдіруге қабілетті бәсекелес партиялық жүйенің қалыптасуы әлі аяқталып біткен жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдарының өзі нарық жағдайында билікке тәуелді болады, өйткені олар мемлекеттің қаржысымен өмір сүреді.

Қазақстан саяси режимінің эволюциясы оның демократияландырылуы бағытында қоғамды саяси лидерлер мен элиталардың субъективизмінен қорғауға мүмкіндік беретін биліктің әр түрлі тармақтары арасындағы функциялар мен құзырлардың неғұрлым ұтымды бөлінісімен байланысты. Қазақстанның алдында әлі шын мәнісіндегі демократияландыру жолын жүріп өтудің ұзақ сапары тұр. Саяси режимдерді демократияландыру – бұл қоғамдық өмірдің барлық жақтарын, ең алдымен, әлеуметтік-саяси қатынастарды, шынайы халық өкіметі мен гуманизмді, адам құқығының басымдығын мойындау негізінде қайта құрудың бәріне ортақ басты бағыт.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, саяси режимдер қоғамның саяси жүйесінің функционалдық аспектілерін қарастырады деген тұжырым жасауға болады. Саяси режимдер – бұл саяси билікті және нақты билік институттары мен тармақтарының ұйымдастырылу принциптерін іске асырудың типтері, формалары және әдістері. Ал, адам құқықтары мен бостандықтарының көлемі, мемлекеттік билікті іске асырудың әдістері, мемлекет пен қоғамның арасындағы өзара қатынастың сипаты, саяси шешімдер қабылдауға қоғамның ықпал ету мүмкіндіктерінің болуы немесе болмауы, саяси институттардың қалыптасу тәсілдері, саяси шешімдерді жасаудың әдістері саяси режимдердің сапалы сипаттамасы болып табылады.

## **ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ**

Қоғамның саяси жүйесінің проблемалары саясаттанушы ғалымдардың өлеуметтанушылардың, тарихшылардың, заңгерлердің, философтардың назарын айырықша аударып отыр. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені төтенше күрделі қарым-қатынастар қалыптасқан қазіргі даму жағдайында қоғамның саяси жүйесін талдаудың маңызы арта түсуде. Қоғамның саяси жүйесінің тұжырымдамасы саяси ғылымдардың өдіснамалық арсеналына сапалық жаңалықтар енгізу үшін жасалған ұмтылыс ретінде ХХ ғасырдың орта шенінде қалыптасты. Әлеуметтік процестерді зерттеуге жүйелік, бихевиористік және құрылымдық-функционалдық тұрғыдан келу қоғамның саяси жүйесі теориясының негізі болып келеді. Бұған қоса саясаттануда осы әдістер тұрғысынан келу қоғамның саяси жүйесін әр түрлі деңгейлерде терең, неғұрлым кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Қоғамның саяси жүйесін жұмыс істеп тұрған, біртұтас жанды дүние ретінде қарастыруға болады. Осыған байланысты саяси жүйе арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінің тыныс-тіршілігі жүзеге асырылады, осында әртүрлі қоғамдық күштер мүдделерінің қиылысуы мен қақтығысуы жүріп жатады, билік сипатындағы шешімдер қабылданады деп айтуға болады. Қоғамның саяси жүйесі алға қойылған мақсаттардың орындалуы үшін әр түрлі саяси субъектілер қызметінің үздіксіздігін, байланыстылығын және оларды сатылап үйлестіруді қамтамасыз етеді. Ол әлеуметтік жанжалдар мен қайшылықтарды шешу механизмін анықтайды, қоғамдық қатынастарды үйлестіреді, әр түрлі қоғамдық күштердің негізгі құндылықтары бойынша, қоғамдық дамудың мақсаттары мен бағыттары жөнінен консенсусқа жетуіне септеседі.

Сонымен бірге, қоғамның саяси жүйесі таптардың, әлеуметтік топтардың, халықтардың саяси мүдделерін түсінуге, осы мүдделерді білдіретін саяси құбылыстардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді. Қоғамның саяси жүйесінің осы және басқа да мәселелерін дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, қоғамның саяси жүйесінің ұғымы мен мәнін қарастыру қажет.

### **1. Қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым және оның мәні**

Қоғамның саяси жүйесінің осы заманғы тұжырымдамасы оны анықтаудың әр түрлі өлшемдерін ұсынады. Сондықтан, саясаттанушылар арасында бұл ұғымды түрліше түсіндіру қалыптасқан. Бүгінде ғылыми әдебиетте қоғамның саяси жүйесі жөнінде елуге жуық анықтама берілген.

Мәселен, бірқатар ғалымдар саяси жүйені идеялар (комплексі) кешені деп білсе, басқа біреулері оны өзара әрекет ету жүйесі ретінде таниды, үшінші біреулері оған белгілі бір элементтердің жиынтығы деген анықтама береді. Алайда Г. Алмонд пен Д. Истонның саяси жүйе жөніндегі тұжырымдамасы классикалық үлгідегі тұжырымдама болып табылады. Олар қоғамның саяси жүйесін зерттеуге жүйелілік тұрғысынан келуді енгізді. Жүйелілік тұрғысынан келу көзқарасы бойынша саяси жүйе сырттан болатын импульстарға құлақ асатын өздігінен реттелуші, өздігінен дамушы организм болып табылады.

Ғылыми әдебиетте қоғамның саяси жүйесіне сипаттама беруде институционалдық тұрғыдан келу де атап көрсетілген. Институционалдық тұрғыдан келу дегеніміз, бұл – саяси жүйені айқындауға мемлекеттік, институционалдық саяси ұйымдар арқылы, олардың байланыстары мен өзара байланыс жасау жүйесі арқылы келу деген сөз. Қоғамның саяси жүйесін функционалдық жағынан да қарастыруға болады. Функционалдық жағынан қарастырылатын қоғамдық саяси жүйе мынандай екі бөліктен: саяси билік жүргізу жүйесі мен қоғамдық істерді тікелей басқару жүйесінен тұруы да мүмкін.

Саяси билік жүргізу жүйесі басшылық жасау рөлін атқарады. Саяси билік жүргізуші жүйе – заң шығарушы және басқа да мемлекеттік органдар, сондай-ақ саяси жүйенің өзге де институттары арқылы қоғамдық дамудың негізгі бағыттарын айқындайды, қоғам басшылыққа алатын жалпы принциптерді және әлеуметтік нормаларды орнықтырады. Атқарушы органдарды, мемлекет пен партияларды, қоғамдық ұйымдар органдары мен қозғалыстарды қамтитын қоғамдық істерді тікелей басқару жүйесі билік жүргізуші бөліктің өкімдері мен талаптарын орындауға, олардың білдірген еріктері мен әлеуметтік топтардың мүдделерін жүзеге асыруға тиіс. Қоғамның саяси жүйесінің екі бөлігінің арасында диалектикалық өзара тәуелділік қалыптасады.

Бүгінде саясаттануда қоғамның саяси жүйесін талдауға жаңа қырынан келу қажет, ал ол синергетика арқылы мүмкін болмақ. Синергетика – бұл өзінің мәні жағынан пәнаралық болып табылатын жаңа ғылыми парадигма. Ол ашық және өзгермелі (нелинейных) қоғамның саяси жүйесінде қалыптасатын өздігінен ұйымдастырылатын, өздігінен басқарылатын процестерді зерттейді. Синергетика – кездейсоқ саяси құбылыстарды жалпы сипаттық белгілерге жатқызады. Синергетикалық тұрғыдан келгенде, кездейсоқтық саяси өмірдің өзіндік, сипаттық қасиеті ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы одан арғы зерттеу, меніңше, синергетика тұрғысынан келуді қоғамның саяси жүйесін танудың және түсіндірудің сенімді методологиясына ұластырады. Саяси микроқұрылымды және саяси өзара

әрекеттесуге нақты қатысушылардың мінез-құлқын, сондай-ақ қоғамның саяси жүйесінің құрылымы мен функциясын түсіндіруге негізделген теорияны сипаттайтын тұжырымдаманы келісудің сенімді әдісін табуға жағдай туғызуы да мүмкін.

Қоғамның саяси жүйесі – белгілі бір саяси және құқықтық нормаларға, мәдениеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне негізделген қоғамның саяси ұйымдары рөлінің, қатынасының, процестерінің, принциптерінің реттелген құнды жиынтығы болып табылатын саяси институттарды көзге елестететін күрделі, көп қырлы жүйе. Осыған орай «жүйе» ұғымы қоғамның саяси жүйесінің базалық ұғымы болып табылатынын айтқан жөн. Саяси ғылымдардағы «жүйе» ұғымы биологиядан енген термин екені белгілі. «Жүйе» ұғымы – бұл өзі өмір сүріп отырған сыртқы жағдайлармен өзара әрекеті кезінде өзінің құрылымын өзгертуге бейімделген, солармен біртұтастықты құрайтын, байланыста және қарым-қатынаста болатын элементтердің белгілі бір сапалы жиынтығынан тұратын пән, құбылыс немесе процесс екенін атап көрсетуіміз керек. Ал, «жүйе» ұғымы саяси ғылымдарда саяси шешімдер қабылдау және оны жүзеге асыру процесіне ықпал етуші өзара байланыстарды, әрекетті және құрылымды білдіреді.

Кез келген қоғамдық жүйенің бірінің өзгеруі бүкіл тұтастықты және реттілікті бұзбайтындай байланыста болатын көптеген элементтердің белгілі бір жиынтығын болжайды, елестетеді. Дұрысында жүйе неғұрлым жоғары және неғұрлым төменгі сатыдағы жүйелердің болуын, сондай-ақ ішкі жүйе өмір сүруін жоққа шығармайды. Жүйелік методологияны жасаудың негізінде кейбір жалпы ұғымдарды тұжырымдауға, сондай-ақ кез келген құбылыс пен процестерді сипаттап жазуға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдерді анықтауға ұмтылушылық жатыр. Басты идея өзінің табиғаты бойынша неғұрлым әр түрлі саналатын құбылыстың өзі ортақ қасиеттерімен белгілі болып отырған жүйе ретінде қарастырылатындығына келіп тіреледі. Жүйенің дамуы элементтердің, сондай-ақ басқа да ішкі және сыртқы факторлардың өзгерісіне байланысты. Ал, қоғамның саяси жүйесі қоғамдық-тарихи дамудың нәтижесі болып табылады.

Қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым әр түрлі саяси институттардың, әлеуметтік саяси қауымдастықтардың тамыр жайған жиынтық тобын, олардың өзара әрекеті мен өзара қарым-қатынасының нормаларын және принциптерін бейнелейді. Өйткені саяси билік осы нормалар мен принциптер арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қоса қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым саяси процестер қалай реттелетінін де, саяси сала қалай қалыптасып, жұмыс істейтінін де көрсетеді. Қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым саяси өмірді қоғамдық өмірдің басқа бөлігінен бөліп қарауды қажет етеді. Сондықтан саяси жүйені қоғамдық жүйенің жиынтық

тобының жеке ішкі бағынысты жүйесі ретінде қарастыру керек. Саяси жүйе ішкі бағынысты жүйе ретінде қоғамдық басқа да ішкі бағынысты жүйелермен: әлеуметтік, экономикалық, моральдық, құқықтық, мәдени, идеологиялық және т.б. өзара әрекетте болады. Саяси жүйе осы қоғамдық қоршаған ортадан өз ресурстарын алады.

Саяси жүйе қоғамдық қоршаған ортамен бірлесе әрекеттесу, соған ықпал ету, сондай-ақ өз қызметін жөнге келтіру арқылы қоғамның әрқилы деңгейлерінде саяси үрдістердің құрылымдық-ұйымдастырушылық интеграциясын қамтамасыз етеді. Қоғамдық-қоршаған ортада биліктің мүдделері мен талаптарын қанағаттандыруға, оларды талдап, қорытындылауға, жалпы мәні бар саяси мақсаттарды орнықтыруға, биліктің қажетті ресурстарын іздестіру мен бөлуге және алға қойған мақсаттарды орындауды қамтамасыз етуге қабілетті біртұтас саяси орталық құрылып қалыптасады.

Біртұтас қоғамдық жүйе шеңберінде ішкі бағынысты жүйелердің бірлесе әрекеттесуінің сипаттамаларын қарастыру барысында қоғамның саяси жүйесінің өзіне тән орнын анықтап алу қажет. Осыған байланысты қоғамның саяси жүйесінің өзге де ішкі жүйеге бағыныстылар алдында өзіне тән «жоғары билікке» ие болатынын атап өткен жөн. Оның мәні мынада — саяси жүйелердің шеңберінде талданылып жасалынған саяси шешімдер, кесімдер, заңдар бүкіл қоғам үшін жалпы білім беретін сипатқа ие болады, яғни қоғамның өзге де бағынысты жүйелеріне тікелей әсер етеді. Сонымен бірге саяси жүйенің төтенше аса жоғары «жеке дербестігі», бағынысты өзге жүйелерге қарағанда азаматтардың іс-әрекеттеріне арнайы құқықтық және саяси нормалар арқылы қатаң реттеліп, әсер ететін ерекше тетігі және қалыптасу деңгейі болады.

Қоғамның саяси жүйесі басқа жүйелерден мыналар арқылы ерекшеленеді: ол әмбебап болып саналады және бүкіл қоғам мен оның барлық мүшелеріне өз бетінше әсер етеді; күш көрсетіп ырыққа көндіру тәсілдерін қолданғанда соны түбегейлі бақылауға ұмтылады; оның міндеттеуге негізделген шешімдерді енгізу құқығын қоғам заңды деп қабылдайды; оның шешімдері беделді-билікті болып саналады және оның жариялық күшіне орай бұл шешімдердің міндетті түрде орындалуы мүмкін.

«Қоғамның саяси жүйесі» ұғымын осыған біршама жақын өзге де ұғымдардан ажырата білу керек. Олардың қатарында мәселен, «қоғамның саяси ұйымы», «қоғамның саяси өмірі», «саяси құрылым», «саяси режим» секілді түрлері болады. Сондықтан «қоғамның саяси жүйесі» ұғымымен салыстырғанда «қоғамның саяси өмірі» деген ұғым аса ауқымды болып саналады. Ол барлық саяси байланыстарды, барлық деңгейлердегі қоғамның өмірінде болып жатқан құбылыстар мен үрдістерді қамтиды.

Саяси жүйе – оның кемелділігінің неғұрлым жоғары деңгейде болғанына қарамастан, бұл бар болғаны қоғамның саяси өмірінің бір бөлігі ғана. Қоғамның саяси өмірі үшін жүйелілік белгісі саяси жүйелер секілді оның ерекше сипаты болып саналмайды. «Саяси құрылыс» түсінігі саяси жүйеге де, сонымен бірге қоғамның саяси өміріне де қатысты. «Қоғамның саяси жүйесі» ұғымымен салыстырғанда анағұрлым тар ауқымды болып саналатын «қоғамның саяси ұйымы» ұғымы қоғамның саяси өміріндегі құрылымдық элементтердің біреуін, оның статистикалық бөліктерін құрайтын саяси институттар мен бірлестіктердің жүйесі деген ұғымды білдіреді. «Саяси жүйе» мен «саяси режим» ұғымдары өздерінің мазмұндары бойынша бір-біріне өте жақын болады. Сондықтан да олар бір-бірінің синонимдері ретінде пайдаланыла береді. Мәселен, ғылыми әдебиеттерде, сондай-ақ БАҚ-тар «демократиялық режим» – «демократиялық жүйе» деген ұғымдар көбінесе бір мағынада қолданыла береді. Алайда, олардың арасында бір-қатар өзгешеліктер бар. Саяси жүйенің бір түрінің шеңберінде саяси режимдердің өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін. Олай болса саяси режим дегеніміз – саяси билікті жүзеге асырудың түрлері мен әдістері бойынша бір-бірінен ерекшелінетін неғұрлым ауыспалы ұғым болып табылады.

Қоғамның саяси жүйесінің мәні көп жағдайларда саяси режим арқылы анықталып отырады<sup>1</sup>. Қоғамның саяси жүйесінің мәнін анықтауға келетін болсақ, бұл кезде ғылыми әдебиеттерде кездесетін осы міндетті шешуге арналған көптеген тәсілдерге назар аударған жөн. Бұдан көретініміз, біріншіден, қарастырылып отырған құбылыстың аса күрделі екендігі, екіншіден, ұсынылып отырған сипаттамалардың алға қойған мақсаттарға және зерттеудің пайдаланылып отырған әдістеріне тәуелділігі, саяси жүйенің мәнін анықтау кезінде тұтастай алғанда ең алдымен саясаттың негізгі бағыттарын – қоғамның интеграциясын және «билік» категориясында көрініс тапқан оның имманентті сапасын ескеру қажет. Осыған байланысты қоғамның саяси өмірінің мәні адамдардың іс-әрекеттерінің көріністерінен байқалады деп атап көрсеткен жөн. Бұл көріністер тікелей саяси билік арқылы жүзеге асырылады. Ал саяси билік қоғамның саяси жүйесінің өзегі болып саналады. Сондықтан қоғамның саяси жүйесі саяси билікке тікелей немесе өздерінің ұйымдары мен қозғалыстары арқылы ықпал ете алатын өлеуметтік топтардың, халықтардың сан қырлы мүдделерін білдіреді. Саяси институттар мен құрылымдардың атқаратын қызметтерінің нәтижесінде, сондай-ақ адамдардың басқарушы және

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Қоғамның саяси жүйесі: концептуалдық талдау // Абай атындағы Алматы университетінің Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. Алматы, 2003. № 2. 73-74 б.



басқарылатын саяси рөлді орындауы нәтижесінде саяси жүйе қоғамның әр түрлі өміріне максатты түрде әсер ете алады. Саяси жүйе тетіктерінің әлеуметтік қатынастарға әсер етуі — құндылықтар мен ресурстарды қоғамның ішінде билік жолымен бөлу қабілетіне негізделген. Осыған орай халыққа белгілі бір мөлшерлі шамалар мен іс-әрекеттерінің нормалары көрсетіліп беріледі.

Міне, осыған байланысты «қоғамның саяси жүйесі» ұғымы мемлекет пен қоғамның арасындағы, мемлекеттік емес деңгейдегі әр түрлі әлеуметтік субъектілердің арасындағы өзара қарым-қатынасының сипаттамасы ретінде пайдаланылады.

Саяси институттар мен құрылымдардың атқарып отырған қызметтерінің, адамдардың «басқарушы және басқарылушы» дейтін саяси рөлдерді орындауының нәтижесінде саяси жүйе қоғамның тыныс-тіршілігінің әр түрлі сипаттарына ықпал етеді. Саяси жүйе мемлекеттік билікті пайдалану, соған қатысу, соған жету жолында күресу негізінде әлеуметтік қауымдастықтар арасында өндірісті реттейтіндігін және игіліктерді бөлетіндігін атап өткен жөн.

Қоғамның саяси жүйесі сипатының оның әлеуметтік-экономикалық негіз арқылы тұжырымдалатынын да атап көрсету керек. Саяси жүйеде өндірістік қатынастарды өзгерту мен жетілдіру өндірістік күштер мен өндірістік қатынастар арасында пайда болатын қарама-қайшылықтардың бетін ашу және оны шешу жолы арқылы жүзеге асырылады. Міне, осы қарама-қайшылықты шешу — қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын тездетудің маңызды көздерін құрайды. Қоғамның даму үрдісінде пайда болатын осы қарама-қайшылықты шешу заңғарлығына ие болу үшін ең алдымен қоғамдық жүйенің өзі сол өзінің алдында тұрған міндеттер деңгейіне көтеріле алуы керек. Бұл — оны ұдайы жетілдіруді, дамудың экстенсивті факторларын жеңіп шығу кезінде, яғни осының алдындағы кезендерден сақталып қалған оның жекелеген буындары мен институттарындағы өлі де қолданыстан түспей келе жатқан енjarлықты жеңіп шығуды маңзейді.

Қоғамның осы заманғы дамуында пайда болатын қарама-қайшылықтарды шешу және нақты қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін экономикалық тетіктерді, жоспарлау жүйесін түбегейлі жақсартуды, қоғамдық өндірістің және қоғамның тыныс тіршілігінің барлық жақтарын елеулі түрде арттыруда қамтыған қолданыстағы өндірістік қатынастарды айтарлықтай деңгейде одан әрі жетілдіру керек. Қоғамның саяси жүйесі таптың табиғаты, әлеуметтік құрылыс, басқарудың формасы, мемлекеттің түрі, саяси режимнің, әлеуметтік-саяси қатынастардың сипаты, мемлекеттің саяси-құқықтық мәртебесі, қоғамдағы саяси-идеологиялық және мәдени қаты-

настардың сипаттары мен мемлекеттің тарихи түрі, тарихи және ұлттық құрылымдар мен саяси өмір салтының дәстүрлері және басқалар арқылы анықталады.

Саяси жүйе дегеніміз — мемлекет фокусы болып табылатын организмнің саяси билік арқылы тұтастай орталықтандырыла басқарылатын қоғамның барлық элементтерінің интеграциясын қамтамасыз ететін біршама тұйық жүйе. Ол солардың ұйымдасуы мен өкілдіктерін, билік әдістері мен тәсілдерін және саяси институттардың (саяси режим) қызметі, саяси билігі, саяси құндылығы, бағыт ұстануы мен саяси іс-әрекеттердің үлгісі бойынша әлеуметтік және саяси басқару құрылымдарының арасындағы өзара әрекет етудің жүйесін анықтайтын саяси институттарды (мемлекет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және т.б.), саяси-құқықтық нормаларды қамтиды. Саяси жүйенің негізі болып табылатындардың барлығы оларды диалектикалық біртұтас дүниеге біріктіреді, бұл — мемлекеттік билік.

«Қоғамның саяси жүйесі» ұғымы — қоғамның әлеуметтік-саяси табиғатын, ондағы болып жатқан саяси қатынастарды, институттарды, билікті ұйымдастырудың нормалары мен принциптерін неғұрлым толық ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Қоғамның саяси жүйесі саясаттанудың категориясы ретінде, біріншіден, биліктің әлеуметтік мазмұнының сипатын, оны таратушыны, экономикалық құрылыспен өзара әрекеттесуін қамтиды, екіншіден, билік тұтқасы жүзеге асырылатын және саяси қатынастар реттелетін институттардың, ұйымдардың жүйесіне жол сілтейді, үшіншіден, саяси билік институттары қызметтерінің принциптері, нормалары, осы қызметтердің бағыттары айқындалады.

Қысқасын айтқанда қоғамның саяси жүйесі дегеніміз соның механизмі<sup>1</sup>, күші арқылы қоғамдағы билікті, басшылықты және басқару қызметін жүзеге асыратын тұтастай бір тетік. Қоғамның саяси жүйесінің қызметі — қоғамдағы болып жатқан саяси қатынастарды және ондағы саяси үрдістерді реттеуге бағытталған қызмет. Қоғамның саяси жүйесі шеңберінде жеке тұлғаны саяси әлеуметтендіру, нақты саяси бағдарлама мен бағыттарды талдау, қоғамдағы біртұтастық пен келісімді қамтамасыз ету, сақтау және нығайту мақсатында әр түрлі әлеуметтік саяси күштердің мүдделерін келістіруге, ресурстарды бөлуге, қоғамдық пікірлерді қалыптастыру мен пайдалануға, саяси әлеуметтік норма түзушілікті реттеуге және басқа да жағдайларға қатысты жұмыстар жүзеге асырылады.

Олай болса, қоғамның саяси жүйесі тұтастай алғанда әр түрлі саяси ресурстардың, әлеуметтік саяси қауымдастықтардың жиынтығынын

---

<sup>1</sup> Қараныз: *Рудич Ф.М.* Политология: теоретический и прикладной контекст // Социально-политический журнал. М., 1996. № 5. С. 58.

құқықтары мен басқа да әлеуметтік нормалары негізінде реттелген, солардың арасындағы өзара әрекеттесу мен өзара қарым-қатынасының түрлері болып саналады деуге толық негіз бар. Осылардың барлығы өзгеріп жатқан жағдайларда тікелей саяси билік арқылы қоғамның алға жылжуы мен соған бейімделуін қамтамасыз етеді. Бұл ретте саяси жүйе ұғымы мен мәнін нақты талдау барысында оның ішкі құрылымы мен негізгі функциясын анықтап алу талап етіледі.

## 2. Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы мен функциялары

Кез келген қоғамның саяси жүйесі қоғамның тұрақтылығы мен өмір-шендігін кепілдендіре алатын белгілі бір тетіктердің болуы арқылы сипатталады. Әлеуметтік саяси принциптер мен нормалардың жүйесі, сондай-ақ саяси тұрмыс-тіршіліктің дәстүрлері, моралі, этикасы осы тетіктің аса маңызды буыны болып саналады. Бұл ретте қоғамның саяси жүйесі ұзақ уақыт бойы эволюциялық өрлеу кезеңдерінен өтуі мүмкін. Алайда, бұл жетілу кезеңдері тез, төңкеріс жағдайында жан-жақты өзгеруі де ықтимал<sup>1</sup>. Бұл қоғам мүшелерінің белсенді әлеуметтік-саяси деңгейіне және олардың саяси мәдениетіне де байланысты болады. Осыған байланысты қоғамның әрбір саяси жүйесінің сан қырлы және көп өлшемді болатындығын атап өткен жөн. Онда әдеттегідей әртүрлі құрылымдар, функциялар мен қатынастардың бір-бірімен үйлесуі жиі кездеседі. Бұдан саяси институттар мен үрдістер және басқа да жағдайлар тысқары қалмайды. Қазір жұмыс істеп жүрген көптеген саяси институттар мен үрдістер сонау ерте кездің өзінде пайда болған еді және олар әр түрлі тарихи кезеңдер мен құрылымдық жүйелерге жатқызылады.

Қоғамның саяси жүйесі сан қырлы өлшемді екендігі рас. Өйткені олар бірнеше қат-қабат қыртыстардан тұрады. Алайда мұндай қыртыстар уақыт өткен сайын өзін мүлде жойып жібермейді. Қазір де олар біршама өзгергенімен, сол қалпында, заман ағымына орай жұмыс істеп келеді. Кейбір жағдайларда бәз-баяғы кейбір саяси институттар елеусіз, тіпті белгісіз баяу қимылдайтындай болып көрінгенімен олар әлі де өзінің күшін жоя қойған жоқ. Ал кейбір жағдайларда олар сонау тереннен қопарыла өніп шыққандай көрінеді де, бірінші орынға көтеріледі. Сөйтіп кейіннен пайда болған саяси институттарды шетке ысырып тастап, бүгінгі жағдайды белгілеуге кіріседі.

Саясатты нақты іс жүзіне асыру кезінде осының барлығы жаңаша көзқарасты қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан «өткен заманның

<sup>1</sup> Санистебан Л.С. Основы политической науки. М., 1992. С. 83-84.

қалдықтарын» дер кезінде анықтау проблемаларын тұрақты түрде зерттеп білуге назар аударған жөн. Сонда ғана белгілі бір елдегі әлеуметтік-саяси прогресс жолына осындай ескіліктің бірқатар сарқыншақтарының кедергі келтіре алатындығын немесе олардың қоғамның саяси жүйесін дамытуға тежеу жасауы мүмкін екенін анықтап, оларды дер кезінде жоюдың жолдарын қарастыруға мүмкіндік туады. Осыған байланысты мыналарды да ескере кеткен жөн секілді. Өткен кездердегі қатпарлы қыртыстармен бірге біз осы заманға лайық пайда болған жаңа тұғырнамалардың да алдымыздан кездесетінін ұмытпауға тиіспіз. Қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттар өздерінің орасан зор түрлері арқылы ерекшеленеді. Өйткені оларды тудыратын себептер де тым әрқилы болады. Үнемі алға жылжу дегеніміздің өзі қоғамның кез келген саяси жүйесіне тән өзіндік сипаттама екендігін есте ұстағанымыз лазым. Сондықтан қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттардың аса ауқымды әрқилы формалары арқылы бір-бірінен ерекшеленетіндігін атап көрсеткен жөн. Өйткені оларды тудыратын себептердің өздері де әрқилы болады. Кез келген қоғамның саяси жүйесінің өзіне тән сипаты оның алға қарай қадам басуына әсер етеді. Сондықтан да қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттардың бір бөлігі бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келеді, алайда олардың, қалай дегенмен де, сонау алыстағы болашақты көксейтіндігі рас.

Сонымен әрбір елде, қоғамның әрбір саяси жүйесінде өткендегіге, қазіргіге және болашаққа қатысты саяси институттар мен құрылымдарды байқауға болады. Қоғамның әрбір саяси жүйесінің бірқатар шеңберлері, шекаралары болатыны рас, қоғамның саяси жүйесінің шекаралары көп жағдайда нақты айқындалмайды, көмескі болып көрінеді, әр түрлі бағынысты ішкі жүйелер бір-бірімен тоқайласып тұрады. Кейде олар бірін-бірі қайталайды. Қоғамның саяси жүйесінің шеңбері сол жүйенің міндетті шешімдерінің, іс-әрекеттерінің шекаралары арқылы айқындалады.

Сондықтан да қоғамның саяси жүйесі тиісті саяси құрылымдарды, үрдістер мен ішкі жүйелерді камтиды деп айтуға болады. Олардың арасында өзара байланыс орнатылады. Олар соның шеңберінде, ал кейбір жағдайларда өз шеңберінен асып түсетін ауқымда жұмыс істейді. Бұл ретте қоғамның саяси жүйесінің әрқилы элементтері арасында тікелей және кері байланыс пен өзара әрекеттестік орнығады. Міне, осыған байланысты саяси өмірдің сан алуандығы мен сан қырлылығы, әр түрлі тұрғыда оларды талдау мүмкіндіктері қоғамның саяси жүйесінің негізгі құрылымдары болып саналады.

Қоғамның саяси жүйесі дегеніміз, бұл өз бетінше күрделі институционалды ұйымдасқан құрылым болып есептелінеді. Ғылыми әдебиеттерде қоғамның саяси жүйесін құруға әр түрлі әдістердің қолданылатыны сөз

болады. Оның құрылымында ең көп тарағандары мына компоненттер (ішкі жүйелер): институционалды, нормативті-реттеуші, ақпараттық-коммуникативті, функционалды, мәдени және идеологиялық. Қоғамның саяси жүйесінің институционалды компоненті қоғамның саяси институттарының бүкіл жиынтығын қамтиды және қоғамның саяси өмірінің құрылымын құрайды. Бұл – қоғамның саяси жүйесінің орталық компоненті. Ол адамдар арасындағы биліктік қарым-қатынастарға «объективті орнығу» сипатын береді. Институциялық компонент – бұл «өлшеуге көнетін», бақылау мен зерттеуге аса қолайлы қоғамның саяси жүйесінің бір бөлігі. Бұған тармақталған басқару және бақылау органдары, саяси партиялар, қоғамдық саяси қозғалыстар, бірлестіктер, мүдделілер топтары және басқа ұйымдары бар мемлекет жатқызылады. Осы жерде қоғамдық пікірді қалыптастыру үрдісіне елеулі түрде ықпал етуге қабілетті компоненттер ғана елеулі мәнге ие болатынын атап өткен жөн.

Институционалды компонент – бұл қоғамның саяси организмнің саяси ұйымын құратын аса маңызды «орғандарының» жиынтығы. Қоғамның саяси жүйесі құрылымының нормативті реттеуші компоненті қоғамда үстемдік етуші саяси қызметтің ережелерін айқындайды. Ол мемлекеттік органдар бекітетін және адамдардың қарым-қатынасы мен саяси жүйедегі солардың таптарын реттейтін тиісті құқықтық нормалар секілді мораль, саяси дәстүрлер мен салттардың жиынтығын қамтиды. Егер алғашқысы мемлекеттің жазалаушы аппаратының қуаты арқылы қолдау табатын болса, онда соңғысы қоғамдық пікірдің күшімен және тәртіп бұзушыларды қоғамдық кепілдікке алу, сондай-ақ қоғамның саяси жүйесіндегі жеке-леген элементтер арасындағы қалыптасқан қатынастардың селкостығы арқылы ғана қорғалады. Алайда, саяси қатынастардың барысын реттейтін құқықтық нормалар да, салт-дәстүрлер де бір-бірімен тығыз байланыста болып бір-біріне өзара ықпал етеді. Мәселен, бірқатар замана ағымы арқылы тұжырымдаған саяси жүйедегі мінез-құлықтың моральдық нормалары уақыт өте келе заңдылықтар арқылы бекітіледі, олар мемлекет арқылы қорғауға ие болады да, құқықтық нормалары қатарына жатқызылады.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымдарының нормативті-реттеуші компоненті – бұл конституция, партиялардың жарғылары мен бағдарламалары, саяси тұрмыс-тіршілікті анықтайтын және реттейтін дәстүрлер мен процедуралар түрінде өмір сүріп келе жатқан және қолданылып отырған саяси-құқықтық нормалардың, ережелердің жиынтығы. Бұл ретте қоғамдық қатынастардың жалпы мүдделер мен тұрақтылығын сақтауды қамтамасыз етуге тиісті адамдардың, топтардың, ұйымдардың іс-әрекеттері мен қызмет тәсілдерін орнықтыру, солардың мемлекетпен екі арадағы өзара қарым-қатынасын жөнге келтіру түрлері екендігін ескеру керек.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының ақпараттық-коммуникативті компоненті — саяси жүйенің әрқилы элементтері арасындағы байланысты және ақпараттар алмасуды қамтамасыз етеді. Бұған үкіметтің, тұтастай қоғамның жағдайы және оның жекелеген жүйелері туралы қажетті ақпараттар жинаудың әртүрлі формалары, сондай-ақ, мемлекеттің жүргізіп отырған саяси бағытына ықпал ету мақсатында әрқилы мүдделі қоғамдық топтардың, саяси партиялар мен қозғалыстардың мемлекеттік органдармен байланыс орнату құралдары жатқызылады. Ақпараттық-коммуникативті компонент сенімді және қоғам мен мемлекеттің жағдайына бара-бар сәйкес келетін, қоғамның саяси жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Ақпараттық-коммуникативті компоненттердің құрамында бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқарады. Олар аса кең ауқымда саяси ақпараттарды тез таратуға мүмкіндік алады, сөйтіп халықты жаппай қамтуды қамтамасыз етеді. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы саяси сананы қалыптастыру мен өзгертуге, сонымен бірге қоғамды дамытуға елеулі деңгейде ықпал етеді. Осының барлығы азаматтардың саяси институттарды қабылдауы және олардың құрылымдарын өзгерту мәселесіне қатысуы арқылы сипатталады.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының ақпараттық-коммуникативті компоненті — бұл саяси тыныс-тіршіліктің «күретамыры» және партиялар мен мемлекеттің арасында, саяси және экономикалық қосалқы ішкі жүйелердің арасында, таптардың, әлеуметтік топтардың, ұлттардың, елдегі жеке адамдардың арасында белгілі бір саясатты талдауға және өмірге енгізуге байланысты саяси билікті ұйымдастыруға, жүзеге асыруға және дамытуға қатысты қалыптасқан өзара әрекет етудің әрқилы қарым-қатынастары мен түрлерінің жиынтығы. Сонымен бірге ол әрқилы елдердің саяси жүйелері арасындағы байланыстардан да тұрады.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының функционалдық компоненті саяси қызметтің түрлері мен бағыттарында, әрқилы саяси үрдістерде, саяси билікті жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерінде көрініс табады. Сондықтан қоғамның саяси жүйесі құрылымындағы функционалдық компоненті жекелеген әлеуметтік, әлеуметтік саяси институттар секілді, олардың топтары арқылы да жүзеге асырылуға тиісті рөлдер мен функциялардың жиынтығынан құралады. Бұл ретте ол саяси режимнің негізін құрайды.

Қоғамның саяси жүйесі құрылымының мәдени компоненті — бұл саяси жүйені жетілдірудің факторы, белгілі бір қоғам үшін қалыптасқан саяси көзқарастардың (стереотиптердің) үлгілерін жоюға арналған белгілі бір үлгідегі кешендер. Бұл ретте ол азаматтардың саяси өмірге араласуына ықпал ететін субъективті факторлардың — саяси мәдениет, саяси психология, менталитет, ұлттық мінез-құлық және басқадай жиынтығын көрсетіп

береді. Қоғамның саяси жүйесі құрылымының идеологиялық компоненті — бұл қоғамның саяси өміріне қатысушылардың саяси көзқарастарының, идеяларының, теорияларының, тұжырымдамаларының, түсініктерінің өз мазмұны бойынша әр түрлі жиынтығы.

Саясаттану әдебиеттерінде қоғамның саяси жүйесі құрылымдарының компоненттері (элементтері) жөнінде басқа да нұсқалар, үлгілер және көзқарастар бар екендігін айта кеткеніміз жөн. Мәселен, кейбір саясаттану әдебиеттерінде саяси жүйенің негізгі компоненттері ретінде: саяси ұйымдарды; саяси қатынастарды; саяси және құқықтық нормаларды; саяси сананы және басқаларды келтіреді. Қоғамның саяси жүйесі компоненттерінің әрқайсысы өзінің дербес ерекше құрылымдары, сыртқы және ішкі ұйымдастырушылық түрлері мен мүдделерді білдіру әдістері болады. Осы элементтердің дұрыс жұмыс істеуі тұтастай қоғамның саяси жүйелерінің барлық қызметтері үшін бірінші кезектегі маңызы болады.

Осыған байланысты мынаны атап өткен жөн — Қазақстанның осы заманғы саяси жүйесі аса күрделі өтпелі (ауыспалық) кезенді бастан өткізіп отыр. Осы жүйенің барлық негізгі элементтері әлі де болса қалыптасып біткен жоқ. Оның үстіне барлық элементтердің сипаттары мен формаларының қандай болатындығы да әзірше белгісіз. Сондай-ақ жаңа саяси жүйелердің қоғаммен екі арадағы өзара қарым-қатынасының қандай болатындығы да нақты айқындалмаған.

Қоғамның саяси жүйесінің аса мәнді сипаттамаларының бірі — оның өміршеңдігі<sup>1</sup>. Бұл оның белгілі бір функцияларын орындау үрдісінде көрініс табатын болады. Осыған байланысты қоғамның саяси жүйесінің функцияларын түсіндіруде саясаттануда әлі де болса пікірлердің шашырап, бір жерге тоғыспай келе жатқандығын атап өткен орынды. Қоғамның саяси жүйесінің бүгінгі таңдағы қызметі әлі де болса тұрақты түрде қалыптаса қойған жоқ. Әлгінде айтылған пікірлердің әрқилы болуы да осыған байланысты секілді. Саяси жүйе тарихи-саяси жағдайлардың және қоғамның саяси жүйесінің дамуына орай өз түрін өзгерту үстінде. Қоғамның саяси өмірінің қызмет істеуі бір-бірімен тығыз байланысты болады, олар бір-бірін толықтырып отырады. Алайда, қалай дегенмен де олар дербес дамиды.

Қоғамның саяси жүйесінің функциялары қоғамдық организмнің біртұтастығын сақтауды және оның ішкі және сыртқы тәртіптерге, өзгерістерге орай бейімделуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрақты, қалыптасқан саяси жүйелер үшін мынандай функциялардың сипаты болуы тиіс: қоғамды дамытудың мақсаттарын, міндеттері мен жолдарын

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Александров И.П.* Политическая система и ее проблемы. Воронеж, 2010.

анықтау; мақсаттар мен бағдарламаларды орындау; материалдық және рухани құндылықтарды бөлу; мемлекеттің әркімге мүдделерін әлеуметтік қауымдастықтармен келісу; қоғамдағы адамдар мен топтардың ережелерін және заңдарын талдап жасау; саяси құрылыстың ішкі және сыртқа қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету; саяси сананы қалыптастыру, қоғамның мүшелерін саяси қызметке қатыстыру; заңдар мен ережелерді орындауға, сақтауға бақылау орнату, саяси нормаларды бұзатын әрекеттердің алдын алу. Осыдан көріп отырғанымыздай, қоғамның саяси жүйесі қоғамның жалпы қоғамдық жүйесінің анағұрлым қосалқы жүйесі ретінде өзіне тән функцияларды орындайды. Оның негізгі өзіндік функцияларын: интеграциялық, мақсаткерлік, ұйымдастырушылық, реттеушілік және бақылау орнатушылыққа бөлуге болады деп ойлаймын. Жалпы сипатта ол былайша тұжырымдалады. Саяси жүйе қоғамның тұрмыс-тіршілігінің экономикалық негіздерін, әлеуметтік және ұлттық құрылымдарын, демографиялық және экологиялық үрдістерді, халықтың білім деңгейін, қоғамдық сананың жағдайын, рухани-идеологиялық өмірді, халықаралық жағдайды қоса алғанда қоғамның жай-күйін көрсетеді. Әлеуметтік мүдделердің негізгі топтары саяси жүйе арқылы бір ортаға шоғырландырылады, әлеуметтік артықшылықтар тізбектеліп қойылады. Міне, осыдан соң ол саясаттағы өз көрінісін табады. Мәселен, қазіргі таңда саяси билік құрылымының аса маңызды міндеті болып мыналар саналатын нарыққа қатысты бұрынғы үрейлі көзқарасымызды жеңуге, сөйтіп тек нарыққа өту кезеңінде ғана емес, нарықтық экономикадағы әлеуметтік бағыт ұстаушылығымызды табу кезінде әлеуметтік мүдделердің тепендігін таба білуге тиіспіз. Қоғамның саяси жүйесінің, функцияларындағы аса маңызды міндеттердің бірі міне, осылар.

Қоғамның саяси жүйесіндегі негізгі функциялардың бірі – интеграциялық функция болып саналады. Қоғамдағы саяси жүйенің интеграциялық функциясының мәні мынада – ол интеграцияда негізгі құндылықтарды орнықтыру негізінде әлеуметтік және мәдени құрылымдардың барлық элементтерін біртұтас қоғамдық игіліктерге біріктіру болып табылады. Қоғамдағы саяси жүйенің мақсаткерлік функциясы да ерекше маңызға ие болады. Мақсаткерлік функция қоғамды дамытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтаудан тұрады.

Қоғамның саяси жүйесінің ұйымдастырушылық функциясы дегеніміз – адам, материалдық және рухани ресурстарды қоғамның алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді орындауға арналған міндетке жұмылдыру болып саналады. Қоғамның саяси жүйесінің реттеуші функциясы дегеніміз – бұл ең алдымен саясатты жария ету, яғни саясат пен билікті қоғамның мойындауын; азаматтардың саясатқа қатысуын қамтамасыз ету.



Сонымен бірге ол қажетті білім беру мен іс-тәжірибелерді кең түрде тартуға бағытталады. Қалың бұқараның саяси шешімдерді дайындауға және оларды қабылдау үрдісіне қатысуының тиімділігін осындай жолдар арқылы қамтамасыз етуге болады. Міне, осының барлығы саяси жүйенің қоғамның нақты жағдайында, бара-бара сол жағдайда әрекет етуіне мүмкіндік тудырады.

Реттеуші функция жоғары деңгейдегі басқару субъектісі ретіндегі саяси жүйенің мүмкіндіктерін көрсетіп береді. Қоғам мен оның жүйелері, экономика мен мәдениет салалары, аймақтар, әлеуметтік қауымдастықтар, сонымен бірге олардың даму үрдістері басқару объектілері болып саналады. Осы мақсат үшін басқару қалыптарының негізгі функциялары жүзеге асырылады. Оларды атап өткен жөн: ақпараттар өңделеді және пайдаланылады, қаулылар қабылданады және жүзеге асырылады, кадр мәселелері шешіледі, бақылау жүзеге асырылады.

Қоғамның саяси жүйесінің бақылаушылық функциясы дегеніміз, бұл саяси жүйенің әрқилы әлеуметтік топтардың шиеленісін және қоғамның әлеуметтік тұтастығын бақылауы болып саналады. Осы функцияны орындаған кезде саяси жүйе тұрақты әлеуметтік ширығуды босаңсытады, өзара талас-тартысты жеңуі тиіс. Бұған материалдық және рухани ресурстарды, саяси артықшылықтарды, мәдени жетістіктерді, яғни барлық құндылықтарды бөлуге бақылау орнату арқылы, әр түрлі білім түрлері мен демалыстарға халық бұқарасының қатысуына жол ашу арқылы қол жеткізуге болады. Ал, бақылауға келсек, бұл әр түрлі болуы тиіс, бақылау кезінде құндылықтарды жалпыға ортақтастырып, тең бөлуге жол бермеген жөн.

Қоғамның саяси жүйесінің негізгі функцияларының міндеттеріне келсек, бұл ретте қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге, негізінен алғанда қоғамдық топтар арасындағы біртұтастыққа қол жеткізуге назар аудару керектігі дау тудырмауы тиіс. Өйткені кез келген қоғамда байлық, билік, артықшылық мәселелері бойынша бақталастықтар мен бәсекелестіктер бір мезгілде қалыптасып отырады. Сондықтан саяси жүйе осындай әлеуметтік бәсекелестіктің аса қолайлы жағдайда өтуін бақылауы тиіс. Бұл ретте осындай бәсекелестік қоғамның тұрақтылығы мен бірлігіне теріс әсер етпеуін қарастырған да жөн. Аса шиеленіскен және қауіпті әлеуметтік дау-жанжалдар туа қалған жағдайда саяси жүйе оны күшпен басып тастауы немесе белгілі бір ресурстарды қайта бөлудің көмегі арқылы реттеуі, сөйтіп кез келген талапты қанағаттандыруы тиіс.

Саяси жүйе тиімді немесе тиімсіз болуы да мүмкін. Бұл оны халықтың талаптарын қанағаттандыру қабілеті арқылы өлшенеді. Саяси жүйе тұтастай немесе жекелеген институттары арқылы өздерінің функцияларын қанағаттанарлық деңгейде орындауға қабілеті жетпеген кезде, әдетте мұны

саяси дағдарыс деп атайды. Саяси жүйедегі әрқилы өзгерістер шиеленісе келе дағдарыстарға ұшыратады. Бұлар саяси бағыттың, үкіметтің өзгеруі немесе ауысуы, парламенттің мерзімінен бұрын сайлануы немесе саяси тәртіпті алмастыру кезіндегі терең дағдарыс жағдайында көрініс табуы мүмкін.

Саяси жүйе қоғамды ілгерілетіп дамытуға қабілеттілігі арқылы сипатталады. Оның түп тамыры сыртқы ортаның өзгерген талаптарына дер кезінде көңіл аударуға барып тіреледі. Саяси жүйе қайта жаңғыртулардың жаңа талаптарының ықпалы арқылы өзін-өзі игеруге қабілетті болуы тиіс. Бұл ретте оның қайта жаңғыруы қоғамның саяси жүйесінің түрлері мен жіктелуін анықтау кезінде аса маңызды болып саналады.

### 3. Қоғамның саяси жүйесінің түрлері және оларды жіктеу

Бір-бірінен объективті және заңды түрде қалыптасқан мәдени және әлеуметтік-тарихи ерекшеліктерімен ерекшеленетін қоғамның саяси жүйелерінің әр түрлі формалары өмір сүреді. Бұлардың қай-қайсысында өзіндік ерекшеліктері бола тұра, олардың барлығына тән белгілі бір ортақ белгілер, сипаттамалар болады. Мұның өзі барлық саяси жүйелерді бөлуге, немесе жекелеген саяси жүйелерді сол және басқа да принциптер мен критерийлер негізінде белгілі бір топтарға біріктіруге мүмкіндік береді. Қоғамның саяси жүйелерін типтендіруде (түрге бөлуге) әр түрлі қырынан және критерийлер тұрғысынан келуге болады, бұл әр түрлі негіздерге сүйене жасалынатындықтан, ол көп қырлылығымен ерекшеленеді<sup>1</sup>.

Қоғамдық құрылыстың сипаты, саяси режим, мемлекеттік форма, қоғамның экономикалық даму деңгейі, әлеуметтік даму тенденциясы, азаматтардың құқығы мен бостандығын жүзеге асырудың әдістері мен мүмкіндіктері, плюрализм, азаматтық қоғамның орнығуы немесе болмауы, саяси мәдениеттің деңгейі және тағы басқа факторлар қоғамның саяси жүйелерін жіктеудің көпшілік мақұлдаған негізгі критерийлері болып табылады. ХХ ғасырдың бас кезінде қоғамның саяси жүйелерін типтендіруде қоғамдық құрылымды талдаудың бір-біріне қарсы маркстік және веберлік дәстүрлері көрініс берді. Саяси жүйені талдауға маркстік тұрғыдан келудің мәні қоғамның саяси жүйесінің қызметі мен оның дамуында таптық факторларды абсолюттендіруге келіп саяды. Саяси жүйелер, ең алдымен, олар қай таптың саяси мүддесін білдіргендігіне, әлеуметтік-экономикалық құрылымның сипатына және қоғамдық-экономикалық формацияның түріне байланысты ерекшеленеді. Осыған сәйкес қоғамның

---

<sup>1</sup> Қараныз: *Алмонд Г. и др. Сравнительная политология сегодня. Мировой обзор. М., 2002.*

саяси жүйелері құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік болып бөлініп отырады. Саяси жүйелерді бұлай типтендірудің басты ерекшелігі бөліп көрсетілген осы түрлердің бір-біріне қасарысқан қарама-қарсылығында болып отыр.

Саяси жүйелерді типтендіру негізі қоғамның саяси жүйелері қызметінің формасы мен әдістері болуы да мүмкін екендігін айтқан жөн. Мұндай талдаудың негізін М. Вебер қалаған. Ол саяси жүйелердің түрлерін экономикалық детерминдеуге қарсы болды. Қоғамды экономикалық құрылымға танып, байлап қою өсте де дұрыс емес, мұндай жағдайда бір типті базисте неліктен әр түрлі саяси жүйелер пайда болатынына түсінік беру қиын. Оның көзқарасы бойынша, ең бастысы – дәуірдің өлеуметтік сипатымен, азаматтық қоғамның даму деңгейімен, бұқараның күткен талаптарымен, билікті негіздеу әдістерімен, элитаның іске икемділігімен анықталатын билік жүргізудің детерминденген әдісі болып табылады.

Заңдылығына және билік етудің үлгісіне қарай бағдар ұстауға байланысты саяси жүйелер дәстүрлі, харизматикалық, рационалды болып бөлінеді. Бұл мәселелерді зерттеуге Вебер тұрғысынан келу саяси жүйелерді типтендірудің осы заманғы дамуына үлкен ықпалын тигізді. Американдық саясаттанушы Г. Алмондтың саяси жүйелерді жіктеуі де кеңінен тараған әдістердің бірінен саналады. Ол оларды саяси мәдениеттің үлгісі және саяси процеске қатысушылардың өзара ішінде саяси рөлдерін бөліп көрсету бойынша ажыратуды ұсынды. Г. Алмонд саяси жүйелердің ағылшындық-американдық, континентальды-еуропалық, индустриалдыға дейінгі немесе ішінара индустриалдық және тоталитарлық деп аталатын төрт түрлі үлгісін бөліп көрсетеді.

Ағылшындық-американдық саяси жүйе (АҚШ, Ұлыбритания) үшін саяси процеске қатысушылардың; мемлекет, партиялар, мүдделі топтар т.б. арасында саяси рөлдер мен қызмет бөлісудің жоғары деңгейде жүргізілуі тән. Бұл жүйе гомогендік және плюралистік саяси мәдениеттің болуымен сипатталады. Саяси процестің көптеген субъектілері саяси жүйе құрылымының негізгі принциптерімен, көпшілік мақұлдаған нормалармен және құндылықтарымен келісетіндіктен де оны гомогенді деп айтуға болады. Саяси мәдениет адамның бас бостандығы мен қауіпсіздігі идеясына, барлық мүдделер мен позициялардың заңдылығына негізделген, бұл сәуінің арасында толеранттылық басым мәнге ие, ол қоғам мен элитаның тығыз одағы болуына, нақты саяси бағытты ұстануға жағдай жасайды. Саяси партиялар, мүдделі топтар, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты өзіндік рөлі бар құрылымдар бостандықтың дәмін татып жүргені сөзсіз.

Әрбір жеке индивид бір мезгілде бір-бірімен араласып, қабысып кеткен көптеген топтардың құрамына кіруі де мүмкін. Саяси жүйенің осынау

түріне асқан ұйымшылдық, жоғары деңгейдегі тұрақтылық, ұтымды әрекет, оның әр түрлі элементтерінің қызметін дамыту мен олардың арасындағы билік бөлісу сияқты сипаттар тән. Ағылшындық-американдық саяси жүйе мен мәдениет сондай-ақ антиэтатизмге, эгалитаризмге, және дарашылдыққа негізделген. Континенталды-еуропалық саяси жүйе (Франция, Германия, Италия және Батыс Еуропадағы басқа да елдер) өзінде ескі және жаңа саяси мәдениетті топтастырады. Сонымен бірге ол тұтас алғанда жалпы базасы бар саяси мәдениеттің фрагменттігімен ерекшеленеді. Ол үшін ескі және жаңа мәдениеттің қатар өмір сүруі сипатты нәрсе, ал қоғам бір-біріне сай келмейтін, карама-қарсы құндылықтарымен, идеалдарымен, бағдарларымен, мінез-құлық нормаларымен, стереотиптерімен ерекшеленетін көптеген мәдениеттерге бөлінген. Мүдделі топтардың, партиялардың т.б., халықтың қажеті мен талабын саяси альтернативаға ұластыру мүмкіндігі шектелген, бірақ, басқа әлеуметтік ұйымдардың (мәселен, діни, ұлттық және т.б.) күш-жігері мен мүмкіндігі әр түрлі негіздік мәдениеттер арасындағы карама-қайшылықты үдете түседі. Алайда саяси жүйеде негіздік субмәдениеттер арасында болатын карама-қайшылықтар ортақ мәдени негіз — либералдық құндылықтар бар болғандары да қоғамдық келісімге қол жеткізуге бөгет бола алмайды.

Индустриалдыға дейінгі немесе ішінара индустриалдық саяси жүйе аралас саяси мәдениетті бағдарда ұстайды. Бұл жүйеде карама-қарсы бағыттағы саяси бағдарлар бар және жүйе қызметі ешқандай шектелмеген. Индустриалдыға дейінгі және ішінара индустриалдық саяси жүйелердің аралас саяси мәдениеті негіздік жергілікті саяси субмәдениеттен құралады, оның негізінде ағайындық рулардан қауымдастардың және тайпалардың құндылықтары жатыр. Соған карамастан мұндай саяси мәдениеттің қалыптасу жағдайларының өзі қасиетті деп саналатын әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің, байланыстардың бұзылуымен, тұрақсыздықтың өсуін сезінумен бірге жүріп отырады. Тәртіптілік пен қорғаныш іздеген адамдар харизматикалық лидерге өтінішпен барады. Коммуникация және үйлестіру тұрғысынан келгенде бұл процестер қоғамдағы қарым-қатынасты қиындата түседі. Осы үлгідегі саяси жүйеге билікті бөлуді көмескі жүргізу, бостандықты шектеу, зорлық-зомбылықты қолдану тән болмақ. Мұнда күш қолданбай келісім мен ымыраға келу іс жүзінде мүмкін емес. Күш қолдану жолымен қоғамды интеграциялау билікті шоғырландыруға өкеледі.

Тоталитарлық үлгідегі саяси жүйеде саяси мәдениеттің тоталитарлық сипатын танытатын саяси белсенділіктің мәжбүр етуші үлгісі орнынып, бекиді. Тоталитарлық саяси жүйе қатаң орталықтандырылуымен және ортақ билік жүргізу орталығының бақылауында болуымен сипатталады. Саяси істерге қатысу және демократиялық процедуралар формалды түрде

ғана болады. Билік монополиялық билік жүргізуші партиялардың, не әлдебір топтардың және бюрократтық аппараттың қолына шоғырланады. Партия қоғам мен жеке адамның тіршілік әрекетінің барлық қырын бақылайтыны белгілі. Әлеуметтік- мәдени өрісте таптық, ұлттық немесе діни құндылықтарға басымдық беріледі және бұл қоғамның барлық саяси жүйесіне міндеттелінеді.

Француз саясаттанушысы Ж. Блонделяның саяси жүйелерді жіктеуі кеңінен танымал болып отыр. Ол саяси жүйелерді басқарудың мазмұны мен формасы бойынша танып-білуді ұсынады және оны бес түрлі үлгіге: либералдық, радикалды-авторитарлық немесе коммунистік, дәстүрлілік, популистік және авторитарлық-консервативтік деп бөледі. Либералдық саяси жүйе — бұл дарашылдық, бостандық пен жауапкершілік құндылықтарына бағдарланған саяси шешімдер қабылдау болып табылады. Радикалды-авторитарлық (коммунистік) саяси жүйе теңдік пен әлеуметтік әділеттілік құндылықтарына бағдар ұстайды. Дәстүрлі саяси жүйе — бұл олигархтар басқаратын саяси жүйе, оларға консерватизм әдісі тән және ол экономикалық-әлеуметтік игіліктердің, сондай-ақ, әлеуметтік мәртебелердің тең бөлінбеуіне бағыт-бағдар ұстайды.

Популистік саяси жүйе — бұл дамушы елдерде өзінің авторитарлық әдістері және игіліктерді бөлуде теңдікке көбірек ие болуға бағытталған басқару тәсілдері арқылы басымдыққа ие болып отырған саяси жүйе. Ал, авторитарлық-консервативтік саяси жүйе — бұл әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктің сақталуын және халықтың саяси істерге қатысуын шектеуді көздейтін саяси жүйе.

Саяси жүйелерді Ресей саясаттанушысы В. Е. Чиркиннің жіктеуі де қызығлықты. Ол саяси жүйенің командалық, жарыспалылық және әлеуметтік бітімгершілік секілді үш басты үлгісін бөліп көрсетеді. Командалық саяси жүйе көне заманнан бері белгілі. Оның басты белгілері: әкімшілік, мәжбүр етушілік. Соңғысы әр түрлі формада, соның ішінде салыстырмалы түрде жұмсақ формада жүзеге асырылуы мүмкін. Жарыспалылық саяси жүйенің басты көрсеткіші — бұл әр түрлі күштердің саяси күресі, олардың саяси процестегі еркін бәсекелестігі болып табылады. Әлеуметтік бітімгершілік саяси жүйе ымыралық және консенсустік ізденістерімен сипатталады. Осы үш жүйенің тиімділігі жөнінде өңгімелей келе, В. Е. Чиркин оларды қоғамдық прогресс, әлеуметтік әділеттілік, демократия, жеке адамның жан-жақты дамуы ретіндегі индикаторлар тұрғысынан бағалауды ұсынады. Осыларға сәйкес командалық саяси жүйе де белгілі бір аралық нәтижелерге жету үшін (Чили, Бразилия, Оңтүстік Корея, Тайвань және т.б.) сондай жағымды сипатқа ие болуы мүмкін. Жарыспалы саяси жүйе әлеуметтік прогресс, демократия және адам құқығы бойынша

бірқатар жағымды сипаттарға ие, бірақ әлеуметтік әділеттілік мәселелері бойынша ондай табысқа жете алмай отыр, және де бұл тек тұрақтылығы бір қалыпты қоғам жағдайында мүмкін болмақ. Әлеуметтік бітімгершілік саяси жүйе (Солтүстік Еуропа елдері) салықты көп төлету арқылы ұлттық байлықты қайта бөлу жолымен қол жеткізілген экономиканы дамытудың жоғарғы деңгейі жағдайында тиімді болмақ.

Саясаттануда саяси билікті жүзеге асырудың құралдары мен өдіс-тәсілдерін, қоғамдағы саяси бостандық дәрежесін, жеке адамның құқықтық жағдайын, тоталитарлықтың және демократияның принциптерін ұштастыру формасын талдау негізінде саяси жүйені жіктеу кеңінен белгілі болып отыр. Әдетте оның шеңберінде саяси жүйенің үш түрлі үлгісі: тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық үлгілері бөліп көрсетіледі. Кейде оларға саяси жүйенің либералдық үлгісі де қосылып жатады.

Тоталитарлық саяси жүйе үшін қоғамдық өмірдің барлық саласына мемлекеттің қатаң бақылауы тән, бұған жеке адамның құқы мен бостандығын белгілі бір дәрежеде шектеу немесе жоққа шығару, жасырын оппозицияның болмауы, билік бөлісуді іс жүзінде жою, қоғамды жалпыға бірдей идеологияландыру, билікті орталықтандыруды қатаң жүргізу, жекенің инициативасын радикалды шектеу, оның барлық саяси проблемаларды шешуге мемлекеттік машинаның алдында толығымен тәуелсіздігі жатады.

Нацизм, фашизм, сталинизм, хусейинизм – тоталитарлық саяси жүйенің неғұрлым қатаң формасы болып табылады<sup>1</sup>. Жүйелердің бұл формасында билікті бөлісу принципі атымен жоқ, жеке бір партия мемлекеттік аппаратпен бірге билікке өзі иелік етеді, барлық оппозициялық партиялар мен идеологиялық ағымдар жойылады, азаматтардың құқығы мен бостандығы толығымен аяқ асты етіледі, күштеп билік жүргізу және қуғын-сүргінге ұшырату әдістері кеңінен қолданылады.

Авторитарлық саяси жүйе тоталитарлық және демократиялық саяси жүйелердің арасындағы аралық жағдайды иемденеді. Авторитарлық саяси жүйе жеке билік режимі болуымен, басшылық етуші топтардың билік етуімен сипатталады. Мұнда жасырын оппозиция да өмір сүреді, бірақ оның әрекет ету мүмкіндігі тарылған және де ол басып тасталуы да мүмкін. Сонымен бірге авторитарлық саяси жүйе адамның бостандығы мен негізгі саяси құқықтарды шектеуі немесе оны жоюы арқылы ерекшеленеді, парламент екінші дәрежедегі билік жүргізуші органға айналады. Авторитарлық режимде ресми идеология үстемдік етеді, сонымен бірге режимге адал басқа да идеологияларға орын беріледі. Экономикада мемлекеттік сектормен бірге, жеке кәсіпкерлік те іс-әрекетін жүргізеді. Бұқараның саяси

<sup>1</sup> Қараңыз: *Николаев А.С.* История тоталитаризм. СПб., 2010. С. 11-150.

өмірге араласуы шектеулі болады, бұқара саяси бағыттарды белгілеуге қатыспайды, билік етуші топ өзінің билік жүргізуін іс жүзінде бұқараның бақылауынсыз жүзеге асырады.

Осы заманғы авторитарлық саяси жүйеге өтпелілік сипаты да тән, ол тоталитарлық немесе демократиялық бағытта өрістеп, дамитын болады. Демократиялық саяси жүйеде биліктің қарым-қатынасы бойынша жеке адамның құқығына және қоғамның билікке бақылау орнатуына басымдық беріледі. Ол азаматтардың бостандығы мен құқықтарына, билік жүргізуші және оппозициялық партиялардың еркін іс-әрекетіне кепілдік беретін кең диапазонды иемденеді, бұқаралық ақпарат құралдары цензураның қадағалауынан толықтай босатылады, қоғам әлдебір ресми идеологиядан арылып, жалпыұлттық дүниетанымдық құндылықтарды сақтауға қол жеткізеді. Бұл жүйеде билік тармақтары қалай бөлінетіндігі нақты көрсетілген. Конституция және заңдылық принциптері мойындалып, іс жүзінде жүзеге асырылады. Биліктің өкілетті органдары жалпыға бірдей сайлау негізінде құрылады. АҚШ, Франция, Швеция, Финляндия, Бельгия, Австрия, Австралия, Канада және т.б. елдердің саяси жүйелері бүгінде демократиялық жүйелер ретінде танылып отыр. Ал, Германия үшін демократиялық институттар мен билік жүргізудің авторитарлық әдістерінің процедурасын ұштастыра отырып басқару қалыпты үрдіске айналуда. Демократиялық жүйелер әр түрлі елдерде белгілері өз-өзінен қайталанып отыратын қайдағы бір көшірме емес екенін ескеру қажет. Бұған қоса демократиялық жүйелерге сипаттама бергенде экономикалық және әлеуметтік дамудың деңгейі, саяси бағыты, басқару формалары және т.б. ескерілуі тиіс. Осыған байланысты демократиялық саяси жүйені заңдылыққа және билікке қоғамның бақылауы жүзеге асырылатын ресми ұйым деп санау керек. Ол қоғамда қабылданған принциптер мен ұғымдар негізінде жұмыс істейді, айқын мақсаты бар және жалпы мүдделерді жүзеге асыруға ықпал етуге бейімделген ұйым.

Мемлекеттік формаға негізделген саяси жүйелер үлгісін жіктеу де кеңінен белгілі болып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде мынандай екі белгіге: әр түрлі билік тармақтары мен институттарының ара-қатынасына және қоғамдық саяси жүйенің территориялық құрылымына назар аударылады. Бірінші белгіге сәйкес осы заманғы саяси жүйелер монархиялық (абсолюттік немесе конституциялық) және республикалық (парламенттік, президенттік) болып бөлінеді. Екінші белгіге сәйкес саяси жүйелер унитарлы, федеративтік және конфедеративтік болып бөлінеді. Саяси жүйелерді дәстүрлік және саяси өзгерістер деңгейіне байланысты модернизацияланған деп жіктеу де кеңінен белгілі болып отыр. Дәстүрлік саяси жүйеге қоғамды құрудың ескірген принциптері, азаматтық қоғамның жетілмегендігі, саяси мінез-құлық формасының дамымауы, қоғамға

кажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырудағы консерватизм тән. Дәстүрлі саяси жүйе саяси рөлдердің әлсіздігімен, билікті негіздеудің харизматикалық әдістерін иеленумен ерекшеленеді. Ал, модернизацияланған саяси жүйеде, бұған керісінше, азаматтық қоғамның дамуы, саяси рөлдердің диверсификациялануы, билікті негіздеудің ұтымды әдісі жүзеге асырылады. Модернизацияланған саяси жүйе маңызды экономикалық және әлеуметтік ұйымдарды, мекемелерді модернизациялау мақсатын жариялауымен ерекшеленеді. Саяси модернизациялаудың мақсаты қоғамдағы терең әлеуметтік қарсылық, элита мен бұқара арасындағы қарым-қатынас тудыратын қарама-қайшылықты жою болып табылады.

Егер жіктеу негізінде тұрақтылық пен өзгерістерге бағдар ұстаған саясатты алатын болсақ, онда саяси жүйелерді шартты түрде консервативтік және өзгерістік деп бөлуге болады. Консервативтік саяси жүйенің басты мақсаты – саяси, экономикалық және мәдени салаларда қалыптасқан дәстүрлі құрылымдарды, әсіресе саяси билікті жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін сақтап қалу. Өзгерістік бағытты ұстанатын саяси жүйе қоғамды өзгертуді, реформаларды жүзеге асыруды көздейді, ол қарқынды әрекет етеді. Осы тұрғыдан алғанда қазіргі Қазақстанды өзгерістік сипаттағы саяси жүйеге жатқызуға болады.

Саяси жүйелерді жіктеудің және бір нұсқасы аталған жүйелердің сыртқы ортамен өзара қарым-қатынасының сипатынан туындайды. Осы критерий бойынша саяси жүйелер жабық және ашық болып бөлінеді. Жабық саяси жүйе қатаң белгіленген құрылымы бар, өзіне өзі тоқмейілісіп қарайды, оның сыртқы ортамен байланысы тым шектеулі келеді, басқа саяси жүйелердің құндылықтары мен жаңа үрдістерін қабылдай алмайды. Жабық саяси жүйе тұтас саяси жүйе қалыптаспаған, саяси мәдениеті дамымаған, әсіресе дамушы елдерге, сондай-ақ бұрынғы социалистік лагерь елдеріне тән.

Ашық саяси жүйе белсенді әрекет етеді және басқа елдермен жан-жақты өзара байланыс орнатады, сыртқы жағдайлар мен факторлардың ықпалына ұшырайды және өз кезегінде, оған қарсы әрекет етеді. Ол анағұрлым ширақ және пәрменді қимыл жасайды. Басқа жүйелердің жаңа құрылымдарын, озық құндылықтарын қабылдап, өзіне тиімді қолдануға әзір тұрады және басқа саяси жүйелердің өзге де құндылықтары мен идеологияларына түсіністікпен қарап, төзімділік көрсетеді. Ашық саяси жүйеге Батыстың дамыған демократиялық мемлекеттері мысал бола алады.

Саяси жүйелерді жіктеудің басқа нұсқалары да бар. Саяси жүйелердің әрбір үлгісі шеңберінде ұлттық-тарихи даму жағдайларының ерекшеліктеріне байланысты көптеген үлгілер мен нұсқалар болуы мүмкін, бұл мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастардың өзіндік өзгешеліктерімен, саяси күштердің, билік тармақтарының, саяси басшылық әдісінің, басқару



нысандарының ерекшеліктерімен, саяси сананың жай-күйімен және саяси мәдениеттің деңгейімен түсіндірілетінін атап айту керек. Оның үстіне негізгі әлеуметтік-экономикалық қатынастарды әр түрлі саяси жүйелер қалыптастыруы мүмкін, ал ұқсас саяси жүйелер де әр түрлі бағытта дамып, әркілі нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін.

Мына жағдайды атап көрсету қажет: саяси жүйелердің әр алуандығы бұлардың әрқайсысында өзінің артықшылықтары мен кемшіліктері болатынын, бірақ ол әмбөбап демократия принциптеріне ғана емес, сол қоғамның өзіндік өзгешеліктерін, ерекшеліктерін, қоғам алдында тұрған міндеттерге байланысты оның нендей бір саяси жүйе үлгісіне әлеуметтік-мәдени бейімділігін ескере отырып құрылған жағдайда ғана тиімді болатынын дәлелдеп отыр. Қазіргі Қазақстанның саяси жүйесіне кейбір өзіндік өзгешеліктер мен ерекшеліктер тән. Мәселен, институционалдық құрылымда (ішкі жүйе) билік өкілдіктерінің атқарушы органдардың пайдасына қайта бөлінуі және заң шығарушы билік институттар функцияларының айтарлықтай шектелгені байқалады. Және бір ерекшелік — саяси партиялардың үлес салмағының төмендігі, олардың билік жүйесіне, қоғамға ықпалының төмендігі. Осының бәрі саяси құрылым мен оның мәдени негіздері арасында бар қайшылықтар екенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде мынандай тұжырым жасауға болады: қоғамның саяси жүйесі — бұл мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, құқықтық және саяси нормалардың қоғамда саяси билікті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың принциптерінің жиынтығы. Бұл — адамдар мен олардың қауымдастықтарының қоғамда біртұтас болуын, бір мақсатта іс-қимыл жасауын қамтамасыз ететін күрделі, сан қырлы, алуан салалы құрылым. Күштер мен мүдделердің ұдайы теңестігі жағдайында жұмыс істейтін саяси жүйе баяндылық пен заңдылық шеңберінде қоғамның қарқынды дамуы, тәртіп пен саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету проблемаларын ойдағыдай шеше алады. Сондықтан, саясаттану саяси жүйенің, оның әр түрлі даму кезеңіндегі мазмұны мен нысанының өзгеруін, сондай-ақ саяси жүйенің, әсіресе, қандай элементтерінің объективтік факторлардың ықпалымен өзгеретінін және өзгеруге тиіс екенін зерттейді. Саяси жүйенің сөзсіз өзгеру қажеттігін тұғызатын жағдайлардың мәнін ашу ерекше маңызды. Осының негізінде саяси жүйелердің өмір сүріп отырған үлгілерін, нұсқаларын, құрылымын, қызметін байытып, жетілдіруге және анағұрлым қарымды да ауқымды саяси жүйе үлгілерін жасауға болады. XXI ғасырдың басында осы заманғы саяси жүйелер жөніндегі біздің түсінігіміз айтарлықтай кеңейіп, толықты. Мүмкін, қоғамның саяси жүйелерінің ортақ теориясы мен тұжырымдамалары жөнінде сөз өтер кез де алыс емес шығар.

## **МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ**

Мемлекет және азаматтық қоғам ертеден ғалым заңгерлердің, саясаттанушылардың, философтардың, тарихшылардың, әлеуметтанушылардың және экономистердің назарына іліккен. Бұл кездейсоқ нәрсе емес еді, өйткені оларды қалай түсінуге орай мемлекет пен азаматтық қоғамға қатысты проблемаларды, әсіресе мемлекеттің, азаматтық қоғамның «сактанғыштығы, өмір сүргіштігі, мәселелерін шешу, олардың қазіргі қоғам алдында пайда болған міндеттерді шешу қабілеті соларға байланысты.

Ұзақ уақыт бойы саясаттануда «мемлекет» және «азаматтық қоғам» ұғымдарының жеке қарастырылмай, бір мағынада қолданылып келгені белгілі. Осыған орай «мемлекет» және «азаматтық қоғам» ұғымдарының қоғамдық өмірдің әр түрлі жақтарын көрсететіндігін атап айтқан жөн. Мемлекет және азаматтық қоғам топтар, индивидтер және т.б. ортақ маңызды мүдделерінің көрініс беру формасы болып табылады, оларды жүзеге асырудың тәсілдері іспетті. Солай болғанмен де оларды түсіндіруде пікірлер мен бағалаулар шашыранқы.

Осыған байланысты мемлекет және азаматтық қоғам туралы мәселелердің пайда болуы олардың шығуымен болғандығын айтуымыз керек. Сол мәселелерді әр заманның ірі ғалымдары көтерді. Мысалы, кім бақылау жасауы тиіс, кім бірінші орында тұруы қажет, мемлекет пе әлде азаматтық қоғам ба? Кім кімнен жоғары тұрады: мемлекет азаматтық қоғамнан жоғары бола ма немесе азаматтық қоғам мемлекеттен жоғары бола ма? Осы және өзге де мәселелер қазіргі уақытта да түрлі пікірталастың өзегіне айналып отыр. Ал нақты, демократиялық елдердегі қалыптасқан жағдайлар кімнің қолында саяси билік болса, сол бірінші орынға шығатындығына көз жеткізгендей. Сонымен бірге азаматтық қоғамның ірі қоғамдық күш екендігін, онымен мемлекеттің санаспауы мүмкін еместігін атап өтуді дұрыс санаймыз.

Демек, мемлекет пен азаматтық қоғам өзара тығыз байланысқан, олардың өзара байланысының сипаты тарихи тәжірибенің көрсеткеніндей, аса күрделі. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасында тепе-теңдік әр кезде сақтала бермеген. Осы өзара байланысты бір кезде француз ойшылы Поль Валеде: «Егер де мемлекет күшті болса, онда ол бізді басып-жаныштайды, егер де әлсіз болса — біз құрмыз» — деп, дәл білдірген еді. Бұл мәселенің мәнін дұрыс түсіну үшін ең алдымен мемлекетті негізгі саяси институт ретінде қарастыру қажет.

## 1. Мемлекет – негізгі саяси институт

Мемлекет – бұл күрделі конструктивті, көп функционалды қоғамдық-саяси түзілім. Оны зерттеу әртүрлі аспектіде болуы мүмкін. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің аса маңызды институты болып табылады. Мемлекеттің маңыздылығы әлеуметтік-рухани өзгерістерге тиімді және шешуші ықпал жасай алатындай, оның қолында билік пен ресурстардың мейлінше шоғырлануымен анықталады.

«Мемлекет» термині әлеуметтік-саяси әрекеттерде әдетте екі мағынада – тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынада ол үстемдік институты ретінде, мемлекеттік билікті алып жүруші, иеленуші ретінде түсіндіріледі. Өз мәнінде мемлекет – бұл тарихи қалыптасқан ұйым немесе сол аумақта жоғары билікті иемденген саяси институт. Ал, кең мағынада алғанда мемлекет дегеніміз, қалыптасқан жалпылық, азаматтар одағы, қауымдастық. Бұл жерде ол «мемлекетті» (тар мағынадағы) және «қоғамды» қамтитын тұтастықты білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, мемлекет деп белгілі бір аумақта орналасқан және жоғарғы билік органдары басқаратын ел, қоғам ретінде түсіндіріледі. Сол себепті, оның төңірегіне басқа да саяси институттар топтасатындықтан, мемлекетке саясаттанулық сараптама жасаудың бастауы оның қоғамдық-саяси жүйесінің негізгі элементі, бөліктік бөлігі, өзегі екенін анықтаудан басталады. Осымен байланысты саяси ойлар тарихында мемлекеттің шыққан кезінен бастап оған әр түрлі түсініктеме (трактовка) берілді, себебі адамзат тарихының түрлі кезеңдерінде оның қайсы бір функциялары мен қасиеттері алдыңғы қатарға шығып отырған. Сондықтан мемлекеттің генезисі (шығуы) мәселесі жүздеген жылдар бойы ұзаққа созылған пікірсайыстардың тақырыбы болды. Ол туралы әр түрлі көземелдер, теориялар, тұжырымдамалар ұсынылды.

Мемлекеттің шығуы туралы этнография және тарих ғылымдарының жаңа білімдер беріп келе жатқанын атап өткен жөн. Осыдан келіп мемлекеттің пайда болуының әр түрлі теориялары: патриархалдық, теократиялық (теологиялық), антропологиялық, қоғамдық келісім (контракт), психологиялық, органикалық (биологиялық факторлар), әлеуметтік-экономикалық (маркстік), күштеу теориясы және т.б. қалыптасқан.

Мемлекеттің шығуы туралы бірден-бір ертедегі түсінік патриархалдық теориялар идеясымен байланысты. Патриархалдық теория бойынша (Р. Фалмер, Н. Михайловский және басқалары) мемлекет – ерікті бірігудің негізінде құрылған үлкен отбасы ретінде, отандық биліктің қорғаушылығымен билеуші мен оның қол астындағылардың қарым-қатынасы әке мен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасымен ұқсас етіліп, шағын отбасының бірігуі ретінде қарастырылады. Отбасындағы әке сияқты,

мемлекетте де билеуші сайланбайды, тағайындалмайды және оны қол астындағылар орнынан ала алмайды, өйткені соңғылар оның балалары. Конфуций билеушілерді қол астындағылармен қарым-қатынасты рахымдылық негізінде құруға шақырды. Патриархалдық теория мемлекеттік билікті қасиетті, қадірлі санап, бір елдегілердің «туыстығын» құрметке бөлеген ілім. Мемлекет бұл теорияда бәрінің атынан және бәріне пайдалы болғандықтан жүзеге асырылатын патриархалдық биліктің дамыған формасы ретінде көрінеді.

Теократиялық теория (Ф. Аквинский, Маритен, Мерсье және басқалары) мемлекетті құдайдың құдіретінің негізінде пайда болған, ал бүкіл билік құдайдан деп қарастырады. Осыдан келіп әркім барлық мәселеде билеушіге бағынуға міндетті. Өмірде қалыптасқан адамдардың әлеуметтік-саяси және құқықтық тенсіздіктері құдайдың еркімен белгіленген, соған көну керек және құдайдың жердегі наместнигіне қарсылық жасамау қажет. Мемлекеттің құдайлық генезисін қазіргі діндер де мойындайды. Дәлірек айтқанда, мысалы, католицизм мемлекеттің және биліктің құдайдан пайда болу идеясын дәріптейді, оны жүзеге асырудың нақты формаларымен байланыстырады.

Бастауын Аристотельдің еңбектерінен алған антропологиялық теория мемлекеттің шығуын адамның қоғамдық табиғатымен түсіндіреді. Мысалы, Аристотель адам қоғамдық (саяси) және ұжымдық тіршілік иесі ретінде белгілі бір қоғамдық өмірде, олардың ең жоғарғысы болып саналатын мемлекетте өмір сүреді және өз қабілетін дамытады деген көзқарасты бекітті. Демек, осы мәселеге сәйкес, қоғамдық өмірдің мемлекеттік формасы адам табиғатының мәнінде жатыр.

Қоғамдық келісім теориясы бойынша (Т. Гоббс, Б. Спиноза, Дж. Локк, Ж.-Ж. Руссо және басқалары) қоғамдық өмір тәртібін және оның ұйымдастырылуын қамтамасыз ету мақсатында, адамдар арасында, билеуші мен бағынушыларының арасында саналы түрде және еркіндікпен келісімге келу, шартқа отыру негізінде мемлекет пайда болады. Сонымен бірге адамдар өз еркіндігінің (өз билігінің) бір бөлігін мемлекетке береді. Мемлекет шыққанға дейінгі окшауланған индивидтер ендігі жерде біртұтас халыққа айналады. Нәтижесінде, билеушілер мен қоғамда өзара құқық пен міндеттер және соңғының іске асуы үшін жауапкершілік кешені пайда болады. Мысалы, мемлекеттің заңдар қабылдауға, салықтар жинауға, қылмыскерді жазаға тартуға және тағысын тағы, сол сияқтыларға құқысы бар, сонымен қатар ол өз аумағын, азаматтардың құқы мен еркін, олардың меншігін және т.б. қорғауға міндетті. Азаматтар заңдарды орындауға, салықтарды төлеуге және т.б. міндетті, сондықтан да олардың бостандығы мен меншігін қорғауға құқылы, ал биліктің қиянат жасаған жағдайында шартты,

келісімді бұзуға құқысы бар. Сонымен қатар қоғамдық келісім теориясында мемлекет адамдарды жаппай ымыраға келтіру органы ретінде пайымдалады.

Психологиялық теория (Л. Петражицкий, Г. Тард, З. Фрейд және басқалары) мемлекеттің шығуын адам психикасының: белгілі бір адамдардың билік еткісі келу қажеттілігі, өзгелердің бағынуға тырысуы, еліктеуі, ал басқаларының – бағындыруға, еліктеу үшін үлгі болуы іспетті өзгеше қасиеттерімен байланыстырады. Алғашқы қауымдық адамның тайпа көсемдеріне, абыздарға, бақсыларға, көзбояушыларға және басқаларына жапсырған қабілеттері мемлекеттің пайда болу, шығу себептеріне айналған. Олардың сиқыршылық күші, психикалық энергиясы (олар аңшылықты сәтті іске асырған, ауруларға қарсы күрескен, оқиғаларды алдын ала білген, және т.б.) алғашқы қауым мүшелерінің санасын жоғарыда аталған элитаға тәуелді ету үшін қажетті алғышарттар жасаған. Тек осы элитаға берілген биліктен келіп мемлекеттік билік пайда болады. Сонымен қатар, әр кезде билікпен келіспейтін, қайсыбір агрессиялық ұмтылыстары, сезіктері байқалатын адамдар болған. Осындай психикалық бастауы бар тұлғаларды тізгіндеп ұстау үшін мемлекет пайда болады. Солай болғандықтан қоғамдағы белгілі бір адамдарға халықтың басым көпшілігінің бағынуын, ыркына көнуін қанағаттандыру мұраты үшін және кейбір индивидтердің агрессиялық күштарлығын басып-жаншу үшін мемлекет қажет. Осыдан адам санасы заңдылықтарында негізделген мемлекеттің психологиялық табиғаты дүниеге келген.

Психологиялық теория өкілдерінің пікірінше, мемлекет жауапты шешімдер қабылдауға қабілеті бар белсенді тұлғалармен және сол шешімдерді атқаруға, іс-әрекеттерді қолдауға ғана қабілеті бар енжар бұқара арасындағы психологиялық қарама-қайшылықты шешудің жемісі.

Мемлекет шығуының органикалық теориясы (Г. Спенсер, Вормс, Преис және басқалары) ХІХ ғасырдың екінші жартысында кеңінен етек алды. Бұл кезде ғылым, соның ішінде гуманитарлық ғылым, Ч. Дарвин айтқан табиғи сұрыптау идеясының қуатты ықпалын бастан кешіріп жатқан болатын. Органикалық теория өкілдерінің пікірі бойынша, мемлекет – бұл организм, оның бөлімдерінің арасындағы тұрақты қарым-қатынастар тірі жанның мүшелерінің өзара байланысына ұқсас болады. Яғни, мемлекет биологиялық эволюцияның бір түрі болып есептелетін әлеуметтік эволюцияның жемісі. Биологиялық организмнің бір түрі болғандықтан, мемлекеттің миы (билеушілер) және оның шешімдерін іске асыратын құралдары (бағынушылар) бар. Осыған ұқсас, биологиялық организмдер арасында табиғи сұрыптаудың нәтижесінде бейімделгендер ғана аман қалатын болса, әлеуметтік организмдерде де күрес пен соғыс үрдісінде

(бұл да табиғи сұрыптау) нақты мемлекет қалыптасалды, үкімет құрылады, басқару құрылымы жетілдіріледі.

Мемлекет шығуының әлеуметтік-экономикалық теориясы (К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин және басқалары) мемлекеттің пайда болуын ең алдымен мынандай әлеуметтік-экономикалық себептермен (факторлармен), атап айтқанда, қоғамдық еңбек бөліністері, экономикалық мүдделер, әлеуметтік қоғам қайшылықтары және т.с.с. түсіндіреді.

Экономиканың дамуы мен мемлекеттің пайда болуы үшін үш ірі еңбек бөлінісі (жер шаруашылығынан мал шаруашылығының және қол өнердің бөлінуі, тек айырбаспен айналысатын адамдар табының жіктелуі) аса маңызды болды. Мұндай бөліну және онымен байланысты еңбек құралдарын жетілдіру оның еңбек өнімділігін арттыруға серпіліс береді. Артық өнім пайда болды, ол түптеп келгенде жеке меншіктің шығуына әкеп соқтырды, соның нәтижесінде қоғам мүліктері және мүліксіздер таптарына, қанаушылар мен қаналушылар болып екіге бөлінді. Экономикалық мүдделері қарама-қарсы таптар бірін-бірі құртып жібермес үшін, езуді заңдастырып, нығайтатын, олардың қақтығысуын тоқтатып, қоғамды тәртіп шеңберінде ұстайтын, «... соқтығысты тежей алатын, оны «тәртіптің» шегінен шығармай ұстап тұра алатын күш қажет болды. Міне, бұл — күш мемлекет»<sup>1</sup>.

Жеке меншіктің пайда болуының маңызды нәтижесі ретінде ендігі жерде қоғаммен үйлеспейтін және оның барлық мүшелерінің мүдделерін білдірмейтін жария саяси билік бөлінді. Билік ету рөлі басқарушылар санатына айналған бай адамдардың қолына көшті. Олар өздерінің экономикалық мүдделерін қорғау үшін жалпы саяси құрылым — мемлекетті ойлап шығарды, ол ең алдымен мүлік иелерінің еркін жүзеге асыру құралы қызметін атқарды. Осыған орай В. И. Ленин «Мемлекет дегеніміз таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығының жемісі мен көрінісі. Таптық қайшылықтар қай жерде, қай кезде және қаншалық объективті түрде ымыраласа алмайтын болса, мемлекет те сол жерде, сол кезде, соншалық пайда болады. Және керісінше: мемлекеттің болуы таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығын дәлелдейді» — деп, тұжырымдаған еді<sup>2</sup>.

Сайып келгенде, мемлекет негізінен бір таптың екінші тапқа үстемдігін сақтау мен оны қолдау мақсатында, сонымен қатар қоғамның біртұтас организм сияқты өмір сүруіне кепілдік беру мақсатында пайда болды.

---

<sup>1</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармаларының үш томдығы. 3-том. Алматы, 1981. 363 б.

<sup>2</sup> Ленин В.И. Шығ. толық жинағы. 33 том. 8 бет.

Күштеу теориясы (Шан Ян, Е. Дюринг, Л. Гумплович, К. Каутский, Ф. Оппенгеймер және басқалары) мемлекеттің шығу себептерін экономикалық қатынастардан емес, құдай ісінен емес, керісінше, әскери-саяси факторлардан: күштерден, жаулаушылықтан, бір тайпаның екіншісін езіп-жаншуынан іздестіреді. Жаулап алынған халықтар мен аймақтарды басқару үшін қысым жасау аппаратының қажеттігі туды, міне сондай аппарат мемлекет болып шықты. Осы ілімнің өкілдерінің пікірі бойынша, мемлекет бір тайпаның екіншілеріне билік жүргізу барысында «табиғи», яғни күштеу жолымен, пайда болған ұйымы. Ал, бұл күштеу мен бағыну экономикалық үстемдіктің негізі болып табылды. Соғыстар нәтижесінде тайпалар, қасталар, сословиелер және таптарға қайта өзгерді. Жаулаушылар тізе бүккендерді құлдарға айналдырды. Олай болса, мемлекет қоғамдық дамудың ішкі нәтижесі емес, керісінше ол, сыртқы күштің таңуының жемісі.

Жалпы, соңғы онжылдықтағы салыстырмалы тарихи зерттеу көрсеткеніндей, мемлекеттің пайда болуының ортақ және міндетті түрдегі себептері жоқ екендігін атап айтуға болады. Бұл үрдіске әр түрлі ішкі және сыртқы факторлар: қосымша өнімнің артуы, технологияны жетілдіру, географиялық жағдай, этникалық қатынастар, халық санының өсуі, экология, соғыстар мен басып алушылықтар, сыртқы ықпал мен сауда, идеологиялық фактор және т.б. ықпал еткен. Осымен байланысты мемлекеттің пайда болуы белгілі бір деңгейде кемеліне жеткен қоғамның табиғи дамуының заңды, объективті нәтижесі екенін атаған жөн. Мемлекет қоғамнан алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы үрдісінде бөлініп шықты.

Мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы ұзақ процесс, оған әлемнің алуан халықтары әр түрлі жолдармен жеткені белгілі. Тарихи практика көрсеткеніндей, әр түрлі халықтарда мемлекеттің шығуына тіршілік етуге аса маңызды жағдайларды сақтау үшін ортақ басқару қажеттігін саналы түсіну негізгі себеп болды. Мемлекетте халықтың экономикалық, саяси және әлеуметтік мақсаттарға жетуде өз күштерін біріктіруге, оларды тәртіптеуге және бағыттауға мүмкіндіктері бар.

Қазіргі таңда саясаттануда мемлекеттің мәнін белгілі бір құрылымы, саяси биліктің және белгілі бір аумақта әлеуметтік үрдістерді басқаратын ұйымы бар саяси қауымдастық ретінде қабылдайтын түсінік қалыптасқан. Жалпы халықаралық түсінік пен саяси аспекті тұрғысынан қарағанда мемлекеттің мәнін сипаттауда аумақ, халық – ел-жұрт және билік сияқты оның негізгі элементтерін құрайтындардың маңызы аса зор екенін айтқан жөн. Аумақ – бұл мемлекеттің физикалық, материалдық негізі, оның кеңістіктік мәні. Мемлекеттің өз аумақтық иелігінің нақты белгіленген шекарасы болуы тиіс. Тарихтың көрсеткеніндей, бір мемлекеттердің басқа мемлекеттерге аумақтық егестері және талаптары кескілескен

талаптарға, дау-жанжалға, тіптен әскери қақтығыстарға дейін жеткізген. Жаулаушылықтың нәтижесінде мемлекет аумағынан айырылатын болса, онда ол өмір сүруін тоқтатқан.

Мемлекеттік аумақ деп отырғанымыз – бұл сол мемлекет билік етіп отырған құрлықтың бір бөлігі, қазба байлығы, әуе кеңістігі және аумақтық сулары. Мемлекет аумақтық тұтастықты және оның егемендігін қорғауға және қамқорлық жасауға, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттің екінші маңызды элементі – халық (ел-жұрт), яғни сол мемлекеттің аумағында өмір сүретін және оның билігіне бағынатын ұлысты немесе ұлтты құрайтын адамдар қауымдастығы. Мемлекет халқы – ел-жұрты бір ұлттан немесе көп ұлттан тұруы мүмкін. Мемлекеттің халыққа билік етуі жалпылық сипат алатынын айту орынды. Мемлекеттің әрбір азаматы, сонымен қатар шетел азаматтары біртұтас мемлекеттік билікке бағынуға міндетті. Сонымен бірге мемлекеттің халқы, әдетте, экономикалық, саяси, әлеуметтік, ұлттық, мәдени қатынастарда бірыңғай болмайды. Сондықтан мемлекет бүкіл халықтың мүддесінен шығатын дұрыс, салмақты да баланс жасалған саясат жүргізуге, сепаратизммен, экстремизммен, терроризммен күресуге, елді бөлшектеуге жол бермеуге міндетті. Мемлекеттің тұтастығын және оның барлық мүшелерінің өзара байланысын азаматтық институты немесе бір елдің азаматы болу қамтамасыз етеді. Солай болған соң мемлекеттегі халық – ел-жұрт мемлекеттің азаматтары болып есептеледі. Белгілі бір аумақта өзіне сәйкес органдары жүзеге асыратын мемлекеттік билік – мемлекетті құрайтын үшінші элемент.

Мемлекеттік билік бұл тұрақты, орнықты сипаттағы саяси институт. Ол егеменді, тиімді, ұйымдық жағынан қалыптасқан, мемлекет алдында тұрған міндеттерді табысты шеше алатындай болуы тиіс. Осымен байланысты мемлекеттің қызметі бірнеше ерекшелікті белгілермен айқындалады. Мемлекеттің белгілері бұл – жалпы мемлекетті және басқа да көптеген қоғамдық-саяси ұйымдардан, бірлестіктер мен қауымдастықтардан мемлекеттік органдардың әрқайсысын жеке бөліп даралайтын мемлекеттіліктің қажетті айырықша ерекшелігі.

Мемлекеттің белгілері туралы ғылыми әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар мен түсініктемелер берілгендігін айтқан жөн. Өз пікірімше, мемлекеттің негізгі, айқындау белгілеріне келесі: аумақтық бірлігі, ұлттың өзін-өзі басқаруы, жария саяси билікті, құқықты, салықтарды, егемендік белгілерін жатқызуға болады.

Мемлекет бүкіл ел көлемінде саяси биліктің біртұтас аумақтық ұйымы ретінде көрінеді. Сонымен қатар, мемлекет өзінің билігімен және қайсыбір халыққа жататынына қарамастан, өз аумағын мекен еткен барлық



адамдарды қорғауымен біріктіріледі. Олай болса, бүкіл елдің ұлттық мүддесін қорғауға ұмтылған билеуші саяси топтардың басты мақсаттарының бірі қолда бар барлық заңды құралдармен мемлекеттің аумақтық тұтастығын сақтауға кепілдік беру болмақшы. Мемлекет өз аумағында тұратын барлық халықты біріктіреді. Саяси өзін-өзі басқарушы ұлт мемлекеттің жеке субстанционалдық элементі болады.

Ұлтта жоғарғы биліктің қажеттілігін саналы түрде түсіну пайда болмайынша және оның нақты білдірушісі болмайынша, мемлекеттің пайда болуы мүмкін емес. Қоғамда ұлттың өзін-өзі билеуге деген алғышарттар жасағанда ғана мемлекеттілік қалыптасуы мүмкін. Жоғарғы билік өз төңірегіне ұлтты топтастырады және ең алдымен ортақ жеке мүдде үшін оған жетекшілік етеді. Осымен байланысты жария биліктің қоғамға және елдің халқына сәйкес келмеуін айту керек. Жария саяси билік, қоғамнан биік тұрған және оны басқаратын, бұл қоғамдық өмірдің негізгі салаларына жетекшілік ететін және қажет болса күш көрсетуге арқа сүйейтін ерекше басқару жүйесі (механизм). Жария саяси билік жүйесіндегі басты орын мемлекеттік аппараттың еншісіне тиген. Мемлекеттік аппарат бұл мемлекетте іс жүзінде билікті жүзеге асыратын, аса үлкен және күрделі бүкіл мемлекеттік машинаны қозғалысқа келтіретін саяси элитаның бір жігі, «корпорация».

Мемлекет құқықсыз өмір сүре алмайды, өйткені құқық жария билікті заңды түрде бекітеді. Тек мемлекеттің ғана қоғамдық өмірді құқықтың, заңның көмегімен реттеуге құқысы бар. Заңның көмегімен мемлекет саяси институт ретінде белгілі бір қоғамдық қатынастар тәртібін бекітеді, сонымен қатар мемлекеттік аппараттың құрылымы және қызметінің тәртібін жөнге салады.

Мемлекеттің негізгі белгілерінің арасында салықтар маңызды рөл атқарады. Салықтар жария биліктің өз функцияларын жүзеге асыру барысында мемлекеттің шығарған шығынын жабу үшін азаматтардан және коммерциялық ұйымдардан алынатын міндетті төлем. Салықтар мемлекеттің экономикалық дербестігіне мүмкіндік береді, олар мемлекеттік бюджетті толықтыратын басты көз болып саналады. Дұрыс жүргізілген салық саясаты елдің әл-ауқатын өсіруге және экономиканы көтеруге ықпал етеді. Қазақстан Республикасының салық саясаты бүгінде мынандай эпитеттермен: «шамадан тыс салықтар», «құртатын», «іске аспайтын салықтар», «жұмыс істеуге ықыласты тойтаратын» – деп айтылып жүр. Мұндай салықтар кәсіпкерлерді оларды төлемеудің түрлі жолдары мен құрамдарын іздестіруге мәжбүр етуде. Осындай салық саясатының нәтижесінде Қазақстан өнім өндірушілері азап шегеді. Сонымен қатар салық қызметін жетілдіру міндеті өзекті мәселеге айналып отыр, себебі

мемлекеттік қазына салықтың өте үлкен пайызын ала алмай келеді. Осыдан Қазақстан салық инспекциялары мен полицияларына білікті мамандар дайындаудың маңызы артып отыр.

Егемендік – мемлекеттің маңызды, айқындағыш белгілерінің бірі болып есептеледі. Мемлекет аумағының көлеміне, халқының – ел-жұртының санына, саяси режиміне қарамастан егеменді болады. Мемлекет егемендігі аумақтың тұтастығы мен бөлінбейтіндігі, шекараның бұлжымастығы және ішкі істеріне араласпау сынды негізгі принциптерді қамтиды.

Адам үшін «құқық пен бостандық» ұғымдары қандай мәнді болса, мемлекет үшін де «егемендік» ұғымы сондай мәнді. Мемлекеттік егемендік экономикалық, саяси және құқықтық аспектілерден тұрады. Мемлекеттің белгісі бола отырып, егемендік мемлекетті саяси қатынастардың ерекше субъектісі, қоғамның саяси жүйесінің басты компоненті ретінде сипаттайды. Осымен байланысты мемлекеттің негізгі саяси институт ретінде қоғамның саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету және алуан түрлі мүдделердің қақтығысына жол бермеу, бұл мүдделердің үйлесушілігі мен келісуге жету міндеттерін шешуге тиіс екенін айтуымыз қажет. Мемлекеттің міндетіне азаматтардың құқы мен еркіндігін қорғау, олардың қауіпсіздігін, тәртіпті қамтамасыз ету енеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мемлекетке мынандай анықтама беруге болады. Мемлекет бұл – оның барлық азаматтары үшін міндеттілік сипаты бар, мемлекеттік биліктің көмегімен белгілі бір аумақта қайсыбір халықты ұйымдастыруға және оның өмірін басқару үшін құрылған негізгі саяси институт. Мемлекеттің мәні оның функцияларынан толығырақ көрінеді. Мемлекеттің функциялары бұл қоғамдық өмірді мемлекеттік реттеудің мәнісін және ерекшелігін нақтылы көрсеткен оның қызметінің негізгі бағыттары.

Мемлекет функцияларының жиынтығы қоғамдық өмірдің әр түрлі саласында мемлекеттік органдар тарапынан болатын реттеушілік қызметті көрсетеді. Мемлекеттік функцияларды ішкі және сыртқы деп бөлу дәстүрі қалыптасқан. Ішкі функцияларына саяси, экономикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени-тәрбиелік міндеттерді жатқызу керек. Сыртқы функцияларының қатарына: сыртқы саяси, сыртқы экономикалық мемлекет қызметін және мемлекет шекарасын қорғау міндетін айтуымыз қажет. Осыған орай мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларының тығыз өзара байланыстылығын және өзара себепші болатынын атап айтқан жөн. Мемлекеттің бүкіл функцияларының мазмұны, көлемі және көрініс табуы қоғамның типіне, саяси жүйесіне, саяси режиміне, мемлекеттік басқару және мемлекеттік құрылысының формасына байланысты болады.

Мемлекеттік басқару формасы бұл мемлекеттік билік жоғарғы органдарының ұйымдастырылуы мен өмір сүруі және олардың халықпен өзара тығыз қарым-қатынастарының тәртібі. Мемлекет басқару формасына қарай монархиялық және республикалық болып бөлінеді. Монархия бұл биліктің толық немесе жартылай бір адамның – монархтың (король, патша, шах, хан, император және т.б.) қолына шоғырлануы. Монархия институты қазірдің өзінде әлемнің 30-дан астам елінде сақталған. Монархия екі түрлі болады: абсолюттік және конституциялық. Абсолютті монархия бұл мемлекеттік билікті бір ғана монарх іске асыратын және оған ешқандай шек қойылмаған мемлекеттік басқару формасы. Бүгінде осындай басқару формасы Сауд Арабиясында, Катарда, Оман мен Брунейде орын алған.

Конституциялық монархия абсолюттік монархияға қарағанда монарх билігінің белгілі бір дәрежеде заңмен, қоғамда жүзеге асып отырған конституция негізіндегі дәстүрмен және т.с.с. шектеу қоюмен ерекшеленеді. Конституциялық монархия дуалистік және парламенттік болып бөлінеді. Дуалистік монархия үшін монархтың қолына көбіне көп атқарушы биліктің және аз ғана заң шығарушы биліктің берілуімен сипатталу тән. Монарх вето қоюға, парламенттің жоғарғы палатасын тағайындауға құқылы. Басқарудың мұндай формасы Иордания, Кувейт, Мароккода қызмет етуде. Парламенттік монархияда мемлекет басшысы өкілеттілік функцияларын және біршама атқару билігін иеленген. Мемлекет басшысының парламент шешімдеріне кейде «вето» қоюға құқысы бар, бірақ бұл практикада қолданылмай келеді. Қазіргі монархиялардың басым көпшілігі парламенттік монархия болып саналады. Парламенттік монархияда үкіметті парламенттік көпшілік қалыптастырады және ол монархқа емес, парламент алдында есеп беретін болады. Қазіргі кезде парламенттік монархия Англияда, Швецияда, Данияда, Бельгияда, Испанияда, Голландияда, Люксембургте, Норвегияда, Жапонияда және т.б. елдерде өмір сүреді.

Парламенттік пен конституциялық монархияның республикадан айырмашылығының шамалы екенін айтқан жөн. Республика – бұл мемлекеттегі жоғарғы биліктің сайланушы органдардың – президенттің, президенттің құзырында болатын басқару формасы. Демек, республикада биліктің көзі – халық, ол белгілі бір мерзімге мемлекеттік жоғарғы органдарды сайлайды. Бүгінгі таңда республиканың: парламенттік, президенттік, жартылай президенттік (аралас) үш негізгі түрлері бар.

Басқарудың парламенттік формасы жағдайында халық үкіметті қалыптастыратын және оған немесе оның мүшелеріне сенімсіздік білдіріп кері шақырып алатын парламентті сайлайды. Бұл жерде үкімет мүшесі мен парламент депутаты қызметін бірге атқаруға мүмкіндік жасалған. Нақты билік үкімет басшысы премьер-министрдің немесе канцлердің қолында

болады. Президент (мемлекет басшысы) негізінен өкілдік (представительские) және салтанатты (церемониальные) функцияларды иемденеді. Премьер-министр президентке парламентті тарату жөнінде ұсыныс жасай алады. Бұл жерде президенттің рөлі конституциялық монархтың рөліне ұқсас. Басқарудың парламенттік формасы Италияда, Германияда, Грекияда, Түркияда және басқа да елдерде өмір сүріп отыр.

Президенттің бір мезгілде мемлекет басшысы және үкімет басшысы болуы, ішкі және сыртқы саясатқа басшылық жасауы, Қарулы күштердің қолбасшысы болуы президенттік республиканың ерекше белгісі болып саналады. Билік функцияларын заң шығарушы және атқарушы деп нақты бөлу де қоғамда орын алған. Парламенттің үкіметке сенімсіздік танытуға мүмкіндігі жоқ. Президенттің парламентті таратуға құзыры жоқ. Президенттік республиканың үлгісін АҚШ көрсетіп отыр. Бүгінде президенттік республика Бразилияда, Аргентинада, Венесуэлада, Ресейде, Қазақстанда және басқа елдерде қызмет атқарып келеді.

Жартылай президенттік (аралас) республиканың ерекшелігі сол, үкімет әрі президенттің, әрі парламенттің алдында жауап беретіндігі. Басқарудың бұл формасы күшті президенттік билік пен атқарушы биліктің қызметіне парламент тарапынан қатаң бақылау қоюды үйлестіруге негізделген. Жартылай президенттік республиканың сондай типтілік мысалын Франция көрсетіп отыр. Сонымен қатар басқарудың бұл формасы Австрияда, Португалияда, Финляндияда және басқа да елдерде мықтап орныққан.

Мемлекеттің аумақтық-ұйымдық құрылымы оның құрылысының формасы болып саналады. Мемлекеттік құрылыстың формасы бұл мемлекеттің ұлттық-аумақтық ұйымдастырылуы және орталық пен аймақтық билік органдарының өзара қарым-қатынас тәртібі. Мемлекеттік құрылыс формалары әр түрлі болуы мүмкін. Саясаттануда мынандай формаларды: унитарлық мемлекет, федерация, конфедерация, империя, протекторат сияқтыларды бөліп көрсету қабылданған. Унитарлық мемлекет бұл өзінің құрамында мүшелік құзырлы басқа мемлекеттік түзілімдері жоқ, қарапайым, біртұтас мемлекет. Мұндай мемлекеттерде біртұтас жоғарғы органдар жүйесі мен біртұтас заң шығару жүйесі жұмыс істейді. Бұған мысал ретінде, Испания, Венгрия, Болгария, Дания, Қазақстан және басқа да елдерді атауға болады.

Федеративтік мемлекет бұл әр түрлі жеке мемлекеттер түзілімінің біртұтас одақтық мемлекетке өз еріктерімен бірігуі. Федерацияның унитарлық мемлекеттен айырмашылығы оның екі жоғарғы билік органдары жүйесінің, яғни федеративтік органдар мен оған сәйкес федерация мүшелерінің билік органдарының, федералдық заң шығарушы ұйыммен қатар федерация субъектілерінің заң шығарушы органдарының болуында.

Федеративтік мемлекеттер қатарына Ресей, АҚШ, Үндістан, Канада, Мексика, Австрия, Нигерия, Бразилия, Танзания және басқалары кіреді.

Конфедерация – бұл сирек кездесетін саяси қауымдастықты ұйымдастыру формасы. Шындығында, конфедерация біздің түсінігіміздегі мемлекет ұғымының қатан мағынасын бермейді. Конфедерация бұл саяси, әскери, экономикалық және т.б. максаттарға жету үшін құрылған дербес тәуелсіз мемлекеттердің одағы. Федерациямен салыстырғанда бұл баяндылығы азырақ мемлекеттер бірлестігі шамалы уақыт өмір сүреді. Конфедерациялар не ыдырайды немесе федеративтік мемлекеттер болып қайта құрылады. Конфедеративтік мемлекеттер мысалына, Швейцарияны, Еуропалық одақтар, Тәуелсіз мемлекеттер достастығын (ТМД) айтуға болады.

Мемлекеттік құрылыстың өзіндік формасы – империялар. Империялар мемлекеттік түзілімде болып табылады, оларды аумақ көлемі, жергілікті билікті өзіне бағындырған күшті орталық билік, халықтың – ел-жұрттың алуан түрлі этникалық және мәдени құрамы айырықша ерекшелейді. Әр түрлі уақытта, әр түрлі дәуірде жер шарының барлық құрлығындағы әр түрлі халықтарда өмір сүрген империялар: Қытай, Моңғол, Рим, Византия, Германия, Француз, Ресей, Британия және т.б. адамзат тарихынан белгілі. Империялар күшті ұлттық мемлекетке жаңа аумақты күшпен немесе салыстырмалы түрде бейбіт жолмен қосып алу арқылы пайда болады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік құрылыс формаларымен қатар тарихтағы тағы да бір оның ерекшелікті формасы – протектораттар орын алған. Протекторат – бұл әлсіз мемлекеттің күшті мемлекеттің формальды қамқорлығында болуы, әдетте осы жағдай әлсіз мемлекеттің егемендігін жоғалтуға және оны басып алуға жалғасады. Мысалы, Израиль Палестина жерін, АҚШ Иракты басып алды, сөйтіп олар сол елдерге протектораттықты орнатты.

Мемлекетті типтеу басқа да белгілеріне қарап, соның ішінде олардың аумақтарында әрекет ететін заңдар мен құқық нормалары бойынша да жүргізілетінін айтуымыз керек. Осы белгіге сәйкес мемлекеттер құқықтық және құқықтық емес болып бөлінеді. Көрнекті ежелгі грек ойшылы Аристотель осы орайда: «Заңның билігі жоқ жерде мемлекеттік құрылыс та болмайды. Заң бәріне билік етуі тиіс»<sup>1</sup> деп жазған. Ғылыми әдебиеттерде құқықтық мемлекетке әртүрлі анықтама берілген. Менің ойымша, оларды жинақтай келіп оған мынандай анықтама беруге болатын сияқты. Құқықтық мемлекет дегеніміз – бұл практикада заңның құқық нормаларын жоғарылығын қамтамасыз еткен, билікке халық бақылауын қойған, билікті құқыққа негіздеген, солардың негізінде тұлғаның құқы мен

<sup>1</sup> *Аристотель*. Политика. Соч. В 4-х т. Т. 4. М., 1983. С. 497.

бостандығына шек қоятын және солар арқылы оларды жүзеге асыратын, әрі қорғайтын мемлекет.

Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері аса ұқыпты қарастыруды қажет ететін маңызды проблемалар болып саналады<sup>1</sup>. Құқықтық заңның бәрінен жоғары болуы, қоғамдық өмірдің барлық саласында заңның үстемдік етуі; тұлға бостандығының, оның құқы мен мүдделерінің, намысы мен абыройың, оларды мемлекет тарапынан қорғау мен кепілдік беру; мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігі; биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарына бөлінуі; заңдарды жүзеге асыруда бақылау мен қадағалаудың тиімді формаларының болуы құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері болып табылады. Құқықтық мемлекет қатып-семіп қалған түзілім емес. Ол әрдайым дамуда болатын, соған орай жетіліп отыратын саяси институт. Құқықтық мемлекет даму тәжірибесін қорытындылай келіп, оның айрықша ерекшеліктері және әлеуметтігі ретінде айтылатын мемлекет туралы сөз қозғаған жөн.

Осыған орай әлеуметтік мемлекет құқықтық мемлекет формасында өзінің максаттары мен міндеттерін іске асырады және азаматтардың құқын кеңейтуге, үлкен әлеуметтік әділеттікке жетуге, әлеуметтік теңсіздікті жуып-шаюға тырысады.

Әлеуметтік мемлекет бұл барлық азаматтардың өмір сүруіне лайықты жағдай жасайды, олардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды, қоғамның әрбір мүшесінің әлеуметтік қорғалуын, қоғамдық істерді басқаруда халықтың басым бөлігін қатыстыруды қамтамасыз етуге тырысатын мемлекет. Бұл халықтың нашар қамтамасыз етілген тобына ұлттық табысты қайта бөлудің көмегімен, қоғамды ізгілендіру, жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, енбекті қорғау, көпшіліктің қолы жететін білім беруді дамыту, денсаулық сақтауды өркендету және т.б. саясатын жүргізу арқылы іске асады<sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасының Конституциясында біздің еліміздің құқықтық, әлеуметтік мемлекетке жататыны атап көрсетілген. Алайда құқықтық, әлеуметтік мемлекет идеясын конституцияда бекітуін бекіткенмен практикалық жүзеге асыру арасында ұзақ жол жатқаны анық нәрсе. Ол үшін саяси ерік-жігер керек, қоғамға сәйкес саяси, құқықтық реформалар жүргізу және әлеуметтік-экономикалық база жасау, мәдениетті дамыту және басқа да алғышарттарды қалыптастыру қажет. Қазіргі мемлекет

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері қандай? // Ақиқат. 2004. № 12. 30-35 б.

<sup>2</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Әлеуметтік мемлекет: мәні мен анықтамасы // Ақиқат. 2004. №5. 42-43 б.

дамуында бүгінде маңызды қоғамды біріктіретін ұлттық идея жасауға тырысуды тенденция деп толық сеніммен айтуға болады. Егер де біріктіруші идеялар болмайтын болса, онда мемлекет өзінің кейбір функциясынан айырылады. Мұндай жағдайда әр түрлі топтар биліктің жоғарғы органдарына қысым көрсетеді және «қоғамдық бөліштен» өз үлесін талап етеді, ал мемлекет болса, бүкіл қоғам мүддесін көрсете алмайтын деңгейге жетеді. Идеялық-саяси тірек, әсіресе қазіргі Қазақстан үшін ерекше қажет. Көпұлтты мемлекет жағдайында саналатын Қазақстанды мекендейтін халықтарды біріктіретін, патриотизм негіздерін нығайтатын және әр түрлі саяси-әлеуметтік әрі ұлттық күштердің тарихи тағдырлас қауымдастығын нығайтатын идея керек. Мұндай идеяның болуы мемлекеттің тұрақтылығын нығайтуға және азаматтық қоғамды қалыптастыруға ықпал еткен болар еді. Сол кезде, егер де, бізде толыққанды азаматтық қоғам орнайтын болса ғана Қазақстан тұрақты құқықтық, әлеуметтік мемлекетті қалыптастыра алады.

Демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекеттің негізгі міндеті әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін есепке алу мен үйлестіру жолымен жалпы азаматтық келісімге жету, қоғамды интеграциялау бағытында азаматтық келісімге келуді іздестіру. Мұндайда мемлекет логикалық тұрғыдан азаматтық қоғамды ұйғарады, онсыз мемлекет болу қиын.

## 2. Азаматтық қоғам

Азаматтық қоғамның қалыптасуы, дамуы және өмір сүруі мәселелері саясаттанудың маңызды проблемалары болып саналады. Сонымен қатар саясаттануда азаматтық қоғам ұғымы көптеген жағдайға байланысты шешілмеген жұмбақ сияқты. Ол бір орталықтан ұйымдастырылуы болмаса да өмір сүріп келеді. Азаматтық қоғамды құрайтын қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер көбіне-көп төменнен кездейсоқ пайда болады. Мемлекеттің ешбір қатысынсыз-ақ азаматтық қоғам қоғамдық өмірдің қуатты өзін-өзі ұйымдастырушы және өзін-өзі реттеуші саласына айналады. Азаматтық қоғам – әлеуметтік прогресс, мәдениет пен өркениеттің бесігі. Бұл ерекше өмір стилі, ойлау және қарым-қатынас түрі, айырықша экономикалық уклад. Бұл тіршілік әрекеті мемлекеттік-саяси формасымен байланысқанның бәрі, мемлекет, саясат, партия бой көтеретін топырақасты, іргетас, бүкіл қоғамдық өмірдің негізі.

Осымен байланысты азаматтық қоғамға көптеген ғылымдар: құқықтану, экономикалық теория, тарих, философия, әлеуметтану және т.б. қызығушылық танытуда<sup>1</sup>. Құқықтану азаматтық қоғамды азаматтық құқықын

<sup>1</sup> Қараңыз: *Назарғажо С.И.* Социально-политические науки. Киев, 2010. С. 150-155.

субъектісі және құқықтың реттеу субъектісі ретінде зерттейді. Экономикалық теорияны азаматтық қоғамның пайда болуының экономикалық себептері, олардың өмір сүруінде қаржы саласының рөлі қызықтырады.

Тарих болса, азаматтық қоғамның нақты ұлттық формаларын, қоғамдық өмірге қатысудың ерекшеліктерін суреттейді. Философия мен әлеуметтану азаматтық қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде, қоғамдық ұйымдардың формасы және қарым-қатынас ретінде қарастырады.

Алайда, азаматтық қоғамды зерттеуде саясаттануға ерекше маңызды рөл берілген. Тек саясаттану ғана азаматтық қоғамның саяси және қоғамдық институттармен – жалпы мемлекетпен, федералдық және жергілікті билік органдарымен өзара әрекет етудің сипаты мен формаларын зерттейді. Ғалымдардың қол жеткізген табыстарына сүйене отырып, саясаттану азаматтық қоғамның пайда болу себептері мен алғышарттарын, оның құрылымын, функцияларын, эволюциялық бағыттарын қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда, саясаттану азаматтық қоғамның біртұтас бейнесін жаңадан жасайды.

Саяси-әлеуметтік әдебиеттерде азаматтық қоғамды түсіндіруде екі көзқарас – кең және тар мағынада қарастыру қалыптасқан. Кең мағынадағы азаматтық қоғам – бұл мемлекет тарапынан тікелей бақылау жасалмайтын қоғамдық өмірдің бүкіл салалары. Осындай тұрғыдан алғанда кең мағынадағы азаматтық қоғам демократиялық, авторитарлық мемлекеттерде, кейде тіпті тоталитарлық (мысалы, шаруа қауымдастығындағы, отбасындағы, достар арасындағы, діни және т.б. қарым-қатынастар) мемлекеттерде болуы мүмкін. Азаматтық қоғам тар мағынада қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық саласында заңның жоғарылығын қамтамасыз ететін, тұлғаның бостандығына, оның негізгі мүдделері мен құқықтарына, сонымен бірге адамдардың өз экономикалық, әлеуметтік және рухани мүдделеріне жету үшін алуан түрлі қоғамдық және азаматтың өзін-өзі ұйымдастыру формаларына кепілдік беретін демократиялық институттар мен құқықтық мемлекеттің өмір сүруімен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда азаматтық қоғам адамдық қауымдастық ретінде қарастырылады. Азаматтық қоғам кісі өмірінің алуан түрлі салаларын және мемлекеттік емес қатынастарды – экономикалық, әлеуметтік, отбасылық, ұлттық, рухани, адамгершілік, діни, өндірістік, жеке бастық және с.с. ерікті түрде қалыптасқан алғашқы мемлекеттік емес құрылымдық қатынастарды өзіне қосып алған. Осындай азаматтық қоғам пайда болуы үшін құқықтық, демократиялық мемлекеттің болуымен қатар қоғам мүшелерінің алуан түрлі әлеуметтік мүдделерін көрсететін, соның ішінде саны жағынан көп, экономикалық жағынан барынша қамтамасыз етілген және тәуелсіз «орта тап» мүшесін бейнелейтін дамыған әлеуметтік құрылым болуы қажет. Орта тап



азаматтық қоғамның тірегі, саяси тұрақтылық пен демократияның әлеуметтік негізі ретінде көрінеді. Бүгінде батыс қоғамының әлеуметтік құрылымында орта таптың үлесі шамамен 60-70 пайызды құрайды.

Азаматтық қоғам екі негізгі әрі өзара байланысқан: әлеуметтік және институционалдық өлшеуде өмір сүретінін айтуымыз керек. Азаматтық қоғамды құрайтын әлеуметтік өлшеуіш — бұл оның тарихи тәжірибесі. Өз кезегінде саяси тәжірибе саяси үрдіске негізгі қатысушылардың, дәлірек айтқанда жекелеген тұлғалар, топтар, бірлестіктер және с.с. қимыл әрекеті үшін жанама түрде «мүмкіндік дәлізін (коридорын)» белгілейді. Әлеуметтік-тарихи тәжірибені — ұжымдық және дербестік деп бөлсек те, олар түптеп келгенде, тұлғаның саяси мінез-құлқын, оның ойлау қалпын және тұлға аралық қатынастардың басқа да көптеген аспектілерін анықтайды.

Азаматтық қоғамның институционалдық өлшеуішіне саяси емес, өз алдына жеке ұйымдардың жиынтығы және қоғамның әр түрлі топтарының мүддесі және оларды мемлекеттен тәуелсіз іске асыратын саяси сипат ретінде қараған жөн.

Бүгінде азаматтық қоғам туралы ғылыми зерттеулерде оның мәні әр түрліше түсіндіріледі. Мысалы, ғалымдардың бір тобы «азаматтық қоғам» ұғымын социумның белгілі бір қалыпты жағдайын сипаттаушы ретінде қолданса, олардың екінші тобы азаматтық қоғамды түсіндіруді социумның белгілі саласы — мемлекеттік емес қатынастар саласы және институттар, т.б. саласы ретіндегі түсінікпен байланыстырады. Гегельдің пікірінше, азаматтық қоғам — бұл ең алдымен жеке меншікке негізделген қажеттіліктер жүйесі, сонымен бірге дін, отбасы, сословие, тек мемлекеттік құрылыс, құқық, мораль, парыз, мәдениет, білім, заңдар және олардан туындайтын субъектілердің өзара заңдық байланыстар жүйесі. Табиғи, «мәдениетсіз» қалыптан «адамдар азаматтық қоғамға өтуі тиіс, өйткені тек азаматтық қоғамда ғана құқықтық қатынастар шындыққа айналады»<sup>1</sup>.

Азаматтық қоғам — бұл демократиялық елдерде қалыптасқан адамдар қауымдастығы, ол, біріншіден, қоғамның барлық тіршілік әрекеті саласында құрылған ерікті түрде мемлекеттік емес құрылымдардан (бірлестіктер, ұйымдар, ассоциациялар, одақтар, орталықтар, клубтар, корлар және т.б.), екіншіден, мемлекеттік емес — экономикалық, саяси, әлеуметтік, рухани, діни және т.б. қатынастар жиынтығын көрсетеді. Азаматтық қоғам мемлекеттік, мемлекеттік емес органдар мен қозғалыстардың теңестірілген өзара бақылауын, өзара шектеуін жорамалдайды. Себебі,

<sup>1</sup> Гегель. Работы разных лет. Т. 2. М., 1973. С. 50.

мемлекеттік органдардың қызметі әрқашанда мемлекеттік емес органдардың қадағалауында болуы керек, ал мемлекеттік емес органдар өз кезегінде, қызметін заңға орай ұйымдастыруы тиіс және мемлекеттің объективті қажеттіліктерін ескеруі керек.

Азаматтық қоғам – бұл заңды кезең, индивидтердің өзін-өзі көрсетуін жүзеге асырудың жоғары формасы. Ол елдің экономикалық саяси дамуы деңгейіне, халықтың әл-ауқатының артуына, мәдениет пен сана-сезімінің өсуі деңгейіне сәйкес пісіп-жетіледі. Азаматтық қоғам нақты тарихи адамзат дамуының жемісі ретінде сословиелік-феодалдық құрылыстың қатан шеңберін қирату мен құқықтық мемлекет қалыптасу кезеңінде пайда болады. Жеке меншік негізінде барлық азаматтардың экономикалық дербестігін алуға және бәсекелес экономикада өмір сүру мүмкіндігінің пайда болуы азаматтық қоғам қалыптасуының міндетті алғышарты болып табылады. Азаматтық қоғамды қалыптастыруда сословиелік артықшылықтарды жою және азаматтың барлық өзге де азаматтармен тең заңды құқыққа ие болған азаматқа айналған адам тұлғасы маңызының артуы мәнді алғышарттар болып есептеледі. Тұлғаның құқы мен бостандығын қамтамасыз ететін құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның саяси алғышарты және іргетасы қызметін атқарады. Мұндай жағдайда адам мінез-құлқы оның жеке басының мүддесімен анықталады және оған барлық қимыл-әрекеттері үшін жауапкершілік жүктеледі. Осындай тұлға өз бостандығын, еркіндігін бөрінен жоғары қояды, сонымен қатар ол басқа адамдардың заңды мүдделеріне де құрметпен қарайды.

Демократияның дамуы және тарамдануы азаматтық қоғамның тыныс-әрекетінің маңызды жағдайы болып табылады. Тек дамыған демократия жағдайында ғана тұлғаның ішкі еркіндігін және оның азаматтық қоғамның қайсыбір институттарына енгендігіне қарамастан, толық дербестігін сақтау қабілеттілігін қамтамасыз ету мүмкін болады. Басқарудың түрлі формалары бар мемлекеттен азаматтық қоғамның айырмашылығы сол, ол саяси деңгейде тек демократия жағдайында өмір сүре алады.

Азаматтық қоғамның пайда болуы тұлға, қоғам және мемлекет арасында тығыз байланыс құрылған, олардың өзара тең құқықтары, еркіндіктері мен міндеттері қамтамасыз етілген социум қалыптастыруды білдіреді. Азаматтық қоғамның шынайы өмір сүруі Англия мен АҚШ-та құқық туралы билл және Францияда адам құқы мен азаматтығы Декларациясының қабылдануынан басталды. Осыған орай батыс елдерінің азаматтық қоғам орнату жолына түскенін айтқан жөн. Азаматтық қоғам қалыптасуының, жетілуінің өлшеуі болып мемлекет тарапынан адам және азамат құқына кепілдіктің берілуі және оның жүзеге асырылуының деңгейінен көрінеді.

Соңғы он жылдықта азаматтық қоғам құру үрдісі Батыстан тыс өңірлерде де басталды. Мысалы, Шығыста саяси демократияның тұрақты сипатымен және дамыған азаматтық қоғамымен Үндістан ерекше көзге түсуде. Үндістан азаматтық қоғамына, мемлекетке салыстырмалы түрде алғанда, үлкен тәуелсіздікке ие болған әр түрлі саяси партиялар, кәсіпкерлер ұйымдары, шаруалар ұйымдары, ғалымдар ассоциациялары және басқалары енген. Сонымен бірге Үндістанда бұқаралық жіктердің әлеуметтік және саяси өмірге араласуға деген талпынысы ретінде қарастыруға болатын төменгі деңгейдегі ерікті қоғамдар кеңінен тараған. Батыстың азаматтық қоғамынан Үндістандағы және Азия, Латын Америкасы, Африка құрлығындағы елдерінде азаматтық қоғам құру үрдісінің өзіндік ерекшеліктері мен көптеген айырмашылықтары болады.

Қайсыбір елдердің, аймақтардың ерекшеліктерінен тәуелсіз кез келген қоғамның негізін қалайтын бәріне ортақ бірнеше идеялар мен принциптерді атаған жөн. Оларға: экономикалық еркіндік, меншік формаларының көп түрлілігі, нарықтық қатынастар, бәсекелестік; адам мен азаматтың табиғи құқығын сөзсіз мойындау және оны қорғау; биліктің заңдылығы және оның демократиялық сипаты; заң мен құқық алдында бәрінің теңдігі; тұлғаның заңмен сенімді түрдегі қорғалуы; биліктің тармаққа бөлінуі мен өзара әрекеттері принциптеріне негізделген құқықтық мемлекет; саяси және идеологиялық плюрализм, жария оппозицияның болуы; пікір, сөз және баспасөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі; мемлекеттің азаматтардың жеке өміріне араласпауы, олардың өзара міндеттері мен жауапкершілігі; азаматтық бейбітшілік, серіктестік және ұлттық келісім; адамдардың лайықты өмір деңгейін қамтамасыз ететін тиімді әлеуметтік саясат. Азаматтық қоғам — бұл қоғамдық өмірдің мемлекеттік емес бөлігі, адамдар өзара байланысатын және ерікті тәуелсіз субъектілер ретінде бір-бірімен өзара әрекет ететін әлеуметтік кеңістік іспетті.

Өзінің қызметіне еркін мақсаттар қоя алатын және оларға жетудің тәсілдерін анықтайтын егеменді тұлға азаматтық қоғамның басты әрекет етуші субъектісі болып табылады. Қалыптасқан азаматтық қоғам мемлекет тарапынан жол берілетін ешбір күш көрсетулерге төзе алмайды. Ол азаматтар мүдделерінің еркіндігі шеңберінде өмір сүреді. Онда әлеуметтік өзін-өзі реттеушілік іске асады, бұл оны «өзін-өзі икемдеуші» қоғам іспетті қарастыруға мүмкіндік береді.

Азаматтық қоғамдағы елдерде адамдар мемлекеттің бар екендігін шамалы ғана сезінеді және олар өз мемлекеттерінен көмекті өте сирек сұрайды. Англияда адамдардың мемлекетке екі жағдайда ғана ісі түседі деп әзілдейді: жәшіктен поштаны алғанда және көшедегі жүру ережесін бұзғанда,

Және, керісінше, азаматтық қоғам нашар дамыған елдерде адамдар мемлекеттен жиі көмек сұрауға мәжбүр болады және «мемлекеттің көзін» тұрақты түрде сезінеді: ол ережелерге бағындырады, бірдемеге ұлықсат етеді, бірдемені шектейді немесе тыйым салады, жұмыс орнына және тұратын жеріне, туристік және ғылыми сапарларына, қажетті тұрмыстық тауарларды сатып алуына және т.б. регламентация (реттеу) қоюға шейін барады.

Осымен байланысты мемлекеттің реттеушілік рөлін ең аз мөлшерге — минимумға дейін жеткізу, атап айтқанда: құқықтық тәртіпті күзету, қылмыспен күрес, жеке және ұжымдық меншік иелерінің қызметіне, олардың өз құқықтары мен еркіндіктеріне, белсенділігі мен іскерлігіне және т.б. кедергі келтірмес үшін нормативтік жағдайлар жасау қажеттілігін айтуымыз керек.

Азаматтық қоғамның нарықтық қатынастарын көзге көрінбейтін экономикалық ынталандырулар мен мүдделер ғана басқарып қоймайды. Сонымен қатар оны бұл механизмдерді қажетті арнаға бағыттауға арналған мемлекеттің биліктік құрылымдары өмірде болуы тиістігін атап айтуымыз керек. Қазақстан нарық бәрін өзі реттейді, бәрін өз орнына қояды, тек шыдамдылықпен күтіп отыру қажет деген біржақты «ғажайып әрекет етуші» ережені басшылыққа алған кезеңнен өтіп жатыр немесе одан өтіп болды. Бұл экономикада үлкен көлеңкелі, қылмыстық сектордың, сыбайлас жемқорлықтың, мафияның пайда болуына, сонымен қатар шалағай, тонаушылық жекешелендіруге әкеп соқтырды. Бүгінде нарықтық қатынастардың қалыптасуында, анархия мен басқарудағы берекесіздікті тиюда мемлекеттің белсенді рөлінің аса қажеттілігі мойындалып отыр.

Қазақстанда реформа жүргізу барысында мемлекеттің рөлін әлсірету реформаторлардың бірден-бір салмақты қатесі еді, енді ғана ол бірте-бірте мойындалып, аздап түзеле бастады. Азаматтық қоғамда азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттері, шын мәнісінде, заңға бағынушылық пен салықтар төлеуге саяды. Алайда бұлар, бір жағынан, мемлекеттің өмір сүруін және тиімді қызметін қамтамасыз ететін, екінші жағынан, тұлғаның қоғамдағы анық және тең әлеуметтік-құқықтық мәртебесін анықтайтын міндеттері болатын. Әлбетте, нақты жағдайлар мен қарым-қатынастарда азаматтардың қоғамдық, еңбек, кәсіпкерлік және басқа да іс-әрекетімен қызмет, әскери, отбасы парыздарын орындаумен байланысты басқа да міндеттердің пайда болуы әбден мүмкін.

Азаматтық қоғам — бұл саясатсыздандырылған және идеологиясыздандырылған қоғам. Оған идеологиялық монополизм мүлдем жат. Бұл — еркін демократиялық, құқықтық, әлеуметтік, өркениетті қоғам. Онда жеке билік режиміне, басқарудың волюнтаристік әдістеріне, таптық өшпенділікке, тоталитаризмге, адамдарды күштеуге орын жоқ. Мұнда керісінше,

зан мен моральді, ізгілік пен әділдік, демократия мен тең құқықтық принциптерін құрметтейді.

Сонымен бірге азаматтық қоғам – бұл ашық, өзін-өзі дамытатын қоғам. Ол нұсқаулық бөлу экономикасымен, жоғарыдан күштеп таңылатын өмір мен қызмет үлгілерімен етене қабыспайды. Еркін индивидтер – жеке меншік иелері өздерінің мүдделерін және ортақ игілікке қызмет етуді бірлесе қанағаттандыру үшін бірігеді. Бұл жерде тәртіпті бейнелейтін заң бәрінің үстінен билік етуге тиіс. Құқықтық тәртіп, орыс ғалымы Э. Ю. Соловьевтың сөзімен айтқанда, индивидті жалпы мәдениліктен туындаған адамгершілік нормаларын мойындау мен бұзбауға жеткізетін мемлекеттен тәуелсіз құралдар мен санкцияларға иелік ететін қоғам бар жерде ғана өмір сүреді<sup>1</sup>. Шын мәніндегі азаматтық қоғам деп – қоғамды өмірдің барлық салаларында жақсы ара-қатынасқа қол жеткен: экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани салада қоғамның алға қарай тұрақты үдемелі қозғалысы қамтамасыз етілген адамдар қауымдастығын есептеуге болады. Адамзат еркениетінің қазіргі кезеңінде бірде-бір елде саясат пен саясаттық еместі үйлестіруге қол жеткен жоқ, олардың арасындағы қарама-қайшылықтар – среуілдер, митингтер, басқа азаматтыққа бағынбау актілері сияқты дүрлігіс оқиғаларына жетелейді.

Азаматтық қоғамның өзіндік белгілері бар. Азаматтық қоғамды сипаттайтын сол белгілердің арасынан: адам мен азаматтың құқы мен бостандығын толық қамтамасыз ету белгісі; өзін-өзі басқарушылық; оның құрылымын және әр түрлі адам топтарын құратын бәсекелестік; еркін қалыптасатын қоғамдық пікір мен плюрализм; жаппай ақпарат алушылық және ақпаратқа қол жеткізуде адам құқының шынайы жүзеге асуы; азаматтық қоғамның адамдардың іс-әрекетін үйлестірудің шынайы принципіне негізделуі; экономиканың көпұкладтылығы; әлеуметтік жағынан теңсіз субъектілердің мүмкіндігі бар теңдіктерге жеткізуге кепілдік беретін биліктің заңдылығы, оның демократиялық сипаты; құқықтық мемлекет; әлеуметтік әділдік пен мемлекеттің күшті әлеуметтік саясаты белгілері деп бөліп көрсетуге болады.

Азаматтық қоғам бүкіл қоғамдық салаларда өзінің ұйымдарымен және бірлестіктерімен құрылымдық тұрғыдан көрінеді. Азаматтық қоғамның құрылымының маңызды элементтері: өз еркімен қалыптасып өзін-өзі басқаратын адамдардың біріншілік қауымдастығы (отбасы, алуан түрлі ассоциациялар, шаруашылық корпорациялары, қайырымды қорлары және басқа да қоғамдық бірлестіктер); мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктер

---

<sup>1</sup> Соловьев Э.Ю. Право, свобода, демократия // Вопросы философии. 1990. № 6. С. 5.

мен ұйымдар, жеке меншік фирмалар мен меншік иелерінің жиынтығы; саяси партиялар және қозғалыстар; лоббистік ұйымдар; адамдардың жеке және өндірістік өмірлері, олардың әдет-ғұрыптары және салт-дәстүрлері; мемлекеттік биліктің араласуынан қорғалған ерікті индивидтердің және олардың ұйымдарының кәсіпкерлер одақтары, тұтынушылар ассоциацияларының өзін-өзі басқарушылық саласы; тәрбие және мемлекеттік емес білім беру саласы; мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары жүйесі; мәдени, қоғамдық ұйымдар; отбасы, шіркеу, мешіт және т.б. болып табылады.

Мемлекеттік құрылымға қарағанда азаматтық қоғамда вертикальді байланыстан гөрі (яғни билік қатынастары және бағыну) еркін және тең құқықты серіктестер арасындағы бәсекелестік пен ынтымақтастық горизонтальді қатынастары көбірек болатынын айтуымыз керек. Осымен байланысты азаматтық қоғам бұл қоғамдық өмірдің экономикалық, әлеуметтік, социомәдени және рухани саласындағы іс-әрекетін қамтамасыз ету құрылымы, оларды ұдайы өндіру және әрі ұжымдық мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың өздігінен іске асыру үшін жағдайлармен қамтамасыз етуге бейімді, ұрпақтан-ұрпаққа өз алдына және мемлекеттен тәуелсіз қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесін беру құрылымы.

Азаматтық қоғам құрылымын жалпы алғанда шартты түрде үш деңгейге бөлуге болады. Азаматтық қоғам құрылымындағы бірінші деңгейді адамның азық-түлікке, киім-кешекке, баспанаға және т.б. базалық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, индивидтердің іс-әрекеттерін қамтамасыз ететін экономикалық қатынастар құрайды. Бұл тұлғааралық және топаралық байланыстар деңгейі жеке меншік кәсіпорындар, кооперативтер, акционерлік қоғамдар, кәсіби, тұтыну және басқа да бірлестіктер мен ұйымдар сияқты қоғамдық институттар арқылы жүзеге асады. Яғни, тұлға мен қоғамның мүдделерін жалпы сақтағанда алуан түрлі формалы меншікті иеленуге және оның нәтижесін пайдалануға мүмкіндіктің болуы азаматтық қоғам дамуының маңызды жағдайы.

Меншіктің болуы тұлғаның кез келген қоғамдағы еркіндігінің негізгі жағдайы қызметін атқаратынын айтуымыз керек. Заңмен сенімді қорғалған меншік адамға мемлекеттік биліктен белгілі бір дәрежеде дербестік береді және тәуелсіз етеді. Меншікті иелену адамда қожайындық сезімді қалыптастыратыны, оның белсенділік танытуына, күш-қуатын толық жинап, жоғары тиімділікпен еңбек етуге итермелейтіні де маңызды саналады. Субъектінің жеке мүддесі, меншік азаматтық қоғамның ерікті азаматы ретінде оның күнделікті қызметінің қуатты ынталандырушысы болып табылады.

Азаматтық қоғам құрылымының екінші деңгейі дүниеге ұрпақ әкелу, денсаулық сақтау, бала тәрбиесі, рухани жетілдіру және діни сенім, қарым-қатынас, достық, махаббат және т.с.с. қажеттіліктерді қанағаттандыратын социомәдени қатынастардан тұрады. Бұл деңгей отбасы, шіркеу, мешіт, білім мен ғылым мекемелері, шығармашылық одақтар, спорттық қоғамдар т.с.с. институттар шеңберінде жүретін отбасылық, туыстық, діни, этникалық және өзге де тұрақты өзара әрекеттер мен байланыстарды өзіне қосып алған.

Азаматтық қоғам көптеген әлеуметтік топтар мен жіктердің, олардың өкілдерінің мүдделерінің әр түрлілігін көрсететін көп түрлі, әлеуметтік құрылымға негізделеді. Солай дегенмен де көп түрлілік объективті өзгерістерге жиі түсуге тырысады, вертикальді және горизонтальді байланыстарды құрады және кідірмелі динамикада болады.

Азаматтық қоғамның үшінші деңгейі саясатқа қатысуға деген мұқтаждығын жүзеге асыруға ықпал ететін және әлеуметтік, саяси және мәдени ұнатуды адамның жеке таңдауымен және құндылық бағыттарды таңдауымен байланысқан қатынастарды құрайды. Сөйтіп, индивидтің нақты саяси позициясы және барлық азаматтардың ерікті еркін білдіруді қалыптастыру қамтамасыз етіледі. Индивидтердің мәдени-саяси жоғары бағалағаны мүдделік топтардың, саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың, лоббистік топтардың, қысым жасау топтарының және с.с. көмегінің арқасында жүзеге асады және идеологиялық стереотиптерді жоққа шығаруды ұйғарған және тұлғаның негізгі құқығы мен еркіндігін іске асыратын қоғамдық даму плюрализмі қамтамасыз етіледі.

Осыған орай азаматтық қоғамның әр түрлі мүдделері бойынша құрылымдануы табиғи жолмен жүруі тиіс және бұл мүдделердің институционалдық формада көрінісі болуы қажет. Егер де азаматтық қоғам мүшелерінің жоғарғы әлеуметтік және интеллектуалдық даму деңгейі болатын болса, азаматтық қоғамның әр түрлі құрылымында іштей еркін және өз бет-бағдарын сақтай алатын болса және өзінің әрекетіне өзі жауап беруге қабілеті бар болатын болса ғана азаматтық қоғам өмірге бейімді болады. Өкінішке орай, Қазақстанда азаматтық қоғам құру үрдісі көп жағдайда осы факторлармен соқтығысып қалуда. Ұзақ уақыт бойы мемлекет өз азаматтарының қажеттіліктерін еркін қанағаттандыруға мүмкіндік бермеді, қоғамдық өмірдің барлық салаларына бақылау жасалды және олардың халжайына жауапкершілікті өзіне алды. Азаматтардың әр түрлі экономикалық, этникалық, аймақтық, көсіби, діни бірлестіктері индивидтің өз мүдделерін, мақсаттарын, ұмтылыстарын және т.б. жан-жақты жүзеге асыруға ықпал етуге саяды.

Осы негізгі функцияны орындау шеңберінде азаматтық қоғам тағы да бірнеше маңызды әлеуметтік міндеттерді атқарады.

Біріншіден, заңдылық негізде азаматтық қоғам адам мен азаматтың жеке өмірінің салаларын мемлекеттің және басқа да саяси құрылымдардың негізсіз қатаң реттеушілігінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Екіншіден, азаматтық қоғамның ассоциациялар базасында барлық салада қоғамдық кеңінен өзін-өзі басқару механизмдері және қоғамдық өмірдің барлық деңгейлеріндегі механизмдері жасалып дамыды.

Үшіншіден, азаматтық қоғам «іркiлiс пен қарама-қарсылық» жүйесіндегі саяси биліктің абсолюттік үстемдікке ұмтылуы тежеудің бірден-бір маңызды және қуатты тетігі болып табылады. Ол азаматтарды және олардың бірлестіктерінің қызметіне, мемлекеттік биліктің заңсыз араласуынан қорғайды. Сөйтіп, мемлекеттің демократиялық органдарының, оның бүкіл саяси жүйесінің қалыптасуы мен нығаюына ықпал етеді. Бұл функцияны жүзеге асырудың белсенділікпен сайлау науқандарына, референдумдарға, қайсыбір талаптарды қолдау немесе қарсылық акцияларына қатынасу, қоғамдық пікірді, атап айтқанда, тәуелсіз бұқаралық ақпарат және коммуникация құралдары көмегімен қалыптастырудағы зор мүмкіндіктерді пайдалану секілді көптеген құралдары бар.

Төртіншіден, азаматтық қоғам институттары мен ұйымдары адамның мемлекеттік және қоғамдық істерге қатысуына тең рұқсат пен құқық беріп, жеңіске жету үшін шын мәніндегі кепілдікпен қамтамасыз етуі тиіс.

Бесіншіден, азаматтық қоғам өз мүшелеріне қатысты әлеуметтік бақылау функциясын атқарады. Оның мемлекеттен тәуелсіз өз құрамдары мен санкциялары бар, солардың көмегімен ол индивидтерді қоғамдық нормаларды бұзбауға мәжбүр етеді, азаматтардың әлеуметтенуі мен тәрбиесін қамтамасыз етеді.

Алтыншыдан, азаматтық қоғам нормалардың реттілігін және құндылықтарды қамтамасыз етеді, кейін мемлекет оларды өз санкциясымен бекітеді.

Жетіншіден, азаматтық қоғам дамыған әлеуметтік индивидті қалыптастыратын органы құруға жағдай жасайды.

Сегізіншіден, азаматтық қоғам әр түрлі меншік формаларының экономикалық негізінде тұлғаның еркін дамуын қамтамасыз етеді.

Тоғызыншыдан, азаматтық қоғам өзін құрайтын жеке адамдардың, топтардың және басқа да элементтердің азаматтық құқық арқылы өзара қарым-қатынастарын міндетті реттеушілігімен сипатталады, бұл болады-ау деген қалыптасуларды алдын-ала жоюға мүмкіндік береді және бүкіл қоғам мүддесінен шығатын ортақ саясат жасауға ықпал етеді.

Оныншыдан, азаматтық қоғам коммуникациялық функция атқарады. Демократиялық қоғамда мүдделердің көп түрлілігі байқалады. Бұл мүдделердің көп болуы азаматтардың демократия жағдайында қол жеткізген бостандықтарының нәтижесі болып табылады. Демократиялық мемлекет



өз азаматтарының мүдделері мен қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға шақырады. Алайда, экономикалық плюрализм жағдайында бұл мүдделер соншалықты көпсанды, соншалықты көптүрлі және жіктелген, бүкіл осы мүдделер туралы мемлекеттік биліктің ақпарат алатын нағыз арналары жоқтың қасы. Азаматтық қоғамның институттары мен ұйымдарының міндеті мемлекетке азаматтардың нақты мүдделері туралы ақпарат беру, өйткені оларды орындау, қанағаттандыру тек мемлекеттің күшімен ғана іске асады. Осындай ақпараттың классикалық үлгісін «жасылдар қозғалысының» акциялары көрсетіп отыр. Сыртқы ортаны қорғау проблемасын мемлекеттің кеңінен қатысуынсыз шешу мүмкін емес және «жасылдар» сыртқы ортаны қорғау жөнінде нақты мемлекеттік бағдарламалар қабылдауды талап етуде.

Алайда азаматтық қоғамның коммуникативтік функциясы тек осындай ақпаратпен шектеліп қалмайды. Мемлекеттік билік үшін азаматтық қоғам ұйымдарымен қарым-қатынас жасау жалпы қоғамның қалпы, күйі туралы, оның үстем етуші жүйе, саяси режим жөнінде, қоғамдық көңіл-күй туралы және т.б. жөнінде ақпарат алудың аса ірі көлемді көзі болып табылады. Демократиялық қоғамдарда түптеп келгенде, азаматтық қоғам — билік басында тұрған саяси күштердің заңдылық көзі.

Он біріншіден, азаматтық қоғам өзінің институттары және ұйымдарымен тұрақтылық функциясын атқарады. Ол бүкіл қоғамдық өмір ұстанатын мықты құрылымды жасайды. Сондықтан жоғары дамыған азаматтық қоғам мемлекеттік тұрақтылықтың негізі болып табылады және егер де мемлекеттің күрделі тарихи кезеңдерінде «шайқалуы» басталатын болса, онда оған азаматтық қоғамның берік құрылымы сенімді тіреу болады. Бұл, әсіресе, Скандинавия елдеріне тән деуге болады. Азаматтық қоғамның келесі бір функциясы қоғамның бүкіл мүшелерінің өмір сүруіне қажетті құралдардың белгілі бір минималды деңгейімен қамтамасыз ету болып табылады, бұл оған өзін жеткізе алмағандар үшін маңызды. Бұған мүгедектер, қарттар, сырқаттар, жетімдер және т.б. мысал бола алады. Біз азаматтық қоғам қалыптасуының тарихи жағдайларын, оның ерекшеліктерін, белгілерін, құрылымдарын және функцияларын анықтадық, енді дәл сондай қоғамның Қазақстанда қалыптасуы туралы қысқаша баяндауға тура келеді.

Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыру басты және ұзақ мерзімді міндет болып табылады<sup>1</sup>. Оны шешу көптеген факторлар мен жағдайларға тәуелді болмақшы. Елімізде азаматтық қоғам институттарын қалыптастырудың көрнекті айғағы ретінде саны 3500-ге жеткен мемле-

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Дьяченко С.А.* Политический транзит в современном Казахстане. Астана, 2001. С. 221-223.

кеттік емес ұйымдар мен бірлестіктер қызметін айтуға болады. Қазақстан үкіметі бұл ұйымдарды қолдау және олармен ынтымақтастық орнату бағытын қатаң ұстанады.

Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастырудың бірнеше айрықша ерекшеліктері бар. Олар бүкіл осы үрдіске мәнді ықпал етеді. Біріншіден, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелеріне шешім жасауды әрдайым өзінің беделіне сүйенген мемлекеттік билікке бағыну әдеті Қазақстан азаматтарының, әлеуметтік психологиясына орнаған еді. Екіншіден, қазақстандықтардың санасында ұжымдық бастау дәстүрі мығым, бірігіп тіршілік әрекет ету әдеті күшті. Үшіншіден, қазақстан халқының негізгі бөлігі ешқашан да шынайы меншік иесі болған емес, жер мен өндіріс құралдарынан қол үзген-ді.

Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-саяси жүйесінің бір ерекшеліктерін айтар болсақ, онда әр түрлі қоғамдық институттардың қалыптасуының қарқынды өсуіне қарамастан, олардың жиынтығы әлі күнге дейін қоғамды тұрақтандыратын және оны ортақ мақсаттар мен міндеттер төңірегіне шоғырландыруға ықпал ететін өтімді жүйеге айналған жоқ.

Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастыру өзіне сәйкес құрылымдарды күшті әрі өкілетті азаматтық институттарға біріктіре алмай, әзірге сандық өсу мен салалы көптүрліліктің артуы жолымен ғана жүріп келеді. Осыған орай Қазақстандағы азаматтық қоғамды орнату проблемалары, біздің ойымызша, келесі міндеттерді дұрыс шешумен байланысты:

1. Тиімді, әлеуметтік бағытталған нарықтық экономикаға негізделген азаматтық қоғамның экономикалық іргетасын қалау. Өзінің сипаты жағынан бұл экономика жеке, кооперативтік, ұжымдық және мемлекеттік тауар өндірушілер - меншік иелерінің мүмкіндіктерін үйлестіретін көп укладты болады.

2. Азаматтардың экономикалық еркіндігі мен дербестігіне қол жеткізу. Билікті, инициативалы және іскер қызметкерлерден мейлінше жоғары деңгейлі табысы бар «орта тапты» қалыптастыру.

3. Қоғамдық өмірде партиялар мен қоғамдық қозғалыстар рөлінің, бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің артуына орай көпжақты саясат пен идеологияның дамуына байланысты саяси жүйеде түбегейлі демократиялық қайта құрулар жүргізу.

4. Жалпы азаматтардың құқықтық, мәдени деңгейлерінің дамуына сәйкес, олардың қоғамдық, әлеуметтік-саяси өмірдегі рөлін көтеру және әр түрлі қоғамдық түзілімдердің қызметін арттыру міндеті.

Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды қалыптастырып, өркендету үшін қолайлы, қажетті жағдайлар жасалуда. Алайда бұл үрдіс ұзаққа созылатын өтпелі кезеңді және оған мемлекет

тарапынан тұрақты көңіл аударуды қажет етеді. Қазақстанның толыққанды еркін азаматтық қоғам құруға мүмкіндігі бар. Жоғарыда баяндалғандарды және ғылыми әдебиеттерде айтылған пікірлерді қорытындылай келіп, азаматтық қоғамға мынандай анықтама беруге болады. Азаматтық қоғам — бұл қоғамдық өмірдің мемлекеттік емес саласы, ең бастысы, адамдардың экономикалық және жеке бастың тіршілік әрекет саласы, мемлекеттің тікелей араласуынсыз еріктілік негізде қоғамда дамытын тұлғаралық, отбасылық, қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік, мәдени-діни қатынастар мен құрылымдардың жиынтығы және тұлға бостандығынан, саяси плюрализмнен, демократиялық құқықтық тәртіптен негіз алған индивидтер мен ұжымдардың қажеттіліктері және өзін-өзі көрсетуі жағдайларын қамтамасыз етудің саласы.

Азаматтық қоғам мемлекетпен диалектикалық қарама-қайшылықтар бірлігінде өмір сүреді және қызмет атқарады. Демократиялық режимде ол мемлекетпен тығыз өзара әрекет етеді, ал тоталитарлық және авторитарлық режимдерде мемлекетке қарсы белсенділік немесе енжарлық оппозицияны ұялатады.

### **3. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеті**

Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара қатынастары проблемасы жете зерттелмеген әрі ғылыми әдебиеттерде пікірталасты мәселе болып қалып отыр. Қоғамдық өмірдің әр түрлі жақтары мемлекет пен азаматтық қоғамның бір-бірінен айырмашылықтарын көрсететіні белгілі. Олар өздерінің өмір сүру тәсілдерімен бір-бірінен өзгешеленеді: мемлекет демократиялық, құқықтық, тоталитарлық, авторитарлық пішінде көрініс табады, ал азаматтық қоғамға іштей демократиялық, құқықтық бастаулар тән. Келесі бір мысалда мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы айырмашылықтарды көрсете алады. Егер де қоғамды пирамида түрінде елестететін болсақ, онда мемлекетке тән вертикалды байланыстардан өзгешеленетін адамдар арасындағы әрекет етуші горизонтальді байланыс «азаматтық қоғамды» құрайтын болады. Өркениетті даму деңгейін көрсететін, мемлекет пен азаматтық қоғам бір-бірімен тығыз байланысқан, әрқайсысы жеке өмір сүре алмайды.

Мемлекет пен азаматтық қоғам қатынастарында коллизи, қарама-қайшылық, келіспеушілік болуы мүмкін. Олар белгіленген конституциялық реттілік шеңберінде шешілуі тиіс. Мемлекет пен азаматтық қоғам антипод ретінде бір-біріне қарама-қарсы тұрмауға тиісті, керісінше олар құқықты құрметтеу негізінде өзара үйлесімді әрекет етеді. Олар өзара генетикалық түрде байланысқан. Гегель олардың өзара әрекеттерін бейнелей

келін, азаматтық қоғамды адамның мемлекеттік қорғау аркасында өзінің еңбегінен өзі үшін пайда табатын азаматтың жеке өмір саласы ретінде қарастырған.

Мемлекет пен азаматтық қоғам біріне-бірі шабуылдап, өмірлік кеністі тартысқа салып, тіптен бір-біріне көмектесе отырып бейбіт өмір сүретінін де айтуымыз керек. Тек мемлекет қана азаматтық қоғамды ресми көрсетуге талаптанады. Бұл өз аумағында тұратын барлық адамдарды мемлекеттің біріктіруімен түсіндіріледі. Өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекет өзіндік ұжымдық орган ретінде ерекше басқару аппаратына сүйенеді. Сонымен қатар мемлекеттің бәріне ортақ міндеттілік маңызы бар ерекше әлеуметтік нормалар жүйесі – құқықтық нормалары бар.

Азаматтық қоғам өзін-өзі ұйымдастыратын және өзін-өзі дамытатын жүйе іспетті болғанымен, оның дамуының табысты жүруі мемлекеттің қолайлы жағдай жасауына тікелей байланысты екенін айтуымыз керек<sup>1</sup>. Сондықтан азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін демократияға негізделген, құқықтық мемлекеттің негізі болатын құқықтың бәрінен жоғарылығын және басқа да принциптерді мойындаған күшті мемлекеттік билік қажет. Мемлекет азаматтық қоғамға, оның құрылымына ықпал етеді. Алайда оның кері әсер алатыны да болады. Мысалы, мемлекеттің құқықтық шығармашылық қызметі, халық өкілетті органдарының жұмысы саяси партиялардың, азаматтардың қоғамдық ұйымдардың қызметімен өзара тығыз байланысқан. Сонымен бірге, мемлекеттік механизмнің, қоғамның бүкіл саяси билік ұйымдары жұмысының нормалы және тиімді болуы тұлға мен мемлекет арасындағы маңызды буын іспетті, өзіндік делдал ретіндегі дамыған азаматтық қоғамсыз іске асуы мүмкін емес. Азаматтық қоғам азаматтары бірлестіктерінің көптен-көп құқығы мен еркіндігінің жүзеге асатын әлеуметтік ортасы.

Солай дегенмен де, қайсыбір институттардың бөлінуі азаматтық қоғам салалары мен саяси салаларының бір-бірінен шектеуін белгілесе де азаматтық қоғам институттары мен қазіргі мемлекеттің саяси институттарының қалыптасуы мен дамуы бір мезгілде өзара тығыз байланыста, өзара әрекетте және бірімен-бірі өзара қабысып жүргенін естен шығармау қажет. Мысалы, адам құқықтарына азаматтық саяси құқықтары сөйкес келеді, әлеуметтік, экономикалық, ұлттық-мәдени, діни және т.б. плюрализміне саяси партиялар плюрализмі т.б. орайласады. Сонымен қатар, бір мезгілде азаматтық қоғам саласына және мемлекеттік салаға да жатқызуға болатын бірнеше институттар мен құбылыстар (феномен) өмір

<sup>1</sup> Қараңыз: *Жиро Т. Политология / Перевод с польского. Харьков, 2006. С. 43-46.*

сүреді. Мысалы, саяси партиялар мен ұйымдар қайсыбір аспектілермен екі салаға жатады және олардың арасын байланыстыратын өзіндік буындар іспетті қызмет атқарады. Қазіргі жағдайда осындай ұқсас қосарланған салмақты бірнеше институттар, мысалы, корпоративизм немесе жана корпоративизм институттары атқарып келеді. Корпоративизм, әдетте институционалдық жүйе ретінде айқындалған. Онда жария саясат мемлекеттік аппарат пен ықпалды және қуатты корпоративтік ұйымдардың (көп жағдайда бір жағында бизнес, екінші жағында кәсіподақтар) арасындағы өзара әрекеттің негізінде жасалады. Бұл жүйеде, корпоративтік ұйымдарға қайсыбір салаларда өз мүдделерін мемлекет қойған кейбір шектеулерге айырбастауға монополиялық өкілдігі бар. Басқаша сөзбен айтқанда, саяси өкілдік функционалдықпен немесе мүдделер өкілдігімен толығады, бұл дәстүрлі парламент механизмдерінің өмір сүруі жүйесіне, сонымен қатар еңбек пен капитал арасындағы және т.б. шиеленістерді шешу тәсілдері мен ретіне мәнді өзгерістер енгізеді. Егер де партиялар мен өзге де институттар қайсыбір азаматтар топтарының саяси жүйедегі мүдделері мен бағыттарын білдіретін болса, онда мемлекет жалпы, барша халықтың мүддесін білдіреді. Өйткені, ол – саяси идеяларды іске асырушы, билікті жүзеге асырудың басты институты, егемендіктің негізгі субъектісі.

Азаматтық қоғам мен мемлекет әрдайым бір-бірінің алдынан шығады. Азаматтық қоғам мемлекетке мемлекеттің қолдауын қажетсінетін өзінің инициативаларымен, (ен алдымен материалдық) мүдделерімен, талаптарымен, өтініштерімен және т.б. назар аударады. Мемлекет азаматтық қоғамға әр түрлі формада алдынан шығады: бұл азаматтардың инициативаларын зерттеуге (оларды қолдау немесе қолдамау), көптеген қоғамдық ұйымдардың, бірлестіктердің, қорлардың белсенділігін дамыту үшін материалдық құралдар бөлуге саяды.

Қазіргі демократиялық елдердің бөрінің биліктік құрылым жүйесінде азаматтық қоғам ұйымымен байланыс орнату үшін әлеуметтік органдар ұйымдастырылған және де олар жүйелі жұмыс істеп келеді. Олардың қызмет бағыттары мен формалары әр түрлі: сол ұйымдарды тіркеу, оларға көмек беру (консультациялар, қаржыландыру), олардың өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар жасау. Мысалы, Ұлыбританияда көптеген жылдар бойы арнайы мемлекеттік орган – қайырымдылық комиссиясы жұмыс істеп келеді. Ол қайырымдылық ұйымдары мен қорларын (бұл елде олар мейлінше өте көп) тіркеуден өткізеді. Мұндай ұйымдар мен қорлардың қызметі кедейлерге көмек көрсетуге, шіркеуді қолдауға, білім беруді дамытуға, нәсілдік белгісіне қарай дискриминацияға жол бермеуге, азаматтардың денсаулығын қорғауға, Ұлыбритания азаматтары үшін тең

мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Қоғамдық ұйымдарға көмек көрсету (ен алдымен материалдық) комиссияның маңызды функциясы болып есептеледі.

Қайырымдылық комиссиясы типіндегі арнайы органдармен қатар мемлекеттің азаматтық қоғаммен байланыс орнатудың кеңінен тараған бір формасы бар. Әнгіме парламенттер мен үкіметтер жанында жұмыс істейтін әртүрлі кеңестер мен комиссиялар құрамына азаматтық қоғам ұйымдарының өкілдері енгені туралы болып отыр. Олар саяси биліктің өкілді органдарына депутат болып жиі сайланады. Азаматтық қоғам өкілдері азаматтық қоғам дамуының нақты мәселелеріне және қоғамдық пікірдің жай-күйіне қатысты аса құнды ақпараттарды иеленгендіктен, парламенттік комитеттер мен комиссияларда эксперттер мен кәсібилер ретінде қызмет етеді.

Батыс Еуропаның бірнеше елдерінің парламенттері мен үкіметтері жанындағы осындай комитеттер мен кеңестер арасынан консультативтік сипаты бар әлеуметтік-экономикалық кеңестерді атап айтуға болады. Олардың құрамына көптеген қоғамдық ұйымдардың экономикалық және әлеуметтік салаларының өкілдері кірген. Мұндай кеңестер Францияда, Австрияда, Швецияда, Финляндияда, Италияда, Бельгияда және басқа елдерде жұмыс істейді. Бұл мемлекеттердің үкіметі әлеуметтік және экономикалық сипаттағы мәселелер бойынша қабылданатын заңдардың жобалары туралы кеңестердің пікірлерін сұрастырады. Өз кезегінде бұл кеңестер өз инициативасымен қайсыбір нақты мәселені шешудің маңыздылығы мен кезек күттірмейтіндігіне үкіметтің назарын аударта алады.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекет ету формаларының арасынан көптеген елдерде қалыптасып, қызмет атқарып отырған азаматтардың құқы мен еркіндігін сақтауды бақылайтын парламенттік өкілеттік қызметті айту керек. Бұл қызметті заң шығару билігінің алдында жауапты тәуелсіз жоғары лауазымды адам басқарады. Сенім берілген лауазымды адамдар немесе кәсіпкерлер іс-әрекетіне наразы азаматтардан арызшағымдар алады да, өзіне берілген мүмкіндіктерге сәйкес алынған материалдарды зерттейді, оның нәтижесін соған орайластырылған ұсыныстарымен парламентке баяндайды. Сенім берілгендердің ұсыныстарына құлақ аспау өте сирек кездеседі. Бұл азаматтық қоғам ұйымы беделінің жоғары екенін көрсетеді. Ұлыбританияда азаматтық құқықтар жөніндегі сенім берілетін адамды премьер-министрдің ұсынысымен королева тағайындайды. Азаматтық құқықтар жөніндегі сенім берілген адамның қоғамда алатын орны соншалықты жоғары, әрі жауапты, оны тек мемлекеттік қаражатты үкіметтің қалай жұмсағанына қаржылық бақылау жасау міндеті жүктелген

парламенттің бас аудитор-бақылаушысы статусымен салыстыруға болады<sup>1</sup>.

Азаматтық қоғамның гүлденуі құқықтық мемлекет жағдайында іске асады, ал соңғының қалыптасуы, дамуы және сақталуы тек азаматтық қоғам негізінде жүретін процесс. Демек, биліктік қатынастар саласында азаматтық қоғамға құқықтық мемлекет сәйкес келеді. Құқықтық мемлекет институттарға, принциптерге және құндылықтарға негізделген азаматтық қоғамды мемлекет заңның көмегіне сүйеніп, өмір сүруге әрі қызмет етуге жұмылдырады. Сондықтан құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның барлық мүшелерін құқық негізінде біріктіреді. Бұл негіз шын мәнінде таптықтан жоғары әрі жалпы азаматтық сипатта тұр және ол өзіне біріктіруші бастау көздерін жинақтаған.

Дегенмен азаматтық қоғам жеке, бір-біріне карама-қайшы мүдделердің кешені ретінде көрінсе, құқықтық мемлекет бәрінің ерік-жігерін білдіруші ретінде мүдделерді бір-бірімен жарастыруға, басын қосуға ұмтылады. Алайда іс жүзіне келсек, меншік иелерінің экономикалық үстемдігі алуан түрлі саяси формалармен де, диктатурамен де, демократиямен де сыйысып кетеді.

Мүлікті таптар билік институттарын өздерінің үстемдік ету құралына айналдыруға тырысқанымен, мемлекеттік құрылыс негізіне қаланған демократиялық принциптер қайсыбір экономикалық және әлеуметтік-таптық мүдделерден мемлекеттің тәуелсіздігін белгілі дәрежеде камтамасыз етеді. Азаматтық қоғамның өмір сүруі және оның құқықтық мемлекетпен өзара сәйкестігі бұл принциптің тіршілік қабілетіне кепілдік болып табылады. Бұл сәйкестіктің бұзылуы тоталитарлық режимдер, соның ішінде біздің еліміздегі тәжірибе көрсеткеніндей, қандай да бір, тіптен трагедиялық салдарға соқтыратынын дәлелдеді. Тоталитарлық жүйеде бүкіл қоғам мүддесінен, адамның жеке құқықтары мен еркіндігінен таптық мүддені сөзсіз басымырақ қоюы, жарқын болашақ үшін қазіргі ұрпақтың өзін құрбан ету ұстанымын бірінші қатарға қоюы әрбір тұлғаның өзі құнды және қайталамастығы идеяларын жоққа шығаруға әкеп соқтырды. Меншіктің мемлекеттендірілуі, сөзсіз, азаматтық қоғамның мемлекеттендірілуіне, оны мемлекеттің жұтып қоюына әкелді. Мұндай жағдайда адамның жеке басының еркіндігі мен құқы табиғилығын және одан қол үзіп қалмау маңыздылығын жоғалтады. Өйткені олар мемлекеттің қарамағына өтеді де, саяси институт оны қалай пайдаланамын десе, солай қолданатын

---

<sup>1</sup> *Әбсаттаров Р.Б.* Мемлекет және азаматтық қоғам: тұжырымдамалық талдау // Абай атындағы Алматы университетінің Хабаршысы. Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы. Алматы, 2003. № 3. 91 б.

болады. Жаппай қоғамдастыру жүйесінде рулық топқа айналдыру жолымен тұлғаның сөзсіз азат етілуі іс жүзінде тұлғаның жойылуына, жиынтықты құрайтын шексіз, көптеп есептелетін статистикалық бірліктің біріне айналып, оның тұлғасыз бұқараға сініп кетуіне соқтырады. Бұл жерде мемлекет адамдар үшін қызмет етпейді, керісінше, адамдар мемлекет үшін өмір сүреді. Адам мемлекет азаматтығының құрбаны етіледі, ал азамат, өз кезегінде азаматтықтың құрбаны болады. Әрбір жеке алынған индивид аса қуатты күштеу аппаратымен жекпе-жек қалып, бұрандаға айналады. Бұл, әрине, қоғамдық күштердің еркін ойына кедергі келтіреді. Конформизм, көңіштік женеді, халық бұқараға айналады, жұртшылық тобыр белгісін иеленеді.

Азаматтық қоғам мен мемлекет арасын бөлудің толық жойылуы немесе болмауы тоталитарлық жүйенің мәнін ашады. Бұл жерде мемлекет қоғамнан басым болады (көбінесе тотальді) және оны толық бақылайды. Солай болғандықтан тоталитарлық (авторитарлық) мемлекет азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруіне кедергі жасайды, оның тіршілік саласын барынша қысқартады, бірақ оны киратуға, жоюға қабілетсіз болады.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекет ету мәселесі бойынша, жоғарыда баяндалғандардың негізінде бірнеше маңызды қорытынды жасауға болады:

1. Азаматтық қоғам саяси биліктің шексіз үстемдікке тырысуына тоқтау салатын және қарсы әсер ететін жүйедегі маңызды әрі қуатты тетіктердің бірі. Осы миссияны орындау үшін оның көптеген құралдары бар: белсенді түрде сайлау науқандары мен референдумдарға қатынасу, қоғамдық пікір қалыптастырудағы үлкен мүмкіндіктері (атап айтқанда, тәуелсіз теледидар арналарының көмегімен), қайсыбір мемлекеттік реформаларды жүргізуге қарсылық көрсету науқанын ұйымдастыру мүмкіндіктері.

2. Азаматтық қоғамның өзі (оның көптеген ұйымдары мен бірлестіктері) мемлекеттік қолдауды қажетсінеді. Сондықтан ұйым өкілдері бірқатар мемлекеттік органдар жұмысына белсенді қатысады. Мемлекеттен тәуелсіз өмір сүрсе де, өзінен-өзі пайда болып, өзін-өзі реттейтін болса да азаматтық қоғам ұйымдары мемлекетпен әр түрлі формада өзара әрекетке түседі.

3. Өз кезегінде мемлекет азаматтық қоғаммен барынша өзара бірлесіп әрекет етуге ынталы. Бұл бірнеше себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, азаматтық қоғам ғана билік басында тұрған саяси күштер заңдылығының қайнар көзі; екіншіден, мемлекет үшін азаматтық қоғам ұйымдарымен байланыс орнату қоғамның хал-жайы, оның мүдделері, көңіл күйлері, үстемдік етуші саяси билікке қатысы туралы көлемі ірі ақпарат көзі болып табылады; үшіншіден, күрделі тарихи кезеңдерде (экономикалық дағдарыс,



соғыс және т.с.с.) азаматтық қоғам, әдетте, мемлекетке қолдау көрсететін қуатты күшке айналады; төртіншіден, азаматтық қоғам ұйымдарының арасында мемлекет тарапынан материалдық көмекті қажетсінетін ұйымдар аз емес, бірақ сол қоғам ұйымдарының арасында мемлекетке қаржылай көмек беретін ұйымдар (банктер ассоциациялары, кәсіпкерлер одақтары және т.б.) баршылық.

4. Азаматтық қоғамның ерекшелігі, оның ұйымдарының (дербес) автономдық сипаты мен тәуелсіздігі олардың іс-әрекетінде әлдеқалайлыққа жол бермей тұра алмайды. Сондықтан олардың дамуына әр түрлі демократиялық формалардағы бақылау орнатуға бағытталған мемлекеттің күш салуы логикалық тұрғыдан оң саналады. Мұндай формаларға жоғарыда қарастырылған қоғамдық ұйымдар өкілдерінің әр түрлі билік құрылымдарында болуы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар өкілдерінен тұратын бірлесе құрылған органдар жатады.

Қорытындылай келе айтарымыз, мемлекет пен азаматтық қоғамды дүние жүзі өркениетінің қол жеткізген ұлы табысы деп бағалау қажет. Мемлекет пен азаматтық қоғамды бір-біріне қарама-қарсы қою қателік болады, өйткені олар бірге өмір сүреді және бірін-бірі өзара толықтырып отыр. Азаматтық қоғам неғұрлым дамитын болса, соғұрлым мемлекет те демократияланады. Керісінше де жағдай болады, азаматтық қоғам неғұрлым нашар дамыса, соғұрлым авторитарлық және тоталитарлық мемлекеттің пайда болуы мен өмір сүруіне мүмкіндік туады. Азаматтық қоғам — бұл, дамыған, тұрақты, адамдардың өмір сүруі жоғары деңгейге жеткен әділ де ашық қоғам.

## **САЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР, ҚОЗҒАЛЫСТАР**

Саяси ғылымда өлі де жете зерттелмеген азаматтардың әр түрлі қоғамдық бірлестіктері – саяси партиялар, кәсіподақтық ұйымдар және әйелдер ұйымдары, көпшілік қозғалыстары, ассоциациялар, қорлар, одақтар және т.б., қоғамның саяси жүйесінде маңызды орын алады. Бұл тәрізді қоғамдық құрылымдардың негізінде қауымдастық мүшелерінің өздерінің мүдделерінің ортақтығын жете түсінуі және бірлестіктер мен ұйымдар арқылы оларды іс жүзінде жүзеге асыруға деген ұмтылысы жатыр. Бірлесуге деген құқық адамның және азаматтың функционалды құқығы болып табылады, сонымен қатар азаматтардың мемлекеттік емес қызметтің кез келген түрін еркін және өз бетінше таңдауына деген құқығын білдіреді.

Ғылыми әдебиеттерде және құқықтық актілерде қоғамдық белсенділіктің ұйымдық түрлеріне кең тұрғыда сипаттама беру үшін «қоғамдық бірлестік» ұғымы пайдаланылады. Қоғамдық бірлестік деп азаматтардың еркін көңіл білдіруі нәтижесінде пайда болған, мүдделерінің ортақтығы негізінде біріккен ерікті құрылым түсініледі.

Осыған байланысты қоғамдық бірлестіктер – саяси жүйенің демократиялылығының, азаматтардың саяси белсенділігінің, олардың қоғаммен және мемлекетпен өзара әрекеттерінің маңызды көрсеткіші екендігін атап көрсеткен жөн. Олар қоғамдық қатынастарда тепе-теңдікке қол жеткізуге жәрдемдеседі, саяси сан алуандылыққа дем береді және саяси режимнің қатаңдануына тосқауыл қояды. Билік институттарының қоғамдық бірлестіктердің талаптары мен ұсыныстарына үйлесімді және икемді түрде жауап қайтаруы саяси шешімдерде көрініс табады. Бұл әлеуметтік проблемаларды айқындауға және оларды шешуге, қоғамның тұрақтылығын қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, керісінше билік органдарының қоғамдық бірлестіктерге деген немқұрайдылығы халықтан оқшаулануға, мемлекетте бүлдіруші әрекеттер жасайтын радикалдық және экстремистік әрекеттерге итермелейді.

Қоғамдық бірлестіктер де мемлекеттік органдар сияқты қоғамның саяси жүйесінің институционалдық жүйешесіне жататындығын айта кету керек. Қоғамдық бірлестіктердің ішінде саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар және қоғамдық қозғалыстар сияқты құрылымның негізгі топтары бөліп көрсетіледі. Бірқатар ортақ белгілерге ие бола отырып (еріктілік, құру ниеттілігі, өзіндік әрекет және т.б.), қоғамдық бірлестіктің бұл типтері өзара өздерінің мақсаттарымен, міндеттерімен, ұйымдық пісіп-жетілуінің деңгейлерімен ерекшеленеді. Билік қатынастары жүйесінде саяси партиялар айрықша маңызды роль атқарады.

## 1. Саяси партия ұғымы, тиштері мен атқаратын қызметтері

Ең ұйымдасқан және саяси бағытталған қоғамдық бірлестік — саяси партия. Партияны қазіргідей түсіну ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. «Партия» термині латынның *partis* сөзінен шыққан, тым ірі қауымдастықтың, процестің бөлігі дегенді білдіреді. Бұл ұғым ежелгі дүниенің өзінде-ақ ортақ мақсатқа ұмтылған саяси одақтастар тобын білдіретін ұғым ретінде қолданылған. Алайда құл иеленушілік және феодалдық құрылыс тұсында орын алған саяси фракциялар, одақтар тек шартты жағдайда ғана партия деп аталды; бұлар қоғамдық-саяси өмірде аз-кем болса да елеулі роль атқара алмайтын түрсіз, уақытша құрылымдар болды.

Партияның саяси атқа ие болуы шын мәнінде буржуазиялық революциялар дәуірінде және мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен іске асырылуының формасы ретінде парламентаризмнің шығуы мен дамуына байланысты пайда болды. Саяси институт ретіндегі партиялардың генезисінде саясаттанудағы көпшілік мақұлдаған М.Вебердің жіктеуіне сәйкес, оның үш кезеңі бөліп көрсетіледі: аристократиялық топ — саяси клуб — көпшілік партия.

ХІХ ғасырда сайлау құқығының кеңеюі мен ұйымдасқан жұмысшылар қозғалысының пайда болуы нәтижесінде саяси партиялардың сипаты сапалық өзгерістерге ұшырады. Көптеген елдердегі цензділік шектеулердің біртіндеп алынып тасталуы, сайлау құқығы реформалары сайлау корпусын елеулі түрде кеңейтті. Көпшілік үшін күрес буржуазиялық партияларды окшауланып қалудан бас тартуға, сайлаушыларға үнемі идеологиялық және саяси ықпал ету үшін парламенттің шегінен шығуға мәжбүр етеді.

Институт ретіндегі саяси партиялардың дамуына жұмысшылар қозғалысы айтарлықтай үлес қосты<sup>1</sup>. Ол мүшелері көпшіл, жергілікті ұйымдар желісі бар, мерзімді түрде съезд өткізіп тұратын, жарғысы мен мүшелік жарнасы бар партияның классикалық типін жасады. Жұмысшы партиялары парламенттен тыс жолмен — кәсіподақтың, кооперативтік қозғалыстардың, жұмысшылар мен зиялылар үйірмелерінің негізінде пайда болды. Алғашқы жұмысшы партияларының бірі 1863 ж. Лассаль құрған «Жалпыға бірдей Герман Одағы» болды. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жұмысшы қозғалыстары екі ағымға — революциялық және реформистік ағымдарға бөлінді, соның негізінде жұмысшы табы партиясының екі негізгі тобы — коммунистік және социалистік топтары пайда болды.

ХХ ғасырдың басында христиандық-демократиялық және басқа да конфессионалдық партиялар құрылды. Ұлт-азаттық қозғалыстардың

<sup>1</sup> Қараңыз: *Саловьев С.А.* Партийная система. Казань, 2010. С. 79-85.

дамуымен өзінің таптық мәні бойынша әр түрлі, езілген халықты ұлттық азат студі көздеген партиялар қалыптасады. Саяси институт ретіндегі партиялардың эволюциясы қоғамдық-саяси ойдағы аталмыш феноменді теоретикалық ұғынумен қатар жүрді. Саяси теорияларда ұзақ уақыт бойы партияға қарсы – жағымсыз тұрақты дәстүр қолданылды, ең жақсы жағдайда партияларға деген шыдамды қарым-қатынас болды. Оның негізінде халықтың егемендігі мен жалпы еркін білдіруші ретіндегі мемлекет жөнінде түсінік жатты. Партиялар «жеке мүдделерді» қорғаушы, қоғамдағы дағдарыс пен жіктелудің қайнар көзі ретінде түсінілді.

Тек буржуазиялық мемлекеттіліктің парламенттік конституциялық негіздерінің дамуы мүмкіндігіне қарай партиялар біртіндеп өздерінің саяси және құқықтық мәртебесін нығайтты. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында саяси партия проблематикасы саяси ғылымның жеке бағыты ретінде бөлініп шықты. Қазіргі партологияның негізін салушылар болып есептелетін М. Острогорский, Дж. Брайс, Р. Михельстің еңбектері кенінен танымал болды. Ғылыми әдебиетте саяси партиялардың мәнін түсінуге және олардың анықтамасына қатысты әр түрлі көзқарастар қалыптасты. XVIII ғасырдың өзінде-ақ ағылшын философы Дэвид Юм «Партиялар туралы эссесінде» партиялардың қалыптасуының бастапқы сатысында, бытыраңқы күштердің бірлесуіне қызмет еткен кезде, идеология негіз болатындығы және қажетті роль атқаратындығы жөніндегі фактіге көңіл аударған болатын.

Сондықтан да идеологиялық бағыт партияны идеялық бірлік, ортақ көзқарастары, мүдделері мен пікірлері біріктірген идеялық пікірлестер одағы ретінде қарастырады. Б. Констан «партияны қандай да бір саяси доктринаны мойындайтын адамдардың бірлестігі ретінде» анықтады.

Ұйымдық тәсіл ең алдымен партиялардың іс-әрекетінің ұйымдық-құрылымдық аспектісін атап көрсетеді. Партияның мынандай белгілері бөлініп көрсетіледі: ерекше құрылымының болуы, өмір сүруінің ұзақтығы, ұйымдармен арадағы байланыс, жақтаушылармен жұмыс және басқалары. Функционалдық тәсіл саяси механизмдегі партиялардың саяси әрекетін, ролі мен міндеттерін зерттеуге саяды. Саясаттанушылардың едәуір бөлігі партиялардың «сайлау» қызметін айқындаушы деп санайды және де партиялардың сайлау процесімен байланыстарына, олардың сайлауға даярлану мен оны өткізуге қатысуына ерекше көңіл аударады.

Марксистік-лениндік әдебиеттерде саяси партиялардың мәнін анықтаудың әлеуметтік-таптық тәсілдері басымдық танытады. Мұнда саяси партия деп «оларды неғұрлым белсенді өкілдер біріктіретін және белгілі бір максаттар мен мұраттарға жетуі үшін басқаратын қоғамдық таптың немесе оның жігінің мүдделерін білдіретін саяси ұйым түсініледі. Саяси

партия – саяси ұйымның жоғарғы формасы. Саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы қоғамның таптарға жіктелуімен, тап күресінің тарихымен, өсіресе саяси билікке иелік ету үшін күресінің тарихымен байланысты<sup>1</sup>.

Француздың ірі саясаттанушысы М. Дюверже партияны мемлекет жүйесінде әрекет етуші ұйым ретінде анықтағанын айта кеткен жөн<sup>2</sup>. Ал, белгілі испан саясаттанушысы Л. С. Санистебан партияларды бірыңғай саяси пікірге ие адамдардан тұратын, өздерінің мақсаттары жолында бірлесіп жұмыс істейтін, идеалдық (қоғамның үлгісі) немесе материалдық (жеке пайданың әр алуан түрлері) сипаты бар тұрақты иерархиялық ұйым болып табылады деп есептейді<sup>3</sup>. Партияға анықтама берген тағы бір бағыстық саясаттанушы П. Шарон партияны қоғамдағы мемлекеттік билікке бақылау жасауға қызығушылық танытатын және халықтан қолдау таба отырып, басқа көзқарасты ұстанатын топтармен немесе жіктермен бәсекелестікке түсетін белсенді саяси адамдардың ұйымы ретінде түсінеді<sup>4</sup>.

Партияны анықтаудың жоғарыда аталған тәсілдерінің бәрі оның тіршілік-әрекеті үшін маңызды кезеңдер белгілі бір танымдық маңызға ие екендігін көрсетеді. Сонымен бірге олар сынаржақтылықтан да жапа шегуде және саяси партиялардың мәнін толық деңгейде ашып бере алмай отыр. Сондықтан да бүгінгі таңда ғылыми әдебиеттерде белгілерінің, өлшемдерінің тұтас жүйесінің анықталуы арқылы партияның «синтездік» анықтамасын беруге де әрекет жасалуда. Нақ сондықтан да саяси партияны халықтың бір бөлігінің мүдделерін көрсететін және мемлекеттік билікті жеңіп алу немесе оны іске асыруға қатысу жолымен осы мүдделерді жүзеге асыруды өзінің мақсаты етіп қоятын пікірлестердің идеологиялық, ұйымдық тобы ретінде сипаттауға болады.

Саяси партияның негізгі ерекшелікті белгілері болып табылатындар:

- белгілі бір таппен, әлеуметтік жікпен, топпен немесе олардың жиынтығымен байланысы, яғни, әлеуметтік негізінің болуы;
- партия мүшелерінің дүниетанымдық мақсаттары мен идеологиялық принциптерінің бірлігін көрсететін қызметінің белгілі бір бағдарламасын иемденуі;
- сайлауда елден бүкіл халықтық қолдау табуға ұмтылу;
- формальданған ұйымдық құрылымының болуы (мүшелік, органдарының субординациясы, партиялық аппарат және т.б.) және ұзақ уақыт бойы әрекет етуге қабілетінің болуы;

<sup>1</sup> Философский энциклопедический словарь. М., 1989. С. 463.

<sup>2</sup> Карань: Основы политологии. Киев, 1990. С. 80.

<sup>3</sup> Карань: Санистебан Л.С. Основы политической науки. М., 1992. С. 70.

<sup>4</sup> Шарон П. Сравнительная политология. Ч. 1-2. М., 1992. С. 203-204.

— саяси билікке жету максаты және оның іске асырылуы үшін қимыл әрекеті.

Саяси институт ретіндегі партияның ерекшелігі — бұл саяси, мемлекеттік билік үшін ашық түрде күресуі. Партия өзінің алдына қандай да болмасын нақты мақсат қойса да мейлі, коммунизм құру немесе қоршаған ортаны қорғау болсын — ол оған билік үшін күрестің көмегімен жетеді. Осынысымен де саяси партия ең алдымен, саяси өмірге белсене қатысатын, бірақ үкімет билігіне тікелей бақылау жасауға ұмтылмайтын басқа да әр түрлі қоғамдық бірлестіктерден (қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар) ерекшеленеді.

Әр елдің заңдары партиялардың мәртебесін өзінше реттейтіндігін (немесе реттемейтіндігін) айту керек. Бір елдерде партиялардың құрылу тәртібі мүлдем құқықпен реттелмейді. Партия өзін-өзі сондай тұрғыда жариялауына қарай сол кездің өзінде-ақ әрекет етуші болып есептеледі. Басқа бір елдерде — заңнама партияның қандай да бір мемлекеттік органда формальды түрде тіркелуін талап етпейді, алайда ұйым партия мәртебесін тек міндетті органдарға белгілі бір нақты құжаттарды: бағдарламасын, жарғысын немесе манифестін әкеліп көрсеткеннен кейін ғана иеленеді. Үшінші бір елдерде партиялардың міндетті түрде тіркелуі құқықтық актілерде алдын-ала қарастырылған, тек содан кейін ғана олар ұйым, мекеме мәртебесін иеленеді.

Партиялар өздерінің қызметтерін табысты түрде іске асыру үшін заңдар оларға барынша кең құқықтарды және өкілеттіліктерді береді. Көптеген елдерде олардың сайланбалы мемлекеттік органдарда өздерінің кандидаттарын ұсыну құқығы бекітілген. Саяси партиялар өздерінің қызметі жөнінде еркін ақпарат таратуға, өздерінің идеяларын, мақсаттары мен шешімдерін насихаттау құқығына ие. Сайлау науқаны барысында олар мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарына шығуға қол жеткізеді, оның ішіндегі ең бағалысы радио мен телевизия болып табылады. Партиялар өздерінің баспалық басылымдарын тарата алады, бұқаралық жиналыстар, манифестациялар, шерулер өткізе алады. Оларға үкіметті және мемлекеттік өкімшіліктерді сынауға құқық беріледі.

Парламентке ұсынылған партиялар барынша кең өкілеттіліктерді иеленеді. Олардың парламенттік топ (фракция) құруға, өздерінің өкілдерін парламент қалыптастырған мемлекеттік органдарға жіберуге құқығы бар. Бірқатар елдерде мұндай партиялар сайлау аралық кезеңдерде де мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізе алады. Партияларға берілетін эфирге шығу уақыты, өдеттегідей, олардың парламенттегі иеленетін орындарының санына сәйкес бөлінеді. Көптеген елдерде премьер-министр қызметіне кандидат ұсынғанда парламент төрағасы немесе мемлекет басшысы партиялық топ өкілдерімен кеңеседі.

Партия қызметінің құқықтық тәртібінің белгіленуінің тағы бір жағы олардың ұйымдық құрылымының бекітілуі болып табылады. Партиялар туралы заң бар елдердің барлығында дерлік партияның ішкі құрылымының мәселелері, құрылымдары, құрамы мен партиялық органдардың өзара қарым-қатынасы толық реттеледі. Партиялардың өзін-өзі таратуына, қосылуына, бөлінуіне, жастар, әйелдер және де басқа да ұйымдар құруына құқығы бар. Олар өздерінің қызметін материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті кез-келген мүлікті иелене алады. Кейбір елдерде партиялардың мемлекеттік қаржыландырылуға құқығы бар.

Партиялық негізде саяси партияларды жіктеуге болатын көптеген өлшемдер бар екендігін айта кеткен жөн. Сол себепті де саяси партиялар әлемі көп түрлі және сан алуан. Бұл алуан түрлілікті саяси партиялардың типологиясы түсіндіруге жәрдемдеседі. Типологияның негізіне әр түрлі өлшемдер алынуы мүмкін. Олар: әлеуметтік негіз, идеологиялық кейіп, ұйымдастыру принциптері, қызмет әдістері және басқалары. Өзінің таптық мәніне қарай партиялар буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық, помещиктік, шаруалар, жұмысшылар партиясы болып бөлінеді.

Саяси-идеялық бағдары тұрғысынан алғанда коммунистік, социал-демократиялық, либералдық, консервативтік партиялар болып, сондай-ақ әр түрлі діни және ұлттық доктриналарға сүйенетін партиялар болып бөлінеді.

Өмір сүріп тұрған тәртіпке, мақсаттары мен міндеттерінің мазмұнына қатысты алғанда революциялық партиялар (қоғамды радикалдық сапалық өзгертуге ұмтылатын), реформистік (құрылымдық негізді өзгерістерсіз қоғамдық өмірді жақсартуға ұмтылатын), консервативтік (қоғамдық өмірдің қалыптасқан, тұрақты формасын сақтауды жақтайтын) және реакцияшыл партиялар (бұрынғы қоғамдық тәртіптер мен құрылымдарды қалпына келтіруге ұмтылатын) болып бөлінеді. Мемлекеттік билік жүйесіндегі орнына қарай партиялар билеуші және оппозициялық партиялар болып, қызмет жағдайлары бойынша — ресми, жартылай ресми және ресми емес партиялар болып бөлінеді. Мүшелік түріне (өзгешеліктеріне), ұйымның принциптеріне сәйкес партиялар кадрлық және көпшілік партияларға бөлінеді<sup>1</sup>. Кадрлық партиялар демократияның басқару формасы ретінде қалыптасуымен, саяси өмірде жалпыға бірдей дауыс берудің бекітілуімен бірге пайда болды. Кадрлық партиялар санының аздығымен, формасыздығымен, еркін мүшелігімен, ұйымдық босандығымен, орталықсыздандырылған құрылымымен ерекшеленеді. Тиісті тіркеуден өткен және мүшелік жарналарды тұрақты төлейтін арнайы мүшелік жүйесі

<sup>1</sup> Дюверже М. Политические партии. М., 2002. С. 116-123.

болмайды. Кадрлық партиялар сайлауларға қатысуға және жеңіске жетуге бағдар ұстанады. Партиялық көпшілікке ғана емес, партиялық актив және партиялық функционерлер қанша болса, соншалықты соған, сондай-ақ қоғамның ықпалды топтарының қаржылық қолдауына сүйенеді. Көп дәрежеде кадрлық партияның типіне қазіргі уақытта АҚШ-тың Республикалық және Демократиялық партиялары, Франциядағы Радикалдық партия сәйкес келеді.

Көпшілік партияларды жұмысшы қозғалыстары туындатты. Партияның бұл типінің неғұрлым жарқын мысалы ретінде 1875 жылы негізі қаланған Германияның социал-демократиялық партиясын айтуға болады. Көпшілік партиялар өзінің қатарына мүшелерді мүмкіндігінше көптеп тартуға ұмтылады, өйткені оның негізгі қаржылану көзі мүшелік жарналар болып табылады. Көпшілік партияларға мүшеліктің бекітілуі, айқын ұйымдық құрылым, орталықтандырылған түр, партия мүшелерінің арасындағы тығыз және тұрақты байланыстар тән. Бұдан басқа, көпшілік партия қызметтің күнделікті мәселелері бойынша шешім қабылдайды, партиялық көпшілік төменгі бастауыш ұйымдарға бірігеді. Мұндай партия халықтың арасында тек сайлау науқаны кезінде ғана емес, тұрақты түрде жұмыс жүргізеді. Көпшілік партияларға, әдеттегідей, коммунистік, социалистік және Батыс-Еуропа елдерінің социал-демократиялық партиялары жатады.

Партиялардың кадрлық және көпшілік деп бөлінуі олардың қызмет түріне қарай парламенттік және авангардтық деп бөлінуінің партиялық типологиясымен толықты. Парламенттік партия билік үшін күресті ең алдымен өкілдік мекемелердегі сайлаулармен байланыстырады. Өзінің ұйымдастырушылық қызметін ол негізінен сайлау науқаны барысында мандаттардың ең көп мүмкін санын жеңіп алуға және өзінің саясатын парламент пен үкімет арқылы жүргізуге ұмтыла отырып іске асырады. Партияның парламенттік фракциялары, әр түрлі деңгейдегі депутаттар барлық проблемаларды, соның ішінде партия ішіндегі проблемаларды шешуде кең өкілеттіліктерді пайдаланады. Авангардтық партия өзінің қызметін депутаттық мандат үшін күреспен шектемейді. Ол парламенттен тыс күрделі қызметті іске асырады, идеологиялық және тәрбие жұмыстарына үлкен көңіл бөледі, дүниетанымдық негізде қалыптасады.

Саяси партиялардың саяси жүйедегі орны мен ролі көбіне оның атқаратын қызметтерімен айқындалатынын айта кеткен жөн. Саяси партиялардың атқаратын қызметтері оның іс-әрекетінің негізгі міндеттері мен бағытын, оның қоғамдағы орнын көрсетеді. Саяси партияның неғұрлым ортақ функцияларының қатарына:

— әлеуметтік мүдделер өкілдігі;



- бағдарламалық нұсқаулар, партияның саяси бағытын жасау;
- қоғамдық пікір, саяси білім қалыптастыру және азаматтарды саяси әлеуметтендіру;
- кадрлар дайындау және ұсыну міндеті жатады.

Көрсетілген функциялардың шеңберінде нақтырақ, жеке міндеттер бөлінуі мүмкін. Қандай да бір функциялардың мазмұны, формалары мен әдістері партиялардың әр түрлі типтерінде ерекшеленуі мүмкін. Сондай-ақ қайсыбір партиялар өздерінің дамуы мен жағдайының ерекшелігіне қарай орындайтын ерекше функциялар да бар. Партиялардың қызметінде таптардың, әлеуметтік топтар мен жіктердің мүдделі өкілдіктері маңызды орын алады. Бұл функцияның мазмұны әлеуметтік күштердің мүдделерін айқындау, тұжырымдау және негіздеу, оларды біріктіру және жандандыру болып табылады.

Жоғарыда көрсетілгеніндей, партиялардың генетикалық құрылуы, қоғамның таптарға және басқа да мүдделері әр түрлі әлеуметтік құрылымдарға жіктелуімен байланысты. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы – бұл әлеуметтік-таптық позициялардың шұғыл түрде бөліну кезеңі. Бұл партиялық жүйе қоғамның әлеуметтік-таптық құрылымының дәл көшірмесі деген сөз емес. Таптық саясаттың алуан түрлі нұсқалары әр уақытта да болды: жұмысшы табында – демократиялық және коммунистік, буржуазияда – либералдық және консервативтік. Таптық шеңберден шығып кететін ұлттық және діни партиялардың қалыптасуы қоғамның әлеуметтік құрылымының көп өлшемділігін, саяси өмірге оның субъектілері ретінде белсене қатысуға ұмтылатын әр түрлі жіктердің болатындығын көрсетеді.

Сонғы онжылдықтарда өкілдіктің функциясының мазмұнында айтарлықтай өзгерістер болды. Батыс саясаттанушылары XX ғасырдың ортасынан бастап таптық партиялардың орнына «жалпыхалықтық партия» немесе «бәріне арналған партия» деп аталатын партиялар келе бастағандығын айтады. Мұндай партия өзін қандай да бір таптың немесе жіктің мүдделерімен теңдестіруден аулақ болуға тырысады, өздерін жалпы мүддені білдіруші ретінде көрсетеді. Табысқа жету үшін, бәрінен бұрын сайлауда жетістікке жету үшін партия бүгінде тұтас күштер одағының мүдделерін ескеруі тиіс. Партиялар көп дауысты жеңіп алуға әрекеттенеді және соған сәйкес әр түрлі мүдделердің келісіміне ұмтыла отырып, өзінің стратегиясы мен тактикасын жасайды. Қазіргі кезде партияның кейпін таптық бағдар ғана емес, саясаттың белгілі бір типі де қалыптастырады.

Аталмыш тұжырымдама қоғам өміріндегі объективті өзгерістерді қамтып көрсетеді, алайда «бәріне арналған партия» деген терминді сөзбе-сөз түсінуге болмайды: ешбір партия барлығын қанағаттандыра алмайды, өйткені ол саясаттың ықтимал нұсқаларының бірі болып табылады.

Партиялардың әлеуметтік негіздерінің кенеюіне қарамастан, олардың арасында олар бәрінен бұрын бағдар ұстайтын күштер тұрғысынан алғанда да, сондай-ақ олардың ортақ саяси-идеялық бағдары тұрғысынан алғанда да айырмашылықтар сақталуда. Әр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделері агрегиттенеді, саяси бағдарлама жасау процесінде және партияның саяси бағытын іске асыруда көрініс береді. Осыған байланысты партияның келесі функциясы – бағдарламалық нұсқаулар, әлеуметтік-экономикалық және саяси стратегиялар жасау. Партияның, әдеттегідей, белгілі бір идеологиялық принциптерге негізделген ұзақ мерзімді саяси бағдарламасы болады. Тіпті, егер партия қандай да бір қатан тұрғыдағы идеологиялық жүйеге сүйенбесе де, белгілі бір идеологиялық жолды ұстану оның нақты қызметінде және ол қорғайтын құндылықтарда байқалады.

Партияның қызметінің прагматикалық және идеологиялық стильдері бөліп көрсетіледі. Прагматикалық партиялар іс-қимылдың практикалық пайдалылығына, нақты мақсаттарға жету үшін кез келген мүмкіндіктерді іздеуге бағытталған. Прагматикалық типтегі партиялар қатал ғылымилыққа және соңғы сатыдағы ақиқатқа ұмтылатын, абстрактілі бағдарламалардан өздерін аулақ ұстайды. Мұндай партиялардың бағдарламасы көбіне сайлау алдындағы платформа болып шығады. Прагматикалық партиялар өздерінің мүшелеріне қатал идеологиялық талаптар қоймайды. Идеологиялық шек қою олар үшін елеулі роль атқармайды және де әр тектес келісімдер жасауға, коалициялар құру және т.б. барысында оларды құрбан етеді.

Идеологиялық партиялар (немесе дүниетанымдық, доктриналық) белгілі бір қатан идеологиялық доктринаға сүйенеді. Олар үшін өздеріне тиісті мұраттар мен принциптерді қорғау, қоғамды белгілі бір идеологиялық мақсаттары бар үлгіде құру және оларды өмірде іске асыру тән. Партия мүшелерінің оның бағдарламалық мақсаттарын мойындауы – партия ішіндегі байланыстардың беріктігі үшін қажетті жағдай. Дегенмен, партияда әр түрлі саяси фракциялардың өмір сүруі және олардың арасындағы күрес те болмай қалмайды. Идеялық-бағдарламалық айырмашылықтың да өзінің шегі бар және олардың бұзылуы ұйымдық жіктелуге және жаңа партиялардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Сонымен бір мезгілде партиялар (мысалы, коммунистік) жарғылық мақсаттармен және міндеттермен сыйыспайтын фракциялық күреске тыйым салады. Фракциялық күреске тыйым салу тиімсіз екенін және ол партияның саяси-идеялық жағынан қатып-семіп қалуына әкелетінін тәжірибе айғақтайды.

Партиялар әр түрлі саяси доктриналарды дамытуға және жаңартуға ғана ұмтылмайды, сондай-ақ оларды қоғамда кеңінен таратуға да ұмтылады. Партияның материалдарының баспасөзде жариялануы, партия

көшбасшыларының радио мен теледидардан сөйлеуі, митингілер мен жиналыстарда сөз сөйлеуі осыған қызмет етеді. Партия өзінің саяси бағытын қоғамдық пікірдің мойындауына және қолдауына мүдделі. Саяси партияның идеологиялық функциясы сондай-ақ өзінің мүшелері мен жақтаушыларына саяси білім беруге, қоғамның мүшелерін белгілі бір құндылықтар мен дәстүрлер рухында тәрбиелеуге, азаматтарды саяси өмірге қатыстыруға саяды және де ақыр соңында оларды саяси әлеуметтендіруге мүмкіндік береді.

Саяси партияның билікті іске асыру қызметі:

— мемлекеттік билік пен басқару органдарында сайлауға әзірлену мен оны өткізуге қатысуды;

— партияның парламенттік қызметін, парламенттің партиялық фракцияларындағы және жергілікті билік органдарындағы оның жұмысын;

— мемлекеттік органдардың саяси шешімдерді даярлауы мен қабылдау процесіне қатысуды;

— өзінің құрамын толықтыруды және басқа да міндеттерді өзіне қосып алады.

Қазіргі демократиялық қоғамдарда саяси партиялар билік үшін күресте күштеу әдісін жоққа шығарады және сайлау процесіне бағдар етіп ұстанады. Сайлау партиялардың бәсекелестігінің басты аренасы болып табылады<sup>1</sup>. Бәсекелестік күресте сайлаушылардың басым бөлігі саяси бағытын қадір тұтатын партия табысқа жетеді. Сондықтан сайлаушылар тарапынан қолдау табу, өзінің электоратын құру мен кеңейтуді қамтамасыз ету партияның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қоғамның әлеуметтік құрылымындағы, халықтың білім деңгейіндегі өзгерістердің, бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінің нәтижесінде партиялар сайлаушыларға тұрақты ықпал етуден айрылады. Бұны американдық әлеуметтанушылары У. Кротт пен Г. Джекобсон анықтағанындай, «партияларды қолдаудың эрозиясы» болып өтеді. Көптеген сайлаушылар сайлаудан сайлауға дейін өзінің партиялық ұстанымын өзгертеді немесе алуан түрлі деңгейдегі сайлауларда соңғыларының қайсыбір проблемаларды шешуге уәде беруге байланысты әр түрлі партиялардың үміткерлерін қолдайды. Депутаттық мандаттарды жеңіп алған партиялар парламенттік фракция немесе партиялық топтар қалыптастырады. Фракциялар заң жобаларын әзірлей отырып, парламенттің қарауына әр түрлі ұсыныстарды енгізеді, үкіметке сұрау салады, күн тәртібін жасауға қатысады және басқа да өкілеттіліктерге ие болады. Әр түрлі партиялардың парламенттік фракцияларының саны ескеріле отырып, парламенттің басқарушы

<sup>1</sup> Қараңыз: *Выборы в развитых странах*. СПб., 2006. С. 90-95.

және жұмыс органдары (комиссиялар, комитеттер, бюролар және т.б.) қалыптасады.

Батыс елдерінде парламент пен муниципалитеттерде партиялық фракциялардың автономиясының принципі жұмыс істейді, соған сәйкес фракциялар партиялық съездер мен конференцияларды қоса алғанда партиялық органдарға тікелей бағынбайды. Олар нақты жағдайлармен санаса отырып, партиялық бағдарламалар мен мақсаттарды жүзеге асырады. Бірақ, парламенттік фракцияның тиімді жұмысы белгілі бір ішкі тәртіптің болуына саятындықтан, партиялық фракциялар көбіне барынша қатан мінсз-күлық ережелерін қабылдайды және тіпті олардың бұзылуы жағдайында шара да қолданады. Мысалы, фракцияның пленарлық мәжілісінде фракция мүшелерін тиісті түрде дауыс беруге міндеттейтін («фракциялық мәжбүрлеу» және «дауыс беру тәртібі» жөніндегі) шешім қабылдануы мүмкін. Ресми мәжбүрлеумен және басқа да шаралармен қатар барынша ұтымды болып шығатыны – келесі сайлауларда партиялық үміткерлердің қатарына кірмеу перспективасы.

Басқарушы партияның билікті іске асыруы тек парламенттегі бастамашылық (иницирующий) және консультативтік ролінен ғана көрінбейді, сондай-ақ атқарушы органдарды қалыптастыруы мен бағындыруынан да көрініс табады. Саяси партиялар билеуші элитаны қалыптастыруға, басқарушы кадрларды іріктеу мен тағайындауға қатысады. Осы орайда олар саяси көшбасшыларды және мемлекет қайраткерлерін тәрбиелейтін институттар болып табылады. Билеуші партия өзінің парламенттік фракциясы арқылы, мемлекеттік аппараттағы өзінің өкілдері арқылы өздері ұсынатын қоғамдық топтардың мүдделеріне сәйкес келетін шешімдерді қабылдауға қатысады. Партиялық органдар мен форумдар партияның мақсаттары мен міндеттерін былайша анықтайды: заң жобасы және басқа да мемлекеттік актілер түрінде олардың іске асырылуы парламентке мүше адамдардың өздері, сондай-ақ басқа да әкімшілік органдар, шаруашылық аппарат және басқалары үшін шексіз құқықты болып қалатындай болуы керек. Демократия жағдайындағы жалпы тәжірибеде партиялар мемлекеттік жүйеге тікелей күшпен кірмейді. Билеуші партиялар өздерінің саясатының үкіметтің, жергілікті атқарушы органдардың іс-әрекетімен тікелей үйлесуінен қашуға тырысады, кейде қайсыбір танымал болмаған шаралар үшін өздерінен жауапкершілікті алып тастау арқылы олардан өздерін алыс ұстайды. Осылайша, партия және оның органдары мемлекеттен қалайда «шеттетіледі» және оған тек жанама түрде ғана ықпал етеді. Нәтижесінде партиялық органдар мен ұйымдар терең қоғамдық ерекшелігін сақтайды және өздерінің функцияларын мемлекеттік емес негізде орындайды.

Саяси партия мемлекет пен азаматтық қоғамның арасындағы төреші ретінде көрінеді. Партия бұқараның мемлекеттік құрылымдармен байланысын, азаматтардың саяси қатысуын институттандыруды және халықтың қоғамдық-саяси белсенділігінің стихиялы түрін ұйымдасқан түрге, бақылауға бейім түрге ауыстыруды қамтамасыз етеді. Саяси партиялар арқылы азаматтар мемлекетке өздерінің топтық талаптарын қояды және сонымен бір мезгілде қайсыбір саяси мәселелердің шешілуін қолдауда оны өзіне қарата алады. Сол арқылы партиялар халық пен мемлекеттің арасындағы тура байланысты да, өзара байланысты да дамытады.

Партиялардың бұл жарастырушылық ролі демократиялық қоғамда барынша айқын көрінеді. Тоталитарлық және авторитарлық режим өмір сүріп тұрған елдерде билеуші партияның ролі мұндай жарастырушылық шеңберінен тым алшақтап кетеді. Билік үшін күресте шынайы бәсекелестердің болмауының нәтижесінде билеуші партияның саяси үстемдігі қалыптасады, ол әкімшілік-саяси функцияларды озбырлықпен тартып алады. Билеуші партия мемлекеттен жоғары тұрады, оған бақылау орнатады, және сол арқылы азаматтық қоғамға үстемдік етеді. Партиялардың өзінің функционалдық деңгейінің шеңберінен шығып кетуі, мемлекеттік органдарды өзі ауыстыруға әрекет қылуы партияның қоғамдық-саяси табиғатын бұзады. Мұндай ұйым сөздің тура мағынасы тұрғысынан алғанда саяси партия болудан қалады. Сондықтан да қазіргі уақытта мұндай партиялар әлемдік қауымдастық пен өздері өмір сүрген елдердегі қоғамдық пікірдің көз алдында бар беделін түсіріп, саяси аренадан кетуде.

Саяси партиялар қазіргі қоғамның саяси жүйесінің маңызды бөлігі бола отырып әр түрлі партиялық жүйелерге жататындығын да айта кеткен жөн.

## 2. Партиялық жүйелер

Қазіргі кезде әр түрлі елдерде саяси билік үшін күреске қатысатын саны алуан түрлі партиялар әрекет етеді. Олар біреумен шектелмей, бірнеше ондаған болуы да мүмкін. Сол секілді әр түрлі партиялардың қоғам мен билік құрылымындағы орны да бірдей емес. Атап көрсетілгеніндей, олардың бірі үкіметтік болса, екіншісі – оппозициялық бола отырып, сонымен бір мезгілде өкілдік органдардың жұмысына қатысады, үшіншілері – билік институттарының қалыптасуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз етуде мүлдем ешқандай роль атқармайды. Саяси процесс барысында партиялардың арасында қандайда болмасын өзара қарым-қатынас туындайды, сондай-ақ саяси партиялар мемлекетпен және басқа да саяси институттармен белгілі бір қатынасқа түседі. Басқаша айтқанда, әр түрлі елдерде белгілі бір партиялық жүйе қалыптасады, оларды біздің көзқарасымыз

тұрғысынан алғанда қоғамның саяси жүйесінің күрделі жүйешесі ретінде қарастыруға болады. Сөйтіп, партиялық жүйе партиялардың азаматтармен, мемлекетпен, басқа да саяси институттармен және бір-бірімен өзара әрекетінің жиынтығы болып саналады, олар сол қоғамда қайсыбір деңгейде саяси-әкімшілік қатынастарды алуға, ұстап тұруға және іске асыруға қатысады.

Әр түрлі партиялық жүйелерді зерттеуге арналған көптеген отандық және шетелдік әдебиеттер бар. Оларды зерттеу партиялық жүйенің қайсыбір типі партиялардың формальды санына қарап емес, олардың саяси биліктің қалыптасуы мен жұмыс істеу механизміндегі нақты роліне қарай анықталатындығын көрсетеді. Партиялық жүйенің құрылуына бірқатар факторлар ықпал етеді. Олар: қоғамның экономикалық даму деңгейі, әлеуметтік-таптық күштердің арақатынасы, қоғамдық қатынастардың жетілу деңгейі, халықтың ұлттық құрамы, тарихи және діни дәстүрлер және басқалары. Партиялық жүйенің қалыптасуына әрекет етіп тұрған заң және де ең алдымен сайлау заңдары елеулі ықпал етеді.

Осыларға сәйкес партиялық жүйенің әр түрлі типтері қалыптасады. Саяси режимнің түріне байланысты демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық партиялық жүйелер туралы айтуға болады; үстемдік етіп тұрған әлеуметтік құндылықтарға сәйкес социалистік және буржуазиялық жүйелер болып бөлінеді; партия мен мемлекеттің арасындағы қатынастың ерекшелігіне қарай бәсекелес және бәсекелес емес, альтернативті және альтернативті емес партиялық жүйелер болып бөлінеді. Қалай болғанда да барлық осы типологиялар билік үшін күреске нақты қатысатын партиялардың санына сәйкес<sup>1</sup> партиялық жүйелердің көппартиялық, екі партиялық және бірпартиялық болып бөлінетіндігімен байланысты.

Саяси даму тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, қоғамның демократиялық дамуының үйлесімді түрі және шарты болатын көппартиялық жүйе (екіпартиялық). Олардың ерекше өзгешеліктері бір партияның тарапынан билікке қатысты монополияның болмауы және шынайы саяси оппозицияның өмір сүруі болып табылады. Көппартиялық жүйе елде билік үшін күресте сайысқа түсетін бірнеше саяси партиялардың болуымен сипатталады. Бұл партиялардың арасында, әдеттегідей одақ құру немесе келісім жасау тәжірибесі болады. Көппартиялық өр түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерінің барынша толық өкілдігін қамтамасыз етеді, саяси процестің бәсекелестігі мен ашықтығына, қоғамның саяси элитасының

---

<sup>1</sup> Қараныз: *Жиро Т.* Политология / Перевод с польского. Харьков, 2006. С. 365-369.

әлсін-әлсін жанарып тұруына жәрдемдеседі. Соған сәйкес көппартиялық жүйе саяси процеске де күшті ықпал етуге қабілетті

Қазіргі уақытта дамыған елдердің көпшілігінде көппартиялық жүйе орнықты, дегенмен оның жетістігі мен кемшілігіне қатысты пікір талас толастар емес. Мысалы, орыс ойшылы Б. Н. Чичерин көппартиялықты «жақтап» немесе оған «қарсы» мынандай дәлелдер келтірді: «жақтау» – саяси мәселелердің жан-жақты түсіндірілуі, оппозиция тарапынан билікке бақылаудың болуы, ұйымдастырушылыққа тәрбиелеу, нағыз көшбасшыларды табу; «қарсы» – партия көзқарастары мен әрекеттерінің біржақтылығы, үкімет билігінің әлсіреуі, партиялардың күресі процесінде әдет-ғұрыптың нашарлауы.

Тарихи тәжірибе көппартиялық жүйенің бірнеше алуан түрін көрсетеді. Оның нақты құрылымы – партиялық әдет-ғұрып – бір елден екінші елге елеулі түрде ауысады. Классикалық көппартиялық жүйе (Дания, Бельгия, Австрия, Нидерланды) бірнеше саяси партияның бәсекелестігімен сипатталады, олардың ешқайсысы парламенттегі көпшілік орынды жеңіп алуға және билікті өз бетінше іске асыруға мүмкіншілігі жоқ. Сондықтан да көппартиялықтың алуан түрлілігі көппартиялықтың бытыраңқылығы ретінде айқындалады. Бұл жағдайда партиялар коалициялық көпшілік құру мақсатында ымыраға келуге, одақтастар мен серіктестер іздеуге мәжбүр болады.

Партиялық коалиция – бұл мүдделерінің консенсусы, ымыраға келуі және тепе-теңдігі негізінде ортақ саяси мақсаттарға жету үшін құрылған саяси партиялардың одағы, бірлестігі. Партияаралық коалициялардың дәстүрлі түрде электоральдық (сайлау науқаны кезінде құрылады), парламенттік және үкіметтік сияқты түрлері бөліп көрсетіледі. Сондай-ақ легислатуралық коалицияны да ажыратуға болады, оған партиялар сайлауға әзірлік барысында бірігеді және олардың әрекет ету мерзімі бүкіл легислатураға, яғни сайланбалы органның өкілдік мерзіміне есептеледі және конъюнктуралық коалициялар да бар, олар тек сайлаудан кейін қалыптасады және көбіне уақытша сипатта болады. Көппартиялық бытыраңқы жүйе кезіндегі атқарушы биліктің тұрақсыздығы нәтижесінде саяси тәжірибеде саяси биліктің аса тұрақтылығы мен тиімділігіне кепілдік беретін басқа партиялық тәртіпке өту үрдісі байқалады.

Кейбір саясаттанушылар көппартиялықтың ерекше түрі ретінде блоктық және поляризациялықты бөліп көрсетеді. Мұнда саяси аренада екі және одан да көп ірі саяси блоктарды біріктірген бірнеше саяси партиялар әрекет етеді<sup>1</sup>. Әр түрлі партияларды өзіне тарта отырып, блоктар саяси

<sup>1</sup> Горелов А.А. Политология. М.: ЭКМО, 2006. С. 442.

күштердің шоғырлануына, саяси процестің ұсақталуын жеңуге мүмкіндік береді. Партиялар өздерінің сайлау алды стратегиясы мен тактикасын блоктардың біріне жататындығын есепке ала отырып құрады. Сайлаудың нәтижелері тек жекелеген әрбір партияның күшіне қарап емес, блок ішіндегі әрекеттердің үйлесіміне қарап та анықталады. Мысалы, Францияда Социалистік партия басқаратын солшыл күштер блогы мен Республликаны қолдау Бірлестігі (РКБ) басқаратын оңшыл партия біріне-бірі қарсы тұрады.

Үстемдік етуші партиясы бар көппартиялық жүйе (үстемдік ету тәртібі) оппозицияның тиімділігінің аз болуы барысында билікте бір партияның ұзақ уақыт болуымен сипатталады. Билеуші партия өзінің қарсыластарының әлсіздігі мен ыдыранкылығының, оларға берік оппозициялық одақ құруға мүмкіндік бермейтін бірқатар қайшылықтардың арқасында үстемдік ету жағдайына жетеді және оны ұстап тұрады. Мысалға, Жапонияда 1955 жылдан 1993 жылға дейін билік либералдық-демократиялық партияның қолында болды, Үндістанда соғыстан кейінгі кезеңде билікті ұзақ уақыт бойы Үндістан Ұлттық Конгресі ұстап тұрды. Швецияда Социал-демократиялық жұмысшы партиясы үстемдік етуші партия болып табылады. Үстемдік ету тәртібінде — үстемдік етуші партия тұрақты бірпартиялық үкімет қалыптастыруға мүмкіндік береді, бірақ өзіне билеуші партияның оралымсыздығын, тоқырап қалу қаупін алады.

Екіпартиялық жүйе елде қуатты екі партияның болуына саяды, олардың әрқайсысы өз бетінше билікті қабылдауға және оны іске асыруға қабілетті болады. Партиялардың біреуі сайлауда жеңіске жетсе, екіншісі оппозицияға айналады, сөйтіп олар әлсін-әлсін билік тізгінін бір-біріне ауыстырып отырады. Сайлаушы екі саясатшының арасында және тіпті мемлекеттегі екі билеуші команданың ортасында таңдау жасау мүмкіндігіне ие. «Екіпартиялық жүйе» түсінігі, елде басқа да ықпалы аздау партиялардың да өмір сүретінін жоққа шығармайды. Олар да саяси процеске қатысады, бірақ жеңіске жетуден шынайы үміттен алмайды. Екіпартиялық жүйенің классикалық үлгісі АҚШ-та қалыптасты, онда Демократиялық партия мен Республикалық партия бір-біріне қарсы тұрады. Ұлыбританияда консерваторлар мен лейбористер билік үшін күрес жүргізеді.

Классикалық екіпартиялық жүйемен қатар екіпартиялықтың модификацияланған нұсқасы да — «жартылы екі партия» жүйесі де бөліп көрсетіледі. Мұнда да өзара ірі партиялар бәсекелеседі, бірақ олардың ешқайсысы парламенттегі абсолюттік көпшілік орынға ие емес және үкіметті қалыптастыру үшін үшінші партиямен коалицияға кіруі тиіс. Бұл үшінші партия тепе-теңдік ролін атқарады, ол жетекші партиялардың бірінің басымдығын қамтамасыз ету үшін қолдау көрсетеді. Мұндай тәртіп ГФР-да



калыптасқан, онда СДПГ мен ХДС / ХСС арасындағы реттеуші ролін Еркін Демократиялық Партия атқарады.

Екіпартиялылықтың қалыптасуына көбіне мажоритарлық сайлау жүйесі мүмкіндік береді. Бипартизм биліктің салыстырмалы түрдегі тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды, яғни коалициялық келісімдердің тұрақсыздығынан еркін, бірпартиялық үкімет құрады. Екіпартиялық жүйе мүдделердің артикуляция және агрегация процесін жеңілдетеді, өйткені бәсекелестікке түсетін партиялардың әрқайсысы өзінің электоралдық негізін барынша кеңейту мақсатында әр түрлі әлеуметтік топтардың талаптарын жинақтап қорытуға, «қысқартуға» ұмтылады<sup>1</sup>, – деп көрсетеді француз саясаттанушысы Р. Ж. Шварценберг. Тағы бір француз саясаттанушысы М. Дюверже де осыған ұқсас баға береді<sup>2</sup>. Сонымен қатар екіпартиялық жүйе шешімдер қабылдауға ұсақ, азшылықтың мүдделерін білдіретін, онша беделді емес партияларды қатыстырудан шеттететіндігі үшін сынға ұшырайды.

Көппартиялық және екіпартиялық жүйенің қандай да бір түрінің тиімділігі мен демократиялылығын априорлық тұрғыдан жоғары бағалап, оған бір жақты баға беру мүмкін емес. Бәрі де елдің тарихи дамуының ерекшеліктеріне, тұрақтанған дәстүрлерге, нақты саяси жағдайға байланысты.

Бірпартиялық жүйе авторитарлық және тоталитарлық режимдерге тән екендігін, сондай-ақ дамушы елдерде таралғандығын айта кеткен жөн. Бірпартиялық жүйеде партия басқарушылар мен бұқараның арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, сонымен бір мезгілде парламент те, сайлау механизмдері де не жойылады, не болмаса өзінің нағыз мәнінен айырылады. Бірпартиялық жүйе билікке тек қана бір партияның монополиясы болуымен сипатталады. Бірпартиялық жүйеде саяси бәсекелестік деген атымен болмайды. Билеуші партия билікке өзімен қатар басқалардың үміткер болуына жол бермейді. Десек те, авторитарлық режимде үстемдік етуші партиямен қатар басқа да саяси партиялар ресми түрде өмір сүруі мүмкін, бірақ соңғыларының шынайы дербестігі болмайды, қызмет өрісі барынша шектеулі болады және билеуші партияның жетекші ролін мойындайды. Мұндай жүйе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінде – Болгарияда, ГДР-де, Польшада, Чехословакияда қалыптасты, онда аталмыш одақтас партиялар саяси өмірде болмашы ғана роль атқарды.

Авторитарлық режим өмір сүріп тұрған кейбір дамушы елдерде бірпартиялық жүйелерге өзіндік ерекше өзгешеліктер тән. Мұнда билеуші

<sup>1</sup> Караныз: *Шварценберг Р.Ж.* Политическая социология. Ч. 3. М., 1992. С. 74.

<sup>2</sup> *Дюверже М.* Политология партии. М., 2002. С. 276.

партияның ролі мемлекет басшылығының саясатын жаппай қолдауды ұйымдастыруға саяды. Партиялар басқарушы мемлекеттік органдарға ұсыныла отырып, мемлекетті басқаруға тікелей қатыспай, қалай болғанда да көбіне «екінші ролде» әрекет етеді.

Тоталитарлық режимде тек бір ғана саяси партия әрекет етеді, қалғандары таратылады немесе оларға тыйым салынады. Партиялық және мемлекеттік құрылымдарды тұтастырудың нәтижесінде билеуші партия мемлекеттен жоғары тұрады және онда үстемдік жасаушы рольді жүзеге асырады. Бір ғана партияның билік функцияларына монополиясы саясаттағы субъективтілікке және волонтаризмге, басқарудың әміршіл әдісін иеленуге, халық пен биліктің арасындағы өзара байланыстың бұзылуына және бұқара халықтың саясаттан шеттетілуіне алып келеді.

XX ғасырда бірпартиялық жүйенің жұмыс істеу тәжірибесі оның тиімсіздігі мен антидемократиялылығын айқын көрсетті. Қазіргі кезде мұндай жүйелердің беделі түсіп, саяси аренадан кетуде. Мұның мысалы Шығыс Еуропа мен Еуразия елдеріндегі партиялық жүйелердің қайта құрылуы болып табылады. Мәселен, XXI ғасырдың басында Қазақстан Республикасында саяси өмірдің әр түрлі бағыттарын көрсететін 12 саяси партия ресми түрде тіркелді. Біздің елімізде өтпелі кезеңнің динамикалық партиялық жүйесі қалыптасқан. Жаңа партиялардың көпшілігі өзирге саны жағынан аз және аморфты, оларда нақты айқындалған әлеуметтік негіз және елдің дамуының конструктивті бағдарламасы жоқ. Партиялық құрылымды құру жөніндегі мәлімдеме мен декларациядан бастап халықтың сенімінен шығу және мемлекетті басқарудағы шынайы саяси рольге дейінгі аралықта соншалықты ұзақ та, ауыртпалықты, сонымен бірге карама-қайшылықты жолды жүріп өту міндеті тұр.

Демек, біздің елімізде партиялық жүйенің қалыптасу процесінің әлі аяқталатын түрі көрінбейді. Партиялар, қоғамдық бірлестіктер туралы заңның қабылдануымен бірге Қазақстанда саяси партиялардың бірігу процесі жеделдеді және сайлауға үміткерлерді ұсыну партиялық тізімдердің негізінде жүретін жағдайларда сайлауға белсене қатысу есебімен қатар қозғалыстар да күшейді. Осыған байланысты Қазақстандағы көппартиялылық – қара бастың қамы емес, қоғамның белгілі бір жіктерінің мүдделерін білдіруге және қорғауға қабілетті саяси құрылымдарды қалыптастыру тәсілі екендігін атап көрсеткен жөн. Мемлекеттік билікке қатыса отырып, олар елдегі туындап отырған қиындықты жеңетін және экономикалық дамуға, Қазақстан халқының құқықтары, бостандықтары мен амандығы, тыныштығы үшін мемлекетті нығайтуға мүмкіндік беретін ортақ шешім табуға үндейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанның саяси орталығы ролін іс жүзінде ел басшылығы – президент пен билік партиясы деп аталатын билік «вертикалы» орындап отырғандығы жөніндегі кейбір ғалымдар мен саясаткерлердің пайымдаулары көкейге қонады. Бұл саяси күш шын мәнінде елдің қоғамдық-саяси өмірінің реттеушісіне айналды. Демократиялық қоғамның өлшемдеріне жауап беретін партиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуы процесі көбіне соларға байланысты.

Партиялық жүйенің қалыптасуы – жалпы бұл бірнеше ондаған жылдар бойы жүзеге асырылатын және барынша ұзаққа созылатын процесс екендігін есте ұстаған жөн. Ол қоғамның әлеуметтік жіктелуімен, негізгі әлеуметтік топтар мен тұтас алғандағы қоғамда саяси сана мен саяси мәдениеттің демократиялық типтерінің қалыптасуымен қосарлана жүреді. Сонымен бірге, посткеңестік кеңістікте саяси партиялардың қай кезде болмасын, өткен кезеңдегі батыс елдерінің саяси өмірінде партиялар қандай маңыздылыққа ие болса, дәл сондай маңыздылықты иемденуі екіталай. Қазіргі әлемде жаппай аталмыш саяси институт өмірге келтірген қоғамдық катынастардың эрозиясымен байланысты партиялардың құлдырауы (әлеуметтік-таптық қарсы тұру) байқалады. Қазір, бұрынғы өткен кезеңдегі әлеуметтік байланыстар келмеске кетіп, экономика барған сайын жаһандана түсіп, шынайы билік қуатты мүдделі топтарға көше бастаған шақта, партиялардың өздерінің сайлаушыларына берген уәделерін орындауға мүмкіншілігі жоқ, бұл оларға деген жаппай сенімсіздікті тудырады.

Соған қарамастан, тұрақты көппартиялық жүйе тарихи түрде қалыптасқан елдерде партиялар саяси өмірдің барынша елеулі факторы болып қалуда. Осындай елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, қоғамдық-саяси тұрақтылық пен қоғамның тиімді дамуы үшін екі немесе үш партия үстемдік ететін саяси жүйенің нұсқасы әлдеқайда артық боп табылады. Осыған байланысты, қоғамдағы саяси партиялар мен олардың жүйелерінің қызметі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметімен толығып отыратындығын айта кеткен жөн. Қазіргі жағдайда олардың маңыздылығы арта түсуде. Олар қоғамның саяси өміріне барған сайын көбірек ықпал етуде.

### 3. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар

Қоғамдық бірлестіктер проблемасында қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды зерттеу маңызды орын алады. Қоғамның қоғамдық-саяси өмірінде саяси партиялармен қатар қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар да елеулі роль атқаратынын атап айтқан жөн<sup>1</sup>. Партияларға қарағанда олар

<sup>1</sup> Қараңыз *Жиро Т.* Политология / Перевод с польского. Харьков, 2006. С. 68-87, 93-108.

билікті іске асыруға тікелей қатысуға ұмтылмайды және бұған байланысты міндеттерді өзіне алмайды. Алайда, өзінің ерекше міндеттері мен функцияларын жүзеге асыра отырып, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар үлкен қоғамдық мәні бар мәселелерді шешеді, мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени құрылысқа қомақты үлес қосады. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың тармақтанған жүйесінің қалыптасуы азаматтық қоғамның дамуының көрсеткіші, оның мүдделерінің көп түрлілігі мен құрылымдануының айғағы болып табылады.

Қоғамдық ұйым – бұл біршама тұрақты және төменнен жоғары қарай ұйымдасқан ішкі құрылымы бар, билікке ықпал етуші жеке дара және ұжымдық мүшелігі қалыптасқан, мүдделерінің ортақтығы негізінде құрылған азаматтардың ерікті, мемлекеттік емес, партиялық емес бірлестігі. Қоғамдық ұйымдарға жарғысының болуы, мамандандырылған басқару аппаратының, біршама тұрақты құрамының болуы, ұйым мүшелерінің оның мүліктік негіздерін құруға материалдық қатысуы (мүшелік, мақсатты жарналар) тән.

Осы белгілерге сәйкес, қоғамдық ұйымдарға кәсіптік одақтарды, кәсіпкерлер одағын, кооперативтік ұйымдарды, жастар, әйелдер, ардагерлер ұйымдарын, шығармашылық (жазушылар, сазгерлер, театр қайраткерлері және т.б.) одақтарды, әр түрлі ерікті (ғылыми, техникалық, мәдени-ағартушылық) қоғамдарды жатқызуға болады. Олардың қызметінің аумақтық шеңбері есепке алына отырып жергілікті, аймақтық, жалпы мемлекеттік, халықаралық қоғамдық ұйымдар болып бөлінеді.

Қоғамдық қозғалыс деп белгілі бір қоғамдық мақсаттарды көздейтін, бірақ айқын ұйымдық құрылымы мен белгіленген мүшелері жоқ, азаматтардың бірлескен қызметін атайды. Қоғамдық қозғалыстар көпшілікке арналуымен, үлкен әлеуметтік негіздерімен, ұйымдық және идеялық формасыздығымен, құрамы мен бағдарының тұрақсыздығымен, көбіне стихиялығымен және әрекеттерінің шашыранқылығымен көзге түседі. Қозғалысқа қатысушылардың арасындағы байланыстар көбіне ұйымдық сипатта емес, саяси-идеялық сипатта болады. Қоғамдық қозғалыстың негізгі мақсаты ең жалпыға ортақ түсініктердің, айталық, еркіндік, теңдік, әділеттілік, жанару сияқты түсініктердің көмегімен қалыптасады.

Қоғамдық қозғалыстардың типологиясы әр түрлі негіздер бойынша жүргізіледі. Мақсаты мен қызмет аясына сәйкес соғысқа қарсы, экологиялық, жастар, әйелдер қозғалыстары, нәсілдік және ұлттық тең құқықтылықты жақтайтын қозғалыстар, тұтынушыларды қорғайтын қозғалыстар, діни қозғалыстар және басқа да көптеген қозғалыстар болып бөлінеді. Өмір сүріп тұрған құрылысқа қатысы бойынша қоғамдық қозғалыстар революциялық, контрреволюциялық, реформистік, консервативтік, реак-

цияшыл болып бөлінеді; әрекет тәсілдері мен әдістері бойынша – зорлықшыл және зорлықшыл емес қозғалыстар болып бөлінеді.

Қоғамдық қозғалыстар әр түрлі әлеуметтік негізде қалыптасуы мүмкін. Олардың кейбіреулері, мысалы, соғысқа қарсы, экологиялық, ұлт-азаттық қозғалыстар тап аралық (таптан тыс) сипатта болады. Екіншілері айқын көрінетін әлеуметтік-таптық сипатта ерекшеленіп, – жұмысшы, шаруа, буржуазиялық қозғалыстар, сондай-ақ зиялы қауым, фермерлер, ұсақ меншік иелерінің қозғалыстары ретінде айқындалады. Қоғамдық қозғалыстар жыныстық ерекшелігі мен жас мөлшеріне қарай да: жастар, балалар, әйелдер қозғалыстары, зейнеткерлер қозғалысы және басқалары болып топтасады. Кәсіби белгілері бойынша ғалымдар, дәрігерлер, жазушылар және т.б. қозғалыстар құрылады.

Қоғамдық қозғалыстар ядролық соғыс қаупін болдырмау, халықтардың экономикалық, мәдени және саяси қарым-қатынастарын дамыту, экологиялық апаттың алдын-алу, мәдени мұраны сақтау және т.б. әр түрлі әлеуметтік-саяси мақсаттарды көздейтінін айта кеткен жөн<sup>1</sup>. Нақты қоғамдық қозғалыстар ұлттық тарихтын мәні мен маңызын іздеп таба отырып, жекелеген мемлекеттер шеңберінде өрістей алады, олар қайсыбір тарихи кезеңдегі ерекшеліктерін көрсетіп және мәселенки, экологиялық қозғалыс сияқты кең халықаралық сипатқа ие болып, бір топ елдердің шеңберінде де тарала алады.

Ерікті бірлестіктерді қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарға бөлу көбіне шартты сипатта болады және де әрдайым оларды дәл ажырату оңайға түсе бермейді. Қоғамдық қозғалыстар ұйымдық принциптердің күшею шамасына қарай көбіне қоғамдық ұйымдар және де тіпті саяси партия құрудың негізіне айналады. Мәселен, экологиялық қозғалыстың дамуы әр тектес экологиялық одақтар мен ассоциациялардың құрылуына, кейін көптеген елдерде «жасылдар» партиясының құрылуына себепші болды. КСРО-ның бұрынғы республикаларын алар болсақ, оларда халық қозғалыстары мен майдандары ұлттық-демократиялық партияларға айналып, қалыптасты.

Жоғарыда көрсетілгендей, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар саяси билікті жеңіп алу мен іске асыруды өзінің мақсаты етіп қоймайды, оған ашық түрде бақылау жасауға ұмтылмайды. Олар үшін саяси процестерге ықпал етудің негізгі тәсілі билікке қысым көрсету болып табылады. Олар қоғамдық өмірдің басқа салаларындағы (экономикалық, әлеуметтік, мәдени) міндеттерді орындау үшін қажет болғандықтан ғана саяси қызметпен айналысады. Бірақ, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар

<sup>1</sup> Социология Энциклопедия. Минск, 2003. С. 965-970.

өздерінің алдына тікелей саяси мақсаттарды қоймаса да, олардың қызметі объективті түрде саяси сипатта болады. Азаматтардың бірлесуге деген конституциялық құқықтарының өзі оларды саяси әрекеттер шеңберіне қосады.

Әр алуан қоғамдық құрылымдардың саяси қарым-қатынастарға ықпал ету деңгейі де әр түрлі. Олардың бірі — жұмысшы, кәсіподақ және ұлттық қозғалыстар және т.б. — саяси жағдайға елеулі түрде ықпал етеді, екіншілері — саяси өмірге іс жүзінде қатыспайды. Алайда, қазіргі кездегі қоғамның жалпыға бірдей саясаттандырылуы жағдайында қоғамдық бірлестіктердің ешқайсысы саяси процеске тікелей немесе жанама қатысудан толығымен шеттей алмайды. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың саяси ролі мемлекеттік билік органдары мен әр түрлі деңгейдегі басқару органдарының саяси шешімдер қабылдау процесіне ықпал етуден, билік құрылымдарына азды-көпті болса да тұрақты қысым көрсетуден тұрады.

Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар өзінше мүдделі топтар мен қысым-топтары ретінде алға шығады. Мүдде топтары немесе мүдделі топтардың тұжырымдамасын А. Бентли, Д. Трумэн жасады және оны басқалары батыстық саясаттануда мойындайды және берік ұстанады. А. Бентлидің пікіріне сәйкес, саясат дегеніміз — белгілі бір топтарға ұйымдасқан адамдардың өздерінің мақсаттары мен мүдделеріне жету үшін өзара әрекеті мен күресі процесі. Мүдделі топтар — бұлар ерікті ұйымдар, олар оған кіретін адамдардың басқа да топтармен және саяси институттармен, сондай-ақ ұйымдардың өз ішіндегі өзара қарым-қатынастарындағы мүдделерін білдіру үшін және ұсыну үшін құрылады<sup>1</sup>.

Топтардың бәсекелестігінде ұйымдасқан мүдделердің едәуір бөлігі азаматтық қоғам жолымен қанағаттанады. Бірақ біркатар жағдайларда топ мүшелерінің ұжымдық қажеттіліктерін іске асыру биліктің шешімдерін талап етеді. Егер мүдделі топ жеке мүдделерін жария биліктің институттарына мақсатты түрде ықпал ету жолымен қанағаттандыруға қол жеткізетін болса, онда ол қысым тобы ретінде сипатталады. «Қысым тобы» деген ұғым азаматтық қоғамда туындайтын әлеуметтік-топтық мүдделердің саяси факторға айналу қарқынын ашып көрсетеді. Қысым топтарының қызметінің тиімділігі көбіне олар тартатын ресурстарға (меншік, ақпарат, мамандық және тәжірибе, мәдени ықпал, этникалық және діни байланыстар және т.б.) қатысты болады. Кәсіптік одақтар, кәсіпкерлер ассоциациялары, кооператорлар, тұтынушылар одақтары, ерікті қоғамдар және басқа да қоғамдық бірлестіктер (саяси партиялардан басқа) мүдделі топтың түрлері болып саналады.

<sup>1</sup> Основы политической науки. Ч. 11. М., 1993. С. 8.

Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да ең бұқаралық қоғамдық ұйым кәсіподақтар болып табылады, олар өндірістегі, сондай-ақ өндірістік емес салалардағы қызметінің түрі бойынша ортақ мүдделерімен байланысқан еңбекшілерді ерікті негізде біріктіреді, олардың басты қызметі өзінің мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау болып табылады. Нарықтық экономикалық қатынастарға өту, мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру жағдайында еңбекшілердің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауда кәсіподақтардың маңызы шұғыл артты. Белгілі болғанындай, бұрынғы КСРО-да кәсіподақтардың басшылығы әлеуметтік-экономикалық саясатта ең жар роль атқарды, мәнісі бойынша кәсіпорын әкімшілігінің қосалқы бөлігі болып табылды. Ал қазіргі Қазақстан жағдайында жағдай шұғыл өзгерді. Кәсіподақтар тек әлеуметтік-экономикалық қатынастарға ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы саяси процестерге де елеулі ықпал ететін ұжымдық келісімдер, бірқатар қуатты ереуілдер жасауда өздерін жаппай берік көзқарас тұрғысынан көрсете білді. Қазіргі уақытта олар өз қызметтерінің жана жағдайларға сәйкес түрін іздестіруде.

Дүниежүзілік тарихта қуатты кәсіподақтар мен кәсіпкерлер бірлестігі үкіметті өз талаптары алдында кейін шегінуге мәжбүр еткен мысалдар белгілі. Осы мақсатта олар саяси қысымның әр алуан түрлері мен әдістерін қолданды. Оларды айтар болсақ: бұқаралық ақпарат құралдарындағы насихат науқаны, сәйкес талаптармен қол жинау, ереуілдер, үкімет жарлықтарына бой ұсынбау, пикеттер, митингілер, салтанатты шерулер және басқалары. Қысымдық топтардың билік органдарына ықпал етуінің әдеттегі тәсілдері болып табылатындар: біріншіден, биліктің өкілдік және атқарушы органдары құрамына, сондай-ақ әкімшілік аппараттың функционері ретінде өз мүшелерін тікелей ұсынуы; екіншіден, ұйым мүшелерінің парламент комиссиясы мен шағын комиссиясының, ведомствоаралық комитеттер мен қызмет саласына қатысуы; үшіншіден, парламенттің, үкіметтің мүшелерімен, мемлекеттік аппарат шенеуніктерімен және т.б. жеке «достық» байланыстарды қолдауы.

Барлық елдерде іс жүзінде лоббизм сияқты (ағылшын тілінде lobby – кулуар) билік органдарына қысым жасаудың формасы кенінен қолданылады. Лоббизм – көп сатылы құбылыс<sup>1</sup>. Бұл – билік институттарының жұмыс істеуінің ресми процедураларынан тыс іске асырылатын астыртын қызмет, оның барысында ықпалды ептілер мен саясаткер-лоббистер белгілі бір топтарға қажетті заң жобаларын қорғауға, талап етілген үкімет

<sup>1</sup> Қараныз Новейший политологический словарь. Ростов-на-Дону, 2010. С. 137-138.

шешімдерін қабылдауға немесе сол үшін тиімді мемлекеттік тапсырысты жасауға ұмтылады. Жеке кездесулер, байланыстар, келіссөздер, «басып шығарушыдан» хаттар мен жедел хаттарды табыстау, ғылыми зерттеулердің нәтижелері баяндалған мәтіндер, қоғамдық пікірдің сауалнамалары және т.б. осы мақсатқа пайдаланылады.

Лоббистер көбіне өздерінің мақсаттарына қол жеткізу үшін қаратып алу, пара беру, қызмет көрсету, қауіп төндіру, бопсалау және басқалары сияқты құралдардан тартынбайды. Лоббизм әсіресе АҚШ-тың саяси өміріне тән. Дегенмен мұнда лоббизм тек қана кенінен қолданылатын астыртын түрдегі сатып алу ғана емес, сондай-ақ өнеркәсіп корпорациялары мен фирмалардың қызметкерлерінің, заңгерлердің, есепшілердің, салық инспекторларының, кәсіподақтық және басқа да қоғамдық ұйымдардың функционерлерінің сарапшылар мен кеңес берушілер ретінде қатысуымен заң жобаларын және әкімшілік-басқарушылық актілердің әзірленуі мен қабылдану жүйесі. Билік органдарына ықпал етудің аталмыш формасы белгілі ережелерге бағындырылып, заңға сәйкес қаржылық бақылауда болса да, саяси құбылыс ретіндегі лоббизмнің өзінің табиғаты бәрібір оған толықтай бақылау жасауды болдырмайды.

Көріп тұрғанымыздай, лоббизмді заңды және заңсыз деп бөлуге болады. Бұлардың екеуінің де шекарасын анықтау қиын болғандықтан, әр түрлі елдерде оған саяси құбылыс ретінде қарау да бір жақты емес. Лоббизмге деген тыйым салушы және құқықтық реттеушілік көзқарас бар. Бірінші көзқарасты жақтаушылар лоббизмді қылмыстық қызметке теңестіреді және осы негізде заң жүзінде жазалау шараларын енгізу жолымен оны жоюға тырысады. Екінші көзқарасты жақтаушылар лоббистік белсенділікті құқықтық шеңбермен шектеуге ұмтылады. Мысалы, Францияда лоббистік қызмет заңсыз деп танылады, Үндістанда — сыбайлас жемқорлықпен теңестіріледі, яғни, мемлекеттік билік органдарының лауазымды адамдарына пара берудің түрі боп есептеледі, АҚШ пен Канадада ол лоббизм туралы заңмен реттеледі. Мен екінші көзқарасты тиімді деп топшылаймын, өйткені бұл көзқарас халықтың әр түрлі топтарының мүдделерін құқықтық шеңберде ұсынуды қояды. Сонымен бірге ресми емес лоббистік қызмет, әрине заңмен шектелінуі тиіс.

Осыған байланысты мемлекеттің құқықтық нормаларын мойындайтын ұйымдардан басқа конституциялық құрылыстың, әрекет етіп тұрған тәртіптің принциптерін және азаматтық құқықтарды ресми түсінумен қайшы келетін қоғамдық бірлестіктер де пайда болуы мүмкін екендігін атап айтқан жөн. Мемлекет мұндай ұйымдарды мойындаудан бас тартады және олар ресми емес деп есептеледі. Олардың кейбіреулері өмір сүріп тұрған қоғамдық-саяси тәртіпке, құқықтық нормаларға шыдамдылық танытады,



екіншілері үкіметпен ымыраға келмейтін оппозицияға айналады да, онымен күрес жолына түседі. Бұлардың екеуі де әр түрлі елдерде, соның ішінде Еуразия елдерінің аумағында да бар.

Қазіргі уақытта әрбір елде ондағы қалыптасқан нақты жағдайды көрсететін қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар аз емес. Соңғы жылдары бұрынғы КСРО-ның аумағында, соның ішінде Қазақстан аумағында да көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар пайда болды. Бүгінде біздің еліміздің қоғамдық өмірінде мыңдаған қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әрекет етуде, олардың қоғамдағы ролі артып келеді. Қазақстан халқының бұқаралық санасының құрылымында жаңа демократиялық және нонконформистік көңіл-күйдің және гуманистік құндылықтардың пайда болуы қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың бұрынғы, көбіне тиімсіз формаларынан азат етілген Қазақстанның әлеуметтік-саяси кеңістігін толтыруға қабілетті азаматтардың қоғамдық бірлестіктерінің жаңа түрлерін туындатады. Сөйтіп, біздің елімізде азаматтық қоғамның жұмыс істеу өрісі кеңейіп келеді, бұл әлеуметтік-саяси саланың демократиялануының неғұрлым жалпы үрдісін білдіреді. Мұнда тек Қазақстанның қоғамдық өміріндегі позитивті дәстүрлермен органикалық байланысты жоғалтып алмау маңызды және оған бұзушы сипаты бар және елдің демократиялық жанаруына зиян келтіруге қабілетті қоғамдық бірлестіктердің енуінің алдын алу керек.

Қазіргі өркениетті қоғамдардың саяси жүйесінің элементі бола отырып, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар аса маңызды функцияларды орындайды. Сондықтан қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың функцияларын айқындаудың маңызды теориялық және практикалық мәні бар, өйткені бұл азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет жүйесіндегі олардың орнын анықтауға, сондай-ақ олардың белсенділігінің байқалу формаларын, тәсілдерін көрсетуге көмектеседі.

Барлық қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың ортақ, негізгі функцияларының қатарына жататындар:

1. Бірлестік мүшелерінің мүдделері мен қажеттіліктерін айқындау және қанағаттандыру. Адамдар кәсіби тиістілігімен, жас ерекшеліктерімен, жеке бейімділігімен және т.б. байланысты қайсыбір ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ұйымдар мен қозғалыстарға бірігеді. Бұл мүдделер бастапқыда аса көмескі, жеке бастың мүддесі және қызбалық болып көрінуі мүмкін. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар мұндай екі-үшті көзқарастар мен пікірлерді нақты талаптарға айналдырып, сол бірлестіктің бағдарламасына сай қайта құрады, сол арқылы өз мүшелерінің мүдделер айналымына мүмкіндік береді. Саяси партиялармен қатар қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар мүдделер агрегацияларының міндеттерін

де, яғни пікір талас арқылы олардың арасындағы белгілі иерархиялар мен басымдықтағы көптеген жеке талаптар мен жарғылар келісімін белгілі бір дәрежеде шешеді. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың бұл функциясы жетілмеген партиялық жүйе жағдайында үлкен маңыздылыққа ие болуда.

2. Әлеуметтік біріктіру мен жұмылдыру функциясы топ мүшелері мен оны жақтаушыларды аталмыш құрылымның мақсаттары төңірегінде біріктіруге және ұйымдастыруға саяды. Бұл функция нақты қоғамдық бірлестіктің шеңберінен шығып кететін неғұрлым кең ауқымда бола алады<sup>1</sup>. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар жұртшылықтың назарын өткір проблемаларға аудартады, өзіндік шешім нұсқаларын ұсынады, өздерінің бастамаларының қоғамнан қолдау табуына ұмтылады.

3. Әлеуметтендіру функциясы. Өзінің мүшелерін қоғамдық маңызды проблемаларды шешуге тарта отырып, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар олардың белсенді өмірлік позицияларының қалыптасуына, саяси білімі мен мәдениетінің көтерілуіне, азаматтарды мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға тартуға мүмкіндік береді.

4. Репрезентативтік функция немесе өз мүшелерінің басқа саяси институттармен өзара қарым-қатынасындағы мүдделерін ұсыну мен қорғау қызметі. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар өз мүшелерінің ерекше мүдделері мен қажеттіліктерін ұғынуға және білдіруге мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ, осы мүдделерді ұсынудың міндеткерлігін, топ талаптарын мемлекеттік органдарға, саяси партияларға, басқарушы элитаға мәлімдеп, жеткізу жауапкершілігін де өзіне алады. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың билік құрылымдарына ықпал етуі екі жолмен: электоралдық өкілдік арқылы (сайлау жүйесі арқылы) және ұйымдасқан мүдделердің тікелей, функционалдық өкілдігі арқылы іске асуы мүмкін.

5. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың тағы бір функциясы саяси-қоғамдық құрылымдардың жаңа үлгісін жасау, әлеуметтік байланыстардың дәстүрлі емес формаларын іздеу мен сынап көру болып табылады. Қоғамдық, өзіндік әрекетті сипаттағы ерікті бірлестіктер әлеуметтік эксперимент жүргізудің, халықтың әлеуметтік белсенділігінің жаңа өзін-өзі басқару формасын іздеу мен іске асырудың тендесі жоқ жолы бола алады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін қорытындылай келе, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, қозғалыстар — бұлар азаматтардың өздерінің мүдделерінің ортақтығы негізіндегі олардың еркін көңіл білдіруі нәтижесінде пайда болған, бірақ өзінің қызметінің мақсаты ретінде пайда табуды көздемейтін ерікті құрылымдар. Саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар,

<sup>1</sup> Философский словарь. Киев, 2006. С. 908-909.

азаматтардың мүдделері бойынша құрылымдары – ұйымдар, қоғамдар, одақтар, ассоциациялар, қорлар және т.б. қоғамдық бірлестіктер ретінде танылады. Демек, қандай да бір әлеуметтік қажеттіліктерді бірлесіп қанағаттандыру үшін немесе халықтың белгілі бір категориясының мүдделерін білдіру және ұсыну үшін құрылатын азаматтардың барлық құрылымы қоғамдық бірлестік болып табылады. Әрбір елдің заңнамасы мақсаттары қоғамның мүдделерімен, моральдық нормалармен және жалпы адамзаттық құндылықтармен сыйыспайтын қоғамдық бірлестіктердің – саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметіне рұқсат етпейді. Соның ішінде үкіметті құлатуды немесе конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді мақсат ететін немесе оған қол жеткізудің әдісі ретінде соғысты, зорлық-зомбылықты, мейірімсіздікті насихаттайтын, нәсілдік, ұлттық және діни алауыздықты қоздыратын қоғамдық бірлестіктер құруға тыйым салынады. Сондықтан саяси партиялардың қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың арта түскен алуан түрлілігі мен белсенділігі қоғамның қоғамдық өмірінің терең процестерін көрсетеді, саяси күштердің қайтадан топталуына елеулі ықпал етеді, жаңа әлеуметтік-саяси орта құрады.

Осылайша саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі өркениетті, азаматтық қоғамның қалыптасуының, саяси жүйенің демократиялануының, өзін-өзі басқаруды дамытудың шынайы көрсеткіші болып табылады. Олардың жұмысы нәтижелі болған сайын өркениетті, азаматтық қоғам да кемелденіп, беки түседі.

## **САЯСИ ЭЛИТА ЖӘНЕ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ**

Элиталар мен көшбасшылар (лидерлер) әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтік-саяси ғылымдар зерттеулерінің маңызды объектісі болып есептеледі. Біздің заманымызға дейінгі 430 жылдың өзінде Ежелгі Грекияның белгілі саяси қайраткері Перикл: «саясатты аз ғана адамдар жасайды, алайда ол жөнінде бәрі де пікір айтады» – деген екен. Қоғамда көптеген адамдар мен әлеуметтік топтардың әдетте саяси өмірге күнделікті тікелей қатынаса алмайтыны белгілі жайт. Мұнымен саяси элита деп ғылыми анықтама алған және өз арасынан дайындығы өрі беделі бар көшбасшылар ұсынатын кәсіби саясаткерлер, адамдардың ерекше жігі шұғылданады. Осымен байланысты саяси элитаға және саяси көшбасшыға қызығушылық таныту, осы күрделі де маңызды әлеуметтік құбылысты пайдалануға талпыныс жасау көнеден тамыр тартады. Мысалы, Платонның пікірі бойынша, қоғамды жан дүниесі аса дамыған, адамгершілікті меңгерген философтар рухындағы аксүйектер билеуі тиіс және қоғамның басқа бөлігі яғни, көпшілік дана философтарға бағынуы керек.

Саяси элиталар мен саяси көшбасшылар – саясаттың аса белсенді субъектілері. Бұл субъектілер өз қызметінде нақты мақсаттар мен мүдделерді көздейді. Практикада халықтың көпшілік бөлігінің саяси үрдіске қатынасуы әдетте сайлаумен ғана шектелгендіктен, нақты билікті саяси элиталар мен саяси көшбасшылардың жүзеге асыратыны белгілі нәрсе. Осы элиталар (элита ұғымы француз тілінен аударғанда – «ең жақсы», «сұрыпталған», «қалаулылар») және көшбасшы-лидерлер (ағылшын тілінен аударғанда лидер сөзі – «алда жүретін», «жол көрсетуші», «басшы» мағынасын білдіреді) қоғам дамуының мақсаттары мен болашағын айқындауды қалыптастырады. Олар қоғамды басқарады, стратегиялық маңызды шешімдер қабылдайды және оларды жүзеге асыруда мемлекеттік билік ресурстарын пайдаланады. Басқару міндеттерін атқара отырып, олар, сонымен қатар, билікте болып, оны ұстап туруға көмектесетін тұлғалық айрықша ерекшеліктер мен кәсіби сапаларды меңгерген.

Осымен байланысты аталмыш элитаға және көшбасшыға басқа адамдарға жетекшілік ету құқы не беретінін, олардың өздерінің саяси қызметінде нендей уәждерді басшылыққа алатынын анықтау қажет. Демек саяси элиталар мен саяси көшбасшылардың қоғамдық-саяси өмірдегі және қоғамдық саясаттағы ерекше рөліне не себепші болып отыр деген орынды сұрақ туындайды. Бұл сауалға жауап беру үшін, ең алдымен, саяси элитаның мазмұнын ашу қажет.

## 1. Саяси элита ұғымы. Саяси элиталарды танып-білудің және бағалаудың негізгі тәсілдері

Дүние жүзінің өлеуметтану және саясаттану әдебиеттерінде саяси элитаға берілген көптеген анықтамалар мен әр түрлі көзқарастар бар<sup>1</sup>. Сондықтан отандық және шетелдік саяси ғылымда саяси элитаның не екендігі жөніндегі ұғымда толық бірлік жоқ. Бұл сұраққа жауап беру үшін, ең алдымен, «саяси элита», «басқару элитасы», «контрэлита», «бюрократия» ұғымдарын ажырата білу керек. Алғашқы ұғым көлемі жағынан ауқымды, себебі ол басқарушы элитамен қатар контрэлита, яғни саясатта белсенді ат салысатындарды, билікті қолға алуға тырысатындарды, бірақ дәл сол уақытта нақты басқару ролінен шеттетілгендер мен саяси оппозицияда қалғандарды да қамтиды.

Саяси элитаны анықтау мен оның ауқымын белгілеу үшін келесі өлшемдерді ұсынған жөн деп санауға болады: біріншіден, қоғамның саяси элитасын жария саяси қызметпен кәсіби айналысатын барлығының күресінің түпкі мақсаты билік болып саналатын адамдар құрайды; екіншіден, олар қоғамнан біршама өзімен-өзі болумен қатар, сол саяси тәртіптің қалыптасқан «ойын ережесін» ұстайтын, қайсыбірде мысалы, билеуші және оппозициялық бөліктің мәнді ерекшеліктерін сақтайтын, сонымен бірге, әр түрлі саяси элита фракцияларының мүдделері, құндылықтары және мақсаттары ортақ біріккен тығыз топты құрайды, үшіншіден, осы адамдарды саяси қайраткерлер ретінде олардың өзіндік заңдылығын қоғамдық мойындау бар.

Билеуші элитаны саяси элитаның жетекші бөлігі ретінде оның саяси бағытты айқындауы, маңызды саяси-басқарушылық шешімдер қабылдауы және саяси ресурстарды бақылауы айшықты белгісі болып табылады. Қарапайым санада осы билеуші элитаны әдеттегі саяси элитамен ұқсастырып жатады, әрине бұл дұрыс емес. Билеуші элитаға саяси элитаның, тікелей билікте тұрмаса да, оған қолдау көрсететін бөлігі жанасады.

Контрэлита – бұл билеуші элитаға қатысты оппозиция ролін сол сәтте атқаратын саяси элитаның бөлігі. Кейде оның да билеуші топқа кейбір басқару және кадрлық шешімдер қабылдауға жеткізетін қысым жасау ресурстары болады. Әйтсе де бюрократияның жоғары өкілдері билеуші элитаның құрамына енетіні сөзсіз, оның еркін орындайтын соңғысын бюрократиялық аппаратпен шатастырмау керек. Дәрежесі кіші, орташа және жоғары қызметтегі чиновниктер билеуші элитаға тән белгілерді

<sup>1</sup> Александров И.П. Общество и элита. М., 2004. С. 105.

иеленбеген. Олар салыстырмалы түрде қосымша рөл атқарып, билеуші элита қабылдаған саяси бағыт пен шешімдерді өмірде жүзеге асырушылар ғана.

Осымен байланысты, жалпы саяси элита деген не, оның құрамына кімдер енеді, оның құрылымы қандай деген сұрақтар туындайды. Саяси элита — бұл қоғамды басқаруда билеуші қызметін атқаратын және мемлекеттік билікті қолына шоғырландырған, маңызды саяси шешімдер қабылдауға қатысатын мамандандырылған өлеуметтік жеңілдігі бар топ. Қоғамның саяси элитасының құрамына биліктік функцияны және уәкілдік құқықты иеленген жоғары дәрежелі қызметтегі кәсіби саясаткерлер кіреді. Саяси элитаның құрамына сонымен бірге, қоғам дамуының стратегиясын дайындауға, саяси бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатынасуға кәсіби дайындығы бар жоғары мемлекеттік қызметкерлерді жатқызуға болады. Саяси элитаның басты сипаттарын баса көрсетеміз деп, оны көбінесе «елдің саяси басшылығымен», «саяси шешімдер қабылдау орталығымен» ұқсастырады. Жылдар өткен сайын саяси элита қызметкерлерінің құрамы өзгереді. Алайда қызмет құрылымы ешбір өзгеріске түспейді десек те болады. Бұған мемлекеттер басшылары (монархтар, президенттер), биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот органдарының, жоғары елшілік корпустардың және т.б. жетекшілері жатады. Әр түрлі елдерде берілген әр қилы баға бойынша саяси элитаның саны 2-4 мың адамнан аспайды.

Дегенмен саяси элитаның ішкі құрылымы болатынын естен шығармау қажет. Саяси элитаның құрылымы: жоғары, орташа және төменгі деп үш деңгейге бөлінеді. Жоғары саяси элита өзіне жетекші саяси басшыларды, сонымен қатар заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарында жоғарғы қызмет орындарында отырғандарды (президенттің тікелей төңірегіндегілер мен премьер-министр, оның орынбасарлары және жетекші министрлер, парламент спикері, депутаттық фракциялардың жетекшілері) қамтыған. Бұлар миллиондаған адамдардың тағдырына қатысты қоғамдық аса маңызды саяси шешімдер қабылдайтын саны жағынан мейлінше шектеулі ғана адамдар (100–200 немесе 200–400 адам).

Орташа саяси элита көптеп саналатын сайланған лауазымды адамдардан: губернаторлардан, парламенттік депутаттардан, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар көшбасшыларынан, сонымен қатар кәсіподақтардың басшыларынан қалыптасады. Әйтсе де дамыған демократиялық институттары бар елдерде партиялар мен кәсіподақтар көшбасшылары элитаның жоғары жігінің қатарына кіре алады. Жалпы орташа саяси элита өзінің саны жағынан халықтың 5% құрайтын аса

манызды адам топтарынан, сондай-ақ аймақтық деңгейдегі билік органдарының өкілдерінен тұрады<sup>1</sup>.

Саяси элитаның төменгі жігін жергілікті жердегі саяси қайраткерлер — басшылар, жергілікті билік органдарының депутаттары және аймақтық деңгейдегі партия қайраткерлері қалыптастырады. Сонымен қатар, саяси элитаның төменгі жігі өзіне қызметші-басқарушыларды, мемлекеттік орталық және аймақтық деңгейдегі чиновниктерді қосқан. Негізінде ол әкімшілік-бюрократиялық аппараттың көптеп саналатын өкілдерін қамтиды.

Өздерінің беделі есебінен билеуші элитаның және өз күшімен әрекет етуші элитаның позициясын нығайтуда аса беделді техникалық және гуманитарлық интеллигенция өкілдерінен тұратын, сайланбайтын элитаның бір түрі болып саналатын «саясаттағы элита» саяси элитаның ерекше құрылымдық элементі болып табылады. Көрнекті жазушылар, ғалымдар, спортшылар, шоу-бизнес өкілдері қайсыбір партияларға сайлауда жеңіп шығуына көмектесумен қатар, олардың дағдарыс жағдайындағы немесе ескішіл ағымдағы саяси үрдістер кезіндегі саяси талаптарына қолдау көрсетеді.

Саяси элитаға, сонымен бірге әкімшілік, экономикалық, әскери, полициялық, идеологиялық-аппараттық, рухани-мәдени және ғылыми мамандандырылған кіші әлеуметтік топтар да жатады.

Әкімшілік элита — бұл билеуші элитаның бөлігі, ол өз қолына биліктің техникалық-ұйымдық құрамдарын шоғырландырып, монополиялаған. Әкімшілік элита жеке құрамында — ол министрліктер, департаменттер және мемлекеттік басқарудың басқа да органдарында жоғары орын алған мемлекеттік қызметшілердің жоғарғы жігі. Әкімшілік элита саяси элитаны жалғастырушы, ұйымдық белгісі бойынша оны өз алдына жеке топқа бөлуге де болар еді. Әлеуметтану зерттеулері бюрократияны салыстырмалы түрде өздерінің мүдделері мен мүмкіндіктеріне орай іштей біріккен дербес әлеуметтік жік екенін көрсетті.

Экономикалық элита — бұл меншік ресурстарының негізінде билік құрылымына өзінің қатынасуын іске асыратын билеуші элитаның бөлігі. Экономикалық элитаға өз қолдарында материалдық және қаржы ресурстарын шоғырландырған: ірі корпорациялар, банктердің иелері және олардың менеджерлері, бизнесмендер және т.б. адамдар кіреді. Билеуші элитаның бұл бөлігі экономикалық үстемдікті жүзеге асыра отырып, көптеген саяси мәселелерді шешудің жолдарын анықтауға да қатысады.

Әскери және полициялық элита — билеуші элитаның маңызды жігі. Олар қоғам өмірінде, саяси үрдістерде үлкен рөл атқарады, әскери, полициялық элитаны көбінесе саясаттың шешуші құралы ретінде пайдаланады.

<sup>1</sup> Мамедов А.П. Политика и личность. Ростов-на-Дону, 2003. С. 210.

Әскери және полициялық элитаның құрамына елдің жоғары әскери басшылары, генералитет, ішкі істер министрлігінің басшылары, мемлекеттік қауіпсіздік, арнайы қызмет және т.б. басшылары кіреді. Бірқатар елдерде элитаның бұл бөлігіне саяси элитаның жоғарғы жігі енгізіліп, қалған бөлігін орташа немесе әкімшілік элитасының қатарына жатқызады. Саяси элитаның маңызды жігін идеологиялық-ақпараттық элита құрайды. Ол өз құрамына қоғамда дүние танымдық ұстанымдарды, құнды бағыт-бағдарларды, адамдарда идеялар мен сенімдерді қалыптастыру функцияларын атқаратын идеологиялық майданның қайраткерлерін – гуманитарлық ғылымдардың, білім берудің, діни қызметшілердің, бұқаралық ақпарат құралдарының жетекші өкілдерін кіргізген. Осы тұрғыдан алғанда бұқаралық ақпарат құралдарының – радио, теледидар, баспасөздің рөлі аса зор.

Рухани-мәдени элита – бұл рухани билікті алып жүрушілер<sup>1</sup>. Ол аса беделді әрі ықпалды өнер, оқу-ағарту, әдебиет қайраткерлерінен және басқа да шығармашылық интеллигенция өкілдерінен тұрады. Оның атқаратын рөлін қоғамның рухани өмірінің мынандай процестері: білім беру, әдебиет, өнердің дамуы, оның адамгершілік қуатына ықпал ету сипаты мен деңгейі анықтайды.

Ғылыми элитаның қоғамның қоғамдық-саяси өмірінде маңызды позициясы бар. Ол интеллектуалды элитаның аса дарынды бөлігінен тұрады. Оның рөлі – ғылым мен техниканың дамуына, ғылым мен техникалық прогреске және т.б. ықпал жасау деңгейімен анықталады.

Осы элиталық топтар ішкі жағынан біртектес, жеңілдікті, бүкіл қоғамның өкілдігіне ұмтылатын саяси үстемдік етуші топты құрай отырып, бәрі бір-бірімен өзара тығыз байланыста әрекет етеді. Осыған орай әрбір қоғамдағы саяси элитаның өз ерекшеліктері болатынын айтуымыз керек. Элитаның қандай болуы ең алдымен қоғамның сипатына, оның әл-ауқатының мөлшеріне, мүшелерінің білім деңгейіне, тарихи салт-дәстүріне, мәдениетіне және т.б. байланысты. Өз кезегінде саяси элитаның сипаты қоғамның қалпына және оның динамикасына мейлінше үлкен ықпал етеді.

Билік ресурстарымен ерекшеленетін саяси элиталарды өдетте *дәстүрлі* және *қазіргі* деп бөледі. Дәстүрлі элитаның билігі өдет-ғұрыптарға, дінге, салт-жораларға, байлыққа негізделген. Үндістен саясаттанушысы П. Шаран дәстүрлі элитаның қатарына діни элитаны, аксүйектерді (аристократия), дамушы елдердің әскери басшыларын қосқан. Заңға, формальды ережеге арқа сүйейтін және әр түрлі топтардан тұратын қазіргі элита ұтымды саналады. Қазіргі саяси элитаға чиновниктер, білімдар саяси көшбасшылар,

<sup>1</sup> Қараңыз: *Сергеев А.П.* Элита и общество. Саратов, 2010. С. 150-180.



бизнесмендер, ғылым саласының өкілдері, технократтар және де саяси билікпен тікелей немесе жанама болса да байланысқандар немесе саяси, мемлекеттік шешімдер қабылдауға ықпал етуге мүмкіндігі барлар жатады.

Қазіргі саяси элиталардың тұнғыш классикалық тұжырымдамалары XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде пайда болды. Соның бір айғағы макиавелдік мектеп өкілдері (Г. Моски, В. Парето, Р. Михельс). Ол жетекші мемлекеттердің топтарын немесе соған жетемін деушілерді теориялық және эмпирикалық зерттеулерде кең көлемде сілкініс жасады. Бүгінде «макиавелдік мектеппен» қатар саяси элиталар теорияларының аса маңыздысы болып, құнды элиталар теориясы (В. Ропке, Хосе Ортега-и-Гассет, Н. Бердяев), демократиялық элитизм (Д. Даль, С. Липсет, Й. Шумпетер), партократиялық мәндегі элита (В. Ленин, И. Сталин), элиталардың плюрализм теориясы (С. Келлер, Д. Рисмен, О. Штаммер), солшыл либералды мектеп (Ч. Миллс, т.б.) және тағы басқалары есептеледі.

Саяси элиталар теорияларының көп түрлілігіне орай, саяси ғылымда саяси элиталарды зерттеп-білуде және баға беруде әр түрлі тұрғыдан қарастыру қалыптасқанын айтқан жөн. Мысалы, ұйымдық, психологиялық, экономикалық және институционалдық тұрғыдан зерделеу орныққан<sup>1</sup>. Саяси элиталарды ұйымдық тұрғыдан зерттеп білу және баға беру амалы туралы идеялар Гаэтано Москидің «Билеуші тап» және Роберт Михельстің «Саяси партиялар. Қазіргі демократиядағы олигархиялық ағымды әлеуметтанымдық зерттеулер» – атты кітаптарында баяндалады. Осындай тұрғыдан қарастыруға элитаны және оның іске асыратын бақылауын түсінуге жол ашады. Олардың бақылауы азшылықтың ұйымдасу қабілетін, ең алдымен азшылықтың қоғамдағы басқа күштердің алдында біртұтас майдан құру қабілетіне саяды. Г. Москидің пікірі бойынша, азшылықтың артықшылығы оның азшылығында жатыр.

Кішкентай топ үлкен топқа қарағанда жеңіл ұйымдасады. Оның ішкі байланыс және ақпараттық арналары әлдеқайда қарапайым. Оның мүшелері тез бірігеді. Нәтижесінде кішкентай топ саясатты тез арада қалыптастыра алады және өздерінің жұрт алдындағы мәлімдемелері мен қимыл-әрекетінде толық ынтымақтастықта екенін көрсетуге тырысады. Жақсы ұйымдасқан азшылық тез реакция жасау қабілетін меңгерген, және де ол өзгерген жағдайға қажетті жауапты тез арада таба алады.

<sup>1</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Саяси элиталар және көшбасшылары: теориялық талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ-тің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2004. № 4. 75-77 б.

Белгілі «олигархияның темірдей заңын» қалыптастырған Р. Михельс саяси элитаны зерттеп-білу мен баға берудің ұйымдық амалын одан әрі дамытты. Өз көзқарасын ол «Саяси партиялар. Қазіргі демократиядағы олигархиялық ағымды әлеуметтанулық зерттеулер» кітабында жариялады. Р. Михельс ұйымдасушылық қабілетті билік жасайды деумен қатар, ұйымдасқан қоғамның өз құрылымы да элитаның пайда болуына әкеп соқтырады деген жорамалға келді. Р. Михельстің ұстанған бірден-бір маңызды тезисі: «Демократия олигархияға жеткізеді және міндетті түрде олигархиялық ядросы болады» – деген сөзінен байқалады. Бір жағынан, Р. Михельс, демократияны жүзеге асыру үшін ұйымдардың қажеттігін атап көрсете отырып, екінші жағынан, кез келген ұйымда олигархияның пайда болуына және демократияны жоюға соқтырады деген сенімді бекітті. Сондықтан ұйымдар, – деп жазды ол, «олигархиялық ағымды білдіреді. Кез келген ұйымда, мейлі ол саяси партия болсын, мейлі кәсіподақтар одағы болсын немесе сондай түрдегі басқа ұйымдар болсын бәрібір аристократиялық ағым өте анық көрінеді». Осымен байланысты Р. Михельс жоғарыда келтірілген «олигархияның темірдей заңы» жөнінде айтады. Бұл заңның мәнісін ол кез келген ұйымда жоғары басшылардың үстемдігі, аз ғана сайланғандардың билігі сөзсіз орнайды деген тезисінде сипаттады. Р. Михельстің айтуынша, тек ұйым ғана сайлаушылардың, мандат берушілердің, ұсынған делегаттардың үстінен жүргізетін сайланған адамдардың билігін туындатады. Кімде-кім «ұйым» деп айтатын болса, ол «олигархия» деп те айтады.

Осымен байланысты олигархиялық элементтер деп аталатындардың – ұйымның бүкіл қызметінде шешуші сөзді айтатын салыстырмалы түрдегі санаулы басшылардың рөлі мен ықпалы артады.

Олигархияны туындататын себептердің негізіне аз ғана адамдардың қолына биліктің шоғырлануы, саяси элиталарды зерттеп-білуде және баға беруде психологиялық амал да жатады. Психологиялық тұрғыдан зерттеудің аса көрнекті өкілі – «Жалпы әлеуметтану бойынша трактат» – атты кітаптың авторы Вильфредо Парето. Топтардың және жеке адамдардың әлеуметтік белсенділігін іргелі психологиялық факторларға сілтеме жасаумен түсіндіретін оның элита теориясы жалпы әлеуметтанудың бөлігі болып табылады. В.Паретоның пікірі бойынша, адамның әлеуметтік мінез-құлықы адам психикасының ақыл жетпейтін қабатында болатын сезіммен детерминдендіріледі. Ол адамдардың психикалық құрылымына байланысты элита мен элита еместің арасындағы өзгешеліктерді көрсетеді. Осы тұжырымдама бойынша элита туғанынан саяси айлалы әрекеттерге, қулық пен алдаудың көмегімен елдің басын айналдыруға бейім, ақылды, епті «түлкі» адамдар. Элитаның басқа, келесі

тобын құрайтындар тұрақтылыққа, тұтастыққа және күш жұмсауға қабілетке бейім жеке адамдар («арыстандар»). Осының өзі бірін-бірі алмастыратын элиталарының екі типі.

Саяси элиталарды зерттеу мен баға берудің келесі амалы – экономикалық тұрғыдан қарастыру. Мұның аса көрнекті өкілі, кенінен танымал «Басқарушылар революциясы» атты кітаптың авторы Дж. Бернхэм еді. Ол саясатты билік пен мәртебе үшін әрдайым болатын топтар арасындағы күрес деп есептеді және барлық қоғамдарда шағын ғана топ түптеп келгенде саяси бағытты айқындауға сөзсіз бақылау орнатады деп санады.

Алайда, басқа да көптеген элитизмнің жақтаушыларынан Дж. Бернхэмнің өзгешелігі, басты-басты өндіріс құралдарына бақылау орнату элита билігінің негізіне жатады деп есептеуінде еді. Аталмыш бақылаудың екі жағы бар: 1) билікті жүзеге асырушы топ басқа топтардың өндіріс құралдарын пайдалануына тыйым салады, 2) билеуші топ өнімді – ақшаны немесе тауарды бөлуде де артықшылыққа ие болады. Сайып келгенде, өндіріске бақылау орнату саяси билікті әлеуметтік мәртебеге қол жеткіздіртеді, сондай-ақ байлыққа кенелтеді.

Енді саяси элиталарды зерттеп білуде және баға беруде институционалдық амалға тоқталайық. Оның аса көрнекті өкілі – «Билеуші элита» атты кітаптың авторы Чарльз Райт Миллс. Ол элитаның мәртебесі мен құрамын элитаның жекелеген мүшелерінің дарындылығымен және психологиясымен түсіндіруге болмайды деген көзқарасты қолдайды. Элитаны қоғамның экономикасы мен әлеуметтік құрылымына сәйкес зерттеу қажет. Ч. Миллс билікті ауқымды институттар жүйесінің рәмізі ретінде болжап, элита стратегиялық институттар иерархиясында жетекші позицияны иемденгендерден тұрады деп есептейді. Бұл шын мәнінде саяси элитаның мәртебелік үлгісі еді. Осы элитаның құрамына ену үшін көрнекті интеллектуалдық және моральдық сапалардың болуы міндетті емес, тек қана билік иерархиясындағы керекті орынға отырса жеткілікті.

Нақты өмірде саяси элита биліктің ең жоғарғы деңгейінде тұрса да бұқараның саясатқа қатысуына жол бермейді. Билеуші элита мемлекетте басты позицияларды иемденген және соның негізінде өзіне билікті, байлықты және танымалдықты қамтамасыз етеді. Элита мен бұқара арасында жоюға болмайтын үлкен айырмашылықтар бар. Саяси элиталарды зерттеп білу мен баға берудің жоғарыда қарастырылған негізгі амалдары саяси элиталардың қалыптасуы мен ауысуы үрдісін анықтауға және олардың атқаратын міндеттерін ашуға жан-жақты қарауға мүмкіндік беретінін айтуымыз керек.

## 2. Саяси элиталардың қалыптасуы, ауысу процестері және олардың функциялары

Саяси элиталардың қалыптасуы мен ауысуы мәселесін дұрыс түсіну үшін ең алдымен олардың пайда болу себептерін анықтау қажет. Саяси элиталардың пайда болуы үшін керекті белгілі бір объективтік алғышарттар, яғни себептер бар. Бұл алғы шарттарды үш деңгейге бөлуге болады. Бірінші деңгейді қоғамдық еңбек бөлінісі және қоғамның әлеуметтік стратификациясы іспетті себептер құрайды. Еңбек бөлінісі заңы және онымен байланысқан қоғамның әлеуметтік стратификациясы әр түрлі топтар, жіктер орындайтын әлеуметтік функциялардың жіктелуіне септігін тигізеді. Қоғамның өмір сүруі тек еңбек бөлінісінің арқасында ғана мүмкін, әрбір әлеуметтік топ, жік бүкіл әлеуметтік организм үшін аса өміршең маңызды міндеттерді шешуді жүзеге асырады: бірі материалдық игіліктерді өндірумен айналысса, екіншілері – рухани құндылықтарды жасайды, үшіншілері – басқарады және т.с.с. Қоғамдық организмнің қалыпты өмір сүруі үшін барлық қызмет түрлерін барынша үйлестіру қажет. Бірақ олардың кейбіреуі осы организм тұрғысынан аса маңызды деп саналса, басқаларының маңыздылығы олардан төмендеу болуы ықтимал. Әлеуметтік функциялар иерархиялары негізінде оларды атқаратын иерархиялық топтар, жіктер мен таптар қалыптасады. Әлеуметтік пирамиданың шыңына жалпы жетекшілік пен басшылықты іске асыратындар отырғызылады, өйткені тек осы функциялар арқылы әлеуметтік организмнің бірлігі қамтамасыз етіледі, өзге де функцияларды табысты орындау үшін қажетті алға шарттар жасалады. Сайып келгенде, элиталардың өмір сүруі басқару еңбегінің қоғамдық маңыздылығының жоғарылығымен және оның жеңілдіктер жүйесі түрінде ынталандыру және басқа да формалармен түсіндіріледі.

Ынталандырудың мұндай формасы мемлекетті басқарудағы қызметке жоғары уәждеме жасау үшін барлық саяси жүйелерде қолданылады. Алайда, бұл жерде қоғамның, мемлекеттің ұсынған уәждемесі ғана көрініп қоймайды, сонымен бірге жеке адамның «жоғарыға» көтерілуі, мемлекеттегі басқарудағы командалық позицияға жетуге деген құлшыныс ішкі уәждемесінен байқалады. Саяси-басқарушылық еңбек құндылықтары мен ресурстарды бөлумен тікелей байланысқан. Саяси-басқарушылық еңбекті пайдаланудың кең мүмкіндігі маңызды ынталандыру болып табылады. Демек, ол басқару элиталарының өмір сүру факторы болып саналады.

Әлеуметтік теңсіздік дегеніміз – мәртебелер теңсіздігі. Мұндай теңсіздік экономикалық себептермен де орнығады. Меншігі бар жеке адамдар және топтар, ең алдымен өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенгендер,

басқару саласында, материалдық игіліктерді бөлу және тұтыну саласында үстемдік жағдайға жетеді<sup>1</sup>. Сонымен бірге мұндай теңсіздік жеке адамның қайсыбір әлеуметтік рөлді атқару қабілетінен де келіп шығады. Атап айтқанда, жетік басшының рөлі жоғары интеллектуалдық және ерік-жігер сапаларын, басқару қызметі жөніндегі көлемді білім мен дағдыны талап етеді. Алайда, адамдардың қабілеттері табиғатынан бірдей емес. Сайып келгенде, адамдардың табиғи дарындылығы, психологиялық теңсіздігі қоғамның элита және бұқара болып бөлінуінің екінші маңызды алғышарты болып табылады.

Жалпы әлеуметтік және психологиялық факторлармен қатар саяси элиталардың пайда болуы мен өмір сүруіне ұйымдық факторлар да септігін тигізеді. Мемлекеттің ұйым ретінде өмір сүруі билік иерархиясының пайда болуына әкеп соқтырады. Ұйымдардағы билік жүйесі пирамида тәріздес, оның шыңына басқару жүйесі орналасады да, төменіне басқару жүйешелерінің әр түрлі баспалдақтары орнығады. Осы иерархия базасында төменгі буындардың жоғарғы лауазымды құрылым мен адамдарға бағынуын негіздеген өзіндік қызмет тәуелділігі сатылары қалыптасады. Ұйымдағы иерархиялық бір-біріне бағынушылық ортақ мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді, ұйымға тұрақтылық пен тиімділік әкеледі. Сайып келгенде, ұйымның өз принципі мемлекетті, партияны, кәсіподақты және т.б. басқарушы азшылық пен басқарылатын көпшілікке бөледі. Басқарушы азшылық дегеніміз, ұйымдардың көшбасшылары және әкімшілік (бюрократиялық) аппарат. Ғалымдардың пікірінше, бюрократиялық ұйымның бірден-бір сипатты белгісіне осы аппараттың, яғни басқарушылардың шағын тобының қолына биліктің шоғырлануы жатады. Биліктің мұндай шоғырлануының бастапқы қайнар көзі осы әлеуметтік топтың өкілдері игерген басқару жөніндегі мамандандырылған білімнің үлкен рөлінде болып отыр. Маман еместер тарапынан оған бақылау жасау өте шектеулі дәрежеде ғана жүреді.

Осыдан салыстырмалы түрде бюрократияның өмір сүру дербестігі, оның қызметін тұйықтауға тырысуы және ұйымдардың өз шағын топтық мүдделерін мақсат етіп қоюы келіп шығады. Сонымен, билеуші элитаның басты мақсаты — өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыру және топтық мүдделерін қорғау. Билік тетіктерін меңгерумен, онда өзінің монополиясын сақтауға тырысумен, қандай да болмасын элитаның позициясын жұмылдыру және орнықтырумен, демек оның әр мүшесінің позициясын нығайтумен байланысқан билеуші элита мүшелерін, ең алдымен мүдде біріктіреді.

<sup>1</sup> Қараныз: *Тарасенко С.И.* Собственность и ее формы. Киев, 2003.

Соңында айтарымыз, қоғамның саяси саласының өмір сүру ерекшеліктерінен келіп шығатын таза саяси факторлардың болуы саяси элитаның пайда болуына ықпалын тигізеді. Саясат жаппай қызығушылық танытатын сала емес. Адамдардың көпшілігі үшін саясатқа араласу жанама іс қана. Белсенді саяси қызметпен, әдетте, азшылық айналысады. Сайып келгенде, басты өмірлік мүдделері саясаттан тыс жатқан бұқара халықтың саяси енжарлығы саяси элитаның өмір сүруінің маңызды факторы болып табылады. Тіптен ең дамыған демократиялық елдердің нақты саяси практикасында бұқара халықтың саяси шешім қабылдау үрдісінен және саясатқа бақылау жасаудан қол үзуі жоғары дәрежеде. Халық билігі мен халықты басқару бөлінген.

Бұл жерде саяси билік технологиясының саяси институттардан өз функцияларын қысқа мерзімде орындауды талап етуі шешім қабылдау кезінде халықпен кеңесу механизмін шұғыл шектеуге тірейтіні біршама рөл атқарады. Сондай-ақ, көптеген саяси шешімдерді дайындау арнайы кәсіби білімді талап ететіні де аса маңызды. Бұл билікке «төменнен» бақылау жасауды қатаң шектейді.

Саяси элиталардың пайда болу алғы шарттарынан олардың қалыптасуы мен дамуы келіп шығады. Саяси элиталарды қалыптастыруда олардың құрамын толықтыру жүйесі аса маңызды саналады. Элиталарды толықтыру жүйесі — бұл қажетті өлшем-бірліктерді, тәртіпті және іріктеуді іске асыратын адамдар құрамынан тұратын элита өкілдерін сұрыптау механизмі. Ғылыми әдебиеттерде саяси элиталардың құрамын толықтырудың (қалыптастыру және жаңарту) екі негізгі жүйесі: «антрепренерлік» деп атайтын ашық және «гильдия жүйесі» деп аталатын жабық жүйелері қарастырылған. Бұлар таза күйінде өте сирек кездеседі. Ашық жүйе демократиялық мемлекеттер үшін тән болса, жабық жүйе авторитарлық, тоталитарлық мемлекеттерге тән құбылыс.

Саяси элиталардың ашық жүйесі әр түрлі қоғамдық топтар өкілдерінің вертикальді қозғалу мүмкіндігін сипаттайды. Ол жоғары бәсекелестікпен, өткір қарсыластықпен, ұсынылатын кандидаттар санының көптігімен, аздаған формальды шектеулермен және талаптармен, маңызды тұлғалық сапаларымен, қоғамдық белсенділігімен, тартымды идеяларымен және бағдарламаларымен еліктіру қабілеті арқылы элитаның құрамына халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарынан, саяси партиялар мен қозғалыстардан пропорционалдыққа жету мүмкіндігімен айрықшаланады. Саяси элиталардың жабық жүйесі көптеген формальды «сүзгіштерден» құралып, ол салыстырмалы түрде аз ғана кандидаттардың болуын, қызмет иерархиясының барлық баспалдақтарында олардың бірте-бірте көтерілуін және лауазымды қызмет үшін жоғары талаптарды орындауды талап етеді.

Саяси элиталардың ашық жүйесіне карағанда ол кейде әйгілі бірегей тұлғалардың қызмет бабында көтерілудегі жолын бөгейді және саяси басшылықтың құрамына, әдетте, қажетті кәсіби тәжірибесінің болмауына байланысты жетік емес адамдардың баруына да тосқауыл қояды.

Саяси элиталардың құрамын толықтырудың (қалыптасу, жаңарту) екі жүйесінің жағымды және жағымсыз жақтары болатынын айтуымыз керек. Ашық жүйе (антрепренерлік жүйе) – жас көшбасшыларға және жаңашылдыққа жол беретін жүйе. Алайда, ол үлкен төуекелдік пен кәсіби-сіздікке, саясаттағы әлсіз болжаушылыққа, көшбасшыларының сыртқы эффектiмен әуестенуіне әкеп соқтырады. Жабық жүйе (гильдиялық жүйе) шешімнің байсалды, үлкен кәсіби, мейлінше дау-ламайсыз, саясаттағы болжаушылықпен сипатталады. Оның басты құндылықтары: келісім, кәсіби тәжірибе, сабақтастық, тұрақтылық. Сонымен қатар саяси элиталардың жабық жүйесі бюрократиялануға, консерватизмге және күрделі ішкі иерархия жасауға бейім келеді. Бәсекелестік механизмдерді қолданбайынша, ол саяси элитаны тоқырап қалуға жеткізеді, оны жеңілдіктері бар қастаға айналдырады. Сондықтан саяси элиталардың алмасуы қажетті нәрсе<sup>1</sup>.

Саяси элиталардың алмасу процесі: өзгеріске баяу және шектеулі формада немесе саяси элита мен контрэлита арасындағы белсенді де шешуші күрес іспетті екі тәсілмен жүреді. Кезінде Г. Моска саяси элиталар эволюциясы «ақсүйектік» және «демократиялық» ағымда болу мүмкіндігін атап көрсеткен еді. Бұлардың алғашқысының басым болуы, оның пікірінше, элиталық жіктің «жабылуын және кристаллизациялануын», элитаның тоқырауын және оның өзін-өзі ұдайы өндіруі арқылы қайта туындауын білдіреді, бірақ бұл жана қоғамдық күштердің онымен белсенді күресіне сөзсіз әкеп соқтырады. Екінші ағымның үстемдік етуі саяси элитаның тиімді басшылық етуіне қабілетін арттыратын төменгі жіктен шыққан қабілетті адамдардың тұрақты толығыуы есебінен элитаны жаңалау мүмкіндігімен байланысты.

Контрэлита тұжырымдамасын тұңғыш ұсынған В.Парето элитаның оқтын-оқтын ауысуын немесе «айналып жүруін» сөзсіз қажет деп санады. Өзінің әлеуметтік мәртебесіне немесе басқа да келергілердің болуына байланысты жетекші функцияларға кіруге қолы байланған контрэлитаны ол саяси элитаның бір бөлігі ретінде қарады. Элитаның айналып жүруі, В.Паретоның пікірінше, билеуші элитаның тұйықтану нәтижесінде сапасының заңды нашарлауы және контрэлитаның санасының артуы себептеріне байланысты.

---

<sup>1</sup> Қараныз: *Жиро Т. Политология / Перевод с польского. Харьков, 2006. С. 371-372.*

Қазіргі кезде Батыстың саяси ғылымында контрэлитаны көбіне-көп билеуші элитамен бәсекелес демократиялық қоғамның саяси тобы ретінде, ал элита алмасуын табиғи бәсекелестік күрестің нәтижесі ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас өзінің көрінісін демократиялық элитизм тұжырымдамасынан (Д. Даль) тапқан. Элитаның құндылықтар теориясын жақтаушылар элитаның контрэлитаға айналу мәселесін қоғамның бағыт-бағдар құндылықтарының өзгеруі нәтижесінен көреді. Маркстік теорияда жетекші жіктің алмасуы тап күресінің көрінісі, ескі үстем етуші тапты құлатудың нәтижесі және оны жаңамен, төңкерісшілмен және алдыңғы қатарлымен ауыстыру ретінде қарастырылады.

Сайып келгенде, қазіргі саясаттану қоғамда саяси күш – контрэлитаның бар екенін мойындайды. Атап айтқанда, элита мен контрэлита күрестері арқылы кейбір авторлар, мысалы Г. Лассуэлл, элитаның әлеуметтік құрамын түбегейлі өзгертетін актіні білдіретін саяси революцияны қарастырады. Саяси элиталарды қалыптастыру және алмастыру мәселесі басқарушылар жігінің сапалық сипаты туралы мәселемен тікелей байланысқан. Егер де билеуші элита көбіне-көп кәсіби дайындығы бар, қажетті басқару тәжірибесін иеленген адамдардан тұратын болса, егер оны жоғары іскерлік пен моральдық сапалары ерекшелейтін болса, өзі тұрақты түрде қоғамның әр түрлі жіктерінің аса дарынды өкілдерімен толығып отыратын болса, онда мұндай саяси элитаның қоғамдағы көпшіліктің мүддесі үшін күрделі саяси үрдістерді тиімді басқаруға мүмкіншілігі болады. Сонымен қатар, элита қызметінің тұрақтылығы мен нәтижелігі билеуші жіктің ішкі және сыртқы саясатта ұлттық мүддені анық түсінуге, оны білдіруге, әр түрлі қоғамдық жіктермен және топтармен байланыстың қажеттігін мойындауға қабілетті болуы маңызды шарт.

Саяси элита қызметінің тұрақсыздығы, өлсіздігі және тиімсіздігі көбіне оның кәсібилігінің жеткіліксіздігінен, моральдық-этикалық көрсеткіштерінің төмендігінен, артық тұйықталудан, қоғамның өзге бөліктерінен алыстауға тырысуынан, ұлттық-мемлекеттік мүдделерді түсінбеуден немесе жоққа шығарудан туындайды. Ерте ме, кеш пе мұндай элита өзінің орнын әлдеқайда жоғары сапаларын көрсетіп жүрген контрэлитаға береді.

Сайып келгенде, қазіргі қоғам саяси элиталарды қалыптастыру мен алмастыру үрдісінде ашық және жабық жүйелерді үйлестіру қолайлы да тиімді болып саналады. Бұл үрдіс әр елде өзінше сипатталады. Мысалы, қазіргі Қазақстанның саяси элитасын қалыптастыру мен алмастырудың өзгешелігі, оның өтпелі кезеңді басынан кешіруімен байланысты. Өзінің басым көпшілігі жағынан ол бұрынғы кеңес, партия, мемлекет номенклатурасында тұрғандардың есебінен қалыптасты. Өзінің жеке басының



мүддесін бөрінен жоғары қойған Кеңес Одағының номенклатурасы тұп-тамырымен шіріп, социализмнің, өз елінің және одан тыс жерлердің тағдырларына немқұрайлы қарады және өз халқын барынша сендіріп келген барлық идеялар мен мақсаттарды әдеттен тыс оп-онай сатып жіберді. Оның екі жүзділігі мен жәдігөйлігіне бұдан артық қандай дәлелдер қажет?!

КСРО-ның күйреуі, қоғамда және билікте жаппай дағдарыстың орнауы номенклатурадағылардың үлкен бөлігін әрекетсіз қалдырмады. Олар бұрынғы қызмет орындарын белсенді қорғап, жана қызмет үшін күресті. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының, Қазақстанды қосқанда, он екі президентінің оны – сол жоғарғы кеңестік номенклатураның өкілдері. Менің есебім бойынша, Қазақстан Президентінің төңірегіндегілердің шамамен 70%-ы кеңестік номенклатурада тұрғандар. Ескі кеңестік номенклатурамен қатар қазіргі Қазақстан элитасы мейлінше шамданғыш және белсенді жас адамдардың есебінен толықты. Бұлар билікке қоғамның әр түрлі жіктерінен және әр түрлі кәсіби салаларынан, соның ішінде ғылыми салалардан келген әлдеқайда жас ұрпақтың өкілдері.

Кеңестік жүйенің күйреуін көрген олар билікке қол жеткізуге жүгірді, басты мақсаттары материалдық онай олжа табу болды. Саяси элитаның осы жана жігі екі негізгі арна арқылы: жалпыдемократиялық қозғалысқа қосылу, олардың қатарынан шыққан адамдарды айтарлықтай қызметке ұсыну және бизнес өкілдерінің қатарынан толықтыру жолымен жүрді. Қазақстанның саяси элитасына қосылған өздерін демократтармыз және реформаны жақтаушылармыз деп атаған «жана шақырудың» өкілдері номенклатураның «ойын ережелерін» тез арада және оп-онай-ақ игерді. Әйтсе де ескі және жана саяси элита мүшелерінің арасында қарама-қайшылық бар. Ол қайшылықтар кейде ашық көрінеді. Сонымен бірге құпия, жасырын формада дамиды. Мұндай қарама-қайшылықтар әр түрлі ұрпақ өкілдерінің әр келкі діліне, олардың әр түрлі біліміне, ой-өрісіне, өмір тәжірибесі мен стиліне байланысты болатыны сөзсіз.

Сонымен бірге Қазақстан саяси элитасының барлық бөлігін сипаттайтын ортақ белгілер де көп. Олардың ең бастысы баюға жұлқына ұмтылу болды. Осы элитаның мүшелері, шетелдік шолушылардың айтуларына қарағанда, кеңестік жүйенің ыдырауын баюдың жақсы мүмкіндігі, ескі кеңестік номенклатура өкілдері әдетте бақылау жасаған меншікті иеленудің мүмкіндігі ретінде қараған.

Менің көзқарасымша, қазақстандық саяси элита екі басты құндылыққа – билік пен меншікке табынады. Бір қызығы, оның біріншісі екіншісін алуда маңызды саналады. Аталмыш екі құндылықтардың жағдайында өзге құндылықтар, соның ішінде адалдық, әділдік, жоғары кәсібилік, жұмысты беріле істеу, үлестен құр қалып бейшаралық халге түскендерге қамқорлық

және т.б. құндылықтар өшіп, жойылған. Қазақстандағы билеуші элита – жалпы Қазақстанның чиновниктері сияқты жемқор элита. Сонымен Қазақстан билеуші тобының құрамына әдеттегідей, қоғамның таңдаулы элементтері емес, керісінше ұятсыздар, мансапқорлар, жемқорлар, халық үшін көк тиын шығармайтын қайырымсыз адамдар кірген.

Қазақстанның саяси элитасының сипатты белгісі – оның Батысқа бағыт-бағдар ұстауы. Бұл жерде әңгіме оның шетелдік жақсы тәжірибелерін қабылдап, Қазақстан топырағында қолдану жөнінде болып отырған жок, әңгіме оның көптеген өкілдерінің өз тағдырларын Батыспен байланыстыруында болып отыр. Капиталды шетелге шығаратын, онда жылжымайтын мүліктер сатып алатын, оффшорлы компаниялар құратын, өз балалары мен немерелерін аса үлкен ақшаға шетелде оқытатын «жаңа казактардың» қатарында қазақстандық саяси элитаның өкілдері де аз емес. Мұндай жағдай элитаның осы бөлігі Қазақстанның тағдырын қаншалықты уайымдап жүр деген табиғи сауалды туындатады.

Қалайда билікті өз қолында ұстап қалуға және жинаған байлығын сақтап қалуға тырысу Қазақстан элитасын біріктіретін тағы да бір маңызды фактор болып табылады. Элитаны біріктіруші, осындай жалғасқан фактордың бірі – өздері жеңіліске ұшырап, билікке жаңа адамдар келсе, көп қасірет шеккен Қазақстанда істеген келеңсіз істері үшін халық алдында жауап беру туралы ұялаған қорқыныш сезімі.

Отандық және дүние жүзілік тәжірибеден белгілі болғандай, үлкен лауазымды қызметке отыру үшін төмендегідей сапалар: орындаушылық, дер кезінде «иә, иә» деп бас шұлғу, жарамсақтану, чиновниктердің айтқанынан шықпау, көзге түсу үшін өтірік белсенді болу, аппараттық тәртіптің бүкіл ережесін сақтау, «мұрнын желге тосу» және т.б. өте қажет.

Саяси элитаның қалыптасуы мен алмасуының өзінен олардың әлеуметтік функциялары келіп шығатынын айтуымыз керек. Олар көп түрлі, күрделі, әлбетте, үлкен жауапкершілікпен байланысқан. Мұндай функциялар мейлінше көп<sup>1</sup>. Біз солардың аса мәнді стратегиялық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және интегративтік функцияларына тоқталуды жөн көрдік. Саяси элитаның аталмыш функцияларының арасында бірінші орында стратегиялық функция тұр. Оның мазмұны қоғам дамуының стратегиясы мен тактикасын жасақтау, қимыл-әрекеттің саяси бағдарламасын анықтау болып табылады. Ол қоғамдық түбегейлі өзгертулердің қажеттігін көрсететін жаңа туындаған идеялардан байқалады, қоғамдық дамудың стратегиялық бағытын анықтаудың пісуі жеткен реформа тұжырымдамасын дайындаудан көрінеді. Стратегиялық функция

<sup>1</sup> Философский словарь. Киев, 2006. С. 996.

ғылыми-зерттеу институттарының, сараптама орталықтарының мамандарын, ірі ғалымдарды пайдаланумен парламентарилер, министрлер кабинеті мүшелері, эксперттер (сарапшылар), президент кеңесшілері, көмекшілері іспетті саяси элитаның тек жоғарғы деңгейінде ғана толық мәнінде жүзеге асады.

Сайыл келгенде, саяси элитаның стратегиялық функциясын жүзеге асыру одан жоғарғы деңгейдегі білгірлікті және кәсібилікті талап етеді. Алайда іс мұнымен ғана бітпейді. Ол сонымен қатар батылдықты және шешімділікті, әсіресе, үстемдік етуші жіктің басым бөлігі оның стратегиялық жоспарымен келіспеген тұста, табандылықты талап етеді. Тарихта мұндай мысалдар аз емес. Сындарлы жағдайға орай қалай-қалай қимыл-әрекет ету керектігінің классикалық үлгісін Ф. Рузвельт әкімшілігі көрсетті. Оның әкімшілігі үстемдік етуші тап өкілдерінің үлкен бөлігінің дағдарыстан шығу туралы түсінігімен сәйкес келмейтін экономикаға мемлекеттің араласуын жедел күшейтуге табанды бағыт ұстады.

Саяси элитаның стратегиялық функциясын табысты жүзеге асыруы елдің саяси бағытын дайындауға қатыстырылатын «ақыл-ой (ми) штабы» құрамындағы кадрлардың сапасымен анықталумен қатар, ол ел ішіндегі қоғамдық пікірдің күйіне, оның саяси шешімдерді қабылдау көрінісіне тәуелді болады. Сонымен бірге саяси элитаның осы функциясын табысты жүзеге асыруда коммуникативтік функция аса маңызды. Саяси элитаның коммуникативтік функциясы халықтың әр түрлі әлеуметтік топтары мен жіктерінің мүдделері мен қажеттіліктерін (саяси, экономикалық, мәдени, діни, кәсіби және басқа да) саяси бағдарламаларда тиімді көрсетеді, білдіруді және бейнелеуді және оларды практикалық әрекеттерде жүзеге асыруды талап етеді. Бұл функция өзіне әр түрлі әлеуметтік қауымдасстықтың көңіл-күй ерекшеліктерін көруді, әр түрлі аса маңызды мәселелер бойынша қоғамдық пікірдегі өзгерістерге тез және дәл жауап беруді қосып алған. Коммуникативтік функция сонымен қатар әлеуметтік мақсаттарды, идеяларды, құндылықтарды (бейбітшілік, қауіпсіздік, жаппай жұмыспен қамтамасыз ету) қорғауды ұйғарады.

Әрбір мемлекеттің саяси басшылығы әр түрлі әлеуметтік топтармен тығыз байланыс орнату мақсатында тұрақты түрде адамдармен өздерінің кездесулерін, елді аралап көруін және т.б. пайдаланады. Ақпарат келіп түсетін алуан түрлі арналарды – бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлары, қоғамдық пікірді анықтау, почта мен хат алысу және көптеген басқа да арналар қызметін мақсат-мүдделеріне үндестіреді. Бұл функцияны іске асыру саяси элита өкілдерінің белгілі бір сапаларды, атап айтқанда: адамдармен қарым-қатынас орнату дағдысын, қойылған сауалдарға дәл әрі қызғылықты етіп жауап қайтару, беделді болу, қоғам дамуының бағдарламасын тартымды баяндап беру, ол адамдарды қолдау тудыратындай қабілетін ұштауды талап етеді.

Осымен байланысты саяси элитаның барлық уақытта қоғамды ұйымдастыру қажеттігімен, яғни ұйымдастырушылық функциясын атқарумен ұшырасатынын және онымен кездесе беретінін айту абзал. Потенциалды саяси элиталар (биліктен үміткер топтар) арасында өздерінің бағдарламаларымен халықты қолдауды қамтамасыз етуді барынша алға тартқандары ғана тиімділікке жетеді. Саяси элитаның ұйымдастыру функциясы жасалған бағытты практикада жүзеге асыруды, саяси шешімдерді іске асыруды қарастырады.

Жасалған стратегиялық бағыт әр түрлі саяси шаралар жүйесіне енеді. Оған заң шығару – заңды қабылдау және парламенттің, президенттің, үкіметтің басқа да заң актілері; жұмылдырушы – қоғамдық санаға әр түрлі ықпал ету формалары, адамдарда көңіл-күй, құнды бағыт-бағдар қалыптастыру; реттеуші-материалдық, адамдық, қаржылық ресурстарды бөлу және қайта бөлу; үйлестіру-орталық және аймақтық әрекеттерді үйлестіру және бақылау; түзету енгізу және басқалары жатады. Жоғарыда айтылғандардан түйер ойымыз: саяси элитаның ұйымдастыру функцияларын жүзеге асыру – қоғамды интегративтікке жеткізе алатын кәсіби деңгейі жоғары саясаткерлердің ғана қолынан келеді.

Саяси элитаның интегративтік функциясы – саяси ғылымдардың аса маңызды мәселелерінің бірі. Бұл функцияның мәні – қоғамның тұрақтылығын нығайту, оның саяси және экономикалық жүйесінің орнықтылығын арттыру, өткір шиеленістерге, бітпеспейтін қарама-қайшылықтарға саяси құрылымның бұрмалануына жол бермеу. Халықтың әр түрлі жіктерін біріктіру, олардың әлеуметтік мүдделерін үйлестіру, келісімге жету, қоғамдағы барлық күштердің ынтымақтастығымен тығыз саяси өзара әрекеті осы функцияның маңызды элементтері болып табылады. Саяси элитаның интегративтік функциясы саясаткерлердің өнерінен, икемділігінен, мәмлегерлігінен, қоғамның барлық жіктерімен байланыс орнатып, өзара әрекет етуінен көрінеді. Саяси элитаның интегративтік функциясының басты міндеті – саяси күштердің тұрақты тепе-теңдігіне жету, тұрақты саяси тәртіп қалыптастыру, бұл үрдісте берік саяси жүйе орнату. Саяси элитаның аталмыш функцияны атқаруға қабілетсіздігі, тарихтың өзі көрсеткендей, апатты салдарларға әкеп соқтырады. Барлық «формация аралық революциялар» осының мысалы бола алады.

Саяси элиталардың функциялары және олардың қалыптастыру және алмастыру механизмдерін осы топтардың қоғамдық рөлі мен бейнесіне тікелей ықпал етумен қатар, олардың жекелеген өкілдеріне – саяси көшбасшыларға тән әдеттегі-типтік белгілерді анықтайды. Сондықтан да саяси элиталардың көптеген проблемалары саяси көшбасшылардың мәні мен табиғаты мәселелерімен тығыз байланысты.

### 3. Саяси көшбасшылардың мәні және табиғаты

Саяси көшбасшы саяси элитаның маңызды элементі болып табылады. Ежелгі дүниеден адамзат қоғамын саяси көшбасшы феномені қызықтырған. Бұл қоғам өмірі даму процесінде көшбасшы, көсем, батыр және т.б. үлкен рөл атқаратындығымен түсіндіріледі. Сонымен бірге ғасырлар бойы көсемдердің, әскер қолбасшыларының, батырлардың, заң шығарушылардың бейнелері биліктің жаңды көрінісі іспетті болды. Қайсыбір билеушіге адамдар тағзым етсе де, одан қорықса да немесе оны көре алмаса да жұртшылық алдында ол қалыптасқан билік жүйесін бейнелейді.

Саяси көшбасшы – көп қырлы ұғым, ол қоғам дамуымен бірге өзгеріске түсіп отырады. «Саяси көшбасшы» ұғымының қазіргі саясаттануда кенінен қолданылуына қарамастан оған белгілі бір мағыналық анықтама бекітілмеген. Сондықтан қазіргі ғылымда саяси көшбасшы әр түрлі мағынада айтылып, сипатталып келеді<sup>1</sup>. Кейбір зерттеушілер саяси көшбасшыны «ықпал ету» деп анықтаса, екіншілері – «басқару», үшіншілері «шешім қабылдау» деп түсінсе, ал төртіншілері халықты «алға жетелейтін» тек «жанашыл» көшбасшыларды мойындайды.

Сонғы уақыттағы демократияландыру және орталықтанудан бас тарту үрдісі саяси көшбасшы ұғымының мазмұнын кенейтті. Мысалы, саяси көшбасшылардың қатарына ресми командалық қызмет атқармайтын, бірақ саяси өмірде танымал әрі ықпалды қатысушыларды, немесе тәуелсіз және жаңаша әрекет ететін аймақтық саяси жетекшілерді жиі жатқызып жүр. «Саяси көшбасшы» деп формальды лауазымына қарамастан, қоршаған ортаның күшін біріктіруге және өздерінің белгілеп, алға қойған мақсаттарына жету үшін бұл үрдіске белсенді ықпал етуге (қала, аймақ, ел аумағы шеңберінде) тырысатын және қабілеті бар кез келген саяси процеске қатысушыны айтамыз.

Саяси көшбасшы мәселесі белгілі бір саяси еркіндігі бар елде ғана пайда болады. Оның маңызды шарты – саяси плюрализм. Тоталитаризм және авторитаризм жағдайында саяси көшбасшы деген мәселе атымен болмайды да, мұнда билікке көшбасшылық заңы арқылы емес, «басып алу құқы» занына сүйенгендер келетін тек диктатура мен номенклатура мәселесі ғана болады. Осымен байланысты саяси көшбасшылар өз соңынан әр түрлі адамзат қауымдастықтарын – шағын, белгілі бір адам топтарынан бастап, мемлекеттік деңгейдегі қауымдастықтарын ертіп, ілестіреді. Сонымен саяси көшбасшылар қатарына көбінесе ұйымға,

<sup>1</sup> Петров А.Г. Политическое лидерство: особенность и проблемы. Минск, 2004. С. 15.

мемлекетке, жалпы қоғамға тұрақты және шешуші ықпал жасайтын тұлғаны жатқызады.

Саяси көшбасшылар халықтың небәрі 5%-ын құрайтыны белгілі. Саяси көшбасшыларды сипаттай келіп, олардың басым көпшілігі ер адамдар екенін айтпай кетуге болмас. Үлгі-өнеге боларлықтай сирек кездесетін, мысалы, М. Тэтчер (Ұлыбритания), Г. Х. Брудтланд (Норвегия), Б. Бхутто (Пәкістан), И. Ганди (Үндістан) сияқты белгілі әйел-саясаткерлер де шықты. Бүкіл дүние жүзі мемлекеттерінің 40 мың депутатының небәрі 10%-ын әйелдер құрайды, олардың кейбіреуін ғана саяси көшбасшы деп санауға болады. Жалпы әлемде әйелдер саны еркектерден 1% ғана кем. Саясат әлемінде өзін мойындату үшін әйел адамға әдетте, әйелдікті сипаттайтын белгілермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Консерваторлар партиясының саяси көшбасшысы болу үшін және кейінірек премьер-министр қызметіне келу үшін Маргарет Тэтчер қатандықты, тік мінезділікті, табандылықты көрсетуі керек болды. Сол үшін ол «темір леди» деген лақап атты иеленді. Сонымен қатар ол ерекше ерік-жігер, сендіру және қарапайым тілмен өзінің мақсаттарын баяндау қабілеттерін меңгерген. Ол жұмысқа айрықша қабілетті әйел адам.

Саяси көшбасшы феноменінің маңыздылығына және ерекшеліктеріне де көңіл аудару қажет. Мұны дүние жүзінің тарихи тәжірибесі көрсетумен қатар, Қазақстанның қоғамдық-саяси жағдайының қазіргі дамуы, елдегі әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени өзгерістердің сипаты, бағытталуы мен динамикасы, ағымдағы саяси процестердің мазмұны дәлелдеп отыр. Саяси көшбасшы ұғымының басты құрамдас бөліктеріне, біріншіден, саяси көшбасшының жағдайды дәл бағалай білу қабілеті, алда тұрған міндеттердің дұрыс шешімдерін таба білуі, қайсыбір шешімдерді жүзеге асыруда адамдарды жұмылдыру мақсатында олардың ақыл-ойы мен энергиясына ықпал ету қасиеттері, екіншіден, қайсыбір қауым мүшелері мен көшбасшының өзара әрекетінің ерекше механизмі ретінде, қауым мүшелері саяси көшбасшының шешімдері мен әрекеттерін қабылдап, белсенді түрде қолдау, оған саналы және өз еркімен бағыну жатады.

Саяси көшбасшы – бұл саяси процестерге жетекшілік ететін, қоғамды, саяси ұйымдарды немесе қозғалыстарды басқару функциясын жүзеге асыратын жай ғана адам (әйел, еркек) емес. Кім оқиға барысын және саяси процестердің бағытын өзгертуге қабілетті болса, сол – саяси көшбасшы. Сондықтан кез келген премьер-министрдің, монархтың, саяси партия жетекшісінің, әсіресе парламентарийлердің саяси көшбасшы болу қолынан келе бермейді. Саяси көшбасшылар қоғамдағы саяси процестерді жандандырады. Олар қоғамның тарихи дамуының барысын анықтайтын

бағдарламалар ұсынады. Нақты саясат – саяси процестердегі басты әрекет етуші, олардың негізгі ынталандырушы ретінде көрінетін саяси көшбасшылардың қатысынсыз ешқашан да жүзеге аспаған. Осымен байланысты заң шығарушы органдардың көптеп саналатын депутаттары, саяси партиялар мен қозғалыстар жетекшілерінің мүшелері, жергілікті билік органдарының басшылары және т.б. саяси көшбасшылардың қатарына жатпайды, оларға тек саяси қайраткерлер ретінде қарайды. Саяси қайраткерлер – ол билік позициясын ұстаған және қоғамға, әлеуметтік топтар мен бірлестіктерге тұрақты әрі шешуші ықпал етуге қабілетті адам.

Саяси көшбасшылар саяси қайраткерлер мен бұқара халықтан өздерінің ерекшелігімен және қасиеттерімен дараланады. Оларды өзінің ізін қуушылардың саяси инициативалық әрекеті үшін жауап беруге өзіндік, жағдайды алдын ала көре білуге, сезнуге мүмкіндік беретін саяси интуициясы, қасиеттері, интеллектуалдық немесе эмоциональдық құралдар көмегімен адамдарды сендіру, сонынан ерту қабілеті сияқты сапалар айқын ерекшелейді. Әрине, осы сапалардың үйлесім табуы және көрну күші әркімде әрқалай. Сонымен қатар бұл көшбасшыны тікелей қоршаған оның әлеуетін күшейтетін немесе әлсірете алатын адамдарға көп байланысты. Көшбасшыға әсіресе, дамыған бюрократиялық немесе мойындалған ортақ нормалар мен қоршаған құрылымдық орта аса күшті ықпал етеді. Ол көшбасшысына белгілі бір тәртіп типін таңуға қабілетті.

Сондықтан саяси көшбасшы мәртебесі оның жеке басының сапаларымен анықталумен қатар, оның биік тұғырға көтерілуіне көмектескендердің мүдделерін қанағаттандыру қабілетімен де айқындалады. Көшбасшысына сыртқы ықпалдың басым болуы оның көшбасшы ретіндегі қажетті тәуелсіздігі мен ынта көрсетуін жойып, өзін қолдағандардың өзіндік «марионеткасына» айналады. Мұндай амал нақтылы саясатта кенінен тараған. Мысалы, АҚШ-та Морган мен Рокфеллер кландарының, Францияда аса бай «екі жүз отбасының», Ресейде Р. Абрамович және басқа да белгілі олигарх топтарының тигізер ықпалы айтарлықтай үлкен.

Тарих көрсеткендей, ірі масштабтағы жарқын саяси көшбасшылар, әдетте, қоғамдық дамудың дағдарысты, түбегейлі өзгерту кезеңінде суырылып шығады<sup>1</sup>. Олар қоғамның үлкен қиыншылықтарды жеңуіне көмектесетін саяси және экономикалық бағдарламалардың инициаторларына және ұйымдастырушыларына айналады. АҚШ президенті Франклин Рузвельт осындай масштабтағы саяси көшбасшы, «американдық қайта құрудың» серкесі. АҚШ-тың жетекші саясаттанушыларының бірі Роберт Такер оны сирек кездесетін көрегендік және өзге адамдардың пікірімен

<sup>1</sup> Демократическое общество и формирование лидерства. Казань, 2005. С. 201.

санасу қабілеті бар саяси көшбасшы ретінде сипаттайды. Ф. Рузвельт өзіндік «ақыл-ой (ми) тресі» іспетті көрнекті мамандардан «команда» құрды. Солармен бірге ол капитализм тарихындағы аса терең экономикалық дағдарыстан елді алып шығудың бағдарламасын жасап, өмірде жүзеге асырды. Ф. Рузвельт дүние жүзілік деңгейдегі саяси көшбасшылардың санатына жатады. Дер кезінде БҰҰ құру тұжырымдамасын да ұсынды.

Саяси көшбасшылар туралы әңгіме еткенде қоғамдық өмірді жаңасына өткізетін саяси жағдайда қайта құратын қайраткерлер жөнінде айтылады. Саяси көшбасшыны қарапайым қызметкерден, менеджерлерден, әр түрлі деңгейдегі басшылардан ерекшелейтін басты өлшем осы. ФРГ канцлері Гельмут Коль саяси көшбасшы ретінде тарихқа кірді. Оның күшжігері мен ақыл-ойы ұзақ ғасырлар бойы мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихы бір болған неміс халқының ұлттық тұтастығын қалпына келтіру іспетті тарихи оқиғаға ықпал етті. Сонымен бірге ол елдегі «үндемес көпшілікпен» жақсы байланыс орната алды және мәмілеге барды, маневр жасады.

Саяси көшбасшы — қоғамдық процестерге ықпал етуді тарихи белгілі бір өзгерістердің қажеттігіне негіздеп түсінген тұлға. Мысалы, Британияны Маргарет Тэтчерсіз көзге елестету мүмкін емес. Оның есімі елдің ұлттық саясатының бет-бейнесін өзгерткен «тэтчеризм» деп аталатын саяси доктринаға және саяси стильге берілді. Экономикалық өмірге мемлекеттің кең араласуын, әлеуметтік қамсыздандырудың қолайсыз жүйесін, өркімнің мүмкіндігін мемлекеттің шектеуін сынап, М. Тэтчер орта тапты дамытуға жан-жақты қолдау көрсететін, индивидуализмді және өз күшіне арқа сүйеуді бекітетін бәсекелестіктің басымдығын, рынок еркіндігін нығайтатын бағдарламаны ұсынды. Оның бағдарламасы мемлекеттің ролін рыноктық күштердің еркін ойыны үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуді белгіледі. Мемлекеттік сектор біркатар қысқаруы тиіс болды. «Халықтық капитализм» қоғамдық құрылыстың идеалды типі деп жарияланды.

Жалпы мемлекеттік, жалпы ұлттық ауқымдағы саяси көшбасшылар — бұлар мемлекет және үкімет басылары, ірі партиялардың жетекшілері, қоғамдық-саяси қозғалыстардың көшбасшылары, алуан түрлі қоғамдық бірлестіктердің бастаушылары. Оларды қоғам дамуының стратегиясын анықтау, үкіметті қалыптастыру, министрлер кабинетін бақылау жолдарымен және т.б. саясатқа нақтылы ықпал ету мүмкіндігі сипаттайды. Ең бастысы — саяси көшбасшыларда негізгі үш: табиғи, адамгершілік және кәсіби сапалар болуы тиіс. Саяси көшбасшылардың табиғи сапаларын мінез-құлық, ерік-жігер, шешімділік күші, сезімталдық құрайды. Саяси көшбасшылардың адамгершілік қасиеттеріне қоғамдық міндетіне берілгендік, адалдық, әділдік, адамдарға қоғамды игіліктендіруге қамқорлық жасау саяды.



Өкінішке орай, саяси көшбасшылардың бәріне бірдей жоғары адамгершілік қасиеттер тән деуге болмайды. Саяси көшбасшылардың моральдық саналары туралы айтқанда XX ғасырдың адамзатты жағымсыз көшбасшылық құбылысымен таныстырған жағдайды еске салмасқа амал жоқ. Оған мысал — Адольф Гитлер. Ол тарихи сахнаға Германия үшін дағдарысты кезеңде шықты. Дағдарыстық жағдайдан елді алып шығудың ұрандары мен бағдарламаларын ұсыну арқылы Гитлер өзінің жағына ұлттың үлкен бөлігін тартты. Алайда сайлауда жеңгеннен кейін, ол елде фашистік диктатура орнатты, шамасы 50 млн адамның өмірін қиған дүние жүзілік соғыс отын тұтандырды.

Саяси көшбасшының кәсіби сапаларына талдамалық қабілеті, жағдайға байланысты тез әрі дәл бағыт-бағдар анықтау шеберлігі, өзгенің пікіріне дәлелмен қарсы тұра білу, саяси шешім қабылдаудағы саяси ақылдылық, білгірлігі, шешендік өнерді меңгеруі, әзілді түсіну сезімі, сендіре білу қабілеті, энтузиазмге ояту, өзіне адамдарды көптеп тарта білу таланты және сонынан адам ерте білу қабілеті жатады. Бұлармен қатар, саяси көшбасшылар үлкен беделге ие болуы тиіс, азаматтар арасында барынша танымал болуы керек. Сондай-ақ, практикалық жетістіктер мен табыстар арқылы өз қызметінің тиімділігін тұрақты түрде көрсетіп отыруы қажет.

Саяси көшбасшы өз мансабы процесінен топтарды ұйымдастыру, жетекшілік стильді, модельдерді ұсынудың үлкенді-кішілі әр түрлі типтерінің алмасуы арқылы өтеді. Егер адам белгілі бір ұйымдық жүйеде осындай алмасуларда өзін қайта құра алмаса, онда белгілі кезеңде оның жоғары қарай өрлеуі тежеледі де, көшбасшының одан арғы мансабы тоқтайтын болады немесе тек горизонтальды ғана дамуы мүмкін. Егер де ол әлеуметтендірудің талаптарына аса жоғары және жауапты саяси, әрі саяси процестерде тиімді әрекет етуге қабілетті болса, онда оның нәтижесінде әмбебап типке тез икемделіп, жан-жақты және күшті көшбасшы боп қалыптасуға қол жеткізеді. Ірі саяси көшбасшы әрқашанда батыл, жарқын тұлға. Ол — коммуникативтік және шешендік қабілетінің арқасында танымалдыққа жетумен қатар, адамдардың мүдделері мен сұраныстарын білдіруге қабілетті адам. Халықтың үлкен қолдауынсыз және онымен тұрақты байланыс орнатпайынша саяси көшбасшының табысқа жетуі шамалы болады.

«Саяси көшбасшы» ұғымы мен «саяси көшбасшылық» түсінігі тығыз байланысқан. «Саяси көшбасшылық» ұғымы теориялық формада алғанда саясат саласында белгілі бір адамдар қауымына жетекшілік ету қызметінің ерекшелікті аспектісі. Бұл саяси билікті жүзеге асырудың механизмі және нақты тәсілдері. Саяси көшбасшылық серкеліктің жоғарғы деңгейін білдіреді, өйткені ол жоғарғы билік құрылымындағы саяси процестер мен

қатынастарды көрсетеді, саяси пирамида шынындағы саясаттың субъектісі мен объектісінің арасындағы биліктік қатынастарды белгілейді. Саяси көшбасшылық үшін көшбасшының адамдардың ақыл-ойына, еркіне, күш-қуатына, саяси белсенділігіне өз басының ықпал етуі төн. Сайып келгенде, саяси көшбасшылық, бұл – күрделі қоғамдық құбылыс, субъект қызметінің ерекшелікті типі қоғамдық қатынастар, әлеуметтік мәртебе және әлеуметтік институт іспетті саяси өмірдің осындай маңызды жақтарының өзара әрекетін көрсетеді. Саяси қоғамдық қатынастар саяси көшбасшылықтың бүкіл аспектілерін интегралдаудың бастамасы болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде «саяси көшбасшы» және «саяси басшы» ұғымдарын бір-бірінен айырып қарастырады. Жоғарыда айтқанымыздай, саяси көшбасшы – белгілі бір әлеуметтік топтардың немесе жалпы қоғамның мүддесін білдіретін, әлеуметтік қауымдастықтардың қызметін біріктіретін және бағыттайтын, өз саясатын қолдауды және мойындауды қамтамасыз ететін тұлға. Көшбасшы тағайындалмайды, ұсынылады, сайланады, мойындалады. Барлық жағдайда ол көпшіліктің саясаткері болып қалады.

Осымен байланысты кез келген саяси жетекшінің саяси көшбасшы бола бермейтінін айтуымыз керек. Саяси басшының саяси көшбасшыдан айырмашылығы оның үстемдік – бағыныштық қатынастардың қатаң да формальды жүйесін қолдануында<sup>1</sup>. Саяси жетекшілікке ұсыну (жоғарылату) қатаң ережелер мен рәсімдерге бағындырылған. Ол әрдайым сол адамның белгілі бір қызметке, басшылық орынға сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуінің кейбір формальды өлшемдерінің болуын ойластырған. Формальды сәйкестік талаптарымен қатар саяси басшылыққа жоғарылауға үміткер өзінің тағайындалуы жөнінде шешім қабылдайтын адамдарға бірде-бір жағымсыздық көрсетпеуі керек. Нәтижесінде көшбасшы сапаларынан жүрдай адамдар немесе көшбасшылыққа өз бейімділігін жасырып қалуға және оны өзіне пайдалы санаған уақытта ашуға қабілеті бар кісілердің жоғарылауға мүмкіндігі артады.

Саяси жетекшілер – бұлар саяси маңызды қызметте отырған немесе саяси маңызды рөлді атқарып жүрген мемлекеттік және партиялық аппараттың қайраткерлері. Олар мемлекеттік әр түрлі басқару органдарының және белгілі бір уәкілдік берілген басқа да саяси институттардың жетекші қайраткерлері болуы мүмкін. Қарапайымдау етіп айтқанда, бұлар жалпы мемлекеттік ауқымдағы ірі шенеуніктер. Осындай мәнді айырмашылықтарына қарамастан, саяси көшбасшылар мен саяси басшылар жоғарғы саяси басшылар мен қоғамды басқарушылардың көптеген ұқсас функцияларын орындайды да, жинақталып келіп жетекші топты құрады. Саясаттану

<sup>1</sup> Яковенко И.С. Власть и общественные организаций. Баку, 2004. С. 59.

зерттеулерінде осы топты белгілеу үшін «саяси басшылық» терминін де қолданады. Саяси басшылық, сөйтіп, мемлекеттік және әлеуметтік-саяси институттар аппаратында жоғары қызмет атқаратын саяси көшбасшылар мен қайраткерлерді өзіне қосып алған

Саяси көшбасшы өзінің сапалық сипаттарын өзгертуге, басқа да ипо-стасиға айналуға қабілетті. Айталық, авторитарлық және тоталитарлық мемлекеттерден жақсы көрінгеніндей, жағдайды өзі көруіне қарай басшылық етіп, саяси салада қоғамдық пікірдің ықпалын жоққа шығаратын саясаткердің көшбасшылық рөлі тианның немесе диктатордың тәртібіне айналып кетеді. Сондықтан, қоғамның қоғамдық-саяси өмірдегі саяси көшбасшылардың функциясы арнайы қарастыруды талап ететін ерекше мәселе. Саяси көшбасшылардың негізгі функциялары дегеніміз – интеграция, әлеуметтік патронаж, бұқараны жұмылдыру, биліктің заңдылығын қамтамасыз ету, тиімді саясат жүргізу және т.б. Саяси практиканың көрсеткеніндей, саяси көшбасшылардың бірде-біреуі жоғарыда келтірілген функцияларды жоққа шығара алмайды. Көшбасшылар үшін қоғамдық жіктер мен топтардың мүдделері мен қажеттіліктерін дер кезінде байқап, дәл анықтау және өздерінің саяси бағдарламаларында оны белгілеу үшін олардың жүзеге асуын қамтамасыз ету принципті түрдегі маңыздылық болып саналады.

Радикалды қайта құруларды іске асыратын саяси көшбасшылардың қоғамдағы ролі зор. Демократияға өтуді жүзеге асырып жатқан қазіргі Қазақстан қоғамы үшін саяси көшбасшылар мәселесі айтарлықтай қызығушылық тудырып отыр. Себебі өтпелі қоғамдарда саяси көшбасшылар тұрақтылықтың, әр түрлі топтық мүдделерді интеграциялау факторлары ретінде, қайта құрудың бастамалары ретінде жаңа мағынаға ие болған еді. Мұндай жағдайда көшбасшылар саяси бағытты бір өзі бейнелейтін. Өйткені тек солар ғана қоғам дамуының стратегиясын қалыптастырды, оны жүзеге асырудың құралдарын анықтады.

КСРО ыдырағаннан кейін бұқаралық сана елімізге жаңа саяси көшбасшы қажеттігін сезінді. Қазіргі заманға сәйкес сондай демократияшыл, рухани еркін жаңа саяси көшбасшы бейнесін Нұрсұлтан Назарбаев қалыптастырды.

Қазақстанның Президенті ретінде Н.Назарбаевтың билікке келуі бұқараның көңіл-күйіне үндес жаңа идеяларды іздестіруді талап етті. Бұрынғы саяси басшылықтың авторитарлық мәндегі көптеген әдістерін сақтай отырып, Н.Назарбаев қазақстандық ұлттың өзіндік санасының дәстүрлі құндылықтарына – әділдікке, адалдыққа, ұлттық егемендікке, мемлекеттік мүддеге жүгінді. Осы идеологиялық негізде жаңа саяси элита көшбасшысының бейнесі қалыптасты. Көркем де келісті, мәнерлі сөй-

лейтін, ашық жүзі мен мейірімді күлкісі қарапайым халыққа жақын тұрған бұл саяси қайраткерді ел үшін жоғары жауапкершілікті сезінуі мен ақылдылығы да ерекшелейді.

Сонымен қатар Н. Назарбаевтың кеңестік тоталитарлық жүйені қиратудағы рөлі зор екенін атап өткен жөн. Енді қазіргі жағдайда оның көшбасшылық жасампаз күш-қуаты қоғам өмірінің әр түрлі саласындағы, атап айтқанда, ұлтаралық, конфессия аралық келісім орнату, халықтың көпшілігінің өмір деңгейінің шынайы артуы, экономикалық дағдарысты жою және т.б. жағымды өзгерістермен тікелей байланысты. Сонымен Н. Назарбаевтың және Қазақстанның өзге де саяси көшбасшыларының қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі мен орнына әділ баға беру үшін уақыт қажет, тарих оларды көптеген жылдардан кейін ғана бағалай алады.

Сонымен бірге, менің ойымша, Қазақстанның әрбір саяси көшбасшысы кеңестік заманның барлық жақсыларын алып, нашарларын лақтырып тастауы тиіс. Әрбір саяси көшбасшы шет елге барғанда президентті немесе біздің еліміздің басқа да саяси көшбасшыларын сынамауы, жамандамауы керек. Себебі, ол саяси этика мен мәдениетке жатпайды. Саяси көшбасшылардың қызметінде олардың басшылық жасау стилі аса маңызды. Басшылықтың саяси стилі көшбасшының тек қана даралығын көрсетіп қоймайды, оның айналасындағылармен өзара әрекеті сипатын, халыққа ықпал ету деңгейін, пайда болған проблемалар мен жұртшылық қажеттіктерін шешу тәсілдерін, саяси бағытты қолдау және жүзеге асыру әдістерін байқатады. Саяси стильдер тиімді және тиімсіз, авторитарлық және демократиялық та болады.

Саяси көшбасшылар саяси басшылықтың әр түрлі стилдерін қолданады. Олардың саяси басшылық стилі бес түрге бөлінеді: параноидальды, қыр көрсететін, компульсивтік, депрессиялық, шизоидальды. Жоғарыда аталған саяси стильдердің идеалды түрлері шынайы саяси практикада өте сирек кездеседі, олар көбінесе ағым ретінде көрінеді. Жоғарыда барлық айтылғандардың негізінде мынандай қорытынды шығаруға болады: саяси көшбасшылардың мәні мен табиғаты дегеніміз – саяси процесте биліктік шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыруда олардың маңызды рөл атқаруына ықпал ететін және қоғамдық, үкіметтік міндеттерін орындайтын топтардың, ұйымдардың, мемлекеттің, қоғамның беделді мүшелері.

#### **4. Саяси көшбасшылар типтері және олардың даму ағымдары**

Саяси көшбасшылардың орындайтын міндеттерінің, оларды жүзеге асыру жағдайларының көп түрлілігі, сонымен қатар қызметте кездесетін өзге де сыртқы және ішкі факторлар оларды типтеуден өз көріністерін

табады. Ғылыми әдебиетте саяси көшбасшыларды типтеудің әр түрлі классификациясы қалыптасқан<sup>1</sup>. Саяси көшбасшыларды типтеудің алғашқы классикалық үлгісін М. Вебер беріп, дәстүрлі, ұтымды-жария және харизматикалық типтерді бөліп көрсетті.

Дәстүрлі көшбасшылар ешкімде күмән туғызбайтын ғасырлар бойғы дәстүрлер мен салттарға арқа сүйейді. Бұл жерде салттар мен дәстүрлер басшы мен қол астындағылардың өзара қарым-қатынастарын анықтайды, олар өмірдегі басшылық типін (монарх, көсем, ақсақалдар) үйреншікті санайды. Мысалы, монархиялық мемлекеттерде саяси билік так мұрагеріне беріледі. Саяси билікті осындай жолмен алып жүруші саяси көшбасшы бола алмауы да мүмкін. Тарихи материалдардың көрсеткеніндей, саяси билікті «біржола» алғандардың арасында саяси көшбасшының саны көп емес. Саяси көшбасшының осы типі тарихи сахнадан түсіп жатса да, ол парсы шығанағындағы (Иранда Хомейни) бірнеше елдерде және әлемнің басқа да бірнеше мемлекеттерінде әлі күнге дейін сақталып отыр.

Ұтымды-жария көшбасшылар билікті «заңды жолмен» алуы тиіс. Қазіргі демократиялық мемлекеттерде құқықтық нормалар шеңберінде өтілетін сайлау науқандары саяси көшбасшыларды қалыптастырудың негізгі жолы. Мұндай саяси көшбасшы типінің мысалдарын көптеп келтіруге болады: Г. Шредер (Германия), Б. Клинтон (АҚШ), Ж. Ширак (Франция), Т. Блэр (Ұлыбритания). Оның билігі бүкіл қоғам мойындаған құқықтық нормалар еркіндігіне негізделген. Билікті әрбір алып жүрушінің міндеті Конституцияда және нормативтік-құқықтық актілерде анық белгіленген. Осылайша саяси көшбасшының заңдылық бөлігі ұтымды негізделген.

Харизматикалық көшбасшылар ерекше, олардың билігі (дәлірек айтқанда – беделі) заңға немесе дәстүрге сүйенбейді, таза жеке басының сапаларына, соларға сенім арқылы іске асады. Харизма билік құралдарының көмегінен өз соңына бұқараны ертуге қабілетті. Харизматикалық көшбасшының тағы бір сипатты белгісі – ізбасарларының оған кіршіксіз берілгендігі. М. Вебердің көзқарасы тұрғысынан алғанда харизматикалық көшбасшы ұзаққа бармайды, белгілі бір уақыттан кейін ол ұтымды-жария типке немесе дәстүрлі типке өтетін болады.

Харизматикалық көшбасшы кез келген қоғамда пайда болуы мүмкін. ХХ ғасыр көрсеткеніндей, харизматикалық сапалы көшбасшы фюрерге – қорқыныш, сүйіспеншілік пен қуаныш туындататын кейіптегі жартылай құдай көсемге айналуы мүмкін. Мұндай көшбасшы қоғам алдында тұрған міндеттерді шешу тәсілдерін бір өзі білетіннен іштей сенімге толы болып, өз еркіне сөзсіз бағынуды талап етеді.

<sup>1</sup> Хасанов Б.Я. Элита и лидер. Казань, 2003. С. 110.

Харизматикалық көшбасшы құбылысы қоғам өмірінің өтпелі кезеңінде, айталық үлгілеу (модернизация), немесе елдің жалпы ұлттық дағдарысты жою кезеңінде анық байқалады. Харизматикалық көшбасшылардың мысалы Иосиф Сталин (КСРО), Мао Цзэдун (Қытай), Саддам Хусейн (Иран), Ким Ир Сен (Солтүстік Корея), Фидель Кастро (Куба), Ясир Арафат (Палестина) бола алады.

Американдық саясаттанушы Маргарет Дж. Херманн жүйесі саяси көшбасшыларды типтеудің қазіргі бірден-бір аса маңызды және кеңінен тараған түрі. Ол саяси көшбасшыларды имидждеріне қарай жүйелейді, топтастырып жіктейді. М. Херманн төрт фактордың: көшбасшының мінез-құлқы; оны жақтаушылардың, ізін қушылардың қасиеттері; көшбасшы мен оның ізбасарларының өзара байланыс тәсілдері; көшбасшылықтың жүзеге асатын нақты жағдайы негіздерінде саяси көшбасшылардың төрт бейнелі типтерін бөліп көрсетеді.

Саяси көшбасшының алғашқы жинақталған бейнесі – ту көтеруші. Ол ірі стратег. Ол шынайылықты өзінің көруімен ерекшеленеді, мақсаты бар, соңынан адамдарды ерте алады, болып жатқан құбылыстардың сипатын, оның қарқынын анықтайды, саяси бағдарламаны қалыптастырады және өз идеалдарын іске асырады. Оны қолдаушылар оған ешқандай ықпал жасай алмайды. Мұндай типке Ресей большевиктерінің көшбасшысы В.И.Ленинді, АҚШ-тағы негрлердің азаматтық құқы үшін күрескер Мартин Лютер Кингті жатқызуға болады.

Саяси көшбасшының екінші бейнесі – қызмет етуші. Ол өзін қолдаушылардың мүдделерін дәл білдіру арқылы мойындатуға қолы жетеді. Көшбасшы солардың атынан әрекет етеді, ол топтың агенті. Практикада мұндай типті көшбасшы өзінің ізбасарлары нені күтуде, неге сенеді және неге мұқтаж сияқтыларды басшылыққа алады. Осындай типтегі көшбасшының мысалына Г. Кольді (Германия), кеңестік партиялық бюрократияның мүддесін білдірген Л. И. Брежневті, Д. А. Қонаевты айтсақ та жеткілікті.

Саяси көшбасшының үшінші бейнесі – саудагер. Ол өзінің идеяларын, бағдарламасын, жоспарларын сайлаушылардың қолдауына айырбастайды. Сендіру қабілеті мұндай көшбасшының маңызды белгісі болып саналады. Осы қабілетінің арқасында көшбасшы – саудагер қолдаушыларын өзінің жоспарын жүзеге асыруға тартады. Американың қыркыншы Президенті Р. Рейган саяси көшбасшының осындай типінің мысалы.

Саяси көшбасшының төртінші бейнесі – өрт сөндіруші. Оны өзінің жақтастары қалыптастырған елеулі уақыт талаптарына тез реакция жасау ерекшелейді. Ол қиын-қыстау жағдайларда тиімді әрекет етуге қабілетті, тез шешім қабылдайды, жағдайға сәйкес ұтымды жауап қайтарады. Қазіргі

жағдайдағы көптеген саяси көшбасшыларды осылардың қатарына жатқызуға болады.

Саяси көшбасшылар бейнесінің жинақталған осы төрт түрі – типтері шартты түрде ғана, өйткені олар таза күйінде өте сирек кездеседі. Көбінесе көшбасшы өзінің саяси мансабының әр түрлі кезеңдерінде жоғарыда баяндалған идеалды типтердің әрқайсысының қайсыбір қасиеттерін байланыстырып, үйлестіреді. Америка ғалымы К. Ходжинстон саяси көшбасшылардың бірқатар: билікте жеке басының өзіншіл мүдделеріне жетуге бағыт-бағдар ұстаған, атап айтқанда мансапқор-көшбасшы; билік саласында өздерін ұсынған азаматтардың мүдделері үшін әрекет ететін саясаткер-көшбасшылар; билікті ұйымдастыру процесінде аппараттық құрылымдарды және механизмдерді шебер пайдаланатын техник-көшбасшылар; және де саясатта жоғары мақсат үшін әрекет етуші, идеологиялық мақсаттары мен құндылықтарын жүзеге асыру үшін күресетін ақын-көшбасшылар іспетті бірқатар типтерін бөліп көрсетті.

Саяси көшбасшыларды типтеудің бірден-бір мақсаттары, қорытындылаушы өлшемі болып олардың алдына қойған және олардың қоғамға тигізетін ықпалдары жатады. Осы өлшемдерімен байланысты Америка саясаттанушысы Роберт Такер саяси көшбасшылардың үш типін: консерваторларды, реформаторларды және революционерлерді ажыратып көрсетеді. Консерваторлар қалыптасқан қоғамдық өмір формаларын толық сақтауға бағыт-бағдар ұстайды. Осыған сәйкес саяси көшбасшының бүкіл белсенділігі, оның бағдарламасы мен барлық қимыл-әрекеті қазіргі түріндегі қоғамды сақтау қажеттігін дәлелдеуге бағытталады. Саяси көшбасшылардың мұндай типін көптеп кездеседі деп айтуға келмейді. Таза типті консерваторлар өте сирек кездеседі, өзінің ұстаған осы бағытын қызметтің кейбір саласында көрсетеді. Мысалы, сыртқы саясатта консерватизмді жақтаған Ч. Черчилль болды.

Реформаторлар қоғамдық құрылысты кең көлемді реформа жүргізу арқылы, ең алдымен бүкіл билік құрылымын реформалау негізінде қоғамдық құрылысты радикалды қайта құруға тырысады. Көшбасшылардың осындай типіне, мысалы, Қытай реформаларының инициаторы Дэн Сяопин жатады. Революционерлер принципті өзгеше басқа қоғамдық жүйеге өтуді мақсат етеді. Тарихтың көрсеткеніндей, мұндайда бейбіт жолмен өту өте сирек кездеседі. Роберт Такер К. Марксті «архитиптік» революцияшыл саяси көшбасшы санайды.

Саяси көшбасшыларды типтерге жіктеудің өзгеше бір жүйесін Г. Ласкауэл ұсынды. Оның негізіне саяси көшбасшылардың белгілі бір мінезқұлық үлгісіне бейімділігін анықтау алынған. Осы өлшемге сәйкес саяси көшбасшылар үгітшілер, ұйымдастырушылар және теоретиктер болып үш

типке бөлінеді. Көшбасшы-үгітшілер халыққа сөздің күшімен, шешендік өнерімен, жеке басының үлгі-өнегесімен ықпал етуді басқаларынан артық көреді. Көшбасшы-ұйымдастырушылар кадрлармен жұмыс істеуді ұнатады. Оларды көбінесе ұйымның күшін өз ықпалын орнату үшін қолдану мүмкіндігі қызықтырады. Көшбасшы-теоретиктер қарамағындағыларға өзінің ақыл-ой өрісінің жоғарылығымен ықпал жасайды.

Г. Лассауэл ұсынған амалдан басқа да саяси көшбасшыларды типтеудің көптеген жолдары бар, мысалы, саяси билікке қатысты эгоорталықтық және социоорталықтық деп бөлу калыптасқан. Саяси көшбасшының эгоорталықтық типі билікті өзіне жұмсайды, одан тек жеке басының табыстан-табысқа жетуінің, баюының, ықпал етуінің, танымал болуының, жеңілдіктер алуының көзін көреді.

Саяси көшбасшының социоорталық типі өз қызметінің басты мәнін қоғамға қызмет етуден, қоғамдық міндеттерін орындаудан көреді. Көшбасшының қайсыбір мәлімдемесіне қарап мұндай бағыт-бағдарды анықтау мүмкін емес, оған тек тарих қана баға береді. Мысалы, Ш. де Голльдің өмірбаяны оның саясаткер атағына қарамастан, ең алдымен жеке басының билігін орнатуға тырысқанын көрсетіп, билік ол үшін белгілі бір саяси бағдарламаны жүзеге асырудың тек құралы болғанын байқатты. Өзінің саясатын француздардың басым көпшілігінің қолдамайтынына көзі жеткеннен кейін Ш. де Голль 1969 жылы қызметтен өз еркімен кетіп, билікпен жеңіл қоштасты.

Саяси көшбасшыларды басқару стиліне орай авторитарлық және демократиялық деп екі типке бөледі. Авторитарлық тип – бұл билікте өз монополиясын орнатуды талап ететін көшбасшы<sup>1</sup>. Оның идеалы толығымен бір өзінің жеке билеуі. Мұндай көшбасшыда ұйымдардың, топтардың мүшелері арасындағы байланыс жоққа шығарылады немесе көшбасшының бақылауымен жүреді. Қол астындағы адамдарға тек атқарушылар ретінде қарап, олардың пікірлерімен санасу тіптен азаяды. Авторитарлық көшбасшы қоластындағылардың белсенділігін әкімшілік әдістермен көтеруге тырысады. Оның басты қаруы – «темірдей талап етуге», күш қолдануға, жазамен қорқытуға саяды. Ол сын айтуды көтермейді, басқаша ойлауға жол бермейді.

Демократиялық көшбасшылар топтың, ұйымның қызметіне әркімнің барынша қатысуын қолдайды, жауапкершілікті өз қолына шоғырландырмайды, керісінше, оны топ, ұйым мүшелеріне таратып беруге тырысады және олардың пікірлерін, мүдделерін есепке алады. Мұндай көшбасшылар

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Бачинин В.А.* Политология. Энциклопедический словарь. СПб., 2005. С. 130-131.



сынға ашық түседі, адамдарға мейірімді, ынтымақтастық пен мүдде ортақтығы ахуалын жасайды, мәмілегерлікке барады. Осындай жағдайда бәрі де, басшы да, қол астындағылар да шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру, басқару процесіне катысады.

Барлық саяси көшбасшыларды жалпылама классификациялаудың бірі оларды әдеттегі-жай («нақтылық») және ұлыға (ұлы «батырлар» мен ұлы «жауыздар») бөлу жатады. Алғашқылары нақтылы көшбасшылар, тарихта айтарлықтай із қалдырмайды, оқиғаның әдеттегі барысына өзгеріс жасмайды. Екіншілері, көшбасшы-батырлардың (және жауыздардың) саясатта өз көрулері бар және онда үлкен әлеуметтік және саяси өзгерістерге соқтыратын өз ойларын жүзеге асыруға тырысады.

Саяси көшбасшылардың қызметінің сипатына орай оларды жағдайлық және әмбебаптық типтерге бөледі. Жағдайлық көшбасшыны қалыптастыру мен ұсыну, көтеру механизмдерін нақты жағдай міндеттері анықтайды. Әмбебап көшбасшы тұрақты түрде көшбасшы мәртебесін иеленеді. Жағдайлық көшбасшыдан айырмашылығы, әмбебап көшбасшыны ұсыну, көтеру қайсыбір жағдайлық мәселені шешумен байланысты емес, керісінше, саяси ұйымдардың өмір сүруінің жалпы заңдылықтарымен анықталады. Кез келген саяси ұйым өзін белгілеу процесінде өз қатарынан көшбасшыны ұсынады.

Саяси көшбасшыларды қызметтерінің сипаты мен ауқымы негізінде типтеудің тағы да бір мүмкіндігі бар. Осыған орай саяси көшбасшыларды шағын топ көшбасшысы; ұйымның көшбасшысы; мемлекеттің, жалпы қоғамның көшбасшысы деп үш деңгейде ажыратады. Шағын топ көшбасшысы билікті топтағы аса беделді адамдардан алады. Бұл бірлесе тікелей қызмет ету процесінде топтың бағалаған оның жеке басының сапалары негізінде қалыптасады. Бұл жағдайда шағын топ көшбасшыларын іскер көшбасшы, интеллектуалдық көшбасшы және қарым-қатынас көшбасшысы деп үш түрге бөлуге болады.

Іскер көшбасшыға ұйымдастыруға қабілеттілік, тапқырлық, прагматизм тән. Интеллектуалды көшбасшының беделі күрделі міндеттерді шешу шеберлігіне, стандартты емес шешімдер табуға ептілігіне, топтың «ақыл-ой (ми) орталығы» функциясын атқару қабілетіне негізделген. Қарым-қатынас көшбасшының өзара түсіністікті және ынтымақтастықты дұрыс жолға қоюмен ерекшеленеді.

Екінші деңгейдегі саяси көшбасшы — бұл қоғамдық қозғалыстың, ұйымдардың, партиялардың және т.с.с. серкесі, нақты әлеуметтік топтардың (жіктердің) өз мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігін байланыстырған адам. Мұндай деңгейдегі көшбасшылар қоғамдық пікірге жеке басының сапаларымен ықпал етеді және оларды қолдайтын адамдардың көшбас-

шыға деген қажеттілікті күтуі де әсер етеді, сонғысы бұқаралық санадағы ерекше құбылыс. Топ көшбасшыға белгілі бір дәрежеде сенім мен саяси қолдау көрсетуді аванспен береді.

Үшінші деңгейдегі саяси көшбасшы — бұл билік қатынастары жүйесінде өрекет етуші саясаткер, оның ондағы саяси көшбасшылығы әлеуметтік институт ретінде берілген. Бірінші жағдайда принциптік маңызы бар тұлғалық сипаттар екінші, үшінші деңгейдегі саяси көшбасшының мінез-құлқында мәнді саналады. Осы жағдайда саясаткердің қызметі нақты саяси мәдениетке тән сыртқы реттеушілер, яғни саяси көшбасшылар механизмдерімен анықталады.

Саяси көшбасшылар типтерінің алуан түрлігі олардың қызметтерінің бағыттарының көпшілігімен, шешетін міндеттердің ауқымымен түсіндіріледі. Бай саяси практика әртүрлі елдерде саяси көшбасшылардың жаңа типтерінің жиі пайда болуына әсер етеді. Саяси көшбасшылардың жаңа типтерінің кескіні билік саласында жаңа байланыстар мен қарым-қатынастар енді ғана айқындалып жатқан өтпелі қоғамдарда ерекше байқалады. Бұл жерде жоғарыда келтірілген саяси көшбасшылардың типтерінің таза күйінде өте сирек кездесетінін ескеруіміз керек. Саяси көшбасшылар көбіне-көп өз саяси қызметтерінде аталмыш көшбасшы әрбір типтерінің элементтерін үйлестіреді.

Осымен байланысты саяси көшбасшылардың соңғы он жылдағы дамуында бірқатар ағымдар айқындалады. Мұндай ағымның біріншісіне көшбасшылардың институционализациясы жатады. Ол ең алдымен саяси көшбасшыларды сұрыптау процесінен, олардың билікке дайын болуы мен қозғалысын және олардың қызметінің өзі белгілі бір институттардың — нормалар мен ұйымдардың шеңберінде жүзеге асатынын байқатады. Саяси көшбасшылар функциялары Конституциялармен және басқа да заңдық актілермен заң шығарушы, атқарушы, сот және ақпараттық биліктерге бөлумен шектелген. Сонымен қатар, саяси көшбасшыларды сұрыптау мен қолдауды олардың өз партиялары іске асырады, олардың қызметіне сол партиялармен қатар оппозиция және жұртшылық бақылау жасайды. Осының бәрі олардың билігін және айла жасау мүмкіндігін біршама шектейді, ортаның шешім қабылдауға ықпалын арттырады.

Саяси көшбасшылар дамуындағы келесі маңызды ағымның бірі — экономикалық және әлеуметтік мәселелерде көшбасшылардың белсенділігінің артуы. Бұл әсіресе демократиялық мемлекеттердегі саяси көшбасшыларды айрықшалайды. Осы ағымның дамуы көптеген жағдайларға байланысты. Саяси көшбасшының қызметімен байланысқан экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын нығайту, ұлттың өл-ауқатын арттыру оның ықпалын арттырады, оны

жақтаушылардың санын көбейтеді, оппоненттердің позициясын әлсіретеді. Келесі жағдай саяси белсенділіктің уақытша шеңбермен шектелуімен байланысты. Мысалы, АҚШ президентінің төрт жылға сайланатыны белгілі. Бірақ жоғары экономикалық нәтижеге жету, халықтың әл-ауқатын арттыру оның келесі мерзімге тағы да сайлануының ең сенімді іргетасы саналады.

Саяси көшбасшылардың дамуында маңызды үшінші ағым – олардың кәсібилігі. 1919 жылы М. Вебер «Саясат әуестілік және мамандық ретінде» деп аталатын еңбегінде билік үшін күрес дағдысын және қазіргі партия жүйесі жасаған оның әдістері жөніндегі білімді талап ететін саясаттың «кәсіпорынға» айналуын, сонымен қатар саясаткерлер үшін бұл қызмет негізгі мамандық болып табылады деген. Шынында, бүгінде саясаткер халықтың талаптарын анық та нақты тұжырымдауды қамтамасыз етуді ұйғаратын, ұжымдық шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру үшін парламент және үкімет органдарымен, БАҚ, қоғамдық ұйымдар мен жеке-леген адамдармен қажетті байланыс орнатуды, шиеленістерді шешу мен келісімге келуді дұрыс жолға қоюдың қоғамдық байланыс саласындағы маманға айналады.

Осы функцияларды арнайы білімі, дағдысы және тәжірибесі жоқ адам бүгінде тиімді жүзеге асыра алмайды. Саяси еңбек дәрігер, конструктор немесе адвокаттың мамандығы сияқты бірте-бірте мамандыққа айналады. Ол тұрақты және басты табыс көзіне айналады. Кәсіби саясаткерлер сайлау нәтижесінде лауазымды қызметке отырғанына қарамастан, жоғарғы эшелондағылардың көпшілігі, әдетте, билеуші партиялар ауысқаннан кейін де өз қызмет түрін сақтап қалады. Бұған олардың парламенттегі, партиядағы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, басқа да мекемелерде біркатар саяси қызметтерді шоғырлауы ықпал етеді.

Біркатар елдерде – Жапония, Франция, АҚШ-та саяси қызметті кәсібилік есепке алу болашақ саяси көшбасшыларды тіптен бала бақшасынан немесе жасөспірім шағындағы және арнайы мектептерде және университеттерде оларды дайындаудағы іріктеуден көрінеді. Мұндай шаралар азаматтардың саяси қатысуларын дамытуды және билікті иеленгендерге бақылауды нығайтуды ұштастыру саяси көшбасшылықтың тиімділігін арттыруға, оны бүкіл қоғам мүддесіне бағындыруға ықпал етеді.

Саяси көшбасшылар дамуындағы төртінші маңызды ағым – бұл саяси процестегі ауқымды, басынан кешіріп отырған жаһандық ағым. Көпшілік халықтың XX ғасыр – XXI ғасыр басында ауқымды стрестік жағдайы және ғылыми-техникалық прогресс жасаған түбегейлі өзгерістер адамзат өркениетіне шақыру тастаған ғаламдық мәселелерді туындатты.

Осы жағдай саяси көшбасшыларына жана жоғары талаптар қойды<sup>1</sup>. Олардың адамдардың тағдырына, өздері билеп отырған халықтар мен мемлекеттердің бүгіні мен болашағына жауапкершілігі тез артты. Қазіргі саяси көшбасшылар адамзаттың жаһандық мәселелерін есепке алмай, өз мемлекеттерінің даму бағдарламасын ұсына алмайды. Олар өздерінің ішкі саясатын жалпы дүние жүзілік, ғаламдық процестерді құраушы ретінде қарастырулары тиіс. Осы жана ағымды түсіну және жүргізіп жатқан саяси бағытта оны ескеру жоғарғы деңгейдегі саясаткерлерді ерекшелейді.

Саяси көшбасшылардың дамуындағы бесінші маңызды ағым – бұл Цезарь, Петр I, Наполеон, Бисмарк, Гитлер немесе Сталин сияқты саяси көшбасшы-көсемдердің немесе батырлардың қазіргі жағдайда пайда болуының мүмкіндігін азайту. Бұған себептер өте көп. Солардың арасында: қоғамдық өмірдің бірнеше қайта күрделенуі көшбасшылар функцияларын жүзеге асырудағы еңбек бөлінісінің қажеттігін туғызады, «саясаткерлердің қызмет еркіндігін», билікте болу мерзімі саяси көшбасшының мүмкіншілігін шектейді. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғанындай, ірі саяси көшбасшылар көбіне-көп терең дағдарыстың кезеңдерінде көрінеді. Осымен байланысты ХХ ғасырдағы терең экономикалық, саяси дағдарыстарға ұқсас құбылыстарды болдырмау үшін қазіргі мемлекеттер оларды болжамдауды үйренді. Осы себептермен байланысты қазіргі көшбасшыларға көшбасшы-көсем-батыр болу ешбір келмейді, қазіргілері үшін нақты жағдайда өз елдерін ұлттық қауіпсіздік, халықтың әл-ауқатын арттыру және адам құқын көбейту іспетті үш маңызды құндылықтармен қамтамасыз ету тән

Саяси көшбасшылардың дамуындағы жаңа маңызды алтыншы ағым – ол формальды емес саяси серкелердің ролі мен ықпалының артуы. Көптеген формальды емес көшбасшылардың аттарын атауға да болады. ХХ ғасырдағы сондай формальды емес саяси көшбасшылардың ең көрнектісі Кеңес физигі, КСРО ҒА академигі, Нобель сыйлығының лауреаты Андрей Сахаров. Америка саясаттанушысы Роберт Такер оны жана типті саяси көшбасшы деп атайды. Дүние жүзіне танымал көрнекті ғалым, академик А.Сахаров, атомдық соғыс бола қалған жағдайда оның адамзатқа төнді-ретін апат қаупінің ауқымын мойындап, әлем халықтары мен үкіметтеріне меморандуммен шықты. Ол дүние жүзінің көптеген елдерінде адам құқы үшін күрескер ретінде белгілі болды, бұл мәселені жаһандық міндеттер деңгейіне дейін көтерді. Академик А. Сахаровтың, мысалы, мемлекеттік саясатты бақылау мүмкіндігі болмаса да, формалды

<sup>1</sup> Социология. Энциклопедия. Минск, 2003. С. 511.

емес саяси көшбасшы саяси үрдістер дамуында аса маңызды рөл атқара алатынын көрсетті.

Қазақстан Республикасында соңғы уақыттарда жүріп жатқан саяси процестер ондағы саяси көшбасшылардың дамуының кейбір ағымдарын анықтауға мүмкіндік берді. Біріншіден, саяси көшбасшылар жана идеялар рыногының мейлінше жеткіліксіздігін байқатты. Өткен он жыл ішінде Қазақстан саяси элитасы қатарына аз ғана жана көшбасшылар қосылды. Бұны Н. Назарбаевпен бірге елде рефомалар жүргізуді бастаған, бірақ уақытша саяси биліктен шеттетілген саясаткерлерді қайтадан пайдалану ағымы көрсетіп отыр.

Екіншіден, өте қызықты, бірақ іске асыруға қиын жобалар ұсынған көшбасшы-арманшылар сияқты көшбасшы-теоретиктердің де уақыты бітті. Еліміздің белсенді саяси өмірінен Ә. Қажыгелдин, С. Әбділдин, С. Терешенко, Ж. Тұяқбаев, М. Жолдасбеков, З. Нұрқаділов, Н. Балғынбаев, М. Әбілязов және басқа да көптеген саясаткерлер кетті және кете бермекші. Нақты міндеттер қоюға және оларды шешу үшін ресурстар табуға қабілетті, жағдайды ескеретін және нәтижеге бағыт-бағдар ұстаған Бауыржан Байбек, Әлихан Бәйменов, Бахытжан Жұмағұлов, Асқар Жұмағалиев, Қайрат Келімбетов, Мұхтар Құл-Мұхамед, Қайрат Мәми, Аслан Мусин, Нұрлан Нығматулин, Марат Тәжин іспетті көшбасшы-прагматиктердің күні туды.

Үшіншіден, тез арада нәтиже алуға есептелген шешуші шараларды жақтаушы көшбасшы-радикалдардың жана ұрпағын саяси сахнаға шығару қажеттігін қоғамдық санада түсіну артып отыр.

Төртіншіден, саяси өмірдегі мәнді өзгерістерге қарамастан, елде бұрынғы көшбасшы типі сақталып қалды, яғни көшбасшының көсемдік типі дәстүрі өзгермеді. Ал көсемшілдік, белгілі болғандай харизмаға және жоғарғы билікті бейнелейтін адамға берілгендікке негізделеді. Заңды реттеушілікке арқа сүйейтін көшбасшының ұтымды-заңды-жария типіне өту бірнеше себептерге байланысты күрделенеді, ең алдымен қазақстандық ұлттық өзіндік сананың типімен ерекшеленеді, онда көсемнің билігі — хан, патша, партияның бас, бірінші хатшылары қоғам өмірін ұйымдастыруда маңызды орын алған. Қазақстандағы Президенттік сайлаудың стереотиптік және тандаудың консервативтік болып қалып отырғанын көрсетті. Қазақстан халқының бұқаралық санасында саяси көшбасшыға қайсыбір мистикалық фигура ретінде қарау сақталған. Жаңа генерациялық саяси көшбасшы Ғани Қасымовтың сайлауда жеңіліс табу себебін осымен түсіндіруге болады.

Көшбасшылық туралы харизматикалық түсінікті арнайы дайындықтан және іріктеуден өткен, саяси қызмет олар үшін мамандық болуы тиіс

саяси сахнаға жана генерациялық саяси көшбасшылардың шығуымен өзгерту мүмкіндігі бар. Олар саяси шешімдерді қабылдауда, биліктің әр түрлерімен өзара әрекетте белгілі бір демократиялық нормалар мен процедуралардың шеңберінде қимылдауға тиісті болады. Жана генерациялық саяси көшбасшылар қоғамға арманды, көпшілік азаматтарға болашақтың жобасын ұсынумен қатар оларды алға жылжытудың жолдары белгілі деп сендіруі қажет. Қазақстан мен дүние жүзіндегі саяси көшбасшылардың дамуының қазіргі ағымы осындай. Осыған орай саяси көшбасшылардың шынайы рөліне баға беру үшін уақыт керек. Уақыт өткеннен соң ғана көшбасшылардың шынайы мәнділігі анықталады.

Жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде мынандай қорытынды шығаруға болады. Саяси элиталар мен көшбасшыларға баға беруде әр түрлі амалдардың болуы олардың ғылым мен практика үшін маңыздылығын көрсетеді. Қоғамдық-саяси өмір практикасы көрсеткендей, саяси элиталар мен саяси көшбасшылар халықтың әр түрлі жіктерінен және кәсіби топтарынан шыққандар. Әр түрлі тарихи дәуір саяси элиталар мен саяси көшбасшылардың шығуына өз ізін қалдырары сөзсіз. Қазіргі тәжірибе қоғамдық маңызы бар саяси фигураларды мемлекеттік-бюрократиялық өнеркәсіп, қаржы, әскери және партия төңірегіндегілерді жиі ұсынатынын көрсетіп отыр. Қазіргі қоғамның элитарлығы ешбір күмән туғызбайды. Бұл саяси шындық, ол жойылмайды, бірақ оны ескеріп және тиімді пайдалану керек. Саяси элиталар мен саяси көшбасшылар басшылық позицияға, қызметке орналасып, қоғамдағы биліктің шынайы іске асуын белгілі бір саяси жүйе шеңберінде жүзеге асырады. Саяси ғылым саяси элиталарды қалыптастыруда, саяси көшбасшыларды дайындауда, олардың өзге әлеуметтік топтармен байланысын нығайтуда, олардың функционалдық міндеттерін анықтауда, олардың қызметіне бақылаудың сипатына және т.б. өз ұсыныстарын дайындап ұсынады. Көптеген елдерде мұндай ұсыныстар саяси практикада қолданылып келеді және қоғамға нақты пайда келтіріп отыр.

*Оныншы тақырып*  
**САЯСИ ПРОЦЕСС**

Саяси процесс бірден-бір кеңінен қолданылатын, үйреншікті ұғым болып табылады, сонымен қатар саяси ғылымдағы аса бір күрделі категория, оны терең танып білу және зерттеу аса қажетті мәселе. Егер де саясаттану қарастыратын мәселелердің жоғары деңгейлі пікір сайыстығына байқау өткізілетін болса, онда саяси процеске арналған тақырып бірден-бір маңызды, жетекші орынды, сөзсіз, иеленген болар еді.

Саяси процесс саяси биліктің негізгі субъектілері мен алып жүрушілердің (иемденгендердің) рөлдері мен функциялары атқарылатын саяси тұрғыны сипаттайды. Ол шынайы өмірде қалыптасқан фактілер мен құбылыстардың, қоғамның саяси өміріне барлық қатысушылардың қызметінің мазмұнын көрсетеді. Саяси процестің нақты басталған жері мен аяқталған жерін анықтау қиын. Өйткені, ол күрестердің, шиеленістердің, ымыраға келудің, ынтымақтастықтың, интеграциялардың және т.с.с. жергілікті — локальды процестердің шексіз жиынтығы іспетті. Мұндай процесс кез келген қоғамдық жүйедегі карама-қарсы тұрған екі тенденцияның әрдайым өзгеріске ұмтылу және тұрақтылыққа ұмтылу әрекетін көрсетеді. Билеуші топтың қалыптасқан жағдайды тұрақтандыруға ұмтылыс жасауы, ал оппозициялық топтың саяси реформаларға қол жеткізуге талпынуы кеңінен тараған ситуация болып табылады.

Осымен байланысты саяси процесс саяси жүйенің, оның ішкі және сыртқы өзгерістері, бір күйден екінші күйге өтуі динамикасын көрсететінін айтуымыз жөн. Саяси процесс олардың мазмұны мен формалары жөніндегі сұрақтарға, олар қашан, қалай және неге пайда болды, олардың дамуы қалай аяқталды және олар неге соқтырады деген сауалдарға жауап береді. Қоғамның саяси белсенділік формасы саяси процестің ең кең мағынасы болып саналады. Бұл белсенділіктің, аса көп түрлілігінің, оның әрбір жеке жағдайының өзіндік себебі және мақсаты, түрлі деңгейдегі нәтижесінің болжамдығы және көптеген басқа да өзгешеліктердің бары рас. Сондықтан ол саяси процесті ғылыми тұрғыдан зерттеуді қиындатады, бір мәселенің төңірегінде алуан түрлі көзқарастарды туындатады. Сөйтіп, бұл мәселелерді дұрыс түсіну үшін, ең алдымен саяси процесс ұғымын және оның мәнін анықтау қажеттігі туындайды.

## 1. Саяси процесс ұғымы және оның мәні

«Саяси процесс» ұғымы барлық қоғамдық ғылымдарда кенінен қолданылады. Бұл ұғымның мәнін анықтау үшін, жалпы «процесс» терминінің мәнін айқындаудан бастау керек. «Процесс» термині латынның жалғасы, қозғау сөзінен шыққан, ол: біріншіден, өзінің бағыты бар белгілі бір қозғалысты, қозғалыстың қайсыбір барысын, ретін, дамуын; екіншіден, жайкүйдің, сатының, эволюцияның табандылықпен ауысуын; үшіншіден, белгілі бір нәтижеге жету үшін табанды қимыл-әрекеттердің жиынтығын білдіреді. Демек, «процесс» терминінің әмбебаптық сипаты бар, өйткені ол табиғат пен қоғамның шынайы және тұрақты қалпын көрсетеді.

Саяси процесс бүкіл саясат субъектілердің қызметтерінің жиынтығы іспетті, соның негізінде белгілі бір уақыт және кеңістік шеңберінде қоғамның саяси жүйесінің қалыптасуы, дамуы және өмір сүруі іске асады. Сонымен бірге «саяси процесс» ұғымы саяси өмірдің барлық құбылыстарын: мемлекет қызметін және оның жекелеген саяси субъектілерінің қызметін, саяси мәдениеттегі өзгерістерді, саяси санадағы, психологиядағы, адамдардың жүріс-тұрысындағы және т.б. өзгерістерді мейлінше қамтиды.

Ғылыми әдебиеттерде «саяси процесс» ұғымына анықтама беруде әр түрлі көзқарастың барлығын айтқан жөн. Бірінші көзқарастағылар, саяси процесс деп саясатта болып жатқанның бәрін түсіндіреді. Екінші біреулері, бұл ұғымды «саясат» категориясымен ұқсастықта қолданады. Үшінші концепцияны ұстаушылар, «саяси процесс» ұғымы қоғамның саяси жүйесі калпының ауысуын түсіндіруші ретінде пайымдайды.

«Саяси процесс» ұғымы ең алдымен, өзіндік ерекше мақсаттары мен функцияларын іске асыруда индивидтер, топтар, билік институттары бір-бірімен және мемлекетпен қалайша өзара әрекет ететінін ашады. Бұл мәселеде саяси процестің әлеуметтанулық түсіндірмесіне де назар аударылады, саяси процесті тек саяси күрес тұрғысынан қараумен қатар, әлеуметтік және саяси құрылымдар мен қатынастардың өзара әрекетін сараптау деңгейінде пайымдалады.

Саяси процестің әлеуметтанулық түсіндірмесі американдық саясаттануда кенінен тараған. Онда саяси процесс әлеуметтік процестер мен саяси рөлдер мен функцияларды жүзеге асыру негізінде саяси билікті алып жүрушілердің арасындағы өзара әрекет тұрғысынан суреттеледі. Көбіне-көп саяси процесті саяси жүйенің қалыптасуымен, өзгеріске түсуімен, қайта құруымен және өмір сүруімен байланысқан барлық субъектілер қызметінің жиынтығы ретінде түсіндірілетінін атап өткен жөн. Саяси процестің мұндай түсіндірмесі осы процесті оған қатысушылардың бүкіл



саяси маңызды өрекеттерінің шексіз жиынтығын қалыптастырады деген идеяға негізделген. Демек, бұл саяси құбылыстың қозғалысын, динамикасын, эволюциясын, олардың уақыт пен кеңістіктегі жай-күйінің нақты өзгерістерін ашады.

Уақытша параметрлер саяси процестің белгілі бір циклдары іспетті, оның әрқайсысы элементтер мен байланыс бөліктерін ұдайы өндіріп отырады. Саяси жүйе өзін-өзі өндіруші циклін аяқтағаннан кейін ғана толық айқындалатын болады. Мысалы, қайсыбір демократиялық саяси жүйені бір сайлаудан келесі сайлауға жеткенде ғана оны аяқталған жүйе деп қарастыруға болады. Кеңістіктегі параметрлер географиялық факторлармен және саяси процесс пен оның элементтері, элементтер аралық байланыстар сипаты орнаған орта ретінде саяси жүйемен қамтамасыз етіледі. Саяси процесс қоғамның саяси жүйесі шеңберінде, сол елдің шеңберінде, сонымен қатар аймақтық және жаһандық көлемде өрістейді. Ол мемлекеттік деңгейде, өкімшілік-аумақтық аудандарда, қала мен деревняда, ауылда, әр түрлі ұлттардың, топтардың, әлеуметтік-демографиялық топтардың, еңбек ұжымдарының, қайсыбір саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың ішінде өтеді.

Осымен байланысты саяси процесті қоғамның саяси өмірінде орын алған бірін-бірі табанды ауыстыратын өзара байланысқан құбылыстар мен оқиғалардың бүкіл жиынтығы деп айтқан жөн. Саяси процесте алуан түрлі факторлар өзара өрекетке түседі, соның нәтижесінде саяси салада өзгеріс болумен қатар қайта құрулар да жүреді. Ол құқық нормаларымен (ен алдымен конституциялық) және алуан түрлі құқықтық емес жазба және жазылмаған нормалармен (партиялардың, қайсыбір қоғамдық бірлестіктердің жарғылары және басқа да құжаттары, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, этикалық-моральдық нормалар және т.б.) реттеледі, ал кей уақытта, тіпті, жалпы алғанда ештеңемен реттелмейді, кездейсоқ жүреді.

Саяси процестің өзіндік құрылымы бар. Саяси процестің құрылымы: саясат субъектілерінен, билік ресурстарынан, құралдардан, оларды қолданудың формалары мен әдістерінен, аралық әрі түпкі мақсаттар мен міндеттерден құрылады<sup>1</sup>. Сонымен қатар, саяси процесс макрожүйедегі, микрожүйедегі өзгерістерді қамтитын уақыт пен қарқыны бойынша көп үйлеспейтін нақты жергілікті-локальды бағыттардан да тұрады.

Саясаттың кез келген субъектісі (партия, қозғалыс, әлеуметтік топ және басқалар) өздерінің саяси процеске қатысуын белгілі бір принциптер негізінде ұйымдастырады. Олар әр түрлі болуы мүмкін, бірақ құқықтық

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Мирский Г.С.* Социальные процессы: теоретико-методологический анализ. М., 2010. С. 17-19.

мемлекетте оларды заңдылық критерийлері-өлшемі мен құқық нормаларына сәйкестік біріктіреді. Саяси процестің ресурстары болып оның идеялық және материалдық негіздері: ғылым, білім, техникалық және қаржы құрамдары, бұқараның, процеске қатысушылардың көңіл күйі, олардың идеологиясы, қоғамдық ортаның қалпы және басқа да факторлар қызмет атқара алады. Саяси процестің өзіндік мазмұнды, ерекшелікті белгілерді және даму заңдылықтарды иеленуі оның алуан түрлілігін көруге мүмкіндік береді. Сонымен саяси процестің алуан түрлі болуы қоғамның саяси саласының өмір сүру формасы қызметін атқарады<sup>1</sup>. Солай болған соң қоғамның саяси өмірі әр түрлі саяси процестерде өзін білдіреді.

Саяси процестердің өзіндік ерекшеліктерін біртұтас жүйе ретінде зерттеу мүмкін еместігімен де бұл үрдіс айрықшаланады. Саяси процестер жиынтығында жалпы және жеке саналатын екі топ көзге түседі. Бұл топтардың саяси процестері қоғамдық өмірді қамту мөлшерімен қатар мазмұнымен, жүру формаларымен және нәтижелерімен өзгешеленеді. Сондықтан оны қарастыру жалпы және жеке саяси процестерді бөліп зерттеуді ұйымдастыруды қажетсінеді. Алайда, процестердің осы екі тобы бір-бірімен тығыз байланысқан. Сонымен бірге, жеке саяси процестер жалпы саяси процестің мазмұнына, формаларына және жүру жылдамдығына маңызды ықпал ете алады.

Сонымен, жалпы саяси процесс жекелеген процестердің қарапайым ғана жиынтығы емес. Ол жеке процестерден өзінің көлемі, мазмұны жағынан ерекшеленумен қатар формаларымен де өзгешеленеді. Жалпы саяси процесс эволюция, революция, дағдарыс сияқты белгілі үш формада жүреді. Жалпы саяси процестің бүкіл қоғамды қамтитынын және оның саяси жүйесін мәнді өзгеріске түсіретінін немесе қалыпты күйін тіптен ауыстырып жіберетінін атаған жөн. Ал, жеке саяси процестердің жалпы саяси процестен айырмашылығына келсек, оның саяси өмірдің жекелеген жақтарын қамтуында жатқандығында деп түсінуіміз керек. Сонымен бірге жеке саяси процестер жалпы саяси процестен өзінің құрылымымен, сипаттамасымен, даму кезеңдерімен де ерекшеленеді.

Жеке саяси процестер — бұл әр түрлі, қоғамның саяси жүйесінің жай-күйіне жалпы тиіспей, белгілі бір саяси мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған қоғамның саяси белсенділігінің көптеген ерекше формалары. Соған сәйкес жеке саяси процестер билік өкілдерінің өздерінің міндеттерін тікелей атқару барысында (әсіресе қоғамды басқаруда) көрінеді. Бұл

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Саяси процесс: теориялық сараптама // Абай атындағы АМУ-дың Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2003. № 3. 79-94 б.

процестер сонымен қатар әр түрлі саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың және жекелеген азаматтардың өздерінің саяси мүдделерін (мысалы, сайлауға, референдумдарға, митингтерге, көше шерулеріне қатысуы) түрлі жолдармен іске асуын бейнелейді. Жеке саяси процестерге басқару шешімдерін қабылдау мен жүзеге асырудың түрлі формалары жатады. Жеке саяси процестердің көптігіне және әр түрлігіне қарамастан, оларды жүзеге асыру қоғамның саяси жүйесін мәнді өзгерістерге түсіре алмайды. Мысалы, тоталитаризмді демократиялық саяси режиммен алмастыруға немесе монархияны республикамен және басқаларын ауыстыруға әкеп соқпайды.

Саяси процесс әрқашанда салыстырмалы тұрғыда өзіндігімен ерекшеленеді, бірақ, түптеп келгенде, ол экономикалық құрылыммен, мемлекеттік құрылыспен, қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастардың сипатымен детерминдірілген. Қазіргі саяси процеске кейбір ортақ міндеттер тән олар әр түрлі тарихи жағдайларда және елдерде түрліше шешіледі, сонымен қатар оның субъектілерінің қайсыбір қызметтерінің жүзеге асу сатыларында өз шешімін табады.

Қазақстандағы саяси процесс тарихи дамудың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің, діни ортаның, оны мекендеген этностардың психологиялық құрылым ерекшеліктері негізінде әрекет ететін әлеуметтік субъектілердің, билікті алып жүрушілер мен институттардың өзара әрекеті болып көрінеді. Қазақстандық саяси процеске ескімен қатар жаңа құбылыстар, объективті және субъективті факторлар көрініс тапқан. Олар бір-бірімен қабысып, қалыптасу үстіндегі демократиялық қатынастардың пісіп, жетілмегендігін дәлелдеп отыр. Сондықтан Қазақстандағы саяси процесс қарама-қайшылықта және әр тараптылықта дамуда.

Қазақстанда мына бір құбылыстар: басқарудағы дәстүрлі әлеуметтік институттар мен құрылымдардың ыдырауы; әлеуметтік бағытынан айырылу, адамгершілік құндылықтар мен рухани идеяларды жоғалту; халықтың басым көпшілігінің маргиналдануы; қоғамдық қатынастардың қылмыстандырылуы; өткен тарихтың бұрмалануы; мемлекеттік билік органдарының беделін түсіру; билеуші элитаның қолына саяси билік пен ресурстардың аса көп шоғырлануы ерекше көзге түседі. Сондай-ақ, мейлінше негізделген және аса ұтымды саяси және құқықтық шешімдер қабылдау мен оны жүзеге асырудың арасында алшақтық байқалады. Бұл келеңсіздік сәйкестігі бар құқықтық механизмдердің жоқтығымен әрі саяси құқықтық мәдениеттің төмен болуымен түсіндіріледі. Қазақстандағы саяси процестің ерекшелігі, менің ойымша, саяси рөлдер мен функцияларды жүзеге асыру айырмашылығымен, олардың белгілі бір билік институттарының қолына шоғырланып, бекітіліп берумен де байланысты. Қазақстан қоғамында

рөлдерді бөлу және оларды іске асыру механизмдері демократиялық қоғамдарда стандарттардан қабылданған және саяси өзгерістер логикасын анықтайтын ұстанымдардан өзгешелігінің бар екені анық байқалады. Бұл Қазақстанның әлеуметтік эволюция механизмінде саяси факторлардың басым болуымен, онда жетілген азаматтық қоғам институттарын қалыптастыруға кедергі келтірумен бірге саяси және саяси емес салалар арасында нақтылы шек қоюға жол бермеуімен байланысты.

Осыған орай қазіргі Қазақстандағы саяси процестерге талдау жасау көбіне-көп келесі ұйымдық шарттарды сақтаумен байланысты болмақ. Олар: реформалық үрдісті ақпаратпен қамтамасыз ету, онсыз жаңаша қараудың әлеуметтік салдарын болжамдау, қол жеткен табысты бағалау мүмкін емес; реформаның жекелеген бағыттарына басымдық беру, заңдық, ұйымдық және басқа да шараларды күшейту, оларды іске асырудың шынайы перспективаларын есепке алып, табанды түрде жүзеге асыру; әлеуметтану мониторингін ұйымдастыру, реформаның нәтижесін қадағалап, оған баға беру; ағарту жұмысының мақсатты бағытталуы; саяси қатысудың әр түрлі формаларының тиімділігін зерттеу.

Саясатқа қатысу саяси процестің мәнін ашатын маңызды элемент болып табылады<sup>1</sup>. Саяси процеске қатысушылар, оның әрекет етуші адамдары мен күштері болып жеке азаматтар, олардың саяси және қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері, әлеуметтік-таптық, этникалық және басқа да адамдар қауымдастықтары есептеледі. Саяси процеске әрбір қатысушының, яғни оның субъектісінің, өзіндік стратегиялық және тактикалық мақсаттары мен міндеттері болады. Олар саяси күштердің қызметінің формаларын, мазмұнын, әдістерін анықтайды, олардың арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатын және т.б. белгілейді. Алайда, түптеп келгенде, бәрі бәз-баяғы саяси билік туралы мәселеге келіп тіреледі, ең алдымен оның мемлекеттік формасына байланысты болады. Саяси процеске қатысушылардың біреулері үшін мақсат тек билікті иелену болса, басқалары үшін — оны уысында ұстап қалу және пайдалану. Осыған байланысты саяси процесс субъектілерінің арасында қарым-қатынас қалыптасады. Мұндай қарым-қатынастар ынтымақтастық, бөсекелесу, күрес, шиеленіс, антогонизм, келісімге келу және т.б. сипатта болуы мүмкін.

Саясатқа қатысу әр түрлі формада, әр деңгейлі қарқынмен, әлеуметтік және аумақтық түзілімдердің көлемінің әр түрлілігіне қарай жүзеге асады.

Индивидтердің мемлекеттік істерге және басқа да саяси институттарға ерікті қатысуы жоғары деңгейдегі жалпы және саяси білімге негізделген, қатысушылардың белгілі бір әлеуметтік-адамгершілік бағыт-бағдар-

<sup>1</sup> Қараңыз: *Иванов А.С. Политическое участие. СПб., 2002.*

ларынын болуына, олардың құқық пен заңға ниеті түзу катынасына негізделген саналы саяси қызметін қамтиды.

Ерікті саяси катысудың белсенді формасы өкілетті билік органдарындағы депутаттардың, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар функционерлерінің, саяси ғуақандар мен акцияларды (сайлау, референдум және т.б.) ұйымдастырушылар қызметінен тұрады. Ерікті саяси катысудың енжар формасы тек қана сайлау кезіндегі сайлау туралы, референдумдар жөнінде қоғамдық пікірлерді сұрастыруға катысуды қамтиды. Саясатқа күштеп катысу милитаризацияланған мемлекеттік құрылым қызметкерлері үшін, қатан орталықтандырылған және тәртіптелген саяси партиялар мен ұйымдар мүшелері үшін тән болып табылады. Аумақтық таралу саласы бойынша саясатқа катысу жалпы ұлттық, жергілікті және локальды сипатта болуы ықтимал.

Саясатқа катысуды қарқындылығы мен бірізділігі тұрғысынан тұрақты (партияға мүшелік, саяси ұйымдардағы жұмыс), эпизодтық немесе ұдайы, үнемі (сайлауларға катысу) және бір жолға (конституция қабылдау жөніндегі референдумға катысу) саяси катысу деп ажыратылады.

Сөйтiп, саяси процестiң мәндi ерекшелiгiн, оны жеке зерттеу қажет-тiлiгiн, саяси процестiң дамуы, саяси жүйенiң қалпы, құрылысы және оның формаларының әлеуметтiк ортамен өзара әрекетi ғана анықтап қоймайды, сонымен қатар субъективтi және объективтi факторлардың билiк жүйесiне катынасына қарай көптеген сыртқы алғы шарттар да белгiлейдi. Саяси процесс – бұл заңмен кепiлдiк берiлген және шынайы саяси катынастар динамикасына қосылған саяси субъектiлер қызметi түрлерiнiң жиынтығы. Олар билiктi қоғамда қолдануға бағытталған саяси жүйенiң бүкiл даму және өмiр сүру сатыларын қамтыған. Ендi саяси процестiң негiзгi сатыларын қарастырамыз.

## 2. Саяси процестiң негiзгi сатылары

Өзара саяси әрекет ретiнде саяси өмiр динамикасына талдау жасау саяси процестiң мазмұнды жағын ашуға мүмкiндiк бередi. Саяси процесс саяси өмiрдiң үнемі, кезекпен болатын оқиғалары iспеттi, бiрақ, ол, сонымен қатар, iшкi бiрлiкпен байланысқан. Солай болғанмен де саяси процесс бiр мезетте тұтас құрылымды қайта өндiрушi ретiнде және саяси өмiрге ықпал ететiн экономикалық, экологиялық, мәдени және өзге де факторларды бiрiктiрген әлеуметтiк орта және әлеуметтiктен тыс ортамен өзара әрекеттегi саяси жүйенiң циклдiк өмiрi ретiнде көрiнедi. Саяси процесс барысында институттық жүйе бейiмделедi және оның жалпы әрi жеке элементтерiнiң бейiмделуiн, оның жүйелiк сапалар ретiнде

ұдайы өндірілуін және сақталуын, оны құрайтын компоненттерді де қамтамасыз етеді.

Сондықтан саяси процестің түп негізі өзгеріс болады. Ол саяси құбылыстағы кез келген құрылымды, функцияны, институтты және форманы, тұрақты және ауыспалы белгілерді, эволюция қарқынын және басқа да параметрлерді үлгілеуді білдіреді. Өзгеріс саяси биліктің негізгі құрылымдары мен механизмдеріне тиіспеуі мүмкін (мысалы, лидерлер, үкімет, жекелеген институттар өзгеруі мүмкін, бірақ биліктен босататын жетекші құндылықтар, нормалар, тәсілдер бұрынғы сапада сақталады), бірақ базалық элементтерді алмастыруға әкелуі мүмкін. Бұл элементтер жиынтығы жүйенің жаңа сапалы күйге жетуіне ықпал етеді.

Осы орайда әлуметтік-саяси ғылымда саяси өзгерістің көздері, механизмдері және формалары жөнінде көптеген түсініктер қалыптасқанын айтуымыз керек. Мысалы, Маркс саяси динамиканың негізгі себептерін экономикалық қатынастардың ықпалынан көрді, Парето оларды элита таралымымен байланыстырды, Вебер – харизматикалық лидердің қызметінен, Парсонс – адамдардың әр түрлі рөлдерді қолдануынан көрді. Алайда, саяси өзгерістің негізгі көзі ретінде көбіне-көп шиеленісті ауызға алады.

Саяси өзгерістің көздері мен формаларының көп түрлілігі саяси құбылыстардың өмір сүруінің белгілі бір тәсілдерінен көрінеді<sup>1</sup>. Осымен байланысты, менің ойымша, саяси процестің негізгі төрт сатысын бөліп айтуға тұрарлық. Ол – қалыптасу, өмір сүру, даму және құлдырау сатылары. Десек те сатыларға осылай бөлу шартты түрде ғана жүргізіледі. Алайда біртұтас саяси процесте олар бір-бірімен өзара байланыста әрекет етеді, әрқайсысы өзіне тән ерекшелігін сақтайды, өзіндік міндеттерін атқарады және ерекшелікті әдістер мен саяси әрекетті іске асырады.

Қалыптасу (жаңа саяси құбылыстарды, институттарды, қатынастарды, нормаларды жасау, жобалау) саяси процестің тарихи, логикалық, бірінші, бастапқы сатысы болып табылады. Ол бір мезгілде және тұрақты түрде жүреді. Бір мезгілдік – қайсыбір саяси жүйенің пайда болу кезені. Саяси процестің бұл сатысы, әдетте, бір саяси күштердің заңды билігінен айырылып, басқа күштер билікті қолына алғандағы қоғам дамуының түбегейлі моментіне сәйкес келеді. Осы жаңа күштер өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын жалпы саяси жүйені жасайды, олардың еркін енді биліктің басқа органдары және басқада саяси институттары жүзеге асыратын болады. Бір мезгілде бұрынғы құқықтық нормаларды жанамен алмастыру жүзеге асады, онда жаңа пайда болған билік институттары, саяси жүйенің басқа да элементтері бекітіледі. Саяси процестің бұл са-

<sup>1</sup> Қараңыз: Политология. Словарь-справочник. М., 2001. С. 213-216.

тысының басты кезеңі — Конституцияны толығымен қайта қарау, немесе жаңа Конституция қабылдау — бұл саяси биліктің, оның барлық институттарының заңдылығын мойындататын жария және демократиялық тәсілі.

Алайда биліктің заңдылығы жаңа Конституция қабылдаумен бітпейді. Бұл ұзақ, әрі тұрақты процесс. Осы тұрғыдан келгенде саяси жүйені конституциямен бекіту бір мезгілдік акті болып қалмайды. Оны заңдастыру процесі тұрақты түрде қайталанып тұрады, үздіксіз жүреді, өйткені бұл жүйе мойындауды талап етеді және ол қоғам мүшелері тарапынан қолдауды қажетсінеді.

Саяси құбылыстардың, саяси жүйенің өмір сүру сатысы қоғамдық дамудың тұрақталған кезеңіне дөп келеді. Үстем етуші әлеуметтік топтар қоғамда нық жағдайға ие болады. Саяси процестің осы сатысында конституциялық негізде құрылған мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар қызметін жандандыру және оларға қолдау көрсету процедурасы жүзеге асады. Мұндай процедураларға, мысалы, демократиялық қоғамдарда биліктің өкілетті органдарына кез-келген сайлаулар және қайта сайлаулар, олардың мәжілісінде, атқарушы жарлықшы органдарға тағайындаулар, ауыстырулар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар съездері мен конференциялары және т.б. жатады. Бұл процесте әрекет етуші заңдарға анықтаулар енгізу, қайта қарау, кеңейту және жаңалау маңызды рөл атқарады. Сол процесте саяси жүйенің құндылықтары мен нормалары дәстүрімен (ұдайы өндірілуі) тасымалданады. Саяси жүйенің өмір сүру сатысында саяси процеске қатысушылардың өздері де белгілі бір саяси ұстанымдар мен мүдделерді білдіруші ретінде, соған орай көзқарастар мен сенімдерді алып жүрушілер ретінде, белгілі бір саяси мінез-құлықты, жүріс-тұрыстың стереотиптерін иленушілер ретінде ұдайы өндіріледі. Осымен байланысты саяси жүйені жаңғырту қоғамдық ұдайы өндірудің бүкіл біртұтас процесінің фрагменті екенін айтуымыз керек. Сондықтан сабақтастық ұдайы өндірудің басты белгісі<sup>1</sup>. Алайда, сабақтастық байланыстың мазмұны қалыптасқан саяси қатынастар формаларының механикалық көшірмесі емес, керісінше, ол саяси жүйенің жаңа белгілері мен қасиеттерінің пайда болуы, дамуы кезеңін шамалайды.

Саяси жүйе дамуының өзі саяси өзгерістер тәсілі болып есептеледі. Саяси өзгерістер тәсілін саяси құбылыстардың базалық параметрлерін үлгілеу сипаттайды. Бұл үлгілеулер саяси құбылыстың одан әрі жағымды эволюцияға өтуін жорамалдайды. Саяси жүйенің даму сатысы белгілі бір саяси күштердің қайта топтасуы және оларды тиісті орын-орнына қою

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Хамитов Н., Крылова С. Философский словарь. Человек и мир. Киев, 2006. С. 156-157.*

кезеңінде орнайды. Саяси процестің бұл кезеңінде мемлекеттік органдар жүйесінде шамалы өзгерістер болады, қоғамның әлеуметтік құрылымында болған өзгерістерге, ел ішіндегі және халықаралық аренадағы саяси күштердің өзгерген ара салмағына сәйкес саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар қызметін реформалау жүреді. Билік құрылымы мен механизмінде жүзеге асырылатын өзгерістер билеуші элитаның саясатын жана денгейге шығарады. Ол уақыт талаптарына, қоғамдық қатынастарды тиімді басқаруға, халықтың әлеуметтік талаптарын қанағаттандыруды қамтамасыз етуге жауап табады. Саяси өзгерістердің мұндай сипаты саяси жүйенің осыған артуына сәйкес, қоғамдық өмірдің басқа салаларындағы өзгерістерге әр түрлі әлеуметтік топтар мен адамзаттың күрделенген мүдделерін ескере отырып билік етудің икемді стратегиясы мен технологиясын қолдануға, оның қабілетін жетілдіруге ықпал етеді.

Саяси жүйе дамуының сатысы алуан түрлі ағымдар мен тенденциялардың теке тірестігімен жүреді. Түптеп келгенде, бұл саты жүйенің бейімделгіштің артуына, қалыптасқан билік құрылымының сыртқы әлеуметтік жағдайға сәйкестігіне әкелуі тиіс. Алайда саяси жүйенің дамуы белгілі бір кезеңде тоқырауға ұшырап, билеуші элита сол қоғамдағы өзінің үстемдігін сақтауға тырысады. Осыған орай теке тірестік барысында жаңа күштер пайда болып, олардың мүдделерінің сол саяси жүйенің мақсаттарына сәйкес келмейтінін айтуымыз керек. Демек, саяси өзгерістердің әр түрлі – құлдырау, ыдырау сатылары орнайды. Ұлы орыс ойшылы П. Струвенің пікірінше, құлдырау – саясаттың регрессивті метаморфозасы.

Саяси жүйенің құлдырау сатысының орнауы жана әлеуметтік күштердің артуына сәйкес келеді. Олар саяси өмірді ұйымдастырудың басқаша формаларын қалыптастырады. Осы сатыда саяси процесс динамикасының бағытталуында өзгерістер болады. Бұл динамиканың өмірдегі билік институтына қатысты келеңсіз сипаты бар. Мұнда күйретуші үрдістер сындарлы, жасампаз үрдістерге карағанда басымдық сипат алады. Нәтижесінде билеуші элита қабылдаған шешімдер басқарушылық қабілетінен айырылады, ал билеуші элитаның өзі және онымен байланысы бар билік институттары өздерінің заңдылығын жояды. Құлдырау жағдайындағы саяси өзгерістер энтрофияның және центротепкіш үрдістердің артуын сипаттайды. Сондықтан құлдырау, шын мәнінде, қалыптасқан саяси біртұтастықтың ыдырауын білдіреді. Бұған, саяси режимнің құлауы, партиялардың таратылуы, сыртқы күштердің мемлекеттерді басып алуы және сол сияқтылар мысал бола алады.

Сайып келгенде, саяси жүйенің құлдырау сатысы биліктің толық, де-заңсыздандыруымен байланысқан. Осымен саяси процестің бір циклі аяқталады. Алайда, соған қарамастан, саяси процесс жалғаса береді.



Саяси процестегі жана циклдің басталуы саяси биліктің субъектісімен және институттардың ауысуымен әрі бұрынғы саяси жүйенің ыдырауымен байланысты болады. Осыған орай саяси процестің негізгі сатыларымен қатар саяси процестің экстремальді түрлері де бар. Бұлар – көтерілістер, бунттар, бүліктер (мятеждер), путчтар.

Кез келген көтерілісте қайсыбір ұйымдасқандық сипаттар тән, бұл жерде белгілі бір мақсаттар ұсынған жетекшілер үлкен рөл атқарады. Бұл мақсаттар күрделі емес бағдарламада, ұрандарда негізделеді. Тарихи дәуірге сәйкес көтеріліске қатысушылардың өлеуметтік құрамы өр алуан түрлілікпен сипатталады. Қатысушыларды жігерлендіретін оларды қарқындылық, рухани және психологиялық импульс деңгейлері бойынша айырады. Көтерілістің бунттан айырмашылығы бар. Бунт үстемдік етуші саяси топтың мемлекеттік органдардың өкілдерінің қайсыбір әдеттегіден тыс іс-қимылына, өкіметтің жекелеген әрекетіне, шектелген қарсылық көрсету міндетінен аспайтын жауап реакция іспетті.

Бунт өзінің қарқынымен, эмоционалдық деңгейімен бүлікке жақын. Бірақ бүлік (мятеж) бунтқа қарағанда оған қатысушылардың санының шектелуімен ерекшеленеді. Бүлік белгілі бір топ адамдардың ойластырған, мақсатты бағытта дайындығының нәтижесінде пайда болады. Бүлік қарулы сипат алады, әскери күш көрсетуге негізделген және бүлікшілердің негізгі ядросын әдетте әскер құрайды. Егерде бұқара бүлікшілерге қосылмаса, онда бүлік путчка айналады. Путч қарулы әрекетке де барады, бірақ ол кең қолдауға арқа сүйемейді, ситуацияны ескермейді, кең ойластырған бағдарлама жасамайды.

Саяси процестің экстремальды түрлері және негізгі сатылары жалпы қоғамның саяси жүйесінің динамикасын көрсетеді, соның нәтижесінде онда өзгерістер мен қайта жаңғыртулар жүреді. Сондықтан әрбір жана циклда саяси жүйе өзіне көшірме жасамайды, керісінше жана жақтармен немесе қасиеттермен толығыады, онда саяси өзгерістер жүреді. Бірақ бұл жердегі басты процесс, яғни бұрын болған өзінен-өзі ұдайы өндіру, ендігі жерде жана күйінде өзін-өзі қайталауы болады. Сонымен саяси процестің көп түрлілігі оның алуан түрлі типологиясын ерекшелейді.

### 3. Саяси процестің типологиясы

Саяси өмірдің бірқатар белгілері мен көп түрлілігіне байланысты саяси процестің әр түрлі типологиясы бар<sup>1</sup>. Алайда бұл саяси процестің

---

<sup>1</sup> Жеребкин М.В. Политический процесс: типология и режимы функционирования. М., 1999. С. 10-15.

типологияларын түсіндіруде саясаттануда түрліше екпін жасалған, солардың біршама танымалдарын атап өтелік. Саяси процестің өркеніет тұрғысынан алғанда батыстық және батыстық емес екі типін көрсетуге болады. Олардың айырмашылығы батыстық және батыстық емес дүниенің өркеніеттілік ерекшеліктерімен, олардың халықтың практикалық бағытын және мінез-құлқын анықтайтын мәдениетімен айқындалған.

Бұл типология салыстырмалы саясаттану шеңберінде жасалған. Америка саясаттанушысы Л. Пай «Батыстық емес саяси процесс» деген мақаласында батыстық және батыстық емес саяси процестерді ажырататын 17 белгіні қалыптастырған. Оның пікірінше, батыстық емес қоғамдарда саяси және қоғамдық салалар және жеке қатынастар арасында нақты шекара жоқ; саяси партиялар белгілі бір дүниетанымды дәріптеуге және өкілдік өмір салтын көрсетуге бейім; саяси процесте сыбайластар тобы басым; саяси топтардың жетекшілері стратегия мен тактиканы анықтауда біршама еркіндікке ие; саяси процесс оған қатысушылар арасында интеграцияның болмауымен сипатталады; арнайы рөл атқаратын ұйымдасқан мүдделі топтардың ықпалы нашар, осыдан келіп рөлдерді біріктіруге және өзара алмасу деңгейі жоғары; саяси әрекеттердің мақсаттары мен құралдарына қатысты консенсус жоқ; оппозициялық партиялар және билікке келуге талаптанушы элита революциялық қозғалыс ретінде жиі шығады, харизматикалық лидерлердің рөлі үлкен және т.б.

Батыстық дүниенің саяси процестерінің ізі ретінде Л.Пай англосаксондық елдердің мәдениетін қарастырған, соның негізінде, оның пікірінше, батыс демократиясы қалыптасқан. Саяси процесті ұйымдастыру және талдау тәсілі бойынша горизонтальды-ұйымдастырылған және вертикальды-ұйымдастырылған саяси процестер деп бөледі. Горизонтальды-ұйымдастырылған және вертикальды-ұйымдастырылған саяси процестерді, М. Вербердің термині бойынша, «идеалды типтер» ретінде қарастыру керек. Соңғылар саяси мәдениеттің этатистік емес (демократиялық) және этатистік (технократиялық, элитарлық) екі түріне сәйкес келеді.

Горизонтальды-ұйымдастырылған саяси процесс ұтымды әрекет етуші субъектілердің: үкімет, саяси партиялар, мекемелердің өзара әрекеттерін көрсетеді. Ол оған қатысушылардың ортақ ойын ережелерін бетке ұстап, бір-бірімен ынтымақтасатын немесе қарсыласатын формальды теңдігін және салыстырмалы автономдығын мойындаудан туындаған. Мұндай процесте оған қатысушылардың арасында алға қойылған мақсатқа жету үшін әркім бір нәрсесін құрбан ететін мәдени саудаласу формасына немесе жүйенің бүкіл элементтер тұрғысында «келістіру» формасына айналады. Горизонтальды-ұйымдастырылған саяси процестің идеалы болып «дөңгелек стол», көп жақты консультациялар есептеледі, солардың арқасында

маңызды саяси шешімдер қабылданады. Саяси процестің формасы ретіндегі ұйымдасқандықпен қалыптасу үкіметтің, кәсіпкерлердің және кәсіподақтардың тұрақты өзара әрекеттерін реттейтін үш жақты комиссияларда, заңда бекітілген институттарда көрініс табады.

Вертикальді-ұйымдастырылған саяси процесс мүдделердің қажеттіліктерін стихиялық көрінісі ретінде, иррациональды бұқараның ойлау үлгісі ретінде түсіндіріледі. Бұған мемлекеттік билік және саяси институттар жүйесі, қоғам жасаған құндылықтар жүйесі қарсы тұрады. Вертикальді-ұйымдастырылған саяси процесте қоластындағылар-азаматтар биліктің беделін мойындайды, ал билеушілер қоғам мүшелеріне белгілі бір еркіндікке кепілдік береді. Ойластырылған және ұтымды өзара саяси әрекетті, азаматтарға құндылықтарды таңуға тырысатын үкімет қалыптастырады. Олардың арасында ең маңыздысы болып заңға бағынушылық, жауапкершілік, ұтымдылық, басқару есептеледі. Мемлекет пен қоластындағы азаматтардың өзара қатынасының мәні басқарушылар мен басқарылатындардың «дұрыс» мінез-құлық, жүріс-тұрыс ережелерін анықтаумен шектеледі. Басқарушылар қоғамның әр түрлі топтарының мүдделерін үйлестіруі тиіс, ал басқарылатындар бір-бірімен келісімге келуге ынталы болуы керек. Вертикальді-ұйымдастырылған саяси процесс билік құрылымының қабілетінің арқасында топтың талаптарын белгілі бір әрекет бағдарламасына кіріктіру арқылы ұтымдылық, болжау және сындарлылық элементтерін күшейтуді жобалайды.

Осыған орай вертикальді-ұйымдастырылған саяси процестің тағы бір айырмашылығы елдің лидерінің өз беделін қалыптастыруға тырысуы және қолдап отыруымен ерекшеленеді. Менің көзқарасымша, билік пен қоғамның өзара әрекетінің сипаты бойынша Қазақстандағы саяси процесті вертикальді-ұйымдастырылған процеске жатқызуға болады. Өйткені мұнда билік керекті саяси мінез-құлықтың ережелері мен шарттарын бір жақты анықтап, азаматтардың тілегіне сәйкес құндылықтарды таңып отыр.

Саяси ықпал ету объектілері бойынша және мазмұны тұрғысынан саяси процесс: ішкі саяси және сыртқы саяси процесс болып бөлінеді. Олар ерекшелікті пәндік саласымен, субъектілердің өзара әрекет етуі, институттардың өмір сүруі, дамуы тенденциялары және заңдылықтарының тәсілдерімен өзгешеленеді. Ішкі саяси процесс саясаттын субъектілерінің арасында жүреді, олардың қызметінің негізгілері саяси билікті жеңіп алу және оны ұстап тұру әрі қолдана білу болып табылады. Көптеген елдердің ішкі саяси процестерінің мазмұнында мәнді өзгешеліктер бар. Ол мемлекеттік құрылыс пен басқару формаларына, саяси өлшемдерге, билеуші элита сапасына және басқа да факторларға

байланысты<sup>1</sup>. Кез келген елдің ішкі саяси процесінің іргетасы болып саяси экономикалық укладтардың арақатынасы, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік құрылым, саяси мәдениет дәстүрлері, халықтың өз жағдайына қанағаттану деңгейі есептеледі.

Ішкі саяси процестердің ерекшеліктерін түсіну үшін азаматтардың саяси белсенділігін институттендірілген формасының жетекші рөлі мен маңызын естен шығармаған жөн. Сонымен биліктің ұйымдық құрылымы саяси процестің негізі болып табылады, өйткені ол халықтың қайсыбір деңгейдегі белсенділігін талап етеді, азаматтарды саяси мобилизациялау құралдарының жиынтығын және басқарудың басым әдістерін анықтайды. Саяси ұйымдастырудың қозғалмалығы мен мобилдігіне саясаттың әлеуметтік ортаға ықпал ету деңгейі және сипаты тікелей тәуелді болып келеді. Ішкі саяси мақсаттарға бейбіт тәсілдермен де, күштеу әдістерімен де жетуге болады.

Сыртқы саяси процесс халықаралық істерді жүргізу өнері ретінде басқа мемлекеттермен қарым-қатынасқа тарайды. Сонымен қатар сыртқы саясат олардың өзара қарым-қатынастарын реттейді. Дүние жүзінде мүдделері сәйкес келмейтін және әр салада үйлеспейтін бағдарламалары бар көптеген мемлекеттердің өмір сүруінен туындаған ерекшеліктерді сыртқы саяси процесс иемденген. Қазіргі жағдайда сыртқы саяси процесс келіссөз жүргізу өнеріне айналып, екі жаққа да тиімді саяси келісімге жету құралы болып отыр.

Билікті қайта құрудың жылдамдығы мен көлеміне, сипаты мен әдістеріне қарап саяси процесті эволюциялық және революциялық деп те бөледі<sup>2</sup>. Революциялық сипаттағы саяси процесті билікті салыстырмалы түрде тез сапалы өзгеруі, шешім қабылдау тәсілдерінің өзгеруі, саясатқа қатысу жолдары мен механизмдерінің өзгеруі ерекшелейді. Бұл процесс қоғам өмірін түбегейлі төңкеру болып саналады. Оның барысында мемлекеттік биліктің және үстемдік етуші меншік формасының ауысуы болады. Революциялық саяси процесс салыстырмалы түрде қысқа саяси мерзім ішінде бейбіт және күштеу құралдарымен жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай кезеңдерде, әдетте, электоральдыққа сенім білдіру стихиялыққа орын береді, бұқаралық саяси қозғалыстардың еркін формалары алға шығады.

Эволюциялық саяси процесте саяси билік құрылымындағы өзгерістер біртіндеп қайта құрулар және реформалар жолымен іске асады. Саяси

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Белоусов А.П.* Социально-политические отношения. Уфа, 2010. С. 35-40.

<sup>2</sup> *Желтов В.В.* Основы политологии. Ростов-на-Дону, 2004. С. 417.

дамуы мен өмір сүрудің мұндай сипаты әр түрлі саяси субъектілердің белгілі бір функциялары мен рөлдерді бөлуге шешім қабылдау механизмдерінің тұрақтылығына арқа сүйейді. Биліктің заңдылығы және әдеттегідей басқарушылар мен басқарылатындардың ортақ социомәдени құндылықтарының және бағдарларының болуы, келісім этикасының және конструктивті оппозицияның болуы саяси процестің эволюциялық жолымен жүруінің негізі болып табылады.

Эволюция мен революцияның өзара тығыз байланысқан қозғалыстың, табиғат пен қоғамның дамуының екі формасы екенін айту керек. Саяси эволюция әрбір жеке алынған елде әрқашанда бірегей құбылыс, оның ұлттық тарихының элементін құрайды. Сонымен бірге бір топ елдерде эволюция элементтері ұқсас болуы мүмкін. Оның себептеріне салыстырмалы түрдегі тарихи жағдай, мәдени және діни құндылықтардың ортақтығы және с.с. жатады. Саяси эволюция заңдылықтарын естен шығару, революциялық қарсыласуды қалыптастыруға жол береді, қоғамдық дамудың нормальды прогресін үзіп жібереді, мемлекет пен қоғамды қатал конфронтация жолына түсіреді.

Саяси процеске қатысушылардың өз функцияларын көпшіліктің алдына іске асыруы мемлекеттің өз міндеттерін, қабылдаған шешімдерін сөзсіз орындауы немесе анық орындамауы тұрғысынан алғанда саяси процестер ашық және жасырын (көлеңкелі) түрлерге бөлінеді.

Ашық саяси процестерге топтар мен азаматтардың мүдделері партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларында айқындалады, сайлауларда дауыс беруден білінеді, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мәселелерді талқылаудан көрінеді, азаматтардың билік институттарымен байланысынан байқалады, қоғамдық пікірді есепке алу арқылы және т.с.с. көрініс табады. Демократиялық мемлекеттерде саяси процестің ашықтығы деп жұртшылықтың саяси шешімдерді қабылдауға, бағдарламаларға түзетулер енгізудің түрлі фазалары мен кезеңдеріне қатынасуы, элитаның құрамын толықтыруға қол жеткізуі, сонымен қатар билік пен азаматтардың басқа да мәселедегі өзара әрекетінің ашықтығы қабылданған.

Ашық саяси процеске қарама-қарсы тұрған жасырын саяси процестер жұртшылықтың алдында бекітілмеген саяси институттар мен билік орталықтарына арқа сүйейді, олардың рөліне тыйым салынған, сол рөлді жария емес және мойындалмаған қоғамдық құрылымдар атқарулары мүмкін. Жасырын, көлеңкелі саяси құрылымдар биліктің жоғарғы және орта деңгейінде орнығады. Бұл жерде әңгіме мемлекеттердің, мекемелердің, жасырын әрекеттері туралы, құпия құжаттары, бұйрықтары жөнінде, құпия функциялы органдардың және толық жасырылған мекемелердің өмір сүретіндігі туралы болып отыр. Ресми адамдар мен билікте заңсыз

кызмет түрі жемкорлық-коррупция пайда болуы мүмкін, саяси емес сипаттағы жасырын (көленкелі) құрылымдардың (кара базар, қылмыс, мафия) жария мемлекеттік құрылымдармен бірігіп кетуі қаупі бар.

Саяси процеске саяси қатысушылардың сипаты тұрғысынан *ангажирламау* және *ангажирлау* (ерікті және рұқсат етілген) болады. Ангажирламау саяси процестер азаматтардың мемлекетпен қатынаста және биліктің басқа да институттарымен еркін саяси қатысуларын жорамалдайды. Ангажирлау саяси процестерде азаматтарға саяси қатынастардың формаларын тану және басқару шешімдерін қабылдаудың қатаң орталықтанған өдістерін тану басым болады. Саяси процестің ангажирлау типіне, мысалы, теократиялық топтардың, әскери элитаның, авторитарлы лидерлерімен монархтардың немесе елдегі жалғыз партияның шешім қабылдауларын және саясатқа араласу формаларын санауға болады.

Өз кезегінде саяси процестің ангажирламау демократиялық формаларын келесі бағыттар бойынша топтастыруға болады: оның біріншісі тіке демократия бағыты, мұнда жұрт билік құрылымына тікелей ықпал етеді және заң қабылдау процесінің мазмұнын анықтайды. Тіке демократияның институттарына референдум (плебисцит), халық инициативасы, жиналыстарда іске асатын тікелей басқару деп аталатындар және т.б. жатады. Бұл институттар, әдетте, Конституцияларда белгіленген; екіншісі, өкілеттік демократия немесе басқаша айтқанда халық сайлаған мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асатын өкілеттік басқару бағыты. Сайланған мемлекеттік органдар өз кезегінде, басқа да мемлекеттік органдарды қалыптастыра алады. Жалпы ұлттық өкілетті органдардың (ең алдымен парламенттер) құқықтық мәртебесі Конституцияларда анықталады; үшіншісі, плюралистік демократия бағыты, бұл көп жақты саяси ассоциациялардың пайда болуынан, оларға кірген азаматтардың басқару шешімдерінің мазмұнына ықпал ету қабілетінің күштілігінен көрінеді. Адамдарды топтап жұмылдыру үкіметке белсенді түрде және мақсатты бағытталған ықпал жасауға мүмкіндік береді және оны қажетті іс-әрекет етуге итермелейді.

Қоғам үшін қайсыбір өлеуметтік қатынастарды саяси реттеудің формаларының маңыздылығы тұрғысынан айтқанда саяси процесс базалық және шет аймақтық болып бөлінеді. Базалық саяси процестерді саяси өмірдің өр саласындағы алуан түрлі өзгерістер сипаттайды<sup>1</sup>. Олар оның базалық модификациясына, жүйелік қасиеттеріне қатысты нәрсе. Бұған, мысалы, өлеуметтік топтардың мемлекетпен қарым-қатынасын тәсіл ретінде саясатқа қатысуын, басқару шешімдерінде халықтың талаптары

<sup>1</sup> Бачинин В.А. Политология. Энциклопедический словарь. СПб., 2005. С. 181.

мен мүдделерін жаңғыртудың формаларын, саяси элитаны қалыптастырудың типті тәсілдерін және т.б. жатқызуға болады. Осы сарында мемлекеттің материалдық күштерін қолдаудың негізгі бағыттарын анықтайтын мемлекеттік басқару процесі турасында да айтуға болады.

Сайып келгенде, базалық саяси жүйенің негізгі элементі мемлекеттік органдары мен бұқара халықтың өзара әрекетінен құрылады. Осындай өзара әрекеттен саяси бағыт-бағдар жасалады, ол қоғамның басым көпшілігінің маңызды биліктік мүдделері мен талаптарын білдіруге және іс жүзіне асыруға бағытталған.

Шеткі аймақтық процестер қоғам үшін айтарлықтай аса маңызды емес салдарлы өзгерістерді білдіреді. Мысалы, ондай өзгерістер олар негізінен жеке аймақтардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде, нақты саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың, мүдделік топтардың және т.б. қалыптасуымен өзара әрекеті саласына шоғырланған. Сондықтан да олар билікті атқарудың басым формаларына және тәсілдеріне принциптік деңгейде ықпал ете алмайды.

Саяси жүйе институттарының өзара қатынасының тұрақтылығы тұрғысынан саяси процестер тұрақты және тұрақсыз болып бөлінетінін айтуымыз керек. Тұрақты саяси процесс қайсыбір күштер мен тенденциялар қарсылық етуіне қарамастан саяси қатынастардың тұрақты ұдайы өндірілуін ұйғаратын анық белгіленген бағыттық өзгерістерді, биліктік қатынастардың бағыттық типтерін, билік ұйымдастыру формаларын білдіреді. Сонымен ол азаматтардың тұрақты институтпендірілген саяси жұмылдыру формасы мен мінез-құлқын, сондай-ақ саяси шешімдер қабылдаудың функционалды менгерілген механизмдерін сипаттайды. Тұрақты саяси процесс тұрақты әлеуметтік құрылымға, жұрттың өмір сүру деңгейінің артуына, режимнің заңдылығына, жоғары саяси мәдениетке негізделеді. Азаматтар ойын ережесін қолдайды, билікке сенім білдіреді. Саяси процеске қатысушылардың бәрі ынтымақтастыққа, ымыраға келетін шешімдер іздестіруге икемделеді, оларды біртұтас саяси құндылықтар жолын ұстаушылық біріктіреді. Өйткені үкімет өз шешімдерінде қоғамдық пікірді ескеріп отыратындықтан, адамдар өздерінің билікке ықпал ету мүмкіндігіне жетеді.

Тұрақсыз саяси процесс саяси бағытты өзгертудің қажеттігі ретінде әдетте биліктің, режимнің дағдарысы мен заңдылығын жойған жағдайда пайда болады. Оның: өндірістің құлдырауы, халықаралық қатынастардың шиеленісіп кетуі, тұрмыс деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік шиеленістер, қайсыбір әлеуметтік топтардың дискриминациялануы, олардың өз қоғамдық мәртебесіне қанағаттанбауы және сол сияқты әр түрлі себептері болуы мүмкін. Саяси процестің тұрақсыздығы сайлаушылардың қажетті

қоғам даму жолын таңдауындағы кенеттен жалтақтауынан және оппозицияның белсенділігінен, үкіметті сынаудан, саясаттағы қиғаштықтардан және т.б. анық көрінеді. Осындай жағдайда басқару шешімдерін қабылдау кейде импульстік сипат алады, құқықтық және моральдық нормалардың реттеушілік рөлі шектен тыс құлдырайды. Және де билік қатынастары мен механизмдерінің мұндай күйі уақытша ғана болмайды, ол тұрақты және ұзақ мерзімдік сипатқа айналады.

Саяси процестердің барлық типтері таза күйінде өте сирек кездеседі, өмірде олардың тығыз өзара байланысымен өрілуі тұрақты түрде болады. Алайда олардың жіктеп қарастырылуы саяси өзара әрекеттің ең типтік белгілерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, саяси процестің типологиясы кейбір идеалдық типтерді теориялық жіктеуге жол берудің нәтижесі деуге болады.

Жоғарыда баяндағандардың саяси процесс жүйе элементтерінің, сонымен қатар оған кірмейтін субъектілердің белгілі бір жағдайда және қайсыбір уақыт ағымында қалыптасқан биліктік маңызы бар мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған үздіксіз өзара әрекеті деген қорытынды жасауға болады. Саяси процесті ұйымдастыру – процесті ойластырудан, идеялардан, кейін процесс субъектісі шындыққа айналдыратын оның теориясын дайындаудан басталады. Сонымен, тұжырымдай айтқанда, саяси процесті өзі дамитын нақты жағдайлардан бөліп қарауға болмайды, өйткені ол өз саяси жүйесінің өмір сүруімен шектеліп қана қалмай, саяси ситуацияға қалай да ықпал ететін қоғамның бүкіл салаларын қамтиды.



## **САЯСИ САНА**

Ғылыми әдебиеттерде жете зерттелмеген саяси сана құқықтық сана, мораль, ғылым, философия, дін, өнермен қатар қоғамдық сананың ерекше формасы болып табылады. Саяси сананы зерттейінше саяси биліктің қалыптасу, өмір сүру және даму заңдарын, саясаттың субъектілері мен объектілерінің әрекетін түсіну мүмкін емес.

Саяси сана – саяси өмірдің субъективті жағын сипаттайтын саясаттанудың маңызды категорияларының бірі. Саяси сана өзінің мазмұны бойынша – бұл қоғамдық түрдегі азаматтардың саясат туралы және оған деген ұтымды қатынас жөнінде түсінік деңгейін көрсететін күрделі түзілім. Сондықтан қоғамда тараған саяси қатынастар субъектілерінің саяси ұғымына, қалыптасқан адамдар діліне (менталитетіне) саяси процестің мазмұны мен сипаты, саяси көшбасшылардың іс-қимылы, саяси институттар мен ұйымдардың қызметі тікелей тәуелді.

Саяси қызмет, кез келген басқа да іс-қимыл сияқты, қызметтің алғашқы қадамы болып табылатын қандай да бір білім деңгейінің болуын жорамалдайды. Саяси сана саясат туралы білімнен және оларды тәжірибеде сеніммен тексеруден келіп шығады. Білім – бұл әр түрлі деңгейде сенімділігі бар адам санасында ақиқаттың түсінік, ұғым, пікір, теория түріндегі көрінісі.

Саяси нақтылықты идеясыз, тұжырымдамасыз, сезімсіз, көңіл-күйсіз және т.б. бейнелеу мүмкін емес. Көбіне-көп тек әрекеттің ұрандары мен бағдарламасына айналған саяси идеялар саяси оқиғалардың барысын анықтай алады. Мұндай идеялар әдетте өте көп болады және олар алуан түрлі болып келеді. Сондықтан басқа емес, тек осы саяси идеяларды, құндылықтарды түсіндіру ықыласының пайда болуы және қайсыбір дәуірде жоғары қоюға басымдық берілуі табиғи нәрсе. Сонымен бірге, әрқайсысымыздан нақтылы саяси таңдауды талап ететін жағдайға мезгіл сайын ұрынып, біз ретсіз алуан түрлі бүгінгі саяси ұрандар мен бағдарламаларды өз әлімізше түсінуге тырысамыз. Саясаттану ғылым ретінде біздің жеке саяси таңдауымызды анықтай алмайды және оған құқы да жоқ. Бірақ ол сондай таңдауға жағдай жасай алады және жасауы тиіс, яғни саяси сана сферасы қалайша өмір сүреді, оның өмір сүруінің тәсілдері қандай, сонымен қатар пайда болуы мен даму механизмдері қандай екенін көрсетуі тиіс.

Осымен байланысты саяси сананың сферасын, мазмұнын анықтау үшін ең алдымен оның ұғымын, құрылымын және функцияларын қарастыру қажет.

## 1. Саяси сана ұғымы, құрылымы және функциялары

Саяси сана адамзат қауымдастығының рухани өмірінің маңызды элементі. Саяси сана жекелеген адамдардың және олардың әр түрлі қауымдастықтарының саяси билікке, мемлекетке және оның органдарына, партияларға, саяси ұйымдар мен қозғалыстарға, дәстүрлерге, саяси өмір нормаларына, саяси құндылықтарға қатынастарын көрсететін түсініктердің, көзқарастардың, мақсаттардың жиынтығы іспетті.

Саяси сананың қайнар көзіне отбасы, индивидке әр түрлі деректерден келіп түсетін ақпарат және оның жеке басының өмір тәжірибесі жатады. Саяси сананың әдетте «таза» күйінде өмір сүрмейтінін, оның ақиқатты танудың басқа да түрлерімен және формаларымен тығыз өзара байланыста болатынын айтуымыз керек.

Адамдар саясатты және саяси құбылыстарды моральдық категориялар – жақсылық пен жамандық, әділеттік пен әділетсіздік арқылы бағалайтын болғандықтан, саяси сана мейлінше моральдық көзқарастармен жиі қабысады. Ал, құқықтық сана мен саяси сана жарым-жартылай қиысады, өйткені көптеген саяси қатынастар құқықпен реттеледі, мемлекеттің көп қырлы қызметі құқықпен жанасады. Кейде құқыққа деген қатынас саяси көзқарастармен де анықталады.

Саяси сана бастапқыда әлеуметтік теңсіздіктің, саясаттың, саяси қатынастардың, институттардың, ұйымдар мен мекемелердің пайда болуымен қалыптаса бастады және солармен бірге дамыды. Саяси сана бұл бір жағынан, адамдар санасындағы саяси болмыстың көрінісі, ал екінші жағынан, адамдардың және олардың қауымдастықтарының мүдделерінің көрінісі, жалпы саяси сана – бұл саяси болмыстың субъективті бейнесі. Бейненің субъективтілігі ең алдымен оның объективтік дүниеге емес, субъектіге жататынын білдіреді. Саяси сананың негізін саяси шындық құрайды. Саяси өмірдің фактілері мен құбылыстары туралы білімнің белгілі бір жиынтығы негізінде қоғамдық болмыстың осы саласына қатысы бар көзқарастар мен баға беру қалыптаса алады.

Саяси сананың нақты тарихи сипатта болуы оның маңызды ерекшелігі болып табылады. Бұл, біріншіден, саяси сананы құрайтын түсінік, көзқарастар және т.с.с. нақты өмірдегі саяси болмыстың тұстарының бейнеленуі болып табылады; ал, екіншіден, саяси санада ең алдымен сол нақты қоғамда үстемдік етуші әлеуметтік жіктің түсініктері мен құндылықтары бекиді. Соңғысы кездейсоқ нәрсе емес. Үстемдік етуші әлеуметтік жік өзінің түсініктері мен көзқарастарын бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен, тәрбие жүйесі арқылы және т.б. жолдармен басқа адамдардың санасына енгізеді. Сонымен бірге, саяси санада қоғамдық түсініктер, көзқарастар

да бекиді. Сондай-ақ, саяси сана бір мезетте ұлттық және басқа да ерекшеліктермен байланысты барлық түсініктерді, көзқарастарды, құндылықтарды және т.с.с. өзіне қосып алады.

Саяси сана шындықтың бейнеленуі бола отырып, салыстырмалы түрдегі өзінің дербестігін де сақтайтынын айтуымыз қажет. Саяси сананың салыстырмалы түрдегі дербестігі, біріншіден, оның бір жағынан саяси процестердің барысынан озып кету қабілетінің бар екендігін, ал екінші жағынан, саяси болмыс дамуынан артта қалу тенденциясының оған тән екендігін байқатады. Саяси сананың салыстырмалы дербестігі оның жай ғана шындықты бейнелеуінен көрініп қоймайды, сонымен қатар оны ұғынуға тырысудан, тәжірибелік қызмет барысында өзгертуге тырысудан көрінеді. Саяси сана, алуан түрлі мүдделері бар әрбір адамға саяси мүдделілікті береді, өйткені мұндайда саясат біздің санамыздың, ішкі дүниеміздің бір бөлігінен орын алады. Басқаша сөзбен айтқанда, саяси сана – бұл индивидке қоғамда биліктің бар екендігін сездіретін ішкі механизм<sup>1</sup>.

Осымен байланысты саяси сананың жеке тұлғалар арасындағы, локалды қоғамдық топтар мен жалпы қоғамның саяси өмірінің арасындағы жанастырушы механизм болып алға шығатын адамның ішкі рухани дүниесін сипаттайтындығын атап айту керек. Осыған орай саяси сана құрылымын анықтау аса маңызды. Саяси сана құрылымы мейлінше күрделі. Саясаттанулық әдебиеттерде осы күнге дейін саяси сана құрылымын анықтау методологиясы әлі де жете зерттелмеген. Әр түрлі авторлардың бөліп көрсеткен құрылым элементтері көбіне-көп анықтау тәсілдері, өзгешелік өлшемдерін және мазмұнын белгілеу тәсілдері бойынша бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленеді. Бұл саясаттанушылардың локалды тұрғыдан, әр түрлі зерттеу міндеттері тұрғысынан қарастыратындығын көрсетеді. Демек, саяси сана құрылымының көптеп саналатын алуан түрлі өлшемдері бар. Олардан жанылысып қалмау үшін, саяси сананың құрылымдық элементтерін бөліп көрсете отырып, бұл бөліп көрсетудің қандай негіз бойынша іске асырылғанын әр уақытта анық түсіну қажет.

Саяси сананың құрылымы қоғамдық қызметтің әр түрлі салаларын кеңінен қамтиды және жеке тұлғаның саяси процеске қатынасу варианттарын қалыптастырады. Осылайша саяси сана құрылымының, менің көзқарасымша, келесі негізгі компоненттерін гносеологиялық, аксиологиялық және өлеуметтанулық деп бөліп көрсетуге болады.

Саяси сананың гносеологиялық компоненті нақты шындықты сенімді бейнелеуі көзқарасы тұрғысынан саяси сана элементтері арасындағы айырмашылықтарды ашып көрсететінін ерекше атап айтамыз. Басқаша сөзбен

<sup>1</sup> Александров И. П. Власть и общественное сознание. М., 2004. С. 110.

айтқанда, саяси сананың гносеологиялық құрылымы саясат әлемінің әр түрлі жақтарын қандай да бір деңгейде бейнелейтін субъектілердің барлық көзқарастарын білім ретінде қарастыруды ұйғарады. Осы аспектіде: саяси шындық пен өтірік, саяси ақыл-ойдың адасуы және саяси әлем құпияларына оның ену күшінің арақатынасы, бейнелеудің мифологиялық, утопиялық және ғылыми типтерінің және т.б. арақатынасы мәселелері қарастырылады.

Саяси сананың аксиологиялық құрылымы саяси саладағы рухани құбылыстарды танып білуші субъект үшін олардың тиімді немесе тиімсіздігі көзқарасы тұрғысынан бейнелейді. Басқаша сөзбен айтқанда, осы құрылымда саяси түсініктер алуан түрлі пайымдаулар және баға беру ретінде түсіндіріледі, олар саясатты танушы субъектінің қайсыбір құнды басымдықтарын көрсетеді. Сондықтан сол институттарды, нормаларды, процестерді және өзге де құбылыстарды субъект жағымды бағалауы мүмкін (мысалы, демократиялық көзқарастың өкілі), ал басқаларына (басқа идеяларды және принциптерді ұстанғандарға) жағымсыз болуы ықтимал. Әр түрлі бағалаудың жиынтығы түптеп келгенде саяси сананың бүкіл көлемін толтыратын болады.

Саяси сананың өлеуметтік құрылымы саяси сананың барлық элементтерін, олардың алатын орны, сонымен қатар практикада рухани құбылыстарды жүзеге асыру процесіндегі олардың ойнайтын рөліне деген көзқарас тұрғысынан сипаттайды. Бір жағынан алғанда, осы құрылым шеңберінде индивидуальдық, топтық немесе бұқаралық сананың әр түрлі формалары сипатталса, ал екінші жағынан – практика саласына адам ойының мазмұнының ауысу процесінің компоненттері, дәлірек айтқанда: идеалдар, принциптер, нормалар, нұсқаулар, мотивтер және т.б. түсіндіріледі. Саяси сананың жалпы қорытынды компоненттері ретінде саяси идеология және саяси психология қарастырылады. Олардың әрқайсысы саяси өмірде маңызды, аса күрделі ерекшелікті рөл атқарады.

Осыдан келіп, қоғамның саяси өмірінде саяси сананың маңыздылығын бағалау қиын. Ол тек қана саяси құбылыстар мен процестерді бейнелеп қоймайды, сонымен бірге саяси нақтылықты да жасайды. Барлық саяси әрекеттер мен процестер адамдардың санасында басталады десек артық айтқандық емес. Терең ұғынып және пайымдамайынша, байыпты саясат болуы мүмкін емес. Сонымен қатар, кез келген реформаторлардың құнды бағдарларды, саяси сананың бағытын өзгерту, ғасырлар бойғы стереотиптерді және дәстүрлерді қирату оңай шаруа еместігін, материалдық шындықтан да әлдеқайда күрделі екенін есте ұстағаны артық болмайды. Саяси сана қоғамдық тәжірибеден озып кетіп, оқиғаның өрістеуін болжай алады, сол арқылы саяси қызметті ынталандырушы фактор ретінде

алға шығады. Егерде ол әлеуметтік шындықты бұрмаланған түрде бейнелесе, онда саясатта волонтаризмге әкеп соқтырады. Саяси субъект қоғамдық өмірдің объективті заңдарымен есептеспейді, еркін шешімдер қабылдап, субъективті ықыластарын басшылыққа алады.

Осымен байланысты саяси сананың қалыптасуының күрделі және қайшылықты екенін атап айтқымыз келеді. Әдеттегідей бұл әлеуметтік шындықты сыни пайымдау жолымен жүреді, адамдардың сезімдік түсінігін бірте-бірте рационализациялау, олардағы ақпаратты қорытындылау арқылы жүзеге асады. Жеке индивид, әлеуметтік топ, қауымдастық болып билікті қатынастарға қатысушылар объективтік факторлардың, тұлғалық ықпалдың және мақсаттардың негізінде өзінің саяси санасын қалыптастырып шығарады. Алайда саяси сананың даму бағыты, оның құрылымының бірте-бірте өзгеруі және дамуы саяси сананы қалыптастырудың ерекшелікті жолын құрайды, онда жасампаздық, шығармашылық элемент немесе еліктеу және жай ауысып алынған элементі, бұрын қалыптасқан саяси идеалдар мен құндылықтарды көшіріп алу басымырақ болады.

Саяси сана қоғамда саяси мәдениеттің жаңа элементтерін және дәстүрлерін дайындап, бекітетін механизм болып табылады. Қоғамның саяси санасынан қолдау таппаған кез келген жаңа және бірегей идеялар немесе бастамалар өшу мен құрып кетуге душар болады. Осы тәрізді идея қоғамдық организмнің барлық саласына ене алмайды және оның алыс түпкірлеріне жете де алмайды. Ол қоғам ішіндегі маңызды саяси қозғалыстардан бөлектенген болады, оның барысы көбіне-көп саяси санамен және ол іске асыратын сол функциялармен анықталады.

Индивидтердің детерминация деңгейіне, әлеуметтік-саяси кеністіктегі өзара әрекетінің сипатына байланысты саяси сананың мынандай: когнитивтік, идеологиялық, коммуникативтік, интегративтік, болжамдық, тәрбиелік функциялары пайда болады<sup>1</sup> және қоғамдық өмірге белсенді ықпал ете бастайды. Саяси сананың когнитивтік функциясы қоғамда жүріп жатқан саяси процестерді бейнелеуді және пайымдауды қамтамасыз етеді. Бұған өткен және бүгінгі саяси оқиғаларға баға беру, сонымен қатар болашақтағы билікті қатынастардың аса тиімді даму жолдары туралы түсініктерді жасау кіреді. Демек, саяси сананың бұл функциясы саяси субъектілердің функцияларды атқаруы және модификациялауы үшін, сонымен бірге саясат әлемінің әр түрлі жақтарын адамның терең танып білуі үшін білімді тұрақты өзгертіп отырудағы қоғамның қажеттілігін бейнелейді және орындайды.

Саяси сананың идеологиялық функциясы қоғамдық дамудың саяси саласындағы топтық мүдделерді қорғау процесін бейнелейді. Саяси сана

<sup>1</sup> *Землянин И.П.* Общественное сознание и его проблемы. Минск, 2006. С. 116.

қоғамның саяси жүйесінің дамуы мен реформалануының әр түрлі доктриналарын тұтас идеологиялық құрылулар және саяси бағдарламалар етіп топтастырады және қорытындылайды. Саяси сананың идеологиялық функциясының арқасында нақты саяси әрекет теориялық реңк алады. Осылайша саяси сананың идеологиялық функциясы жеңіп алған билік ұстанымдарын сақтауда саяси партияларды, ұлтты және мемлекетті біріктіретін қажеттілік болып табылады.

Саяси сананың коммуникативтік функциясы саяси жүйенің әр түрлі элементтері арасындағы өзара әрекет ету процесін қамтамасыз етеді. Мысалы, саяси сананың коммуникативтік функциясы азаматтардың, әлеуметтік топтардың, саяси партиялар мен мемлекеттік институттардың өзара әрекет етуі үшін немесе сайлаушылар мен олардың билік органдарындағы өкілдерінің жан-жақты ынтымақтасуы үшін психологиялық және идеологиялық негіздер мен механизмдерді береді. Сайып келгенде, саяси сананың коммуникативтік функциясы – бұл субъектілердің өз арасында және билік институттарымен саналы өзара әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

Саяси сананың интегративтік функциясы топтық саяси мүдделерді жүзеге асыру ісінде әр түрлі қоғамдық топтың, жіктің немесе таптың өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіруге мүмкіндік береді. Саяси сана топтың барлық мүшелерін биліктік қатынастың тұтас субъектісіне біріктіреді. Саяси сананың болжамдық функциясы саяси процестердің даму бағыттарын, болашақты бағалау мақсаттарын қалыптастырудағы индивидтер мен топтардың қабілетін білдіреді. Бұл өз кезегінде өздерінің мақсаттарын іске асыру және саяси процестердің келешекте дамуы үшін адамдарды қоғамдық өмірге нақты белсенді қатысуға жұмылдырады. Саяси сананың тәрбиелік функциясы саяси билік субъектісі ретінде кез келген әлеуметтік қауымдастық үшін аса сенімді саналатын сол бағыттың қажеттілігін білдіреді. Қауымдастық өзінің өкіліне өзі дайындаған дүниетанымдық мақсаттар арқылы ойлауды және сезінуді «үйретеді». Сондықтан бұл функция белгілі бір мақсаттарға, идеалдарға сәйкес саяси мінез-құлыққа ықпал етуге мүмкіндік береді.

Саяси өмір шындығында саяси сананың әр түрлі функцияларын жүзеге асыру деңгейі нақты жағдайдың барысына, әр түрлі субъективтік және объективтік факторларға байланысты болады. Егер қоғамның саяси дамуы саяси қатынастарға жігерлі қатысушы ретінде әлеуметтік топтың өмір сүру мәселесін қоятын болса, онда топтың саяси санасында бірінші орынға идеологиялық және тәрбиелік функциялар шығады. Мұндай жағдайда топ саяси идеалдар мен көзқарастарды қайта ойлануға және қажетті өзгерістерді қамтамасыз етуге, сонымен қатар кейінгі ұрпақтар үшін билік

мүдделерін жүзеге асырудың жана көңілге қонымды стилін қалыптастыруға тырысатын болады. Егерде әлеуметтік топ немесе тап орнықты саяси көзқарасты ұстанатын болса, онда қоғамның саяси жүйесінің әр түрлі элементтерімен сындарлы өзара әрекетті қамтамасыз ету мүмкіндігін беретін коммуникативті және когнитивті функциялар бірінші орынға шығады.

Сайып келгенде, саяси сананың функциясын жүзеге асырудың сипаты мен толықтық деңгейі саяси процестердің сипатына байланысты айтарлықтай өзгеріске түсетін болады. Функциядағы саясат саласының мәні мен заңдылықтарының бейнелену дәрежесі бойынша саяси сананың мазмұны диалектикалық өзара байланысқан оның әр алуан деңгейлері мен түрлерін қарастырады.

## **2. Саяси сананың деңгейлері мен түрлері**

Саяси сананың мәнін дұрыс түсіну үшін оның деңгейлері мен түрлерін қарастыру қажет. Ғылыми әдебиеттерде осы мәселе бойынша одан әрі зерттеуді талап ететін әр түрлі көзқарастар, амалдар бар. Саяси сананың деңгейлерін сөз еткенде, менің көзқарасым бойынша, саяси сананың: мемлекеттік, теориялық, эмпирикалық және кәдімгі өдеттегі деңгейлерін бөліп көрсетуге болады.

Саяси сананың мемлекеттік деңгейі – бұл ресми саясатты жасау мен негіздеудің іске асырылатын деңгейі. «Мемлекеттік» сана әр түрлі заң жобаларының, бағдарламалардың, конституциялардың және т.б. саяси қатынастарын реттейтінін айтуымыз керек. Саяси сананың осы деңгейінде өмірде бар саяси тәртіптер мен басқару принциптері мейлінше табанды түрде қорғалады. Солай десек те, билеуші саяси күштердің ортақ мүдделерін көрсетуге тырысуы бұл деңгейдің басты белгілерінің бірі болып табылады. Осы деңгейдің өзінде-ақ саяси институттар жүргізіп отырған саясатқа қоғам мүдделерінің, қоғамдық пікірдің бейімделуі жүреді.

Саяси сананың теориялық деңгейін қоғамның саяси өмірін басқаратын заңдарды ашуға бағытталуы ерекшелендіреді. Сондықтан саяси сананың теориялық деңгейі саяси сипаты бар алуан түрлі тұжырымдамалар, идеялар, көзқарастармен көрсетілген. Бұл деңгей ғылыммен және қайсыбір таптың, билеуші топтың идеологиясымен тығыз байланысқан. Десек те идеология (саяси) мазмұны бойынша теориялық санамен (саяси теориялармен) біршама сәйкес келеді, бірақ өзінің ерекшелігі де бар екенін айтқан жөн.

Саяси теорияның (теориялық сананың) міндеті – саясаттың пайда болуы мен одан әрі дамуын түсіндіруге мүмкіндік беретін саясат туралы

жүйеленген білімді жасау. Осымен байланысты теориялық деңгейде саясатты жете түсіну, біріншіден, іргелі-стратегиялық және ағымдағы тактикалық маңызды саяси мақсаттар мен міндеттерді қоюға және шешуге мүмкіндік береді, екіншіден, оларға жетудің құралдары мен әдістерін анықтайды, үшіншіден, пісіп-жетілген проблемаларды шешудің ұйымдық саяси қамтамасыз ету бағыттары мен жолдарын анықтайды. Мұндай жете түсіну саяси шешімдер мен мақсатты бағдарламалардың іске асу барысына бақылау механизмін жасауға; саяси оқиғалардың нақтылы барысына ғылыми сараптама жасауға; билік органдары қабылдаған саяси шешімдердің шынайы және мүмкін салдарларын практикалық тәжірибенің мәліметтерін ескере отырып, саясатты түзетуге мүмкіндік береді.

Саяси сананың эмпирикалық деңгейі тікелей саяси практикаға, саяси процеске жекелеген адамдардың және әр түрлі әлеуметтік қауымдастықтардың шын қатысуына негізделген. Ол саяси процеске қатысатын субъектілердің өздерінде пайда болатын бақылау, сезіну, елестету, сағым, әсерленушілік формасындағы саяси шындықты бейнелейді. Саясат саласындағы теориялық көзқарастармен қатар олар бұқарада саясат және саяси қайраткерлер жөнінде қоғамдық пікірді, ал кең көлемде – қоғамның саяси мәдениетін қалыптастырудың негіздік қызметін атқарады. Үйреншікті, кәдімгі әдеттегі саяси сана қоғамның басым көпшілік мүшелерінде орнығады, оған күнделікті өмірде қалыптасу тән. Десек те саяси сананың қарапайым деңгейі саяси сананың эмпирикалық деңгейімен тығыз байланысқан, солай болғанымен де одан бірқатар айырмашылықтары бар<sup>1</sup>. Мысалы, саяси сананың эмпирикалық деңгейін субъектінің практикалық тәжірибесі сипаттайды. Ал үйреншікті, кәдімгі әдеттегі деңгейді қоғамдық таптың, әлеуметтік топтың немесе адам топтарының тікелей күнделікті өмірде пайда болатын идеяларының, көзқарастарының жиынтығы сипаттайды. Саяси сананың үйреншікті деңгейі эмпирикалық деңгейге қарағанда *идеологиялық және теориялық элементтерінің болуымен айрықшала*нады. Осы деңгейге анық көрінетін әлеуметтік-психологиялық белгілер: көңіл-күй, сезім, эмоция тән. Бұл оған саяси жағдайдағы өзгерістерді анық сезінудің ерекше динамикасын, қабілетін береді.

Кәдімгі әдеттегі саяси сана саясат туралы күнделікті дұрыс мағына көзқарасы тұрғысынан пікірдің және тұрмыстық түсініктің ықпалымен қалыптасып және дамитын болғандықтан, оған жүйесіздік, қарама-қарсылық, стихиялық тән болады. Кәдімгі әдеттегі саяси сана адамның саяси институттармен соқтығысып, қысқа практикалық тәжірибесіне арқа сүйейді. Сондықтан ол саяси психологияның негіздеуі бойынша жүреді.

<sup>1</sup> Желтов В.В. Основы политологии. Ростов-на-Дону, 2004. С. 388.



Алайда, кәдімгі әдеттегі сана саяси психологиямен ұқсас емес. Ал, саяси психология кәдімгі әдеттегі саяси сана шеңберінен шығып кетеді.

Көпшіліктің санасында жасалған мінез-құлық стереотипі мейлінше тұрақты болып келеді. Оның мәнін жай ғана түсіндіруге болады. Оның мәні адамдардың проблемаларды әп-сәтте шешсем деген ықыласы мен талабында жатыр. Проблеманы шешу технологиясы санадан тыс тұрғандай. Сондықтан кәдімгі әдеттегі сана болашақта болса екен деген идеалды моделді өте таяу арада өмірге енгізуді өзінің билікке жету жолында уәде беретін демагогиялық көшбасшылардың әуегейлік (популистік) ықпалына түсіп қалады. Мысалы, горбачевтық «қайта құру» кезінде реформаның утопиялық бағдарламасы жасалып, оны жүзеге асыру арқылы 500 күнде елді дағдарыстан шығарып, прогреске жету белгіленген еді.

Саяси сана өткен мен бүгінгі бағалауды тұрақты түрде анықтау үшін алуан түрлі саяси құбылыстарға қайтадан түсініктеме беруде ашық та айқын болуға тиіс. Саяси сананың мәнін барынша толық түсіну үшін оның алуан түрлерін қарастыру орынды саналады. Саяси сананың субъектісін (алып жүруші) ескере отырып, менің көзқарасымша, саяси сананың: индивидуалдық, топтық, бұқаралық және қоғамдық сана түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Индивидуалдық саяси сана қоғамның саяси дамуы жөнінде адамның жеке басының тәжірибесіне негізделген бағалау мен пікірлерден тұрады. Солай болғанымен де индивидуалдық саяси сана, бір жағынан, топтық, бұқаралық және қоғамдық саяси сананың аса маңызды элементтерін органикалық жағынан қабылдайды, ал екінші жағынан, оларға бірегей түсініктеме береді, тұлғаның субъективтік түсінігінен шыға отырып өндейді. Индивидуалдық саяси сана адамның өз саяси құқығы мен еркін менгеруді, оларды нақты өмірлік жағдайда дағдылы қолдана білуді топшылайтынын атап айтамыз. Индивидуалдық саяси сананың дамуында индивидтің жеке өміріне мемлекеттің араласуын жоққа шығаратын, жеке бас бостандығына, индивидуализмге, тұлға автономиясына ерекше көңіл қоятын классикалық либерализм үлкен рөл атқарады. Либералдық идеялардың одан кейінгі дамуы тұлға мен мемлекет арасындағы ара салмақты түбегейлі өзгертуге әкеп соқты: адам мемлекетке қызмет етпейді, керісінше соңғысы адамға қызмет етеді.

Топтық саяси сана – бұл қоғамның кайсыбір әлеуметтік топтарының, таптарының, жіктерінің, кәсіби қауымдастығының және т.б. саяси түсінігі және сезімі. Жеке тұлға саяси тұрғыдан алғанда өзін жақын, айналасындағылардың көзқарастарынан, өзі тұрақты әрекет ететін және тұлғаның өзін-өзі тануына негіздік қызмет атқаратын локалды топтан «өсіп шығады». Бір әлеуметтік топтың саяси санасы басқа әлеуметтік топтың саяси

санасынан анағұрлым ерекшеленуі мүмкін. Мысалы, таптық карама-қайшылықтары анық байқалатын қоғамда таптардың саяси санасы айқын ерекшеленеді. Халықтың жас мөлшеріне қарай бөлінген жігінің, сонымен қатар әр түрлі кәсіби топтардың саяси санасында да өзгешеліктер бар.

Топтық саяси сананы бұқаралық саяси санадан ажырата білу керек. Бұқаралық саяси сана қоғамның мұқтаждық деңгейі мен мазмұнын жанама түрде білдіреді<sup>1</sup>. Ол сонымен қатар қоғамның саяси шындық туралы білімінің сипатын бейнелейді. Бұқаралық саяси сана мейлінше динамикалық құбылыс. Оған көптеген факторлар ықпал етеді: қайсыбір саяси партиялардың саяси бағыттары мен әрекет тактикасы, алуан түрлі әлеуметтік сілкіністер, нақты тарихи жағдайдың мазмұны және көптеген басқа да факторлар. Бұқаралық саяси сана қоғамның саяси мәдениетінің типі мен деңгейін анықтайды және саяси мінез-құлықтың баршаға ортақ типтік варианттарын орнықтырады.

Осымен байланысты бұқаралық саяси сана қайсыбір әлеуметтік проблеманы шешуге назар аударып және әлеуметтік күш-қуатты тарта отырып саяси қызметті ынталандыра алуымен қатар, бұл проблема егерде шын мәнінде аса маңызды және өзекжарды болмаса, оны барынша қиындата да алады. Саяси практика, сондықтан саяси оқиғаға таза эмоционалды көңіл аудару, тікелей саяси нақтылықтың көріністік бейнесі шеңберінен шығу қажеттігін тұрақты және табанды түрде тудырады.

Бұқаралық саяси сана күйінің қоғамдық пікірден көрініс табатынын ерекше атап өтуіміз керек. Қоғамдық пікір – бұл қоғамда тараған саясат туралы пікірлерді байқататын қоғамның әр түрлі топтарының саяси фактілер мен оқиғаларға жасырын және ашық қатынасы. Қоғамдық пікір ең алдымен әр түрлі әлеуметтік топтардың көңіл-күйімен, олардың саясатқа баға беруімен, қоғамдық өмірдегі қайсыбір саяси институттар мен субъектілердің орны мен рөліне байланысты екенін аңғару қиын емес. Ол бүкіл қоғам шеңберінде де, нақты таптар, топтар және жіктердің ортасында да, белгілі бір жерде де, қайсыбір аймақтардың деңгейінде де қалыптаса алады.

Елдегі халықтың, құрлықтың, тарихи дәуірдің саяси санасын сипаттау үшін «қоғамдық саяси сана» ұғымы қолданылады. «Қоғамдық саяси сана» ұғымы «қоғамның саяси санасы» ұғымына жақын екенін айтуымыз керек. Олар бір-бірімен тығыз араласқан, бірақ толық сәйкес келмейді. Олардың ортақ бейнелеу объектісі – қоғам. Қоғамның саяси санасы, жалпылама айтқанда, бұл көпшілік (бұқара) пен азшылықтың (элита) саяси

<sup>1</sup> Қараңыз: Буев Н.П. *Формы общественного сознания*. Новосибирск, 2010. С. 120-121.

билік, әлеуметтік процестер мен проблемаларды реттеу, мемлекетті және қоғамдық институттарды қалыптастыру бойынша қоғамдық қатынастарының психология мен идеологиядағы бейнеленуі мен көрінісі.

Қоғамдық саяси сана сол қоғам үшін жалпы саяси дамуды бағалаудан, сонымен қатар саясатпен байланысқан сезімдік және психологиялық әсерленушіліктен қалыптасады. Бұл қоғамдық өмірдің саяси саласы туралы әрекеттегі түсінік, дәстүрлі психологиялық күту мен дүниетанымдық баға. Қоғамдық сана топтық, бұқаралық және индивидуалдық саяси сана үшін негіздік қызмет атқарады. Сонымен қатар, ол күрделі және карама-қайшылықты құбылыс. Олай дейтініміз, біріншіден, адамдардың өз саяси пікірлерін құрастыратын сұрақтар, мәселелер қоғам өмірінде әрқашанда көптеп кездеседі; екіншіден, кейде көптеген нәрсе бойынша, мәселелер, сұрақтар негізінде бір емес, бірнеше пікірлер пайда болады.

Қазақстандық қоғамдық саяси санаға тарихи, әлеуметтік-мәдени және ұлттық дәстүрлер, ғасырдан-ғасырға берілген салттар, діни сенімдер, өдет-ғұрыптар, қоғамдық нұсқаулар, құндылықтар, идеялар және т.б. үлкен ықпал етті. Олар қоғамда ұзақ уақыт сақталған әлеуметтік-мәдени және ұлттық мұра болып табылады. Дәстүрлер мен діл (менталитет) тығыз байланысқан — халықтың тарихи қалыптасқан тұрақты ақыл-ой құрылысы және рухани салты. Дәстүрлер мен діл өмірдің тексерісінен өткен іргелі әлеуметтік құндылықтар, идеялар және көзқарастардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Оған, мысалы, қазақтардың өзіндік дүниетанымды жатады<sup>1</sup>.

Саяси санаға аса күрделі тұрақтылық пен динамизм тән. Оның деңгейлері мен түрлерін бөлу және талдау оның нақтылы өмір сүруін көрсетуге, сол деңгейлерді, түрлерді теңестіруге немесе оларды бір-біріне карама-қарсы қоюға жол бермейді. Солай десек те саяси сананың деңгейлері мен түрлері бір-біріне өтеді және өзара өтулер қазіргі саяси сананың сипатты белгісі болып табылады, өйткені оның деңгейлері мен түрлері бөлшектенбейді, бір-бірімен қатыссыз бола алмайды.

Саяси сананың типтерге бөлінетініне де көңіл аудару қажет. Саяси сана типтерінің арасынан тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық және т.б. типтері ерекше көрінеді.

Адамдардың саяси санасына мақсатты бағытталған идеологиялық органдар, БАҚ және т.б. ықпалы зор рөл атқарады. Осымен байланысты идеологияның саяси сананың құрамдас бөлігі екенін атап айту қажет.

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Қишбеков Д.К.* Ментальная природа казаха. Алматы, 2005. С. 15-34.

### 3. Саяси сананың идеологиялық компоненттері

Идеология саяси санада маңызды және ерекше орын алады. Идеология саяси идеялардың, көзқарастардың, құндылықтардың және мақсаттардың жиынтығы ретінде, олардың жүйеге келтірілген түрі іспетті, индивидуалдық және қоғамдық сананың құрамды бөлігі болып табылады, онда саяси идеология түрінде көрінеді. Саяси идеология қоғамдық санада өзіндік «саясаттандырылған» сегментті жасайды. Саяси идеологияны көбінесе саяси сананың «өзегі» деп атайды. Мұнда физикалық әлеммен ұқсастық кездейсоқтық емес. Атомның бүкіл массасы оның ядросына келетін болса, саяси санада идеялар мен тұжырымдамалардың негізгі «салмағы» идеологияларда шоғырланған. Тек солар ғана концептуальды саяси схемаларды жасайды, пайда болған саяси коллизияларды түсіндіреді және анықтайды, халық бұқарасының күнгірт және белгісіз саяси «сезімін» көрсетеді және ұтымды етеді. Саяси сана құрылымында идеологияның негізгі орын алуы олардың бастапқыдағы қалыптасуы мен өмір сүруінің айрықша ерекшеліктеріне себепші болады. Мұндай ерекшеліктерге өдетте: идеологияда орныққан білімнің тұтастығы, жүйелілігі, теориялық деңгейде таным құралдарын қолдану; идеологтардың, кәсіби мамандардың қызметінің нәтижесінде дүниеге интеллектуалдық қызметтің келуі; әу баста өмірде бар саяси қатынастар мен институттарды өзгертуге немесе нығайтуға бағыт ұстау; әр түрлі әлеуметтік топтардың (таптардың, жіктердің, сословиелердің, элитаның және т.б.) мүддесін қамтамасыз ету; бірден-бір басты дәлелдер ретінде қоғамдық өмірдің мақсаттары және құндылықтарына шағым етуге; кейбір «шындықты боямалауға» бейімділік жатқызады.

Идеология саясат субъектісі ретіндегі адамдардың арасындағы институционалдық қатынастарға маңыздылық беруге, нақты қоғамдық-саяси жағдайлардағы саяси шынайылықты түсіндіруге, негіздеуге, ақтауға немесе жоққа шығаруға шақырады. Сонымен бірге идеология қайсыбір идеялар мен құндылықтарды насихаттаумен, таратумен айналысып қана қоймауы керек, ол азаматтардың, партиялардың және басқа да саяси бірлестіктердің мақсаттық әрекеттері мен істерін ынталандыруы тиіс. Идеология және саясат – өте жақын, бірақ бір-біріне сәйкес келмейтін әлеуметтік құбылыстар және процестер, әрі ұғымдар. Олар өздеріне ғана тән мән ерекшеліктері мен заңдылықтарын иемденген. Саясат пен саяси идеологияны ұқсастыру саяси қатынастар мен мемлекеттік құрылымды қисынсыз идеологизациялауға әкеп соқтырады. Сонымен бірге саясаттағы идеологиялық компонентті жоққа шығаруда негізсіздік болып табылады.

Дүниежүзілік және отандық тәжірибе көрсеткеніндей, идеологиялық «вакуум» жағдайында адамдардың өмір сүруі мүмкін емес. Идеологияның саясаттағы рөлі табиғи және аса маңызды нәрсе. Саяси идеологияның көмегімен адамдардың дүниетанымы орнығып дамиды, саяси құндылықтар мен құнды бағдарлар жүйесі қалыптасады. Идеология топтық және қоғамдық мүдделерді білдіруді қамтамасыз етеді, саяси және қоғамдық ұйымдардың құралы қызметін атқарады, ал халықтың идеологиялық бірігуі қатаң өмірлік сынау жағдайында талай рет өзінің зор жасампаздық күшін дәлелдеді. Бұған отандық тарихымыздың көптеген тамаша беттері куә.

Сонымен бірге саясаттың жаппай идеологизациялану қаупі туралы да айтуымыз керек. Соның нәтижесінде өзінің көп түрлілігімен көрінетін қоғамның саяси өмірі біртұтас идеологиялық доктринаның негізінде құрылады. Саясатты идеологизациялау көбіне-көп қоғамда идеологиялық монополияның орнауының және идеологиялық плюрализмді жоюдың салдарынан орнығады. Осымен байланысты саясат «идеологияның малайына» айналады, ал идеологиялық доктрина қоғамның қажеттілігі мен мүдделерін бара-бар бейнелемесе, саясат шектен тыс тиімсіз болады және қоғамды терен дағдарысқа соқтырады. Мұндай жағдай біздің елімізде ХХ ғасырдың 80 және 90 жылдары тоғысында қалыптасты. Оған кеңестік қоғам мен одақтық мемлекеттің күйреуімен байланысты пайда болған көптеген ауыр құбылыстар себеп болды.

Қоғам өмірінің барлық саласындағы, соның ішінде саясат пен идеологиядағы, түбегейлі қайта құрулар, қазіргі Қазақстанның күйін елеулі деңгейде анықтап отыр. Біздің еліміздегі идеологиялық жағдай посткеңестік кезеңде түбегейлі өзгерді, бірақ өлі де өтпелі, тұрақсыздық сипат алуда. Бүгінде Қазақстан, менің көзқарасымша, өлеуметтік-экономикалық және саяси шым-шытырықтардан гөрі өзінің түп-тамыры мен салдарлары жағынан аса күрделі және шешімі қиын дүниетанымдық дағдарысты басынан кешіруде.

Қазақстанның қазіргі жаңа тарихы дәлелдегеніндей, қоғамның табысты дамуы үшін, оның бірлігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін еліміздің көптеген азаматтарын және саяси күштерін өзінің төңірегіне біріктіретін саяси мақсаттардың, идеялардың және принциптердің қорытындыланған жүйесін жасау қажет. Мұндай жүйе мемлекеттік идеологияны ұлттық-мемлекеттік, баршаға ортақ басымдықтар мен құндылықтар жиынтығының бейнеленуі ретінде көрсете алады. Оның ерекшелігі сол, ол қандай да бір идеялық-саяси ағыммен қатаң байланыспайды және монополия бола алмайды. Осы іспетті идеология қоғамның саяси-идеологиялық құндылықтарының бүкіл жиынтығын өзіне сіңіруі тиіс,

мындаған жылдар бойы жинақталған рухани-тарихи тәжірибе де ескерілуі керек. Жүріп жатқан қоғамдық өзгерістермен және Қазақстанның одан әрі дамуы үшін идеялық-саяси бағдар іздестірумен байланысты саяси идеологияны анықтаудың және қазіргі дүние жүзіне кең тараған саяси идеологиялармен танысудың маңыздылығы зор.

Саяси идеология — бұл қайсыбір топтың билікке таласын немесе оны қолдануды негіздейтін және саяси әрекеттердің қайсыбір стратегиясын құрастыратын идеялардың, көзқарастардың, түсініктердің жүйесі. Жалпы саяси идеология мынандай негізгі құрылымдық элементтерден тұрады: біріншіден, бағдарламалық мақсаттар; екіншіден, бағдарламалық мақсаттарды жүзеге асыру стратегиясы; үшіншіден, насихат; төртіншіден, бағдарламаны іске асыру бойынша нақтылы әрекеттер. Анық топтық сипат алған саяси идеология жүргізілетін саяси бағыттардың жағымды бейнесін жасауы қажет, оның қайсыбір топтың, ұлттың, мемлекеттің мүддесіне сәйкестігін сақтауы тиіс<sup>1</sup>.

Осыған орай саяси идеологияның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады: қоғамдық сананы менгеру; оған өзінің құнды бағалауларын, саяси дамудың мақсаттары мен идеалдарын енгізу; азаматтардың мінез-құлқын осы бағалаулар, мақсаттар және идеалдар негізінде реттеу.

Саяси идеологиялардың типтері тарихи жағдайға байланысты пайда болды, қалыптасты және дамыды. Олар: либерализм, консерватизм, марксизм (социализм), социал-демократизм және т.б., бұлар саяси сананың идеологиялық компоненті болып саналады. Либерализм идеологиясы тарихтағы тұңғыш саяси идеология болды. Оны негіздегендер — Дж. Локк, Т. Гоббс және А. Смит. Оның негізгі классикалық принциптері адам және азамат құқы Декларациясында (1789 ж.) жарияланды және Франция Конституциясында (1791 ж.) бекітілді.

Либерализм — бұл саяси партиялар, үкіметтер бағдарламаларына, әлеуметтік-саяси доктриналарына негіз болған принциптер мен мақсаттардың кешені. Либерализм өзінің көп варианттылығына қарамастан белгілі бір тұжырымдамалар, идеялар, принциптер және идеалдар кешенінен тұрады. Индивидуализм, гуманизм және рационализм либерализмнің дүниетанымдық негізі болып табылады. Либерализмнің негізгі ережесі мынаған саяды: жеке бас бостандығын әмбөбап құндылық деп санау; индивидтің өзін-өзі бағалай білу идеясы және оның өз әрекетіне жауапкершілігі; жеке меншікке индивидуалдық еркіндіктің қажетті шарты ретінде қарау; еркін нарық, бәсекелестік және кәсіпкерлік; парламенттік демократия және биліктің бөлінуі; құқықтық мемлекет; тұлғаның негізгі

<sup>1</sup> Гончаренко А.К. Идеология и общество. Киев, 2002. С. 212.

күқығы мен бостандығына кепілдік (ар-ұждан, сөз, жиналыс, ассоциациялар мен партиялар құру және т.б.); жаппай сайлау күқығы; азаматтық қоғам салаларын кеңейту.

Либералдық идеология ағылшын-саксондық елдерде, өсіресе АҚШ-та кеңінен тарады. Практикалық өмірде либерализмнің индивидуалистік идеалы өзіндік мәні бар маңыздылыққа жетіп, батыс қоғамының басты максатына айналды. Дербестікке және өз күшіне сену, индивидуализм және еркін бөсекелестік бірқатар индустриалды дамыған елдерде өмірлік стандарт деңгейіне дейін көтерілді. Либерализм идеологиясының дамуының қазіргі сатысы – ол неолиберализм. Неолиберализм идеологиясы мемлекеттің реттеушілік рөлін, азаматтардың әлеуметтік күқықтарын, реформаны жүзеге асырудың қажеттілігін мойындайды.

XVIII ғасырдың сонына қарай калыптасқан консерватизм идеологиясының дәстүрі жетерлік. Консерватизм идеологиясын ағылшын ойшылы Э. Берк, француздың қоғам қайраткерлері Ж. де Местор және Л. де Бональд жасады. Бұл идеологияның дүниетанымдық негізі дәстүрлі моральмен және материалдық құндылықтарға («өмірлік бастаулар») арқа сүйейтін қоғамды органикалық және тұтас жүйе ретінде мойындауда жатыр. Діни көзқарастарға бағытталған иррационализм және ұлттық құндылықтармен әрі тарихи өмір укладтарымен байланысқан дәстүршілдік консерватизм идеологиясының маңызды түзушілері болды. Сондықтан консерватизм – бұл дәстүрлі ережелерді, нормаларды, билік иерархияларын, әлеуметтік және саяси құрылымдар мен институттарды сақтау қажеттігін жақтайды.

Консерватизмнің саяси бағдарламасы әлеуметтік-саяси өзгерістерді салттарға, ұлттық дәстүрлерге, орнығып қалған қоғамдық-саяси институттарға, елдің социомәдени ерекшеліктеріне бейімдеуге бағыт ұстайды. Онда мемлекет пен отбасын нығайтуға, қауымды сақтауға, шіркеудің ұстанымы мен рөліне, қоғам өмірінің рухани-адамгершілік аспектілеріне үлкен көңіл аударылған. Сонымен бірге қоғамдық тәртіптің заңдары мен ережелерін нығайтуға, патриотизм рухында азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған шаралардың да маңызы зор.

Консерватизмнің саяси-идеологиялық құндылықтарын жүзеге асыру күшті мемлекетті қажетсінетін қоғамдық status-quo сақтауға, мәмілені кеңінен қолдануға, радикалды шараларды, өсіресе революциялық сипаттағы шараларды теріске шығаруға, саяси өзгерістердің эволюциялық тәсілдеріне арқа сүйеуге бағытталған. Қазіргі жағдайда консерватизм дүние жүзіндегі болып жатқан өзгерістерге бейімделіп келеді. Консерватизм дамуында жаңа фаза – неоконсерватизм пайда болды<sup>1</sup>. Неоконсервативтік

<sup>1</sup> Қараңыз: Рыбаков С.П. Политическая идеология. Казань, 2010. С. 125-130.

сана үшін қоғамдық реформаларды іске асыру керектігін, ғылыми-техникалық прогресс табыстарын пайдалану қажеттігін мойындау тән. Оның саяси мақсаттарын прагматизм ерекшелейді.

Марксизм (социализм) идеологиясының айтарлықтай тарихы бар. XIX ғасырдың орта тұсында Батыс Еуропада пайда болған маркстік (социалистік) идеология жетілмеген капиталистік қоғамның өткір таптық қарама-қайшылықтары жағдайында қалыптасты. Оның дүниетанымдық негізі диалектикалық-материалистік түсінікпен және әлеуметтік-саяси процестерді таптық тұрғыдан талдаумен байланысқан. Марксизмнің саяси бағдарламасы биліктік және меншіктік қатынастарды революциялық жолмен өзгертуді талап етеді. Осы өзгертулерге коммунистік партияның жетекшілік жасауы қажеттігі жарияланған, кейін жалпы халықтық мемлекетке ұласатын, капитализмнен социализмге өтпелі кезеңде пролетариат диктатурасының мемлекетін құру идеясын ұсынады. Коммунистік идеалдың негізгісі болып жеке меншік пен таптық айырмашылықтарды жоюмен байланысқан адамдардың жаппай теңдігі, мемлекеттің жойылуы және меншіктен, биліктен, мәдениет табыстарынан шеттетілуді женген «жаңа адамды» қалыптастыру саналады.

Тарихи тәжірибе көрсеткендей, марксизмнің саяси бағдарламасын жүзеге асыру өткір таптық күреспен, күштеу әдістерін кенінен қолданумен, бір партияның саяси монополиясын орнатумен, өндіріс құралдарының мемлекеттендірілуімен, моноидеологияның үстемдік етуімен байланысты болды. Өмірдің материалдық, әлеуметтік және рухани салаларындағы, мемлекеттік құрылыс саласындағы ірі жетістіктер азаматтардың саяси құқығы мен бостандығына белгілі шектеу қоюмен қатар жүргізілді; экономикалық қызмет пен рухани шығармашылық саласында да қатаң әлеуметтік бақылау қойылды. Марксизмнің кейбір концептуальды ережелері (әсіресе футурологиялық аспектіге қатысы бар) практикада керегінше расталмады.

Дүниежүзінде социал-демократия идеологиясы кеңінен тарады. Э.Бернштейннің «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899 ж.) еңбегінде социал-демократия идеологиясының теориялық негіздері қалыңды. Онда ол капитализмнің өзін-өзі дамыту қабілеті туралы тезисті негіздеді. Э.Бернштейннің көптеген идеялары қазіргі социал-демократияның саяси доктринасына енді. Бұл доктрина 1951 жылы Майндағы Франкфурт қаласында өткен социал-демократтардың құрылтай конгресінде «демократиялық социализм» тұжырымдамасы болып жасалды. Плуралистік дүниетанымға арқа сүйей отырып (ерте марксизм, неокантшылдық, сыншыл рационализм және т.б.), қазіргі социал-демократия бостандықты, әділеттілікті және ынтымақтастықты



орталық идеялар ретінде жариялаған. Оның саяси бағдарламасы қоғамдық реформалар жүргізу, әлеуметтік әріптестік, құқықтық мемлекет, әлеуметтік бағыт ұстаған аралас экономика, саяси плюрализм мен демократия талаптарын өзіне қосқан. Социал-демократия идеологиясының маңызды компоненттері болып адамгершілік құндылықтар жүйесі мен саяси қызметтің этикалық ынталандырулары жатады<sup>1</sup>.

Социал-демократияның саяси стратегиясы күрестің революциялық әдістерінен бас тарту, саяси қызметтің парламенттік формасының басымдығы, қоғамдық өзгерістердің бірте-бірте жасалуы, мәмілеге келу, кең саяси одақтармен коалициялар құру негізінде құрылады. Практикада бұл бағдарлама индустриалды дамыған елдерде, әсіресе Еуропада, демократия және әлеуметтік әділеттілік идеяларын іске асыру барысында маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Мысалы, демократиялық социализмнің «скандинавиялық моделінің» табыстары көңілге аса қонымды: қысқа мерзім ішінде тиімділігі жоғары экономика жасалды; бүкіл еңбекке жарамды халықты жұмыспен қамтамасыз етті; кедейшілікті жойды; дүниежүзіндегі ең дамыған әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жасады; сауаттылық пен мәдениеттің жоғарғы деңгейіне қол жеткізді. Скандинавия елдерінде демократиялық әлеуметтік мемлекет әділеттілікті барынша қамтамасыз ету мақсатында ұлттық табысты бөлу функциясын іске асырады. Сөйтіп аралас, көп укладты экономиканың әлеуметтік бағытталған рынокпен органикалық үйлесімділігіне қол жеткізіледі, әлеуметтік тенсіздік қысқарады, байлар мен кедейлердің арасындағы диспаратет төмендейді.

Социал-демократия идеологиясының күші мен өміршеңдігі оның қалың бұқара халықтың мүддесінен шығатындығында, әлеуметтік өмірден қуат алатындығында, социализмнің игілікті идеалдарына арқа сүйейтіндігінде екенін айтуымыз керек. Жоғарыда аталған негізгі саяси идеологиялармен қатар қазіргі дүние жүзінің саяси санасына, саяси өміріне идеологияның басқа да түрлері белгілі бір ықпал жасайды. Мысалға, саясатпен, саяси санамен тығыз өзара әрекетке түскен ұлтшылдық, радикализм, фашизм, нацизм және өзге де экстремистік идеологияларды айтуға болады.

Саяси идеологиялар адамдардың саяси психологиясына қарама-қайшы келетін болса, олардың қаншалықты терең ойластырылғанына және негізделгеніне қарамастан, бұқара халық олардың бірде-біреуін қабылдамайтын болады. Саяси сананың осы деңгейінде идеологияның ұтымды конструкциясы саяси мінез-құлықтың нақтылы ынталандырушысына,

---

<sup>1</sup> *Әбсаттаров Р.Б.* Саяси сана және оның өзекті мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-тың Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2005. № 1. 96 б.

себебіне және мақсаттарына айналады. Сондықтан саяси психологияны саяси сананың маңызды формасы ретінде қарау, зерттеу – саяси ғылымдардың принциптік міндеттерінің бірі.

#### 4. Саяси психология – саяси сананың маңызды формасы

Саяси психология – ғылыми пән, ол ұлттың, таптардың, әлеуметтік топтардың, үкіметтің, индивидтердің саяси санасы деңгейінде қалыптасып көрінетін және олардың нақтылы саяси әрекеттерінде жүзеге асатын қоғамның саяси өміріндегі психологиялық компоненттерді (көңіл-күй, пікір, сезім, құнды бағыттар және т.б.) зерттейді. Саяси психология – бұл адамдардың саяси санасы мен саяси мінез-құлқының саласы, негізінен баға беруді, әдеттегідей, саяси жүйеге (ең алдымен мемлекеттік билікке), саяси өмір оқиғалары мен фактілеріне сезімдік қатынасты білдіреді. Саяси психология, сайып келгенде, саясат субъектілерінің мінез-құлықтарының тікелей уәждерін қалыптастыратын практикалық санасы болып табылады<sup>1</sup>.

Саяси психология саяси идеологияға қарағанда жүйеге келтірілмеген, ұтымды және сондай-ақ, парықсыз (иррационалды) көзқарастардан тұратын ішкі қайшылықты көзқарастар жиынтығымен айрықшаланады. Саяси субъектілердің нақтылы субъективтік сапаларын біріктіріп-ырықтандырып, саяси психология ерекшелікті саяси топтардың (тобырлардың, бұқараның, көпшіліктің) пайда болуына шешуші ықпал етуге қабілетті. Әдетте, саяси психологияның функцияларына саяси мүдделерді қабылдау мен жете түсінудің, адамның саяси салаға бейімделуін, саяси мінез-құлық ниеттемелерінің (мотивация) жүзеге асуын жатқызады. Саяси психологияның мазмұны бойынша оның тұрақты бөлімін (дұрыс мағына, діл, этностың психологиялық құрылымы, дәстүрлер, т.б.) және қозғалыстағы, тұрақсыз бөлімін (көңіл-күй, әсерленушілік, эмоция, сезім, күту) бөліп көрсетуге болады.

Тұрақты психологиялық феномендер арасында түрлі әлеуметтік өзгерістер мен саяси оқиғаларға саясат субъектілерінің жауап қайтару тәсілдері, тұрақты саяси құндылықтардың жиынтығы – саяси ментальдылықтың үлкен маңызы бар. Саяси ментальдылықтың негізі болып белгілі бір этникалық қауымның тарихи даму тәжірибесі шоғырланған тарихи, географиялық және ерекшелікті ортада өзін-өзі сақтаудың аса сенімді тәсілдерін ұрпақтан-ұрпаққа беріп, жеткізетін ұлттық мінез-құлық шығады. Сондықтан ұқсас саяси жағдайларда әр халық өзін әр түрлі ұстайды.

<sup>1</sup> Психология. Словарь. М., 1990. С. 281.

Мысалы, олардың кейбіреулерінде шыдамсыздық туғызып, жедел жауап қайтаруға тырыстырса, басқалары алға қойған мақсаттарға жетуге табандылық қабілет көрсетумен қатар бейбіт жолдарды анықтап, ешбір саяси ұстамсыздыққа бармай, төзімділікпен басынан өткізеді. Әр түрлі саяси-психологиялық сапаларды таптар, әлеуметтік жіктер, сонымен қатар шағын топтар (тікелей қатынас жасайтын), дәлірек айтқанда адамдардың микроәлеуметтік бірлестіктері, референттік түзілімдер, жекелеген саяси ассоциациялар, т.б. меңгерген. Осы топтардың әрқайсысына уақытша немесе тұрақты өмір сүру тән, оларда ұйымдасқан немесе стихиялық байланыстардың болатыны да анық.

Саяси психологияның құрылымының күрделі әрі көп жоспарлы екенін айтуымыз керек. Нақтылы саясат міндетті түрде саяси психологияның құрылымы және динамикасы туралы білімді есепке алу және қолдану негізінде құрылады. Нақты саяси жағдайда бай саяси эмоцияның әрдайым бір ғана жағы басқаларын өзіне бағындырып басымдыққа жетеді. Саясатта саяси процестердегі әсерленуші жақтардың белгілі бір құрылымдық жіктелуін көре білу маңызды болғанымен, бұл салада жүріп жатқан өзгерістерді де байқай білу маңызды. Саясаттануда «шаршау принципі» тұжырымдалған, ол көпшілік ісіне бұқараның қызығушылығының тез өсуімен және соншалықты жылдам басылуымен сипатталатын саяси құмарлықтардың, эмоциялардың тұрақсыздығын есепке алу қажеттігін білдіреді. Сондықтан кез келген белгіленген саяси акция шексіз ұзаққа созылуы мүмкін емес, оған қатысушы адамдар ғана білетін оның анық уақыттық шекарасы болуы тиіс. Осы уақыт аралығы созылмауы керек, өйтпесе саяси акцияға жетпей-ақ оған деген қызығушылық жоғалуы (өшуі) мүмкін.

Саяси психологияда тұрақсыз, өткінші болып саналатын көңіл күй аса маңызды, өйткені көңіл күй белгілі бір кезеңде көптеген адамдарды қамтумен және қайсыбір саяси оқиғаға немесе проблемаға олардың қатынастарын анықтайтын психологияның жалпы, анық көрінетін белгісі. Көңіл күй көптеген адамдардың саяси санасына, мінез-құлқына бірқатар ықпал етеді. Мысалы, көңіл-күйдің аса маңызды қасиеттері оның саны жағынан көп адамдардың назарын аударып отырған проблемаға, саяси қайраткерге шоғырлануы қабілетінен көрінеді. Көптеген адамдардың көңіл-күйіне ықпал жасауды қамтамасыз етуді пайымсыз механизмдерді қолдану жолымен іске асыруға болатынын айтуымыз керек. Бұл жұғыстық – оның қайнар көзі жағынан етілетін ықпалды сынсыз қабылдауымен, тез тарауымен, көптеген бұқара халықтың белгілі бір психологиялық күйіне ендіру сияқты пайымсыз ықпал жасауды қамтумен сипатталады.

Адам психикасының типі мен саяси қатынастар саласындағы оның өзіне алатын рөлінің арасында сөзсіз байланыс бар. Бұл байланыс қатаң, тікелей бола алмайды, адамның дүние танымымен және білімімен, оның саяси мәдениетімен және ол әрекет ететін әлеуметтік және өмірлік жағдайдың сипатымен айтарлықтай дәрежеде жанасады, түзетіледі. Алайда ұқсас саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда бірыңғай әлеуметтік, мәдени және басқа да топтардың өкілдері өздерін біркелкі ұстамайды: біреулері өздеріне саяси оқиғаға белсенді қатысушының міндетін алады; басқалары оған еш араласпайды; үшіншілері – өздерін одан тәуелсіз деп қабылдап, оқиғаның барысына байсалды бағынады; төртіншілері – өз түсініктеріне сәйкес оқиғаны бағыттау үшін күшін салады.

Осымен байланысты өзіне-өзінің сенімді болуы, индивидуалдық күшін, өзінің адамгершілігін сезінуі, өзінің күшіне сенуі – бұл белгілердің бәрі саяси өмірге қатысумен жағымды ара қатынаста болады. Саясаттан қашқақтайтындар көбіне-көп әлсіз индивидуалды кісілер, өзінің күштері мен мүмкіндіктеріне сенбейтін адамдар. Саясаттан қашқақтайтын адамдар басқа да өмірлік жағдайларда өздерінің қызығушылығын әлсіз түрде көрсетеді.

Саяси санаға, ойлауға және мінез-құлыққа тұлғаның мақсаты және стереотипі сияқты психологиялық күйі де айтарлықтай ықпал етеді<sup>1</sup>. Мақсат – адамдардың немесе адам топтарының (әлеуметтік-саяси және эмоционалды тәжірибесі) саяси оқиғаларға қатынастарын анықтайтын психикалық күйі. Қалыптасқан мақсат негізінде қоғамдық-саяси өмірдің жағымды немесе жағымсыз құбылыстарын сезіну жүреді. Бейтарап қалу қандай да бір мақсатының жоқ екендігін білдіреді. Мақсат психологиялық құбылыс ретінде эмоционалды түрде берілетін, тұлға үшін маңызды әр түрлі факторлардың ықпалымен пайда болады. Оның қалыптасуында сенімді деректерден келіп түсетін, сонымен қатар сол уақытта бірінші орында тұрған ақпарат үлкен рөл атқарады. Көбіне-көп сенімді ақпарат сыни пайымдаудан өткізілмейді, оны таза сенім ретінде қабылдайды; басқаша саяси түсініктеме беріліп, кешіккен ақпарат қалыптасқан мақсатпен бетпе-бет келіп қалады да, белгілі бір сенімсіздікті тудырады.

Саяси психологиялық мақсат пен объектінің стандартталған әлеуметтік және саяси бейнесі – стереотипі ұштасады. Әдеттегі жағдайларды бейнелейтін сенімді стереотиптер адамның саналы түрде саяси қызметке қатынасын жеңілдетеді, сенімсіздері – жалған бағалау жүйесін тудырады да дұрыс әлеуметтік-саяси бағдарларға кедергі келтіреді. Қалыптасқан стереотиптерді қирату, егерде тұлғалардың орнын толтыратын немесе

<sup>1</sup> Социальная психология и ее проблемы. М., 2001. С. 189.

алмастыратын идеялары, істері, жаңа ұстанымдары болмаса, тұлғалардың өмірлік ұстанымы үшін қатерлі қауіп төндіруі мүмкін. Стереотиптер мақсатқа қарағанда баяу қалыптасады, бірақ олар алғашқымен салыстырғанда әлдеқайда берік және өміршең болып келеді.

Саяси сана негізінен саяси психологияда адамдардың саяси мінез-құлықтарының психологиялық компоненттерінің болуына көңіл аударады. Сондықтан саяси сананы және саяси процестер мен құбылыстардың сипатын түсіну үшін саяси мінез-құлықтың әр түрлі формаларындағы ерекшелікті психологиялық көріністерді білудің зор маңызы бар. Ғылыми әдебиеттерде бұл көріністерге адамдардың саяси мінез-құлқына тән ұйымдасқан және стихиялық екі негізгі формада қолдануға талдау жасалады.

Саяси процеске қатысушылардың мінез-құлқының ұйымшылдық формалары билік органдарының және басқа да саяси институттардың, соның ішінде оппозициялық институттардың қызметтері арқылы іске асады. Ресми (биліктік) институттардың қызметіне әдеттегідей, жағымды сезімдер мен көңіл-күйлердің басымырақ болуы тән. Олардың қызметіне қатысатын адамдар мансабын арттыруға, жоғарғы әлеуметтік мәртебеге жетуге, жеңілдіктер алуға біршама ден қояды. Олар үшін көбіне-көп шындыққа сыни емес қатынастар және бейімделушілік, соның ішінде қоғамда үстемдік етуші саяси құндылықтарға бейімделу тән.

Оппозициялық ұйымдар мен формальды емес бірлестіктердің қызметінде, зерттеу көрсеткеніндей, өзгеше саяси-психологиялық ахуал қалыптасады. Осы ұйым мүшелерінің арасында әдетте беймазалық сезімі мен көңіл-күй, қанағаттанбаушылық, өзгеріске, жанартуға т.б. деген ықылас басым болады. Оппозициялық қозғалыстарға қатысушылар саяси практикада орын алған саяси құбылыстарды сыни қабылдауға әлдеқайда қабілетті.

Стихиялық саяси мінез-құлық саяси ұйымдар мен қозғалыстарға қатысушылардың жоспарланбаған қимылдарынан, сонымен қатар ұйымдаспаған қарсылық әрекеттерінен көрініс табады. Стихиялық мінез-құлық – бұл адамдардың саяси дағдарысқа, тұрақсыздық жағдайға, биліктің теріс әрекетіне, өзінің жағдайының нашарлауына байланысты көрсететін жаппай реакциясы. Ол саналылық пен прагматикалық қарағанда әрекеттің иррационалды, қызбалық формаларының басым болуымен байланысты.

Стихиялық саяси мінез-құлықтың және оның себептерінің психологиялық ерекшеліктерін білу күрделі саяси коллизияларды шешуге көмектеседі. Осымен байланысты наразылықтың ұйымдаспаған формасы қоғамға қауіпті әрекеттерге – бунтқа, жаппай жөнсіздікке, лаңкестік актілерге (жарылыстарды ұйымдастыру, адамдарды кепілдікке алу және әкімшілік

ғимараттарды басып алу, т.б.), сонымен қатар басқа да зорлық-зомбылыққа, заңға қайшы әрекеттерге әкеп соқтыратынын есте ұстау қажет. Адамдардың стихиялық мінез-құлқына сенімсіздік сезімінің артуы, билік құрылымдарына және ресми ақпаратқа сенбеушілік, ызакорлық, байбаламшылық көңіл-күй және т.б. сияқты психологиялық факторлар ықпал етеді. Мінез-құлықтың стихиялық формасына алып келетін келеңсіз көңіл-күйлердің артуына, өз кезегінде алып кәшпа сөздер, агрессиялық әрекеттер, қылмыстың өршуі, жемқорлық пен әділетсіздік фактілері, танымал емес заңдар және атқарушы органдар мен басқалардың қате шешімдері ықпал етеді. Сайып келгенде, саяси мінез-құлық саяси психологияның саясат және саяси сана салаларындағы орны мен рөлін көрсететін маңызды сыртқы форма болып табылады.

Қорытындылай келіп, саяси сана – саяси идеология мен саяси психологияға негізгі салмағы түсетін күрделі, көп деңгейлі конструкцияны бейнелейді деген тұжырым жасауға болады. Саяси сана – бұл адамдардың өмір сүріп тұрған және саясат пен саяси құбылыстарда болса екен дейтін субъективтік қатынастарын көрсететін көзқарастар, ұғымдар, түсініктер, мақсаттар мен сезімдерінің жүйесі.

## **САЯСИ МӘДЕНИЕТ**

Саясат әлемінде саяси мәдениет ерекше орын алады. Онсыз қоғамның саяси өмірі мен азаматтық болмысы, жекелеген мемлекеттердің, сондай-ақ халықаралық ауқымдағы саяси қатынастың да қалыптасуы мүмкін емес. Саяси мәдениеттің деңгейі мен типтері көбінесе оның түрлеріне, тәсілі мен саяси өмірге қатысты болуының ауқымына және жеке тұлғалардың саяси болмысына, саяси іс-әрекеттің сипатына тәуелді болады. Саяси әлемнің қыр-сырын түсіну үшін саяси мәдениеттің маңызы зор екені даусыз. Соған қарамастан ғылыми әдебиетте оны көрсетуге айтарлықтай мән берілген жоқ. Өмірдің ең басты қоғамдық саласының бірі ретінде саясаттың пайда болған кезеңінен бері оның құндылық-нормалық өлшемдері болды, онда адамдардың қоғамдық игілігі жөнінде, қоғамды өділетті құру жөнінде түсінігі көрініс тапқан. Барлық пайда болған саяси институттар, оның әлеуметтік міндеттері, биліктің ара қатынасының түрлері және жеке тұлғалар қоғамдағы саяси мәдениетті айқындайды.

Саяси мәдениетке қоғамдық саяси институттармен және саяси процестермен байланысты болған кез келген елдегі қоғамдық ақыл-ойдың элементтері мен жекелеген құбылыстары мемлекеттік және саяси институттардың түрлеріне, қалыптасуына іс-қимыл жасауына және дамуына айтарлықтай ықпал ете отырып, саяси процестерге және адамдардың саяси көзқарастарына бағдар беріп отырады. Саяси мәдениеттің негізгі құндылығы кез келген қоғамдық саяси жүйенің өмірге бейім болуы мен сабақтастығының сақталуы үшін аса маңызды болып табылады.

Саяси мәдениеттің ауқымы (сферасы) қоғамның саяси өмірі болып табылады, оның бәрі биліктің проблемасы мен басқаруына, адамдардың саясатқа араласуына қатысты екенін атап көрсеткен жөн. Сондай-ақ оның ауқымына: саясат пен құқықтың, саясат пен экономиканың, саясат пен дамгершілік болмыстың өзара қатысы кіреді. Осыған орай саяси мәдениетті толық мәнінде ұғынып және дұрыс бағалай білу қажет. Бұл үшін бәрінен бұрын саяси мәдениет туралы түсінік пен оның құрылымын оқып үйрену, білу қажет.

### **1. Саяси мәдениет туралы ұғым және оның құрылымы**

Саяси мәдениет күрделі әрі көп қырлы құбылыс, сондықтан да ол туралы барынша кең ұғым, пікір, позиция, анықтамалар, тұжырымдар және т.с.с. қалыптасқан. Сондай-ақ, оның құрылымдық бөліктері, мазмұны, қызметі, т.с.с. туралы да осылай деуге болады. Саяси мәдениетті кейде

саяси іс-әрекетке бағдар берудің, саяси сананың, психологиялық ерекшеліктің, тарих пен саясатты субъективті түсінудің жиынтығы ретінде саяси жүйемен бірдей дәрежеде қарастырады. Көбінесе оны адамдардың білімі мен мәдениетіне, оның жұртшылық алдында өзін ұстау қабілетіне, саяси позициясын нақты және айқын баяндай білуіне теңдестіре қарастырады. Осыған байланысты ғылыми әдебиетте саяси мәдениет көбінесе бағыт-бағдардың, құндылықтардың, баға беруге деген наным-сенім мен міндеттердің жиынтығы ретінде де қарастырылатынын атап айтқан жөн.

Ғылыми әдебиетте саяси мәдениетке 50-ден астам анықтама берілгенін айта кету керек. Бұл анықтамалардың қай-қайсысында болмасын ең бірінші оның жан-жақтылығы, аспектісі және сипаты айтылады. Бұл анықтамалардың бәрінің де өміршеңдік негізі бар. Сонымен қатар саяси мәдениеттің табиғатын түсіну үшін бұл құбылыстардың барынша толық сипатын да ұғыну қажет. Мұның өзі саяси жүйелердің қызметін, адамдардың саяси мәдениетінің қалыптасуы жолындағы мақсаткерлік ұмтылысын түсіну үшін қажет<sup>1</sup>. «Саяси мәдениет» терминін ғылыми айналымға ХҮІІІ ғасырда немістің философ ағартушысы И. Гердер енгізген. Ал, саяси ғылымда «саяси мәдениет» ұғымын ХХ ғасырда концепция ретінде қалыптастырған америка саясаттанушысы Г. Алмонд болды.

Ғылыми әдебиетте «саяси мәдениет» ұғымы екі мағынада — кең және тар мағынада қолданылады. Кең мағынадағы «саяси мәдениет» ұғымы ол қоғамдық саяси институттармен және саяси процестермен, саяси дәстүрмен, саяси практикада қолданылып жүрген нормалармен, идеялармен, концепциялармен және пікірлермен түрлі қоғамдық саяси институттармен өзара қатынасы туралы т.с.с., бүтіндей алғанда саяси қарым-қатынаспен байланыстағы белгілі бір елдің рухани мәдениетін қамтиды. Мұнда ол сол кезеңдегі бүтіндей жүйеге адамдардың белгілі бір бағдарын және ұстанымдарын қамтиды. Мұнда ол қоғамдық саяси институттар мен маңызды ойын ережелерінен, жекелеген адамдардың өзара қарым-қатынас принциптерінен, қоғам мен мемлекеттің өзара қатынас принциптерінен құралады.

«Саяси мәдениет» ұғымы тар мағынада тек қана адамдардың саяси тәжірибесі, білімі, ұстанымы, көзқарасы, стереотипі, концепциясы, болмысы ғана емес, сонымен бірге саяси субъектілердің іс-қимылы мен қызметі; саяси құбылыстарға баға берудегі азаматтардың өресі мен хабардарлығы, жете білушілігі, адамдардың саяси этика, мінез-құлық, іс-әрекетінің формасы — топтастырылған жүйесі болып табылады.

Саяси мәдениет дегеніміз — билік пен азаматтардың өзара қарым-қатынасына қатысты позициясының құндылығының және мінез-құлық

<sup>1</sup> Сидоров А.С. Политическая культура. М., 2004. С. 40.



кодексінің жиынтығы болады. Сонымен қатар, саяси мәдениетке мыналарды жатқызуға болады: саяси білім, фактілер, оған ықыласты болуы; саяси құбылыстарға баға беруі, биліктің жүзеге асыруға тиіс оқиғаларға қатысты пайымдары; саяси позицияға деген көңіл-күйі, мәселен, Отанға деген сүйіспеншілік, дұшпанға деген жек көрушілік; белгілі бір қоғамда қалай әрекет етуді айқындайтын саяси іс-әрекеттің үлгісі.

Бүтіндей алғанда саяси мәдениет дегеніміз саяси саланың сапалық сипаттамасы, оның дамуының өлшемі болып табылады. Саяси мәдениет дегеніміз, қарым-қатынастардың жүйесі және сонымен бір мезгілде ұрпақтардың бірін-бірі ауыстырудағы туындайтын және қайта туындап жататын процестер болып табылады. Бұл құбылыс үнемі қозғалыста болып, дамып, өзінің мазмұны мен түрлері, құбылыстары арқылы тарихты тұрақты байытып отырады. Бұлар қоршаған әлемнің өзгерістеріне, өндірістік революция болсын, ғылыми-техникалық, компьютерлік, ақпараттық және өзгедей революциялар болсын, олардың бәрін де тез сезінеді.

Саяси мәдениет дегеніміз, құндылықтардың және ұстанымдардың, білімнің және көзқарастың, құралдар мен тәсілдердің, көріністер мен өмір нормаларының, бағыт-бағдарлардың және олардың белгілерін білдіретін жүйе болып табылады. Мұның бәрі жалпылама қабылданған және саяси тәжірибемен реттелген, қоғамның барлық мүшелерінің саяси іс-қимылдарын реттеуші құбылыс болып табылады. Саяси мәдениет жеке тұлғалар мен саяси биліктің арақатынасының арналарына қызмет етеді. Оның негізгі міндеті жүзеге асыру жолында ешқайсысын шеттетіп ығыстырмай, қайта керісінше, адамдарды саяси жүйе мен саяси іс-әрекетке тарту болып табылады. Саяси мәдениет дегеніміз саяси институттардың қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай ықпал ететін қоғамдық сана мен ортақ мәдениет элементтерінің кешенді жиынтығы болып табылады. Ол бүтіндей алғанда саяси процестерге және халықтың саяси іс-әрекетіне мән беріп, бағдар сілтейді. Кез келген нақты қоғамға өзіне тән, өзіндік ерекшелігі бар саяси мәдениеттің негізінің үлгісі сәйкес келеді.

Саяси мәдениет дегеніміз саяси білімдердің, саяси сананың, саяси көзқарастың және саяси құндылықтардың, сондай-ақ саяси іс-әрекеттің бірлігі болып табылады. Адамдардың саяси білімі тәжірибеде тексерілген саяси санасын, білімін қалыптастырып, оның көзқарасына айналып, саяси құндылықтардың белгілі бір жүйесі болады. Адамдар осыны басшылыққа алып, іс жүзінде саяси іс-әрекетімен өзінің білімін іске жаратады<sup>1</sup>.

Саяси мәдениетті құндылықтар мен ұстанымдар жүйесі ретінде сипаттауға болады. Оны халықтың басым көпшілігі саяси ынтымақтастықтың

<sup>1</sup> Исаев С.Г. Культура личности. СПб., 2010. С. 73.

субъектісінің сапасы ретінде қабылдайды. Бұған саяси жүйесіне қатысты түпкілікті көзқарас, ұстаным, бағыт-бағдар, белгілер жатады. Саяси мәдениет белгілі бір мағынада қоғамның сол кезеңдегі басқару формасының заңдылығы деп қабылданған таным-түсініктің деңгейі болып, сол тұстағы ойындар ережесі әрекетіне мойынсұнған саяси әрекеттілікке бой ұрғандық шеңберінде ұғынылады. Саяси мәдениеттің ұстанымы мен өмірге бейімділігінің маңызды бір факторы сол кезеңдегі жүйенің және белгілі бір саяси режим кезеңдерінің заңды болуы ретінде мойындалады. Сонымен қатар саяси мәдениетті құрайтын құндылықтар, бағыт-бағдарлар, ұстанымдар, стереотиптер жүйесінде саяси жүйенің қалыптасуы мен сақталуына қабілетті элементтер негізгі орын алады. Қоғамның барлық мүшелерінің жағымды құндылықтарының санын, олардың жекелеген компоненттерінің арасындағы, олардың тұрақтылығын, өмірге бейімділігі консенсусының деңгейі айқындайды.

Сонымен бірге бірқатар саясаттанушылардың пайымдағанындай, саяси мәдениетті қоғамның кенінен түсінгеніндей, құндылықтардың, көзқарастардың және белгілердің ғана жүйесі, сол тұстағы саяси жүйеге қатынасына «жағымды» ұстаныммен ғана шектеліп қарастыру заңды бола қоймайды. Өз тұсындағы жағдайды өзгерту жөнінде талап білдіретін саяси танымды, ұстанымды және құндылықтарды жалпы көпшіліктің таным-түсінігі, ұстанымы және баға беруі арқылы үзілді-кесілді жоққа шығарудың соны зардапты болатынына айрықша мән беру қажет. Көбінесе қоғамның көпшілігінің пікірімен келісе қоймайтын жағдаяттар белгілі бір саяси мәдениет пен бүтіндей саяси жүйенің маңызды болмысы мен даму үрдісіне ықпал етеді. Мұндайды мойындамаған жағдайда капиталистік елдердің тарихында солшыл және оңшыл радикализм түрлері қазіргі кезеңде ондағы жағдайды өзгерту талабын білдіріп отырғанын ұғыну мүлде мүмкін болмас еді. Саяси мәдениет дегеніміз, қоғамның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады да, ол өмірдің басқа салаларымен тығыз байланыста болады. Сонымен, саяси мәдениет құқықтық мәдениетпен, адамгершілік мәдениетімен, идеялогиямен<sup>1</sup> т.с.с. табиғи байланыста болмақ.

Сонымен саяси мәдениет дегенді белгілі бір елдің, жекелеген таптардың, әлеуметтік топтардың, жеке тұлғалардың саяси өмір салтының интегралды сипаттамасы ретінде саяси практиканың сол кезеңдегі іс-қимыл нормасы деп қарастыруға да болады. Саяси мәдениет ондаған жылдар бойы ұрпақтардың саяси дәстүрі, саяси практиканың сол кезеңдегі дағдысы бола отырып, түрлі қоғамдық-саяси институттар арасындағы өзара қарым-қатынас жөнінде идеясы, концепциясы және пайымы т.с. сияқтыларды қамтиды.

<sup>1</sup> Общество и политическая культура. Минск, 2006. С. 190-198.

Ол жеке тұлғалардың саяси бағдарларын айқындап, адамдардың қоғамдық-саяси қарым-қатынасқа, іс жүзіндегі саясатқа араласуын қамтамасыз ете отырып, олардың саяси құндылықтарын, нормалары мен идеяларын, сондай-ақ мемлекеттің саясатына деген, саяси партияларға деген қарым-қатынасын қалыптастырып бұл орайдағы саясаттың жүзеге асырылуына қатысуына негіз болады.

Саяси мәдениеттің мазмұнын, мәнін оның құрылымы арқылы түсінуге болады. Саяси мәдениеттің құрылымы ерекше. Бүтіндей алғанда, саяси мәдениеттің құрылымында танымдық, адамгершілік баға берушілік және мінез-құлықтық элементтерді бөліп көрсетуге болады. Саяси мәдениеттің танымдық элементі саяси білім, саяси білімділік, саяси сана, саяси ойлау тәсілі болып құралады. Саяси мәдениеттің танымдық элементі азаматтардың білімі мен түсінігін бағдарлайды: елдің Конституциясы мен мұнан өзге де заңдарын, ірі саяси күштердің бағдарламалық жағдайын; мемлекеттің, партияның және қоғамдық саяси органдар мен ұйымдардың қызметі мен құрылымын; негізгі саяси нормалар мен процедуралар, «саяси ойындардың ережесі»; елде қалыптасқан саяси қатынастар; азаматтардың қоғам мен мемлекетті басқаратын қоғамдық-саяси өмірге қатысу жолдары мен түрлері; халықаралық өмірдің жетекші саяси процестері.

Саяси мәдениеттің адамгершілік баға берушілік элементі саяси нысандар жөнінде белгілі бір түсінік пен пайымды бағдарлайды. Бұл дегеніміз, әдетте саяси нысандар мен оқиғаларға қатысты бағалы өлшемдер қолдануды талап етеді. Саяси мәдениеттің құндылық қатынасы құрылымында жалпы мәдени бағдар, билікке деген көзқарас, саяси құбылыстарға деген көзқарас пен қарым-қатынас атап көрсетіледі. Мұнда саяси сезім, дәстүрлер, идеалдар, түсініктер, нақты мақсаттар маңызды роль атқарады. Қоғамның саяси мәдениеті мен оның әр мүшесінің саяси мәдениетінің дәрежесі идеялық-баға берушілік ұстанымы, нақты саяси іс-қимылының нормасы арқылы анықталады.

Саяси мәдениеттің мінез-құлықтық элементі мынандай негізгі бөліктерден тұрады: мемлекеттік құжаттардың жобаларын талқылауға және плевбисциттер мен референдум өткізу шараларына қатысуын азаматтардың өздерінің ұғынуы; қоғамның саяси өміріне — жиындарға, шерулерге, саяси ереуілдерге, пикеттерге қатысуының түрлері мен дәрежесі; мемлекеттік институттар мен қоғамдық ұйымдардың өзара қарым-қатынасының түрлері мен дәрежесі, сондай-ақ, саяси партиялар мен қоғамдық саяси ұйымдарға мүше болуы; әр түрлі компаниялардағы, қоғамдық саяси іс-қимылдар мен және т.б. шараларға қатысуы. Сонымен қатар, саяси мәдениеттің мінез-құлықтық элементіне саяси ұстанымдар, саяси белсенділік түрлері, қоғам-

дық саяси қызметтің түрлері, ерекшелігі, үлгісі, бүтіндей алғанда саяси дағдысы жатады.

Кез келген саяси мәдениеттің маңызды элементі оның саяси белгісі — символы болып табылады. Саяси символ дегеніміз, аса маңызды саяси идеалдардың шартты бейнесі, оларды насихаттау мен орнықтырудың аса маңызды құралы. Мемлекеттің елтаңбасы, саяси партияның эмблемасы, ұлттық жалаудың түсі, ордендер және өзге де осы секілді белгілер міне, нақ осындай мәнге ие болады. Символдардың топтастырушылық және жұмылдырушылық мәні болады, саяси позицияның үгіт-насихатының құралы қызметін атқарады. Ұлттық мемлекет пайда болғаннан бері саяси көсемдер ұлттық символдарды жасап пайдаланып келеді. Мұндай символдарға жалау, әнұран, Конституция, мерекелер, ресми сапарлар, ресми шаралар және т.с.с. жатады. Мұның бәрі адамдардың көңілін баурай отырып, олардың бірін-бірі түсініп, топтаса отырып белгілі бір өрекеттерге қатысуына ынталандырады.

Саяси мәдениет құрылымдық дәреже жағынан қарастырғанда айтарлықтай күрделі құбылыс екенін атап айтқан жөн. Оның негізгі құрылымдық үш деңгейі болады. Олар: дүниетанымдық, азаматтық және саяси деңгейі. Мұның бәрін бір-бірімен саяси дүниетаным жымдастырып, орнықтырады. Ал, саяси дүниетаным дегеніміз, адамдардың, жекелеген топтардың немесе әлеуметтік топтардың ортақ дүниетанымының құрамды бір бөлігі болады. Адамдардың саяси бағдарының сипатына, қолдауына немесе қарсы шығуына басты себеп қоғамда таным-түсінікті қалыптастыратын жүйе ұстанымының (позициясының) басым болуы және оның баға берушілік пен нормативті ұстанымдарының, адамдарға, бүтіндей алғанда қоғам мен бүкіл әлемге деген іргелі көзқарастың ықпалы күшті болады.

Саяси мәдениетте дүниетанымдық деңгей саяси мәдениеттің іргетасы болып табылады. Осындай деңгейде саяси әлемде адамдардың өзіндік бағыт-бағдар ұстануы орнығып, белгілі бір саяси бағдар мен саяси қалыптасқан нормаларды таңдайды. Мұндай таңдау адамдардың өмірге деген позициясынан, жекелеген немесе ұжымдық құндылықтарды мойындаудан өрбіп, Батыс немесе Шығыс өркениетінің нормаларына, олардың идеологияларына, зорлық-зомбылыққа, қатынасына орай қалыптасады. Саяси мәдениеттің азаматтық деңгейі саяси мәдениеттің өзегін қалыптастырады. Мұндай деңгей адамдардың жалпы билік етудің орталығы және мәжбүр етушіліктің тетігі ретінде билікке деген қатынасын білдіреді. Адамдар саяси өмірмен араласқанда билік пен өзінің қатынасы және оның мүмкіншілігінен мұндағы орны қалыптасатыны сөзсіз. Міне, осының негізінде ол өзінің азаматтық құқы мен міндетін айқындайды. Нақ осындай азаматтық деңгейде азаматтардың билікке бағынышты болуының әділетті

екені жөніндегі және билікке қатысты азаматтардың құқығының басымдығы (еркіндігі) жөніндегі сенімі қалыптасады. Мұндай іштей сенім көптеген адамдарда олардың партиялық немесе саяси топтарға деген әуестілігіне қарағанда барынша маңызды.

Саяси мәдениеттің азаматтық деңгейінің даму процесінде саяси мәдениеттің саяси деңгейі қалыптасады. Осындай мазмұнда өзіндік саяси құбылысқа деген – мемлекет пен мемлекетаралық байланыстан бастап, азамат ретіндегі өзіндік сезінуге дейін адамдардың саясаттағы субъекті ретіндегі құндылық бағдары қалыптасады; сөйтіп, адам мен саясаттың өзара қатысы түпкілікті «ұғынылады»; адам өміріндегі саясаттың мәні айқындалады. Құндылық бағдарлар саяси (немесе бейсаяси) болып орнығады. Адамдар саяси мәдениеттің саяси биігіне көтерілген соң қоғамның саяси өміріне араласады немесе саясаттан мүлде шеттеп қалады. Мұнда адамдардың белгілі бір топтары саясатты «бақылаушы» болады. Мұндайлар өздерінің мәселелерін бәз біреулер бәзбір кезде шешеді деп үміттенеді.

Саяси мәдениеттің құрылымдық деңгейі мен элементтері өзара тығыз байланыста болып, біртұтас тұрақты және жүйелі іс-қимылға айналатынын айтудың маңызы зор. Мұнда саяси мәдениеттің мәні мен маңызын терең ұғыну үшін саяси мәдениеттің типтері мен қызметінің ерекшелігін талдаудың маңызы зор.

## 2. Саяси мәдениеттің типтері мен қызметі

Тарихта саяси мәдениеттің өзгеру процестерін, белгілі бір саяси қауымдастықтың саяси мәдениетінің ерекшелігін бейнелеу үшін саяси мәдениеттің типі деген ұғым енгізілген. Саяси мәдениеттің типі дегеніміз – тарихи уақыттың белгілі бір кезеңдерінде, белгілі бір тарихи ортада өмір сүрген қалыпты дағдыға ие, бір немесе бірнеше мемлекеттің шеңберіндегі оқиғалар мен саяси өрлеуге деген көзқарастары бірдей адамдардың барынша ортақ дағдылары мен саяси санасы болып табылады. Мұндай типтердің ерекшеленіп бөлінуіне негіз болатын объективті және субъективті факторлар болуы мүмкін.

Саяси ғылымда саяси мәдениеттің көптеген типтері бар екенін айта кету керек. Саяси мәдениеттің типтерін тұңғыш рет Американың әлеуметтанушылары Г. Алмонд пен С. Верб тереңдеп зерттеді. 1958 жылдан 1962 жылға дейін олар Ұлыбританияда, Батыс Германияда, Италияда, Мексикада және АҚШ-та саяси мәдениетті кең көлемде салыстыра зерттеу тәсілін қолданды. Олардың зерттеулерінің нәтижелері мен оның негізінде жасалған концепция «Азаматтық мәдениет» деген кітапқа енгізілді. Онда саяси мәдениеттің үш типі: патриархалдық, басыбайлылық және белсенділік ерекше бөлінді.

Саяси мәдениеттің патриархалдық типіне жергілікті құндылықтарға – қауымдастыққа, руға, рулық қауымға, деревняға, тайпаға т.с.с. азаматтардың бағдар алуы тән болып келеді. Сонымен патриархалдық мәдениетті ұстанған адамдар белгілі бір тұлғаға, көсемге, шаманға бағдар ұстанады. Мұндай қауымдастық мүшелерінің саяси жүйе туралы білімнен хабары болмайды, олардың саяси бағдары экономикалық және діни бағдардан ажырамаған. Сондықтан патриархалдық мәдениетті ұстанған адамдар саяси жүйеден ештеңе күтпейді. Мысалы, Африкадағы тайпаларға патриархалдық саяси мәдениет тән. Оларда атқаруға тиіс арнайы саяси роль деген болмайды. Жергілікті көсемдер мен шамандардың орталық үкіметпен ешқандай қатысы болмайды да, олармен қарым-қатынасы белгілі бір нормалармен айқындалмайды. Патриархалдық саяси мәдениет индустриалды дамушы елдерде де сақталып қалуы мүмкін. Мұндағы азаматтардың көпшілігінің көзқарасы өздерінің өмірлері, тұратын қалалары т.с.с. шеңберінен аспайды.

Саяси мәдениеттің басыбайлылық типі дегеніміз – мәдениеттің тәуелді және бағынышты болуы. Саяси мәдениеттің басыбайлы типі саяси институттары, мекемелері мен ұйымдары және т.с.с. бар қоғамдарға тән. Алайда мұндағы саяси билік «жоғарыдан төменге» деген саяси нормаға айналып, игілікке бөленемін немесе жазалауға ұшыраймын деген оймен жоғарғылардың өмірін орындаушылық саяси дағды болып қалыптасады. Мұндай саяси мәдениет азаматтардың саяси белсенділігі барынша төмен дәрежедегі қоғамда орын алады. Ол негізінен бәсең сипатқа ие және адамдарды саяси жүйеге қатысудан шеттетеді. Сөйтіп, адамдар мұнда саяси саналы бола тұра тек қалыптасқан дәстүрді ғана бағдарға алады.

Саяси мәдениеттің белсенділік типі дегеніміз, индивидтердің саяси өмірге белсене қатысуымен ерекшеленетін саяси мәдениет болып табылады. Мұнда азаматтар сайлау арқылы өздерінің мүддесін білгірлікпен қорғайды. Мүдделер тобы, партиялар саясатты қалыптастыру процесіне ықпал етеді. Сонымен қатар олар саяси жүйеге өздерінің адалдығын, заңға мойынсұнушылығын және қабылданған шешімдерді құрметтеуін аңғарып отырады.

Алайда, саяси мәдениеттің мұндай типтері өмірде таза күйінде кездесе қоймайды<sup>1</sup>. Олар қай уақытта болсын, қай елде болсын бір-бірімен араласып, бірін бірі ығыстырып жатады. Сондықтан да Г. Алмонд пен С. Вербтін пайымдағанындай, өмірде олар араласқан түрде көрініс береді. Мысалы, нақты өмірде саяси мәдениеттің патриархалдық және басыбайлылық типтерінің элементтері патриархалды-басыбайлық тип болып

<sup>1</sup> *Дмитриченко И.П.* Структура политической культуры. Киев, 2002. С. 81.

калыптасады. Маркстік әдебиетте, саяси мәдениет ішінара дәстүрлік, сословиелік, буржуазиялық, социалистік, т.с.с болып бөлінеді. Сонымен қатар әдебиетте саяси мәдениет демократиялық, авторитарлық, авторитарлық-патриархалдық, тоталитарлық, сондай-ақ, архаикалық, элитарлық, өкілділік, жоғары азаматтылықтың саяси мәдениеті т.с.с. болып өзге типтерге де бөлінеді.

Саяси мәдениеттің барынша кең тараған түрі авторитарлық, тоталитарлық және жаппай көпшілік саяси мәдениет болып табылады. Саяси мәдениетте өзіндік ерекшелігі бола тұра авторитарлық және тоталитарлық саяси мәдениеттің көптеген ортақ белгілері болады. Сондықтан да әдебиетте олар көбінесе бірге сипатталады. Саяси мәдениеттің авторитарлық және тоталитарлық түріне бір жағынан қоғамдық санаға үстемдік жасайтын көріністер, идеялар, наным-сенім, көсемдердің, адамдар тобының, т.с.с. ерекше қабілеті тән болып келеді. Екінші жағынан мұндай саяси мәдениет адамдардың ортақ қасиеттерінің ерекшелігі билік ететін көсемге, адамдар тобына, партияға, т.с.с. адамдардың саяси іс-әрекетінде басым болып келеді. Мұндай саяси мәдениетке бір мақсатқа жетуге, қарым-қатынастың бірқалыпқа түсуіне және оның іс-әрекетіне, жеке тұлғалардың топтардың ішіне араласып кетуіне, т.с.с. қол жеткізу үшін материалдық, интеллектуалдық және өзге ресурстарға бағыныштылығы тән.

Жаппай көпшілік саяси мәдениет жалпы алғанда бұқара халықтың пайдалануына есептелген мәдени құндылықтар өндірісі түрінде болатынын көрсетеді. Сонымен қатар, жаппай көпшілік саяси мәдениет дегеніміз, адамдардың саяси іс-әрекетті тұтынушылығын барынша енжар қалыптасатындай болуға және нарық заңы бойынша қалай болса солай пайдаланылатын идеологиялық «рецепт» болуға есептелген – баға берудің, құндылықтардың, дағдылардың үлгілерінің, т.с.с. жиынтығы болып табылады. Жаппай көпшілік саяси мәдениет көбінесе қоғамның жоғары тобына тән элитарлық саяси мәдениетке қарама-қарсы (антикод) ретінде қарастырылады. Шын мәнінде мұндай мәдениеттердің ортақ жағдаяттары аз емес. Мұндай саяси мәдениетті ұстанушылардың түсінігі әдетте өмір шындығын бұрмалауға саяды. Бұл екі саяси мәдениет сән үлгісі мен жарнамадан ажырамайтын тұтынушылық идеясымен тікелей байланысты болып келеді.

Шынайы демократиялық саяси мәдениетке адамдардың қамтамасыз етілуі мен құрметтелу құқы және еріктілігі, халықтың мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға шынайы қатысуы, шын мәніндегі халық билігінің орнығуы тән болып келеді.

Саяси өмірді қалыптастырудың басым механизмі бойынша саяси мәдениет нарықтық және эгистатикалық (мемлекеттік-бюрократтық) болып бөлінеді. Саяси мәдениеттің нарықтық типі «саясат дегеніміз – бизнестің

түрі» деген мәнде түзіледі. Онда саясаткер дегеніміз бизнесмен, олардың мақсаты барынша пайда алуға қол жеткізу болады. Саяси шешім дегеніміз ынталы жақтардың арасындағы сауда келісімі, саяси мәселелер сату-сатып алу тұрғысынан қарастырылады. Ал, барлық саяси өмір өзара міндет бөлісу жүйесіне негізделіп, саяси партиялар немесе қысым жасаушылар тобы арқылы жүзеге асырылатын жеке мүдделердің орнығуы дегенге саяды. Мемлекеттің рөлі мынандай тұжырыммен түсіндіріледі: «Жақсы үкімет дегеніміз – барынша аз мөлшерде билік ететін үкімет». Осы тұрғыдан алғанда нарықтық саяси мәдениеттің өзіндік сипаты бәсекелестік күреске күшті бағдар алу және барынша айқын көрінетін индивидуализм болып табылады.

Этатистикалық саяси мәдениеттің шеңберінде ең басты роль саяси өмірді ұйымдастыруға және оған жекелеген адамдар мен мемлекеттік институттардың, яғни барлық саяси мәселелерді шешуге ең бірінші кезекте мемлекеттің іс-әрекеті байланысты болатын жағдайларды анықтауға саяды. Бұл өз кезегінде бәсекелестік күреске бақылау орнатып, мүмкіндігінше оны шектеп, саяси қатығыстарды барынша азайтып, жекелеген адамдар мен топтардың мүдделерінен мемлекеттік мүддені басым етуді орнықтыру болады. Тұтас алғанда саясат «жақсы қоғам» іздестірудегі мемлекеттік қызметтің бір түрі ретінде қарастырылады, мұндағы мақсат – әлеуметтік әділеттілік. Саяси мәдениеттің этатистикалық типі, мәселен, Швеция мен Германияға тән болып келеді.

Жағрафиялық жағдайға, тарихи дамуға орай, ірі саяси оқиғалардың ықпалымен тек қана белгілі бір өңірлердің немесе жекелеген елдердің саяси мәдениетіне тән өзіндік ерекше белгілер қалыптасады. Мәселен, американдық саяси мәдениеттің сипатына саяси іс-әрекеттің нақты мақсат бағдары, оның рухани сипаты, саяси іс-әрекетке қатысушылардың прагматизмі, бәсекелестіктің тұрақты жағдаяттары тән болып келеді. Жапонияның саяси мәдениетіне қазіргі кезеңде либералды-демократиялық үлгідегі дағдысы бар дәстүрлі құндылық бағдары тән екендігі байқалады. Ресейдің саяси мәдениеті саяси белсенділіктің басым көрініс табуымен ерекшеленеді. Ол органдардың, саяси радикализмнің ұжымдық ұйымдастырылуы арқылы көрінеді.

Елдің немесе қоғамның саяси мәдениеті мүлде біркелкі болуы мүмкін емес екенін айта кеткен жөн. Түрлі қауымдастықтардың мүдделерінің алуан түрлілігі бір-біріне ұқсамайтын саяси мәдениеттің үлгілерін туындатады – мұндай үлгілер барлық елдерде болатын субмәдениет болмақ. Субмәдениеттер дегеніміз – жекелеген әлеуметтік жіктердің, топтардың саяси мәдениеттері. Олардың саяси ұстанымдары, идеялары, құндылықтары және дағдылары қоғамда жетекші болып келе жатқандарынан айтарлықтай



ерекшеленеді. Сонымен қатар әрбір саяси субмәдениет бүтіндей алғанда қоғамның саяси мәдениетін білдіреді. Демек қоғаммен бірге оның субмәдениетінің де өзіндік ерекшелігі болады. Мәселен, ірі қалалар тұрғындарының саяси субмәдениетінің ауыл тұрғындарының субмәдениетінен айырмашылығы болады. Жастардың саяси субмәдениеті өзіндік ерекшелікпен айтарлықтай айырмашылыққа ие. Жастарға олардың санасында мүмкіндігінше қарым-қатынас жасау, өмір сапасы және өзге де құндылықтардың басым болуы тән.

Саясаттануда барынша айқын көрінетін мынандай саяси субмәдениеттің типтері болатынан айта кеткен жөн: аймақтық, әлеуметтік-экономикалық, этнолингвистикалық, діни, жас мөлшеріне орай<sup>1</sup>. Белгілі бір аймақта өзіндік саяси субмәдениет болады, сөйтіп ол елдің түрлі өңірлеріне түрліше болып орнығады. Аймақтың саяси мәдениетіне мынандай жәйттер: ауа райы, белгілі бір табиғи ресурстар, осы аймаққа тән экономикалық кәсіптер, олардың жалпы жүйедегі еңбек бөлінісіндегі орны айтарлықтай ықпал етеді. Мұның өзі адамдардың өмір салтына, ортақ мәдениет дәрежесіне және олардың саяси-мәдени дәрежесіне ықпал ететіндей экономикалық айырмашылықты туындатады.

Әлеуметтік-экономикалық саяси субмәдениеттер қоғамда түрлі топтардың – әлеуметтік топтардың, таптардың болуы арқылы орнығады. Бұларда түрлі экономикалық деңгей мен өмір салтындағы айырмашылықтар болып, олар саяси өмірде ерекше маңызға ие болады. Мысалы, кәсіпкерлік топтар үшін экономикалық еркіндік, тұрақтылық, мемлекетке азаматтық қоғам тарапынан бақылау, қабылданған шешімдерге қатысу барынша өзекті саяси құндылықтар болып табылады.

Этнолингвистикалық саяси субмәдениеттер тілмен, тиісті әлеуметтік топтардың этникалық ерекшеліктерімен байланысты болады. Саяси мәдениетке мұндай топтардың ықпал етуі этникалық сана-сезімі және ұлттық сипаттың ерекшелігі арқылы айқындалады. Этникалық факторларға қатысты алғанда мұндағы саяси құндылықтар, құрметтеу және бағдарлау екінші орында тұрады. Діни саяси субмәдениеттер адамдардың белгілі бір тобының ортақ мәдениетінің негізгі элементтерінің бәріне дін кіріккен жағдайда пайда болады. Жас мөлшеріне орай болатын саяси субмәдениеттер түрлі ұрпақ өкілдерінде түрлі саяси құндылықтар жүйесінде көрінеді. Негізінен бұл субмәдениеттер саяси жетілген қоғамда болады. Өмірде ескіріп, қолданыстан шығып қалған саяси жағдаяттың түсында қалыптас-

---

<sup>1</sup> Әбсаттаров Р.Б. Саяси мәдениет: мәні мен анықтамасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-тің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2004, № 3. 87-88 б.

қан аға ұрпақтың саяси мәдениеті жастардың саяси ұстанымы жүйесінен бөлектеніп, ескі саяси режимді көксейтіні байқалады. Тұрақты жүйеде жас айырмашылығы саяси мәдениетке айтарлықтай аз ықпал ететін көрінеді.

Қоғам үшін және саяси жүйе үшін саяси мәдениеттің маңызы оның қызметі арқылы көрініс беретінін айтқан жөн. Олар негізгі және қосалқы, жалпы және нақты бола отырып, адамдардың және қоғамдық құрылымдардың саяси іс-әрекетін білдіреді. Ғылыми әдебиетте саяси мәдениеттің мынандай қызметі: танымдық, социализаторлық, аксиологиялық, интегративтік, коммуникативтік, нормативтік, реттеушілік, тәрбиелік және басқалары ерекшеленіп көрсетіледі.

Саяси мәдениеттің танымдық қызметі саяси мәдениетті ұстанушыларды қамтамасыз ететін саяси білімнің барлық жиынтығын қамтиды. Саяси мәдениеттің танымдық қызметі саяси құбылыстардың мәнін түсінуге бейімдей отырып, саяси іс-әрекеттің шеңберін, құқық пен еріктіліктің қолданылу дәрежесін, қоғам өміріндегі саясаттың міндетін, өзге саяси жүйені салыстыру арқылы ұғыну мүмкіндігін туындатады.

Саяси мәдениеттің социализаторлық қызметі белгілі бір саяси сапаны, дағды тәсілдерін, белгілі бір саяси жүйеге бейімдеп, билік орындарының сол кезеңдегі жүйеге қатысты қызметінде өзінің мүддесін қорғай білуді қалыптастырады. Саяси мәдениеттің социализаторлық қызметі отбасы, мемлекет, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, шіркеулер, мектептер, мешіттер, әскер және т.с.с. әлеуметтік институттар арқылы да жүзеге асып отырады.

Саяси мәдениеттің аксиологиялық қызметі адамдардың күрделі саяси жағдаяттарда қолайлы бағыт алуымен байланысты болады. Саяси мәдениетті меңгерудің көмегімен саяси өмір жағдайында саяси оқиғаларға баға беру және саяси дағдының үлгілерін таңдау жүзеге асады. Мұндайда түрлі тарихи кезеңдерде, адамдардың, алуан түрлі әлеуметтік топтардың саяси баға беруге деген өзіндік көзқарасы болатыны мүмкін болса керек. Мұндай бағыттың ауқымында адамдардың құрмет тұтатын нәрселері мен өздерінің құқы мен міндеттерін жүзеге асыру құралдарын, соған сәйкес бағалай білуге ұмтылысын сипаттайтындай бағдар ұстану қызметін бөліп қарастыруға болады. Мұнда өзіндік жеке тұлғалардың саяси дағдысы үшін қандайда бір баға беру қалыптасатындай өзіндік ұсыныс-пікірге ие болатындай дәрежеде айқындалады.

Саяси мәдениеттің интегративті қызметі белгілі бір көзқарасты және саяси қарама-қарсылықты реттеуді бағдарға ала отырып, түрлі саяси топтар арасында келісімге қол жеткізу мүмкіншілігін қамтамасыз етіп, жүйенің тұрақтылығына қолдау көрсетіп отырады. Саяси мәдениеттің интегративті саяси қызметі тәжірибелер ортақ болғанда және тарихи тағдырға орай

көрініс беріп орнығады. Саяси мәдениет басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Саяси мәдениеттің коммуникативті қызметі саяси процестерге қатысушылар арасында байланыс орнатуға мүмкіндік жасайды, сондай-ақ саяси мәдениет элементтерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра отырып саяси тәжірибелерді молықтыра түседі. Саяси мәдениеттің нормативті қызметі қабылданған құндылықтар, ережелер, саяси дағды-тәсілдер негізінде саяси іс-әрекеттерді реттеп отырады. Бұлардың басым бөлігі елдердің заңдары мен Конституциясында құқықтық норма болып орнығады.

Саяси мәдениеттің реттеуші қызметі қоғамдық санаға қажетті саяси құндылықтарды, ұстанымдарды, мақсаттарды, дағдының себептері мен нормаларын қалыптастырып орнықтырады. Мұндай процесте саяси ойлау тәсілі, тұрақты дәстүрлер мен көзқарастар, барынша мәнді саяси идеологияның қоғам арасында таралуы және т.с.с. ерекше маңызды болады.

Саяси мәдениеттің тәрбиелік қызметі саяси мәдениеттің табиғатының өзінде болып, оның гуманистік бағытын бейнелейді. Осы қызмет өте күрделі де ізгі өнер<sup>1</sup>. Адамдардың ойлау процесі мен практикалық қызметінде өткен кезеңдегі саяси тәжірибелер мен қазіргі заманғы білімді меңгере отырып, оларды тиімді пайдалануда білгірлігі мен дағдысы қалыптасады, мұндай қасиет өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда үнемі жетіліп отырады. Сонымен қатар мұндайда адам өзін саясаттың толыққанды субъектісі санап, өзін-өзі тәрбиелей отырып, өзгелерді тәрбиелеуге ықпал етеді. Саяси мәдениеттің тәрбиелік маңызы унификациялық және қайта қалыптасу қызметінде байқалады. Мұның біріншісі жалпылама көрініс беріп, белгілі бір мөлшерде біркелкі саяси деңгейде, қалыпты жағдайда саяси өмірге өзгелермен бірдей қатысқанда байқалса, ал екіншісі шығармашылық кезінде саяси оқиғалардың әлеуеті-күші өзгергенде және олардың бүтіндей орталығы өзгеріске түскенде аңғарылады. Мұнда оның бірінші кырында саяси қызметке қатысушылардың өзін-өзі жетілдіру қажеттігі туындағанда орын алады. Ал, екінші жағынан қарастырғанда өзінің саяси құқықын, амбициясын жүзеге асыру жағдайларын жақсарту үшін болатын қайта бейімделу қызметін бағдар етеді.

Саяси мәдениет қызметтері объективті сипатта болатынын айта кеткен жөн. Олар қоғамдық жүйенің тарихи даму барысында сомдалып, орнығып қалады. Алайда, оның қызметіне өзі және қызметтің барлық жиынтықтары нақты саяси жүйеде өзгеріске түсіп, түрлі тарихи жағдайларға

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Мұқажанова А.Ж.* Қарым-қатынас мәдениетіндегі кейбір мәселелер // Абай атындағы АЛМУ-тың Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2003. № 4. 45-46 б.

орай қызметтің бір түрі жойылып, екіншісі пайда болады. Мұның бәрі саяси мәдениет қызметін талдауға байланысты теориялық және практикалық мәселелердің күрделі екенін көрсетеді, сондай-ақ қоғам өмірінде саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының маңызы зор екенін білдіреді.

### 3. Саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы

Саяси мәдениет – табиғи-тарихи дамудың жемісі. Мұнда саяси мәдениеттің қалыптасуында әрбір елдің мынандай төмендегідей факторлары: геосаяси жағдай; қоғамның әлеуметтік және саяси құрылымы; қоғамдық қатынастың сипаты; қоғамдық дәстүр; ұлттық мәдениет пен ұлттық психологияның ерекшелігі т.с.с. үлкен роль атқарады. Сонымен, адамдардың саяси мәдениетін қалыптастыратын жағдайлар дегеніміз – олардың саяси процестерге қатысуы, саяси іске нақты араласуы болып табылады.

Қазіргі жағдайда саяси мәдениеттің қалыптасуының барынша маңызды жолдары мынандай: мақсаткерлік, рухани-идеологиялық, мемлекеттің білім беру-ағарту қызметі, саяси партиялар, шіркеулер, мешіттер, бұқаралық-ақпарат құралдары, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар; достар арасында, отбасында, еңбек ұжымдарында, т.с.с. күнделікті жағдай деңгейіндегі кездейсоқ әсерлер, азаматтарды қоғамның қоғамдық-саяси өмірінің практикасына қатыстыру. Мұның бәрі саяси мәдениетті қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар оны азаматтар санасына сіңіру процесіне де қатысады, яғни саяси әлеуметтендіруге ат салысады. Саяси әлеуметтендіру өзінің күрделі әрі кереғар күшке ие болуына орай ғылымда түрліше қарастырылып жүр. Мысалы, Батыс әдебиетінде бірқатар авторлар (А. Гелен, К. Луман, М. Хабермас) саяси әлеуметтендіруді адамдардың жана құндылықтары ретінде қарастырса, енді бірқатары (Л. Коэн, Р. Липтон, Т. ) оны оқу процесі немесе адамдардың белгілі бір саяси міндетті атқаруға жаттығуы деп түсінеді, ал авторлардың үшінші тобы (Э. Эриксон, Э. Фромм) мұны адамдардың ішкі процесі ретінде түсіндіріп, соның нәтижесінде сезімнің, көңіл-күйдің, көзқарастың саясаттандырылуы деп тұжырым жасайды. Еуразиялық әдебиетте (К. Гаджиев, А. Соловьев, Л. Шевчук) мұндай анықтаманы барынша кешенді сипаттама ретінде қарастырады. Бүтіндей алғанда саяси әлеуметтендіру дегеніміз идеяны, көзқарасты және дағды үлгілерін меңгере отырып, соның негізінде аса қажет жекелей саяси сапаның, сондай-ақ саяси қызмет дағдысының қалыптасуы болып табылады. Саяси әлеуметтендіру дегеніміз – саяси өмірге ену процесі. Оның қызметі, тәсілдері, мақсаты мен ауқымы белгілі бір саяси жүйенің сапасымен және оның қоғамдық саяси негізімен

айкындалады<sup>1</sup>. Саяси әлеуметтендіру процесінде адамдар қоғамдармен араласып, ал әлеуметтік механизм олардың байланысын қамтамасыз ететін қоғамның саяси мәдениеті болып табылады.

Саяси әлеуметтендіру – іріктелген процесс. Оның жүзеге асу барысында саяси процеске қатысушылардың мүддесіне, психологиясына және өмірлік тәжірибесіне барынша жоғары дәрежеге сай келетін саясаттағы нормалар, құндылықтар, бағдарлар мен үлгілердің игерілуі болады. Саяси әлеуметтендіру процесі адамдардың бүкіл өмірінде жүзеге асып жататын процесс болып табылады. Әлеуметтік тәжірибені жинақтау барысында жекелеген тұлғалардың өмірлік позициясы тұрақты түрде өзгеріске түседі немесе нақтыланады. Сонымен, саяси әлеуметтендіру дегеніміз – жекелеген адамдардың қоғам жинақтаған мәдени құндылықтарды, мәртебелі іс-қимылдарды жекелеген адамдардың меңгеруінің үздіксіз процесі, адамдардың қажетті әлеуметтік-саяси сапасының қалыптасуы тиісті саяси жүйеге бейімделуіне мүмкіндік жасап, әлеуметтік пайдалы саяси шешім қабылдауға бағыттайды. Осыған орай саяси әлеуметтендіру бүтіндей алғанда саяси мәдениеттің аса маңызды құрамдас бөлігі болып белсенді саяси қатысуға қажетті алғышарт болады.

Саяси мәдениет дегеніміз – іс-әрекет механизмі, ол адамдардың әрекет етуінде, іске қатысуында және ақыл-ойында көрініс береді. Саяси мәдениеттің қызметтік-практикалық мәні оны тарихи тәжірибені дарыту және меңгерудің аса маңызды құралына айналдырады. Тарихи тәжірибені беру құралы оны өзекті саяси процесс факторына айналдырып, саяси дәстүрге қызмет еткізеді. Саяси тәжірибенің және білім беру мен оның сабақтастығының барынша тиімді құралы тіл және саяси сана болады.

Тарихи тәжірибе көбінесе саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының сапасын айқындап, елдің саяси тәжірибесін қамтиды. Әсіресе, терең зардап шектіретін: соғыстар, революциялар, ұлттық дағдарыстар және т.с.с. тарихи оқиғалардың ықпалы өте зор. Американдық саяси мәдениет пен континентальды-еуропалық типтегі саяси мәдениеттерге салыстырмалы талдау жүргізу барысында олардың ескерілуі тиіс ерекшеліктері бар екені аңғарылды. Мәселен, АҚШ-та саяси мәдениет Еуропаға қарағанда барынша қолайлы 1770 ж. тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптасқан саяси мәдениет ескеру қажет. Ескі Дүниеге – Еуропаға қарағанда АҚШ-та феодалдық сарқыншақтар әлдеқайда аз, сондықтан АҚШ-тың саяси мәдениеті бастапқы кезінен-ақ феодалдық жолдан өткен іздерінің табы әлдеқайда аз болды. Америка буржуазиясында Еуропа буржуазиясына қарағанда қуатты қарсылас болатын феодалдық аристократтар болған жоқ.

<sup>1</sup> Александров Б.В. Политическая социализация. СПб, 2003. С. 15.

Американың буржуазиясы Еуропадағы буржуазия секілді, жұмысшы қозғалыстары тарапынан қысым көрмеді<sup>1</sup>.

Континентальды-еуропалық саяси мәдениеттер біршама өзгеше болып көрінеді. Еуропа елдерінің тарихи дамуы, оның өзіндік ерекшелігі саяси мәдениетке бейімділігі жағынан өзінің эклектикалығымен айқындалады. Мұндағы айырмашылықтар бірте-бірте бәсеңдеп, олар уақыт өткен сайын біліне бастайды.

Қазақстанның саяси мәдениеті де оның тарихымен, дамуымен айқындалады. Нақты айтқанда, Қазақстанда монархияның ұзақ уақыт сақталуы, буржуазиялық-демократиялық даму тәжірибесі болмағандықтан, монархиядан тоталитаризмге оның көсемшілігімен бірге өтіп, Қазақстан саяси мәдениетінің мұндай көптеген белгілері, харизматикалық жетекшілерге деген сенім, билікке деген үрей, әлеуметтік-саяси енжарлық, қоғамды идеологияландырудың жоғары дәрежесі, «дүшпан» іздеушілік, тенгерушілік бағдар т.с.с. арқылы айқындалады. Сонымен қатар Қазақстанның ұлы тарихы ұлттық саяси мәдениетте жалпы ұлттық мүддеде билікті пайдалануға бағдар ұстану, патриотизм, саясаттағы адамгершілік, ортақ мүдде үшін құрбан болуға дайын болушылық, т.с.с. элементтерін айқындады.

Өз халқының өткеніне барынша объективті қарау қажет. Мұнда жалған патриотизмге де, сондай-ақ нигилизмге де жол берілмеуі тиіс. Мұның үстіне өркениетті адамдар үшін өткенді көз жұма жоққа шығару кешірілмейтін жайт. Аға ұрпақ үшін мұның өзі жеке өздерінің абырой-беделден айырып, өткен жылдарындағы мақтаныш сезімін аяқасты етіп, бүкілхалықтық іске қосқан үлесін бағаламау болып қабылданады. Ал жас ұрпақ үшін өткенді менсінбеу деген, кімде-кім өткенге мылтықпен оқ атса, оны болашақ зеңбірекпен атады дегенге саяды. Өткен жолдарда, қалай болғанда да қазіргі күнге қажет және болашаққа қажет құндылықтар болады. Жоқтан ештеңе де пайда болмайды. Тарих дегеніміз – оқиғалар мен құбылыстардың үзілмес тізбегі, бұл тізбектен әлеуметтік процесс құралады. Өткеннің тәжірибесін бүгінгі күні де ескеріп, одан болашаққа қажет қорытынды шығару керек. Тарихи зерде өткендегі қателікті болдырмауға, ондағы жағымды жайттарды пайдалануға көмектеседі.

Саяси мәдениеттің қалыптасуында экономикалық факторлардың маңызы ерекше. Тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, қоғамның саяси мәдениеті деңгейіне қоғамдағы экономикалық тұрақтылық, заңдар жүйесінің қажетінше жетілдірілуі, қоғамда экономикалық процестерді реттеушілік, экономикалық еркіндік, орта таптың күшті позициясы және т.с.с. жайттер тікелей ықпал етеді. Алайда, саяси мәдениетті қалыптастыруда

<sup>1</sup> Николаев А.П. История Америки. СПб., 2010. С. 235-236.

экономикалық факторлардың ықпалы кез келген экономикалық қатынастағы өзгерістер саяси мәдениетті шұғыл өзгеріске ұрындыруы мүмкін деп қарабайыр, келте түсінуге болмайды. Нақты қоғамдық тарихи процесте экономикалық және саяси-мәдени факторлар өзара біріне-бірі әсер ететінін мықтап ескерген жөн. Ал, мұндай өзара ықпал ету ақыр соңында саяси мәдениеттің сапасына әсер етеді.

Саяси мәдениеттің, саяси әлеуметтендірудің қалыптасуында бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы орасан зор<sup>1</sup>. Олар аз уақытта-ақ барынша көп адамға әсер етеді. Саяси мәдениеттің қалыптасу процесі іс жүзінде адамдардың бүкіл өмірі бойында жүреді. Саяси мәдениеттің жекелеген адамдарға әсер ету деңгейін белгілі бір уақыт кезеңінде шамалап білетіндей өлшемдер болады. Бүтіндей алғанда, меніңше, жекелеген адамдардың саяси мәдениетін қалыптастыру деңгейін айқындайтындай үш көрсеткіш болады.

Саяси мәдениеттің көрсеткішінің бірінші деңгейі саяси таным болып табылады. Оның мынандай элементтері болады: саяси оқиғаларға ден қою дәрежесі; ақпаратты меңгеру және өзіндік пікір-байламы болу, саясат саласын терен білу. Саяси мәдениеттің келесі екінші деңгейі, саяси мәдениеттің барынша жоғары деңгейі болып табылады. Бұл саясатқа және саяси жүйеге қатыстылықты бейнелейді. Мұнда мынандай кезеңдердің маңызы зор: билік қызметіне баға беру; достармен, туыстармен, таныстармен т.с.с. саяси мәселелерді талқылау жиілігі; елдің саяси жүйесіне, түрлі саладағы табыстарына, халықаралық аренадағы елдің орнына деген ұлттық мақтаныш сезімінің деңгейі.

Үшінші көрсеткіш, саяси мәдениеттің ең жоғары деңгейі қоғамның саяси өміріне қатысу дәрежесімен өлшенеді. Саяси мәдениеттің мұндай деңгейі: біріншіден, жеке адамдардың саяси белсенділік дәрежесі; екіншіден, саяси өмірге қатысу түрлері; үшіншіден, мемлекеттік саясатқа қатысуы немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қатысуы; төртіншіден, адамдардың саяси шешім шығарылуына ықпал етуге бейім екендігіне және мұндай ықпал етудің әдістерін таңдай білуіне деген сенім дәрежесі. Саяси мәдениеттің жоғары деңгейі, әдетте, кімде-кім саясатқа тікелей қатысса және оның қатысуы барынша белсенді болса, оның саяси мәдениетінің деңгейі соншама жоғары болмақ.

Сонымен саяси мәдениеттің қалыптасушылық деңгейі дегеніміз — халықтың саяси ақыл-ойының жағдайы, олардың саяси оқиғалар мен процестерді түсінуі мен қабылдауы, оған қатысының сипаты, сондай-ақ,

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Кенжалин Ж.* Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. Алматы, 2005. 123-129 б.

елдің саяси өмірінде адамның өзінің орнын анықтауы болып табылады. Саяси мәдениеттің бұл кезеңдерінің жағымды сипаттамасында ол қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына, оның прогрессивті дамуына бейімдейді. Халықтың бүтіндей алғанда саяси мәдениеті төмен болған жағдайда оның субмәдениетінің деңгейінен үлкен айырмасы болып, қоғам іріген жағдайға ұрынып, сергек саяси ақыл-ойға қарағанда көңіл ауаны (эмоция) басым бола бастайды да, мұның соңында халық демагогтар мен саяси пысықайлардың қолындағы ойыншыққа айналады. Мұнан қоғамның маңызды міндеті халықтың үйлесімді саяси мәдениетін көтеру болып табылатынын ұғынуға болады. Бұл міндет бүгінгі таңда біздің еліміз үшін өзекті мәселе болып отыр.

Қазіргі Қазақстанның саяси мәдениеті күрделі әрі кереғар оқиғалардан тұрады. Бұл күндері оқтын-оқтын қол жеткен табыстармен қатар түрлі бағыттағы саяси тенденциялар арасында күрес жүріп жатыр. Сөйтіп, түрлі субмәдениет арасында қалыптасып отырған болып, олардың өкілдері түрлі саяси ұстанымдарды қолданып, түрлі саяси тұжырымдарға жүгінумен келеді. Мұның бәрі саяси мәдениетті және көп ұлтты Еуразиялық Қазақстан қоғамының айырықша субмәдениеттер қалыптастыруын қажет етеді.

Қазақстан халқының қазіргі саяси мәдениетін қалыптастыра отырып, біз алдымызға мынандай мәселені қоюға тиістіміз: біз қайда, қандай қоғамға бара жатырмыз, бұдан шығатын қорытынды, бізге қандай саяси мәдениет керек? Қазіргі біздің қоғамның даму үрдісіне қарағанда бізге демократиялық қоғамның саяси мәдениеті, адамдардың экономикалық ерікті қоғамы, еркін кәсіпкерлік, адамдарға, олардың ақыл-ойына ізгілікпен қарау тән болатын саяси мәдениет қажет. Бізге әлеуметтік әділетті қоғамның, жоғары ізгілік және рухани еркіндік тән қоғамның саяси мәдениеті қажет<sup>1</sup>. Бізге іс жүзінде бейбітшілікке ұмтылған барлық халықтар мен мемлекеттер тұрақты, қалыпты, өркениетті қарым-қатынас орнататын қоғамның саяси мәдениеті қажет. Біз еліміз халқының осындай саяси мәдениетін қалыптастырып, дамытуға тиіспіз.

Жас ұрпаққа қатысты саяси мәдениетті қалыптастырып, дамыту мәселесі барынша өзекті мәселе болып отыр. Өйткені, жастар тұлғаларға айналуының шешуші кезеңінде өмір сүріп келеді, олар барлық ықпалдарды, ағымдарды, және т.с.с. барынша қағылездікпен қабылдауға бейім, олар бәрінен хабардар, бәрін көріп-біліп, естуге құмар. Еліміздің қазіргі жастары бұрынғылар көріп-білмеген таңдау жағдайында, соның ішінде саяси құндылықтарды, ақыл-ойларды таңдау кезеңінде тұр. Бұл таңдау онай

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Нұрымбетова Г.Р.* Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. Алматы, 2005. 185-203 б.



емес. Көптеген құндылықтар жоққа шығарылып, аңыздар, ескі әдеттер жарамсыз болып қалып жатыр. Міне, нақ осындай жағдайда жас ұрпақтың саяси мәдениетін қалыптастырып, дамыту онай міндет емес.

Біріншіден, саяси мәдениетті қалыптастыру мен дамыту саясат туралы терең білім негізінде жүргізілуі тиіс. Мұнда білімді қандай көлемде және қандай мазмұнда беріп, азаматтарды қандай саяси мәдениеттің өкілі етіп шығаруға тиіспіз деген мәселені айқындап алудың маңызы зор. Екіншіден, саяси мәдениетті қалыптастырып дамыту тек плюралистік тәсіл арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін. Жастармен қарым-қатынас жасау барысында әлеуметтік өмірдің аса маңызды мәселелері жөнінде алуан түрлі пікірлер, көзқарастар, теориялар бар екенін зердесіне сіңіру қажет. Олардың бойында өзгелердің пікіріне құрметпен қарау, өзара түсіністік, кез келген айтыс-тартысқа, пікір таласына өзін болу және өзіне қарсы пікір білдіргендермен келісімге бейім болу секілді қасиетті олардың бойына сіңірген жағдайда нәтижеге қол жеткізуге болады. Үшіншіден, жастар бірлестікке, ресми және бейресми ұйымдарға кіруге ұмтылады. Бұл – табиғи заңдылық, сондықтан олардың мұндай бастамасына қолдау көрсеткен жөн. Төртіншіден, саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы азаматтық мәдениетпен тығыз байланыста болады. Ал, азаматтық мәдениет қоғамдық міндеттерді, әлеуметтік мәселелерді жеке тұлғалардың білу дәрежесін және оған қатысу деңгейін қамтиды. Сондықтан да азаматтық және саяси мәдениетті қалыптастыру мен дамыту біртұтас процесс ретінде жүзеге асырылуы тиіс. Осыған орай саяси мәдениет үздіксіз дамытын құбылыс екенін атап айтқан жөн. Мұндай құбылыс осындай саяси мәдениетті ұстанушылармен, түрлі әлеуметтік қауымдастықпен бірге дамиды. Саяси мәдениет саяси жүйенің сапалық жағын, оның өзіне тән қызметін және оның тиімділігін айқындайды.

Қорыта келгенде мынандай тұжырым түюге болады. Саяси мәдениет барынша күрделі әрі көп қатпарлы феномен болып табылады. Саяси мәдениет дегеніміз, субъектілердің тікелей қызметінде көрінетін, сабақтастық негізінде қоғамның саяси өмірін жаңғыртуды қамтамасыз ететін саяси процесс, соған сәйкес тұрақты құндылықтар, ұстанымдар, таным-түсініктер, көріністер, дағдылар, үлгілер тән болатын тарихи қалыптасқан жүйе болып табылады. Халықтың саяси мәдениеті қоғамның жағдайларына, оның дамуына, әлеуметтік қатынастар жүйесінің тұрақтылығына терең ықпал етеді. Ол адамдардың әлеуметтік, саяси және еңбек белсенділігін ынталандырып, жеке азаматтық позицияға ие болуына жетелейді. Әрбір қоғамдық құрылыс халықтың жоғары саяси мәдениетін қалыптастырып дамытуға мүдделі. Бұл міндет Қазақстан қоғамы үшін бүгінгі таңда аса маңызды міндеттің бірі болып отыр.

## ТҮЛҒАНЫҢ САЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРІЛУІ

Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің терең мазмұнын түсіну үшін тұлға бір мезгілде саясаттың субъектісі әрі объектісі болатындығын атап көрсету маңызды. Бірақ бір адамдар көп дәрежеде саяси белсенділік байқатса, екіншілері – азырақ, ал үшіншілері саясаттан мүлдем «қашқақтауға» тырысады. Біреулері өмір сүріп тұрған саяси құрылысты нығайтуға ұмтылып сындарлы мінез-құлық танытатын болса, екіншілері, керісінше оны жоюға бағытталған шараларды жасайды және деструктивті ұстанымын білдіреді. Сонымен қатар, кез келген саяси режимге және кез келген билікке оңай бейімделетіндер де бар. Саяси мінез-құлықтың түрлерінің мұндай әр алуандылығы, менің көзқарасым бойынша, көбіне тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің сипатымен байланысты.

Жалпы алғанда әлеуметтендіру (латынша *socialis*-қоғамдық дегенді білдіреді) – бұл тұлғаның қызметі мен қарым-қатынасында іске асырылатын, оның әлеуметтік тәжірибесінің белсенді түрде ұдайы өндірілу процесі. Алайда, адам қоғамда белгілі бір рольді өзіне қабылдап, оны орындай алатындай жағдайда болу үшін, ол алдын-ала қайсыбір дәрежеде әлеуметтік тәжірибені меңгерген болуы тиіс, өзінің тіршілік қызметінің өрекет етіп тұрған жағдайларына бейімделуі тиіс. Мәдениеттің, әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың элементтерін меңгеру арқылы индивидтің қоғамға, әлеуметтік қауымдастықтардың әр түрлі типтеріне бірігу процесінің негізінде әлеуметтік мәнді белгілер қалыптасады, бұл тұлғаның әлеуметтендірілуі деп аталады. “Тұлғаның әлеуметтендірілуі, ұғымын ғылыми айналымға ХІХ ғасырдың аяғында американдық әлеуметтанушысы Ф. Гиддингс пен француз психологы Г. Тард енгізді. Дегенмен, саяси ғылымның әр түрлі ғылыми мектептері мен бағыттары әлеуметтендірудің қайсыбір механизмдері – отбасы, мектеп, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. маңызы мен ерекшеліктеріне көбірек назар аударды. Бұл әлеуметтендірудің процесс ретіндегі мазмұнын, оның логикасын түсінуге ықпал етті. Сондықтан да ғылыми әдебиеттерде әлеуметтендіру процесінің әр түрлі түсіндірмелері (трактовка) бар.

Дегенмен, тұлға мен оның тіршілік ететін ортасының қарым-қатынасы тікелей және кері байланыстар түрін иеленетінін атап көрсетеміз. Бұл процесс индивидтің әлеуметтік сапаларына қоғам тарапынан болатын, сондай-ақ керісінше де болатын ықпал етудің белгілі бір механизмдерінің көмегімен іске асырылады. Бірінші жағдайда өңгіме индивидтің әлеуметтендірілуі жөнінде, екіншісінде олардың әлеуметтік ортаны өзгерту механизмі туралы болып отыр. Сондай-ақ индивидтің әлеуметтендірілуі

онын бүкіл өмірі бойына жүретіндігін атап көрсетеміз. Сөйтіп, тұлғаның әлеуметтендірілуі индивидтің қоғамның толық құқылы мүшесі ретінде қызмет етуі үшін оған мүмкіндік беретін білімдердің, нормалар мен құндылықтардың белгілі бір жүйесін меңгеру процесі болып саналады.

Саясаттың субъектісі ретіндегі тұлғаның қалыптасуы біртіндеп, оның саяси әлеуметтенуі процесінде адамның әлеуметтік тұрғыдан пісіп жетілуінің шамасына қарай жүреді. Саяси әлеуметтену тұлғаның жалпы әлеуметтенуінің бір бөлігі, оның өзінен бұрынғы адамдар ұрпағынан жинақталып қалған әлеуметтік тәжірибеге қосылуы болып табылады. Әлеуметтену процесінде әлеуметтік тәжірибені меңгеру негізінде адамның өмірлік позициясы (үстанымы) қалыптасады. Бұл процесте мәдениет ерекше роль атқарады.

Тұлғаның саяси қалыптасуы мен дамуына төмендегідей факторлар жиынтығы әсер етеді:

– макроорта – қоғамдық өмір тәртібі, ұлттық, саяси дәстүрлер, қоғамда үстемдік етуші рухани мәдениет пен идеология, мемлекеттің саяси бөталысы (бағыты), саясат субъектілерінің өзара қарым-қатынастары мен қызметінің мәдениеті, дәуір (заман) сипаты мен қоғамның саяси жүйесі, бұқаралық ақпарат пен коммуникацияның ұлттық және халықаралық құралдары;

– микроорта – еңбек ұжымы, оқу орны, отбасы, қоғамдық бірлестіктер, қатынас топтары;

– білім және адам тәрбиесі;

– әлеуметтік пайдалы қызмет (саяси қатысуды қосқанда);

– тұлғаның әлеуметтік жағдайы, оның биогенетикалық ерекшеліктері мен табиғи-географиялық өмір жағдайлары.

Шынайы қоғамдық өмірде тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің көрсетілген факторлары «тығыз қабысқан» және адамның саяси санасы мен мінез-құлқына көп жақты және қарама-қайшылықты әсер етеді. Егер қоғамда қабылданған мінез-құлық нормаларына адамдарды қандай да бір тәсілдермен үйрете алмайтын болса, ешбір саяси билік, саяси жүйе қалыпты қызмет атқара алмайтындығы айқын.

Бәрінен бұрын, бұл өз әрекеттерінің халықтың тарапынан белсенді қолдау табуын және оған халықтың құлақ асуын топшылайтын (үйғаратын) мемлекеттік билікке қатысты іске асырылады. Бұл үшін мемлекет мәжбүрлеуді қолдана алады. Бірақ, менің көзқарасым бойынша, азаматтарды өздерінің азаматтық борышын саналы түрде түсінуге тәрбиелеу ең тиімді құрал болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде әлі де болса жете зерттелмеген тұлғаны саяси әлеуметтендіру мәселесі бұған жақсы қызмет етеді.

## 1. Тұлғаны саяси әлеуметтендірудің мәні және анықтамасы

Тұлғаның саяси әлеуметтенуінің тұжырымдамасын жасау ХХ ғасырдың 50- жылдарының аяғында АҚШ-та белсенді түрде қолға алына бастады. 1959 жылы Герберт Хаймен саяси әлеуметтендіру терминін саяси жүріс-тұрыс психологиясы саласындағы өзінің зерттеулерінің аталуына қолданды. Саяси әлеуметтендіру тұжырымдамасының қалыптасуына әр түрлі мектептер мен бағыттар ықпал етті. Алайда, адамның саясатқа енуі өте күрделі және жанама түрде көптеген факторлар әсер ететін процесс. Осыған сәйкес саяси әлеуметтендірудің бірнеше теорияларын бөліп көрсетуге болады:

1. Саяси әлеуметтендірудің классикалық теориясы немесе рольдік теориясы аталмыш процесті индивидтің саясат саласында орындауы тиіс, оған арналған рольдерді менгеруге жаттықтыру ретінде түсіндіреді, бұлар билік институттарына қатысты «ойын ережелеріне» үйрету үшін, саясат саласында жүзеге асыру үшін қажет.

2. Бихевиористік теория саяси әлеуметтендіруді не мұраға қалған, не әлеуметтік тұрғыда қол жеткен құндылықтар мен эмоцияларға иелік етуімен байланысқан индивидуалдық саяси сананың қалыптасу процесі ретінде зерттейді.

3. Саяси әлеуметтендіру процесін аккумуляция, яғни жана құндылықтарды менгеру ретінде қарастыратын теория. Мұнда саяси сана мен мінез-құлықты қалыптастыруда тұлғаның ішкі, психологиялық механизмі бірінші орынға қойылады.

4. Психоаналитикалық теория саяси әлеуметтендіруді саяси мінез-құлықтың санасыз иррационалды уәждарын талдаумен байланыстырады, саяси әлеуметтендіру адамның сезімдері мен түсініктерін саясаттандыру процесі болып көрінеді.

Барлық теориялардың ұқсастығы олардың бәрі саяси кеңістікте тұлғаның бағдар ұстану қабілетінен және онда белгілі бір биліктік функцияларды орындауынан көрінетін саяси әлеуметтендірудің функцияларының маныздылығын атап көрсеткендігінде. Сөйтіп, саяси әлеуметтендіру өзіне қосып алған танымдық, тәрбиелік және практикалық қызметтерді бірлікте қарастырады. Осыған байланысты, саяси әлеуметтендірудің тұжырымдамасының дамуы саяси тәжірибенің қажеттіліктерімен, тұлғаның интериоризациялануының барынша тиімді механизмдерін жасау қажеттілігімен, қоғамда үстемдік етуші мәдениеттің мақсаттары мен құндылықтарының жаңа буынымен байланысты болғандығын айта кеткен жөн. Саяси әлеуметтендірудің қайсыбір үлгісін таңдау қоғамда үстемдік етіп тұрған саяси

мәдениеттің типіне байланысты болды. Ол билік пен тұлға қатынастарының белгілі бір үлгісін белгілеп берген еді.

Мәселен, француз саясаттанушысы А. Першеронның француз оқушыларының саяси әлеуметтендірілуінің механизмдерін анықтау үшін жүргізген зерттеуі, олардың саяси қалыптасу процесінде айқындалған ерекшеліктер, билік пен тұлғаның өзара әрекеті екендігін көрсеткен. Тұлғаның белсенділігі тек оның мүдделерін ғана емес, сондай-ақ оның ойлау генезисімен де байланыстырылады. Ойлаудың қалыптасуының заңдылықтарын швейцариялық психолог Ж. Пиаже когнитивті даму теориясында тұжырымдап берген болатын.

Ж. Пиаженің идеяларына сүйене отырып, америкалық психолог Дж. Адельсон Англиядағы, АҚШ-тағы және ГФР-дағы 11 мен 18 жас аралығындағы жастардың саяси ойлау қарқынына талдау жасау нәтижесінде саяси ойлаудың дамуының тенденцияларын айқындады. Тұлғаның ақыл-ойының өсу шамасына қарай оның саяси ойлауында уақытша перспективалардың абстрактыдылығы мен кенеюінің күшеюі ең маңызды өзгеріске айналады. Есею жылдарында дәстүрлі саяси көзқарастарды, мақсаттарды қоса алғанда, саяси білімнің тез өсуі байқалған. Есею кезеңінің ортасында индивидтің бойында этикалық-саяси қағидаттардың автономды жүйесі қалыптасады. Жас ұлғайған сайын бұл қағидаттардың саяси пайымдауға ықпалы беки түседі, ол бір сәттік мүддеден күштірек болып шығады.

Саяси тәжірибе мен эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері мынаны көрсетіп отыр: саяси әлеуметтендіру алғашқы әлеуметтену кезінде (яғни, балалық шақта қол жеткізген) қалыптасқан көзқарастармен шектелмейді, ол адамның бүкіл өмірі бойына жалғасады. Ой-өрістің (интеллектуалдық) дамуының белгілі бір сатысында дағдылы (үйреншікті) саяси стандарттар мен нормалар, бұрынғыға қарағанда, басқаша түсініле бастайды. Осы себепке орай екінші әлеуметтену (есею кезеңіндегі әлеуметтену), оның қалыптасқан көзқарастарының өзгеріссіз қалғанына қарамастан, айтарлықтай роль атқарады. Тіпті индивид саяси рольдер мен функцияларды өз бетінше іске асыруға қабілетті болған шақтағы әлеуметтендірудің өзі, оның көзқарастарын өзгертуде барған сайын қиындық тудырса да, оның саяси әуестігінің (құмарлығының) толық қалыптасып біткендігін білдірмейді. Саяси бағыт-бағдардың өзгергіштігі және саяси әлеуметтендіру агенттерінің көп түрлі болуы саяси өмірдің күрделілігімен және қарама-қайшылықтығымен байланысты, онда бір сәттік және перспективалық мүдделер, қоғамдық және жеке қажеттіліктер ажырамастай өзара байланысқан және таң қаларлықтай қабысқан.

Менің көзқарасым бойынша, саяси мәдениетте көрінетін, тұлғаның өткен ұрпақтың саяси тәжірибелерімен байытылуы саяси әлеуметтен-

друдің өзегі болып табылады. Саяси мәдениет—бұл қоғамның саяси өміріндегі жалпыға бірдей қабылданған құндылықтық бағыт-бағдарлардың, пікірлер мен нормалардың жиынтығы. Оны меңгерген сайын адам өмір сүріп тұрған саяси жүйеге бейімделе түседі, оған белсенді ықпал ететіндей жағдайда болады, яғни олар барған сайын саяси өмірдің субъектілері бола бастайды.

Сөйтіп, тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі— бұл әрқашан екі жақты процесс болып табылады, онда тұлға, бір жағынан, өзіне деген әр түрлі саяси субъектілердің әсерін басынан өткерсе, екінші жағынан, оның өзі әлеуметтендірілген сайын қоғамның саяси өміріне ықпал ететіндей жағдайда бола бастайды. Саяси әлеуметтендіру процесі өзіне әр түрлі деңгейлерді, механизмдер мен факторларды қосып алады. Оның ішінде ең ауқымдысы—халықаралық қоғамдастықтар мен ұйымдарды қамтитын халықаралық деңгей. Мұнда тұлғаға халықаралық қоғамдастықта қабылданған құндылықтар, нормалар мен факторлар әсер етеді: ядролық қарудың таралуына жол бермеу, халықаралық шиеленістер қаупінің, жаһандық апаттардың, халықаралық қаржылық дағдарыстардың алдын алу және т.б.

Саяси әлеуметтендірудің әлеуметтік деңгейі қоғамды тұтас және үлкен әлеуметтік топтарды: таптарды, мамандарды, ұлттық-этникалық қауымдастықтарды және басқаларын қамтиды. Бұл деңгейде тұлғаға мемлекет, үкімет, саяси партиялар, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, жұмыссыздық, елдегі қылмыстың деңгейі және т.б. осылар сияқты факторлар әсер етеді<sup>1</sup>.

Ең төменгісі — саяси әлеуметтендірудің тұлғалық деңгейі, онда тұлға өзінің қарым-қатынас ортасындағы және өзінің саяси психологиясына, құндылықтары мен мақсаттарына тікелей ықпалын тигізетін ортадағы адамдар тарапынан болатын әсерді басынан кешіреді. Бұл жерде саяси әлеуметтендірудің механизмдерінің ішінен еліктіру, сендіру, жұқтыру сияқтыларын бөліп көрсетуге болады, бұлар адамның саяси жағдайларға бейімделуіне және саяси идентификациясының (үкестігінің) қалыптасуына көмектеседі.

Енді тұлғаны әлеуметтендірудің агенттері жөнінде айту қажеттігі туындайды. Тұлғаны әлеуметтендірудің агенттері немесе факторлары оның дамуында маңызды роль атқарады. Олардың түрі әр алуан, тұлғаға әсерінің сапасы мен кендігі әр түрлі болуы мүмкін. Саяси әлеуметтендірудің тікелей агенттеріне саяси институттар мен ұйымдар (мемлекет, саяси партиялар, қозғалыстар), саяси элиталар мен көшбасшылар, мүдделі топтар жатады. Осы факторлардың бүкіл жиынтығы саяси механизмдердің көмегімен

<sup>1</sup> Александров И.П. Общество и личность. СПб., 2009. С. 115-120.

тұлғаның мінез-құлқын бақылауға және бағыттауға ұмтылатын жүйені құрады. Саяси әлеуметтендірудің агенттері, сондай-ақ тұлғаның саяси белсенділігін, оның саяси өзін-өзі танытуын білдіретін құралдар мен тәсілдер де болып табылады. Әр түрлі елдерде тұлғаның дамуының түрлі кезеңдерінде саяси өмірдің нақты жағдайларына, қоғамның саяси құрылысының ерекшеліктеріне және т.б. байланысты алдыңғы орынға әр түрлі агенттер шығады.

Саяси әлеуметтендірудің агенттерінің қатарына тек саяси факторлар ғана емес, сондай-ақ саяси емес факторлар да жатады. Олар: отбасы, құрбы-құрдастар тобы, мешіт, шіркеу, білім жүйесі, кәсіби ұйымдар мен әйелдер ұйымдары, мәдени және спорт бірлестіктері және т.б. Мысалы, сайлауларда қандай да бір саяси көшбасшыны жақтау үшін немесе оған қарсы болу үшін үгіт-насихат жүргізуде танымал әркістер мен спортшылардың тобы қандай үлкен роль атқаратындығы белгілі. Тұлғаны саяси әлеуметтендірудің агенттеріне тұлғаның калыптасуына күшті ықпал ететін БАҚ та жатады. Олардың төртінші билік аталуы да кездейсоқ емес. Сондықтан, қоғамда БАҚ-қа иелік ету үшін және оларды саяси әлеуметтендіру мақсатында қолдану мүмкіндігі үшін үнемі күрес жүріп жатады.

Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлар және адамның өмір салты, ұлттық дәстүрлер және де типті индивидуалдың өмірі үшін маңызды жекелеген қоғамдық факторлар сияқты саяси емес факторлар да маңызды роль атқарады. Өңгіме мұнда, көбіне жалақының төленбеуі, жұмыссыздық, мемлекеттің немесе жекелеген саяси көшбасшылардың тарапынан халықтың алдануы және т.б. сияқты оқиғалар жөнінде болып отыр. Белгілі бір қоғамдық жағдайларда саяси емес факторлар саяси агенттерге қарағанда, тұлғаның саяси әлеуметтендірілуіне елеулі ықпалын тигізуі мүмкін. Бұл әсіресе қазіргі заманғы ашық және өзара байланысқан қоғамға қатысты болып отыр, онда барлық саяси және саяси емес факторлар тығыз қабысқан. Мысал ретінде қазіргі ТМД-ның саяси өміріндегі, өзінің экономикалық жағдайына риза емес шахтерлардың ролін келтіруге болады.

Саяси әлеуметтендірудің тарихи сипаты бар. Қоғамдық өмірдің нақты – тарихи мазмұны әрбір жас ұрпақты саяси жағдайларға өзінше бейімдеуге және оған жауап қайтаруға мәжбүрлейді. Тұрақты қоғамда бұл процесс барынша бір калыпты және ауыртпалықсыз жүреді, ал саяси нормалар мен құндылықтардың, саяси қатынастар мен саяси қызмет түрлерінің тез ауысуы орын алған қоғамда, көбіне саяси әлеуметтендірудің дағдарысы, саяси енжарлық, тұлғаның саясаттан шеттетілуі орын алады. Бұл дағдарыс, бөрінен бұрын ескі идеалдардың жоғалуынан немесе қабыл алынбауынан және олардың жеткізілуінің ескі механизмдерінің қирауынан

байқалады, бұл әсіресе қоғамның бір типінің екіншісіне ауысуы барысында айқын көрінеді<sup>1</sup>.

Жоғарыда айтылып өткеніндей, тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі оның қоғаммен өзара әрекеті процесінде жүзеге асады. Мұндай өзара әрекеттің сипаты, менің көзқарасым бойынша, ең алдымен адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің экономикалық, саяси және басқа да мүдделерінің ара қатынасымен байланысты. Мүдделердің алуан түрлі үйлесімділігі тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің нақты типтеріне немесе үлгілеріне себепші болады. Саяси әлеуметтендірудің типі дегенде, тұлға мен қоғамдағы саяси институттардың өзара әрекетінің тұрақтанған құндылықтық үлгілерінің жиынтығын айтамыз. Оған қоғамның тарихи дамуының деңгейі, экономикалық жағдайлар, саяси мәдениет, қоғамның әлеуметтік құрылымы, саяси әлеуметтендірудің үстемдік етуші агенттері және т. б. бірқатар факторлардың жиынтығы ықпалын тигізеді.

Жалпы алғанда саяси әлеуметтендірудің типі сол қоғамның саяси мәдениетіне сәйкес келетін тұлғаның саяси мінез-құлқының белгілі бір тәсілін ұсынатын, қоғамның саяси өмірінің стандарттарымен анықталады. Нәтижесінде қоғам дамуына қажетті саяси тұрақтылық пен сабақтас-тық қамтамасыз етіледі. Ықтималдылығының жоғары дәрежесі бойынша былай деп айтуға болады: қоғамда саяси әлеуметтендірудің қандай типі үстемдік етсе, қоғамның жай-күйі де сондай немесе керісінше, қоғам қандай болса, тұлғаны саяси әлеуметтендірудің де үстемдік етуші типі сондай.

Қоғамда қабылданған саяси мінез-құлық үлгілері мен нормаларына байланысты қазіргі саясаттану ғылымы тұлғаны саяси әлеуметтендірудің: үйлесімділік (гармониялық), плюралистік, гегемониялық, дау-дамайлық іспетті негізгі төрт типін бөліп көрсетеді.

Үйлесімділік типі тек тұлғаның өмір сүріп тұрған саяси тәртіп пен билікті қабылдауымен ғана емес, сондай-ақ оның мемлекетке, тұтас алғанда саяси жүйеге құрметпен карауымен сипатталады. Тұлға саяси өмірдің саналы өрі ерікті қатысушысы, саясаттың белсенді субъектісі ретінде қарастырылады. Мұнда тұлға мен биліктің арасында үйлесімділік байқалады, ережелер, нормалар мен міндеттердің: тұлғаның билік алдындағы және биліктің тұлға алдындағы екі жақты орындалуы ұйғарылады. Бұл тип тек әлеуметтік жағынан барынша біркелкі болғанда, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет жағдайында мүмкін екендігі түсінікті. Мәнісі бойынша, бұл саяси жүйе мен саясаттың субъектісі ретіндегі

---

<sup>1</sup> Қараңыз: Әбсаттаров Р.Б. Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі: теориялық талдау // Абай атындағы ҚазҰПУ-тің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2009. № 4. 84-86 б.



тұлғаның шиеленіссіз дамуын қамтамасыз ететін саяси әлеуметтендірудің идеалды типі.

Плюралистік тип саяси мінез-құлық нормалары тең құқықты деп танылатын, басқа адамдардың құндылықтары мен көзқарастарына қатысты алғандағы төзімділікті ұйғарады. Тұлғаны саяси әлеуметтендірудің аталмыш типі жеке меншік қағидаттарына, адам құқықтары мен қоғамның демократиялық құрылымына негізделген либералистік елдерде басым орын алып отыр. Мұнда тұлға егеменді, тең құқықты және тәуелсіз азамат ретінде қарастырылады. Саяси әлеуметтендірудің бұл типінің өмір сүруінің басты шарты – адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы және заң алдындағы азаматтың жалпыға бірдей жауапкершілігі, яғни құқық тұлға еркіндігінің негізі әрі ақиқаттылығы болып табылады. Бұл плюрализмнің анархизмге айналмайтындығының және гегемонизмге ұласпайтындығының кепілі болып табылады.

Гегемониялық тип қоғамның жабық типіне тән. Оның мәні тұлғаның өзін ұқсастыратын басқа да, кез келген саяси жүйелерге және ұйымдарға теріс қарым-қатынасының тез орнауы болып табылады. Мұнда саяси әлеуметтендіру тек өз тобының, табының, қауымдастығының құндылықтары мен нормаларында ғана мүмкін болады. Онда «партия (ұлт, мемлекет және т.б.) бәрінен жоғары» ұстанымы адамның саяси мінез-құлқының ұранына айналады.

Шиеленістік тип қоғамдағы әр түрлі саяси топтар арасындағы күреспен сипатталады, оның негізінде алуан түрлі, сондай-ақ өзара байланысқан мүдделер жатады. Бұл жағдайда өзін саясаттың субъектісі ретінде көрсету мүмкіндігі болу үшін тұлға қандай да болмасын топқа, тапқа, қастаға, кланға және т.б. қосылуға мәжбүр болады. Онда бұдан басқа жол жоқ. Саяси әлеуметтендірудің аталмыш үлгісі елдің экономикалық дамуының жеткіліксіз деңгейі жағдайында, қоғамның жабықтығы кезінде, оның әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан күшті жіктелісі барысында қалыптасады. Мұнда саяси өзара әрекеттің басты қағидаты – «кім бізбен бірге болмаса, сол бізге қарсы» ұраны. Қазіргі кезде саяси әлеуметтендірудің бұл үлгісі дәстүрлі қоғамның әлеуметтік-саяси элементтері әлі де болса күшті, кландар тобына және қасталарға бөлінетін, агрессивті діни бірлестіктер сақталып отырған елдерде өмір сүріп тұр.

Адам өзін қоршаған саяси шындықты ол өзінің санасында қалай көрініс берсе, өзінің саяси мінез-құлқының уәждемесі қалай қалыптасса, солай таниды.

Кез келген адамның либерал немесе коммунист болуға, демократ немесе авторитарлық биліктің жақтаушысы болуға, консерватор немесе радикал болуға мүмкіндігі бар. Егер адам заң үнемі аяқ асты етілген қоғамда

өсіп-жетілсе, онда оған адамзат болмысының жоғары қағидатын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, заң алдында бәрінің теңдігін қамтамасыз ететін, жоғары қоятын құқықтық мемлекеттің әліппесін қабылдау аса қиынға соғады. Қоғам адамның бойында өзінің негізгі белгілерін сөзсіз «басып орнықтырады», ол адамдарды алдыңғы ұрпақ қалыптастырған нормалар мен ережелер бойынша өмір сүруге үйретеді. Мұнда саяси әлеуметтендірудің механизмдері маңызды роль атқарады<sup>1</sup>.

Саяси әлеуметтендірудің механизмдері бірнеше деңгейлерде өмір сүреді. Бұл механизмдердің әрекет етуінің жалпы әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және жеке немесе тұлғашылық деңгейлерін бөліп көрсету жалпылама мақұлданған. Жалпы әлеуметтік деңгейде (тұтас алғанда қоғам және оны құрайтын үлкен топтар) адамға көптеген макро- және микро әлеуметтік факторлар әсер етеді. Ол бұларды бағалайды және соның негізінде сол қоғамға және оның саяси жүйесіне қатынасын қалыптастырады. Әлеуметтік-психологиялық деңгейде, саяси мақсаттар мен қоғамның құндылықтары үлкен топтар жүйесі арқылы да, сондай-ақ, негізінен күнделікті өмірде индивид мүшесі болып табылатын шағын топтар арқылы да беріледі. Тікелей қарым-қатынастар мен байланыстар негізінде адам саяси жүйенің элементтеріне тұрмыстық деңгейде, өзінің айналасындағы адамдардың көмегімен оған деген эмоционалдық қатынасты жасай отырып, қатысады. Индивидуалдық деңгейде, саяси әлеуметтендірудің механизмдері ретінде жеке психологиялық құрылымдар алға шығады, солардың негізінде қажеттіліктер мен уәждер, мақсаттар мен стереотиптер біртіндеп қалыптасады да, кейін олар саясаттағы адамның санасы мен мінез-құлқын басқарады.

Сөйтіп, саяси әлеуметтендіру адамға қажет. Ол оның басқа адамдармен қатынасын құруына, болып жатқан саяси оқиғалардың мәнін түсінуіне, саяси иерархиядағы өзінің мәртебелік позициясын айқындауына және т.б. көмектеседі. Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі – бұл саяси мәдениеттің нормалары мен құндылықтарын, институционалдық қатынас ережелерін адамның меңгеру процесі, бұлар оның саяси жүйеге бейімделуі үшін және саяси қызметтің әр алуан түрлерін орындауы үшін қажетті сапаларының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Бұл процестің өзіндік дамуының әр түрлі кезеңдері бар.

## 2. Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің кезеңдері

Қазіргі саясаттану ғылымында тұлғаның саяси әлеуметтендірілуі – бұл адамның бүкіл өмірі бойына жалғасатын және әр түрлі әлеуметтік топтар

<sup>1</sup> Қараңыз: *Аршинов В.И.* Социализация личности. М., 2010. С. 15-16.

мен қауымдастықтардағы оның дамуының үздіксіз процесі деген көзқарас бекіді. Онда тұлғаның саяси дамуында әр түрлі роль атқаратын алуан түрлі кезеңдерді бөліп көрсетуге болады. Алайда, бұл кезеңдердің ерекшеліктерін түсіндіруде қазіргі кезде бірыңғай көзқарас жоқ.

Бұл, менің көзқарасым бойынша, екі себепке байланысты. Біріншісі саяси әлеуметтендіру тұжырымдамасының тұлғаның жалпы әлеуметтендірілуінің теориясының жасалуынан кейін және соның негізінде қалыптаса бастағандығымен байланысты. Дегенмен, қазіргі күнге дейін тұлғаның жалпы әлеуметтендірілуінің бірнеше теориялары бар және олардың болуы тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің тұжырымдамалары мен кезеңдерін танып-білуді қиындатады.

Ғылыми әдебиеттерде тұлғаның саяси әлеуметтендірілу процесін кезеңдерге бөлу жөнінде әр түрлі көзқарастар кездеседі, олар кезеңдерінің саны бойынша да, сондай-ақ осы кезеңдердің мазмұндық ерекшеліктері бойынша да ажыратылады. Мысалы, кейбір саясаттанушылар төрт кезеңді бөліп көрсетеді: мектепке дейінгі, мектеп кезеңі, еңбек ету кезеңі мен еңбек етуден кейінгі кезеңдер; екінші біреулер үш кезеңді көрсетеді: алғашқы кезең, кемелдену (пісіп-жетілу) кезеңі және зейнеткерлік кезеңі; ал үшіншілері тек екі кезеңді көрсетеді: бірінші (бастапқы) және екінші кезең және т.б.

Тұрақты түрде оқып, білім алу процесі саяси әлеуметтендірудің өзегі болып табылады, оның барысында индивид мәдениетті игереді және оның өзі үшін сыртқы орта болып табылатын қоғамға бейімделеді. Осыларды түйіндей келе, тұлғаның әлеуметтендірілуі үш фактордың әсерін бастан кешіретіндігін айта кеткен жөн. Олар: тұлға, мәдениет, қоғам. Бұл факторлар бір-бірімен өз бетінше емес, индивид ажырамас бөлігі болып табылатын әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар шеңберінде өзара әрекет етеді. Көрсетілген факторлардың өзара әрекеті барысында тұлғаның құрылымдануы орын алады және ол мәдениеттің көмегімен ұжымға, қауымдастыққа, әлеуметтік топқа бірігеді.

Индивидтің мәдениетті меңгеруі және бұдан кейінгі оның қоғамға бейімделуі үздіксіз білім алуға негізделеді. Білім алу процесі, өз кезегінде, индивидтің оны қоршаған ортамен өзара әрекетіне негізделген. Бұл процесс индивидтің бүкіл өмірі бойына жалғасады. Ол отбасында, мектепте, топта, еңбек қызметі барысында іске асырылады. Бұл процестің қарқындылығы өмірдің әр түрлі кезеңдерінде әр алуан болып келеді. Ол әсіресе балалық шақ пен жастық шақта, яғни адам қоғамдық өмірге қосылатын шақта барынша қарқынды жүреді. Бұған жас ағзаның төзімділігінің, иілділігінің жоғары деңгейі де, сондай-ақ тұлғаның бейімделушілік қабілеттерінің жоғары деңгейі де мүмкіндік жасайды.

Саяси өлеуметтендіруді адамның өмірінің ұзақтығымен ара байланыста қарастыру оның бірінші және екінші кезеңдерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді<sup>1</sup>. Саяси өлеуметтендірудің бірінші кезеңі шағын топтардағы тұлғааралық қатынастар саласында өтеді. Өлеуметтендірудің алғашқы агенттері индивидтің айналасындағы оған жақын орта болып табылады. Олар: ата-анасы, алыс-жақын туыстары, отбасының достары, құрдастары, мұғалімдері және т.б.

Бірінші саяси өлеуметтену өте ерте басталады. Балалар үш-төрт жасында-ақ өз мемлекетінің, қайсыбір саяси қайраткерлердің рәміздерін ажырата алады. Балабақша, мектеп, ата-ана, теледидар балаларды экономикалық және саяси өмірге өте ерте жастан қызықтырады, дегенмен, өрине саясат туралы білімнің жинақталуы мектептен басталады, оған деген белгілі бір қарым-қатынас қалыптасады. Содан соң ата-аналар ортасы мен өзінің жеке ортасы, қызметтестері, әріптестері және т.б. қосылады. Адамның саяси категорияларды алғашқы түйсінуі басталады, бұл саяси өмірдің құбылыстарына жеке қатынастардың біртіндеп қалыптасуына алып келеді.

Американ ғалымдары Д. Истон мен Дж. Денис баланың саяси өлеуметтендірілуінің төмендегідей төрт кезеңін бөліп көрсетеді:

— Саясаттандыру саяси өмір туралы пайда болған түйсіктерді баланың «қабылдауының» көрінісі ретінде. Бұл кезеңде шешуші рольді ата-ана, олардың саясатқа қарым-қатынасы, саясат туындатқан реакциялары мен әсерлері атқарады;

— Саясаттың персоналдануы. Бұл сатыда барынша танымал кейбір саяси қайраткерлерге, бірінші кезекте президентке өзін ұқсастыру арқылы баланың саяси саламен алғашқы тікелей қатынастары, байланыстары қалыптасады.

— Саяси көшбасшыларға аса жағымды сапаларды телитін биліктің дәріптелуі және осының негізінде саясатқа деген тұрақты эмоционалдық қатынастардың құрылуы.

Қол жеткен қасиеттердің институттандырылуы, бұл балалардың санасындағы биліктің деперсоналданған түсінігіне бет бұрысын және саясатты өз бетінше, тұлғадан да жоғары көруді білдіреді. Саяси өлеуметтендірудің мұндай үлгісі баланың ішкі өлемінде қоғамның саяси жүйесінің кешенді түрде тұрақты ықпалдасуы механизмін ашып көрсетеді. Графикалық тұрғыдан бұл үлгіні сөзі мен ісі бір жерден шығатын центрлес (концентристік) топтар ұсынуы мүмкін, олардың ортасында көрнекті тұлға тұрады, яғни баланың бойында саяси сипаттың күшті сезімін оятқан тұлға бұның басты назарында болады. Американдық саяси мәдениетте баланың

<sup>1</sup> Краснов С.П. Общество и личность. Ростов-на-Дону, 2009. С. 72-73.

саясаттандырылу процесі дәл осылайша түсіндіріледі. Бұл билік тұжырымдамасының өзінен және индивидтің онымен қарым-қатынасынан шығады. Швейцария психологы Ж. Пиаже өзінің «Тандамалы психологиялық еңбектер» атты зерттеуінде он бес жасқа қарай саяси ойлауда маңызды өзгерістер пайда болып, абстрактылы этикалық-саяси қағидаттарды түсінуге жететінін дәлелдеп берді.

Саяси әлеуметтендірудің өзіндік үлгісін француз зерттеушілері де ұсынды. Мәселен, А. Першерон екі Париж коммунасындағы 10 мен 15 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер арасында жүргізілген арнайы зерттеулерінің негізінде саяси әлеуметтендірудің француздық үлгісінің ерекшелігін көрсетті.

Сауалнаманың нәтижелері көрсеткеніндей, кейбір арақашықтық пен немқұрайдылыққа қатысты «Республика Президенті» «заңдар» және «полиция» терминдерінде көрініс тапқан саяси билік күшті, бірақ алыстағы және абстрактілі шындық ретінде қабылданған. Ел президентіне қатысты онда (ол уақытта генерал де Голль болған) персоналданбаған қатынастар атап көрсетілген. Бұл жай ғана билікке деген қарым-қатынастар болатын (сұрау салынғандардың 35 пайызы президенттің «басқаратындығын», «өмір жүргізетіндігін, билік жүргізетіндігін» мақұлдаған). «Ол елді басқарады» деген пікір барынша кеңінен таралған екен. Француздық балалар мен жасөспірімдердің мұндай қарым-қатынастарымен салыстырғанда олардың американдық құрбы-құрдастарының көпшілігі президенттің «өздеріне камкорлық жасайтындығын» топшылаған, осылайша президент тұлғасын белгілі бір эмоционалды қабылдауының бетін ашқан: жағымды («батыр» «үлкен адам» «жоғарғы жауапкершілік») дегендері – сұралғандардың 15 пайызға жуығын, жағымсыз («тәкәппар», «кәрі») дегендері – 7 пайызды құраған.

Францияда жүргізілген зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, балалық шақтағы саяси мәдениеттің басты ұғымдары ту, республика, Отан, еркіндік, теңдік, туыстық, ұлт, мемлекет сияқты сөздер болған. Олардан кейін саяси институттарды бейнелейтін ұғымдар төмендегідей аталады: дауыс беруші, қалаулы, заңдар, азамат, демократия және басқалары. Американдық саяси мәдениеттегі президенттің қызметін ұғынуын, қабылдаумен салыстырғанда бұл ұғымдардың бәрінің жағымды сипаты бар. Француз балалары мен жасөспірімдердің әлеуметтік сөздігіне талдау жасаудың нәтижелеріне негізделген француз ғалымдарының зерттеу қорытындылары қызығушылық тудырады. Әлеуметтік тап, капитализм, буржуазия, кәсіподақ, саяси партия, экстремист, он, сол, қалыпты және т.б. ұғымдар жалпы саясатқа және соның ішінде саяси кикілжіңге қатысты алғанда, ең алдымен жағымсыз эмоцияларды туындатқан. Бұл ұлттық саяси

мәдениеттің ерекшелікті белгісі ретінде бағаланады. Сондықтан соғыс, зансыздық, зорлық-зомбылық, билік, салық ұғымдарын сұрау салынған балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі қабылдамайды.

Сонымен бірге жұмысшылардың балалары тап күресімен, партиялармен, идеологиямен байланысты сөздікті жағымды түрде қабылдауға бейім болып шықты. Бір қызығы, жұмысшылардың балаларының саясат туралы жалпы білім деңгейі жоғары кадрлардың, еркін мамандық иелерінің балаларының осындай білім деңгейінен көп айырмашылығы болмаған және олардың бұл білімі орта жетекші рангтегі кадрлардың, қызметкерлер мен коммерсанттардың отбасынан шыққан балалардың саяси білімінің деңгейінен асып түскен.

Оңшылдар мен солшылдарға бағыт-бағдар ұстануына байланысты балалардың арасындағы айырмашылықтар да айтарлықтай. Солшылдарды ұнататын балалар парламентарий, демократия, ереуіл, кәсіподақ, коммунизм, шетелдік деген сөздерді кенінен колданады. Оңшылдардың жолын ұстанатындар байлық, буржуазия, асқан оңшыл, министр, тәртіп күштері, американдық деген сөздерге басымдық берген. Балалар мен жасөспірімдердің үшінші тобы, жан-жақты алып карағанда, саясатты мойындамаған және жүйеге бірігуді қаламаған, дауыс беру, ереуіл, партия, кәсіподақ, депутат, әкімшілік деген сөздерге қатты өшпенділік байқатқан.

Француз әлеуметтанушылары өз еліндегі балалардың ұлттық қауымдастық пен республикалық құндылықтарды ерте және барынша жаппай саналы түрде меңгеретіндігі туралы қорытынды жасауы кездейсоқ емес. Бұған идеологияның және балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік шыққан тегі күшті ықпал еткен. Француз балалары мен жасөспірімдері арасында, әдеттегідей, американдық саяси мәдениетке тән саяси әлеуметтендірудің алғашқы екі сатысы — биліктің персоналдануы мен дәріптелуі жоқ. Француз балаларының саясатты ұғынуы саясатты бір жақты даудайлы түсінуден жаппай бас тартумен сипатталады. 1969 жылдан кейінгі Францияның саяси өмірінде болған өзгерістер балалар мен жасөспірімдердің бұл елдің саясаты мен билігін түсінуінің жалпы көрінісін өзгертті. Әлеуметтанушылар патриоттық сезімдердің ықпалының арта түскендігін атап көрсетуде. Солшылдарды да, оңшылдарды да жақтаушылардың саны едәуір өскен. Сонымен бірге, балалардың төрттен бірі дерлік өздерін солшылдарға да, оңшылдарға да жатқызбаған, яғни саяси жүйені нашар ұғынған.

Жалпы алғанда, саяси әлеуметтендірудің алғашқы кезеңінің ерекшеліктері, менің көзқарасым бойынша, адам саяси жүйеге және мәдениет нормаларына олардың мәні мен маңызын түсінбей тұрып-ақ бейімделуге мәжбүр болатындығында.

Балалық шақта және жас кезде қалыптасқан саяси байқампаздық пен мақсаттар неғұрлым тұрақты болып табылады. Саяси мәдениет қалыптастырған құндылықтардың түбірлі өзгеру процесі (қайта өлеуметтендіру деген атқа ие болған) қиындықсыз процесс болып табылады және ол тұлға-ішілік өткір шиеленістермен және де тіпті тұлғаның құрылымын бұзумен қатар жүруі мүмкін.

Саяси өлеуметтендірудің маңызды сатысы есею кезеңі болып табылады. Бұл тұлғаның саяси өлеуметтендірілуінің екінші кезеңі. Тұлғаның саяси өлеуметтендірілуінің екінші кезеңі үлкен топтар мен институттар деңгейінде жүреді. Екінші кезеңнің агенттері—бұл формальды ұйымдар, ресми мекемелер: мектеп әкімшілігінің өкілдері, әскер, мемлекет және т.б. Тұлғаның саяси өлеуметтендірілуінің екінші кезеңі адамның саяси болмысты ұғынуы оны эмоционалдық-сезім арқылы қабылдаудан саналы ұғынуға, қоғамның саяси өміріндегі өз орнын түсінуге ауысқан кезде басталады.

Осыған байланысты, саяси бағыт-бағдардың негіздері балалық шақ пен жастық шақта қалыптасса да, соған қарамастан адам ержеткен кезінде де өлеуметтендіру процесінен шығып қалмайтындығы жөнінде айта кеткен жөн. Бұл әбден түсінікті жағдайлармен байланысты. Біріншіден, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы өзгерістердің тез орын алатындығы соншалықты, адамның оны алдын-ала болжап білуі, яғни 20 жыл ішінде дүниежүзі мен оның өз елі қалай өзгертіндігін болжап білуі мүмкін емес. Екіншіден, қоғамның алуан түрлі бола бастағандығы соншалықты, бұл жағдай адамның өзіндік таңдау жасауында барған сайын қиындық тудыруда. Үшіншіден, өлеуметтік-саяси мобильділік географиялық горизонтальды жағынан да, вертикальды жағынан да айтарлықтай артуда. Мысалы, бір қоғамдық ортада өлеуметтендірілген бала (жасөспірім) есейген кезде мүлдем басқа өлеуметтік-саяси ортаға тап болуы мүмкін (және шынымен тап болады да). Төртіншіден, балалар мен жасөспірімдердің саяси өлеуметтендірілуі үшін жауапты (отбасы, мектеп) институттар (мекемелер) білімнің басқа салаларында неғұрлым мамандандырылған болып табылады және сонымен бірге олар есею кезеңіндегі саяси өлеуметтендіруді іске асыратындарға (мысалы, саяси партияларға) қарағанда, саяси өмір саласында аз мамандандырылған.

Саяси өлеуметтендірудің екінші кезеңі бұл кезеңнің адамның өзіндік саяси тәжірибесін кеңейтуімен, оның жеке саяси пікірлерді айта білуімен, ақпараттарды ой елегінен өткізіп, ұстанымын қалыптастыруымен және өзінің рольдерімен жүруіне байланыстылығымен сипатталады. Өлеуметтендірудің екінші кезеңінде тұлға топтық қысымға қарсы тұруға және идеологиялық позицияларды жеке тұрғыдан қайта қарастыруға, мәдениет

нормалары мен дәстүрлерді қайта бағалауға қабілетті болады. Мұнда білімдерді, нормаларды, билік пен өзара әрекеттің тәсілдерін таңдауға және менгеруге деген адамның өзінің ықпалымен сипатталатын кері әлеуметтендіру белгілі роль атқарады.

Тұлғаның саяси кемелділігінің, дербестігінің, өзінің саяси таңдауы үшін жауапты болу қабілетінің деңгейі көрініс беретін оның саяси мінез-құлқының тұрақты үлгілерін бөліп көрсету екінші әлеуметтендіру кезеңіне тән<sup>1</sup>. Әлеуметтендірудің бұл сатысында билік пен индивидтің өзара саяси әрекетінің сипаты диалогқа, келісімге немесе олардың арасындағы дау-дамайға негізделуі мүмкін. Бұл қоғамда үстемдік етіп тұрған саяси мәдениеттің типімен, оның біркелкілігімен немесе оның ішінде әр түрлі субмәдениеттердің өмір сүруімен байланысты.

Саяси элита саяси әлеуметтендірудің әр түрлі сатыларына үлкен көңіл бөледі. Бұл бір-біріне тікелей қарама-қарсы екі жағдаймен түсіндіріледі: адамдардың саяси көзқарастарын уақыт ерекшелігіне сай сәйкестендіру қажеттілігімен немесе керісінше, бұл көзқарастарды уақыттың ықпалынан қорғауға ұмтылумен түсіндіріледі. КСРО-ның бұрынғы саяси режимі адамдардың саяси көзқарастарын уақыт ықпалынан қорғады.

Әлеуметтік нормалар әлеуметтендірудің құралы болып табылады. Ең жалпылама түрінде әлеуметтік нормалардың әрекеті мыналардан тұрады: а) қоғамдық мәні бар мінез-құлық типтерін (үлгілерін) орнату; б) жеке мінез-құлық қоғамның максаттарын іске асыратын шекараны, ал олардың шегінде – бұларға қарама-қайшы шекараны орнату. Индивидтің әлеуметтендірілуінде құқық нормалары елеулі роль атқарады, бұл құқықтың маңызды экономикалық және әлеуметтік қатынастарды жанамалайтындығымен байланысты оларды қоғамның өмір сүруінің объективті заңдылықтарына сәйкес дамыту мен жетілдіруге бағыттап отырады. Қоғамдық қатынастарға әсер ете отырып, құқық нормалары сол арқылы белгілі бір мөлшерде бүкіл әлеуметтендіру процесін алдын-ала анықтайды.

Ары қарай құқық нормалары әрбір азаматқа тікелей әсерін тигізеді. Олар азаматтарға шығармашылық қызмет еркіндігін, жеке қажеттіліктер мен мүдделердің қанағаттандырылу мүмкіндігін ұсына отырып, адамның ықтимал мінез-құлқының шамасын айқындайды, тұлғаларға қоғамдық қатынастардың қалыптасқан жүйесіне ену мүмкіндігін ұсыну жолымен олардың өзінің тіршілік-қызметі жағдайларын өздері қалыптастыруға қатысуына кепілдік береді. Сонымен қатар, құқықтық нормалар бір мезгілде қоғамның және оның әрбір мүшесінің қалыпты өмір сүруін қамта-

---

<sup>1</sup> *Иванов С.А.* Социальные ценности: теоретико-методологический анализ. М., 2010. С. 150-152.



масыз ету үшін әрбір азамат сақтауға тиіс міндетті мінез-құлықтың деңгейін орнықтырады. Негізгі құқықтар мен міндеттердің жиынтығы мемлекеттің конституциясында бекітіледі.

Индивидтің әлеуметтендірілуіне құқық нормаларының тікелей әсері әр түрлі формаларда жүреді: тұлғаның құқықтық мәртебесінің қалыптасуы жолымен, айналадағы құқықтық қатынасқа қатысушылардың нақты, субъективті құқықтар мен заңдық міндеттерді бөлісуі жолымен және құқықтық тәртіпті бұзған адамдарды заңдық жауапкершілікке тарту жолымен.

Индивидті әлеуметтендірудің маңызды құралдарының бірі өнер болып табылады, өнер қатынас тәсілін, қоғамдық сананың түрін, қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіне қосылған қоғамдық қызметтің ерекше саласын анықтайтын және институттардың ерекше желісімен сипатталатын, ал белгілі бір кезеңдерде — жеке экономикалық және техникалық базамен сипатталатын күрделі әлеуметтік құбылыс. Әлеуметтендірудің факторы бола отырып өнер басқа да қоғамдық құбылыстармен өзара байланыста болады. Өйткені, қоғамның басқа элементтері әлеуметтендірудің құралы ретінде тұлғаға өнермен қатар және сол өнер арқылы «өсер етеді» (шығармашылық тінінде өнер, мысалы қоғамдық мүдделерге, көңіл-күйге, философиялық, моральдық және басқа да идеяларға қоса өріледі).

Материалдық пен идеалдықтың, объективтілік пен субъективтіліктің, шынайылық пен ирреалдылықтың қарама-қарсылығының бірлігі ретінде өмір сүретін бүкіл өнер туындыларын адамдар әр түрлі түсіндіретіндігін айта кеткен жөн. Қоғамның тарихи қозғалысы сонымен қатар, оларға өзінің уақытша түсініктемесін де таңады, жапсырады. Өнердің индивидтерге ықпал ету процесі формальды және формальды емес топтар арқылы, білім мен тәрбие институттары арқылы жанама түрде іске асырылады. Бұл әсіресе әлеуметтендірудің ерте сатыларында, балалық шақ пен жастық шақта байқалады. Алғашқы ертегілер, ойыншықтар, кітапшалар отбасымен және әлеуметтік ортамен «таңылады». Сонымен қатар, әлеуметтендіру процесіне қоғамдық қатынастар мен көркемдік процесі реттейтін барлық институттардың сипаты жанама өсер етеді.

Саяси әлеуметтендіруде бұқаралық ақпарат құралдары үлкен роль атқарады. Олар қысқа уақыт аралығында көптеген адамдарға ықпал етуге қабілетті.

Адамдардың қылықтары мен ой-ниеттерінде саяси әлеуметтендірудің жүзеге асырылуын былайша көрсетуге болады: осы ақпаратты іздеу мен оны тұтынуда жүзеге асатын саяси ақпаратқа деген қызығушылық; әлемде, елде, өзін қоршаған жақын ортада болып жатқан, саяси ой-өрістің кендігін талап ететін саяси бағалауларға дағдылану; білім мен өз бетімен

білім алуға жүзеге асатын, жүйеленген саяси білімге деген қажеттілік; өмірдің мәнін, әлемнің шынайы саяси алуан түрлілігіндегі өз орнын іздеу; өзінің саяси, азаматтық көзқарасын қорғай білу мен оны қорғауға ұмтылу.

Әлеуметтендіру адамның өзгерген жағдайларға белгілі «бейімделуін» көрсететін болғандықтан: 1) саяси әлеуметтендіру процесі индивидуумының бүкіл өмірі бойына үздіксіз жүреді. Әлеуметтік, саяси тәжірибенің жинақталу мөлшеріне қарай индивидуумының өмірлік ұстанымдарының тұрақты түрде түрін өзгертуі немесе нығаюы орын алады; 2) саяси әлеуметтендіру тәжірибенің берілуінің айқын немесе жасырын формасын қабылдауы мүмкін.

Менің көзқарасым бойынша, саяси әлеуметтендіру процесі қоғамның саяси мәдениетінің негізгі элементтерін жана ұрпаққа беру міндетін шешеді. Тұтас алғанда, саяси әлеуметтендіруді негізгі үш жүйеге бөлуге болады. Олар әдетте адамға кешенді түрде әсер етеді.

Әлеуметтендірудің тура, мақсатты бағытталған жүйесі бар. Оған адаммен тікелей байланысы бар мемлекеттік құрылымның элементтері, саяси институттар, партиялар, ұйымдар мен қоғамдық қозғалыстар жатады. Жас кездегі саяси әлеуметтендіруде балалардың, жасөспірімдердің және жастардың саяси ұйымдары аса маңызды саналады. Стихиялы әлеуметтендіру жүйесі үстемдік етіп тұрған саяси мәдениетке қатысы бойынша контрмәдениеттің элементтерінен құралған формальды емес бірлестіктерді қамтиды. Әдеттегідей, бұл жастар мәдениеті шеңберіндегі ерекшелікті топтар.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе мынандай қорытынды жасауға болады: саяси әлеуметтендіру ерте балалық шақтан басталып, адамның бүкіл саналы ғұмыры бойына жалғасады, өйткені, бастапқыда қол жеткізілген түсініктер, бағыт-бағдарлар, мақсаттар мен әдет-дағдылар мүлде өзгеріссіз қалмайды; олар әр түрлі факторларға байланысты, бірінші кезекте жеке қоғамдық-саяси тәжірибенің және қоғамдық-саяси институттардың әсерімен кемеліне келген шақта да өзгеруі, түзетілуі мүмкін.

### 3. Тұлғаны саяси әлеуметтендіру институттары

Саяси әлеуметтендіру барысында адамның қайсыбір саяси рольдерді атқара білу дағдысы қалыптасады, яғни, азамат немесе бағынышты, сайлаушы, салық төлеуші, депутат, саяси партия мүшесі немесе т.б. ретінде одан не талап етіледі, егер саяси мәртебелік иерархияда қандай да бір ұстанымды ұстанатын болса, ол қандай құқықтарға иелік ететін болады, оған

қандай міндеттер жүктеледі, міне осылар жөніндегі оның айқын түсінігі қалыптасады.

Сонымен бірге, адамның бойында саясатпен байланысты қандай да бір қызметтің түрін атқарудың әдет-дағдысы мен ептілігі қалыптасады. Ол дауыс беруге арналған бюллетенді, табыстар жөніндегі декларацияны толтыруды үйренеді. Өзі қабылдаған рольге байланысты ол: партия жиналысында өзін қалай ұстау керек, бұқаралық жиналысты (митинг) қалай ұйымдастыру керек, сайлау алды бағдарламаны қалай құру керек, министрлер кабинетін қалыптастыру үшін қандай қадамдар жасау керек және т.б. осындай саяси қызметтің неғұрлым қиын түрлеріне дағдыланады. Және де, адамда оның ұмтылыстарына, талап-тілектеріне ықпалын, саяси таңдауын, қайсыбір саяси партияны қолдауын немесе белсенді саяси өмірде белгілі бір арақашықтықта болуын және т.б. айқындайтын саясат әлемі туралы құндылықтық артықшылықтар мен түсініктер қалыптасады.

Әлбетте, адам саясаткер, философ болып туылмайды; ол тұлға, тіпті азамат болып та туылмайды. Мемлекет немесе қоғам оны тиісті сапаларға тәрбиелей отырып азамат және тұлға ретінде таниды. Азаматтың бойында мемлекетке, саяси мәдениетке деген заңға бағынушылық және адалдық болады. Тұлға-адамда топ немесе оны қоршаған бүкіл әлеуметтік орта ұсынатын экспектацияларға (талаптарға, үміттерге) сәйкестік бар. Тұлға қоғамның құндылықтары мен мақсаттарын қабылдауы тиіс, әлеуметтік-саяси рольдерді дұрыс орындай білуі қажет, қабылданған нормаларға сай болуы керек және олардан ауытқымауы қажет. Осының бәріне адам саяси әлеуметтендіру кезінде қоғамдық-саяси институттардың ықпалымен үйренеді.

Саяси әлеуметтендіру институттары – бұл арнайы құрылған немесе табиғи түрде қалыптасқан мекемелер мен органдар жүйесі, олардың қызмет етуі индивидтердің дамуына, бәрінен бұрын олардың білім және тәрбие жолымен дамуына бағытталған. Мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамда мұндай мекемелер мен органдардың басым көпшілігінің мемлекеттік мәртебесі бар, дегенмен, негізінде олар мемлекеттік те, дербес те болуы мүмкін. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, соңғы кездерде тұлғаның саяси әлеуметтендірілуін қамтамасыз ететін қоғамдық институттарға ғалым-саясаттанушылардың қызығушылығы арта түскен.

Саясаттанушылар тұлғаның саяси әлеуметтендірілуін іске асыратын отбасы және мектеп сияқты институттарды ерекше бөліп көрсете отырып, олардың сипаттамасына басты назар аударады. Балалық шақ пен жастық шақ саяси әлеуметтендіру үшін өте маңызды саналады. Өйткені, баланың саяси әлемі ол мектепке барғанға дейін қалыптаса бастайды, ал 11 мен 13 жас аралығында неғұрлым айтарлықтай қарқын алады. Кішкен-

тай кезінде-ақ бала ата-анасынан полицияның, әскердің, президенттің ролі жөнінде сұрайды. Ол салықты кім жинап, оның әкесіне ақшаны кім төлейтіндігіне, неге оның әкесі мен анасы полицияға бағынуға мәжбүр болатындығына, елдің туы мен елтаңбасы дегеннің не екеніне және т.б. қызығушылық танытады.

Американ саясаттанушыларының зерттеулері «президент» және «полиция» терминдері баланың нақты айқындайтын және ұғынатын алғашқы саяси терминдері болып табылатындығын көрсетіп отыр. Осы жерде: балалық шақтан жастық шаққа өту кезеңінде баланың бойында саяси жүйеге деген үнату сезімін дағдыландыру үшін саяси билікті персоналдандырудың зор маңызы бар деген қорытынды жасаймыз.

Отбасы – баланы әлеуметтендірудің негізгі ұясы деп есептеледі. Ол оның саяси бағыт-бағдарларына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар саяси процестің белсенді және енжар қатысушысын да қалыптастырады. Балалардың көпшілігі ата-аналары мен туыстарының қызығушылығының және әңгімелесуінің арқасында саясатпен таныса бастайды. Бұл олардың қандай елде тұрып жатқандығын ұғынуынан басталады. Ол өзінің орыс, қазақ, өзбек, ұйғыр екендігін біледі. Содан кейін ата-анасы баланы тұлғаның күрделі дамуын көрсететін, оны қоршаған ортаға бағдар ұстануға баулиды. Сонда балалар ата-анасынан белгілі бір құндылықтар жиынтығын алады, сондай-ақ дінін немесе қандай этносқа жататындығын біледі. Сонымен қатар, саяси құмарлық, сайлау кезіндегі артық көрушілік және саяси көзқарастар ата-аналардан «мұраға берілуі де» мүмкін. АҚШ-тың колледждерінде М. Кеннет Дженнингс пен Ричард Неми жүргізген зерттеулер жастардың 59%-ы ата-аналарының саяси үнатуына артықшылық беретінін көрсеткен.

Осы жерде АҚШ-та 13 пен 18 жас аралығындағы балалардың 40%-ын саяси ұстанымдарының қалыптасуында ата-аналарының ықпалында болатынын айтуыңыз керек. Францияда балалардың 50%-дан астамы ата-аналарының ықпалында болады екен. Америка президенттерінің биографтарының көпшілігі, мысалы олардың тәрбиесіне отбасының ықпалын көрсеткен.

Десек те, отбасының ықпалын асыра бағалауға да болмайды. Мысалы, төменгі сословиеге жататын ата-аналар жасөспірімнің бойында ақпарат көздері ретінде сенімділік тудыра алмайды, бұл туыстық топтар деп аталатындардың, яғни өздері сияқты көзқарастары бар, сондай мәртебесі бар, өз жастарындағы адамдардың ықпалының арта түсуіне себепші болады. Мектептегі достар, әріптестер, достық «кандар» – бұның бәрі туыстық топтардың мысалы. Бұлар 13–14 жасқа жеткен кезде жасөспірімге ерекше күшті ықпал ететін өзгеше бір саяси әлеуметтендіру институттары.

Төменгі жіктен шыққан балалар тап аралық ортаға түсе отырып, әдетте төменгі таптың емес, орта таптың нормаларына бейімделеді. Әйелдер, әдеттегідей, әсердің басқа формаларына карағанда, ортаның, туыстық топтардың ықпалын қабылдауға бейім.

Саяси әлеуметтендіру институттарының жүйесінде мектепке (орта және жоғары) маңызды орын беріледі. Мысалы, АҚШ-та мектеп құқық бойынша мемлекеттік саясаттың құралы деп есептеледі. Мектеп бағдарламалары жасөспірімдерді «америкаландыруға», яғни оның бойында американдық саяси жүйеге деген адалдық сезімін, АҚШ-тың тарихы мен дәстүрлеріне құрметпен қарау сезімін қалыптастыруға қабілетті. Бұрынғы кеңестік мектеп те өскелең ұрпақты Отанға, халыққа берілгендік рухында тәрбиелеу міндеттерін орындады. Әрине, «партия», «революция ісі», «социализм ісі», өткен кезеңдерде «Сталинге берілгендік» бірінші орынға қойылғаны да шындық.

Орта мектепте, жоғары сыныптарда балалар келешекте қатысатын саясат және саяси жүйе дегеннің не екендігін анық түсінуге қол жеткізеді. Осылайша түсіндірілген азаматтық тәрбиенің көптеген тура бағыттары бар. Саяси феномендер туралы білім тарихтан, қоғамтану сабақтарынан, сондай-ақ азаматтық тәрбиеден сарқып алынады. Онда саяси жүйе сүйенетін іргелі қағидаттарды түсіндіру жүреді. Әңгіме мұнда, құқықтық тәртіппен қатар, бұл күрделі механизмді қозғалысқа келтіретін іргелі құндылықтар мен идеялар туралы да болып отыр. Балалар мұнда негізгі саяси институттар болып саналатындарды оқып-үйренеді. Бұлар: Парламент, Жоғарғы сот, Үкімет. Олар сондай-ақ аталмыш жүйенің іргелі қағидаттарымен: мысалы, бостандық немесе тең мүмкіншілік идеяларымен, демократияның өмір сүру ережелерімен танысады.

Мектеп оқушыларын «формальды емес» саяси құндылықтарға оқып-үйретудің де бар екендігін атап көрсеткен жөн. Бұл мектеп оқушыларының сабақтан тыс қызметі деп аталатын: әр түрлі ұйымдарға, міндетті сипаты жоқ іс-шараларға қатысудан тұрады. Зерттеушілер мұндай қызметтің: жауапкершілік, белсенділік, келешекте саяси қатысу үшін қажетті, өмір сүріп тұрған құндылықтарға сену сияқты белгілі бір ерекшеліктерді қалыптастыратындығын топшылайды.

АҚШ-тың бірқатар мектептерінде жүргізілген зерттеулер оқушылардың сабақтан тыс қызметке қатысу деңгейі жоғары болған сайын, олардың үкіметті, партияларды, азаматтықты және т.б. нақтырақ бағалайтындығын көрсетіп отыр. Мұның барысында төмендегідей байланыстылық анықталған: 1) ата-анасының білім деңгейі жоғары болса, оқушы да сабақтан тыс қызметке жиі қатысады; 2) қызметтің мұндай түріне көбірек қатысса, оның санасының мектеп жүйесімен бірігуі де жоғары болады; 3) өзінің

мектеп жүйесіне енгендігін көбірек сезінген сайын оқушының әлеуметтік сенімі-жауапкершілігі де жоғары болады; 4) оның әлеуметтік жауапкершілігі жоғары болған сайын саясатқа деген қатынасы да оң бола бастайды.

Жоғары мектеп саяси әлеуметтендірудің маңызды институты болып табылады<sup>1</sup>. Жоғары оқу орындарында оқитын жастардың бойында іргелі құндылықтардың айқын жүйесі, белгілі бір саяси қауымдастыққа жату сезімі бар. Олар сондай-ақ саяси артық көруді де байкатады (соның ішінде, идеялық және партиялық). Өткен кезеңдермен салыстырғанда ТМД-дағы жағдай мынандай: қазіргі кезде студенттер қозғалысы елдің саяси өміріне айтарлықтай ықпалын тигізуде. Қазіргі уақытта студенттердің әлеуметтік құрылымының өзгеру процесі жүріп жатқандығы жағдайын да ескермеуге болмайды.

Соңғы жылдарда студенттердің оқыту бағдарламасын өзгертуге, оған студенттердің өздерінің бақылау жасауына, оларға университеттер мен институттарды басқаруға қатысу құқығын беруге деген талаптары байқалуда. Жаңа курстарды, қазіргі кездегі қажетті мәселелерге жауап бере алатын, заманауи проблемаларды, елдегі саяси жағдайды түсіндіре алатын курстарды өздерінің бақылауымен енгізуді студенттердің талап етуі өте маңызды жайт болып табылады.

Студенттер талап қоюда тек білім саласымен ғана шектеліп қалмайды. Бұл түсінікті де, өйткені қазіргі ТМД-да саяси режимнің ауысуы нәтижесінде бұрынғы құндылықтар жүйесі сенімсіз болып шықты, ал жаңа құндылықтар көпшіліктің санасында әлі де болса орнықпаған болатын. Саяси мінез-құлық пен қатысудың ескі, аға ұрпақ менгерген үлгілері көбіне жаңа саяси шындыққа жауап бермейтіндігімен, ал жаңа үлгілер қалыптасу үстінде екендігімен және олардың баяу менгеріліп жатқандығымен санасуға тура келеді. Осыған байланысты, ескі құндылықтардың бұзылуы мен жоғалуынан кейінгі пайда болған вакуумды толтыратын, әлеуметтендірудің жаңа институттарын қалыптастырудың қажеттілігі туралы мәселе туындайды.

Қазіргі жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), соның ішінде ең алдымен теледидар индивидтердің саяси мәдениеті мен саяси мінез-құлқына едәуір ықпалын тигізуде. Ғылыми-техникалық революция, коммуникация саласындағы жаңа технологиялар жалпы алғанда мемлекетті ғана емес, сондай-ақ әлемнің орасан зор өңірлерін қамтитын байланыс арналарының тұтас жүйесін қалыптастыруға алып келді. Радио мен

<sup>1</sup> Әбсаттаров Р.Б., Әуелгазина Т.К. Қазақстандықтардың саяси әлеуметтенуі: сипаты мен жолдары. Алматы, 2010. 25-26 б.

теледидар көпшілік халыққа үлкен ықпал етуге қабілетті. Американдық әлеуметтанушылардың бірінің пікірі бойынша, теледидар қысқа мерзімді ақпараттың квинтэссенциясы болып саналады. Сикыршы сияқты, ол бірнеше секунд ішінде әрекет етеді.

Бірақ, іс мұнымен ғана бітпейді. Кабельді теледидар, интернет байланыс саласында жаңа мүмкіндіктерді ашты. Теледидар арқылы берілетін хабарлар, интернет арқылы қарым-қатынас жасау адамдардың күнделікті өмірінің құрамдас бөлігіне айналды. Дегенмен, теледидар және басқа да БАҚ көптеген адамдардың саяси ұстанымының қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Бұның себебі, біріншіден, өмір, оның шекараларының және қарым-қатынастардың саяси аясы мен отбасылық аясы елеулі өзгерістерді бастан өткерді. Барлық отбасына да ұжымдық өмірдің алуан түрлі көріністері кірді (спорттық жарыстар, діни және саяси рәсімдер, саяси көшбасшылардың сөз сөйлеуі, мемлекет басшыларымен кездесулер және т.б.). Қысқасы, қоғамдық, саяси өмір азаматтардың жеке өмірінің бір бөлігіне айналды. Екіншіден, әрбір азаматтың саяси өмірдің қандай да болмасын бір көрінісіне қатысуы шындыққа айналды. Саяси өмірді демократияландыру орын алды деп айтуға болады. Қалаулылар өздерінің сайлаушыларымен тікелей жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды, ал сайлаушылар саяси қайраткерлердің жұмысына жеке бақылау жасауды іске асырып отыр. Үшіншіден, саяси элиталарды заңдастыру процесі де өзгерді. Оларға әр түрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің «енуі» үшін мүмкіндіктер кеңейде. Жеке басының танымалдылығы басты маңызға ие болды. Саяси мансаптың жаңа үлгісі қалыптасты. Ал бұл дегеніміз, қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарын саяси әлеуметтендіру процесіне, олардың саяси бағыт-бағдарларына айтарлықтай анықтай отырып БАҚ тікелей әсер етеді деген сөз. Ал қазіргі ақпараттар ағымы заманында «бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік құрылымда маңызды роль атқарады»<sup>1</sup>.

Қазіргі ақпараттық қоғамда ақпарат іргелі құндылыққа айналғандығын айта кеткен жөн. Сондықтан ақпаратты жасаушы және өңдеуші институттар билік құрылымдарының бір бөлігіне айналуға, әсіресе егер қоғам демократиялық қоғам болып табылса. Сонымен қатар, олар тұлғаның саяси әлеуметтендірілуін қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізеді. БАҚ саяси институттардың, партиялардың, мүдделі топтар мен азаматтардың арасындағы делдал болып табылады. Сөйтіп олар ақпарат береді, кейде сендіреді, ал кейде көрсетілген қуатты саяси күштердің көзқарасын білдіру үшін ақпаратпен манипуляция жасайды. Бұқаралық ақпарат

<sup>1</sup> *Әуелгазина Т.* Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның саяси әлеуметтену ерекшеліктері. Алматы, 2006. 210 б.

құралдары, сондай-ақ биліктің әр түрлі тармақтарының, жекелеген саясаткерлердің немесе саяси ұйымдардың арасындағы пікірталастарда да делдалдық қызмет атқарады. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен жүргізілген пікірталастың азамат пен әлеуетті сайлаушы үшін білім берушілік аспектісі де бар, өйткені бұл оларға қандай да бір проблемалар мен саясаткерлердің көзқарастары ауқымында бағдар ұстануға мүмкіндік жасайды.

Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуіндегі БАҚ-ының ролі жөнінде айта келе адамның саяси әлеуметтендірілуінің дамуындағы, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік тәртіпті нығайтудағы мемлекеттік ұйымдардың, саяси партиялардың, шіркеулердің, мешіттердің және басқа да әлеуметтік-саяси институттардың ролі жөнінде айтпай кетуге болмайды. Бұл әсіресе партиялардың мысалынан жақсы көрінеді.

Саяси партия бағдарламаларды немесе агрегацияларды (белгілі бір электоратты ұйымдастыру) құру функциясынан басқа тәрбиелік рольді де атқаруы тиіс. Бұл әсіресе, демократияның белсенді түрде (тек енжар ғана емес) ақпарат алуды ұйғаратын кезінде аса маңызды. Саясаттың механизмдерін ұғыну және көпшілік өмірге белсене қатысу демократияның мәні болып табылады. Саяси белсенділік, әсіресе демократиялық елдерде азаматтық және саяси ұйымдардың алуан түрлі формаларына қатысудың нәтижесінде іске асырылуы тиіс. Тоталитарлық жүйеде саяси партия (коммунистік партияның үстемдік етуші ролі) негізгі және іс жүзінде бірден-бір саяси институт болып табылады. Қалған институттардың барлығы Ханна Арендтің жазғанындай, шымылдық ролін атқарады, олар дүшпанмен күресте майдан шебіндегі ұйымдар болып табылады.

Саяси партиялар азаматқа қатысты мемлекеттік шешімдердің, сондай-ақ саяси институттарға қатысты алғанда азаматтардың үміттерінің «трансмиссиясының белдігі» (берілуі) болып табылады. Топшыланып отырған партиялық құрылымдардағы азаматтық белсенділік саясатты қалыптастырудың аса шырмалған (шиеленісіп кеткен) процесін түсінуді жеңілдетеді. Бұдан басқа, партиялық бағдарламалар еркіндік немесе теңдік сияқты белгілі бір іргелі құндылықтарға негізделеді. Белгілі бір саяси көзқарастардың пайдасына қарай пікір айту да көрсетілген құндылықтарды қабылдауды білдіреді. Мысалы, өзін консерватор атау толық скептицизм болғанымен демократияны және оны эгалитарлық емес, элитарлық нұсқада қабылдауды білдіреді, өйткені теңдік идеясы консервативтік сенімнің құрамдас бөлігі болып табылмайды.

Басқа да саяси құбылыстар тәрізді саяси әлеуметтендіруге белгілі бір функцияларды атқару тән. Олар төмендегідей болып бөлінеді: ақпараттық, құндылықты-бағдарлық, нұсқаушылық, мінез-құлықтық-қызметтік.



Ақпараттық қызмет саяси қатынастар саласында танымдық міндеттерді шешуге бағытталған. Адамға мемлекеттік құрылым, саяси қатынастар, құқықтар мен міндеттер туралы қажетті білім беріледі.

Құндылықты-бағдарлық қызмет адамды қалыптасқан саяси қатынастар, құндылықтар мен бағыт-бағдарлар жүйесіне қатыстыруға бағытталған. Осының арқасында онда құндылықтық бағыт-бағдарлардың үш деңгейлі: когнитивті, эмоционалды, бағалау деңгейлері бар өзіндік жүйесі қалыптасады. Нұсқаушылық-нормативтік қызмет саяси жағдайларға, өзінің мінез-құлқын таңдауға және т.б. қатысты белгілі бір заңдарды (ережелерді) жасауға бағытталған. Мінез-құлықтық қызметтік функция адамның нақты саяси мінез-құлқында көрініс береді.

Әр түрлі арналар мен институционалды құрылымдарға сүйене отырып, саяси режим өзінің басты міндеті – саяси қызметтің қандай да бір аспектілеріне азаматтардың жағымды (оң) қатынастарын қалыптастыру, бұқара тарапынан қолдау табу, саяси режимді сақтау деп біледі. Нақ осы саяси өлеуметтендіру билік үшін қажетті көпшіліктің саяси санасын қалыптастыра отырып және азаматтардың тиісті саяси мінез-құлқын қамтамасыз ете отырып осы функцияны атқарады.

Әрбір азамат сыртқы өсерлер арқылы болса да, өзінің жеке өлеуметтік және саяси индивидуалдылығын өз бетінше қалыптастырады. Саяси ұстанымның қалыптасу механизмі өте күрделі және көп қырлы. Алайда, менің көзқарасым бойынша, саяси ұстанымның (позиция) қалыптасу процесіндегі елеулі екі факторды бөліп көрсетуге болады. Оның біріншісі психология мен психоанализді қамтиды. Екінші фактор символдық жүйелер ретінде алға шығатын саяси бағдарлардың өлеуметтік және мәдени детерминанттарына, яғни сана мен белгілі бір өлеуметтік әрекеттер саласының түсініктерінің жиынтығына назарды аудартады. Сондықтан, саяси ұстаным индивидтің саяси өлеуметтендірілуінің нәтижесі болып табылатындығын айта кеткен жөн.

Сөйтіп, саяси өлеуметтендіру процесінде адам саяси қатынастар өлеміне енеді, қоғамдық болмыстың саяси жағын меңгереді. Адамның субъективті сапаларына, оның саяси өмірдің әрекет етіп тұрған нормаларын қабылдауы мен игеру қабілетіне байланысты ол саяси белсенді немесе саяси енжар тұлғаға айналады.

Осыған орай саяси өлеуметтендірудің саясаттың өткенімен, қазіргісімен және болашағымен байланысқан саяси қатынастардың элементтерін максатқа лайықты үйлестіруді қамтамасыз ететіндігін айта кеткен жөн. Соған сәйкес саяси өлеуметтендірудің міндеттеріне: саяси қоғамдастықтың жана мүшелеріне саяси мәдениеттің негізгі элементтерін беру; қоғамдық өзгерістердің қажетті шарты ретінде осы элементтердің кейбі-

реуін өзгерту; ерекше жағдайларда, мысалы, жаңа тәуелсіз мемлекеттің пайда болуы барысында жаңа саяси мәдениет құру жатады.

Сонымен айтылғандардың бәрін түйіндей отырып, саяси әлеуметтендіру – бұл тұлғаның саясатқа араласуы және онда қызмет етуі деген қорытынды жасауға болады. Бұл процесте адам өмір сүріп тұрған саяси жүйемен байланысты танымға, түсініктерге ие болады, оған өзіндік қатынас жасайды. Саяси бағдардың әр түрлі формалары индивидуумның санасында және саясат пен мемлекеттік қызмет саласынан алған тәжірибесінің шамасына қарай оның эмоционалдық саласында көрініс табады. Мұндай бағыт-бағдар саяси қоғамдастықтың басқа мүшелерінің саналы түрде күш салуының ықпалымен біртіндеп немесе индивидтің өміріндегі әр түрлі оқиғалардың ықпалымен елеусіз түрде қалыптасуы мүмкін.

## **САЯСИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Саяси технологиялар проблемасы саяси ғылымда ең аз зерттелген деуге болады. Саяси өмірде теориялық ілімді, қағидаларды білу ғана маңызды емес, сонымен бірге саясат іс жүзінде қалай, қандай әдіс-тәсілдермен, қандай технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатынын білудің де мәні зор. Осыған байланысты кез келген құрылымы күрделі қоғам мен мемлекеттегі нақты саяси процестердің көп қырлылығын атап айтуға болады. Осы көп қырлы процестерді зерттеуде саяси технологиялар маңызды роль атқарады.

Саяси технологиялар саяси жобалаумен — билік институтының іс жүзіндегі қызметін ұйымдастыру ісімен, оны жорамалдаумен, жоспарлаумен, бағдарлама жасаумен айналысады. Міне, сондықтан да саяси технологиялардың көмегімен биліктің жаңа мағынасы мен мәнін айқындауға болады. Саяси технологиялар саяси оқиғаларды айқындау проблемасын жаңаша қояды, саяси құбылыстарды реттеу, бақылау жөніндегі мамандандырылған қызмет үшін негіз қалайды. Саяси процестерді түсінудің айрықша ресурсын жасай отырып, саяси технологиялар бұл құбылыстың мәні қайсыбір міндеттерді шешудің қолданылып отырған әдістеріне тікелей байланысты екендігін көрсетіп беріп отыр. Мәселен, жаппай өсек аян, жалған ақпарат тарату, белгілі бір партияның өкілдерін телеэфирге шығармау, билік органдарының қалыптасу процесінің өнін айналдырып, азаматтардың өз өкілдерін ерікті түрде таңдауының орнына бұқаралық ақпарат құралдарының бақылауындағы ерік-мүдделерді таңдауға дейін жеткізетіні сөзсіз.

Саяси технологияларды қолданудың негізгі пафосы әр түрлі субъектілердің өз міндеттерін орындауларын оңтайландыруда екенін айтқан жөн. Саяси технологиялар ресурстарды тарту мен үнемдеуге, мемлекеттегі жағдайды тұрақтандыруға немесе тұрақсыздандыруға, сайлау науқандарын ұйымдастыруға, мемлекеттік бағдарламаларды жасау кезінде мүдделерді ойластыруға қатыса алатын субъектілердің мүдделеріне, функциялары мен мақсаттарына сәйкес көзделген мақсатқа функционалды түрде бағытталады.

Әдетте, саяси технологиялардың қалыптасуының қажеттігі қайталанып отыратын ситуациялар, тіпті стереотиптік жағдайлар мен іс-әрекеттер орын алған кезде көрініс береді. Мақсатты түрде бағытталған қызметтің әдістері мен процедурасының жиынтығы ретінде көрініс беретін саяси технологиялар мақсатқа жетудің құралын реттеп қана отырмайды, сонымен бірге іс-әрекеттің кезектілігін, саяси субъектілердің мінез-құлқының тиісті

алгоритмін жасауды да бекіте түседі. Іс жүзінде саяси технологиялар субъектілер мен объектілердің өзара қарым-қатынастарының сан түрлі әдістері мен механизмдерінен, контрагенттердің өзара іс-әрекетінен, сыртқы және ішкі факторлардан қалыптасатынын айтқан жөн. Бұл мәселелерді дұрыс түсіну үшін, ең алдымен саяси технологиялардың мәні мен типтерін анықтау қажет.

## 1. Саяси технологиялардың мәні мен типтері (түрлері)

*Саяси технологиялар* — бұл әлеуметтік технологиялардың әр түрлілігі ғана емес, «саяси технологиялар» ұғымы — мақсаттылықтың, бірізділіктің, қажетті, ойластырылған саяси нәтижелерге негізделген белгілі тиімді іс-әрекеттердің жүйесі екендігі де сөзсіз.

Менің пікірімше, «саяси технология» және «саясаттағы технология» ұғымдарын бір-бірінен ажырата қараған жөн. Соңғы ұғым көбінесе саяси компоненттерді ғана емес, сонымен қатар алға қойылған саяси мақсаттарға жетуге көмектесетін ұйымдық, дипломатиялық, әскери, қаржылық, ақпараттық, психологиялық, манипуляциялық, компьютерлік және басқа да формалар мен әдістердің кең спектрін де қамтиды. Ал, «саяси технологиялар» бір жердің шеңберінен аспайтын, тез арада жүзеге асырылатын қысқа мерзімдік нәтижелерге (тактикалық) жетумен бірге, ұзақ мерзімге есептелген тиімділікке стратегиялық қол жеткізуді де қамтиды. Қайсыбір саяси технологияларды болмасын, пайдалану саяси басқарудың тиімділігін, саяси процестерді реттеуді, саяси жүйелер мен барлық саяси кеністіктің тұрақтылығын айқындайды. Саяси технологиялар көп ретте қоғамдық дамудың түріне, режимнің сипатына қарай анықталады.

Саяси технологиялардың құрылымы аналитикалық мақсатты жорамалдаудың және одан арғы жерде оның қызметін жекелеген кезеңдерге, сатыларға, операцияларға бөлудің, сондай-ақ балама, тиімді әдістерді, жүзеге асырылатын мақсатқа байланысты олардың құралдары мен қолданылуын іріктеп, тандап алудың көмегімен жүзеге асырылады. Көптеген жағдайларда осы заманғы саяси ортаның проблемалық алаңы саяси технологияларды талдап жасап, іске асырудың бірқатар кезеңдерінің болуымен анықталады. Олардың қатарына жататындар мыналар: әлеуметтік саяси жағдайлардың диагностикасы мен мониторингі; нақты саяси технологиялардың көмегімен қол жеткізілетін мақсаттар мен міндеттердің алға қойылуы; алға қойылған мақсаттарды жүзеге асырудың мүмкін варианттарын салыстырмалы талдау және т.б.

Сонымен, саяси технологиялар бірізділікпен қолданылатын процедуралардың, нақты саяси субъектінің мақсаттары мен міндеттерін белгілі

бір уақытта және белгілі бір жерде неғұрлым оңтайлы және тиімді түрде жүзеге асыруға бағытталған қызметтің әдістері мен тәсілдерінің жиынтығын қамтиды деуге болады. Осыған орай тұтас алғанда субъектінің билік саласындағы нақты міндеттерді шешуін қамтамасыз ететін саяси технологияларды бір жағынан саяси маркетинг деп те атауға болады.

«Маркетинг» термині экономикалық, әлеуметтік және саяси қатынастарды реттеу жөніндегі әр түрлі ұйымдық-техникалық және басқару қызметін белгілеу үшін де пайдаланылады<sup>1</sup>. Бұл – тауар және қызмет көрсету, сұраныс пен ұсынысты зерттеу, жұмыс беруші мен жалданып жұмыс істеушілердің, саяси қайраткерлер мен азаматтардың арасындағы процесстерді реттеу деген де сөз. Аталған терминді саясат саласында пайдаланудың заңдылығы мына жағдайға байланысты да келісілуі керек, мәселен АҚШ-та саяси маркетинг ашық түрде тауар сатумен теңдестіріледі. Саяси маркетингі әр түрлі ғылым мен оның салаларындағы мамандарды: саясаткерлерді, психологтарды, әлеуметтанушыларды, экономистерді, программистерді, жарнама кәсіпкерлерін және басқаларды біріктіреді. Саяси маркетинг демократиялық тұрғыдағы саяси режим орныққан шет елдердің барлығында іс жүзінде кеңінен қолданылуда. Саяси маркетинг – саяси партиялардың, саяси лидерлердің өкілетті билік органдарына, депутаттыққа кандидаттардың және басқа да билік құрылымындағы адамдардың сайлаудағы жеңісін қамтамасыз ету мақсатында қолайлы имиджін жасауға бағытталған шаралар комплексін құрайды.

Жалпы саяси технологиялар ықпал етудің белгілі бір алгоритмі ретінде әрекет үстіндегі адамның өзіндік ерекшелігін (оның білімін, тәжірибесін, шындыққа қалай қарайтындығын), оның қызметінде пайдаланылатын материалдық және рухани ресурстарды, сондай-ақ, техникалық компоненттерді қамтамасыз ететін саяси инженерияның формасын қамтиды деуге болады. Осындай себеппен саяси технологиялардың қалыптасуы мен қолданылуы, оларды жүзеге асырудың қарқыны субъектінің біліктілігі мен жауаптылығына, оның іс жүзінде белгілі бір саяси ресурстарды пайдалану білігі мен қабілетіне тікелей байланысты. Әдетте, техникалық немесе кадрлар ресурсы жағын нашар қамтамасыз етілу саяси технологияларды қолданудың тиімділігін төмендетеді.

Саяси технологияларды өзара әрекет етудің жекелеген механизмдерімен, техникасымен, немесе әдістерімен шатастыруға болмайды. Саяси технологиялар – бұл нақты әрекет етуші субъектінің белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған техниканы қолданудың процесі болуымен бірге, осы қызметтің нәтижесі де. Ал, егер бұдан

<sup>1</sup> *Иванов А.И.* Основные направления маркетинга. М., 2003 С. 18.

да анығырақ айтсақ, саяси технологиялар алға қойылған мақсатқа қол жеткізу бойынша әлденеше рет әрекет ету мәселені шешудің неғұрлым оңтайлы және экономикалық жағынан тиімді әдістерін алға тартқан кезде пайда болатын қызметтің осы әдістерінің белгілі бір әрекетінің қорытындысы болып табылады.

Саяси технологиялар саяси билік пен мемлекеттік басқарудың барлық буынына кеңінен еніп отыр. Осы тұрғыдан алғанда олар саяси билікті қолданудың және мемлекет ресурстарын тиісінше бөлудің конвенционалды (ашық түрдегі) процестерінде де, сондай-ақ конвенционалды емес, заңмен тыйым салынған немесе саяси дәстүрлерге қарама-қайшы келетін әдістер мен процедураларды пайдалану ұйғарылған процестерде де көрініс беріп отырады. Саяси технологиялар қолданылу орны және уақыты бойынша шектеулі болып келеді. Осы қызметтің белгілі бір жүйесі ретінде қызметтің әдістері мен тәсілдерінің, техникасының нақты үйлесімінде, И. Пригожиннің сөзімен айтқанда, кеңістік-уақыттық жағдайларға қатаң танылған өзінің «ішкі уақыты» болады.

Алайда, саяси технологияларда әрқашанда да субъектінің творчествосына, импровизациясына, үйреншікті емес іс-қимылдарына жол беріледі. Саяси технологиялар нақты бір субъектінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді рационализациялауға бағытталған, белгілі бір формалдылыққа, институционализмге және нормалық жағынан бекіте түсуге ұмтылады. Ережеге сәйкес, саяси технологиялардың құрылымына неғұрлым маңызды үш элементтің кіретінін айтқан жөн, олар: айрықша технологиялық білім, әрекет етудің нақты тәсілдері, процедуралары және әдістемесі, сондай-ақ, әр түрлі техникалық-ресурстық компоненттер.

Осы элементтердің ішінде айрықша-технологиялық білім жетекші рөлге ие. Бұл рөлдің жетекші болуының сыры мына тұрғыда келісілген, саяси технологиялар өзінің мәні бойынша да билік саласы мен мемлекетті басқаруда пайда болатын проблемаларды іс жүзінде шешудің құралдары мен әдістерін табуға бағытталған шындықты бейнелеудің ерекше формасын іске асыру болып табылады. Бұл мағынада шындықты танудың технологиялық деңгейі ғылыми-қолданбалы білімнің формасын ғана қамтып қоймайды, сонымен бір мезгілде ол саяси проблемаларды шешуді субъектілердің мүдделілігі тұрғысынан бағалауды да білдіреді. Сонымен айрықша-технологиялық білім шындықты қарапайым ғана емес, ғылыми танудың әдістерін қамтитын танымдық-проективтік, идеалды-жанғыртушылық қызмет болып табылады. Бұл айрықша-технологиялық білімде бейнелеудің ғылыми формасында да, жекелей алғанда оның қарапайым әдісіне де тән емес құбылысты бейнелеу мен түсіндірудің жеке өзіндік логикасы болатындығын көрсетеді.

Айрықша-технологиялық білім кез келген оқиғаны қозғалыстың өзіндік жеке логикасын менгерген шындықтың әлдебір фрагменті, дамудың көзі, өсудің шегі т.б. ретінде қарастырады. Сөйтіп, оқиғаларды кім бейнелейді (технолог, аналитик), осы ситуацияларға байланысты проблеманы шешу үшін нақты мақсаттарды кім белгілейді (тапсырыс беруші), сондай-ақ, міндеттерді шешу сатысында кім әрекет етеді (орындаушы), міне, солардың ұстанымдары негізінде айрықша-технологиялық білімнің мазмұны қалыптасады. Ізінше, олардың қай-қайсысы да технологиялық ақпараттың мазмұны мен формасын өзгертуге икемді. Айрықша-технологиялық білімнің субъектісін бұлайша үш есе көбейту оның барлық танымдық стратегиясы диагностика сатысында да, білімді актуалдандыру сатысында да объективті жағдайлар мәліметтері негізінде қалыптасатындығын көрсетеді.

Технологиялық тұрғыдан келген жағдайда кез келген оқиғалардың өзгеруінің құрамын, құрылымын, формасын, сипатын ұғындыруға қол жеткізуге икемді координаттар жүйесін жасау проблемасы бірінші кезекке шығады. Бұл технологиялық мәліметтер базасына тек арнайы сипаттағы тұжырымдамалар мен бағалауларды ғана емес, осы ситуацияны экономикалық, тұрмыстық, экологиялық және басқа да көзқарастар тұрғысынан аша түсетін ақпаратты енгізуді жорамалдауға мүмкіндік береді.

Айрықша-технологиялық ілім – бұл саяси жобалауға және саясат субъектісінің практикалық қызметін ұйымдастыруға бағдар ұстау жөніндегі ғылыми-қолданбалы ілім болғандықтан, саяси технологиялар үшін негізгі құндылық бірдеңені істеу, жүзеге асыру жөніндегі ғылым ғана емес, ол әрекетті жүзеге асыру және мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған нақты қабілет, дағды да. Іс-әрекеттің белгілі бір әдістерін, процедураларын, техникасы мен методикасын қолдануда көрініс табатын мұндай нақты дағдылар мен қабілеттер нақты мақсаттарға орай, ең аяғында саясаттың кез келген саласының ерекшелігіне қарай қалыптасып, пайда болады<sup>1</sup>. Мәселен, шешім қабылдау кезінде бұл халықаралық дауларды шешу – яғни жанжалдасушы жақтардың арасында өзара мәмілеге келуді іздестіру, немесе ымыраластырушы құрылымның (арбитраждық) оларға ықпал етуі шеңберінде мемлекеттік саясаттың кез келген мақсаттарын талдап жасап, жүзеге асырғанда екі жақтың да мүдделерін келісу және салыстыру әдістері болып табылуы да мүмкін.

<sup>1</sup> Қараңыз. *Әбсаттаров Р.Б.* Саяси технологиялар: теория мен тәжірибе // Абай атындағы ҚазҰПУ-тің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2004. № 1. 65-70 б.

Қызметтің бұл нақты әдістері мен тәсілдері қандай да бір кадрлық құрылымның болуына, әрекет етуші тұлғаның техникалық жарақтандырылуына, саяси технологияларға әсер ететін қайсыбір болмасын, ресурстардың болуына тікелей байланысты.

Саяси технологияларды қалыптастырудың субъективтік және аналитикалық деп аталатын екі түрлі әдісінің бар екендігін айтуымыз керек. Оның біріншісі құрастыру негізіне салауатты ойлаудың оңтайлы іс-әрекетін дарытатын субъективтік тұрғыдан келу, субъектінің практикалық тәжірибесі, оның интуициясы, ұнатуы, мәдени стереотипі, оның дүниеге көзқарастарының жеке ерекшелігі мен дағдысы негізінде жасалады.

Саяси технологияларды қалыптастырудың екінші, аналитикалық әдісі мақсатқа жетудің негізгі параметрлері мен шарттарын айқындайтын арнайы аналитикалық әдістер мен процедураларды пайдалануға тікелей байланысты. Саяси технологиялар мемлекетті құрудың және социумды ұйымдастырудың әр түрлі деңгейлерінде саяси билікті қалыптастыру мен пайдалануды қамтамасыз ететін әр түрлі процестермен бір қатарға қойылатыны сөзсіз. Сөйтіп, саяси технологиялардың универсалды ғана емес, сонымен қатар типтік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етуге болады.

Солардың ішінде ең кең тарағаны – басқару мен биліктегі әр түрлі субъектілердің рөлін рационализациялауды және алгоритмдеуді (мысалы, шешім қабылдау, мүдделерді орайластыру, келіссөздер жүргізу, т.б.) жорамалдайтын саяси технологиялардың функционалды түрлері. Саяси технологиялардың инструменттік әр түрлілігі нақты бір қызметті рационализациялауға бағытталған техниканы қолдануды имитациялайды, ал шын мәнінде, мүлде басқа мақсаттарды көздейді және соны бүркемелеуге тырысады.

Мақсатқа жетудің қайсыбір әдісі болмасын, қолданылатын сала тұрғысынан келсек, аталмыш мына технологиялар (мәселен, электоралдық, компьютерлік және ақпараттық технологиялар, дипломатия және әскери салаларда пайдаланылатын келіссөздер жүргізу қабылдаулары мен процедураларын да және т.б.) жайлы айтуға болады. Саяси технологиялардың ерекшелік қасиетін бағалауға осы тұрғыдан келу неғұрлым көп және аз мөлшерде технологияландырылған (жекелей алғанда, билік органдарына сайлау) биліктің әрекет ету саласын айқындап қана қоймайтыны түсінікті. Бұл тұрғыда мемлекеттік деңгейде шешім жасау процесінде, мәселен, мүдделерді заңға негізделмеген түрде келісу процесі сияқты принципінде ешқандай бір технологияландыруға жатпайтын саяси өзара іс-әрекеттің болуын айтуға болады. Осы тұрғыдан келу әр түрлі техникалық әдістердің түйісу аймағын, саясат пен басқарудың қайсыбір саласында болмасын міндеттерді шешуде олардың бір-бірін алмастырушылық рөлін айқындауға көмектеседі.



Саяси технологиялардың аталған түрімен пәндік саланы әлеуметтік ұйымдастыру дәрежесін бейнелейтін деңгейлік технологиялар да байланысты болып келеді. Оларға мыналарды жатқызуға болады: – мәселен, жалпы дүниежүзілік проблемаларды – табиғат қорғау, халықаралық қауіпсіздікті сақтау және т.б. шешумен байланысты ғаламдық технологиялар; мемлекеттің, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен институттардың Орталық Азиядағы, Таяу Шығыстағы, Латын Америкасындағы, Еуропадағы немесе әлдебір басқа аймақтағы проблемаларды шешу жөніндегі іс-әрекетін ашатын континенталды-аймақтық технологиялар, бір елдің шеңберінде билік пен мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру процесін ашатын ұлттық-мемлекеттік технологиялар; жеке ұйымдар шеңберінде биліктік-басқару қатынастарын бейнелейтін корпоративтік технологиялар; саяси кеністіктің шектелуі нүктесіндегі субъектінің қарым-қатынасы қызметінің ерекшелігін белгілейтін локалдық технологиялар; сондай-ақ биліктік қарым-қатынас пен мемлекетті басқару саласындағы саяси қайраткерлердің өзара қатынасын сипаттайтын жеке тұлғалар арасындағы технологиялар.

Қызметтің белгілі бір әдістерін пайдаланудың жалғастығы сипаты тұрғысынан карасак, сондай-ақ мына технологияларды бөліп қарастыруға тура келеді: акторлар қызметінің әріректегі нәтижесіне сүйенілетін стратегиялық; қысқа мерзімдік максаттарды жүзеге асыруды жорамалдайтын тактикалық; бір мезгілде қолданылатын спорадикалық және субъектінің қызметінің құрылымында үнемі жаңарып отыратын циклдік технологиялар.

Саяси технологиялар қызметтің бір типті міндеттерді шешу кезінде пайда болатын алгоритмдерін қолдануға икемді субъектінің өрісін кеңейтуге бағытталғандығын ескере отырып, тираждық және бірегей технологиялар түрлерін бөліп көрсетуге болады. Тираждық саяси технологиялар осыған ұқсас жағдайларды барлық жерде бірдей қолдануға есептелген. Бірегей саяси технологиялар белгілі бір қатаң түрде белгіленген жағдайларда ғана қолданылатын іс-әрекетті қамтиды. Тираждық саяси технологиялар оларды іске асыратын жеке адамның ісіне көп тәуелді емес, сондықтан бір типті қызметті жүзеге асыру кезінде уақыт пен материалдық ресурстарды мейлінше үнемдей алады. Ал, бірегей саяси технологиялардың қайсыбірі болмасын, максаттарды жүзеге асыруды бір рет қана қамтамасыз ете алады. Ережеге сәйкес олар едәуір қымбатқа түседі және оны типті ұқсас жағдайға ауыстыруға талпынғанмен де, ол іс жүзінде өзінің тиімділігін жоғалтады.

Айталық, жекелеген «дипломатиялық» технологиялар халықаралық келіссөздерді жүргізу процесінде әлденеше рет пайдаланылуы мүмкін. Ал, сайлау науқандарының неғұрлым маңызды әдістері мен техникасына

шектеу қойылмай-ақ, ол қай елде өткізіліп отырғанына және өлеуметтік ұйымдардың деңгейіне (федералдық немесе жергілікті) немесе сайлаудың өткізілетін уақытына қарамастан, әр түрлі деңгейдегі сайлауда қолданыла береді. Сонымен бірге, әлдебір ұлтаралық қайшылықтарды реттеу кезінде екі жақтың да жанжалдың себептері, сылтаулары, уақыттың өтуі және басқа да өлшемдері сияқты өзіндік ерекшелігі бар жәйттерді ескеруі нәтижесінде белгілі бір жерде және белгілі уақытта тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады.

Динамикалық тұрғысынан келсек, саяси субъектілердің қасиеті мен мүмкіндіктері қатаң және жайлы технологиялар түрлері деп бөлуге мүмкіндік береді. Қатаң саяси технологиялар субъектілер қолданатын қызмет әдістері мен тәсілдерінің негізгі параметрлері нақты болуын және оның өзгеріссіз қалуын жорамалдайды. Мұндай технологиялар ведомстволар мен билік институты арасындағы мүдделерді – мәселен, үкімет бағдарламаларында иерархтық тәртіпті сақтау, құжаттарға виза беру т.б. келсудің құқықтық және процедуралық тәртібін үнемі қамтамасыз етіп отырады.

Ал, жайлы болып саналатын саяси технологиялар өзгеріп отыратын жағдайларға сәйкес субъектінің қарауындағы мақсаттар мен құралдардың икемді түрде бейімделуін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістер мен тәсілдерді алға тартады. Іс-әрекет алгоритмін ситуативті өзгертетін өздігінен реттеуші бұл технологиялар ең аяғында қайсыбір салада болмасын, мақсатқа жету процесін жетілдіруге қажетті тәжірибені байытып, кеңейте түседі.

Саяси қызмет регламентациясының дәрежесі және сипаты тұрғысынан келсек, нормативтік және девианттық технологиялар түрлері де кездеседі<sup>1</sup>. Нормативтік саяси технологиялар – бұл қоғамда (ұйымда) кездесетін заңдарға, нормаларға, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға сүйеніп жасалған қызмет әдістері мен тәсілдері болып табылады.

Девианттық саяси технологияларға заңдардан, нормалардан, дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан ауытқитын қызмет әдістері мен тәсілдері жатады. Олардың қатарына, мысалы, «сұрша», «қара» деп аталатын саяси технологиялардың тұтас бір спектрі кіреді: өзінің саяси қарсыласының абыройын төгуді ойластыру, бопса жасау, жалған ақпарат тарату, өсек-аян және т.б. әдістер осыны көрсетеді. Практика көрсетіп отырғанындай, саяси процестердің қиын кезеңдерінде, нақты айтқанда, жоғарғы мемлекеттік билік органдарына сайлау кезінде, сыртқы және ішкі саяси

<sup>1</sup> Чиркин А.В. Общественно-политическая жизнь: теория и практика. Владивосток, 2009. С. 97-98.

дағдарыстар шиеленіскен тұста, осындай саяси технологиялардың белен алуы ашық көрініс береді.

Биліктік-саяси және мемлекеттік-әкімшілік мақсаттарға жетудің нормативтік және девианттық технологиялар түрлеріне өте жақын тұрған айқын және көленкелі технологиялар әдістері жайында да айта кеткен жөн. Айқын саяси технологиялар биліктің жария сипатын білдіреді және биліктің жұртшылықпен диалогының әр түрлі формасында көрініс табады. Билік пен басқарудың көленкелі саяси технологиясы жұртшылықты сырт айналып өтетін құралдар мен ресурстар арқылы билік құрылымдарын манипуляция жасаудың әр түрлі формасында жүзеге асырылады. Бұл заңмен белгіленген процедуралар шеңберінен тыс шешім қабылдау әдістері ретінде көрініс береді.

Саяси технологиялардың осы және басқа да түрлерін олардың мәнін толық ашып көрсету үшін саяси технологиялардың мазмұнына кіретін саяси талдау мен саяси кеңес берудің ерекшеліктерін кеңірек қарастыру қажет.

## 2. Саяси талдау және саяси кеңес беру

Саяси талдаудың және саяси кеңес берудің методологиялық әр түрлілігінің негізі, бір жағынан қолданбалы пән ретінде олардың ерекшеліктері бойынша, екінші жағынан, талдау және кеңес беру пәні ретінде саяси проблематиканың өзгешелігі арқылы алдын ала белгіленіп отыр. Саясат саласында нақты міндеттерді шешудің, мақсатқа жетуде неғұрлым адамдарға қолайлы әдістер мен технологияларды іздестірудің қажеттігі саяси құбылыстарды түсіну мен оны зерттеуге айрықша жол табу керектігін жорамалдайды. Жалпы алғанда саяси білімнің едәуір бөлігі білім теориясы мен оны дамытуға емес, саяси кеңістіктегі практикалық және нақты міндеттерді шешу кезінде қолда бар ғылыми әлеуетті қолданбалы түрде пайдалануға бағытталған.

Аталған міндеттерді шешуде, сондай-ақ, адамдардың жинаған практикалық тәжірибесі, дағдысы және осыған ұқсас міндеттерді шешу қабілеті, интуициясы маңызды компоненттердің бірі болып табылады.

Саясаттағы қолданбалы зерттеу оның барлық кеңістігінде бірдей ой зерделемейді, ол саяси билік қызметінің барлық процесі үшін практикалық мәні бар саласын ғана қамтиды. Ондай салаларға бүгінде жанжалдарды шешу мен реттеу процестері, келіссөздер жүргізу, сайлау және ақпараттық нақандарды ұйымдастыру, т.б. жатады. Мұндай саланың айналасында өзіндік ерекшелігі бар саяси пәндер орнығады: саяси маркетинг (шешім қабылдау проблемасын талдап, жасаушы), саяси менеджмент

(саяси жүйелерді қалыптастыру және жүзеге асыру), жанжалды реттеуші менеджмент (саяси жанжалдарды шешу және реттеу, келіссөздер жүргізу) және т.б.

Осыған байланысты саяси талдау пәндік қамтуы және басқа да ерекшеліктері бар айрықша қолданбалы пән болып табылатынын атап айту керек<sup>1</sup>. Сонымен бірге ол барлық қолданбалы субдисциплинаның ортақ зерттеу негізі де болып саналады. Сонымен, саяси талдауды екі мағынада: кең және тар мағыналарында түсіну керек. Кең мағынасында алғанда саяси талдауды саясаттың барлық ғылыми зерттеулері тұрғысынан түсіну керек. Ал, тар, қолданбалы мағынасындағы саяси талдау – бұл нақты проблеманы объективті зерттеу, оның неғұрлым қолайлы шешімдерін іздеу және бұл үшін қажетті технологиялық құралдар мен қызмет әдістерін анықтау болып табылады.

Саяси талдаудың нақты проблемаларды зерттеуге бағытталуы саяси кеңістіктің әр түрлі саласын қамтиды және оның анықталған, бір типті қайнар көздері, байланыстары мен осыған ұқсас параметрлері болмайды. Ал, нақты қалыптасқан жағдайлар шеңберінде нақты проблемаларды шешуге бағдар ұстау саяси талдауды ситуациялық ғылыми зерттеулер формасына айналдыруы мүмкін. Төтенше күрделі болуы себепті саяси кеңістікте пайда болатын кез келген нақты жағдай, онда әдістерді зерттеу үшін қолданылатын әр түрлі байланыстар мен қатынастардың болуы оның пәнаралық сипатқа ие болуын көрсетеді. Осыған байланысты жағдайды саяси бағалау әдетте талдаудың психологиялық, әлеуметтану, мәдени және басқа да әдістерін қолданумен толықтырылып отырады. Бұл ретте саяси талдауды жасаумен мамандардың айрықша тобы айналысады. Нақты айтқанда, олар: технологтар, аналитиктер, сарапшылар, кеңес берушілер, ақпараттық технологияның мамандары, партия аппаратының қызметкерлері, белгілі саясаткерлердің көмекшілері, қысқасы ... саяси қызметпен айналысатындардың барлығы да кіреді. Берілген әр түрлі кеңестер мен ұсыныстар, жорамалдар, мемлекеттік, партиялық органдардың және жеке-леген қайраткерлердің жасаған жоспарлары мен бағдарламалары, басқару органдарының қызметін жетілдіруге арналған аналитикалық анықтамалар, нақты саяси проблемаларды онтайлы шешуге арналған басқа да материалдар жоғарыдағыдай топтардың қызметінің нәтижесі болып табылады.

Саяси саланың нақты табиғаты тұрғысынан алғанда қарсылас күштер өкілдерінің қайсыбірі болмасын, ситуацияны әр қырынан көре білуі және оны түрліше түсіндіруі орнығады. Демек, нақты ситуацияның бағасын аналитик немесе сарапшы ғана беріп қоймайды, қалыптасқан проблеманы

<sup>1</sup> Қараңыз: *Симонов К.В. Политический анализ. М., 2002. С. 15-20.*

шешуге тиісті адамдар да араласа алады. Сөйтіп, саяси талдаудың құрамы мен мазмұны зерттеушінің әлдебір оқиғаны аналитикалық тұрғыда сипаттауының нәтижесінде ғана қалыптасып қоймай, аталған ситуацияны шешу мақсатын қоятын «тапсырыс» беруші тұлғаның қатысуымен немесе қатыспауымен де жасалады. Тиісінше, технолог-аналитик көбінесе әлеуметтік тапсырыс берушінің ролін атқарады.

Мәселен, билеуші және оппозициялық партиялардың өкілдері, билеуші режим мен қоғамның жаншылған тобының өкілдері тапсырыс беруші бола алады. Олар әр түрлі материалдармен және ақпараттармен қаруланған және әрқайсысы жағдайды түрліше түсіндіреді. Саяси талдау да әр түрлі проблемаларды өрістете алады, жағдайды әр түрлі көзқараспен позиция тұрғысынан қарап, түсіндіреді, қай мәселені шешуде болсын әр түрлі жолдарын ұсына алады.

Аналитикалық талдау үшін түсетін ақпаратты жинаудың және оны үнемі толықтырып, нақтылаудың принципті маңызы бар. Кәсіби кеңесті талдап жасау, міндеттерді шешудің тиісті технологиясын таңдау үшін ақпарат мына талаптарға сай болуы керек: шешілетін проблеманың қажеттігі; проблеманы толық қарастыру үшін материалдардың жеткілікті болуы шарт; алынған материалдардың нақтылығы, сенімділігі және оны дер кезінде қамтып ала білу. Сонымен, аналитиктің нақты ситуация жөніндегі мәліметі толық қажеттілік жағдайға ұмтылуы керек. Ол талдау нәтижелерін елестетуін де, оны тексеру мүмкіндігін де жорамалдай (топшылай) алуы тиіс.

Түсетін ақпаратты саяси талдау үшін оларды зерттеудің әр түрлі әдістері қолданылады. Тұтас алғанда саяси талдаудың қолданылатын әдістерін екі топқа: жалпы және жеке деп бөлуге болады. Жалпы әдістер саяси талдаудың барлық кезеңдерінің бағытын, ракурсы мен методологиялық жағынан қамтамасыз етілуін анықтайды. Оған ивент-талдауды, ситуациялық талдауды және басқаларды жатқызуға болады.

Ситуацияны түсіндірудің неғұрлым маңызды тәсілдерін қалыптастыруға ықпал ететін жалпы әдістер ішінде ивент-талдаудың маңызы айрықша зор, оның шеңберінде саяси лидерлердің сөз алуы, жаппай демонстрациялар, сайлаулар, нормативтік актілерді қабылдау, саяси құрбандықтар, т.б. біркатар оқиғалар көзге елестейді. Осылардың әрқайсысы да ситуацияға қай жағынан болса да ықпал етеді және бұлардың қай-қайсының да соңында өз мүдделерін көздейтін нақты адамдардың тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Жеке әдістерге статистикадан, әлеуметтанудан, экономикадан және басқа пәндерден алынып пайдаланылатын стандарттық әдістер жатады; оларды саяси талдаудың жекелеген сатыларындағы әр түрлі комбинацияларда қолдану мақсатқа сәйкестілікпен — яғни проблемалардың сипатымен,

зерттеулер ракурсымен, мәліметтерге қол жеткізілуімен, ұйымдық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етілуімен анықталады. Осы аталған әдістер тобына ішінара әдіс, сараптық бағалау әдісі, корреляциялық және факторлық талдау, математикалық моделдеу және т.б. жатқызуға болады.

Проблемалық ситуацияларға саяси талдау жасау кезінде бәрінен бұрын саяси оқиғаларға негізгі қатысушылардың құрылымына талдау жасауға назар аударылады, олардың иерархиясы ескеріле отырып, мұнда территориялық (аймақтық), діни, этникалық, әлеуметтік-экономикалық және адамдардың саяси топтарына назар аударылады. Оқиғаларға қатысушылардың қай-қайсысына да саяси ықпал етудің деңгейлеріне баға беру қажет. Сонан соң оқиғаға негізгі қатысушылардың мүддесі нақтылануы, олардың стратегиялық мақсаттары мен тактикалық міндеттері белгіленуі, қайсыбір мүдделердің жүзеге асырылуының кешіктірілуіне байланысты олардың осал тұстары анықталуы керек. Оқиғаға қатысушылардың саяси қызметінің ресурстарын жеке сипаттау қажет. Саяси процестерге қатысушылардың және субъектілердің саяси ситуациялар дамуының қандай да бір болмасын сценариіне реакциясының сипаты тұрғысынан алғанда мүмкін болатын стратегиялық одақтарды және тактикалық коалицияны анықтап, оқиғаның даму сценариін жасау қажет. Сонымен, іс-әрекеттер пайда болады да, олардың жетістігінің ықтимал бағасы беріледі. Талдау қорытындысында саяси ситуациялардың дамуын жорамалдауды, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың құралдары мен ресурстарын ескере отырып жүзеге асырылатын іс-әрекеттің оңтайлы варианты негізінде тұтас стратегия қалыптасады<sup>1</sup>. Аналитикалық жұмыстың соңы әдетте, одан арғы жұмыстарға арналған міндеттердің нақты қойылуымен және орындалған ситуациялық талдаудың нәтижелерін практикада қолданумен аяқталады.

Осыған байланысты саяси талдау саяси кеңес беру процесінде нақты көрініс табатынын айту керек.

Саяси кеңес беру жақын арада ғана ажырамас технологиялық буынның мәртебесін иеленді және бірқатар саяси процестерді қамту механизміне қол жеткізді. Кеңес беру институты ХХ ғасырдың өне бойында және ХХІ ғасырдың басында саяси өмірдің әр түрлі саласындағы қызметін жетілдірудің ажыратылмас механизмі ретінде біртіндеп орнықты. Ол «әріптес» немесе «бәсекелес» ретінде саяси акторлардың өзара әрекетіне тұрақты қатысушының бірі болып алды. Қазіргі кезде ол өзінің нәтижелерін белгілі бір (жеке немесе топқа) «тапсырыс берушіге» (клиентке) ұсына алатын әлеуметтік және саяси процестерді көсіптік тұрғыда талдайтын институтқа айналды. Ол басқаруды жетілдірудің барлық қажеттілігін

<sup>1</sup> Политологический словарь. М., 1995. С. 11.

канағаттандыра алмайды, бірақ бұл процестің ажыратылмас бөлігі болып табылады. Саяси кеңес беру – бүгінде бұл саяси ұйымдардың жетекшілері мен жеке персоналдарына олардың іскерлік қызметіндегі тәуекелділікті төмендету негізінде кәсіптік міндеттерін шешуде көмек көрсетудің үлкен үлгісі болып табылады. Істің мәніне қарай ол саяси процестер мен ұйымдарды басқарудың және оған жетекшілік етудің, олардың құрылымын рационализациялаудың, іс-әрекетінің бір ізділігін орнықтырудың практикасын жетілдіру механизміне айналды.

Тиісінше, саяси саладағы кеңес беру міндеттеріне оларды қызықтыратын мәселелер бойынша, біріншіден, ұйым басшыларына ситуацияларға объективті және байсалды (алаламайтын) баға беру негізінде сенімді ұсыныстар әзірлеу; екіншіден, аталған ұсынысты қажетті адамға оған керек уақытта және ыңғайлы жерде тиісті формада ұсыну; үшіншіден, клиенттің басқару қызметіндегі іскерлік тәуекелділікті төмендету, қабылданатын шешімдердің сенімділігін арттыруды қамтамасыз ету; төртіншіден, ұйымдардың басшылары мен жеке адамдарына тиімді басқарудың осы заманғы әдістерін игеруде көмек көрсету жатады. Сонғысының нәтижесінде ұжым мен оның басшылығының шығармашылық өлеуеті жоғарылап, олардың алға қойылған міндеттерге сәйкес осы заманғы әрі тиімді шешімдер қабылдауға деген бейімділігі артады. Осыған орай басқару ситуацияларының молдығына, клиенттердің сұрауы мен жағдайларына қарамастан, саяси кеңес беру екі негізгі формада жүзеге асырылады: рефлективтік және ойындық кеңес беру.

Рефлективтік кеңес беру қандай бір ұсыныс беруде болмасын, кеңес берушінің өзінің тұжырымдамасын, сондай-ақ осы кеңестер мен ұсыныстардың ықпалымен басшының өзінің рефлексиясын ынталандыруды қарастырады. Бұл жағдайда кеңес беруші басшының қызметіне баға беріп, оның ұғымы мен іс-әрекетін түзетіп отыратын ғана емес, сонымен бірге оны өзінің кәсіптік қызметінің әр түрлі аспектілері жайында ой толғауға итермелейтін ақыл-кеңестер береді.

Саяси кеңес берудің екінші өдісі – бұл кеңес беруші өзінің ұсынысына сенімді болмағанда және ол өз ой-пікірлерін анық та айқын етіп әзірлей алмаған жағдайда, яки оған адамдар арасында немесе жеке сипаттағы құпия қосымша ақпарат қажет болғанда пайдаланылатын ойындық кеңес беру өдісі болып табылады. Мұндай жағдайда кеңес беруші ойындық екі бірдей форманы да пайдаланады. Оның өуелгісі абстрактылы ситуацияны білдіретін, сырт қарағанда ұйымдағы ситуацияға ұқсас «оқу түріндегі» форма, немесе аталған ұйымда кездесетін және проблемалық сипатқа ие жағдайлар үлгісіндегі «практикалық» форма.

Екінші жағдайда кеңес беруші ойынға қатысушылардан жаңа ақпараттар, шешімдерді қабылдауға не болмаса толықтыруға көмектесетін

мәліметтер алуға есептелген «инновациялық» моделін, немесе негізгі ойыншылардың рөлдік позициясы мен мотивациясын моделдейтін және оны анықтай түсуді жорамалдайтын «ұйымдастыру-қызметтік» ойындық форманы ұсынады. Ойындық формада жүзеге асырылатын бұл іс-әрекеттер адамдарды ситуацияға кеңес берушінің көзімен қарауға және оларды сол нақты жағдайларды қайталауға ынталандырады.

Ойындық формалар оқиғаның дамуын жорамалдауға және оны бағалауға арналған шінара бағдарламалық іс-әрекетті пайдалану арқылы ситуацияларды зерттеудің неғұрлым күрделі, жанды методологиясын көзге елестететінін айту керек. Әдетте, олардың барлығы да үш негізгі сатыдан: ситуациялардың диагностикасы, шешімдерді талдап жасау және алға қойылған максаттарды жүзеге асырудан тұрады.

Клиентпен өзара қарым-қатынас процесінде кеңес берушілер өз іс-әрекеттерін типтендіру негізінде әр түрлі рөлдерді атқаруы мүмкін. Тұтас алғанда кеңес берушілердің типтендіру спектрі мейлінше әр түрлі. Айталық, нақты бір ұйымнан шақырылатын сырттан келетін кеңес берушілер, аталған ұйымда жұмыс істейтін мамандардан іріктелетін ішкі кеңесшілер тобы және сараптамалық функцияны атқара алатын топтық және жеке-лей, отандық және халықаралық т.б. кеңесшілер болып бөлінеді. Кеңес берушілерді олардың арнайы білімі бойынша типтендіру барынша кең таратылған. Атап айтқанда, бұл ретте былайша топтайды: «ғалым», «зерттеуші» және «сараптама беруші». Сонымен, ең аяғында саяси кеңес берудің тиімділігі өрқашанда қойылған міндеттердің шешілу дәрежесіне, белгіленген және алынған нәтижелердің деңгейіне қарай анықталады.

Клиент пен кеңес беруші кеңес беру процесін болмай қоймайтын өзара әрекет пен ытымақтастық ретінде қабылдауы керек. Болашақ мамандар мен кәсіптік ақпаратты жеткізушілердің өрқайсысы проблемаға әр қырынан қарауы мүмкін, ал бірақ оның сипатын анықтауды және оны шешудің жолдарын бірлесіп отырып жүзеге асырғандары жөн. Бұл ретте клиент кеңесшінің қызметінің кәсіптік аспектісіне араласуға және оны бақылауға тиісті емес, сонымен бірге кеңесші де өзінің ақпараттық өрісін шешілетін міндеттерге қатысы жоқ мәліметтер есебінен кеңейтуге тиіс емес.

Өзара іс-әрекеттің процесінде кеңесші іс мүддесін басшылыққа алуға тиіс, клиенттің талаптарына көне беруіне болмайды және бәрі жақсы екен деген ойды санасына ұялатпауы керек, алдын-ала жоспарланған нәтижелерге жетуге ұмтылмауы қажет. Ол қайсыбір тұжырымдар мен ұсыныстарға ие бола отырып, клиентке ешбір қысым жасауға тиісті емес, оның ұсынған жаналықтарын өмірге енгіз деп қыспаққа алмауы керек. Ол өзінің ұсынысы клиенттің стратегиялық (ұзақмерзімдік) ойларында бар басқару



жөніндегі ақпараттың бір бөлігі ғана екенін ұмытпауы керек, өйткені бұл жөніндегі шешімді қабылдауға тек клиенттер жауапты болмақ.

Кеңесші өзінің клиентінің ары мен адамгершілігін бар жағынан да қорғай білуі қажет. Кеңесші клиентке өзінің жеке, адамдық қасиеттері тұрғысынан әсер етуі тиіс: клиенттің жауапкершілігінен жоғары тұрған өзінің арнайы білімін паш ету арқылы; кәсіптік ар-абыройы мен принциптілігін көрсету жолымен; өз позициясының дұрыстығына табандылығының арқасында сендіруге; проблемаға көзқарас пен оны шешудің ортақ тәсілін ойлап табу есебінен; сенімді қарым-қатынас жасау жолымен; істің перспективасы үшін уайымдай білу және абыржушылық сезімін қоздыруды пайдалану жолымен; клиенттің мінез-күлқын қалыптастыруды ынталандыру әдістерін пайдалану, берілген ұстаныстарды түсініп, пайдаланбағаны үшін санкция қолдану (одан арғы жерде ынтымақтасуды доғару) жолымен.

Кеңесшінің барлық күш-жігері «тапсырыс беруші» үшін қолайлы іс-әрекетті жетілдіруге шоғырландырылуы керек. Кеңесшінің ұсыныстарын неғұрлым мол ақпараттың негізінде тұжырымдау ситуацияны моделдеуді, оқиғалардың дамуының белгілі бір сценариін жасауды, қызметтің ережелері мен нормасын жасауды алға тартады. Кеңесші «тапсырыс берушіге» әрбір моделдеу, оқиғалардың дамуын жорамалдау тұрғысынан алғанда, өз ұсыныстарының қабылдануы мен қабылданбау салдарының анықтамасын ұсынуға тиіс. Қорытындысында кеңесші өз ұсынысын нақты құжаттармен толтырады.

Саяси кеңес беру мен саяси талдаудың нәтижелері саяси шешімдерді қабылдау және оны жүзеге асырудың технологиясы, тұрақты қалыптасып отыратын проблемаларды шешу, саяси сұрау салулар мен азаматтардың талабын әр түрлі деңгейлерде қанағаттандыру, қоғамның, жеке адамның және мемлекеттің одан арғы дамуы үшін қажетті негіз қалайтын ақпаратты, білімді, тәжірибені дамыту және дәстүрді жалғастыру арқылы айқындалып, бекітіле түсетінін айтқан жөн.

### **3. Саяси шешімдер қабылдау және оны жүзеге асыру технологиялары**

Қоғамды басқарудың ең күрделі және жауапты элементі саяси шешімдерді талдап жасау және оны қабылдау технологиялары болып табылады. Саяси шешімдерді талдап жасау сатысында әлеуметтанушылармен, заңгерлермен және басқа да саланың мамандарымен қатар саясаттанушылар да белсенді әрекет етеді. Саяси шешімдерді қабылдау технологиялары — бұл әр түрлі топтар мен азаматтардың саяси талаптарын, бүкіл қоғам үшін

қолайлы әлеуметтік қатынастарды реттеудің құралдары мен әдістерін қайта құрудың орталық элементі болып табылады. Қысқасын айтқанда, шешім қабылдау технологиялары – бұл әлеуметтік процестерді басқаруда саяси билікті технологиялық қайта құру болып табылады. «Шешімдер қабылдау» термині әлеуметтік және ұйымдастыру процестерін децентрализациялаудың сипаттамасын беру үшін бірінші рет ХХ ғасырдың 30-жылдарында пайда болды.

Қазіргі кезде саяси ғылымдарда саяси шешімдерді қабылдау процесінің технологиясын түсінуге негізінен екі тұрғыдан қарастыру қалыптасқан. Бұлар – нормативтік және мінез-құлықтық теориялар. Нормативтік теория (Р. Абельсон, А. Левин және т.б.) оны күрделі процестерде саяси мақсаттарды ұтымды таңдау процесі ретінде түсіндіреді. Мұндай таңдауды оңтайландырудың маңызды құралы ретінде әр түрлі математикалық моделдеу, операцияларды зерттеу және басқа да инструменттік тәсілдерді пайдалану, сондай-ақ стандарттық схемаларды да пайдалану ұсынылып отыр. Аталған процесті адамдардың ерекше өзара іс-әрекеті ретінде қарастыратын мінез-құлық теориясы (Г. Саймон, Л. Планкетт, Г. Хейл және т.б.) нақты ситуацияларды саяси шешімдердің қабылдауына ықпал ететін әр түрлі факторларда сипаттауға бағытталған.

Шешімдер қабылдауда қолданылатын технологиялар мен механизмдер терең сипатталған процестерге, әркет ету саласымен, ондағы субъектілер түрлерімен, оның басқа да құрылымдық факторларының тұрақты жағдайларымен сәйкестендірілген олардың өзгеше ерекшеліктеріне тікелей байланысты екендігін айтуға тура келеді. Осыған байланысты корпоративтік секторда жекелеген ұйымдар деңгейінде саяси шешімдер қабылдау технологияларының процессуалдық ерекшеліктерін ажырату белгіленген.

Саяси шешім – бұл саяси іс-әрекеттің мүмкін деп саналатын кем дегенде екі вариантының бірін саналы түрде таңдау деген сөз<sup>1</sup>. Әдетте саяси ғылымдарда саяси шешімдер қабылдау технологияларының процесін әр түрлі көзқарас тұрғысынан дифференциялауға ұмтылыс жасалуда. Бірақ олардан неғұрлым қарапайым біреуі үш негізгі кезеңді бөліп көрсету жолымен іріктелінеді: олар – дайындық (алдын ала), шешімдерді қабылдау және шешімдерді жүзеге асыру. Әрбір кезең технологиялардағы өзіндік ерекшелігімен белгілі және ол бірқатар факторлар арқылы анықталады.

Айталық, алдын ала дайындық кезеңінде басқарудың жауапты органдары қоғамның нақты жағдайын толық түрде жария ететін және белгілі бір қарама-қайшылықты көрсететін қажетті ақпаратты жинап алуға

<sup>1</sup> Политология Словарь-справочник. М., 2001. С. 247.

міндетті. Алынған ақпарат қай нақты проблема жеке саяси сипат алатынын анықтауға мүмкіндік береді және соған сәйкес әлеуметтік процестерді саяси реттеу мен ресурстарды қайта бөлу саяси жолымен шешілуі тиіс. Одан арғы жерде жинақталған ақпарат жұмыс істеп тұрған саяси институттардың құрылымдары мен мемлекеттік аппараттың әр түрлі органдарының өзара әрекет ететін процедурасы, сондай-ақ саяси қайраткерлер мен басқарушылардың тұлға аралық қарым-қатынастары арқылы «сүзгіден» өтеді.

Сосын шешім қабылдайтын мәселелер жиынтығы құралып, күн тәртібі белгіленеді. Сонымен, әр түрлі мүдделі топтар мәселелер мен проблемалардың бірінші кезектегі маңызы мен актуалдылығын алға тарта отырып, оларды іріктеп алуға ықпал етуге тырысады. Бұл жағдайда идеологиялық түсініктер, экономикалық мүдделер басқарушылар мен саясаткерлердің жеке мүддесімен, олардың жеке қарым-қатынасымен, симпатиясы және антипатияларымен, жеке өмір тәжірибелерімен тығыз ұштасып жатады.

Күн тәртібін бекіту процесіне әр түрлі саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар, ұйымдар, парламенттік фракциялар, лоббистік топтар, сондай-ақ нақты шешімнің қабылдануы қызықтыратын небір саяси емес сипаттағы топтар да белсенді түрде араласады. Күн тәртібіне қойылатын мәселелердің ауқымдылығы қандай болғандығының, мемлекеттік мүдделерді қай тұрғыда қорғайтындығының да зор маңызы бар. Проблема неғұрлым үлкен болса, соғұрлым мүдделердің қактығысуы да өткір болмақ. Мәселенің қай топқа да болмасын тиімді тұжырымдамада қойылуы үшін, атап айтқанда, оны бірінші кезекке қою керек пе, жоқ әлде біраз уақытқа кейінге қалдырған дұрыс па, немесе оны жалпы алғанда екінші планға шығарған жөн бе дегендерді шешіп алу үшін қысым жасаудың әр түрлі тетігін пайдалану кенінен қолданылмақ.

Осыған байланысты балама варианттарды жасау және қарау кезеңінде балама ұсыныстарды талқылау процедурасы елеулі рөл атқаратынын айтуымыз керек. Талқылау процесінің мақсаты белгілі бір методиканың көмегімен саяси іс-әрекеттің қолданылатын варианттарының артықшылығы мен кемшін тұстарын анықтау және солардың ішінен дұрысырағын белгілеп, шешімнің қабылдануына қол жеткізу болмақ. Саяси проблемаларды талқылауға биліктің өкілдері, мүдделі болып отырған әлеуметтік топтар мен қауымдастық, сарапшылар және т.б. қатысатын болады.

Демократиялық қоғамда саяси проблемаларды талқылау жария сипатқа ие болуы керек. Жария талқылаудың әр түрлі формалары бар: парламенттегі немесе жергілікті өкілетті органдағы айтыс, радио мен теледидар арқылы парламент мәжілісінен трансляция, мүдделі жақтар мен сарапшылардың баспасөз беттерінен сөз алуы, конференцияларда, кеңестерде,

«дөңгелек столдарда» және т.б. сөйлеуі. Талқылаудың мұндай формалары әр түрлі әлеуметтік топтарға проблеманың мәнін тереңірек ұғынуға, ұсынылатын шешімдердің қандайының да болмасын мүмкін деп есептелетін салдарын және көпшілік соның қайсысына қолдау білдіретінін саралап көрулеріне, сондай-ақ, егер шешім азаматтардың дауыс беруімен қабылданатын болса, бұл ретте олардың өз позицияларын айқындауларына мүмкіндік береді.

Сонымен, ең ақырында алдын ала дайындық кезеңінің қорытындысы: проблемалық ситуацияны түсіну, оны құрайтын сұрақтардың иерархиясын, сондай-ақ аталған проблемалардың нақты тұжырымдамасын анықтау болып табылады.

Жасалған күн тәртібіне сөйкес шешімдер қабылдау кезеңінде саяси шешімдер қабылдауға қажетті келісілген мәселелер, саяси дамудың мақсаттары мен міндеттері, әлеуметтік процестерді реттеудің құралдары айқындалатынын айтуымыз керек.

Шешімдер қабылдау кезеңі оған ықпал ететін факторлардың көптігімен де төтенше күрделі. Соның ішінде неғұрлым күшті ықпал ететін — қоғамның саяси жүйесінің орталық бөлігі саналатын мемлекеттік басқару органдары болып табылады. Сондықтан, көп жағдайда саяси реттеу мен дамудың мақсаттарын мемлекеттіліктің сипаттамасы анықтайды. Мысалы, мемлекеттік құрылымның формасы немесе басқару формасы<sup>1</sup> саяси шешімдер шығарудың аумақтық схемасын және саяси шешімдерді талдап жасаудың аумақтық схемасын және биліктің әр түрлі тармақтарының шешім қабылдау технологиясының арақатынасын анықтайды. Сонымен бірге саяси шешімдер қабылдау процесіне үкіметтің саяси өміріне тұрақты араласуға ұмтылатын әр түрлі мүдделі топтар көбірек ықпал етіп отырады және де олар жекелеген қажетті саяси шешімдерге қол жеткізеді. Мұндай топтарға салалар бойынша экономикалық бірлестіктер, конфессионалдық және этникалық топтар және т.б. жатады. Сондай-ақ көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да әлеуметтік институттар да ықпал ететін болады, бұлар қоғамдық пікірлер тудырып, оны мемлекеттік органдарға жеткізіп отырады. Осылай жан-жақты ықпал ету тұжырымдалған саяси мақсаттар мен міндеттердің мәмілеге келу сипатына ие болуына, олардың бірнеше баламасы болуына және қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және саяси процестерді реттеудің әдістеріне қол жеткізеді. Саяси дамудың жолдарын

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Әбсаттаров Р.Б.* Мемлекет және азаматтық қоғам: тұжырымдамалық талдау // Абай атындағы АлМУ-дің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2003. № 3. 68-75 б.

соңғы рет екшеп, таңдау саяси шешімдерді жүзеге асыру кезеңінде, шын мәнінде жағдайдың барысы неғұрлым оңтайлы максаттарды анықтағанда орындалады.

Саяси шешімдер жеке адамның – саяси лидерлердің және мемлекеттік басқарушылардың, яғни жеке субъектілердің ықпалымен, сондай-ақ адамдардың үлкен тобының – мемлекеттік билік органдарының, мүдделі топтардың және т.б. субъектілердің үлкен бір тобының қатысуымен қабылдануы мүмкін. Бұлардың қай-қайсысының өзіндік ерекшелігі, лайықты бағасы бар және қабылдағанын шешімдердің технологиясының тиімділігі тұрғысынан алғанда кемшіліктері де болуға тиіс.

Жеке субъектіге қабылданған шешімнің салдарларына неғұрлым ұқыпты қарау сипаты тән, өйткені осы салдарлар жөніндегі жауапкершілік әдетте дәл соларға жүктеледі. Сондықтан, осы жағдайда шешім қабылдау – бұл өз пікірінің дұрыстығына және кәсіптік жауапкершілігіне, сенімділігіне сүйенген акт болып табылады. Сонымен бірге жеке адам белгілі бір дәрежеде басқаның ықпалымен жеке бастық уайымға, симпатия мен антипатияға, достық пиғылдағы өуестенушілікке берілуі де мүмкін. Саяси қайраткер, сондай-ақ тәуекелділікке, қабылданған шешімдердің технологиясына, сәтсіздігіне байланысты жұмыстармен айналысқаннан гөрі, неғұрлым өз имиджине арқа сүйеуі де мүмкін.

Саясаттың топтық субъектісі үшін алдын ала дайындық сатысында қабылданатын шешімдерді, сарапшыларды, кәсіпкер кеңесшілерді және т.б. тарта отырып, неғұрлым тиянақты және жан-жақты талдап, қабылданатын шешімдер жасау сипаты тән. Алайда, бұл топтардың қай-қайсысы да белгілі бір ситуацияда тиімділікке қол жеткізбейтін агрессивтілік, бейнелілік және көңіл-күй әсерлері бірінші планға шыққандағы психологияның теріс ықпалына ұшырауы да мүмкін. Сонымен қатар, бұл топтардың өз ішінде бақталас бірлестіктер де болуы сөзсіз, ал олардың күресі саяси шешімдер қабылдау процесін едәуір тежеп, саяси жүйені икемсіз болуға итермелейтіні белгілі.

Іс жүзінде шешім жасау технологиясы аралас тәртіпте қабылданады. Мысалы, саясаткер айтулы командасын жасақтайды, яғни ұсынылатын шешімдерді алдын-ала бағалайтын қызметкерлер тобын, көмекшілер мен кеңесшілерді іріктейді. Осындай жолмен үлкен тиімділікке қол жеткізіледі. Саяси шешімдер қабылдау технологиясы процесінде әр түрлі әдістер пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, олар ұтымды (тиімді)-әмбебап (жан-жақты) әдісі, бірізді шектелген теңдестіру (бұтақтық әдіс) әдісі және аралас (аралас-сканирлейтін әдіс) әдіс.

Көрсетілген әдістердің барлығының да жақсы және кемшін жақтары бар және нақты жағдайдың барысына қарай қолданылады. Ұтымды-әмбебап

әдістер проблемалардың бүкіл жиынтығын қарастырғанмен, жергілікті міндеттерді шешуде тиімділік әкелмейді; салалық әдістер саяси бағытты біртіндеп дұрыс арнаға бұру үшін қолайлы; аралас-сканирлеуші әдістер комплексті шешімдерді талдап жасауға мүмкіндік береді, бірақ шешім қабылдау процедурасын едәуір ұзартады. Сонымен бірге саяси практикада шешім қабылдау технологиясында мәмілеге келушілік, консенсус және гегемония сияқты басқа да әдістер кеңінен белгілі болып отыр.

Мәмілеге келушілік – бұл өзара ымыра жолымен қол жететін келісім. Шешім қабылдаудың бұл формасы егер шешім қабылдайтын билік субъектілері бір-бірімен оқыс теріс қарым-қатынас орнатпаған жағдайда ғана мүмкін болмақ. Екі жақтың мүддесі біршама бір-біріне сай келгенде де, кейде бір-біріне қарама-қайшы келгенде де мәмілеге қол жеткізуге болады. Мәмілеге қол жеткізудің формасы әр түрлі болуы мүмкін: екі жақтық келіссөздер арқылы қол жеткізілетін келісім, дауыс беруде көпшіліктің қолдауына ие болу арқылы және т.б.

Консенсус – бұл жалпы келісім негізінде шешім қабылдау әдісі. Консенсус – барлық тараптардың мүдделері сәйкес келе береді деген сөз емес. Консенсус кезінде тараптардың қай-қайсысы да жеке мүдделерін ойламаса да, ортақ мүдделерді көздейтін қандай бір шешімнің болмасын қабылдануына қарсы болмауы тиіс. Консенсус негізінде шешім қабылдау әр кезде де келісім процедурасы негізінде өтеді, бірақ, бұл дауыс беру деген сөз емес.

Гегемония – билеуші топ немесе қауымдастық өзінің шешімін басқа әлеуметтік топтарға немесе тұтас алғанда қоғамға таңу арқылы жүзеге асырылады. Шешім қабылдау әдістері шешілуге тиісті міндеттердің ерекшелігімен қоса басқару құрылымында қалыптасқан дәстүрге де байланысты.

Сонымен, нақты мәселелерді реттеу үшін жалпы теориялық және ұтымды білімді тұрақты қолдана отырып, тиімді саяси шешім қабылдауға және басқаруға қол жеткізуге болады.

Қабылданатын шешімнің салдарларының тиімді және тиімсіз жақтарын тағы бір өлшеп, салмақтағанның маңызы қашан да зор, өйткені ол ойлағандай нәтижеге жеткізе бермеуі де мүмкін. Қазақстан саясатындағы ескі ауру – қандай да бір шешімнің болмасын салдарын есепке алмау айқын білінетін жәйтке айналғанын мойындамасқа болмайды. Мәселе көптеп келтіруге болатын мысалдарда да емес. Кейде жекелеген шешімдердің аяқ астынан қабылдануы таңдандырады, бұл бәлкі проблемаға тікелей қатысы бар әр түрлі ведомстволардың құжат дайындау кезіндегі нашар байланысынан да, ғылыми сараптамышылардың қорқақтығынан немесе оралымсыздығынан да болса керек.

Мұның бәрі іске кәсіби тұрғыдан келмеуден де еді, ал егер басқару аппаратына ғылыми квалификациясы бар көптеген адамдардың қабылданғанын ескерсек, қабылданатын шешімнің негізділігінің деңгейі қамтамасыз етілмек. Бірақ, аппарат құпиялары, конъюнктура мен тактика түсінігі кейде интеллектуалдық деңгейінен, ғылыми талдау мен саяси жорамалдан да асып түсіп, шешуші факторларға айналуы да мүмкін.

Қабылданған саяси шешімдер – бұл мақсатқа ойдағыдай жетудің мүмкіндігі ғана<sup>1</sup>, сондықтан мақсатты таңдай білу саяси шешімдер қабылдаудың үшінші кезеңінің алғы шарты болып табылады, оның мәні саяси шешімдердің жүзеге асырылуымен айқындалады. Қабылданатын саяси және басқарушылық шешімдердің барлығы да директивалық және құқықтық формаға ие болуы тиіс. Олар, сондай-ақ, нақты бір адамдардың шешімінің орындалуына немесе орындалмай қалуына жауаптылығын да, сол адамдардың, топтардың, мекемелердің және т.б. шешімнің орындалуын бағдарда ұстауларын да қарастырады.

Осыған байланысты шешімнің орындалуын жүзеге асыратын адамдар, топтар, органдар тұжырымдалған мақсаттар мен міндеттер шеңберінде қажетті шешімге қол жеткізу үшін оны қашан бастау керектігін, нені ұсыну керектігін, қалай әрекет ету керектігін білуге тиіс екендігін айтуымыз қажет. Саяси шешімдерді жүзеге асыру кезеңінде белгіленген саяси мақсаттар мен міндеттер іс жүзіне асырылады. Бұл – алдын ала теориялық талдамалар мен жорамалдар жағдайдың нақты барысымен, істің шын жағдайымен соқтығысып қалар сәт.

Саяси және басқару жөніндегі ойларды жүзеге асыру биліктің жалпы стратегияны анықтауы мен іс-қимыл сипатын таңдауына да, яғни жанжалға немесе ынтымақтасуға күштеп немесе консенсус әдістерін қолдануға, саяси сауда немесе тікелей қысым жасауды пайдалануға манипуляция жасауға, қоғамдық пікірді бұрмалауға, т.б. мүмкіндік береді.

Технологияға байланысты стратегияны таңдау меншікті (жеке) ресурстарды, олардың белгіленген жоспарды, іске қол жеткізуге болады-ау деген межені жүзеге асыруға жеткіліктілігін дұрыс бағамдауға негізделуі тиіс. Қабылданатын шешімге қарсылықтың қандай дәрежеде болатынын да мөлшерлей білу керек; іс-әрекеттің сәтсіздікке ұшырауы жағдайында үкімет оның мөртебесін сақтайтын және басқару жүйесіндегі тұрақсыздықты жоятын іс-шаралар жоспарын жасауға міндетті; өйткені ситуация өзгерген жағдайда шешім қабылдаудың резервтік жүйесіне өтудің варианттары болғаны дұрыс. Икемді саяси стратегияны және ресурстарды пайдалану технологиясын жүзеге асырудың алғышарты мақсатқа қол

<sup>1</sup> Желтов В.В. Основы политологии. Ростов-на-Дону, 2004. С. 481-482.

жеткізудің алғашқы нәтижелері жайындағы ақпаратты интенсивті түрде жинау, аралық нәтижелерді қадағалау, мақсаттарда және оған қол жеткізуде алшақтық байқалған жағдайда қабылданған шешімдерге түзетулер енгізу болып табылады.

Әдетте саяси шешімдер технологиясын жүзеге асырудың бірнеше негізгі түрлерін бөліп көрсетуге болады: популизм, элитизм, консерватизм, демократизм және радикализм. Осы түрлердің қай-қайсысына да саяси бағытты жүзеге асыруды биліктік реттеудің белгілі бір әдістері, билік пен халықтың арасындағы өзара қарым-қатынас сипаты, билік етудің ақпараттық режимі тән.

Айталық, популизм билік мақсаттарына жетудің негізгі құралы ретінде қоғамдық пікірге апелляция жасай отырып, тікелей халықтың көңіл-күйіне сүйенеді. Сондықтан ол саяси ситуацияларды жеңілдетуге, ал кей жағдайда ұсынылатын қоғамдық мақсаттарды ушықтыруға бағдар ұстауға мәжбүр болады. Билеуші элита халыққа әлдебір үндеу, ұран тастауға тырысады, олардың ойынша оның жүзеге асырылуы қоғамдағы барлық қайшылықтарды жеңуге және табысқа тез жетуді қамтамасыз етеді. Сонымен бірге популизм жарқын, бірақ іске аспайтын ұрандарды ұсынады. Популизм, әсіресе, харизматикалық басқаруда нақты орын алады. Бірақ, бұл популистік шаралар басқарудың ұтымды әдістерін қолдайтын демократиялық, сондай-ақ басқа режимдерде де саяси бағыттың құрамдас бөлігі бола алады.

Элитизм саяси элитаның мүмкіндіктеріне сүйенуге бағдар ұстайды. Элитизмнің басты ерекшелігі – азаматтардың шешім шығаруға ғана емес, оған түзетулер беру ісіне белсендірек араласуын тоқтатуға, электоратпен өзара байланысты нығайтатын әр түрлі делдалдық формаларды өрістетуге, жұртшылықтың саяси ақпарат алуының жолын кесуге, саяси шешімдер қабылдаудың барлық кезеңінде де оның жүзеге асырылуы және орындалуы механизмін жабық күйінде ұстауға бағыт алуы болып табылады.

Консерватизм орнықты құндылықтарды арқау етеді. Билік қызметінің консервативтік саясаты кезінде мемлекеттік билік органдарының құрылымы мен функциясын, саяси реттеудің дәстүрлі формалары мен әдістерін сақтауға нұсқау беру басымырақ орын алатын болады. Басқарудың мұндай әдістері азаматтардың аталған қоғамда сақталатын және құрметтелетін құндылықтар мен идеялар жолымен жүруін қолдайтын тұрақтандырылған саяси режимдерге тән болып келеді. Бұл, сөз жоқ, патриоттық көңіл-күйді күшейтеді және қоғамдық және саяси организмдердің тұтастығын сақтауды қамтамасыз етеді.

Әдетте бұған қарама-қарсы нәтижелер беретін радикализм болып табылады. Радикализм реформалауды жеделдетіп жүргізуге бағыт ұстайды.



Ол қатаң және ымыраға (келісімге) келмейтін механизмдерге сүйеніп жұмыс істейді. Радикализм саяси басқарудың формасы ретінде қоғамда азаматтық келісім, тәртіп орнатуға және халықтың тұрмысын жақсартуға сирек үлес қосады<sup>1</sup>. Революциялық режимдердің басқаруының негізгі әдісі — зорлық-зомбылық болып табылады. Ол билікті қайта құрудың жойқын қаруына айналдырып, азаматтардың жаппай қырылуына әкеліп соғады.

Ғаламдық келешек мақсаттар үшін адамдардың маңызды құқықтары мен мүдделерін елемейтін радикализмнен гөрі, демократизм азаматтардың нақты қажеттіліктері мен тілектерін, олардың ажырамас құқықтары мен бостандықтарын бағдарда ұстайды. Сонымен бірге, демократизм көпшілік халықтың пікіріне арқа сүйейді. Сонымен қатар демократизм шешімдерді мәмілеге келушілік механизмдеріне сүйеніп жүзеге асырады. Қарапайым азаматтар мен элитаның арасындағы өзара жауапты қарым-қатынас атмосферасын өрістете отырып, демократиялық саясат билікпен ынтымақтауға ниеті бар адамдардың сеніміне ие болуға тырысады. Сайлау циклының құқықтық процедурасын, билікті бөлу принциптерін, оппозициямен өркениетті қарым-қатынасты сақтау, әдетте, саяси басқару арсеналынан қатаң әлеуметтік мәжбүрлеу құралын ығыстырып шығарып, азаматтардың өзіндік тәртібі мен өз ықтиярынсыз көну механизмін кеңейтеді. Сондай-ақ субъективті саяси шешімдер қабылдаудың мүмкіндігін азайтуға септесетін кейбір талаптарға назар аударуға тура келеді. Олардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады: мақсаттылық, дер кезінде әрекет ету, жүйелілік, реализм, ғылыми негізге сүйенушілік. Осы және басқа да талаптарды сақтағанда ғана саяси шешімдерді жүзеге асыру саяси қызметтің тиімділігін қамтамасыз етеді, саяси тұрақтылықты және қоғамның тұтастығын нығайтуға қызмет қылады.

Саяси шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру технологиялары басқару және саяси жанжалдарды бақылау технологияларымен тікелей байланысты екендігін анықтаған жөн.

#### **4. Саяси жанжалдарды басқару және бақылау технологиялары**

Қоғамды әлеуметтік дифференциациялау (саралау), табыстың, биліктің, мәртебенің және т.б. әр түрлі деңгейде болуы жанжалдарға жиі әкеліп отырады. Жанжалдар қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігі болып табылады. Солардың ішінде едәуір үлесті саясаттануда әлі де аз зерттелген саяси жанжалдар алады. Сондықтан, билік үшін бәсеке шығындарын төмендетуге және осы майдандағы меншікті шығынды азайтуға мүмкіндік

<sup>1</sup> Основы политической науки. Ч. II. М., 1993. С. 156-158.

беретін басқару технологиясын жасау және оларды бақылау технологиясы саяси қарым-қатынас жасайтындардың кез келген мүшесі үшін, оның ішінде билеуші режим үшін бірінші дәрежелі маңызы бар міндетке айналады. Тісінше, саясаттанудың алдында адамдарға жанжалдарды басқару технологиясын үйрету, оларды жүзеге асырудың қоғам үшін ауыртпалықсыз өтетін әдістері мен тәсілдерін талдап жасау міндеттері тұр. Бұл үшін, бәрінен бұрын жалпы алғанда әлеуметтік жанжалдың, жекелей алғанда саяси жанжалдың табиғатын тани білу керек.

«Жанжал» дегеннің ұғымы латынның «conflictus» – қактығыс деген сөзінен бастау алады. Әлеуметтік жанжалдардың негізі К. Маркстің, М. Вебердің, Э. Дюркгеймның еңбектерінде атап көрсетілген. Қазіргі кезде әлеуметтік жанжалдардың табиғаты мен формасына деген көзқарастың алуан түрлілігі соншалықты, бұл ретте бүтін бір мектептер мен бағыттар, тіпті ғылыми пәндер, атап айтқанда «конфликтология» пайда болады. Жанжал – бұл екі немесе одан да көп әр түрлі бағыттағы күштердің қарама-қарсы әрекеттер жағдайында өз мүдделерін жүзеге асыру мақсатындағы қактығысы болып табылады.

Қоғамдық өмір әр түрлі жанжалдарға толы<sup>1</sup>. Ол қай салада туындауына байланысты экономикалық, әлеуметтік, мәдени, конфессионалды, саяси жанжалдар болып бөлінеді. Саяси жанжалдар саяси мүдделер мен сол мүдделерді тоғыстырушылар өзара әрекет ететін, сондай-ақ күрестің саяси әдістері мен жанжалдарын шешу қолданыс тапқан жерлердегі әлеуметтік қатынастар түрін көрсетеді. Саяси жанжалдар – саяси мүдделерінің, мақсаттарының, қажеттіліктерінің, құндылықтар немесе білім жүйесінің қарама-қарсылығы айқын байқалып отырған екі немесе бірнеше субъектілердің қактығысы, қарсылығы болып табылады.

Әр түрлі субъектілердің саяси жанжалдарды ғылыми басқару мен бақылауға деген жалпы ниеті олардың негіз боларлық құрылымдық элементтерін және параметрлерін айқындауды жорамалдауға мүмкіндік береді. Мұның өзі белгіленген мақсаттарға жетуге жол ашпақ. Аталған элементтер субъектінің саяси саладағы мақсаткерлік қызметінің ерекше құрылымын белгілейді, оған ерекше түр мен мазмұн береді. Көзқарастарындағы белгілі бір қайшылықтарға қарамастан, маман-конфликтологтар әдетте жанжалға негіз боларлық элементтер ретінде мыналарды бөліп көрсетеді: дауға қатысушылар арасындағы қайшылықтардың мәнін бейнелейтін жанжалдың көзі, негізі; тараптардың өз мүдделерін, мақсаттарын, бәсекелеспен қарым-қатынастағы позициясын қорғауға байланысты белсенді іс-әрекеттің бастауы боларлық нақты қағидаларды сипаттайтын себептер;

<sup>1</sup> Тавадов Г.Т. Политология. М., 2000. С. 329.

саясат саласындағы билік құрылымдары мен ресурстар жөніндегі таласқа тікелей немесе жанама түрде қатысушы жанжал тараптары; бәсекелестік өзара іс-әрекетте контрагентке өз мақсаттарын білдіретін субъектілердің позициясы туралы түсінігі және олардың мінез-құлқының басқа да субъективті сипаттамалары; тараптар қолданатын қарапайым ресурстарды сипаттайтын жанжал құралдары, бір-бірімен өзара іс-әрекеттегі әдістер мен тәсілдер; бәсекелесуші тараптардың неғұрлым қарапайым қарым-қатынасын көрсететін жанжал сипаты, олар ұстанатын позицияның қатаңдығы немесе иілімділігі, дау мәселесінде модификацияға бейімділігі, делдалдарды тартуы және т.б.

Keң мағынасында алғанда саяси жанжалдардың көздері мен себептері әлеуметтіктен тыс, әлеуметтік және комбинацияланған болып бөлінеді. Оның біріншісіне адамның агрессивтілігі, үрей сезімі, дүрліктірушілік әрекеті, аштық пен оның мінезіндегі басқа да инстинкті мотивациялар тәрізді белгілі сипаттарына негізделген саяси шиеленісушіліктің көптеген ошақтары жатады. Осындай факторларға байланысты саяси жанжалдар халықтың тергеусіз соты, аштық бүлігі, фанатиктердің террорлық актілері түрі, басқа да ұтымды емес, себепсіз акциялар ретінде көрінеді. Адам мен табиғаттың өзара байланысын көрсететін (ал бұл екеуі де жанжалдың дамуына аз үлес қоспайтыны белгілі) аралық сипаттағы қайшылықтар саяси жанжалдардың арнайы ошағы болып табылады. Жекелей алғанда, экологиялық апаттың саяси салдарларынан, ірі кәсіпорындарда болған авариядан, табиғи апаттан туындайтын жанжалдар. Мұндай ауқымы үлкен жанжалдар табиғи апаттардан ғана емес, сонымен бірге осы оқиғаны ұлғайта түсетін адамның өзінің іс-әрекетінен туындайтын әлеуметтік себептерді реттеумен байланысты болмақ.

Алайда саяси жанжалдардың негізгі себептері ретінде бәрінен бұрын саясат субъектілері мәртебелерінің, олардың рөлдерінің мәні мен функциясының, мүдделері мен қажеттіліктерінің үйлеспеушілігін айқындайтын қоғамның әлеуметтік жіктелінушілігін атауға болады. Әлеуметтік позициялардың тең еместігі жеке адамдардың (индивидтердің), адамдар қауымдастығының әлеуметтік топтарының даму ресурсына барар жолдың әр түрлі екендігін білдіреді. Көптеген саяси жанжалдарға ресурстарға кім иелік етеді және оған қандай жолдармен билік жүргізеді – деген сауалдар себеп болады.

Ресурстарға қожалық ету жөніндегі күрес билеуші элита мен контрэлитаның, әр түрлі саяси партиялар мен белгілі бір күштердің мүдделерін білдіретін және меншікті, ұлттық табысты, мемлекеттік бюджетті және т.б. қайта бөлу күресіне итермелейтін қысым жасаушы топтардың арасындағы жанжалдың өзара қарым-қатынасын білдіреді. Сонымен, саяси

жанжалдың негізгі субъектісі ірі әлеуметтік топтар болып табылады. Олардың қажеттіліктері, мүдделері, максаттары, әрекеттері билікті пайдаланудың арқасында жүзеге асырылатындықтан, жанжалға тікелей қатынасатын да мемлекеттік аппарат, парламенттік фракциялар, қысым жасаушы топтар және т.б. саяси ұйымдар болып табылады.

Саяси жанжалдардың неғұрлым жарқын формалары ретінде революция, бүлік, көтеріліс, азаматтық соғыс бұқаралық қарсылық іс-әрекеттерді айтуға болады. Саяси жанжалға саясат субъектілерінің әлеуметтік тәртіпті өзгерту, немесе оны сақтау мүмкіндігін теориялық та практикалық жағынан қамтамасыз ету жолындағы қарсы әрекеті деп анықтама беруге болады. Бұл мүмкіндікті жүзеге асыру мемлекеттік биліктің қаржы, репрессивті аппарат және т.б. құралдарын иемденуге мүмкіндік береді. Сондықтан, саяси жанжалға қатысушылардың бірінші кезектегі міндеті мемлекеттік биліктің тұтқасын ұстау немесе соған ие болу болып табылады. Сонымен бірге саяси жанжал билікті жеңіп алумен және оны ұстап тұрумен ғана шектелмейді. Онда әр түрлі қоғамдық саяси топтар мен олардың көшбасшылары қорғап отырған әлемнің әр түрлі көріністері арасындағы күрес те өрістетіле түседі.

Осыған байланысты саяси жанжал барлық басқа жанжалдар сияқты ұлғаюы мен оны шешудің бірнеше кезеңдерін бастан өткеретін динамикалық процесті көрсетеді. Әдетте әлеуметтік-саяси жанжалды жанжал алды, жанжал, жанжалды шешу және жанжалдан кейін деп төрт түрлі сатыға бөлуге болады. Өз кезегінде әрбір сатыны бірқатар фазаларға бөледі<sup>1</sup>.

Бірінші, жанжал алды сатысы екі фазада дамиды. Бастапқы фаза жанжалдық ситуациялардың қалыптасуымен және жеке адамдар және топтық қатынастар жүйесіндегі қайшылықтардың жанжалдық өзара іс-әрекет субъектілерінің мүдделерінің, құндылықтары мен нұсқауларының алшақтауы жағдайында өрши түсуімен сипатталады. Бұл сатыда жанжалдың дамуының жасырын (латенттік) фазасы жайында да айтуға болады. Бұл сатыны «депривация» әлеуметтік-психологиялық түсінігінің көмегімен сипаттауға болады. Депривация – бұл күту мен оларды қанағаттандыру мүмкіндігі арасында алшақтықтың болуы тән нәрсе болып келетін жағдай. Депривация уақыттың өтуі барысында не күшейіп, не азайып, не болмаса өзгеріссіз қалып отырады.

Еуразия конфликтологиясында бұл сатыны көбінесе «әлеуметтік шиеленісушілік» ұғымының көмегімен түсіндіруге тырысады. Әлеуметтік шиеленісушілік – бұл қоғамдық сананың ерекше әлеуметтік-психологиялық

---

<sup>1</sup> Александров И.П. Политические конфликты и противоречия. СПб., 2000. С. 71-73.

жай-күйі, жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың және тұтас алғанда қоғамның ахуалы болып табылады, оқиғаларды қабылдау мен бағалау жоғары эмоциялы қозушылықпен, әлеуметтік реттеу және бақылау механизмінің бұзылуымен сипатталады. Саяси жанжалда әлеуметтік шиеленісушілік қарсылық акциясының өсуімен көрінеді, олар: демонстрациялар, митингілер, президент пен үкіметтің отставкаға кетуі, саяси бағыттың өзгеруін талап ететін ереуілдер. Бұл акциялар көбінесе рұқсат етілмеген сипатта өтеді, ал оны ұйымдастырушылар мен оған қатысушылар биліктің бұл ереуілдерді тоқтату жөніндегі талаптарын елемейді.

Әлеуметтік шиеленісушілік тараптар нақты белгілеген жанжалдар болмаған жағдайда, «біз — олар» бағыты бойынша ашық формадағы қасарысу орын алмаған кезде қалыптасады. Бірінші сатының екінші фазасы қактығыстың, немесе себептің, яғни жанжалдасушы тараптарды қозғалысқа итермелейтін әлдебір сыртқы оқиғалардың әсерімен басталады. Бірінші сатының бұл фазасында жанжал латентті фазадан ашық формаға ауысып, ұжымдық бағыттың (мінез-құлықтың) әр түрлі формаларында көрінеді.

Дау-жанжалдың беталысы жанжалдың дамуының екінші, негізгі сатысын сипаттайды. Дау-жанжалдың беталысы — бұл қарсы тараптардың жетістіктерін олардың мақсаттары, ниеттері, мүдделерімен қоса блокадалауға бағытталған іс-әрекет. Бұл фазаға өту үшін басқа тараптарға қарама-қарсы ретінде өзінің мақсаттары мен мүдделерін сезіну ғана емес, сонымен бірге күреске нұсқау алу, оған психологиялық жағынан дайын болу да қажет. Мұндай нұсқауды қалыптастыру дау-жанжал бағытының бірінші фазасының міндеттеріне жатады. Бұл фазадағы мүдделер жанжалы терең қарама-қайшылықты білдіреді, өйткені мұнда жеке адамдар мен әлеуметтік топтар реттеуге ұмтылмақ тұрмақ, өзара байланыстың, өзара іс-әрекеттің және қарым-қатынастың қалыптасқан бұрынғы құрылымын бұза отырып, қайшылықты барлық жағынан да тереңдете түседі.

Әлеуметтік шиеленісушілік бұл сатыда саяси дағдарысқа ұласуы мүмкін. Оған ел алдында тұрған проблемаларды шешуде өзінің икемсіздігін танытқан билеуші топтың қызметіне ортақ (бұқаралық) наразылық пен ашу-ыза білдіру тән. Саяси дағдарыс бұқараның саяси мемлекеттік көшбасшысына, үкіметке, билеуші партияға деген сенімін жоғалтуын білдіреді. Дау-жанжал бағытының бірінші фазасы жанжалды ұлғайту тенденциясын тудырады, бірақ ол оған қатысушыларды жанжалды шешу жолдарын іздестіруге ынталандыра алады. Толғақты өзгеріс жанжал беталысының екінші фазасына тән нәрсе. Бұл фазада «құндылықтарды қайта бағалау» және ұстанған бағыттың бұдан арғы жердегі тактикасын таңдау жүзеге асырылады. Жанжалдың барысы тараптардың өздері жайындағы, қарсыластары мен сыртқы орта туралы түсінігін өзгертеді, ресурстар таусылады.

Жанжалдасушы тараптар кимыл көрсетудің мына төмендегідей бағдарламасын таңдауы мүмкін: біріншіден, жеңіске толық қол жеткізгенге дейін жанжалды жалғастыру; екіншіден, шиеленісушілік деңгейін төмендету, қарсыласына ішінара жол беру есебінен жанжалды жасырын формаға ауыстыру; үшіншіден, жанжалды шешудің әдістерін іздестіру. Егер үшінші бағдарлама таңдалатын болса, онда жанжалдың дамуындағы үшінші кезең — оны шешу кезеңі туады.

Жанжалды шешу объективті ситуациялардың өзгеруі арқылы да, сондай-ақ субъективтік-психологиялық қайта құрулар арқылы да, жауласушы тараптарда қалыптасқан ситуацияның субъективтік образының өзгеруі жолымен де жүзеге асырылады. Жанжалдың ішінара және толық шешілуі де мүмкін. Толық шешу жанжалды субъективтік және объективтік деңгейлерде тоқтатуды, жанжал ситуациясының бүкіл сипатында оны түбірінен қайта құруды білдіреді. «Жаудың образы» «өріптес образына» ауысып, ал күреске деген психологиялық нұсқау ынтымақтасуға бағдар ұстаумен алмастырылады. Жанжалды ішінара шешу кезінде тек сыртқы жанжалдың бағыты өзгереді, ал қасарысуды жалғастырар ішкі қозғаушы нұсқаулар сақталынады.

Осы заманғы конфликтология жанжалды тиімді шешуге мүмкіндік беретін шарттарды тұжырымдап береді. Олар: жанжалдың себептерінің диагнозын дер кезінде және дәл қою; тараптардың қай-қайсысының да мүдделерін мойындау негізінде қайшылықтарды жеңуге екі жақтың да ынталылығы; жанжалды болдырмаудың жолдарын бірлесіп іздестіру.

Жанжалдан кейінгі қорытынды сатыға баса мән беріледі. Бұл сатыда барлық күш-жігер мүдделер, мақсаттар, директивалар қайшылығын жоюға жұмсалынуы тиіс, әлеуметтік-психологиялық шиеленісушілік жойылып, кез келген күрес тоқтатылуы керек. Жанжалдың өту барысын басқаратын технологияларды анықтау олардың түрін айқындауға тікелей байланысты екенін айтуымыз керек. Бұл ретте саяси жанжалдарды жіктеу мен түрге бөлудің көптеген түрліше өлшемдері бар.

Аймақтары және аумақтары тұрғысынан қарағанда жанжалдар ішкі саяси және сыртқы саяси жанжалдар болып бөлінеді. Сыртқы саяси жанжалдар халықаралық қарым-қатынастар саласында өріс алады. Жекелеген мемлекеттер, мемлекеттер тобы немесе халықаралық ұйымдар оның негізгі субъектісі саналады. Мұндай жанжалдардың ерекше формасы әлемдік және жергілікті шеңберде болатын соғыстар, сондай-ақ экономикалық сауда және кедендік жанжалдар болып табылады.

Ішкі саяси жанжалдар мемлекеттік басқару технологиясы саласындағы, немесе қоғамдық өмірдің басқа да салаларындағы ішкі саяси процестердің сипатын көрсететін биліктің әр түрлі субъектілері (билеуші

және оппозициялық элиталар, бөсекелес партиялар мен топтар, орталық және жергілікті билік) арасындағы өзара іс-әрекетті бейнелейді. Саяси жанжалдарды уақыттың өтуіне байланысты ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік түрлерге бөлуге болады. Демек, жекелеген жанжалдардың қалыптасуы және оларды шешу саясатта қысқа мерзімнің ішінде аяқталуы да мүмкін, сонымен бірге тұтас бір ұрпақтың өміріне парапар уақытқа созылуы да сөзсіз.

Ал, жариялылығы тұрғысынан келсек, жанжалдасушы тараптардың өзара іс-әрекетінің ашық, сырттай белгіленген формасы туралы және билік үшін күрестің көленкелі әдістері үстем болатын, немесе субъектілердің өздерінің биліктік өкілеттіктерін даулайтын жабық түрдегі жанжалдар туралы айтуға болады.

Басқарудың режимі мен оның құрылымына және ұйымдастырылу формасына сәйкес вертикальды және горизонтальды жанжалдар деп бөлуге болады<sup>1</sup>. Вертикальды жанжалдар биліктің өртүрлі деңгейлеріндегі, орталық және аймақтық элиталарға, федералдық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жататын субъектілердің қарсылығын білдіреді. Горизонтальды жанжалдар бір ғана тәртіппен жұмыс істейтін субъектілердің және билік жүргізушілердің, яғни билеуші элитаның ішінде, билеуші партиялардың, бір саяси бірлестіктің мүшелері арасында болатын нақты өзара іс-әрекетін білдіреді. Мәселелерді шешу формасына қарай саяси жанжалдар өктемдік ету және бейбітшілік жолдарымен шешілетін жанжалдар болып та бөлінеді.

Жанжалдың болатын орны, дәрежесі және оны реттеудің сипаты тұрғысынан алсақ, саяси жанжалдар саяси жүйелер шеңберінде жүзеге асырылатындықтан, институционалдық, сондай-ақ бұл шеңберлерден шығып кететіндіктен институционалдықтан тыс болып бөлінеді. Институционалдық ішкі саяси жанжалдардың субъектісі ретінде саяси ойындардың біртұтас ережесіне бағынатын, бірақ әр түрлі позициялардағы саяси институттар, ұйымдар әрекет етеді. Айталық, биліктің әр түрлі тармақтарының, биліктің орталық және жергілікті органдарының жанжалдары осыған жатады. Тұтас жүйенің немесе жекелеген топтардың мүдделері мен мақсаттарын көздемейтін саяси жүйенің жекелеген элементтері, билеуші топтың саясаты осындай жанжалдарға итермелейді. Оларды шешу билік саясатында жекелеген өзгерістерге әкеледі.

Институционалдықтан тыс ішкі саяси жанжалдардың субъектісі ретінде, бір жағынан билеуші элита мен партиялар, мемлекеттік институттар,

---

<sup>1</sup> *Магамбетов А.С.* Политические противоречия и способы их решения. Ростов-на-Дону, 2009. С. 30.

ұйымдар, көшбасшылар; екінші жағынан жүйеге кірмейтін оппозиция: халық бұқарасы, саяси белсенді топтар, радикалдық ұйымдар, басқарушы билік пен жалпыға бірдей ереженің шеңберінен шыға отырып әрекет ететін саяси ойындар көрініс береді. Жанжал объектісі бұл жағдайда тұтас алғанда мемлекеттік билік жүйесінің, орныққан режимнің болуында еді. Жанжалдың ақырғы қорытындысы: не билеуші режимнің жеңісі және жүйеге кірмейтін оппозицияны жою, не болмаса саяси жүйені алмастыру болып табылады.

Әлеуметтік позиция тұрғысынан алғанда, статустық-рөлдік саяси жанжалдар деп те атап көрсетуге болады. Олардың негізіне саяси биліктің иерархиясында орыны, саяси құқықтар мен бостандықтардың жиынтығы мен көлемі, мәртебелік міндеттердің жиынтығы және көлемі, жауапкершіліктің мәртебелік аясының кеңістігі мен сипаты, қандай бір топтардың болмасын саяси өмірдегі нақты мүмкіндігі және оған ықпал етуі жатады.

Саяси қайта құрулардың ауқымына және шешілетін проблемалардың сипатына қарай саяси жанжалдар ішінара және радикалдық болып бөлінеді. Ішінара жанжалдардың ошағы негізгі емес, конъюнктуралық мүдделер мен құндылықтар себептері бойынша қайшылықтар болып табылады. Бұл жанжалға кейбір институттар мен топтар, элитаның бір бөлігі, белгілі бір саяси проблемаларды шешуге мүдделі немесе мүдделі емес күресуші қарсылас партиялар қатысады. Ал, радикалдық жанжалдардың ошағы негізгі саяси мүдделердің және әлеуметтік топтардың арасындағы қайшылықтар болып табылады. Радикалдық жанжалдар қасарысу саласына көпшілік немесе барлық саяси институттарды және халықтың едәуір бөлігін тартады.

Мазмұндық типтендіру жанжалдарды олардың себептерін тудыратын сипаты бойынша бөлуді ұсынады. Бұл жерде ұлттық, нәсілдік, діни (конфессионалдық) және басқа да себептерді көрсетуге болады, соларды саясаттандыру нәтижесінде этносаяси, нәсілдік саяси және саяси-конфессионалдық жанжалдардың қалыптасуына әкеледі. Өйткені, саяси өмірдің әр түрлі құндылықтары, нормалары, әдістері жиынтығы алуан түрлілігімен ерекшеленеді, яғни әр түрлі саяси-мәдени жанжалдар туралы айтуға болады.

Жанжалдарды типтендіру (түрге бөлу) адамдардың дауларды шешуге тартылуының әр түрлі дәрежесін, дағдарыстар мен қайшылықтардың интенсивтілігін, олардың саяси процестердің динамикасы үшін маңызын бейнелейтін сапалы көрсеткіштері бойынша да жүзеге асырылады. Аталған түрдің жанжалдары арасында «терең» және «терең тамырланбаған» жанжалдарды, «нөлдік санды» жанжалдарды және «нөлдік емес санды» жанжалдарды, «үнамсыз» жанжалдарды, антогонистік және антогонистік емес жанжалдарды бөліп көрсетуге болады.



Саяси жанжалдарды интенсивтілік дәрежесіне қарай эскалирлік және интенсивтілігі төмен жанжалдарға бөледі. Эскалирлік жанжалдар деп тараптардың әскери күш қолдануы арқылы қақтығысын айтады. Ал, интенсивтілігі төмен жанжалдар тараптардың қасарысуының созылуымен және оның деңгейінің төмендеуімен сипатталады. Бұл дегеніміз, олардың «ұтып шығуға» деген және қарсыласуына тікелей әсер ету формасын қолдану мүмкіндігі мен ұмтылысының жоқтығын білдіреді.

Жоғарыда келтірілген жанжалдардың қайсысы болмасын, әр түрлі қасиеттер мен сипаттамаларға ие болғандықтан, олар жарыстас болу мен ынтымақтасудың, қарама-қарсы іс-әрекет пен келісімге келудің, жарастыру мен бітімге келмеушіліктің қарым-қатынастарын ынталандыра отырып, нақты саяси процестерде алуан түрлі рөл атқаруға икемді болып шығатынын айтқан жөн. Өмір көрсеткеніндей, не жанжалға қатысушы болып, не оның барысында делдал ретінде тартылатын әрқилы саяси субъектілер әр кезде де жанжалды басқаруға, немесе оларға бақылау жасауға ұмтылады<sup>1</sup>.

Жанжалдардың бағытына саналы түрде әрекет етуді және басқарылатын субъектілерді олардың мүдделеріне бағындыру ұйымдастыруға сүйенілетіндіктен, жанжалдарды басқарудың әр түрлі модельдері, технологиялары неғұрлым әртүрлі, ал кейде қарама-қарсы мақсаттарға толы стратегияларды ұсынады. Неғұрлым маңызды стратегия ретінде, соның шеңберінде жанжалға саналы түрде әрекет ететін өзіндік технологиялары қалыптасатындықтан, олардың мақсаттарын сипаттайтын мына төмендегілерді бөліп көрсетуге болады: қоғамда орын алып отырған қайшылықтардың үздіксіз шиеленісін тудыратын жанжалдардың инициациясы, жанжалдың эскалациясын және ситуацияларды тудыру мақсатында терең бәсекелестік қатынастарды қарсыластан да гөрі, өзі неғұрлым тиімді пайдаланатындай етіп консервациялауды күшейту (мысалы, билеуші режим оппозициясымен ынтымақтасуда олар орындай алмайтын шарттар қоюы мүмкін, өйткені олар оппозицияның күші таусылмайтынына немесе қоғамдық келісімге келуге ұмтылмай отырған олардың қоғамдық пікір алдында беделі түсетініне сенеді); тараптардың қарым-қатынасында қалыптасқан шиеленісті өздерінің жеке мүдделеріне пайдалану мақсатында оны саналы түрде қолдануды білдіретін жанжалдардың рутинизациясы (жаңалыққа қарсы шығатын); қайшылықтардың қасарысудың ашық фазасына өтуіне және саяси шиеленістің ұлғаюына жол бермеуге бағытталған жанжалдардың болатындығын ескерту; тараптардың қасарысуының

---

<sup>1</sup> Әбсамтаров Р.Б. Саяси технологиялар: теория мен тәжірибе // Абай атындағы ҚазҰПУ-тің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. 2004. № 2. 87 б.

шиеленісуін толық немесе ішінара жою үшін, сондай-ақ оның неғұрлым жағымсыз салдарын болдырмау үшін жанжалдарды реттеу; жанжалды шешуді не жанжалдың себептерін, не дауласудың негізін жоюды, не тараптардың жанжалсыз қарым-қатынасына жол ашатын қарама-қарсы пікірлер рецидивасының қаупін туғызбайтын, реттелген қатынастарды қайтадан ушықтырмайтын жағдайлар мен ситуацияларды қарастыратындай етіп шешу; жанжалды ығыстырып шығаруды әр түрлі себептермен жауапкершілігі түрлі деңгейдегі басқа саяси жүйелерге итеріп салуды алға тартатын етіп (мысалы, федералдыктан аймақтыққа, немесе бұған керісінше) ұйымдастыру.

Саясат саласындағы неғұрлым өріс алған мақсаттарға жанжалдарды реттеу және шешу технологиялары жатады. Тиісті стратегиялар шеңберінде пайдаланылатын бақылау және басқару технологиялары көлеңкелі, латенттік жанжалдардың ашық формада жүргізілуі қажеттігіне, бақыланбайтын процестерді және осы өзара іс-әрекеттердің салдарларын азайтуға, дұрыс және жедел назар аударуға келмейтін, кенеттен болатын сілкіністердің болу мүмкіндігін қысқартуға негізделеді. Сондай-ақ, бұл стратегияның базалық қағидасы бірізділікті тараптар әлі дайын емес, асығыс шаралардың болатындығын біртіндеп шамалау болып табылады.

Сондай-ақ, тараптардың қасарысуының деңгейін бірізділікпен төмендету, олардың арасындағы коммуникация жүйесін кеңейту, тараптардың өзара келісілген міндеттерін орындау талаптарын да ұстану қажет. Осыған байланысты жанжалды реттеу және шешу технологияларын қалыптастырудың бірегей талаптарына олардың қалыптасуының және болуының принципті сыртқы және ішкі факторларының қажетті есебін алуды жатқызуға болады. Сонымен бірге, тәжірибе көрсетіп отырғанындай, жанжалдарды басқару субъектісінің қызмет формасы мен әдістеріне ықпал ететін факторларға мыналар жатады: біріншіден саяси жүйелердің ашықтық дәрежесі (мәселен билеуші құрылымды саяси наразылықтың неғұрлым агрессивтік формасынан қорғауға икемді тетіктердің болуын немесе болмауын көрсететін); екіншіден, жанжалдасушы топтардың топтасқандығының деңгейі және олардың мүшелерінің ішкі өзара қатынасының интенсивтілігі; үшіншіден, әлеуметтік бұқара топтарының даулы өзара қарым-қатынастарға қамтылуының сипаты; төртіншіден, топтар мен азаматтардың саяси бағытының эмоциялық толықтығы және олардың өздерінің билікке талаптануларын шектеуге икемділігі және т.б.

Ал, дауларды шешу стратегиясына, яғни технологиясына келсек, қашан да партнёрлердің біржақты емес, екіжақты әрекетінің түсінілуі үйлесім табады. Бұл оларды қолдану нәтижесінде қол жеткен тараптар арасындағы келісімді оған қатысушылардың барлығы да адал өрі әділетті деп

бағалайтындығын білдіреді. Олар сырттан қысым жасаусыз болатын келісім шарттарын өз еріктерімен қабылдайды, жанжал күн тәртібінен түсіріледі, ал бұрынғы дауға қатысушылар арасында, К.Митчелдің сөзімен айтқанда, оң қатынастар орнығады.

Жанжалды басқару мен бақылау технологиясын жасап, жүзеге асыру үшін олардың өрістеуі мен дамуының (бұлардың қай-қайсысы да белгілі бір міндеттерді шешуді және нақты мақсаттарға қол жеткізуді көздейтіні белгілі) негізгі кезеңдерін білудің принципті маңызы бар. Сонымен бірге, даудың неден болатынын қатаң анықтау жүзеге асырылса, соғұрлым жанжалды басқару субъектісінің оның дамуын бір шектен шығармау (локализациялау) арқылы тараптардың бәсекелестігін өзіне тиімді арнаға бұруға мүмкіндігі зор болмақ. Егер билеуші құрылымдар осындай субъектінің рөлін атқарса, онда олардың шиеленістің себептерін іздеуі және оны реттеу технологиясын жасап жүзеге асыруы оқиғаның сөзсіз дамуының мүмкіндігіне деген өз жауапкершілігімен қамтамасыз етілуі керек.

Тараптардың басқару мен саяси жанжалдарды бақылау технологиясында келісімге қол жеткізулерінің неғұрлым кенінен белгілі әдісі – келіссөздер, ара ағайындық іс-әрекеттер, арбитраждар болмақ. Келіссөз жүргізу үрдісінде екі жақ та өзара пікір алмасады. Бұл міндетті түрде дау-дамайды ширықтырмай, бөсеңдетеді, оппоненттердің дәлелдемелерін түсінуге көмектеседі, күштің нақты арақатынасын, ымыраласудың жағдайларын екі жақтың да бірдей бағалауына жағдай тудырады. Келіссөздер екі жақтың да тең дәрежеде ымыраласуына, балама жағдайларды байыппен қарастыруға, ұстанымдарының ашық екенін көрсетуге, бәсекелестердің «арам пиғылдарының» тиімділігін бөсеңдетуге мүмкіндік тудырады. Міне, осындай жағдайлар орнаған кезде туындаған дау-дамайдың ортанғы нүктесі деп аталатын оралымды тұсын табу оңайға соғады.

Келіссөз үрдісі саудаласудың арнайы технологиясына, яғни бастапқы ұстанымды сақтап қалуға да, басымдыққа ие болуға да, оппоненттердің өзара түсіністікке қол жеткізуіне де, немесе оларды тұйыққа тірелетін арнаға алып келуге де немесе, біржақты басымдылықты қамтамасыз етуге де, немесе екі жақты да өзара қанағаттандыруға негізделеді.

Саяси тәжірибе мен теория арқылы саяси дау-дамайды болдырмаудың, реттеу мен шешудің технологиясында бірқатар жалпы өдістер талданып жасалды. Солардың арасында – ымыраласу мен консенсусқа келу қарастырылады.

Ымыраласу өзара бір-біріне көну негізінде келісу жолымен анықталады. Оның еріксіз ымыраласу және ерікті түрде ымыраға келу секілді түрлері болады. Сондықтан ымыраласуды келісім ретінде қарастырған жөн. Бұл кезде ымыраласу тым нашар деп қарастырмай және оны тым жақсы деп те бағаламай, өз ұмтылыстарын жарым-жартылай ғана қана-

ғаттандырады. Еріксіз ымыраласу қалыптасқан жағдайларға байланысты туындайды. Ерікті түрде ымыраласу жекеленген мәселелер бойынша келісу негізінде жасалынады және барлық өзара әрекет етуші күштердің саяси мүдделерінің әлдебір бөлігіне сәйкес келеді. Осындай ымыраласудың негізінде өркилы партиялық блоктар мен саяси коалициялар және басқалар құрылады.

Консенсус – бұл кез келген қауымдастықтағы адамдардың басым көпшілігінің келісімі<sup>1</sup>. Ондағы әлеуметтік жағдай сол қауымдастықтағы іс-әрекеттің аса маңызды сипаттары арқылы анықталады. Алайда, келісімдердің нәтижелі болмауы да ықтимал. Мұндай жағдайда «үшінші жақты», яғни дау-дамайға қатыспайтын адамдарды немесе басқа бір аралық инстанцияны осыған тарту ұсынылады.

Үшінші жақтың дау-дамайға араласуының аса қолайлы түрі – ара ағайындық болып саналады, яғни екі жақ та мезгіл-мезгіл ара ағайынның пікірін тыңдауға және оның ұсынысын қарауға келіседі. Ара ағайындық саяси дау-дамайларды реттеу технологиясының аса тиімді құралы болып жүргені рас. Соған қарамастан, көбінесе арбитражға, яғни үшінші жаққа, немесе бұлайша жүгінген кезде соның шешімі орындалуға міндетті болып саналатын белгілі бір сатыға қарай сенімді қадам жасаған жөн. Егер дау-дамайға қатысушылар үшінші жаққа жүгінсе, бұған қоса оның шығарған шешімін қабылдағаны секілді, оны басшылыққа алса, онда осыған міндетті арбитраж дау дамайды реттеу технологиясынан енді оны өршітпей басып тастау жағына қарай ауысады. Бұл әдіс аса қажетті болып саналады, бірақ оны ұдайы қолдана беру де біршама күмән тудырады. Басып тасталған дау-дамай – бұл қалай дегенмен де әлі бітпеген ерегестің ұшығы болып табылады. Өйткені ол жасырын түрде өрши түседі де, кейінірек қауіпті түрге айналуы мүмкін.

Реттеу жолы арқылы ғана дау-дамайлардың мүлде жойылмайтындығын атап өткен орынды. Қоғам бар жерде дау-дамай да болып тұрады. Реттелетін дау-дамайлар белгілі бір дәрежеде жеңіл сипатқа ие болады. Ол әлеуметтік құрылымның ұдайы өзгеруіне байланысты жүріп жатады, бірақ ол азаматтық соғыстың немесе төңкерістің негізі бола алмайды. Саяси жүйенің, оның институттарының жұмыс істеуі және қоғамдағы билікті жүзеге асыру көп жағдайда саяси дау-дамайларды басқару мен бақылаудың технологиясына байланысты болатынын атап өткен жөн. Саяси және әлеуметтік дау-дамайларды тиімділікпен ауыздықтап отыру саясаттың, сондай-ақ саясаттағы ақпараттық технологияның өзекті міндеттері болып саналады.

---

<sup>1</sup> Қараңыз: *Бачинин В.А.* Политология. Энциклопедический словарь. СПб., 2005. С. 118.

## 5. Саясаттағы ақпараттық технологиялар

Ақпараттық нарықта саяси субъектілер алдарына қойған максаттарына жетуді қамтамасыз ететін әр алуан тәсілдер мен техникаларды пайдаланады. Сонымен субъектілер өздерінің серіктестерімен, сондай-ақ контрагенттермен де қажетті қарым-қатынас орнатуға қолданатын аталған әдістер мен тәсілдердің сипаты мен өзіндік ерекшеліктері ең алдымен саяси өмір саласында қалыптасқан белгілі бір ақпараттық-коммуникативтік жүйе арқылы анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік жүйелер шеңберінде коммуникаторлар мен реципиенттер әр түрлі ішкі міндеттерді де шешеді, әр түрлі ішкі іс-қимыл шараларын да орындайды, олар өз кезегінде аталған міндеттер мен іс-шаралардың ақпараттық ахуалына да ықпал етеді. Сонымен қатар бұл жүйеде қолданылатын ақпараттандыру мен коммуникациялау тәсілдерінің қалыптасуына жағдай туғызатын факторлар қатарына сыртқы ортаның ықпалы, нендей бір нақты ситуация, сондай-ақ саяси субъектілердің өздерінің санасының деңгейі жатады. Ақпараттық технологиялардың сапасына мәліметтерді жинау әдістемесі де, мысалы, нақты әлеуметтік зерттеулер, әлеуметтік эксперименттер, ықтималды статистикалық іс-шаралар және т.б. сондай-ақ технологиялық құралдар, атап айтқанда, қолмен, автоматты түрде есепке алу, электрондық әдістер және т.б. ықпал етеді.

Ақпараттың кездейсоқ та, саралап алынған да мәліметтер ретінде әлеуметтік-саяси ренкі болады, өйткені ол қоғамның материалдық және рухани өмірінде болып жатқан сан алуан процестерді бейнелейтінін айту керек. Осыған байланысты мамандардың әр түрлі бағалаулары бойынша, басшылар өздерінің жұмыс уақытының 30 пайыздан 80-95 пайызына дейін ақпаратпен жұмыс істейтінін айта кеткен жөн. Бұл заңды да, дер кезінде алынған және сенімді ақпарат басқару саласында тиімді шешім қабылдаудың аса маңызды алғы шарты болып табылады.

Осы заманғы саяси-басқару практикасында жұмыс барысында пайдаланылатын ақпараттың лек-легімен ағылатындығы туралы түсінік қалыптасқан. Қазіргі қоғамда ақпаратқа иелік ету аса маңызды билік көзі болып табылады. Ақпараттық билік кей жағдайларда дербес маңызға ие бола отырып, қоғам өмірінің барлық саласына барған сайын батыл енуде.

Ақпараттың қоғамның саяси өміріндегі рөлі мен орны саясаттың шешуші, анағұрлым ауқымды және айқындаушы көрінісі болып табылатын билікпен қарым-қатынасы арқылы анықталады. Бұқаралық ақпарат құралдарының саяси процестерге, шешімдерді әзірлеп, қабылдау істеріне, билік беделін қалыптастыруға, саясатқа және саясаткерлерге ықпал ету

күші барған сайын арта түсуде<sup>1</sup>. Мемлекет билік көзі, оны иеленуші және жүзеге асырушы болып табылады. Ақпаратты алу, талдау, беру және оны тиімді пайдалану – биліктің жұмыс істеуінің маңызды шарты.

Саяси жүйенің тұрақтылығы мен өздігінен дамуын қамтамасыз ету үшін саяси қызмет субъектілері арасындағы ақпараттық байланыстардың, ақпараттық қатынастардың тұтас жүйесі жұмыс істейді. Осыған байланысты бұл қатынастар бірегей құбылыс ретінде саяси коммуникацияларды дүниеге келтіреді. Саяси коммуникациялар жүйесінде өзара байланысты және біршама дербес бірнеше буындар болады. Солардың бірі – саяси коммуникациялар, олар негізінен билік және басқару органдарына қызмет етеді. Мемлекеттік және муниципалдық басқару органдарында, заң мекемелерінде, атқарушы билік құрылымдарында, республикалық және жергілікті әкімшілік аппаратында пайдаланылатын барлық қызмет ақпараты функционалдық ақпаратқа жатады. Ол әлеуметтік-экономикалық және саяси басқару мақсаттарына қызмет етеді.

Ақпараттың басқарушылық функциясы мемлекеттің ісінде анағұрлым айқын көрінеді. Мұнда ақпарат бірнеше түрде: билік көзі ретінде, саяси жүйелер мен процестерді реттеу факторы ретінде, саяси басқарудың көрінісі ретінде және басқару процесінің нәтижесі ретінде әрекет етеді. Мемлекеттің сапалық тұрғыдан жаңғырып, жаңа сипатқа ие болуы бірінші кезекті басты міндетті шешуді – елде қоғамның бүкіл құрылымдарын және жекелей алғанда әрбір азаматтың ақпарат алуын қамтамасыз ететін бірінші ақпараттық кеністікті қалыптастыру міндетін қоятынын атап айту керек. Ақпараттық технологиялар – ғылыми және инженерлік білімдердің, сондай-ақ ақпаратты құру, жинау, беру, сақтау және өңдеу үшін қолданылатын әдістер мен құралдардың жүйесі.

Осыған байланысты саясаттағы аса маңызды, негіздемелік ақпараттық технологиялар міндеті саяси объектілердің онды бейнесін (имидж) жасау болып табылады.

Мұндай объектілер жекелеген тұлғалар да, корпоративтік құрылымдар (партиялар мен қозғалыстар) да және тұтастай алғанда мемлекеттің өзі немесе мемлекетаралық ұйымдар болуы мүмкін. Имидж жасау – бұл субъектінің оны жұртшылыққа тартымды ету үшін істелінетін және нақты саяси міндеттерді оның қатысуымен шешуге мүмкіндік беретін белгілі бір өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттерін біріктіру. Имидж – бұл саяси субъектілер саяси капиталының аса маңызды формасы және сонымен қатар оны молайтудың тетігі. Ол халықпен қарым-қатынас орнатудың құралы да, оның көңіл-күйіне бағыт-бағдар берудің формасы да, саясатқа

<sup>1</sup> Қараңыз: *Ланцов С.А.* Политология. СПб., 2011. С. 340-353.

әлеуметтік проблемаларды енгізудің әдісі де болып табылады. Имидж нақты міндеттерді шешу үшін белгілі бір уақытта қалыптасады, ол міндеттерге реципиенттің сайлауларда жеңіске жетуі, заңдылық дағдарысқа ұшыраған кезде саяси қайраткерлердің жұртшылық алдындағы беделін көтеру және т.б. жатады.

Имиджді қалыптастыру технологиясы саяси өмірдегі нендей бір саяси іс-қимылға немесе оқиғаға негізделеді. Бұл жағдайлар жұртшылықтың оң ниет танытуына алғы шарт жасайды, мысалы, лидерлердің халық үшін игілікті істер істеуі, өмірбаянының жақсы жақтары, қоғамдық пікірде жұртшылық қолдауына ие болған оның тоқтамды ойлары және т.б.

Имиджді қалыптастыру процесі саяси (электораттық) нарық пен оның сигментациясын зерттеуді (белгілі бір сайлаушылар топтары сұраныстарының, құндылықтары мен басқа да сипаттамаларының ерекшеліктерін бөліп көрсету және оған жан-жақты сипаттама беру); имидждің белгіленген параметрлерін қалыптастыруды, имиджге түзетулер енгізіп, оның мәртебесін көтеруді; нарықта имиджді ұсыну мен сатуды (жарнама арқылы); бәсекелестердің «бітірген істеріне» (бәсекелестердің іс-қимылын қадағалап, соған сәйкес әрекет ету), жарнамаға қарсы және қарсы жарнама жасау (бәсекелестерге қатысты) әрекеттерін жүзеге асыруға бағытталған әр түрлі ақпараттық технологияларды пайдалануды көздейді. Имиджді жасау және оны ұдайы қолдап отыру тұрақты түрде жүзеге асырылатын процесс. Ол саяси көшбасшы саяси нарықта қанша уақыт болса, сонша уақыт тоқтаусыз жүріп жатады.

Бұл орайда, жағдайдың өзгеруіне байланысты, белгілі бір тактикалық тәсілдер ғана өзгеруі мүмкін. Имиджді әр қырынан насихаттайтын нендей бір тәсілдерді жиі көрсету, оны қайталап отыру нәтижесінде саясатшының кісілік келбеті халық арасында жақсы сақталады, оның бейнесі қоғамдық пікірде берік орнығып, сіністі бола бастайды, бұл азаматтарды сол саясатшыға қатысты белгілі бір қолдау көрсету мен пікірлестікке бағдарлайды.

Имиджді қалыптастыру технологиясының аса маңызды әдісі және дербес бағыты, саяси жарнама ақпараттық технологиялардың бір түрі болып табылады. Бұл белгілі бір жеке тұлға жайлы өзгешеліксіз сыпайы сөйлесуді баян етпейді, адамға бағытталған форма болып табылады, ол ақпаратты еркін және бәсекелі таңдау жағдайында адамда оны тиісті қолдауға ниеттендіріп, ұмтылдыратын саяси тауардың (кандидаттың, институттың, символдың) оң келбетін жасауды көздейді. Қысқаша айтқанда, саяси жарнаманың түпкі мақсаты – партияның саяси бағытының мәнін кандидаттың немесе басқа да саяси объектілердің саяси келбетін адамға (яғни жұртшылыққа) әсерлі және қысқа да нұсқа түрінде жеткізу, осы арқылы мүмкіндігінше азаматтардың көпшілік бөлігі тарапынан аталған саяси

объектілерге деген оң көзқарасты қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар оларды өздерін қолдауға бағытталған нақты іс-қимылға ұмтылдыру да болып табылады.

Ақпараттық технологияның бір түрі саналатын саяси жарнаманың маркетингтік үлгісіне тән белгі – мұнда жарнама берушінің азаматтарды тіпті де ақпараттандыруға емес, олардың пікірлеріне мүдделі екендігін көрсетеді. Жарнама ақпараттық нарыққа белгілі бір тауарларды шығара отырып, адамдардың саяси көзқарасын еркін де саналы таңдауын ынталандырады, қоғамдағы саясатқа деген іштей дұрыс көзқарасты білдіретін ахуалды қолдап, қуаттайды. Жарнамалық технологиялар адам мен билік арасындағы ресми байланыстардан тұрады. Ол азаматтың мемлекетпен формалдық-мәртебелік қатынаста болмауына ұмтылады және азаматтардың өз түсінігіне нұқсан келтірмей, олардың саяси белсенділігін оятады.

Қайсыбір институттардың, көшбасшылардың немесе доктриналардың жағымды бейнесін қалыптастыра отырып, жарнама ақпарат нарығына саяси мақсаттар мен құндылықтарды үнемі ұсынып отырады. Бұл орайда, мұндай саяси тауарлардың таралу, олардың белгілілік және танымалдық деңгейі, сол сияқты оларды халықтың қолдау деңгейі де жарнама тиімділігінің басты көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты жарнамалық технологиялардың мазмұны мен формасы сан алуан екенін атап айту керек<sup>1</sup>. Олардың көп түрлі болуы жарнама жолданылатын адресатқа немесе ұжымдық құрылымға, жарнамалық деректердің таралу уақытына, жарнама науқанының сипатына, жарнама таратылатын орынға және басқа да географиялық жағдайларға, сондай-ақ басқа да факторларға байланысты. Сонымен қатар жарнамалық технологиялардың мазмұны мен сипаты жағдайға, саяси процестің кезеңдеріне байланысты елеулі түрде өзгеруі де мүмкін.

Саяси кеңістікте болып жатқан өзгерістерде ақпараттық саяси нарықта электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болуы, саяси байланыста сұхбаттасу әдістерінің қолданылуы, хабарды беру жылдамдығының күрт өсуі, «электрондық қауымдастықтардың» қалыптасуы және т.б. аса маңызды рөл атқарды. Сонымен бірге саясат саласына жаңа ақпараттық және коммуникативтік технологияларды белсенді енгізу жарнамалық технологияның түрін сапалы түрде өзгертіп қана қойған жоқ, көптеген ескі түсініктерді, нұсқауларды, іс-қимыл формаларын, жеке адамдар мен топтар, саяси институттар мен құрылымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар үлгілерін де түбірінен өзгертті.

Жаңа ақпараттық технологиялар ақпараттармен жұмыс істеу кезінде компьютер техникасын және телекоммуникациялық байланыс құралдарын

<sup>1</sup> Социология. Энциклопедия. Минск, 2003. С. 360–361.



пайдалануға мүмкіндік береді. Жана ақпараттық технологияларды енгізу әр алуан қызмет түрлерін, ең алдымен басқару саласын елеулі түрде өзгертеді, басқарудың тиімділігін арттырады, мемлекеттік билік органдарында саяси-әкімшілік шешімдерді қабылдау процестерін ақпаратпен қамтамасыз етуді жана, анағұрлым жоғары деңгейге көтереді.

Мемлекеттің ақпараттық ресурстары – бұл оның ұлттық байлығы. Ақпараттық ресурстардың саны, сапасы және оған қол жеткізу қазірдің өзінде-ақ көп жағдайда мемлекеттің даму деңгейін, оның дүние жүзілік қауымдастықта мәртебесін айқындауда, мемлекеттің жағдайы мен саясатына ықпал етуде және, бұл, сөзсіз, ХХІ ғасырда саяси дамудың айқын-даушы факторына айналады. Осыған байланысты жоғары билік органдарын ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді жасау мен оны жетілдіру аса зор маңызға ие болады.

Осындай жүйелердің біріне Сенат пен Мәжілістің – Қазақстан Республикасы Парламентінің коммуникациялық жүйесі мысал бола алады. Заң шығарушы биліктің кез келген органының тиімділігі оның комитеттерін, комиссияларын және жалпы алғанда депутаттық корпусының едәуір дәрежеде ақпаратпен қамтамасыз етілу сапасына байланысты болады. Шетел парламенттерінің көпшілігінде депутаттарды ақпаратпен қолдау жөніндегі жұмыс осы заманғы есептеу техникасы мен байланыс құралдарын кеңінен пайдалана отырып жүргізіледі. Біздің елде өкілетті билік органдарын ақпараттандыру ХХ ғасырдың соңында ғана жедел енгізіле бастады.

Коммуникациялық технологиялардың сан алуан түрлері ішінде Интернет соңғы жылдары сөзсіз көшбасшылыққа ие болды. Ол дүние жүзілік қауымдастық қамтуындағы ақпараттық инфрақұрылымның аса маңызды буынына айналып отыр. Интернет – бұл ақпараттар алмасу әдістері және бірынғай адресітеу жүйесі туралы стандартты келісімдер негізінде жүзделген мың оқшау мемлекеттік, корпоративтік, қоғамдық, білім беретін және үйде орнатылған желілерді біріктіретін дүниежүзілік компьютерлік желі. Осыған байланысты интернеттік технологиялар аймақтық байланыстар, университеттер қауымдастықтары, мектептер және басқа да ұйымдар шеңберінде де жедел дами бастады, олар өздерінің алдынан жана өлшемнің – жан-жақты ақпараттық ресурстарды барынша иеленген және миллиондаған пайдаланушыларды біріктіруге қабілетті «киберкөңістіктің» ашылғанын мойындады.

Интернеттің орны мен рөлін мына тұрғыдан түсіндіруге болады: ол адамдарға ақпаратты тұтынушы, қабылдаушы және реципиент ретінде ғана емес, сонымен қатар оның дербес ақпарат көзі (генераторы) ретінде де әрекет ету мүмкіндігін береді. Ақпарат тарату қабілеті мол медиа-радио, телевидение – тыңдаушылар мен көрерменнің үлкен бөлігін қамти алады,

өйтсе де олардың хабар тарату мүмкіндігі экономикалық, саяси және технологиялық жағдайларға байланысты шектеулі. Ал Интернетте географиялық шектеу болмайды және аудитория ауқымын кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Интернет-коммуникациялар нәсілдік, жастың ерекшелігіне, жыныстық және дене күшіне қатысты кедергілерді жоюға мүмкіндік береді, өз кезегінде уақыттық белдеулерге және күн тәртібіне қатысты шектеулерді жоя отырып, ілесіп байланыстардың сапалы жаңа әдістерін іске қосады. Интернет-коммуникациялар сондай-ақ хабарларды жазып алуының арқасында аса ұтымды «есте сақтау тиімділігіне» ие. Компьютерлік технологиялар бейнелі және цифрлық ақпараттар арасындағы қайшылықты да жояды.

Компьютерлік желі бойынша ұдайы айналыста болатын мәліметтерді бір мультимедиялық пакетіне енгізудің нәтижесінде адам қабылдай алатынның бәрін беруге болады, ал машина мәтінді өңдейді, олар: мазмұнды мәтін, жоғары сапалы дыбыс, түрлі-түсті бейнелер беруді жоғары деңгейде шешу, бейнефрагменттер, компьютерлік бағдарламалар. Осыған байланысты интернеттің басты коммуникация құралына айналғанын атап айту керек.

Сонымен қатар Интернет мамандардың сөз қорына жаңа терминді – «компьютерлік қауіпсіздікті» енгізді. Аса ауқымды компьютер желілеріндегі мәліметтерді қорғау мәселелері, әсіресе егер ол мемлекеттік билік органдарына Интернетті енгізуге қатысты болса, ерекше жауапкершілікпен және аса ыждағатты жұмыс істеуді талап етеді. Бұл мәселенің сондай-ақ саяси жағы да бар, себебі ол елдің ұлттық қауіпсіздігімен тікелей үйлестіріп отырады: өйткені ақпарат мемлекеттің аса маңызды ресурсы болып табылады.

Сонымен қатар бүгінгі таңда халықаралық компьютерлік желі электоратқа жолы ашылған ең демократияшыл және жедел өсіп келе жатқан жүйе болып табылады. Батыстық және кейбір Еуразия сарапшыларының пікірінше, таяу уақытта Интернет жалпы жұртшылық үшін биліктің ашықтығын қамтамасыз ететін негізгі құралға айналады.

Интернет арқылы осы заманғы саясатшылар қолданылып жүрген бұқаралық ақпарат және коммуникация құралдарымен салыстырғанда жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді, атап айтқанда: дүние жүзілік мәліметтер базасы мен ақпарат ресурстарына еркін қол жеткізу; өріптестерімен, пікірлестерімен байланыс жасау мен еркін пікірлесу, ешқандай тіркеулер мен рұқсаттарды талап етпейтін қоғамдық ұйымдар құру мүмкіндіктері; желіге бақылау орнатылмауы, көзқарастарды тықпаламай насихаттау; Интернет беттерінде сайлау қарсаңындағы науқанды әзірлеу; Интернет желісінде ақпаратты еркін тарату; компьютерлік ақпаратты басқа да

бұқаралық ақпарат құралдарының және т.б. артықшылықтарымен үйлестіре отырып орналастырудың шексіз мүмкіндіктері.

Жаһандық компьютер желісі қазірдің өзінде бұқаралық ақпарат құралының бірі ретінде ерекшеленіп, бұқаралық ақпарат құралдарының пәрменді бәсекелесіне айналуға. Интернет жұртшылықтың мемлекетпен екі жақты байланыс орнатуға мүмкіндік беретін осы заманғы жаңа құрылымға, сондай-ақ саяси байланыс құралына айналды, бұл оны «публік рилейшнзде» аса мол мүмкіндіктерге ие етті. «Публік рилейшнз» технологиясы ақпараттық-талдау жұмыстарының жүйесі екенін айтуымыз керек. Оның алдына қойған мақсатты – реципиентпен өзара адал да сыйластық қатынас орнату негізінде саяси мақсаттарды жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Сондықтан, жалпы алғанда, бұл технологияның басты ұстанымы алдау-арбау мен фактілерді бұрмалаудан түбегейлі бас тарту және ол реципиент пен коммуникатор арасында екі жақты байланыс орнату.

Бүгінгі таңда саяси нарықта қолданылып жүрген «публік рилейшнз» ірі бизнес әрекет еткен салада тарихи пісіп-жетіліп, шындалды. Ақпарат нарығындағы өзіндік сала ретіндегі «публік рилейшнздің» негізін салушы американдық А. Ли деуге болады, коммуникация жөніндегі тәуелсіз сарапшы болған ол ХХ ғасырдың басында бизнестің ойдағыдай жұмыс істеуінің шарты ретінде жұртшылықтың мүддесін ескерудің және шындық ақпараттың қажет екендігін көрсеткен болатын. Сонымен қатар ақпаратты тұтынушылармен коммуникациялық қатынастар орнатудың осындай түріне жаппай көшу Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін ғана қалыптасты және бұл ең алдымен баспасөзбен жаңа қатынастар орнатуға қатысты болды. ХХ ғасырдың соңында «публік рилейшнз» дүние жүзілік қауымдастықтың қоғамдық өмірінің дамуына жаңа элементтерді енгізе бастады және «публік рилейшнз» бұқаралық ақпарат құралдарының техникалық жағынан жедел дамуына, компьютерлендіруге, дүние жүзілік желінің – Интернеттің кең қанат жаюына байланысты өзінің жұмысын тез қайта құрды. Соның нәтижесінде бұқаралық ақпарат қоғамның аса маңызды стратегиялық және саяси шикізатына, оның дамуының әмбебап қуат көзіне айналды.

Бүгінгі Қазақстанға, әлеуметтік-саяси және экономикалық қиындықтарға қарамастан, дүние жүзілік ақпараттың мәлімет көздеріне қосылу, ақпарат алмасуға қатысу, дүние жүзілік қауымдастыққа ену, алға қарай қарқынды даму үшін, сондай-ақ уақытты жоғалтпау және ХХІ ғасырда өркениетті елдердің соңында қалмау үшін мемлекеттік билік органдарының жұмысына Интернетті белсенді түрде енгізу керек. Демек, барлық деңгейдегі мемлекеттік билік және басқару органдарын біріктіретін дамыған ақпараттық құрылымның болуы, аса ауқымды ақпаратты жинаудың,

жүйелеудің, саралаудың, беру мен сақтаудың тиімді құралдарын қолдану, мәліметтерді алу мен өңдеудің, оларды талдау мен моделдендірудің осы заманғы технологиясы саяси-әкімшілік басқару тиімділігінің шарты мен көрсеткіші болып табылады.

Компьютер — саяси технологиялардың ерекше құралы екенін айтқан жөн. Бүгінгі таңда қоғам өміріне компьютерлік технологияларды қолданбай саяси талдау жасау мүмкін емес. Қазіргі кезде кең қанат жайып отырған ақпараттық, телекоммуникациялық, компьютерлік революцияның өзіндік ерекшелігі ақпаратты жөнелтуші мен алушы арасындағы бір линиялы байланыстың көп функционалдық және диалогтық байланыспен алмастырылуы болды. Бұл ақпарат алмасуға қатынасуға жана мүмкіндіктер көкжиегін ашты. Мысалы, «екі жақты байланыс» технологиясының көмегімен тұтынушы газет оқиды, почта алмасады, кітапханадан кітап алып оқиды (бейне нұсқа), зат сатып алады, өзінің қаржы жағдайын реттейді, тапсырыс берушіге өзінің шығармашылық еңбегін: шолулар, аналитикалық және басқа да материалдар; мақалалар, әлеуметтік сауалнама нәтижелерін жібереді.

Саяси процестердегі бұл жаңа техникалық құралдар мен әдістер қоғамдық пікір сауалнамасын өткізіп, олардың нәтижелерін «сол сәтінде» шығару, оперативтік саяси пікірталастарын, референдумдар ұйымдастыру және т.б. үшін пайдаланылуы мүмкін. Алға міндет қойып, оның нәтижелерін алғанға дейін бірнеше сағат өтеді. Әрине, мұндай жұмыс саласы тиімді компьютерлік желілердің, мамандардың болуын, біршама қаржы шығындарын талап етеді, жаңа компьютерлік технологиялардың мейлінше танымал болғандығы соншалық, батыс саясатшылары оларды жалпыға бірдей демократиялық қоғамның құралы ретінде бағалап жүр.

Қазіргі кезде Қазақстан Президенті әкімшілігінде жағдайларға талдау жасайтын компьютерлік-талдау орталығы жұмыс істейді. Оның басты мақсаты — мемлекет басшысын елдегі және дүние жүзіндегі жағдай жөніндегі ақпаратпен жедел және алдын ала қамтамасыз ету. Президент және оның көмекшілері қызметі аса маңызды проблемаларға талдау жасау және жедел шешімдер қабылдау үшін орталықтың қызметін пайдаланады. Жаңа құрылым сыртқы ақпарат көздері қосылған бірегей локальдық жүйе болып табылады. Ол ситуацияның моделін жасауға және мемлекет басшысының басқарушылық шешімдерін әзірлеуге мүмкіндік туғызады.

Бұл мүмкіндіктер плюрализмге, өкілетті демократияны бірде-бір демократиялық институтқа нұқсан келтірмей «қатысу демократиясымен» алмастыру үшін мол мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бірегей құбылыстың мәнін айқындау үшін тіпті «теледемократия» атты арнайы ұғым қолданылады. Алайда, бұған қарап телекоммуникацияның жана құралдарының маңызы мен рөлін асыра бағалау ағаттық болар еді.

Ақпарат алмасудағы өзінің техникалық мүмкіндіктерінің арқасында компьютерлік, коммуникациялық және басқа саяси технологиялар ХХ ғасырдың сонынан бастап сайлау науқандарына белсенді түрде пайдаланылғанын айта кету керек.

## 6. Сайлау технологиялары

Бүгінде сайлау технологиялары – мұқият талдап жасалынған және дүние жүзінде нақты қолданылатын саяси технологиялардың бір түрі. Іс жүзінде тоқтаусыз жүріп жататын белгілі бір деңгейдегі билік органдарына сайлаулар өткізу процесі оларға дайындық жасау немесе өткен сайлаулардың нәтижелерін зерделеп, ой елегінен өткізу сайлау науқандарын ғылыми жағынан қамтамасыз ету және оны өткізу жөніндегі тиісті қызмет түріне деген тұрақты сұраныстар нарығын қалыптастырады.

Сайлаулар, менің пікірімше, қоғамды жанартудың аса маңызды саяси технологиялардың бірі. «Сайлау» термині мемлекеттік органды қалыптастыру процедурасын немесе лауазымды адамға дауыс беру арқылы (өр мандатқа екі немесе одан да көп кандидат үміткер болған жағдайда) жүзеге асырылатын өкілеттік беруді білдіреді. Сайлаулар арқылы атқарылатын әр түрлі қызметтер мен қызмет орындарының саны тым көп. Сайлау лауазымдық қызметтердің көпшілігін алмастыратын тетік ретінде мемлекеттің бүкіл деңгейін – орталықтан жергілікті деңгейге дейін, елдің президентінен немесе үкімет басынан жергілікті басқару басшыларына дейін қамтиды<sup>1</sup>.

Бұл жерде мына жағдайды атап айтқан жөн: сайлаулар қазіргі демократиялық қоғамдардағы саяси процестің ажырамайтын құрамдас бөлігі болып табылады. Олар үлкен саясатқа алғаш қадам жасайтын адамға парламенттің депутаты, губернатор немесе елдің президенті болу мүмкіндігіне жол ашады. Сонымен қатар сайлау кезінде қарапайым азаматтарды белсенді саяси өмірге тартады. Олар өздерінің мәнін, өмірдегі орнын, жоғары мемлекеттік органдардың жеке құрамына ықпал ету мүмкіндіктерін сезіне бастайды.

Сонымен бірге сайлауларға қолданылатын технологиялар әрбір елде, мемлекетте қолданылатын сайлауларды өткізу тәртібі мен әдісіне, осы процесті реттейтін құқықтық нормаларға, ережелер мен дәстүрлерге мейлінше тікелей байланысты болады. Құқықтық нормаларда: өкілетті органдарға кандидаттарға және сайланып қойылатын мемлекеттік лауазымдық қызметтерге қойылатын талаптар қалыптасады; сайлауларды

<sup>1</sup> Назаренко А.Т. Избирательная система. М., 2003. С. 85.

өткізуді жүзеге асыратын билік органдарының қызметі реттеледі; сайлаушылар мен сайлау бірлестіктерінің мәртебесі анықталады; сайлау алдындағы үгіт жұмысын жүргізу және дауыс беру тәртібі, сондай-ақ дауыс беру нәтижелерін анықтау тәртібі мен оларға шағым жасау әдістері белгіленеді.

Осы нормалардың жиынтығы сайлау алдындағы күреске бүкіл қатысушылар іс-қимылының белгілі бір мәнін ашады, оларды бірыңғай сайлау тәртібі шеңберінде әрекет етуге ұмтылдырады. Әрбір елде осы елдердің тарихи, мәдени, саяси-әлеуметтік даму ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан сайлау нормаларының өзіндік ерекшеліктері болатынына қарамастан, сайлау жүйелері және олардың түрлері туралы айтуға мүмкіндік беретін кейбір ортақ принциптер бар. Әр сайлау жүйесінің нендей бір сайлау технологияларын қолдануға қатысты өз ерекшеліктері болады.

Сайлау жүйесі – бұл саяси билікті заңды түрде қалыптастыруды қамтамасыз ететін ережелердің, әдістер мен процестердің жиынтығы. Осыған байланысты сайлау жүйесін кең мәнде де, тар мәнде де түсіну керек екенін айту керек. Сайлау жүйесі кең мәнінде қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады. Осы қатынастар арқылы мемлекеттің сайлау органдары қалыптасады. Ал тар мәнінде сайлау жүйесі – депутаттық мандаттарды кандидаттар арасында сайлаушылардың дауыс беру нәтижелеріне қарай бөлу әдісі.

Сайлау жүйелері сан алуан, соған қарамастан оларды негізгі үш түрге бөлуге болады. Бұл – пропорциялық жүйе, мажоритарлық жүйе, аралас жүйе. Пропорциялық сайлау жүйесінің негізгі ұстанымы (принципі): парламенттегі депутаттық орындар партиялар ұсынған кандидаттардың тізіміне парламенттік сайлауларда берген дауыстардың санына қарай бөлінеді; мажоритарлық жүйеден айырмашылығы – сайлаушылар жеке кандидатқа емес, ұжымдық партия тізімдеріне дауыс береді; белгілі бір тізімге берілген барлық дауыс қосылады, соның негізінде жалпы қорытынды анықталады.

Пропорциялы жүйеде кандидаттарды ұсыну кезінде партия шешуші рөл атқарады, партиялардың басшылығы аталған тізімді жасайды. Осындай жүйемен сайланған депутат одан өрі сайлаушыларға емес, оны ұсынған партияға мейлінше тәуелді болады. Пропорциялы сайлау жүйесі Австрияда, Бельгияда, Грецияда, Италияда, Норвегияда, Финляндияда, Швейцарияда, Швецияда және басқа елдерде қабылданған. Мандаттарды пропорциялы бөлу үшін сайлау квотасы әдісі жиі пайдаланылады. Сайлау квотасы – бір депутатты сайлау үшін қажет ең аз дауыс саны. Квота жеке округ үшін де, бүкіл ел үшін де белгіленуі мүмкін. Квота белгілеудің ең қарапайым әдісі сол округ бойынша берілген дауыстардың жалпы

санын бөлінетін мандаттардың санына бөлу болып табылады. Мандаттарды партиялар арасында бөлу олардың квота мен алған дауыстарын бөлу арқылы жүргізіледі. Австрияның, Бельгияның, Швецияның, Швейцарияның парламенттері осы жүйе бойынша сайланады.

Мажоритарлық сайлау жүйесінің негізіне көпшілік дауыс алу принципі алынған<sup>1</sup>. Бұл жағдайда сайлаулар, әдетте, бір мандатты округ бойынша өткізіледі және көпшілік дауыс алған кандидат жеңген деп саналады. Мажоритарлық сайлау жүйесінің екі түрі бар, олар: абсолютті дауыс көпшілігі және салыстырмалы дауыс көпшілігі.

Мажоритарлық сайлау жүйесінде дауыс беруге қатысқан 50 % + 1 дауысты жинаған кандидат абсолютті көпшілік дауыспен сайланды деп саналады. Егер кандидаттардың бірде-бірі дауыстардың талап етілген санын жинай алмаған жағдайда сайлаудың екінші туры өткізіледі. Оған бірінші турда көпшілік дауыс алған екі кандидат қатысады. Екінші турда жеңіскер салыстырмалы көпшілік дауыс жүйесі бойынша анықталады. Абсолютті көпшілік дауыс жүйесі Австралияда, Ирландияда, Францияда және басқа да елдерде қолданылады.

Салыстырмалы көпшілік дауысқа негізделген мажоритарлық жүйе жеке алғанда әрбір бөсекелесіне қарағанда көпшілік дауыс жинаған кандидат жеңіске жетеді деп санайды. Бұл жүйе қазіргі кезде Ұлыбританияда, Үндістанда, Канадада, АҚШ-та және басқа елдерде қолданылады. Мажоритарлық сайлау жүйесі «жеңіскер бәрін» және аз дауыс алған кандидаттарға берілген дауысты да алады деген принцип бойынша жұмыс істейді. Жеңген кандидат партиялар активіне кірмейді, олардың өкілдері бір сайлауда жеңілсе, екінші сайлауларда жеңіп жатады.

Партияның емес, жеке кандидаттың жеңуін көздейтін мажоритарлық сайлау жүйесінде тәуелсіз кандидаттарды ұсыну мүмкіндіктері мейлінше мол. Әрине, мұндай жүйеде де белгілі бір партия сайлау алдындағы науқан кезінде кандидатқа қолдау көрсетеді. Бұл фактордың үлкен маңызы бар. Мажоритарлық принцип партия басшылығы тарапынан қолдау таппаған және одан тәуелсіз, бірақ сайлаушылардың көпшілік даусын алып, жеңіске жете алатын кандидаттарға көп мүмкіндіктер туғызады.

Мажоритарлық жүйе пропорциялық жүйемен салыстырғанда әмбәбап<sup>2</sup>. Оны парламентті сайлау кезінде ғана емес, жоғары мемлекеттік лауазым адамдарын, мысалы, президентті сайлау кезінде де қолдануға болады. Қазіргі кезде дүние жүзінде мажоритарлық сайлау жүйесі үстем болып отырғанын айта кеткен жөн.

<sup>1</sup> Горелов А.А. Политология. М., 2006. С. 458.

<sup>2</sup> Сидоров А.И. Избирательная система. Уфа, 2010. С. 81.

Аралас сайлау жүйесі пропорциялық және мажоритарлық жүйелерді біріктіруді көздейді. Ондағы мақсат — жекелей алғанда олардың әрқайсысына тән кемшіліктерді мейлінше азайту. Мұндай біріктіру болуы мүмкін, мысалы, егер ел парламентінің бір бөлігі пропорциялы жүйе бойынша, ал екінші бөлігі мажоритарлық жүйе бойынша сайланса. Бұған дәлел — Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасын сайлау. Мысалы, 450 депутаттың жартысы мажоритарлық жүйе бойынша, ал екінші жартысы саяси партиялардың пропорциялық өкілеттіктері жүйесі бойынша сайланады. Мұнда мажоритарлық жүйе тұрақты үкімет құруға жағдай жасайды, ал пропорциялық жүйе саяси партиялардың көпшілік бөлігінің сайлауға қатысуына, демек халықтың өзінің саяси еркін барынша толық білдіруіне мүмкіндік туғызады. Аралас сайлау жүйесі дауыс беру процесінде былай жүзеге асырылады: әр сайлаушы екі бюллетень алады, тиісінше онда екі дауыс болады: ол бірімен нақты сол округ бойынша дауысқа түскен кандидатқа, екіншісімен саяси партияға, бірлестікке дауыс береді.

Мемлекеттік органдарға сайлау алдында және сайлау кезінде адамдардың ынталылығымен жасалынатын және жүзеге асырылатын сан алуан оқиғаларды түгелдей сайлау процесі деп айтуға болады. Сайлау процесінде басты орынды сайлау науқаны алады. Сайлау науқаны сайлау процесін қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық, ақпараттық және үгіт-насихаттық шаралардың кешені болып табылады.

Әрбір сайлау науқанын саяси бәсекелестермен қатал күрес жағдайында оның бастамашылары жүргізеді. Өйткені сайлау науқанының басты мән-мазмұны халықтың ерік-жігерін, ықылас-ниетін өзіне бұру жолындағы күрес болып табылады.

Бұқараға ықпал ету әдістерінің жиынтығы сайлау технологиясы деп аталады. Ол электораттың сайлау қарсанындағы көңіл-күйіне әсер ету және оларды өз даусын белгілі бір кандидатқа беруге ұмтылдыру мақсатын көздейді. Сайлау технологияларының басты ерекшелігі — олар сайлаушылардың іс-әрекетін реттеп отыратын әлеуметтік-психологиялық тетіктерді іске қосуды мақсат етеді. Халық сеніміне, олардың құндылықтық ұстанымдарына, мүдделеріне, көңіл-күйлеріне, ұмтылыстары мен арман-тілектеріне көңіл бөлу. Сайлау технологияларына деген қазіргі көзқарастың ерекшелігі мынада: саяси күрестің практикалық тәжірибесін және ғылыми білімді іштей біріктіру қажеттілігін жете түсінеді. Өзін жақсы жағынан танытқан сайлау қарсанындағы күрес әдістерін жақсы біліп қою ғана емес, нақты технологиялардың жетістіктерінің немесе сәтсіздіктерінің себептерін терең түсіну де маңызды. Алайда, мұндай түсіну, егер сайлау науқанын ұйымдастырушылар қажетті теориялық білімдерді меңгерген болса, ситуацияға тиісінше баға беруге қабілетті болса, жұртшылықтың



жалпы көңіл-күйінің даму бағытын айқындай алса, адамдардың сана-сезімі мен түсініктеріндегі «осал тұстарды» анықтай алса ғана мүмкін болады. Осы айтылған факторларға ықпал жасау адамдардың көңіл күйін ұйымдастырушыларға қажетті бағытқа өзгерте алады. Бұл жағдай сайлау науқанын ұйымдастырушыларды саяси технологиялар бойынша маманданған, тиісті білім мен іскерлік дағдыларды меңгерген, кәсіби жағынан білікті адамдардан көмек сұрауға мәжбүр етеді.

Қазіргі кезде көптеген елдерде сайлау науқандарын ұйымдастыру кәсібімен айналысатын адамдар шыға бастады, осы салаға маманданған агенттіктер құрылды. Мысалы, 1968 жылдан Парижде саяси науқандар жөніндегі кеңесшілерінің халықаралық ассоциациясы жұмыс істейді. Ресейде сайлау алдындағы науқандар кезінде саяси консалтингтік фирмалар құрылды. Ресейде саяси кеңес беру тарихының жарқын беттерін сайлау науқандары барысында жұмыс істеген, кандидаттардың сайлаушылармен кездесуін ұйымдастырған, сайлау штабының пайдалануына ағымдағы рейтингтер туралы мәліметтерді ғана емес, халықтың ниеттері, көзқарастары мен ұстанымдары туралы ақпаратты, аймақтар бойынша, елді мекендердің түрлері бойынша, кәсіптері бойынша, жас ерекшеліктері бойынша дифференцияланған ақпаратты да берген, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара бірлесіп жұмыс істеген және т.б. әр түрлі агенттіктерді тізімге кіргізді.

Осыған байланысты сайлауларда жеңіске, әдетте, бұрынғыша өз «адамдарына», партия немесе әкімшілік аппаратына арқа сүйеген кандидаттар мен партиялар емес, саяси кеңесшілерді жалдаған кандидаттар жеткенін атап айту керек.

Профессионалдардың қолындағы сайлау технологиялары олар қызмет көрсететін кандидаттың жағына электораттың едәуір бөлігін тартуға, олардың сайлау қарсаңындағы көңіл-күйін өзгертіп, кандидаттың басқалардан артықшылығын көрсетуге мүмкіндік жасайтын мейлінше қуатты қаруға айналады. Алайда, бұл сайлау технологиялары сайлау науқанының ғылыми негізделген стратегиясына сәйкес кешенді пайдаланылып саяси бәсекелестерінің іс-қимылын, сондай-ақ жаппай көпшілік санада болып жатқан нақты процестерді есепке алған жағдайда ғана мүмкін болады.

Айта кету керек, сайлау технологияларының тиімділігі – сайлаушыға әсер ету тәсілдері мен әдістерінің жай жиынтығы емес. Олардың негізінде электоралдық процестің, оның құрамдас бөліктерінің мәнін терең түсіну керек. Мысалы, сайлау науқаны негізгі технологияларының бірі – кандидат имиджін жасау, көрсету<sup>1</sup> және алға шығару. Әрине, бұл міндетті

<sup>1</sup> Каверин Б.И., Демидов И.В. Политология. М., 2004. С. 319-320.

біршама ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретін тәсілдер санын интуициялық деңгейде игеруге болады. Алайда, интуиция саяси ғылымның пәні емес екені белгілі, әйтсе де, бұл ғылым интуицияны жоққа шығармайды да. Сондықтан кандидаттың имиджін қалыптастырумен айналыспас бұрын саяси көшбасшының тұлғалық болмысы деген не, ол басқа адамдардан несімен ерекше, оның тұлғалық құрылымы қандай, билік пен ықпал етудің психологиялық негізі неден тұрады, көшбасшының жаппай көпшілік сана мен іс-қимылға әсер ету тетіктері қандай және т.б. с.с. жөнінде жақсы біліп, игеру керек.

Қазіргі қазақстандық сайлаушының сайлау кезіндегі іс-әрекет мәнін түсіну аса маңызды. Түптеп келгенде, соңғы сөзді сайлаушылар айтады. Қазақстан халқының жағдайы, менталитеті бір-біріне ұқсамайтындығы соншалық, мұнда нендей бір технологиялық әдістерді ойдағыдай пайдалану мүмкін емес. Оның үстіне «кеше» ойдағыдай деп танылған әдіс «бүгін» үлкен сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Ашығын айту керек, электоралдық процеске ықпал етудің кез келген технологиясы, кез келген әдістері мен тәсілдері, егер олар сайлаушының дағдылы қалыптасқан саяси мәдениетіне, ой толғамдарына сәйкес келген жағдайда ғана дауыс беру нәтижесі тиімді болады.

Сайлау технологиялары әр алуан, соған карамастан сайлаушыға әсер ету сипатына қарай оларды негізінен үш түрге: айқын, манипуляторлық және қарсы жақтың беделін түсіру технологиясына бөлуге болады.

Айқын технологиялар ең алдымен адамның ақыл ойына көңіл бөледі. Бұл технологияның көздеген мақсаты – дауысқа түскелі отырған кандидаттың бағдарламалары, тұлға ретіндегі мүдделері мен сайлаушылардың, «кандидаттың өзі сияқты адамдардың» мүдделеріне дәл келу аясы басқа кандидаттарға қарағанда кең екеніне сайлаушының көзін жеткізу. Бұл технологиялар демократиялық қоғамдағы сайлаудың мәні мен мақсаттарын белгілі дәрежеде түсінуге негізделген. Демократиялық қоғамдағы сайлаудың терең мәні, бұл қоғамның авторитарлық және тоталитарлық қоғамнан өзгешелігі мынада: демократиялық қоғамда сайлаушылар былай қарағанда, өздері елді басқаруды тапсырған адамдарды «жалдайды», тағы да қайталап айтқымыз келеді, аса нақты бағдарламалар мен мәселелерді – көбіне-көп сайлаушыларды мазасыздандыратын мәселелерді шешу үшін «жалдайды», онда да барлық кезде емес және мүлде емес.

Әр түрлі сайлаушылар топтарының мүдделері мен пікірлерін репрезентациялау, олардың мүдделерін артикуляциялау – демократиялық қоғамдағы сайлаудың басты міндеттерінің бірі. Мамандар қазіргі заманғы демократиялық қоғамдағы сайлаудың үздік үлгісіне былайша сипаттама беріп жүр: кандидаттар (партиялар) сайлаушыларға түсінікті тұтас ұсыныстар

пакетін ұсынады. Сайлаушылар ұсыныстарды салыстырып бағалайды, олардың өздерінің мүдделері мен сұраныстарына қаншалық сәйкес келетінін ескере отырып, кімге артықшылық беретінін шешеді. Айқын технологиялар құрылымы мейлінше дәл жасалынған тұрақты қоғам жағдайында, барлық топтардың мүдделері артикуляцияланған қоғамда, ең ақырында, азаматтардың электоралдық мәдениеті барынша дамыған қоғамда тиімді болатынын айту керек.

Манипуляторлық технологиялар – сендіруге негізделген адамның сенімсіздік, үрей, қызғаныш, төзімсіздік, шыдамсыздық, прожекторлық, сын көзімен ойлауға қабілетсіздік, сайлау науқандарына қатысты мәселелерді жете білмеушілік және т.б. сияқты қал-жағдай мен эмоциялық сезімдерді пайдалану. Манипуляторлық технологиялардың нәр алатын негізгі қайнар көзі – елдегі ситуацияның тұрақсыздығы, әлеуметтік байланыстардың үзілуі (кеңес сұрайтын ешкімнің болмауы, шағын топтардың көшбасшысыз қалуы), қоғамдық бағдар-нысаналардың жоғалуы («не жақсы, не жаман» деп баға беру үшін іс бастауының болмауы), қол жетерлік бұқаралық ақпарат құралдарына іс жүзінде монополия орнату, азаматтардың саяси-электоралдық мәдениетінің төмен деңгейде болуы.

Егер осы жағдайлар шоғыры барынша кеңінен көрініс тапса, онда манипуляторлық тәсілдерді ашық түрде кеңінен пайдалануға болады. Егер ол ішінара ғана кездессе, адамның пайымсыздығын тудыратын тәсілдер пайдаланылады. Бұл тәсілдер қазір психология ғылымында бар.

Қарсыластың беделін түсіру әдістерін біршама шартты технологиялар деп атауға болады. Мұнда табысқа қол жеткізудің өзіндік негізгі шарты азаматтар «бұл одан да жаман» деген принцип бойынша дауыс берген кезде олардың түгел бәрінен көңілі қалуы. Өкінішке орай, бәсекелестерімен күресте «лас технологиялар» деп аталатын әдістер жиі қолданылады. Бұл жағдайда өңгіме енді, шын мәнінде, бедел түсіретін материалдарды жинау туралы емес, саналы түрде фактілерді бұрмалау немесе олардың өңін айналдыру жөнінде болып отыр. Лас технологияларға, сондай-ақ сайлаушыларды сатып алу: сайлау округінде сайлаушыларды шатастыру мақсатында аты-жөні үксас кандидат қарсыластарды дауысқа түсіру; үгіт жұмысы заңмен тиым салынған күні бәсекелесуші сайлау бірлестіктері атынан листовкалар тарату; өз атын жасыра отырып, бәсекелестердің абыройын төгетін қарсы жарнамалар тарату және т.б.

Сайлау процесіндегі бәсекелестік үгітті кез келген кандидатқа «жақтаушы» және «қарсы» етеді. Демократиялық заң қарсы жарнамаға тыйым салмайды, бірақ бәсекелестермен күресте бірде-бір кандидат және оның командасы аттап өтуіне болмайтын шекті белгілейді. Бұл күрес жалған фактілерге, әдейі арандатуға, заңды бұзуға негізделмейді. Осындай

жағдайда ғана бәсеке күресі өзінің басты міндетін – лас істерімен өзіне кір келтірмегендерге, әр түрлі авантюраларға араласпағандарға, көпшілік сайлаушылардың ықыласына ие болғандарға жәрдемдесу міндетін орындайды. Сайлау технологиялары кандидат пен оның командасының әр түрлі бағыттағы іс-қимылынан тұратын, белгілі бір саяси мақсаттарға жетуді көздейтін сайлау науқанын ұйымдастыру мен өткізудің әдістері екенін атап айтуымыз керек. Бұл іс-қимылдардың тиімділігі, біріншіден, сайлау науқанының ұйымдастырушылары сайлау округіндегі жағдайды қаншалықты терең талдау жасай алғанына және сайлау науқанының стратегиясын осы жағдайға бара-бар етіп құра білуіне, екіншіден, олар науқанды өткізуге қаншалықты шығармашылық ізденіспен келгеніне (жұртшылыққа бірегей әрі олардың мүдделері мен арман-тілектеріне жауап беретіндей бірдеңе ұсына алуына) байланысты болады.

Тақырып соңында былайша қорытынды жасауға болады: қоғамның қалыпты жұмыс істеуіне, тұрақтылығына қол жеткізу және оны қамтамасыз ету үшін саяси технологияларды саяси қызметтің барлық субъектілеріне тиімді пайдалану өте маңызды. Саяси технологиялар мақсатқа қол жеткізу процесінде нақты мақсатқа жетудің белгілі бір тәсілдері мен құралдарын өз ретімен қолдану қажеттігін белгілейтін операциялардың бір ізділігі қалыптасып, орныққан кезде іске асырылады.

Осыған байланысты мына бір жағдайды атап көрсету керек: табиғатта абстрақтылы өмірдің барлық жағдайына жарамды саяси технологиялар жоқ. Олардың әрқайсысы, бір жағынан, мейлінше нақты және бірегей, өйткені олар аса нақты мәселелерді шешу үшін әр түрлі саяси күштер мен құрылымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді көздейді. Екінші жағынан, әрбір технология өзінің мазмұны мен сипаты жағынан сан қырлы, жүзеге асыру жағдайы, орындаушылардың құрамы, саяси қызмет түрі және проблеманы шешу жөнінен көп аспектілі. Түптеп келгенде, саяси технологиялар саяси өзгерістердің нендей бір саласына бақылау жасау мен басқару тұрғысынан субъектілердің мүмкіндігін кеңейтеді.

## МАЗМҰНЫ

|  |     |
|--|-----|
| Алғы сөз.....  | 3   |
| <b>Бірінші тақырып. САЯСАТТАНУ – ҒЫЛЫМ</b> .....   | 6   |
| 1. Саясаттану пәні.....  | 6   |
| 2. Саясаттану ұғымдары мен категориялары, заңдары мен өдістері.....                            | 10  |
| 3. Қоғам жөніндегі ғылымдар құрылымындағы саясаттанудың орны.<br>Саясаттанудың міндеттері..... | 15  |
| <b>Екінші тақырып. САЯСИ ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ</b> .....  | 21  |
| 1. Ежелгі дүниедегі саяси идеялар.....   | 23  |
| 2. Орта ғасырлар мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар.....                                  | 37  |
| 3. Ерте және жетілген буржуазиялық қоғамның саяси доктриналары.....                            | 54  |
| 4. Ресейдің саяси ойлары.....  | 66  |
| 5. Қазақстандағы саяси ойлар.....  | 78  |
| 6. XX ғасырдағы саяси ғылымның қалыптасуы.....   | 94  |
| <b>Үшінші тақырып. САЯСАТ ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ЖҮЙЕСІНДЕ</b> .....                                    | 107 |
| 1. Саясат – қоғамдық құбылыс.....  | 108 |
| 2. Саясат және экономика. Ішкі, сыртқы, және әлемдік саясат.....                               | 112 |
| 3. Саясат – қоғам өміріндегі өнер.....   | 117 |
| <b>Төртінші тақырып. САЯСИ БИЛІК</b> .....   | 120 |
| 1. Биліктің анықтамасы. Саяси биліктің негізгі белгілері.....                                  | 121 |
| 2. Саяси биліктің механизмі, көздері мен ресурстары.....                                       | 128 |
| 3. Биліктердің бөлінуі – саясаттың теориясы мен принципі (негізі)<br>ретінде.....              | 133 |
| 4. Саяси биліктің легитимділігі (зандылығы) және оның түрлері.....                             | 140 |
| <b>Бесінші тақырып. САЯСИ РЕЖИМДЕР</b> .....   | 147 |
| 1. Саяси режим ұғымы.....  | 148 |
| 2. Тоталитарлық саяси режим.....   | 151 |
| 3. Авторитарлық саяси режим.....   | 157 |
| 4. Демократиялық саяси режим.....  | 164 |
| <b>Алтыншы тақырып. ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ</b> .....  | 173 |
| 1. Қоғамның саяси жүйесі жөніндегі ұғым және оның мәні.....                                    | 173 |
| 2. Қоғамның саяси жүйесінің құрылымы мен функциялары.....                                      | 180 |
| 3. Қоғамның саяси жүйесінің түрлері және оларды жіктеу.....                                    | 187 |
| <b>Жетінші тақырып. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ</b> .....                                    | 195 |
| 1. Мемлекет – негізгі саяси институт.....  | 196 |
| 2. Азаматтық қоғам.....  | 208 |
| 3. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеті.....  | 220 |

|  |     |
|--|-----|
| <i>Сегізінші тақырып.</i> СЯСИ ПАРТИЯЛАР ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ<br>ҰЙЫМДАР, ҚОЗҒАЛЫСТАР.....            | 227 |
| 1. Саяси партия ұғымы, типтері мен атқаратын қызметтері.....                                   | 228 |
| 2. Партиялық жүйелер.....  | 238 |
| 3. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар.....   | 244 |
| <i>Тоғызыншы тақырып.</i> СЯСИ ЭЛИТА ЖӘНЕ СЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ.....                                | 253 |
| 1. Саяси элита ұғымы. Саяси элиталарды танып-білудің<br>және бағалаудың негізгі тәсілдері..... | 254 |
| 2. Саяси элиталардың қалыптасу, ауысу процестері<br>және олардың функциялары.....              | 261 |
| 3. Саяси көшбасшылардың мәні және табиғаты.....  | 270 |
| 4. Саяси көшбасшылар типтері және олардың даму ағымдары.....                                   | 277 |
| <i>Оныншы тақырып.</i> СЯСИ ПРОЦЕСС.....   | 288 |
| 1. Саяси процесс ұғымы және оның мәні.....   | 289 |
| 2. Саяси процестің негізгі сатылары.....   | 294 |
| 3. Саяси процестің типологиясы.....  | 298 |
| <i>Он бірінші тақырып.</i> СЯСИ САНА.....  | 306 |
| 1. Саяси сана ұғымы, құрылымы және функциялары.....  | 307 |
| 2. Саяси сананың деңгейлері мен түрлері.....   | 312 |
| 3. Саяси сананың идеологиялық компоненттері.....   | 317 |
| 4. Саяси психология – саяси сананың маңызды формасы.....                                       | 323 |
| <i>Он екінші тақырып.</i> СЯСИ МӘДЕНИЕТ.....   | 328 |
| 1. Саяси мәдениет туралы ұғым және оның құрылымы.....  | 328 |
| 2. Саяси мәдениеттің типтері мен қызметі.....  | 334 |
| 3. Саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы.....   | 341 |
| <i>Он үшінші тақырып.</i> ТҮЛҒАНЫҢ СЯСИ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРІЛУІ.....                                 | 347 |
| 1. Тұлғаны саяси әлеуметтендірудің мәні және анықтамасы.....                                   | 349 |
| 2. Тұлғаның саяси әлеуметтендірілуінің кезеңдері.....  | 355 |
| 3. Тұлғаны саяси әлеуметтендіру институттары.....  | 363 |
| <i>Он төртінші тақырып.</i> СЯСИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....  | 372 |
| 1. Саяси технологиялардың мәні мен типтері (түрлері).....                                      | 373 |
| 2. Саяси талдау және саяси кеңес беру.....   | 380 |
| 3. Саяси шешімдер қабылдау және оны жүзеге асыру<br>технологиялары.....                        | 386 |
| 4. Саяси жанжалдарды басқару және бақылау технологиялары.....                                  | 394 |
| 5. Саясаттағы ақпараттық технологиялар.....  | 406 |
| 6. Сайлау технологиялары.....  | 414 |

*Ғылыми-оқулық басылымы*

Әбсаттаров Раушанбек Борамбайұлы

## САЯСАТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

І-том

*(Оқу құралы)*

*Баспаға Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакторы *Рысқалым Бірлікқызы*  
Көркемдеуші редактор *А. Телюк*  
Техникалық редакторы *Х. Ишимова*  
Компьютерлік түзетулерін салып, беттеген *Д. Қалқабекова*

ИБ № 07

Басуға 22.09.11 қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Қаріп түрі «Таймс». Шартты баспа табағы 26,5.  
Есептік баспа табағы 27,5. Таралымы 2200.  
Тапсырыс № 147.

«Қарасай» баспасы

Алматы к., Жібек жолы көшесі, 50  
Квартал бизнес орталығы, 400-офис

Тел.: 273-47-90; 233-25-26

Директор Б. Ә. Асанбаев

ISBN 978-601-7212-16-2



9 786017 212162